

Илья Жақанов

АҚҚУ ӘНІ

«КҮЛТЕГІН»
НҰР-СҰЛТАН
2022

УДК 78
ББК 85.31
Ж21

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлжуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді.

Жалпы редакциясын басқарған: М. Жолдасбеков
филология ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

*М. Жолдасбеков (төраға),
А. Мұсақожаева, Ш. Ыбыраев,
Г. Шадиева, Ә. Қазақбаев, Р. Әлімбаев*

Ж 21 Жақанов Илья.

Аққу әні. – Нұр-Сұлтан: "Күлтегін" баспасы, 2022. – 336 б.

ISBN 978-601-80888-7-2

Бұл басылымға Илья Жақановтың Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай сынды сал-серілердің орындаған қазақ әндері, олардың шығу тарихы, орындалу ерекшеліктері жайында тың материалдармен қамтылған зерттеу еңбектері еніп отыр.

Еңбек өнертанушылар мен мәдениеттанушыларға, өнер тарихы қызықтыратын барша оқырманға арналған.

УДК 78
ББК 85.31

ISBN 978-601-80888-7-2

© Жақанов И., 2022
© "Күлтегін" баспасы, 2022

БІРЖАН САЛ

Қазақтың теңіздей толқыған поэзиясы мен музыка тарихында әншіліктің бұрын-соңды болып көрмеген ұлы ұстазы дерлік Біржан салдың тұсында «Сал Сері» деген ұғым ұлттық мәдениетте демократтық сипат алды. Сал серілер толғаған ой, дуалы сөз, шырқаған әндері ел жүрегін ерекше тебірентті. Ел еркесі атанған Біржан салдың:

Жасым бар жиырмада жасырмаймын,
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.
Басымнан дұшпан сөзі асып кетсе,
Сен түгіл патшаңа да бас ұрмаймын, –

деуі өзінің ақындық, әншілік, азаматтық барқын бек түсініп, биік ұстаған паң көкірек ірі тұлғаның айбынды сөзі боп таңғалдырады, табындырады.

Жаратылыс Біржан салды қай жағынан алып қарасаң да келісті ғып жаратты. Оның жаны да, тәні де сұлу болды. Оған өрелі ой, терең сана, мәрт мінез берді. Дүниеге ашық көзбен қарап, айтар ойын, сөйлер сөзін, көкейтесті дітін әнмен жеткізді. Сол құдіретті үні қазақтың ұланғайыр даласына саңқылдаған сұңқар үніндей емін-еркін жетіп жатты. Ол өзі өмір сүрген қоғамға, өз ортасына сын көзімен қарады. Сол үшін тебіренді, көкейіндегі ойы ән боп шығып, оған өзімен бірге ел толғанды. Өршіл үніне ақау түсірмеді. Бір атаның ғана емес, бір халықтың ұлымын деп, осы ойынан жаза басып, жаңылып көрген жоқ. Өзінен ірілерге асқақ кеудесін имей:

Атадан Біржан сал боп тудым артық,
Ұраным – Ер Қарқабат, Алтай-Қарпық.
Аққумен аспандағы ән қосамын,
Қозғасам ащы күйді түптен тартып.
Көкшетау дуанына даңқым барған,
Мен-Біржан алтын тудай айқындалған –

деуі тектіліктің, асқақ сезім иесі екендігінің белгісі.

Біржан салды дарқан дарын етіп тудырған-ұзақ толғататын уақыт, тарих, қоғам. Халықтың қарапайым әні жүрегіне ананың ақ сүтімен дарыды. Ана тербеткен бесік жыры ділі мен дітіне әуез нәрі боп сінді. Бес, алты жасынан домбыраның құлақ күйіне жармасты, өзін еркелете әлпештеген отбасында, ауыл-аймақта болып жататын шілдеhana, жар-жар айтылатын беташарларда, той-томалақта



үкінің балапанындай үлпілдеп, балауса үнімен ән салды. Атасы Қожағұлдың игі жақсылары бас қосқан жиынында:

Айтайын, құлағың сал тыңдасаңыз,

Баян мен Қозы-Көрпеш ертегісін, –

деп балдай тәтті үнімен көл-көсір ағылатын «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырын жүзі бал-бұл жанып, есі шығып, адам қызығарлық құштарлық сезіммен жырлай жөнелгенде біраз жерге дейін терлеп-тепшіп, бір деммен тоқтаусыз айтқан. Мұндай тебіреністі жырдастанды көкейге түйіп өскен Біржан келе-келе от ауызды, орақ тілді ақындармен айтыса бастап, тез есейді. Еркін шалқыған дер шағында айтыстың классикалық үлгісін жасады. Осы даңқы табындырып, оның ғажайып өмірі мен өнері «Біржан-Сара» атты классикалық операға өзек болды. Міне, Біржан сал қазақ халқының маңдайына біткен қандай жарқын... қандай құдіретті тұлға! Оның өнері-аса ірі тарихи құбылыс!

* * *

Әлемдік музыка тарихында: «Зальцбургтей сұлу жерде өнердің бір кереметі тууы тиіс еді, ол туды да! Ол – Амадей Моцарт!» деген сөз бар.

Қазақтың бір жаннат өлкесі Көкшетау болса, топырағынан ән гүлдеген осы қасиетті жерде де өнердің бір асылы тууы керек еді, ол Біржан сал боп туды да. Иә, Тәңірдің сыйы осылай болды, кәрі тарих ұзақ толғатып, Көкшетау дуаны, Ақсары болысының жер шоқтығы дерлік Бурабай төңірегіне іргелес жатқан Жөкей көлінің жағасында 1831 жылы Біржан сал дүниеге келді.

Жөкей көлінің жан-жағы шөккен нардай көлбеп жатқан көгілдір тау, қалың жыныс, қысы-жазы көгеріп тұратын шырша, қарағай, сыңсыған қара орман, онымен аралас өскен тал-терек, арудай әсем ақ қайың. Сай-саладан шолпыдай сылдырап бал бұлақ ағады. Топырағы бауырдай жұмсақ, түгін тартсаң майы шығады. Шұқыған жерден көз жасындай мөлтілдеп мөлдір су жылт-жылт етеді. Бетегелі, бидайықты, ақселеуі жібек самалға ырғалып тұрған жайсаң жер. Біржан елі дәйім Жөкей көлінде күзекте отырған. Сары күздің сарша тамызы, ақ жауын бүркеген қоңыр күзде осы көлдің жағасы әнмен шалқып, дүбірлеп жатқан.

Біржан жасы ұлғая келе тауқыметі, тақсіреті көп өмірден көңілі қалып, тұнжыраған сәттерде алмас қылыштай жалт-жұлт еткен қай-

ратты кезін, махаббатқа мээ қылған қимас күндерін сарыла, сағына аңсап:

Жөкейдің ат суардым тұнығына,
Ажалдың кім ұрынбас құрығына.
Кешегі ел қыдырған есер кезде,
Қызыл су жұкпаушы еді жұлығыма, –

деп осы Жөкей көлін қамыға әнге қосады.

Жөкей көлі сол кездерде қырық мың жылқы жалдап су ішсе де, лайланбаған кәусар көл...

Біржан елі жаз шыға Улы көл, Жарты – Омар, Сынтас, Торы ат өлген жер, Мамай көлі, Майлыасар деп аталатын құнарлы, шұрайлы кең алқапты жайлаған. Бұл маңның бір жағы – көз жасындай мөлтілдеген күміс көлдер, екінші тұсы – тұтасқан сіңірлі тоғай, тағы бір жағы ақ селеулі жасыл жазық, одан арғы жағы боз дала, жалпақ өңір, ендігі бір қанаты сұлу Көкшенің өркеш-өркеш қырқаларына ұштасып кетеді. Көкшені қоршап жатқан Шортан, Үлкен шабақты, Кіші шабақты, Қатар көл, Бурабай көлдерін де Біржанның елі емін-еркін емген. Біржан:

Оқжетпес, Бурабайды мекендеген,
Телғара ел атанып өскен жерім –

деп әндеткенде осы жердің адам түгіл тау-тасы басын иіп, орманы мүлгіп, көлдері толқыған.

Біржанның арғы аталары – Бертiс Көкшетауға Қызылжар жағынан қоныс аударған. Бұлар – Ашамайлы Керей ішінде Ақсары. Ақсарыдан Нұралы, Нұралыдан – Батыр, Батырдан – Кенже, Кенжеден – Бертiс туады, Бертiстен – Қожағұл, Қожамқұл, Ақшуақ, Байшуақ, Жаншуақ. Осылардың ішінде Қожағұлдан Тұрлыбай, одан – Нұржан, Ержан, Біржан.

Әуелде Бертiс әулеті бұрынғы Қызылжарға қарайтын Аққосақ болысында өз ағайын-туыстарының ортасында Обаған өзенінің бойы, Қайранкөлдiң жағасы, қыс қыстауы-Жайсаң қорығын мекен етіп отырған.

Бертiс жаратылысынан аса зерделі, кісілігі мол, кең ойлап, алыстан шолатын көргені көп кісі екен. Өзіне жетерлік дәулет жиып, кісі жалдап, кісі үстінен күн көрмеген қанағатшыл жан осы қасиетімен елге жаққан. Өмірде атадан балаға жалғасып келе жатқан бір аталы сөз: «Пенденің тоғыз дұшпаны болады, соның сегізі өз туысың боп шығады» дейді. Өзімен бірге туған төрт бауыры Бертiсті қанын

қарайтып, көп қажытқан. Шетінен-даукес, бәлекор, ұрдажық содыр, қияңқы, дәйім қиыс тартып, теріс сөйлейтін қисық, тағы біреуі ұрықары, қаракшылықпен күн көрген кәззап, елдің тыныштығын бұзған бүлікшіл қаражүрек... Бәрінің іс-әрекеті, елге салған лаңы, арам пиғлы Бертісті күйзеліске ұшырата берген. Ел ішінде осылардың кесірінен дүркін-дүркін шатақ шығып, іс насырға шапқанда дау иелері тек кеп Бертіске кеп тірелген. Осы сұмдықтан әбден жүрегі шайлығып, запы болған Бертіс талай рет күйіп, талай рет опық жеген. Ақыры ашынған жұрттың: «Құдайыңа қара, Бертіс... иманыңды айт, Бертіс... жаныңды бер, Бертіс... малымды жеме, Бертіс... есем бар сенде, Бертіс!» дей бергеніне шыдай алмай, қағынған туыстарынан безе қашып, Көкшетауға қарай көше жөнелген.

Бертіс әуелі Шортанға келеді. Шортан мен Көкшетаудың арасында жалпақ елдің ішінде Жанғара есімді иманжүзді жуан тұғыр бай жайлаған. Бертістің бұл жерге орнығуына осы Жанғараның себі тиген. Бұл жерде Керейдің Ақсары руынан, Атығай елінің біраз ауылдары отырған. Дәл осы кезде Ресейден мәліндей шұбатылып, қарашекпендерін сүйретіп, сықырлаған арбаларымен у-шу боп, казак-орыстар қоныс аударып келіп жатқанды. Бұл бір құтсыз жұрт сүттей ұйып отырған елді дір еткізіп, тыныштығын бұза келеді. Жанғара және елдің басқа да ықпалды, намысты адамдары бас қосып, иен жатқан жерді ә дегеннен тарылта бастаған казак-орыстармен сілкілесіп жүріп, Бертіске, оның бес ұлына жер бөліп береді. Қожағұл (он сегізінші ғасырдың соңында Уалиханның тұсында Қожағұл оның көп биінің ішіндегі ең дүлдүлі, беделдісі болған. Шешен адам. Уалихан оны екі рет баласы Аббасқа қосып, Қытайға елші ғып жібереді. Бұл дерек Шоқанның архивінде сақталған. 1876 жылы Петербургта өнер көрмесі болып, онда Қожағұлдың елші боп жүргенде мінген атының ер тоқымы, алтынмен өрнектелген қанжары көрсетілген. Бұл деректерді академик Әлкей Марғұланнның зерттеулерінен оқуға болады. – И.Ж.) қазіргі Степняк (бұрынғы «Мыңшұқыр») қаласы тұрған Бұзаутөбені, оның етегіндегі бұлақты алады. (Осы төбенің үстінде Біржан салдың сәулетті ескерткіші тұр. Төбенің етегінде атасы Қожағұл мазарының ізі жатыр. – И.Ж.) Бұл жерді бұрын Көкі деген ауылдар жайлапты. Олар казак орыстардан ығысып басқа жаққа көшіп кетіпті. Бұл жер о баста жер қайысқан қарағайдың қалың орманы болған. Осы жерден алтын шыққан. Кейінірек алтын заводы салынған.

Қожамқұл (Қожамқұлдан – Иса, Досан, Ақсақ, Мұса, Айса-бұлар бәйбіше баласы. Айсадан – Сүлеймен – Әміре есімді қыз туады. Әміренің күйеуі Керей ішінде Жүніс дейтін зергер ұста. Ол Біржан салмен дос-көңілдес болған, Мыңшұқыр төбесінде жер үстінде шашылып, жарқырап жатқан «самородок» сары алтыннан Біржан сал үшін көз жауын алатын неше түрлі әшекейлі бұйымдар жасаған. – И.Ж.) Ал тоқалынан – Жақып, Жөнекей, Жұма, Ораз, Сәрсенбай туады. Ол да осы Степняқтың маңайына орныққан. Оның ауылын: «Қажы, сопы ауылы» деп атаған. Қожамқұл дінді қастерлеп ұстаған. Адамдары мейірбан, пейілі таза, қиянат-зәбір дегенді білмеді. Бертін келе жақсы өніп-өскен осы ауылдан зиялы кісілер көп шықты.

Ақшуақ Қарасорға жақын «Кеңашыға баратын жолдың бойын, шоқ-шоқ өскен қызыл қайыңы, қызыл ағашы сынсыған «Кәрі күздік» деген жерді иелік етті. Ақшуаққа мал көп бітті. Бірақ ол ырғалған байлығынан гөрі кісілігін ойлады. Қолы берен. Пейілі кең. Ағайын-туысына мейірімді, кең қолтық осы мінезімен кембағал кем-кетік жандарды қанатының астына алып, қорғаштай жүрді. Бертістің бар ырзығы осы Ақшуаққа дарыды. Салдық құрып бұлғақтаған Біржан аттың сұлуын Ақшуақтың ақбоз, бурыл жылқыларынан мінді. Ол пырақтарын ардақтап, «Буырылтай», «Ақсеркеш», «Алқаракөк», «Айбозым» деп аталатын әйгілі әндеріне қосты.

Байшуаққа Бике деген жер тиді. Ол да осы жерде өніп-өсті. Жаншуағы енші ала алмай жастай қайтыс боп кетті.

Осы жер бөлісінде Бертіс әулетімен бірге қоныс аударып келген руы – Кенжеғара Тәттімбет деген кісі Мамай көлінің сырт жағындағы кең жазыққа барып орын тепті. Бұл – он сегізінші ғасырдың аяғы болатын...

Ақсары болысында Атығай мен Керейлер жігі білінбей, іргесі сөгілмей, қоян-қолтық отырды. Қыз алысты, қыз берісті, сүйек жаңғыртып, құда болысып, бек жарасып тірлік етті. Біржанды шалқытқан – елдің осы бірлігі еді.

Біржанды он сегіз жасында бүкіл Атығай, Қарауыл, Уақ, Керейдің өзі, әрірек барса, Қуандық, Сүйіндік елдері, күллі Сарыарқа танып, ардақтай бастады. Оны жай ғана Біржан емес, «Біржан сал» деп мәртебесін көтерді. Сол кездерде Ақсары елін Жанбота болыс басқарып отырды. (Жанботаның руы – Атығай. Абылайханның тұсында үлкен бабасы – Қожамбет. Сол кездерде қалмақтармен болған бір соғыста жеңіске жеткен Абылайхан соғыс заңы бойынша олжа



бөлісу рәсімін жасайды. Міне, осы сәтте шыдамсыздық көрсетіп, қалмақ қызына үйленіп қойған Қожамбетке теріс батасын береді. Қожамбеттен – Сарықыз, одан Қарпық туады. Қарпықтан – Жанбота, Қопан, Домай, Оразбай. Жанботаның бәйбішесі – Маныс руының қызы Бәдиша, одан бала болмаған. Жанботаның тоқалынан – Сантай, Күләш. Домайдан – Өтелбай (осы Өтелбай ірі шығып, Жанботадаң кейін біраз уақыт ірілермен сілкілесіп жүріп «Құдайдың жағып берген шамын неге сөндіремін?!» – деп ақыры болыстыққа қолы жетіпті. Ел де оған бір кездерде Жанботаны қолдағандай қолдау көрсетіпті. Сөйтіп, ол болыстықты мықтап ұстапты. И.Ж.) одан – Бекмағамбет, Жансұлтан, Есімсейіт, Керей, Ұрқия. Жанбота әулегінің жайлаған жерлері: Қыстауы Торыайғыр тауының етегі, Ортақ төбенің асты, Қарабұлақтың басы. (Шоқан өзінің досы Дуровты осы бұлақтың басына әкеліп, біраз күн су ішкізіп, емдепті. – . – И.Ж.) Ол – құлақ, тамақ, өкпе ауруларына шипалы суы бар үлкен бұлақ, жан-жағын көк төбелер қоршап жатыр. Шығысында жарқырап Шалқар көлі көрінеді. Оның ортасында аралы бар. Жанбота мен Біржан салдың серуен құратын жері. Жаз жайлауы: Кеңашы, Күзекте Үшқалмақ деген жерде отырған. Қарпық кедей болған. Оразбай есімді кіші ұлы есепке жүйрік, шаруаға мығым, тілі өтімді, текке мал шашпайтын берекелі болып, Жанбота өз бауырларының ішінде осы інісіне иек артып, арқа сүйеген. Бір сөзіне қарсы болмаған. Жанбота болыстық мансапқа талап қып, әрекетке кіріскенде көбіне осы Оразбай бар тірлігіне мал-жанын салып, қалтқысыз көмектескен. Жанбота болыс боп дүрілдеп тұрғанда әйелі Бәдишаның ағасы Омар (сақау Омар) бұлардың бар тірлігіне араласып, киліге берген соң, Оразбай оны ағасы мен жеңгесінің алдында көкала торғайдай ғып сабап, ауылдан айдап шығады. Омар тілі ащы, қияңқы, жылпос жан. Оны осы мінезі үшін Жанботаның өзі де жек көрген. Ел де «қызыл тілін көлденең тістейтін сақау Омардан неше түрлі бәле күте беріңдер» дейді екен. Осы жолдардың авторы бұл деректерді Жанботаның өз ұрпағы Қуат Шәйменов деген кісіден алды. Сөзге зерек, көкірегіне көп сырды жиған тоқтамды жан екен. – И.Ж.) Ол Атығай ішінде Елтоқ руынан. Елтоқтан әуел бастан игі жақсылар, сөзі тура әділ билер, ел сыйлаған шешендер, ырзық-ырысы шалқыған ұзын құрықты байлар көп шыққан.

Осы Елтоқ пен Қадыр ағайынды боп келеді. Қадырдың іргелі байларына көкірегі зерек Жанбота көп арқа сүйеген. Сондай-ақ, ол,

Бертіс әулетіне де көп иек артқан. Жанботаның Біржанмен тонның ішкі бауындай дос-көңілдес болуының бір сыры осында жатыр. Жанбота да қыз таңдаған бұланай шағында Біржанмен қосылып ән салып жүрген. Екеуін бір-біріне жақын ететін бір тылсым қасиет осы әншілігі. Жас кезінде Жанбота кедей болған, Бурабайдағы казак-орыстардың май заводында істеп, дүкендерінде приказчик боп, одан Омбы, Қорған, Тюмень қалаларына керуен тартып, саудасаттығын жасаған. Жан алып-жан берген осы жүрістерде, мысалы, ақ боранды қыстың қылшылдаған күндерінде изендеп зорға жүріп келе жатқан керуенді тоқтатып, шаршаған түйелерді дем алдыру үшін шөгергенде Жанбота бір өзі бірнеше түйенің астын қардан арылтып, апыл-құпыл күреп тастайды екен. Осы қайратына жұрт таңғалған. Сөйтіп, жүріп Керейдің Торғын сұлуына ғашық боп сөз айтады. Сонда Жанботаны менсінбеген Торғын сұлу:

Жанбота ән саласың қалықтатып,

Қалай ұйқың келеді жалғыз жатып.

Бойыңа ештемені теңгермейсің,

Жүрсең де қап көтеріп балық сатып, –

деп мысқылдайды. Торғын сұлудың айтқаны да рас еді, қу тірлік үшін Жанбота туған інісі Оразбай екеуі Бурабайдағы көлдерден шабақ сүзіп, оны казак орыстарға сатып, сол болымсыз кәсіппен де айналысқан. Ақыры күндердің күнінде Жанбота оса аласапыран әрекетімен бойына шыр бітіп, бірте-бірте дүние жиып, мандайы жарқыраған алымды, көшелі азамат боп шыға келді. Ірі байлармен жағысып жүріп, үлкен ортада игі жақсылардың алдын көріп, сеніміне кіріп, солардың демеуімен болыстық сайлауларға түсіп, бағын сынады. Бұл жолда ол намысты ердің қайратын көрсетті, жеңіліп-сүрініп жүріп, бойын түзеді. Ақыры әруақ қолдап, Ақсары елінің болысы атанып, мәртебе-дәрежесі көтерілді. Айы оңынан туды. Асығы өрге домалады. Бірте-бірте беделі артты. Жанбота ділмар, шешен, бетгі адам болды. Болыстықтың екі тізгін, бір шылбырын мықтап ұстап, көп әрекеті елге жақты. Өмір болған соң ел ішінде әртүрлі жағдайлар болып жатады, өзіне сенімсіздік көрсетіп, жымысқы әрекетпен арамдық жасаған адамды аямады. Оны есебін тауып, істі қылып, өзіне тәуелді етіп, ал кектескен жанды итжеккенге айдатып отырды. Мұндай істе ол Қылдықарауыл елінің болысы Қоңыркүлжаулы Азынабаймен құдалығын пайдаланып, жең ұшынан жалғасып, ымыралас болды. Сондықтан, көп жағдайда

Көкшетаудың сегіз болысының ішінде Жанбота мен Азынабайға тең келетін болыс болған жоқ. Жанботаның бір тірегі – Бертiс әулетi дедiк, кейде бiр бағын сынар сәттерде алға ұстар қалқан етiп, Көкшетау уезiнiң аға сұлтаны Шыңғыспен қалтқысыз мәмiлесi, сыйластығы жарасып жүрдi. Бертiс әулетiнде Қожағұл кешегi бiр кездерде Шыңғыс төренiң әкесi Уалиханның уәзiрi болған кемеңгер жан. Ендi мiне, «Баласы Қожағұлдың Бiржан салмын» деп көкiрек керетiн ән сұңқары Бiржан салды Жанбота аялап ұстады. Бiржан сал Жанбота болыспен үзеңгiлес жүрген соң оны би-болыстар, байлар амалсыз сыйлады. Ол жаратылысынан беттi боп туды, бұл қасиетi атасы Қожағұлдың бойындағы бар қасиет. Және оның әншiлiк даңқы да көкке өрлеп бара жатты. Жiгерлi. Солқылдаған бозбала. Аузымен құс тiстеп, лебiнен жалын атқан дер шағы. Сөзi мiрдiң оғындай өткiр. Сергек те сезiмтал ешкiмдi басынан асыра қоймайтын адуынды мiнезi де бой көрсете бастаған. Жанбота Бiржан салды өбектеп, уысынан шығармай, дегенiне көнiп, еркiн ұстады. Алаған қолы береген, керектi жерiнде шашылып-төгiлетiн жомарт, мәрт мiнездi боп шалқитын Жанбота сәулеттi дастарханына жиналған игi-жақсылар, мәртебесi биiк әкiм-ұлық, би-болыстар алдында маңдайы жарқырап отырып, Бiржан салды сайратып қойып, масаттанатын едi. Сондай бiр жиын Омбыда болып, Шорманның Мұсасын күтетiн көшелi отырыста бiраз шырқаған Бiржан сал:

Ассалаумағалейкүм, атың Мұса,
Жүзiңдi бiр көруге едiм құса!
Қуандық-Сүйiндiктiң қазығысың,
Кешегi өтiп кеткен әкеге ұса.
Шорманнан туған екен төрт асыл тас,
Дәуiрлеп орнап отыр мал менен бас.
Мұстафа, Аужан, Иса, Мұса мырза,
Ығынды паналаған дос пенен қас,
Атың Мұса болғанда, әкең – Шорман,
Артық қылса, әркiмдi Тәңiрiм қылған.
Өзiң сұлтан болғанда, iнiң – болыс,
Егiз болып бар ма, екен сендей туған?
Мұсеке, бiздiң әнге кенелерсiң,
Әнiмдi естiгенде бұлбұл дерсiң!
Ән салсам дауысымды көкке шырқап,
Бұл үйдiң сындырамын терезесiң! –

деп, осы сөзімен өзінің айбыны зор азамат екенін, ұрып тұрған тектілігін танытқандай болады.

Біржан сал әр кез Омбыда өтіп жататын осындай жиындарда Шоқанмен жиі-жиі жүздесіп жүрді. Олар жаз болса Бурабайда, Сырымбетте, алтын күз түскенде Жөкей көлінің жағасында сұқпаттасты. Уақыт, адам, қоғам жайлы... өнер, өнерпаз парызын да сөз етіп, бір-бірін қапысыз түсінді. Біржан салды Шыңғыстың өзі де жақсы көрді. Біржан сал да бұл бір ой-өрісі кең, мәдениеттің жаңа лебін сезе қоятын, өнер атаулыны қадірлейтін зерделі қасиеті үшін үлкен ізетпен сыйлады. Шыңғыс орыс ғалымдарымен тығыз байланыс жасады. Ол қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-санасын, мәдениетін, көне мұрасын көп білді. Этнографиялық қазыналарды жинаумен айналысты, оны Ресейдің орталық музейлеріне жіберіп отырды, Географиялық қоғамның тапсырмаларын мүлтіксіз орындады, этнографиялық көрмелер ұйымдастыруға көмектесті. Шыңғыстың өзі домбыра, қобыз тартты. Оның төңірегі ән-жыр боп, күй шалқып, ақындар айтысып, Сырымбетті бастарына көтеріп гуілдесіп жатты. Ол Шөже, Жанак, Орынбай, соқыр Тоғжан, өзінің қобызшы інісі Қанқожа да осы кереметтердің ортасында өнер көрсетті. Шыңғыс: «Бақ – менікі, өнер – Қанқожаныңкі» деп сүйінетінді. Сондай-ақ, Шоқаннан кейінгі жасөспірім ұлы Қозыке (Сақыпкерей) де Ақан сері екеуі ән салып, орта көре бастағанды. Шыңғыс бұлардан басқа да даланың дарқан таланттарын жанына жақын ұстады. Елдің рухани ләззәті болған өнер думанының ортасында жарық жұлдыздай ерекше жарқырап Біржан сал жүрді. Сондай бір күндерде алыс шет елдерден зерттеуші ғалымдар келе қалса, Шыңғыс оларға дәйім Біржан салды алға ұстап, сал-серілердің өнерін мақтаныш етіп, оларды ардақтай көтеріп, халық әндерін орындайтын өнерпаздарды шырқатып, домбыра, қобыз күйлерін тыңдатып, халық өнерін ыждағатпен танытып отырды. Олар Шыңғыстың үйіндегі шағын орган аспабын көріп, домбыра, қобыз, сыбызғының түр-түрін тамашалап, ұлттық киімдерінің үлгілеріне қатты қызықты. Ағаштан жасалған ыдыс-аяқ бұйымдары, ер-тұрман әбзелдері қазақ халқының өзгеше биік мәдениетіне еріксіз таңғалдырды. Сырымбетте өтіп жататын этнографиялық көрмеде әуелете ән салып, тамашалап отырған жұрт алдында Біржан сал әдеттегідей әсем киімдерін қайта-қайта ауыстырған. Бұл – оның сәнін, серілік салтанатын көрсетуі! Осы мінезін жақтырмаған Тезекбай деген ақынның мысқыл сөзін құлағы шалып қалған Біржан сал сол заматта:



Өзің молла, оқисың жазған хатты,
Сері қайдан біледі шарифатты.
Әкем – Қожағұл болғанда, өзім – салмын,
Мен сізден сұрамаймын насихатты! –

деп өзінің кім екенін, адамның рухани еркіндігін өрмекшінің торындай шырмап алатын діннің зиянды зардабына көңісі келмейтінін айтып, жұрт алдында әлгі дүмшенің бетін қайтарып тастайды.

Тез есейген Біржан сал небір ұлы жиындарда Жанақ, Шөже, Арыстанбай, Орынбайлармен қатар тұрып жыр толғайғады. Ойлы, өсиетті сөздерді еркін айта бастады. Кең даланы ән-жырға бөлеген үлкен ақындар келе-келе Біржан салды сынай-сынай, ақыры оған баталарын беріп, үнемі топ бастатып, әр думанның беташары болсын деп, қолпаштап әндерін емін-еркін шырқатты. Шөже ақын бір ұлағатты үлкен жиында Біржан салдың атағын мақтаныш етіп, оның зипа бойына жарасқан ізетін өзгелерге өнеге етіп, ақындық әдебіне шын көңілден риза боп:

Әкесі Қожағұл Ақсарыға үлгі берген,
Бұл неге теріс кетсін үлгі көрген.
Арсыз болса, жанжалға салар еді,
Бұл-дағы келіп қалды даңғыл жолмен, – дейді.

Сол кездерде сал атанып, ел-елді еркін аралап, сайран салған Біржан сал айтыса кетсе жеңді, ән салса ешкімге дес бермеді. Көңіліне шоқ түсірген шабыттан ойлы-күйлі лирикалы әндері туды. Оны өзінің серілік тобына қосылған балкөмей әншілер, қалың жұрт түрлендіре аңыз ғып, шырқап жатты. Осы даңқы шабытына шабыт қосып асқақтата берді.

Бұл – Тәңір Біржан салға жан баласы қызығарлық келбет берді. Ол ұзын бойлы, кең иықты, қыран қабақты, қыр мұрынды, сұлу мұртты, қара көзі жақұттай жарқылдаған, маңдайы кереқарыс, ат жақты келген, қызыл шырайлы жігіт дүррі. Аса сезімтал сергек жан, кісіге жалт қарағанда көзінен ұшқан сәуле өртеп жібере жаздаса, көз тоқтата қадалып, тесіле қарағанда ол сондай сұсты боп көрінген.

Көкше жерінде бармағы майысқан оюшы, киім пішуші, тігінші, кілемші, зергер, үйшілер, ағаштан түйін түйген ісмерлер көп болды. «Керейден ұл туса, ағашқа күн туады» деген сөз тегін айтылмаған. Біржан салдың әніне тәнті болған ұсталар, зергерлер әншінің сал-серілік келбетін сәулетті етеміз, деп оны әлпештеп бақты. Оның киімін елде жоқ ерекше үлгімен тікті. Біржан сал басына Алтайдың

құндызы, бұлғынынан үкісі үлпілдеген бөрік, қыс болса Арқаның қызыл түлкісінен төбесі төрт сайлы, иыққа түскен тымақ киді, қасқыр тоны, жанат ішігі болды. Жазда патсайы, мақпал шапан жамылған, жезбен зерлеген биік өкше былғары етік киген. Шалбары жырық балақ, оюлы, Ал көйлегі кестелі тік жаға, беліне жібек белбеу байлап, қолына керік пен еліктің лағының сирағынан жасаған сабы бар лағыл тасты әсем қамшы ұстаған. Оның бет сүртетін жібек орамалы қыз-келіншек атаулыға жан қызығарлық арман болған.

Ашамайлы Керей Есенберлінің ішінде Данияр есімді әйгілі зерігер Біржанмен тұстас адам еді. Ол жасаған лағыл тасты білезік, жүзік, сырға, ақ күмісі жарқыраған алқа, шолпы, қапсырма, кісе, жібек белбеу, шымшықтың көзіндей жылт-жылт еткен түрлі-түсті түйменің неше түрі Зеренді, Арықбалық, Көкшетау тағы басқа да базарлар мен жәрмеңкелерде қолдан қолға өткен. Сондай-ақ оның бұйымдары Тайынша, Атбасар, Қоянды, Семей жәрмеңкелерінде жұртты таңғалдырып, жоғары бағамен өтіп жүрген. Осы Данияр Біржан салдың ер-тұрманын безендіріп, ол жайраңдатып мінген Аксеркеш, Буырылтай, Телқоңыр сынды сұлу, жүйрік, жорға аттарына өмілдірік, жүген, құйысқан жасап, жібек арқан өрген. Даниярдың өнеріне тәнті болған Ақан сері де «Қараторғай» әнінде: «Сүйреткен жібек арқан Телқоңыртай» дейді ғой.

Біржан сал Даниярды ерекше қадірледі. Осыны бек түсінген Данияр да сал серілерді осылайша сәндендіріп, олар мінген пырақтардың сәулетін ашатын әбзелдердің түр-түрін жасап, құлпытқаны осы күнге дейін ел ішінде аңыз боп айтылады. Данияр жасаған Біржан сал үйінің үлкен ағаш табағы осы жолдарды жазған автордың үйінде сақтаулы тұр. Оны Біржан салдың немере қарындасы Әміре әже қадірлеп, қасиеттеп ұстаған.

Біржан сал Сырымбет, Айыртау, Имантау, Шалқар көлін жағалап кеп, Арықбалық жаққа ат басын бұрып, Ләйлі сұлудың ауылына қонақ боп, одан еліне қайтқанда дәйім осы Даниярдың үйіне түсіп жүрген.

* * *

Біржан салдың жанына топтасқан сал-серілердің кең жазира далада ерекше жарқырап, жайнап өскен қырмызы гүлдей жан біткенді қызықтырып, сахараның сәні боп, жаңа үлгідегі әні боп шалқуы, халық өнерінің тұғас бір дәуірін, тарихын жасады. Біржан



сал халықтың жүрек пернесін дәл баса білді. Сондықтан, оның әні тек өз басының ғана хал-күйі емес, халықтың мұң-мүддесі, арман-тілегі, махаббаты, көкейкесті ойынан туындады.

* * *

1856 жылдың жазы... Шоқан Сырымбетке демалысқа келді. Жалғыз келген жоқ, өзінің досы, пікірлес серігі, ақын Сергей Федорович Дуровты ала келді. Дуров кім еді? Ол – патшалық самодержавиеге қарсылығы үшін сотталып, түрмеден-түрмеге түсіп, ақыр аяғында Омбының абақтысында Федор Михайлович Достоевскиймен бірге азап шеккен петрашепшіл ақын еді. Білімі көл көсір бұл бір қайтпайтын, қайыспайтын өршіл сезімді күрескер жан өмір сырын, қоғам келбетін тануда Шоқанмен пікірлес болды. Ол патшалық тәртіптің келешегі жоқ екендігін, патшалы Ресей халықтар түрмесі екенін айтып бақты. Көп жағдайда Шоқан екеуінің ойы бір жерден шыға берді. Дуровпен дос Достоевский де Шоқанның білімін, ақыл-парасатын, өмірге көзқарасын жақсы түсінді.

Омбы түрмесінен босанғаннан кейін Достоевский Семейде, Дуров Көкшетауда қызмет ете бастады. Дуров Көкшетауда қазақтың көшпелі өмірін зерттеді, фольклорлық нұсқаларды жинады, әншілерді, ақындарды, дала музыканттарын тыңдады. Елдің дәм-тұзын татып, қымызын ішті. Ептеп денсаулығын түзеп, есін жиды. Бірақ әлі әлсіз еді, ол. Қазақ халқының меймандостығын көріп, талантына бас иіді. Осы халықтың екі жақты қанауда отырғанына күйзелді. Көкшетауда бір-ақ жыл тұрды. Қайтадан Омбыға келді. Денсаулығы қайта нашарлады. Сол кездерде оның жасы қырық бестерде болғанмен, шашы аппақ қудай, қаны қашқан, реңі солғын, ентікпе науқасы, оған қоса жел-құзы бар, өкпесі, жүрегі дертті, титықтап әлсіреген жанды Шоқан қатты аяп, генерал губернатор Гасфорттан сұрап алып, қымыз ішіп, ес жиып, таза ауада емделсін деп ауылына алып келді. Сырымбетте біраз күн болған соң, Шоқан оны Бурабайға әкеліп, жеке үй тіктіріп, сонда күтті. Бурабайға жақын Үлкен Шабакты көлінің жағасында Біржан салдың ауылы отырғанды. Дуров Біржан салды осы көлдің жағасында жұлдызы самсыған Арқаның бір мақпал түнінде, ұлы думан ішінде ән салып отырған жерінде көрді.

Біржан салдың нағыз жайнаған шағы. Құндыз бөркінің үкісі үлпілдеп, нарттай жанған жүзінен нұр төгіліп, үніне жүрек біткен

тебіреніп, ол кең дүниеге сыймай, өзін қоршаған әлеуметке, бүкіл ұлы тіршілікке масаттана қарап, алғыс айтып отырғандай көрінді. Бір әні жүрек шымырлатып, хәм тәтті қиялға батырып, бесік жырындай тербеді, дейсіз. Дуров таңғалып, үнсіз басын шайқады. Шоқан оған: «Бурылтай әні», деп күбірледі. «Жастық романтика!» деді. Біржан сал көзінен ұшқын оты жарқылдап, шайқала бастағанда Шоқан Дуровқа: «Бұл да – лирика. «Жаймашуақ» деп аталатын махаббат әні» деп түсіндірді. Бір кезде Біржан сал түсін суытып алды, қыран қабағы сәл түйіле беріп, домбыраны кеудесіне қатты қысып, ойлы шертіске түсті. Осы отырысы оны тәкаппар жан етіп көрсетті. Тұнжыр ойға тұнған терең толғанысты ән айбынды адамның асау айбатын танытқандай болды. Шоқан «Біржан сал» боп атанып кеткен осы әнге қатты тебіренетінді. Домбыраны ауыр иіріммен шерткен әнші:

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Ешкімге зияным жоқ жүрген жанмын.
Кісіге анау-мынау бас имеймін,
Өзім сал өзім сері кімге зармын! –

деп терең толғаныстың отты лебін сездірді. Әннің әр сөзін Шоқан Дуровқа түсіндіріп отырды. Ол әншіден көз алмай, терең ойға батты. Қазақ даласында «Өз Бетховені бар екен!» деген сөзді айтты Дуров. Бұл сөзге риза болған Шоқан Дуровтың қолын қысып-қысып жіберді.

Біржан сал кенет селт етіп оянғандай боп отырған жандарға ойлы жанарын қыдырта қарады. Бәрі ойға батқан. Демдерін ішіне тартып, үндемей қалыпты. Біржан болмысынан сезімтал жан оқыс жымың етіп, ел сүйетін «Ләйлімін» шуақты сезіммен мөлдірете бастады. Шертісі лыпылдап кетті. Тыңдаушылар да үнсіз жымыңдасты. Қарлығаштың қанатындай әсем мұртын сипалап, елжірей күлімсіреген Шоқан: «Композитордың өз ғашығы!» деді. Дуровтың көзі шыныдай жалтырап, бозарған өңіне қан жүгірді. Ән орындалып біткенше жан-жүрегін тербеген бір ләззәтті сезім құшағында отырды. Мұндай лирикалық сәулелі әнді ешуақытта тыңдамапты. Біржан сал дүниедегі ең бақытты адам боп шалқыды-ай, бір... Бұл кезде Біржан салдың қылшылдаған жиырма беске толған шағы еді...

* * *

Осы оқиғадан кейін Біржан сал Бурабайда, Сырымбетте Шоқан мен Дуровтың қасында жиі болып, олар шерткен әңгімеден көп



жайға көз жеткізді. Сондай бір сұқпаттың үстінде Шоқан Біржан салға былай деді:

– Мен Омбыдан елге келген сайын сағына күтіп отырған үй-іші мәз болып, шуылдасып, дуылдасып қарсы алады. Солардың ішінде дәйім Орынбай ақын жағын жанып, мені мақтап, көкке көтеріп, суырылып ала жөнеледі. Жұрт оған мәз болады. Өзі ғажап ақын ғой, желігіп, мақтау сөздерді желпілдете төгеді Ауыл адамдары жапырласып, оған тиын-тебен, тағы бірдемелерді бұрқыратып беріп жатады. Орынбай сияқты жақсы ақын неге тіленшек болады? Осы мінезін жақтырмаймын. Ақын адам бүйтіп мүсәпір болуға тиіс емес. Ақынның дәрежесі мансаптан да, байлықтан да жоғары. Мансап жеті атасынан қалған билік пе? Байлық қазақ үшін бір жұттық емес пе? Ақын сөзі – өлмейтін сөз, Біржан аға! Мен – Абылайханның тұқымымын. Уәлиханның немересімін. Ақсүйекпін. Осы дәрежеміз қайда бүгінде? Анау Дуровка қара, ол да дворян әулетінен, бірақ ол ақын... Өз күйітін күйтгесе ата-бабасының ырзығын жеп, масайрап жүре берер еді, ішкені мас, жегені тоқ боп. Бірақ ол өмір сырын, өзінің кім екенін бек түсініп, қоғамға, әділетсіздікке сын көзімен қарады. Осы мінезі өз ортасына жақпады. Ақындық қасиетін сақтап, өзін қор тұтқан қоғамға басын имеді, – деп ойландыра тоқтады.

Біржан сал бұрын-соңды мұндай сөзді ешкімнен естімеген еді. Шоқанның осы сөзі есінен шықпай қойды. Ол өз төңірегіне, өзін дуылдаса қолпаштаған ортаға ойлана қарады.

* * *

1865 жыл. Шыңғыстың ғазиз ұлы Шоқан жиырма тоғыз жасында жайнаған жарық дүниеден жүзін үйірді. Сырымбет аспаны қайғының қара бұлтын жамылды. Бүкіл Көкше елі аза тұтып, бұл суық хабар байтақ даланың төрт тарабына жетті. Шоқандай бір туар перзент маңдайға сыймады. Ақан серінің Шыңғысқа көңіл айтуын ботадай боздап жылаған Сырымбеттегі жұрттың ішінде Біржан салдың жүрегі де тілім-тілім боп қанжылап көріп тұрды. Шоқан Шыңғыстың ғана ұлы емес, халықтың ұлы боп, күйзелтіп кетті...

* * *

Өмір қашанда өмір, ол өз әуенімен жүріп жатты.

Біржан салдың әндері қазақ аспанында сызылта үн қатқан

акқудың кәусар әуезіне ұласып, алыс-алыс жақтарға қанат қақты. Әр әні таңғажайып әңгіме-аңыз боп тарады. Ол әндердің ішінде жастық шағы, сүйгені-сүйіскені Фархат-Шырын, Ләйлі-Мәжнүн махаббатындай жан-жүректі елжіретіп, Біржан салдың әншілік, ақындық даңқын аспандатып көкке көтере берді. Сол әндердің сыры не дейді? Кейбірін еске алып көрелік: «Ақтентек» – Сұлулыққа сұқтану, оны құлай беріле тамашалау, сол шаттық сезіммен бақытты сәт – ғашықтық сырдың ләззәтін сезіну, рахатын көру. Пәктікті аялап, оны жүрегі жарыла жаздап, асқақ романтикалық леппен көкке көтеру... Әулие, періште етіп өбектеп, соған бас ұра табыну. Сыршылдық, кербездік, пандану бәрі... бәрі бар, мұнда. Біржан салдың шаттық сезімге бөленіп, бар дүниені ұмытып, бәрінен биік боп, қайғысыз-мұңсыз нәресте кейіпте шалқуы, бұл!

Ән қалайша «Ақтентек» боп атанған? Әлбетте, кез-келген ән тектен-текке шықпайды, ол жүректің тебіренісі, сезімнің ісі. Сол кездерде Бурабайда Маныс руының Шағырай есімді елге жаққан зиялы адамы мекен етіп отырған. Бала кезінде оны жеңгелері еркелетіп, атын атамай «Ақтентек» деп атап кетіпті. Пейілі кең, ақылға дарқан, ырзық – дәулетіне мастанбайтын осы бір көпшіл жанның акқудың көгілдіріндей – Шұға, МақпАл Ажар дейтін бірінен бірі өткен сұлу қыздары болған. Осы арулардың көркіне, жүрегін діріл қақтырған есті сөздеріне еміреніп, Біржан сал Шағырайдың ауылына жиі-жиі келген. Ал бір күндері Біржан салдың:

Қызы едің Ақтентектің Шұға, Мақпал,
Әр жерде сабырлы ерді Тәңірім сақтар.
Көңілің бір-біріңмен болса ғасыл,
Ауылын сұлу қыздың жігіт жақтар.
Қызы едің Ақтентектің Ажар атың,
Ешкімнен кейін емес салтанатың,
Алыстан ат терлетіп келіп едім,
Жүр ме, екен аман-емен перизатым! –

деген әні Көкше елін елең еткізеді. Біржан салдың отты көзі Ажарға түсіпті. Ел гулетіп, сөз етіп жатады. Біржан сал бір жолы мамыр айында сонау итарқасы қияндағы Қарқаралыда Қоянды жәрменкесінің туын көтеріп, ел құрметін көріп, өзінің серілік тобымен біраз уақыт жүріп алады. Ал бір күндері елге қайтып оралғанда Ажар сұлудың ұзатылып кеткенін естіп, Біржан сал опынып қалады. Шағырай салт жөнімен Ажарды атастырған жеріне



ұзатыпты. Сол күндері Біржан сал ауыл-ауылда болып жататын тойлардың бірінде Ажар сұлуды көреді. Сол сәтте есіне мына бір жағдай түседі: ана бір жылдары осы Ажарды аңсап, Бурабайға келіп, сайрандап жүргенде Шағырайдың ауылы орнынан жылып, жылда қонатын жайлауына көшіп кетіпті. Біржан сал Бурабайда біраз күн аялдайды. Көңілін жұбатып, өзін қадірлеген жұрттың ортасында ән салып жүреді. Ал бір күні Бурылтай дейтін атының ауылына қарай қашып кеткеніне қайран қалып, иә, осы жағдай көзалдына елестеп, ойда жоқта жүздескен асыл Ажарға амалсыздан бақыт тілегендей боп:

Таңбасы жоқ, ені жоқ Бурылтайдың,
Сағасы өткел бермейді терең сайдың.
Құба жонға жүгіртіп, шыға келсем,
Жұрты жатыр, өзі жоқ қалқатайдың, –

деп кербез керіліп, еркелі назбен аялайтын, шуақты әнін жасындай жаркылдатты. Бұл ән де Біржан салдың жастық шағының ұмытылмас бір белгісі болды да қалды. Әнмен де ескерткіш жасауға болады екен.

Осы жолдардың авторы 1980 жылы желтоқсан айында Бурабайда Біржан салды зерттеп жүріп, Бурабай курортының бірінші админстраторы болған руы Алшын Томан Тілекеев деген шежіре көкірек зерек кісімен көп әңгімелесті. Біржан сал өмірінің қилы-қилы хикаясын шерткен кең қолтық жан бір сөзінде: «Бізден «Ақтентек» әнінің мән-жайын көп сұрадың, Ақтентегің, әрине, Шағырай, ол. Оның елге әйгілі Шұға, Мақпал Ажары үшін Біржан сал осы өңірге ат құрғатпай, сабылып келіп-ақ бақты. Сол сұлу қыздарға ғашықтық көңілін білдірді. Ажар оған бұйырмады. Ал Мақпалына деген ынтық көңілі де елге ауадай жайылған әдемі әнімен аян болды. Амал не, Мақпал да өзінің атастырылған жеріне кете барды. Өлгі ән айтыла-айтыла ұмытыла бастады. Оны білетін әншілердің кейбірі отызыншы жылдардағы қуғын-сүргінде жазықсыздан-жазықсыз айдалып кетті. Бағзы біреулері кешегі қырғын соғыста мерт болды. Сөйтіп, Біржан салдың «Мақпал» әні бірте-бірте естен шықты. Шағырайдың Мақпалын ардақтаған есіл ән» деп салы суға кете сарсылды.

Көкшетау сапарынан қайтқан соң осы жолдардың авторы радиодан Біржан сал жайында белгілі, белгісіз жаңа зерттеулерді беріп, әндерін насихаттай бастағанда бір күні әйгілі әнші Қуан Лекеровтың бәйбішесі келіп, жетектеген кішкентай немересі бар, биязы мінезбен жайлап сөз бастап: «Біздің отағасы салатын Біржан

салдың «Мақпалы» болушы еді, ол ән берілмейді. Ұмытылды әбден. Соны радиодан беріндерші, шырақтарым, үнін сағындық» деді жыламсырап. Біраздан кейін Қуан Лекеровтың КГБ да істейтін полковник ұлы «Мақпалды» айтып, ол телефон соқты, көп ұзамай кездесті де. Бұл әңгіме Қуан Лекеров орындаған әндерді ыждағатпен беруге түрткі болды. Осы жайды естігенде Жүсіпбек Елебеков іздеген жоғы табылғандай: «Япырай, Қуан салған «Мақпал» шынында сақталып па? Бұл әнді негізінде біздің Қарқаралы әншілері көп шырқады ғой, ойлап отырсам ол Қоянды жәрмеңкесінде ту көтерген Біржан салдың біздің елге тастап кеткен сарқыты екен ғой, шіркін!» деп кәдімгідей көңілі бұзылып, қатты толқыды. Қын түбінде жатқан алтынның сынығындай жалт ете түскен сол «Мақпалдың» сөзі:

Дария ағып жатқан суда мін жоқ,
Хайуан, өлдім дерге малда тіл жоқ.
Құрбылар, жастық жақта күл де ойна,
Бұл дәурен қайта айналып келмегі жоқ.
Мақпал-ау, Мақпал,
Алайкөк, үри Алайкөк.
Үкілі қоңыр үйрек,
Кеткенде аулың шалғай,
О, шіркін, қалдым жүдеп!
Саңқылдап қара өлеңге тілім майда,
Тілімнің майдасынан көрдім пайда.
Құдайым медет берсе, тіл – жағыма,
Салайын түрлендіріп, осылайша. –

деп айтылады. «Мақпалды» радиодан жиі-жиі беріп жүріп, бір күндері осы жолдардың авторы Қуан Лекеровтың үні жазылған магнито пленканы әнші Қайрат Байбосыновқа берді. Қайрат әнді тез үйреніп, бабына келтіріп, ойлы жүректің тынысын емін-еркін сездіріп, жан біткенді толғандыра орындады. Ән осы жолдардың авторы тапқан «Айбозым» әніндей жаңа табылған ән секілді тыңдаушыларға керемет әсер етті. Қазақ әндерінің ішінде бірнеше «Мақпал» бар, олардың көбі айтылмайды. Тек Ақан серінің «Мақпалы» ғана айтылатын еді, енді, міне, Біржан салдың «Мақпалының» бағы осылайша ашылды. Бірі ұстаз. бірі шәкірт болған екі ән дүлдүлінің екі «Мақпалы» – қазақтың ән дүниесінің тот баспайтын інжу-маржаны!



Біржан салдың жастық өмірін аңызға айналдырған жан – Ләйлі! Өнші өзімен замандас, сыйласып жүретін Көлбай, Жанбайлардың ауылына да қадірлі болған. Бұл ауылға жиі келетін себебі – жан-жүрегін тебіртетін Ләйлі бар. Ол осы Көлбай, Жанбайдың қарындасы. Көркіне ақылы сай, оң қолынан өнері тамған ісмер, ән-жырға көңілі зерек Ләйлі мен Біржан салдың арасындағы махаббат өлмес-өшпес сүйіспеншілік жырына айналып, қазақ әніне ерекше шырай таратты. Бір Ләйліге Біржан салдың жүрегінен кәусар бұлақтай боп төрт ән төгіліп шықты. Соның бірі:

Есен-аман жүрмісің, Ләйлім шырақ,

Жаңа таптым аулыңды елден сұрап, –

деп айтылып кеткен әнінің о бастағы сөзі келе-келе ұмытылып, Мақсұтбек Майшекин сөзімен елге тарағаны белгілі. Осы жолдардың авторы 1981 жылғы мамыр айында Көкшетауда Біржан салды зерттеп жүріп, қарт әнші Байсейіт Байбосынов ақсақалмен әңгімелесті: «Шырағым, менен ән сұрап отырсың, оны айта алатын халім жоқ, осы ауылдың шетіндегі ана бір шағын көлге немереден туған шөберем суға кетіп, шерлі боп қалдым. Қасымда қарындасым бар, міне, отыр... Келінімді көрдіңдер, көз жасы кілкілдеген. Осындай мүсәпір пенде боп қалдым. Алыс жолдан келіпсіндер, көңілдерің қалмасын... Білгілерің келген Біржан салдың «Ләйлім» әнін біреулер Ақан серінікі деп гөйітіп жүр екен, үйде отырған шалмын, о шіркіндерге не дейін, бұл ән бала кезімнен айтқан Біржан салдың әні. Басқа ешкімдікі емес. Әннің о баста өз сөзі болған. Оны өзгертіпті. Бүгінде «Есен-аман жүрмісің Ләйлім шырақ, деп басталатын өлеңмен айтылып кетті. Келе-келе өз сөзін ұмыттық. Кезінде Біржан сал Құлаайғыр өзенін, Арықбалықты жағалап, Ләйлінің ағасы Көлбай, Жанбайлардың ауылына келіп жүріп, шығарғанын дүйім жұрт біледі. Бұл әннің жайы солай, шырағым. Ол Ақан серінің әні емес. Ақан серінің өз әні өзіне жетеді. Ән шығарған Бәтималары, Ақтоқтысы, Жамалы, Ұрқиясы бар, Біржан салдың Ләйлісіне оның ешқандай қатысы жоқ. Менің сөзім осы, шырағым».

Асылы Ләйліге арналған әндердің аңызы былай: Біржан сал Ләйліге аңсары ауып, Көлбай, Жанбай ауылына келген күндердің бірінде шідерлеп қойған атының ақ күміспен өрнектелген әдемі шідерін біреулер қызығып ұрлап алады. Бұл ауылда үлкен сөз болады. Біржан сал осы оқиғаға амалсыз сынып, ұштыкүйлі жоғалған шідері «табылып қалар» деген сылтаумен Ләйлім үшін біраз күн жатып

алады. Әсершіл жүрегі тағы да толғана қалып, Көлбай, Жанбайға наз айтып, қынаптан суырған қылыштай жарқылдатып, «Шідер» дейтін әнімен бұлғақтап:

Көлбай, Жанбай дегенде Көлбай, Жанбай,
Шідерімді кім алды, Ләйлім алмай.
Шідерімнің бағасы атыммен тең,
Ақырында қоймаймын сенен алмай, –

деп «дауласа» кетеді. Бұл қызық оқиғаға ауыл жұрты мез. Даланың ескек желі «Шідерді» де желпілдетіп іліп әкетеді. О тоба, Біржан салдың өмірі қандай өмір, ә?!, осы жаратылыс екінің бірінде болса қані! Сирек бітім!

Біржан сал Көлбай, Жанбай ауылына тағы бір келіп жүргенде ебін тауып, Ләйлімен жүздесіп, болған жайтты өкпе-назсыз еске түсіріп, көңілі шат-шадыман сезімге бөленіп:

Ләйлім шырақ, дегенде Ләйлім шырақ,
Таудан аққан сылдырап сен бір бұлақ,
Қайыс болсын, жіп болсын, неге керек,
Шідерімнің бағасы қырық қысырақ, – дейді.

Ләйлімнің өзі сүйсінген «Ләйлім шырақ» деп аталған бұл ән де елге аңыз боп жайылады. Қыз біткенге Ләйлідей болу арман бір... арман!

Біржан сал Қарқаралыда Қоянды жәрмеңкесінің туын көтерген бір сапарында Көлбай, Жанбайлармен бірге келген Ләйлімен тағы да кездеседі. Бұл кез – Ләйлінің көкірек ауруына ұшыраған кезі екен. Біржан сал қатты күйзеледі. Ләйлі екеуі сырласады, бір-біріне мұңын шағады. Ләйлінің арманды жүрегінің лүпілі жақсы күндерді еске салып, Біржан салды қатты тебірентеді. Кейін Біржан салдың сол сезімі:

Қарқаралы басында жалғыз арша,
Хатқа жүйрік жан едің мұсылманша.
Кішкентайдан бірге өскен сәулем едің,
Ғұмырың аз ба, көп пе, әлде қанша.
Өттің жалған,
Кештім сайран.
Уа, шіркін, қыз бала-ай,
Жастық тың әсерімен салдым сайран.
Көл жағалай бітеді көкше құрақ,
Ән салмағың қайда еді, Ләйлім шырақ?

Қозыбайдың үйінде мәжіліс боп,
Ән екен Біржан салған жаймашуақ! –
дейтін тағы бір ән боп шығады, ол – «Жалғыз арша».

Бір өзі Біржан салдай ән дүлдүлін осынша тебіrentкен Ләйлі Леонардо Да Винчидің живописьте сұлулық падишасы атанған Джокондасы (Мона Лиза) секілді қазақ әнінде сұлулықтың періштесіндей құдіреттеніп, қиял қозғаумен келеді.

Біржан салдың ұмытылған бір әні «Айтбай» деп аталады.

Атымның қақ тұрады сауырына,
Қос тепкі салып келем бауырына.
Қолынан шай құйдырып ішейін деп,
Келемін Айтбай сұлу ауылына.
Мамекем «Айтбай» десем күлімдейді,
Сұр жорға астымдағы сүрінбейді,
Аққудай аспандағы жүз құбылтып,
Сал Біржан ән салуға ерінбейді.

Бұл әннің сыры былай: Біржан салдың Сырымбетте Шоқан еліне келіп жүретін әдеті. Түсетін үйі – Шоканның үйі. Шыңғыс Біржан салдың әр келісін өз отбасында думанға айналдырады. Осы төрелер елінде біреулер Мамырбай дейді, біреулер Мәмке дейді, ол – Шыңғыстың інісі. Кенесарыны жақтаған, кей тірлігіне көмектескен. Ал Шыңғыс Кенесарыға қарсы. Мәмке ағасының ол пікірін қоштамаған бетті адам. Мәмке бір жолы шашын алдырып отырады. Сонда әлгі шаштараз: «Батыр жарасыз болушы ма, еді?» дейді. Мәмке оған: «Сен өзің не деп тұрсың, басын жарғызған батыр батыр ма?» деп жауап беріпті. Осы Мәмкенің Айтбай есімді сұлу қызы бар. Құдайдан ұл тілеген әке-шешесі тағы бір қыз туғанда, ендігі перзент ұл болсын, деген ырыммен «Айтбай» деп еркек баланың атын қойыпты. Міне, осы Айтбай сұлу да Ақтентектің қыздары Ажар, Мақпал Көлбай-Жанбайдың қарындасы Ләйлі сияқты Біржан салдың жаны сүйген ән кейіпкеріне айналды.

Біржан салдың романтикалық шалқумен тудырған ғажайып әндеріндегі асыл арулар музыканың сұлулық галереясында шолпан жұлдыздай жарқырайды да тұрады.

* * *

Өмірде әнмен шайқақтаған ел еркесі Біржан сал бар бақытын:
Үш кезге бойың жетер биік аршын,
Үш жүзден таңдап алған ғашық жарсың.

Именбей ақ төсіңнен аймалатшы,
Иіскеп шыбын жаным сая тапсын.
Жайлауы еліміздің мидай дала,
Түріндей масатының күрең ала.
Ел кезіп, өз үйіме оралғанда,

Мұндасым, көңіл ашар Әпіш қана! – деп жан жары Әпіштің қадыр-қасиетін «Әпіш» дейтін әнінде етжүрегі елжіреп, өз тағдырына, Тәңірге риза болғандай төгіле қалады..

Бұл – Біржан салдың кемеліне келіп, толысқан шағы. Ел-елде «Көкек», «Қозыкөш», «Бірлән», «Жоныпалды», «Ахау, әриайдай», «Он екі збод», «Жалғыз арша», «Ләйлім», «Ләйлім шырақ», «Ақтентек», «Мақпал» әндері жібектей есіліп, жан біткенді аялап, шалқып жатты. Әнші атаулы Біржан салға ұксауға тырысты. Солардың ішінде әуезі аққу үніндей боп, ерекше бітіммен сыландап шығып, өзі ұстаз тұтқан Біржан салдың өзін сүйіндірген Ақан сері де топ құрап, ғажайып әндерімен таңғалдыра бастады. Осы кереметтердің бәрі Біржан салдың қасынан табылды. Ақан серіге ерген Үкілі Ыбырай есімді еркебұлан дерлік жас әнші ол да Біржан салдың назарына ілікті. Болып жататын ас-тойларда алпыс үйлі Үйсіннің ішінен шыққан әнші, жауырыны жерге тимейтін палуан Балуан Шолақ та Біржан салдың еркесі боп бұлғақтады. Біржан сал осылайша іріленді, толысты, ел думанының мығым күшіне айналды. Бұлардың әндері байырғы әндердің өрісін кеңейтіп, мән-мағынасын тереңдеті, әсерін күшейтті, үнін биіктетті. Біржан салдың ұстаздық мерейі көтерілді. Олардың қадір-қасиеті, беделі ел алдында дүрілдеп тұрды, халықтың ойын-сауық, той-томалақ, думанды жиынына үлкен әсер етті. Күнелтудің, қу тірліктің қамы үшін тілін безеп, байманалар мен би-болыстарға жағымпаздана бас ұрап, мақтап жүрген болымсыз ақындар мен әншілерді Біржан салдың тобы ығыстыра берді. Салған әндерінде әлеуметтік жай батыл айтылып, қоғамдық ойдың салмағы күшті болды. Біржан сал есейген сайын, өмірдің мәнін, заманның ағымын түсінген сайын философиялық терең толғаныстарға барды. Тумысынан турашыл, бетті, ойлы жан өзін қоршаған, өзімен пікірлес, тағдырлас болған, сөйтіп, замана жүгін өзімен бірге көтерісе бастаған әнші, ақындарға:

Ер жігіт дүниені көргені артық,
Дүниеде не бар-жоғын сезгені артық.
Түскендей аспан жерге іс болса да,
Бел байлап, тәуекел деп төзгені артық, –



деп демеу берді, қозғау салды, жол, бағыт сілтеді. Біржан салдың осы философиялық ой толғауын, өмірге, қоғамға деген көзқарасын бек түсінген серілері өнердің рухани биік мұратын қастерледі, оның жаршысы болды.

* * *

1865 жыл... Көкшетаудың тамылжыған алтын күзі келді. Осы кез – әдеттегіше «Сентябрь базарының» үлкен дүбірмен дуылдап өтетін шағы. Ол жай ғана базар емес, жоғарғы жақтан келетін губернатор, әкім-қаралар, ұлықтар бас қосатын үлкен жәрмеңке еді. Биылғы жәрмеңкеге сонау Омбыдан «генерал-губернатор келеді» деген дақпыртпен жаз бойы Көкшетаудың сегіз болысы абыр-сабыр дайындықпен әлекке түсті. Бұрын мұндай жәрмеңкеде Ақсары болысын билеген Жанботаның беделі зор боп, жұлдызы жарқырап жүрді. Ұлықтар көбіне Жанбота тіккен он екі қанат ақбоз үйге түсетінді. Басқа болыстар ондай ірілікті көрсете алмай іштен тынатынды. Қылдықарауыл болысы Азынабай да ірі соғып жүрді. Сырт көзге Жанбота екеуінің ымырасы, жең ұшынан жалғасып жататын мәмілесі үйлесіп жүрсе де, бірақ екеуі іштей бәсеке, бір-бірімен бақас. Бұл сырды өздері ғана біледі. Осы жолы Жанбота жыл басынан әрекетке кірісті. Елдегі байларды, кәсіпкерлерді, жер түбіне барып жүрген ысқаяқ саудагерлерді жанына жақын тартып, мөймөңке тілімен баурап бақты. Биылғы тігетін ақбоз үйі бұрынғы үйлерінен де сәулетті болуды көздеп, үйшілер мен жиһаз жасайтын ұсталарды да жұмылдырды. Келетін генерал-губернатор мінетін тарантас пен фазтонды, олардың иығына жабатын жанат ішік пен қасқыр тонды, жездеп өрнектеген биік өкше етіктерге дейін әзірлеп үлгірді. Аласапыран осы тірлік үстінде Жанбота ұлан жаз бойы Біржанды өбектеп, асты-үстіне түсіп, мәпелеп бақты, бір елі қасынан жібермеуге тырысты. Жәрмеңкедегі ұлы жиында Біржан сал келген генерал-губернаторды, Жанботаның өзін асқақтата ардақтауын көздеді. Соған иліктірудің бар амалын ығытын тауып, жасап жүрді.

Ал бір күні Көкшетаудың Қызылжарға шығатын даңғыл жолының оң жағындағы бұқар кілеміндей былқылдаған көк саз, көкжасыл алқапта жәрмеңке салтанаты дүркіреп тұрып ашылды. Өзге болыстар тіккен үйлерден ерекше сәулетті боп көрінген Жанботаның ақбоз үйіне таңдай қағып қызыққан қалың нөпір иінтіресіп, «Генерал-губернатор әні келеді, міні келеді» десіп, гуілдесіп тұрды. Осы

жұрттың алдында аққудай сыланып, кербез керіліп, кең далаға паңдана қараған Біржан сал:

Асылға қызықпаңыз кимеген соң,
Сұлуға көз салмаңыз сүймеген соң.
Байларға сене берме малды екен деп
Пайдасы қысылғанда тимеген соң, –

деп, жан шыдатпас қызулы шабытпен шырқап жіберді. Біржан салдың көкке өрлеген ашық үні жәрмеңкенің о шеті мен бұ шетіне емін-еркін жетті. Аспандағы аққу үніне таңғала қараған жандардай Біржан салдың әніне естері шығып, елеңдескен жұрт Жанботаның ақбоз үйіне қарай лап берді. Тасқын судай иірілген топты көргенде Біржан салдың отты көзі жақұттай жарқырап:

Базарың құтты болсын, ардақты елім,
Қоянды – ту көтерген думанды елім.
Қарқарал сұлу Көкше жер шоқтығы,
Сарыарқа – алтын асу, асқар белім.
Жер шоқтығы Көкшетау,
Тал-қарағай, бақша-бау,
Бауырыңда бар сексен көл,
Иісің жұпар аңқиды-ау! –

деп көкірек кере саңқылдағанда: «Жаса, жаса Біржан! Әуелет! Шырқа, шырқа!» деген дауыстар дуылдасқан жәрмеңкені жаңғыртып жіберді. Көздері жұлдыздай жарқыраған жандардың осы сөздері көтере түскен Біржан сал:

Мөлт еткен көз жасындай күміс көлім,
Мая ескен қоңыр салқын жібек желім.
Оқжетпес, Көкшетауды мекендеген,
Телғара ел атанып өскен жерім, –

деп, емірене әуелетті. Сілтідей тынып, тыңдаған жұрт ән біткенде селт етіп ояна кеткендей тағы да дүр ете қалып: «тағы, тағы, тағы, о, Біржан, шырқа, шырқа!» деп иірімге шымырлаған толқындай шайқалып кетті. Біржан сал шабыт отына күйді. Жүзі нартай жанып, жанын сүйсіндіретін әлдене есіне түскендей күлімсіреп:

Аты жоқ құс болады көкек деген,
Алдында терезенің секектеген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма, менің,
Айырылып, сені сәулем, кетет деген.
Ей, аты жоқ көкек,
Ей, аты жоқ көкек, –

деп сырлы сезіммен лыпылдатып, домбырасын тәп-тәтті ғып шертті. Осы отырысына қызыққан жұрт: «Жалғай бер... айта бер, Біржан!» деп, тебірене толқыды. Бұл сөздер де қанын қыздырып, сол тамылжыған күйі:

Шекене селдіретіп айдар тағып,
«Көкек» деп, бос жүргенше секең қағып.
Қосайын өле-өлгенше мен әніме,
Қалқадан хабар әкел ұшып барып.
Ей, аты жоқ көкек, –

деп елжірей иілгенде біреу кеп домбырасына жармаса кетті. Ошарылған жұрт әп-сәтте не боп кеткенін білмей, бірақ заматта естерін жиып ала қойып, «Ей, сұмырай! Ей, кет былай! Өй, мынау кім өзі?» деп, бір қайратты жігіттер домбыраға бас салған содырды желкесінен алып, лақша бақыртып, сүйретіп әкетті. Есі шығып, дағдарысқан топ: «Қара басқыр... көргенсіз неме... Азынабайдың есіктегі иті!» деп тіксінді. Біржан салдың домбырасын жұлқылаған әулекі Азынабайдың поштабайы екен.

Жәрмеңкенің дуылдаған төрінде Жанботаның ақбоз үйі алдында осындай сұмдық болады деп кім ойлаған? Біржан сал демін ішке тартып, қаны қарайып, түйіліп, отырып қалды. Жанбота қайда? Қайда болушы еді, елпендеген нөкерлері соңында келеді деген генерал-губернатордың алдын тосып жүргенді. Біржан сал қандай күдірет биледі, білмеді, күйіп отырған жүрегіне ып-ыстық қан толып, домбыра шанағын көкірегіне құшырлана қысқан күйі шамырқана ширығып, өзіне тесіле қадалған жұртты көз қиығымен қыдырта қарап:

Жанбота, осы ма еді өлген жерім,
Көкшетау боқтығына көмген жерің.
Кісісін бір болыстың біреу сабап,
Бар ма еді статьяда көрген жерің?
Ой, сабап кетті-ау! –

деп қан тамырлары жарыла жаздап, «Жа-а-ан-бо-о-та!» деп ышқына, тепсіне бұрқ ете қалған үні күллі әлемнен Жанботаны жар сала іздеген жанша жыбырлаған жәрмеңке ішін сілтідей тындырды. Қатай түскен қуатты үні саңқылдап:

Жанбота, өзің болыс, әкең Қарпық,
Ішінде сегіз болыс шенің артық.
Өзіңдей Азынабайдың поштабайы,
Қолымнан домбырамды алды тартып.

Ой, сабап кетті-ау! – деді де іле – шала қызынған күйі:
Тартса да домбырамды бергенім жоқ,
Есерді поштабайдай көргенім жоқ.
Қамшымен топ ішінде ұрып еді,

Намыстан, уа, дариға, өлгенім жоқ, – деп, тістене бас шайқап, аң алған қырандай жұтынып, іп-ірі боп, сұстана тоқтады.

Жәрмеңкеде өз мәртебесін, генерал-губернаторды мақтауға баптап алып келдім, деген Жанботаның дәмесі адыра қалды. Өзін ардақтаған көгенкөз ел алдында әншілік барқын, кім екенін, сүйгенін, сүйіскенін өбектеді. Ел мен Жерді ардақтап, сұлу Көкше, Бурабай, Оқжетпесті көкке көтере шырқады...

Сол күннен бастап, арасынан қыл өтпей жүрген Жанбота мен Біржан салдың арасы бірте-бірте салқиндай берді, салқиндай берді. Жанбота Біржан салға илікпеді. Қарға көзін, қарға шұқымайды, ол Азынабай болысқа бір ауыз наз айтуға баспай қойды. Қайта намысты ел жігіттері көрінген жерде Сайлыбай поштабайды сабап, қыбы қанғандай боп жүрді. Бүкіл ел Біржан салды жақтап, Жанбота мен Азынабайды жазғырумен болды. Біржан сал өзінің жүріп өткен жолына, өміріне ойлана қарап, кей жағдайда кісі тани алмайтын оңғақ мінезінің опындырғанына өкініп, адасқанын енді ғана біліп, Жанботалардан түңіліп:

Созады Біржан даусын қоңыр қаздай,
Басқаға бір өзіңнен жүрмін жазбай.
Бас қосқан мәжілісіміз болады деп,
Жанбота мазамды алдың ала жаздай.
Айтады Біржан өлең ентелетіп,
Біржанды өзің қойдың еркелетіп.
Есерге поштабайдай көз алдында,
Біржанды қойғаның ба, желкелетіп? –

дейтін налалы жүректің зар-запыранын төгіп, Жанботаны дүйім ел-жұрт алдында жерге қаратып, бірте-бірте қарым-қатысы шіріген жіптей үзіліп, осы бір драмалық тартыс Біржан салдың өміріндегі күйзелісті кезең боп қалды. Осы қорлықты көре жүріп, тебірене ширықты. Бәтуәсіз билер мен атаққұмар, мансапқор болыстардан түңіліп, жүрегі сыздағанда:

Бұрынғының биіндей би қалмады,
Бүгінгінің биінде ми қалмады.
Хатым-құран болмаса молдалардан,
Өлікке тамнан басқа сый қалмады.



Бұрынғының билері тамам болды,
Ендігінің билері жаман болды.
Арғымақтың аяғын арқан шалып,
Есек озып бәйге алған заман болды, –
деп, шер күйігін тартты. Салған әні ауырлап, оны ойшыл етті. Паң
көкірегі Жанбота, Азынабайға иілмеді. Асқақ үні:
Ер жігіт дүниені көргені артық,
Дүниеде не бар-жоғын сезгені артық.
Түскендей аспан жерге іс болса да,
Бел байлап, тәуекел деп төзгені артық, –
деп әуелей берді...

* * *

Мезгіл шіркін де өз әуенімен жылжи берді.

Кешегі бір дүбірлеген шағында ел-елдің алдында: «Сұрасаң Төрт момынның жүйрігімін» деп бұлғақтаған Біржан сал кемеліне келіп, сайын даланы әнге бөлеген сал-серілердің ұлы ұстазы болып: «Үш жүздің алға ұстаған тұйғынымын!» дейтін дәрежеге көтерілді. Бір ру, не бір жүздің атынан емес, бүкіл халықтың атынан сөйлейтін құдіретті тұлғаға айналды. Оның бар өмірі аңыз боп шертіліп жатты. Әр әні әр жүректің сыры боп жан тебіrentті. Уақыт оза келе төңірегіндегі Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ – бұлар да өз тобында дүркіреп жүрген жас серілерді ән-жырға баулып, өз өрістерін кеңейте түсті. Қарқаралыда әннің туын тіккен Айтбай әншінің шәкірттері, Баянаулада Жаяу Мұса, Жарылғапберді, Бүркітбайдың Мұстафасы, Естай әнші, сонау Тобыл жағынан Басығараның Қанапиясы... Осы ән дүлдері секілді басқа да әнші-ақындар Біржан салдың үлгі-өнегесін көріп, алыс жерді жақындатып, жалғасып жатты. Олардың сахнасы – Дала, көрермені – Халық болды.

Біржан салдың әндері уақытпен үндес шығып отырды. Ол казак әнін жаңа сарын, жаңа бағыт, жаңа мазмұнмен байытты. Әндердің өресін кеңейтіп, биіктете түсті. Классикалық деңгейге көтерді!

* * *

Біржан сал көп жағдайда өзінің жан-дауасы дерлік Ақан сері әндерін ойлы жүрекпен тыңдай жүріп, оның да есейіп, толысып қалғанын көріп, жүріп өткен жолдарына көз жіберіп «Ә, дүние, қалайсың сен... қалайсың? Қалай ғана өтіп бара жатсың, сақал-шашқа ақ нысан кіріп?» деп, қоңыр домбырасын қоңырлата шерткенде:

Дегенде біз қаратайдық, біз қартайдық,
Белгісі қартайғанның серттен тайдық.
Қанеки соныменен шыққан мүйіз,
Қасына сұлулардың көп жантайдық, –

деп артта қалған жылдарға көз талдыра қарайтын халді де сезе бастады. Өткен өмір-бұлдыр сағым...

Адам тағдырында болжау жоқ, ертеңі не боларын біле бере ме, тегі? Біржан сал дертті боп қалды. Ақыл-есі дұрыс, бәрі орнында... балтыры сыздап белі бүгілген жоқ, ішкен асы бұрынғыша бойына сіңімді. Тек ұйқысында маза жоқ. Түн баласында тұңғыық ой тұмшалап, кірпік ілуі қиямет. Басы ауыратын бір сұмдық меңдетіп алып барады. Екі көзі түйіліп, жатып қалатынды шығарды. Келе-келе ұмытшақ бола бастады. Өз халін өзі білетін Біржан сал Қатаркөл станицасындағы қазақ-орыс әскерлері тұратын казармадағы дәрігерлерге барып, көрініп, емделіп жүрді. Бірақ батпандап кірген дерт оңалмай қойды. Сонысына қарамай ол баяғы сайран салған жерлерге шығып кетіп, үй-ішін, ағайын туыс-әулетін беймаза күйге түсірді. Туыстары оның бұл жайын уайым ғып, тіпті, намыс қып, емшілерге емдетудің әрекетіне кірісті. Қайдағы бір молдаларды алып кеп оқытты. Сондайлардың бірі Біржан салды «жын-шайтан шалықтады» деген желеумен қараша үй тіктіріп, белуардан ор қазып, жалаңаштап шалқасынан жатқызып, үстін бір қанат керегемен жауып, үшкіріп бақты. Бұл қорлыққа шыдай алмаған Біржан сал керегені аяғымен тепкілеп, босанып шыққанда әлгі дүмшенің өмірімен үш-төрт жігіт жабылып, аяқ-қолын байлап тастады. Жаны қиналған қайран әнші:

Ау! Теміртас, Асыл, Ақық балдан тәтті,
Не болар деменіздер адамзатты.
Үкідей желпіндірген құлындарым,
Шешсеңші, білегіме арқан батты.
Ау! Салғаным ағаш үйге ызботты пеш,
Жаратқан, мен пенденің күнәсін кеш.
Қыл арқан сан, денеме жаман батты,
Қайдасың, Асыл, Ақық, қолымды шеш! –

деп, кәдімгі сап-сау адамның сөзін айтып, «жынданды» дейтін ақылсыз желбуаздардың өзін таңғалдырып, осы күнге дейін ешкім естіп-білмеген әнін жалбарына сорғалатады. Мұнымен де тынбай:

Біржан деп атым алты алашқа,
Құдайым берсін ғұмыр Теміртасқа.



Жасына алпыс бірдің келгенімде,
Құдайым берді науқас ғаріп басқа.
Мінуші ем кербез керді арықтатып,
Әр топта сөйлеуші едім анықтатып.
Үш жүзге мағлұм болған Біржан едім,
Құдайым берді науқас шалықтатып.
Қарасу есік алды ылайланды,
Бай қылмақ, кедей қылмақ Құдайданды.
Камзолдай қысқа пішкен дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды, – дейді.

Осы әндерді немере інілері Тоқтар мен Әлжан егілте толғап, айта бастағанда Нұржан, Ержан есімді екі ағасы қабырғалары қайысып, не істерін білмей дал болады. Мінезі қатты Нұржан інісін қинаған дүмше молданы сабап, ауылдан қуып шығады. Біржан салды өбектеп, аялап, өзінің отбасына әкеледі. Ел-жұрт оның әндерін емірене тыңдап, «Құдай-ай, осындай сөз, осындай ән шыққан көкірекке не деуге болады? Біржан салды «жынды» деген сүмелектердің өздері жынды! Сап-сау ғой, қайран сал!» десіп, оған ғұмыр тіледі.

Жан қинап, меңдей берген бастың дерті мысқалдап шыға қоймады. Дерт азабынан түңілген Біржан сал:

Жылама енді, анасы, сен де бекер,
Біржанға уақыт жетті алыс кетер.
Артымда жастай қалған құлындарым,
Тірлікте әлі-ақ бір күн өсіп жетер, –

деп жазмыш ісіне мойын бұрған соңғы сөзін жан-жары Әпішке арнаған әнінде айтты. Жасы алпыс бірге иек арта бергенде салған ажал құрығы ақыры жібермеді. Алып тынды. Бұл – 1894 жылдың ерте көктемі.

* * *

Біржан салдың кезеңі – қазақ әнінің жаңа сарын, жаңа түр, жаңа мазмұн, жаңа көркемдік сапаға көтерілген кезеңі. Халықтың шын мәніндегі классикалық үлгідегі әндері Біржан салдың үлгісінен басталды. Ол әннің ауқымын кеңейтті, мәнерін жетілдіріп, әлеуметтік мәнін тереңдетті, әншінің мәдениетін биіктетті. Біржан салға шәкіттерінің бәрі ұқсауға тырысты, ұлы ұстаз деп бас ұра табынды, Ал өзі халық музыкасының уызына жарыған дара тұлға боп туды. Ол ешкімге бас ұрып табынған жоқ.

Сұрасаң төрт момынның жүйрігімін,
Үш жүздің алға ұстаған тұйғынымын, –
деп, теңдесі жоқ ұлттық тұлғаның айбынды сөзін айтады.

Біржан сал – тұнып тұрған лирик, оның тұмадай тұнық тұнбасы, кәусар әуезі сонау ғасырлар бойы жасалған халық әндерінің қайнар бұлағынан нәр алады. Соның шәрбат дәмін тата білді, оны ана сүтіндей мейірленіп, бойға дарытты. Қай әнін тыңдасаң да шалқыған бір дария, оның шегі қайда, шеті қайда кең дала боп жайылып кетеді.

Біржан сал адамның жастық өмірін, жас дәурен қызығын, ғашықтық сырды тап-таза мөлдір сезіммен жан тебіренге жырлады. Сол әндерінде шуақты, сәулелі сәттер, оған қарама-қарсы сүю мен сүйіспеншіліктің сәтсіздігі, мұң мен шері, достық пен опасыздық, махаббат пен зұлымдық... Осының бәрі ойлы-күйлі, толғанысты әндеріне өзек боп, ерекше шырай таратты.

Біржан сал – ойшыл композитор. Оның философиялық тебіренісі терең, әндерінің әлеуметтік мәні зор, кесек дүние... Ол уақыт озған сайын әр ұрпақтың рухани нәрі, жан дауасы боп, әр қырынан гауһардай жарқырап, жас толқын – жас әншілердің әншілік өресін кеңейтіп, орындаушылық мәнерін биіктетіп, талғамын жетілдірумен келеді.

Біржан сал – сал-серілердің ұлы ұстазы. Оның тоқсан толғаулы жүрегі тоқтаған азалы сәтте күңіреңген ел-жұрт: «О, Тәңір, қазақ әнінің ендігі иесі кім? Оу, айтыңдаршы, күллі әлемге қазақ әнін сұңқардай саңқылдатып жеткізетін кіміміз бар?» деп қабырғалары қайысып, бастары иілгенде көпшіліктің ішіндегі бір қария тұрып: «Сабыр, сабыр, Құдайға күпіршілік етпейік, сал Біржан бәрі-бәрін реттеп кетіп отыр. Өзі болмаса да көзі боп шырқайтын Ақан серіміз тұр ғой, міне!» деп тоқтау айтты.

Біржан салдың әншілік мектебінің қандай құдіретті екенін таратып көрейік: Ақан серінің қай әнін алсақ та ұлы ұстазының өнегесін асқан таланттылықпен дамытып, бір өзі «Ақан сері-Ақтоқы» операсына кейіпкер боп, аңызға айналды.

Жаяу Мұсаның «Гауһарқыз», «Хаулау», «Шолпан» әндері «Біржан-Сара» операсына кірді.

Әсеттің әйгілі «Әсет» әні «Абай» операсында Абай ариясының орта тұсында бой көрсетіп, данышпан ақынның философиялық толғанысын тереңдете түседі.

Естайдың «Қорланы» «Ертарғын» операсында халық үнін құдіреттендіріп жібереді.



Құлтуманың «Тау қиялап», «Үш көтерме» әндері «Абай» операсының бірінші, екінші актісінде Абайдың «Қай талқы құл алдында құрылмаған» деп толғанатын ариясымен жан тебіренеді.

Үкілі Ыбырайдың «Гэккуі» Жібектің ариясы боп, «Қыз Жібек» операсын жайнатса, «Арай» әні «Ертарғын» операсында Ақжүністің әні боп шалқыды!

Міне, әлемдік музыка тарихында Амадей Моцарт Вена классиктерінің ұлы ұстазы болса, Біржан сал қазақ әнінің көркемдік дәрежесін биіктеткен халық композиторлардың ұлы ұстазы болды! Осы құдіреттер жасаған әндер қазақ музыкасында теңіздей толқып жатыр...

* * *

Біржан салдың асқақ сезімді жүрегі тоқтаса да жалғанның жарытысындай болған сайын далада, тіпті, одан да алыс-алыс ел-ел, жер-жерде таңғажайып әндері бұлбұл әуезді әншілердің орындауында шырқала берді. Ол әндер біздің заманымызда – Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Естай Беркімбаев, Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев, Нұрғазы Төлепбергенов, Әміре Қашаубаев, Қосымжан Бабақов, Қуан Лекеров, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Мұрат Толыбаев, Рамазан Елебаев, Жабай Тоғандықов, Мағауия Көшкінбаев, Мәдениет Ешекеев, Игілік Омаров... Бұл кереметтердің үлгі-өнегесін алып, жаңа мәнермен еркін шалқытқан жас толқын – Қажыбек Бекбосынов, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосыновтар Біржан сал әндерін әлем сахнасында әуелете шырқап, қазақ халқының әншілік болмысын таңғалдыра, табындыра танытты.

Біржан салдың романс бітіміндегі ойлы әндерін – Әнуарбек Үмбетбаев, Байғали Досымжанов, Бекен Жылысбаев, Ермек Серкебаев, Роза Жаманова, Бибігүл Төлегенова ... Осы атақты опера әншілері классикалық деңгейге көтерді.

Біржан салдың әндерін қаймағын бұзбай халықтық мәнерде мөлдіреткен әншілер – Рахия Қойшыбаева, Рабиға Есімжанова, Зейнеп Қойшыбаева, Тұрсынхан Әбдірахманова, Ал кейінгі толқынның ішінде – Сәуле Жанпейісова, Майра Илиясова тағы да басқа жас әншілер легі өсіп-жетіліп жатыр.

Біржан сал әндері – қазақ халқының байтақ мұрасындағы інжу-маржан. Оның көркемдік қасиеті әр орындаушының мәнерімен жарқырап тұрып ашыла береді, ашыла береді! Осыны ойлағанда ұлы Абайдың:

Өлді деуге болама ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған, –
деген сөзіне ойлана бас иесің!

* * *

Автордан: Біржан салдай ұлы тұлғаның бар өмірі, классикалық әндерінің шығу тарихы осы зерттеумен біте ме, тегі, бітпейді. Оның тұңғыық сыры көп, әлі... Оған бір зерттеушінің өмірі жетпейді.

1980 жылдың желтоқсан айында Біржан салдың жүз елу жылдығы қарсаңында үкіметтің тапсыруымен арнайы зерттеу үшін (сол кезде мен қазақ радиосы музыка редакциясының бас редакторы едім. – И.Ж.) Көкшетауға келдім. Келе сала зерттеуге кірісіп, жергілікті көнекөздерден, әншінің өз өрен-жарандарынан көп мәлімет, дерек, әңгімелер, фото-суреттер, этнографиялық нұсқалар жинадым. Бұрынғы белгісіз жайлардың біраз сыры ашылды. Әбден қалыптасып қалған қате пікірлер де баршылық еді, оны білікті жандар, Біржан салдың туыстары ыждағатты, орынықты сөзбен жөндеп отырды. Біржан сал мен Әпіштен – Асыл, Ақық, Теміртас, Қалкен, Мәра деген бес бала қалғанын айттық. Соңғы екеуі егіз – бірі ұл, бірі қыз.

Бурабай поселкесінде ескілікті әңгімені көкірегіне көп жиган Томан Тілекеев есімді қария (Бурабай курортының бірінші админстраторы . – И.Ж.) Біржан сал әулетінің көп хикаясын біледі екен. Бір сөзінде: «Біржан салдың ұлы Теміртастың көзін көрдік, тұлғасы ірі, ерекше бір бітім еді. Мына бір жайды еске салайын – осы Бурабайда бір айтулы байдың жалғыз ұлы кенеттен қайтыс болды, желегі желкілдеген келіншегі жесір қалды. Арманда кеткен ұлының жылы өткеннен кейін ата-анасы жылап-сықтап, келініне рұқсатын береді. Міне, осы кезде басы бос келіншекке дәмелі болған жігіттер қым-қиғаш әлекке түсіп, елді дүрліктіріп, таласып кеп қалды. Сонда Гүлжәмила есімді сұлу келіншек ешқайсысына бұйырмады, осы Теміртасқа тиді. Теміртас сөзіне берік, адал айбынды жігіт еді. Гүлжәмила екеуі бап қосылды. Оларды Кеңес үкіметі байдың тұқымы деп қудалады. Теміртасты түрмеге отырғызды. Қайта шықты. Сол сергелденді күндерде Тюмень облысына қарай қашты. Онда Теміртас пен Гүлжәмила Қазан ауданында 1943 – 1944 жылдары қайтыс болыпты. Теміртастың Жамал есімді қызы Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданында тұрады екен. Ал жалғыз ұлы



Мұхамбедқали осы Бурабай поселкесінде тұрады. Шофер. Әйелі орыс. Қайтейік, Біржан салдың немересі деп сыйлаймыз, араласамыз, үлкен кісілерді үйге шақырғанда оны да қадірлі қонақтардың ішіне қосам. Өмір ғой, тұрмыстың біраз қиыншылығын көріп, шаршап та қалған. Өзінің әдемі әйелі, балалары бар. Олар Көкшетауда тұрады. Амал не, шалыс жүрістің кесірінен жақсы әйелінен ажырасып кетіпті. Анда-сонда бас қосқанда әңгімелесеміз, өз әулетінің арғы-бергі жайын біледі. Сол зеректігіне риза болам. Мұхамбедқалиды таныстырам. Көресің. Сөзін тыңдайсың» деді.

Сол Мұхамедқали Біржан салдың баян етілген осы өмірінің біраз сырын шертіп, көп жайға көз жеткізді. Үйіндегі домбырасын шертіп отырып былай деді: «Біржан сал атамыз өз бойындағы көп қасиетті Қожағұл бабамыздан алыпты. Сол кісінің тәрбиесінде болған. Қожағұл домбыра тартыпты. Үйіне әнші-күйші, ақындарды, жырауларды көп жинап, мәслихат құрып отырғанда бес-алты жастағы атам Біржан домбырасына жармасады екен. Ақыры атамыз біздің әулеттің ғана емес, қазақ халқының композиторы боп шықты. Әндерінің бәрі, Құдайға шүкір, айтылып жатыр. Бір айтылмай жүрген әні «Орынбор» деп аталады. Бұл әнді шығарарда науқастанып жүрген кезі екен. Жанбота болыс пен екеуінің арасындағы бұрынғы достық қарым-қатыс жоқ. Атамыз басы ауырып, анда-сонда жатып қала береді. Сауыққан бір кездерінде баяғы серілік жүрісін аңсап, ел-елді аралап шығып кетеді. Сонау Тобылға асып, онда Алтын, Жаппас, Жағалбайлы, Тама деген елдердің ішінде біраз жүріп, Орынборға келеді. Міне, осы жерде бейтаныс елден көп сый-құрметті көріп, атамыз ерекше бір шабытпен серпіліп:

Жігітке жарамайды ызақорлық,
Дауысқа келмесе де еттім зорлық.
Бозбала, сала білсең осы әнге бас,
Аңызым жаңа шыққан – «Орынборлық».
Домбыра алдым қолға сегіз перне,
Қызығы бұл шіркіннің тартқан жерде.
Қолға алып, әрлі-берлі тартқанымда,
Жаны жоқ кеудесінде адам дерге, –

деп жаңа бір әнін шығарыпты. Осы әнде мына бір жері: «Жігітке жарамайды ызақорлық» дейді, мұның мәнісі сол – Орынбордағы бір әнші жігіттер осы әнге қосылып, жөндеп айта алмай намыстанып қалыпты. Сонда атамыз әлгі әншілерге осы сөзді әнге қосып, ақылға келтіріпті. Бұл әңгімені әкемнен естідім».

Өз әулеттерінің жай-жапсарын жақсы білетін бір аяулы апа Рахия да көп тарихтың тиегін ағытты. Ол кісі әуелі Теміртастың ұлы Қалкенмен отасқан. Қалкен Степняктағы алтын заводында озат жұмысшы боп істеген. Оны байдың тұқымы деп біраз «сенімсіз» адамдардың қатарында КГБ ның агенттері улап өлтіріпті. Бұл – 1939 жыл. Рахия апа одан кейін Қожағұлдың інісі Қожамқұлдан туған Жақияның Салық дейтін баласына тиіп, қырық жыл отасыпты. Одан Шолпан есімді қызы бар.

Рахия апа: «Қалкенге қосылып, жас келін болған сәтім – Мыншұқырда отырған ауылымыз көктемде Улы көлге қарай жайлауға шықты. Ауылдан шаға бере Бұзаутөбенің басына көтеріліп, көш тоқтады. Үлкен кісілер, бәріміз көліктен түстік. Тоқтар деген әнші атамыз маған бұрылып: «Балам, шапаныңды жамыл. Мына бейіттің басына дұға жасайық. Тізенді бүк», – деді де өзі де тізесін бүгіп отырып: «Ей, Біржан деп атым шықты алты алашқа» деп бір әнді боздатып қоя берді. Мен аң-таң боп, қаттым да қалдым. Қасымдағы кісілер де үнсіз мүлгіп отыр. Тоқтар атамның әні біткенде, біреу «Тоқаңның оқитын дұғасы – осы» деп, езу тартты. Осы бір жағдайға әлі күнге дейін таңғаламын» деп басын шайқап, күлімсіреді.

Мен Рахия апамен әңгімелесіп отырғанда ол кісінің 1939 жылы түскен суретіне, жалтақ-жалтақ етіп, өзіне көп қарай бердім. Осыны сезген ізетті апа: «Неге сен маған бүйтіп қарай бердің? Қожағұл атамыздың бәйбішесі – Айша әжемізден бастап, бұл әулеттің әйелдері, оның ішінде Әпіш енем, басқа да енелеріміз бәрі әдемі, сұлу болған. Мен де ешкімнен осал соқпаймын, сұлумын, әрине» деп өзіне-өзі сүйсінгендей рахаттана күліп алды да: «Ана бір жылы Зеренді жағында бір құдалықта болдым. Азынабай болыстың елі екен, жандары қалмай керемет күтті. Сөз, әңгіме қыза-қыза баяғыда Біржан сал атамыздың домбырасына жармасқан Азынабайдың поштабайы сөз болды. Әңгіменің бір тұсында бір сабырлы кісі сол құрғыр поштабайдың әбестігі үшін Біржан сал еліне өмір бақи құрмет көрсетіп өтуіміз керек. Отырыстың шырқын бұзбандар, Біржан салдың әндеріне көшіңдер, дегені. Атамыздың әні шалқыған сол бір сәт осы күнге дейін көз алдымнан кетпейді» – деп ойлана тоқтады.

Көп әңгімені Байшуақтың ұрпағы Төлеу Мешелев, Ақан Сарынов айтты. Ақан өз үйінде отырып, маған әкесінің ескі фотосуретін берді. Біржан салдың басына алғаш белгі орнатқан жан осы кісі екен. Ал



Біржан салдың бас ауруына шалдығып, Қатаркөл станицасындағы казак-орыс әскерінің казармасындағы дәрігерлерге көрініп жүрген жағдайын Ақшуақ әулетінен Шабдан Темірғалиев айтып берді. 1981 жылы жазда Алматы теледидарында Біржан салдың жүз елу жылдық тойына арналған әңгіме-концертте менің арнайы шақыртуымен Шабдан мен Мұхамедқали екеуі келіп, біздің үйде жатып, біраз белгісіз сырларды қозғап, қызықты әңгімелердің бетін ашты.

Біржан салдың ертегі дүниесіндей ғажайып өмірі, әндерінің хикаясы әлі де көп сырды ішіне бүгіп жатқан бір тылсым құбылыс...

КӨКЕК

Біржан салдың бұл әні ауық-ауық қайта түлеп, қайта жаңғырып отырған. Шуақты, сырлы, лириканың тұнығы, мөлдірі. Әннің барша жұртқа мәшһүр боп тараған:

Аты жоқ құс болады, «көкек» деген,
Алдында терезенің секектеген,
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Айрылып сені сәулем кетед деген
Е-ей, аты жоқ көкек,
Е-ей, аты жоқ көкек!
Кім сүймес шешек атқан көкек айын,
Бейне жаз, менің сүйген сәулетайым.
Ақ қалқам отыр ма екен, жатыр ма екен,
Ей, көкек ұшып барып білші жайын!
Шекеңе селдіретіп айдар тағып,
«Көкек» деп бос жүргенше, секең қағып.
Қосайын өле-өлгенше мен әніме,
Қалқадан хабар әкел, ұшып барып, –

дейтін нұсқасын жеке әншілерден бастап, хор капелласы көп дауыспен өрнектеп, бір ғажайып күміс үнмен төгілтеді. Ол жан сезімін шуақты леппен желпіп, қиялды көкке өрлете толқытады, жастықтың іңкәр желігіне еліктіріп, бейғам жүректің өзін әлденеге ынтықтырып қояды.

Бұл – Біржан салдың пәк сезімді көңіліне қылау түспеген, алаңсыз, сенгіш, бұлғақтаған бозбала шағында шыққан ән. Әншінің кенжесі Қалкеннің жары (Қалкен дүние салған соң немере қайнысы Салыққа

қосылып, тәтті ғұмыр кешкен) Рахия апаның айтуына қарағанда, кезінде «Көкектің» бірнеше нұсқасы болған. Соның бірін ол кісі ана бір жылы Зеренді жағында баяғы Азынабай болыстың еліне құдалыққа барғанда естіген. Осы әңгімеден кейін сегіз жыл өткен соң осы жолдардың авторы «Көкек» әнінің екінші бір беймәлім нұсқасын Көкшетаулық сырбаз әнші Жамбыл Кәкімжановтан магнитофонға жазып алды. Бұл – 1989 жылдың қараша айының төрті күні.

Жамбыл бұл нұсқаны өзінің атасы – Хакімжан әншіден үйренген. Хакімжан Көкшетау, Қызылжар, Омбы, Ақмола төңірегіне әйгілі ірі әнші, 1879 жылы туған. Ол кісі Біржан сал Ақан сері, Үкілі Ыбырайды көрген, олардың алдында әнін сынға салып, батасын алған. Балуан Шолақпен үзеңгі жолдас боп, өмірде көп хикаяны бастан кешкен. Және Балуан Шолақ Хакімжанға қайынаға да боп келеді. Біржан салдың елімен іргелес «Еркіндік» деген ауыл бар. Сол жерде бір кездерде алпыс үйлі Үйсін руы жайлаған. Ол, әрине, Балуан Шолақтың (Балуан Шолақтың арғы аталары ертеде Шу бойында Хантаудан келген Көкшетауға. – И.Ж.) елі. Құдайға шүкір, қазір де өніп-өсіп отыр.

Хакімжанның зайыбы Әзипаи – Балуан Шолақтың немере қарындасы. Баяғыда Көкшетаудың Қызылжарға шығатын қара жолының бойында өткен Сентябрь жәрмеңкесінде Біржан салдың «Жанбота», одан кейін «Адасқак» әнін шығаратыны бар емес пе, дәл сол ду-дудың қызығында Балуан Шолақ пен Хакімжан жорға жарысына қатысыпты. Сонда қатар заулап келе жатып: «Хакімжан, қай тұсқа келдік?» дейді. Хакімжан: «Көкшетау боқтығына келдік» дейді. (Дәл осы жерге қаланың боқтығы үйілген, орыстар оны «мусорный» деген. – И.Ж.) Біржан сал Азынабайдың поштабайына ыза боп Жанботаға налып: «Көкшетау боқтығына көмген жерін» дейтіні содан.

Сол Хакімжан бойы ұзын, аққұба, өте сұлу киінген сыпа жан екен. Сал-серілердің салтын берік ұстапты. Жүйрік ат мініп, ит жүгіртіп, құс салып, жиын-тойда ән шырқап, қыз-келіншектермен айтысыпты. Хакімжанның құс қондыратын тұғыры, балдағы, дабылы, алтындаған кісесі, ертоқымы, саптама етігі, осы күнге дейін сақталған, ол бұйымдар ұрпақтарының қолында екен.

Біржан сал әр кез Балуан Шолақ пен Хакімжанның өнерін қызықтаған. Екеуіне ән үйреткен, екеуін жан тынысы көріп көп тындаған. Хакімжан «Көкекті» Біржан салдың өз аузынан

алып қалған. Жұрт білетін «Көкек» пен Хакімжан орындайтын «Көкектің» арасы жер мен көктей. Алғашқысы Арқаның аңқылдаған жұпар лебіндей желпиді. Сол лып-лып еткен күйі адам жанын романтикалық қиялмен баурап, жас ғұмырдың гүл жарған шағында махаббат құштарлығын беймаза сезімнің қуатымен өбектейді. Іңкәрлік, ынтызарлық оты жүрекке маза бермейді. Сүйгеніне деген сәлемін секектеп жүрген көкек жеткізсе жетіп жатыр. Көңіл діті қандай, ә?

Хакімжанның нұсқасы жер-көкке сыймай алабұртып, асқақтап кетіп, қайырмасында жібектей сызылып, әншінің әншісі зорға қайыратын өте нәзік, әрі икемді иірімдері жүрек лүпіліндей лүп-лүп етіп, ептеп бәсеңдеп барып, сатылап қана төмен түсе береді.

Сол Хакімжанның немересі Жамбыл да лебізі жұмсақ, бірақ биік әулететін ашық тенор, «Көкекті» тұтас айтып шыққанда, иә, оған місе тұтпай (бұл әншіні осы жолдардың авторы профессор Тұрсынбек Кәкішев, медицина ғылымының докторы, Көкшетаулық азамат Ахмет Алдашевпен бірге отырып талай рет тыңдады.) тағы, тағы қайталатқанда да Біржан салдың ғашықтық аңсауының еш басылмай қойған отты лебіне еріксіз қайран қаласыз.

Міне, Хакімжан шалқытқан – «Көкек»:

Ән шықты терезеден Көкек деген,

Астымда сұлу жирен секектеген.

Ойымда үш ұйықтасам, бар ма менің,

Айырылып бөтен жанға кетед деген.

Бітеді тауға сасыр желкекпенен,

Ойнайды ақжарқын қыз еркекпенен.

Самғаған сарыала қаз секілденіп,

Еседі даусым желдей көкек деген!

Шумақтың соңғы жолы шырқау биікке қанат жайып, асқар шыннан зорға асып түскендей боп қайырмаға (қайырма ой, гигигайлап таңғалыс сезімін бейнелейді) ұласады.

Жамбыл осы жолдардың авторына: «Атам Біржан салдың «Көкегін», Ақан серінің «Шәмшіқамарын» Москвада Үлкен театрда айтқан» деді. Бұл рас әңгіме. Алматының орталық мемлекеттік архивінен осы сөзді растайтын дерек таптық. 1939-жылы қыркүйек айының ортасында Қазақстанның халық таланттарынан құралған сексен алты өнерпаз Москвада Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмесінде концерт берген. Концертке қатысушыларға керемет

сәнді киімдер тігілген, оған жүз елу үш мың, екі жүз жетпіс бір мың сом қаржы жұмсалған, бұл зор коллективті Лебедев бастап (осы құжатта Лебедевтің берген есебі, тиісті жоғарғы орындарға жазған өтініштері; хор, оркестр, ансамбль құрамы көрсетілген, 1242-қор, 540 «А» іс папкісін) апарған. Осы сексен алты адамның ішінде сол кездерде халыққа жақсы таныс, ірі таланттардан: Нартай, Кенен, Қали Байжанов, Қали Баймағамбетов, Ғазиза Мұхамеджанова, Мәдина Сұлтанова бар. Осылардың жуан ортасында тізім бойынша елу бірінші боп – Хакімжан Бағысов тұр. Енді осы деректі бүгіндері Көкшетау облысы, Еңбекшілдер ауданы, Казгородок селосында тұратын, Москвада өткен сол концертке қатысушының бірі Ғазиза Мұхамеджанованың Жамбылға айтқан мына әңгімесімен бекіте аламыз: «Мен ол кезде он сегіздегі қыз едім. Кәкімжан атаң кербездене керілген аққу сынды, иә, қолынан ақ биялай түспеген, жазда ақ жағасына кір шалдырмаған, сұлу кісі еді. Маған дәйім «Гәккүді» айтқызып, ләззәтқа батып отыратын. Сондай кісімен бірге Москвада Үлкен театр сахнасында концерт бердік. Концерт дуылдап, қызу жүріп жатқанда біреулер залдан дауыстап тілек етті. Ұққаным: «Қазақтар өз отбасында, жиын-тойда, әйтпесе, жеке отырғанда қандай әндер айтады?» деген сауал болды. Бізге жетекші боп жүрген Лебедев: «Қане, Сталин жолдастың өзі отыр, қандай, қандай ән айтуға болады?» деп бізді қуырып кеп берді. Хакімжан аға маған «Гәккүді» айт деді. Жүрексініп айта алмадым. Қали есімді әнші ол батпады. Бір кезде сахнаға Хакімжан ағаның өзі шықты. Аспай-саспай «Көкекті» шырқады. Біз білетін «Көкектен» мүлде басқа «Көкектің» үні ұшы-қиыры жоқ кәусар әуез боп әуеледі дейсіз.

Ән біткен соң зал дүбірледі. Жібермеді. Хакімжан аға енді «Шәмшіқамарға» басты. Сонда білдім, Хакімжан аға орындалуы қиямет «Көкек» пен «Шәмшіқамарды» емін-еркін шырқататын ірі әнші екен».

Хакімжан атасынан Жамбыл көп ән үйренген. Солардың ішінде жұртқа беймәлім – Жаяу Мұсаның «Ақшашағы» мен иесі белгісіз «Нұржәмила» атты әуезі көркем екі ән бар. Жамбыл осы әндерді теледидарда бірнеше рет орындады.

Бағзы бір әндер көбіне халықтың қайнаған ортасында жүрген Жамбыл секілді әншілердің, тіпті, ән айтпайтын, бірақ көкірегі үнсіз күмбірлейтін жай ғана қарапайым жандардың жүрегінде сақталады. Бұдан, әлбетте, әнді сақтайтын халық, деген ұғым шығады. Иесі

ұмыт болған кей әннің халық әні, делінетіні де сондықтан.

Сондай кейбір әннің бағын ашқан Жамбыл Хакімжанов көп жыл Көкшетау облысы, Зеренді ауданында совхоз директоры боп қызмет еткен жан. Ескі әндерден бастап, халық сүйетін қазіргі лирикалық әндерді мөлдіретіп орындайтын сыршыл сезімді талғампаз, есті әнші.

Біржан салдың «Көкегінің» екі нұсқасы жөнінде сөз болды. Ал бұл бір көркем әннің үшінші нұсқасы белгілі әнші Бердібек Бейсеновтың орындауында радионың алтын қорында сақтаулы тұр. Ол әуезі жағынан хор-капелла орындайтын нұсқаға жақын...

ЖОНЫПАЛДЫ

Біржан салдың отты шабытын жасындай жарқылдатып, ұланғайыр дала тынысындай еркін шалқитын «Жоныпалды» сонау отызыншы, қырқыншы жылдарда неше түрлі түртпекке түсті. Өзінің о бастағы сөзінен ажырап қалды. Есіл ән сол кездегі идеологияның солақай саясатына еріксіз көнген Иса Байзақовтың:

Өлеңді «айт» дегенде тасып берем,
Мергендей көзден түзу атып берем.
Ағалар басын қосқан мәжілісте,
Әніне «Жоныпалды» басып берем.
Айтылса көп өнердің қоры бар – ды,
Мақамын келтіретін жері барды.
Айтылған сол көп өлең мақамынан.
Аты бар бұл әнімнің «Жоныпалды», –

деп келетін жеңіл-желпі сөзімен біраз айтылды.

Келе-келе «Жоныпалдының» сұңқардай саңқылдататын Жүсіпбек Елебеков бұл сөзді айтудан бас тартты. Жүсіпбек өзі ерекше қадірлейтін Исаның әлгі сөзімен айтпай қойғаннан кейін радионың сол кездегі бас редакторы Мақсұтбек Майшекин (1939-жылы радиода музыка редакциясы ұйымдасты. Оның бас редакторы болып Ахмет Жұбанов, Ал оның орынбасары болып Мақсұтбек Майшекин тағайындалды. Кейін Ахмет Жұбанов Қазақ ССР ғылым академиясына ауысады да радионың музыка редакциясына бас редактор боп Мақсұтбек Майшекин қалған. – И.Ж.) «Жоныпалдыға»:

Аты еді бұл әнімнің «Жоныпалды»,
Алғандай сұлу жонып өрім талды.
Жасымнан сүйіп айтқан ән болған соң,
Жаңылмай әлі күнге есте қалды.
Жан едім әсем әнді сүйіп айтқан,
Жағымды көпке бірдей жұрт ұнатқан.
Келетін нақысына жүз құбылтып,
Кейде өрлеп, кейде шалқып, баяулатқан.
Кім сүймес көкке өрлеген әсем әнді,
Көңілдің күйін шерткен көркем сәнді.
Болғандай бойға қуат, ойға азық,

Балқытып еріткендей тербеп жанды, -деп, жаңа сөз жазды.

Ән құдіретін қапысыз танитын зердесі мен кірпияздығы, тәкаппарлығы ешкімде жоқ, талғамы биік, ой-өрісі кең, паң көкірек Жүсіпбек Майшекиннің бұл сөзіне де иліге қоймады. Майшекиннің дйттеген мақсаты – «Жоныпалдыны» өлтірмеу! Жүсіпбекпен қалай сөйлесе де: «Менің ақындығымды менсінбесең де Біржан салдың аруағына тоқтағаның жөн. «Жоныпалды» көшкен елдің ошағында қалған қоламтадай бықсып-бықсып, бір күндері мүлде сөніп қалып, ұмытылса ең алдымен өз жүрегің күйзелтеді сені жаныңды жеп. «Жоныпалдыны» айта алмай зарығасың, құсалы боласың, Жүсеке. Өлтірмейікші, «Жоныпалдыны» дей берді. Буынсыз жерге пышақ ұрғандай болған Майшекиннің осы сөзіне Жүсіпбек амалсыз сынды. Сөйтіп «Жоныпалдыны» Майшекиннің сөзімен айта бастады. Жүсіпбектен кейін басқа әншілер, елдегі Мәдениет Ешекеев секілді өнерпаздар еш талғаусыз іліп әкетті. Солай айтылумен келеді.

* * *

1958 жыл. Қоңыр күз.

Жаңа әндерім шыға қалса, ең алдымен радионың музыка редакциясына қарай тартатын әдетім. Осы жолы әнші Тұрсынхан Әбдірахманова Мақсұтбек Майшекиннің сөзіне жазған «Әнші қыз» деген әнімді және басқа да әндерді жаздырыпты. Соған қызығып, тыңдауға келдім. Мақаң өз кабинетінде әнші Рәбиға Есімжанова екеуі сүттей ұйып, тып-тыныш әңгімелесіп отыр екен. Сәлемдестік. Мақаң маған «отыра ғой» деп ым қақты. Рәбиға да бас изей күлімсіреп, жылы шырай білдірді. Өзінің биязы, ұяң қалпымен сөзін жалғай берді:- Мақа, көлеңке басы ұзарып, жас ұлғайып барады.



Баяғы дауыс қоңырлап, бәсеңдейін деді. Еркін шырқайтын әндеріміз үн жетпейтін қиялға айналды. «Жоныпалдыны» Тұрсынхан сінлім жақсы жаздырыпты. Жаңа сүйсіне тыңдадық. Кәусар үні сондай таза және биік шырқауы адамның қиялын көкке өрлетіп, мүлде шығандап кетеді екен. «Жоныпалдының» икеміме келмей жүрген қайырмасын жеріне жеткізіп қалай үйірген, қалай? Бұл әннің тылсым тілмен бейнелеп болмайтын ең бір нәзік иірімі осы қайырмада ғой. Мен «Жоныпалдыға» осылай қызығам. Бірақ біз бар жанымызды салып, қалай айтсақ та «Жоныпалды» Жүсіпбек секілді құштар сезімді ер көкірек шырқайтын ән ғой, тегі, біз осыған мән береміз бе, Мақа? Мені ойландыра беретін бір гәп осы. Көңілімдегі екінші бір түйткіл – «Жоныпалдыны» өз сөзімен қашан айтар екенбіз, Мақа?- деді.

Рәбиға өз сөзінен өзі қымсынғандай үні дірілдеп, іштей түйіліп, қоңыр көзі қарауытқан кеш сияқты мүлгіді.

Майшекин шүңірек көзі тереңдей түсіп, томсырая ойланған күйі:

- Рәбиға, ішімде қоламтадай бықсып, талай сыр жатыр. Оны үрлесем, жалын шығады. Жалын өртке айналады,- деді демін ішке тартып, «Жоныпалдының» о бастағы өз сөзін білетін едім. Ұмыттым. Оны сонау Жаңаарқада тұратын Нұрғазы ғана айтты ғой. Үкіметтің арнаулы қаулысымен сөзі өзгертілетін әндердің тізімінде «Жоныпалды» да бар еді, сол себепті Біржан салдың Нұрғазы білетін өз сөзін қозғамадық. Дәл сол бір кездерде Үкілі Ыбырай «халық жауы» атанып, ұсталып кеткені, аты аталмай, әндерінің әркімге телінгені, Ақан серіні «діншіл», «түрікшіл», Біржан салды «бай тұқымы» деп, кінәлайтын күңкіл бықсып жүретінді. Мұндай жүйке тоздыратын қаңқу сөздер радиода біздің күнделікті өзіміз «летучка» деп атайтын жиналыстарымызда да айтыла беретінді. Екі күннің бірінде сыналып жатамыз, оған да етіміз үйреніп кеткендей, сол сөздерді үн-түнсіз тыңдап, іштей тынатынбыз. Халық арасына кең тараған әндеріміздің жаңа социалистік қоғамның насихат құралына айналуы күн тәртібінен түспеді. Ол насихат – ұлттар достығы, сауатсыздықты жою, әйел теңдігі, міне, осы шаралардың аясында жүзеге асуы керек болды. Ақындарға қатаң талап қойылып, жаңаша сөз жаздырды. Мен Біржан салдың «Ләйліміне», Ақан серінің «Балқадишасына» сөз жаздым. «Ләйлімді» өзің мөлдіретіп айтып жүрсің, Рәбиға, оған ешкім сөз келтірмеді. Ел жүрегіне әбден сінді. Ол әнге қандай сөз жазсам да бәрібір мен Біржан сал емеспін. «Ләйлімнің» сөзі таптырмайды, қазір. Ал «Балқадишада» «Күйеуін

сексен бесте шал Қадиша» деген сөзім үшін көретін қоқайды көріп келем. Өмірімдегі бір қателігім осы, Рәбиға. «Қазақ қыздарының өз еркі жоқ, олар қалыңмалға, байлығы үшін қаусаған шалға сатылады» деп жазғырған қоғамның сөзін сөйлеп, насихатын үгіттедік. Олай етпеуге шарамыз болды ма, біздің? Жалғыз мен ғана ма, өр мінезді асқақ ақын Иса Байзақов – «Назқоңыр», «Япурай», «Смет» әндеріне оп-оңай «жаңаша» сөз жазып, Жаяу Мұсаның «Көкаршын» деген әйгілі әнін самолет шыққан кезде «Қосқанат» деп өзгертті. Үкілі Ыбырайдың «Толқын» әні «Елім бар колхоз болып дүрілдеген» деп колхоздастыру науқанын дуылдатып, жырлап ала жөнелді. Жаңа қоғамға «жат пікірі» үшін Әсеттің «Инжу-Маржаны» да өзгеріске ұшырап, Ілияс Жансүгіровтің сөзімен айтылды да кетті. Біржан салдың бірде «Қозыкөш», бірде «Бір ғана» деп айтылатын ескілікті әні «Бір бала» атанып (Бұл ән Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында Біржан салдың Абай ауылына келетін сәттерінде керемет суреттеледі. – И.Ж.), халық әні «Ақбаян», міне, осы екі ән сауатсыздықты жою науқанының әні боп желпілдеді. Сол кездерде сонау Қорғалжында дін-аман тірі жүрген Үлебайдың «Дударайы» қазақ жігіті Дүйсенді сүйген орыс қызы Мәриям Жагорқызының әні боп ұлттар достығын жырлады. Халықтың ділі мен діті, тарихы мен тағдыры болған әндеріміз осындай күйге ұшырап жатқанда «Кешіре гөр, Біржан аға!» деп жүрегімді қолыма алып, «Жоныпалдыға» да дірілдеп отырып сөз жазғаным өзге емес, өзіме ғана аян удай ащы өкініш. Осы жайды ойлағанда Абайдың «Мен ішпеген у бар ма?» дейтін налалы сөзі жүрегімді ұйытады да жүреді. Бұл сұмдық кезенді бастан кешпеген жан қайдан білсін, біздің жайды...

Рәбиға үнсіз тынды.

Майшекиннің осы шаршаулы сөзі көкейімнен кетпей қойды. Ойландырады да жүреді. «Жоныпалдының» өз сөзі, қандай сөз, ол?

* * *

1964 жылдың жазы. Жаңаарқа ауданының сол кездегі миллионер совхозы «Жеңіс» ауылына келдім. Мұнда ағайын-туыс, дос-жарандар бар. Аспандағы аққуға ән жалғаған асқақ үнді әнші Игілік Омаров осы ауылда тұрады. Орта мектепте орыс тілінен дәріс береді. Ол бастаған сері жігіттер жайлауы шалқыған кең жазира даланы, айдынында аққу, қазы қалқыған Сарысу бойын әнге бөлеп, дүрілдейді де жатады. Тек қана Жаңаарқа емес, күллі Арқа елі осы ауылдың



салт-дәстүрі, өнеріне, меймандостық ықылас-пейіліне ерекше қызығады. Осы жолы келгенімде Алматыда айтылмай жүрген біраз әндерім алдымнан шыға келді. Әнмен шалқып, әнмен тыныстаған сайран күндер басталды. Осындай бір думанды күн Мәрлен есімді жібектей сызылған көркем жігіттің үйінде болды. Жиынның көркі – Игілік әр әннің тарихын майын тамыза балбырата шертіп, сел-сел әңгіме айтты. Соның бірі – Біржан салдың «Жоныпалды» әні. Игілік оны:

Созғанда әуелетіп сұлу әнді,
Сұлулар тағат таппай күйіп-жанды.
Немене, бәрі-дағы көрген түстей,
Бұлдырап, көз талдырып, артта қалды.
Бозбала бір гауһартас жанған оттай,
Бәйгеден ат келмейді жарап шаппай.
Есікті қайта кірер қатты жаппа,
Кетпессің тірі болсаң бір жолықпай, –

деген, беймәлім шумақтармен тамылжытып, отырған жандарды ойландырып тастады.

Әннің мына сөзіне елең етіп, Мақсұтбек Майшекин мен Рәбиға Есімжанова екеуінің «Жоныпалды» жөнінде ана жылдары мені аңтаң қылған әңгімесі қаз-қалпында есіме түсті. Игілік бір сәт дем алған кезде:

– Ике, «Жоныпалдының» жаңағы бір сөздерін білмейді екем, – дедім, ойлана іркіліп.

Игілік те тебірене қалып, былай деді:

– Е, оны айтам, қазір... біздің бағымызға бұл елде Алсай руының Битті атасынан – Сарыбас, Ақыш, Байжұман деген әншілер шықты. Құсайын, Жәмбек есімді әншілер тағы бар. Өз нағашым – Сейтмағамбет әншіні де ел жақсы біледі. Ал осылардың ішінде сонау Көкшетаудан келген Мақай, Қарқаралы жағының бір әйдік әншісі Нұрғазылардың салған әндері мүлде өзгеше еді. Бәрін көрдік. Бәрін тыңдап өстік.

Кезінде академик Қаныш Сәтпаев Қаражал мен Жәйремді көп төңіректеп, көп зерттеп жүріп, кейде біздің осы ауылға келіп, анау ескі Жәйремдегі қариялардың ортасында болып, жаңағы әншілердің біразын тыңдады.

Бір жолы боз қырау түскен күз еді, Қаныш аға сол ескі Жәйремде біраз күн инженерлермен жұмыс істеді. Кеш болса болды, ел

азаматтары Қаныш ағаны кезек-кезек үйлеріне шақырып, қонақ етіп, әнші-күйшілермен сұқпат құрып жүрді. Сол отырыстардың біріне мен де қатыстым. Келісті жиынның сол күнгі көркі – Нұрғазы әнші боп, әннің неше атасы айтылды. Нұрғазы көбіне Қарқаралы, Егіндібұлақтың ерен әншісі Ғаббас Айтбаевты алға ұстап, пір тұтып сөйлейді екен. «Ғаббастың Затаевичке жаздырған әні» еді деп, Жарылғапбердінің «Ардағын» әуелеткенде, Құдай сақтасын, Нұрғазының тынысы... о, ол ұшы-қиыры жоқ кең дала ғой, кең дала! Сырт көзге өзін қыштап, зордың күшімен ышқынып айтқандай боп көрінеді. Бірақ үні тенордың теноры зорға жететіндей сондай биік, емін-еркін асқақтап, өрлей көтерілген бір қуатты кербез үн. Қаныш ағаның Нұрғазыға кірпік қақпай қадалғаны, күрсінгені, іштей тамылжығаны әлі күнге дейін көз алдымда. Нұрғазы Біржан салдың «Жоныпалдысын» біз естіп-білмеген әлгі сөзбен айтты. Нұрғазы терлеп-тепшіп, алқына тоқтады. Қаныш аға оған ыстық мейірмен төгіле қарап:

– «Жоныпалдыны» кімнен үйрендіңіз? – деді.

Нұрғазы да сынық мінезді ізетті жан, жайлап қана, жұмсақ үнмен сөйледі:

– Кезінде біздің Қарқаралы жағында әр кез Біржан сал келіп, Қоянды жәрмеңкесінің туын көтеріп, ашып жүреді екен. (Бұл оқиға композитор Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсында керемет суреттеледі. Операны құдіреттендіріп, көтеріп тұрған да осы көрініс.– И.Ж.) Кейде бір себептермен Біржан сал келе алмай қалса, Қоянды жәрмеңкесінің туын өз еліміздің атақты әншісі Айтбай көтеріп ашқан дейді, үлкен кісілер. Айтбайдың көзін көргем жоқ, Ал оның әнші ұлы Ғаббастан көп ән үйрендік. Соның бірі осы- «Жоныпалды». Жас кезімнен айтып келем, Қанеке.

Ертеде біздің Қарқаралыдан әнші Мұрат Толыбаев екеуіміз «әртис боламыз» деп, Алматыға барып, кәдімгі опера театрынан бір-ақ шықтық.

Театрда Күләш, Қанабек, Үрия, Құрманбектер ойнаған «Қыз Жібек» операсында хорға қатыстық. Концерттерге бірге шықтық. 1936-жылы Москвада өткен қазақ өнерінің бірінші онкүндігіне бардық. Бірақ мен Алматыда тұра алмадым...

Нұрғазының осы сөзін Қаныш аға селт етпей ыждағатпен тыңдап: – Алматыдан кетуіңізге не себеп болды, Нұреке, – деді, жылы лебізбен.

Нұрғазы біраз үнсіз түйіліп отырды да:

– Мұрат Толыбаев екеуіміз түртпекке түстік. Мені өз әріптестеріміз «байдың баласы» деп көрсетті. Опералық спектакльдерде тенор партиясын орындайтын рольдерге мені маңайлатпай, хорға қосып қойды. Дауысым хор ішінде тұншықты. Хорда көптің бірі боп қағылып-соғылып жүрем бе, деп сол қиянатқа төзе алмай, өз елім Қарқарылыма бармай, осы Жаңаарқадағы қайын-жұртыма келіп тоқтадым. Осы елде біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей жақсы жайда жүріп жатырмын. Үкілі Ыбырай бір әнінде «Ханнан да қадірлімін туған елге» дейді, Қанеке, осылай дегізгені әні ғой... әні! Менің де бар байлығым, бар ырысым – Ән! Бізді театрға сифызбаған шіркіндер Мұрат Толыбаевтың да қыр соңынан қалмады. Бас дауысты әнші қайратты бола ма, қайдам, Мұрат шыдап бақты. Тіпті, ол өз әріптестерінен оза шырқап, «Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі» деген атаққа да ұсынылатын боп, соған дәмелі күйде жүрді. Ақыры соғыстың алғашқы жылында Мұрат өз әріптестерінің жаласымен сегіз жылға сотталып кете барды.

Мұрат екеуіміз Біржан салдың «Жоныпалдысын» өз сөзімен айтып өстік. Мұрат «Жоныпалдыны» күндей күркіреген дауысымен қоңырлатқанда мен әзілдеп: «Біржан салды сен қартайтып жібердің» деуші едім. Сонда Мұрат миығынан күліп: «Біржан сал «Жоныпалдыны» қартайған шағында да, тіпті, өле-өлгенше айтты ғой. Соны елестеткен біздің Мақаң Майшекин: «Жасымнан сүйіп айтқан ән болған соң, жаңылмай әлі күнге есте қалды» деп өзі жазған сөзінде, обалы нешік, әдемі қиыстырады ғой» деп, өзін-өзі қорғаштап, бой бермеуші еді. Енді бүгінде бұл «Жоныпалдыға да» түртпек түскен бе, біз білетін сөзі емес, Мақсұтбек Майшекиннің сөзімен айтылып жүр деп, Нұрғазы қабағын шытып, бас шайқады.

Қаныш аға Нұрғазының бұл сөзін ойлана тыңдады.

Игіліктің осы әңгімесінен кейін «Жоныпалды» мені тағы да сарсаң ойға салды.

* * *

Арада жылдар өтті.

2010 жылдың қазан айының он төртінші жұлдызында Қарқаралыда Нұрғазы әншіні зерттеп жүріп, оның жақын туысы Сайлау Әлиұлы деген сері көңілді, сергек сезімді зерделі азаматпен жүздестім. Ол өз әулетінің арғы-бергі тарихын егжей-тегжейлі сөз етіп, көкірегіме көп

сырды құйып берді. Әр сөзін ыждағатты пейілмен көкейге қонымды етіп, кең көсіліп сөйледі:

– Нұрғазы бойы сырықтай биік, шашы тып-тығыз бұйра толқын. Реңі қараторы. Атжақты. Көзінің аясы кең, жанары ботаның көзіндей мөлдіреп, күлімсіреп тұрады. Жүрісі тіп-тік. Кербез. Сұлу сыпайы киінеді. Мінезі биязы. Кісі сөзін жымыып қана тыңдайды. Сөзге сараң. Әңгімеге орынды жерінде кіріседі. Бағзы біреулер бір әнді бұзып айтса, не домбыраны қикалақтатып шерте алмай, берекесін кетіріп отырса, көзіндегі жып-жылы нұр тұңғиықтанып, томсырайып қалатынды. Егер, мысалы, Біржан салдың Қарақаралыда Қоянды жәрмеңкесін әнмен ашатын әңгімесі сөз бола қалса, қасында отырған жандарды көзбен ықтырып, «Ол былай» деп жайлап қана ұяң үнмен сыздықтата сөз бастайды. Сонда тыңдаған жұрт сілтідей тынып, тып-тыныш қыбыр етпей отырады. «Қоянды жәрмеңкесінде шырқалған әндердің ішінде Біржан салдың алапат күшпен айтылатын «Жоныпалдысын» кезінде өз еліміздің «екінші Біржан салы» атанған Айтбай әнші таратқан. Өкесінен Ғаббас алып қалған. Ғаббастан Нұрғазыға жеткен бұл ән.

Нұрғазы көпшіл болды. Осы пейіліне орай жанжары Шаһия шешеміз мейлінше қарапайым, жүзінен мейірім нұры төгілген сынық мінезді аяулы жан еді. Дастарханы мол. Қолы кең. Дәйім кісі күтіп отыратын жан сияқты елгезектігі Жаңаарқа жұртына аян жай. Ол кісінің руы – Алсай. Шаһия шешеміз Игілік Омаровты нағашы тұтты. Нұрғазы әнші танитын кісі, Игілікті дәйім жанына жақын тартып, еркелетіп, тамылжыған әндерін сүйсіне тыңдаған. Екі әншінің арасындағы осы рухани жақындықтың бір белгісі – Игілік «Жоныпалдыны» осы Нұрғазыдан үйренген. Нұрғазы жасы ұлғайып, бойы байсал тартып, үні қоңырлап, қоюлана бастағанда өзінен «Жоныпалдыны» сұраған жандарға, егер сол сәтте қасында Игілік бола қалса, өз жолын Игілікке береді екен. Игіліктің сырлы сезімді, өткір де биік ашық үні Нұрғазыны ләззәтті сезімге бөлеген.

Нұрғазы домбыраны таңдап шертті. Өз домбырасы жұп-жұқа, жеп-жеңіл ақсұр домбыра. Оны балаша аялап, сылап-сипап мәпелеп ұстады. Сол домбырасы өз ауылымыз Ынталыда немере туысымыз Әлімхан Нұрғалиевтың үйінде сақтаулы тұр. Бүгінде небір әншілердің өнерін ойлы көзбен сынап қарасақ, Нұрғазының әншілік болмысы, ішкі мәдениеті, талғамы, әнді түсінудегі ой-өрісінің кеңдігі, табиғат берген өзгеше дауысы елден-ерек сирек бітімді,

өзгеше құбылыс екен. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың Нұрғазыдай әншіні өкіне іздеуі тегін емес қой. Нұрғазы шырқаған әр ән күні бүгінге дейін ел жүрегінен өше қоймай, аңсата сағындырып, аңыз боп шертіліп жатыр...

Сайлау Нұрғазының кісілік келбетін осылайша жарқыратып, өзінің ілкімді ізетімен әншінің Жәйремде тұратын Орал есімді қызын сырттай таныстырып, мені телефонмен сөйлестірді. Ал бір күні Оралдан хат алдым. Енді Оралдың хаты сөйлесін: «Төлепбергенұлы Нұрғазының шыққан тегі – Алтай-Қуандық-Мойын-Саңай-Байболды-Есенғұл.

Есенғұлдан – Тәнен.

Тәненнен – Қарымсақ, Машай, Сарымсақ.

Машайдан – Төлеубай, Төлепберген.

Төлеубайдан – Нұрғали-Әмірқұлдан, Әлімхан. Төлепбергеннен-Нұрғазы, Әлхан.

Нұрғазыдан – Мұрал қыздары-Орал Роза.

Ұлы Мұралдан Арай (ұл), Келбет(қыз), Нұрым(ұл)

Мұралдың қызы – Келбет Нұрғазина, Грекияда дзюдодон өткен әлем біріншілігінде (қыздар арасында) әлем чемпионы атанды.

Дохода (Катар) Азия чемпионында қола жүлдегер. Келбет халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

Былтыр 2009 жылы тұрмыс құрған. Қазір Қызылорда қаласында тұрады. Бір ұлы бар. Жолдасы Нұрлан банк қызметкері.

Төлепбергеннің екінші ұлы – Әлхан.

Үлкен әкеміз Төлепберген бай болғандықтан Әлхан қуғынға ұшырап, басқа біреудің фамилиясын алып, Москвада темір жол институтын бітіріп, бірнеше жыл Щучинск (Шортанды, Көкшетау облысы) станциясының бастығы болып жұмыс атқарған. Сол ағамызды біздің әкей қырық жылдан кейін жолықтырған. 1961 жылдан Сортировка темір жол бастығы, кейіннен инженер болып қызмет істеген. 1996 жылы дүниеден өтті. Екі ұл, төрт қызы бар. Барлығы Қарағандыда тұрады.

Әкеміз Нұрғазы Қарағандыда жеті класс бітіріп, кейіннен Степняк қаласында мектепте сабақ берген. Бірнеше жылдан кейін Алматыда опера театрына әнші боп кірген.

Байдың баласы болғандықтан театрдан қуылып, Қарағанды филармониясына, одан Жаңаарқада «Қызылту» артеліне директор болып келеді. Сонда біздің шешеймен қосылады.

Үлкен әкеміз Төлепберген 1929 жылы конфискацияға ілігіп, Семейге жер аударылады. Сүйегінің қайда қалғанын білмеймін, – деп отыратын әкей. Әкейдің бірінші әйелі – Қышан. Ол кісі де байдың тұқымы болған (Шорманның Мұсасының немересі). Ол кісіден бес бала – үш ұл, екі қыз болған. Әкейді байдың тұқымы деп қамауға алғанда барлық балалары қайтыс болған. Қышан шешей 1950 жылдары қайтыс болыпты.

Нұрғазы Төлепбергенұлы туралы Сапарғали Бегалиннің «Замана белестері» кітабында жазылған. Әкем «Қоянды жәрмеңкесінде екінші орын алғанмын, жюри мүшесі Мұхтар Әуезов болған» деп айтып отыратын. С. Бегалинмен хат алысып тұратын. Грамота, дипломдары болатын, ешқайсысы сақталмапты.

Әкей гармонда, мандалинде, пианинода еркін ойнайтын. Бізбен көрші болған кісілердің балалары шетінен әнші, домбырашы болды. Соның айғағы Қайрат Байбосынов. Үйге Алматыдан, Қарағандыдан артистер гастрольге келгенде барлығы біздікіне, яғни әкейге келмей кетпейтін. Ондай отырыс кішігірім той болатын, бүкіл жақсы-жайсаң, райком секретарларына дейін үйге келетін.

Қали Байжанов, Жаңыл Қартабаева, Алтын Алиева, Өкпенев, Жаппас Қаламбаев, Жүсіпбек Елебековтер, Завьялов деген баянист, Ақатай Көпбаев біздің үйге түсетін. Көп артистердің атын ұмытыппын.

Әкей арманда кеткен адам. Небір айтқан әндерін магнитофонға жаздырған жоқ. Әкей ән салғанда «май шам өшіп қалатын» деп көзкөрген ауылдағы адамдар айтып отырады. Әкейдің дауысы биік, кең иірімді өте әдемі болатын. Ән айтқанда ұшатын құстай қанаттанып кететін. Бізді әнмен ұйықтатып, әнмен оятатын. Үйді кішігірім концерт залына айналдыратын. Менің сіндім Роза да, мен де, домбыра, баян тартып ән саламыз. Бірақ әкей бізді өнер жолына жібермеді.

Әкей туралы айтатын әңгіме көп, жүрген жерінде түстікке құлын, қонақасыға тай сойғызып, «Тай аға» атанған. Өзі де сондай жомарт кісі. Әкей жайында жазып, жарыққа шығарып беріңізші, аға! Алла разы болсын, Сізге! Құрметпен, Нұрғазықызы Орал қарындасыңыз...

Орал осы хатында кезінде әкесі жайлы жазушы Сапарғали Бегалиннің мақала жазғанын келтірді. Жазушы «Замана белестері» деп аталатын кітабында: «...кезек Төлепберген әншіге тиді. Бұл бір әнді айқайға жеңдіре, зорлана айтатын жас әнші екен. Өзі айтып

жүрген Иманжүсіптің «Сарыарқа» әнін және халық әні «Әупілдекті» орындады. Біздің шешім бойынша бірінші бәйге – Ғаббас Айтбайұлына берілді. Екінші бәйге – жас әнші Төлепбергенге берілді. Үшінші бәйге – Қали Байжанұлына берілді. Ынталандыру бәйгесі Жүсіпбек Елебекұлына берілді», – деп Қоянды жәрмеңкесінде болған әншілер сайысында Нұрғазыны «Төлепберген» деп өзінің әкесінің есімімен атап жазыпты. Ал Жүсіпбек Елебеков сол ән сайысына қатысқан жюри мүшелерінің ішінде Мұхтар Әуезовтің де болғанын айтатын еді... Мұханның Нұрғазыдай сирек бітімді әншінің опера театрынан қалай кеткенін білмей, ол әр кез есіне түскенде іздеуінің сыры осында жатыр.

* * *

2001 жылдың тамыз айында Жаңаарқаға келіп, Жеңіс ауылында Игілік Омаровпен тағы бір жүздестім. Сол бір күндерде өз үйінде болған сұқпатты отырыста әңгіменің бір ығыты Нұрғазы әншіге ауды. Нұрғазы орындайтын Біржан салдың – «Жалғыз Арша», «Ләйлімшырақ», «Ләйлім», «Жанбота» әндері сала-сала әңгіме болды. Осы әндердің ішінде «Жоныпалды» бар, Игілік әр әннің сыр-сыпатын таңғалдыра, тамсанта сөз етіп, еркін көсілді. Ол орындаған «Жоныпалды» осы жолы маған Жүсіпбек Елебеков жандыра, жалындата сырқайтын «Қанатталды» сияқты сезім шарықтауы боп есімді алды. «Жоныпалдының» қайырмасында Игілік қиял самғауын зордың күшімен иіріп, адамды тәтті сезімге бөлеп, елжірете, емінте тоқтайды екен. «Жоныпалдыны» кез келген әншінің орындай алмайтынын енді ғана түсінгендей болдым. Сол отырыстың соңында Игілік:

– Менің сүйікті шәкіртім Қайрат Байбосынов Нұрғазы әншіні жақсы біледі, - деді.

Кейін бір күні Қайратпен де сөйлестім. Қайрат былай деді:

– Жаңаарқада Нұрғазы әншімен көрші тұрдық. Біздің әкей (Әубәкір келе-келе Әукен атанған. – И.Ж.) Нұрғазы екеуі бірін-бірі риясыз сыйлайтын дос-көңілдес жандар еді. Әкем қобыз тартты. Нұрғазы болса ән салды. Екеуі бірін-бірі тыңдап, бірін-бірі өбектеп, қадірлес болды. Нұрғазының әндерін бала кезімнен тыңдап өстім. Ондай ашық үнді биік тенор өмірде сирек кездеседі. Кезінде Жаңаарқаға жан-жақтан келіп-кетіп жататын өнер адамдары дүрмектеліп, Нұрғазының үйіне тоқтайтынды. Солардың ішінде өз

ұстазым Жүсіпбек Елебеков Нұрғазының үйінде рахаттана жатып, оның салған әндеріне ештемені теңгермеді. Екеуінің домбыра шертісі адам қиялы жетпейтін бір бипаз шертіс. Оны тек тыңдай білу керек. Салалы саусақтары жұп-жұмсақ, домбыра шанағына тиеді-тимейді, ән өз-өзінен «сөйлеп» жатқандай болады. Нұрғазы «Сұржекейді» сүмектетіп, үзілдіріп шерткенде кенет табан астында бітіп қалғандай ғып, таң-тамаша етеді. Мұндай өрнегі мол әсем шертісті ешкімнен көргем жоқ.

Ән дүниесіне ертегідей қызықтырып жүрген Нұрғазы бір күні елін сағынды ма, 1967 жылы Қарқаралыдағы туған ауылы Ынталыға көшіп барып, келер жылы Жаңаарқаға қайта көшіп келді. Ол жақ, әрине, өз елі, өз жері... бірақ бала-шағасы өздері туып-өскен «Жаңаарқаға қайтамыз» деп мазалай беріпті. Және Нұрғазы білетін көзкөргендердің қатары да сирепті. Шүйіркелесіп сөйлесетін жандар жоқтың қасы. Сондай жабырқау, қам көңіл, екі дай сезімде мұнайып жүрген Нұрғазының жүрегінен:

Жаңаарқа айналайын асып кеттім,
Жайқалтып жапырағын басып кеттім.
Түскенде сен есіме, ей, Жаңаарқа,
Инедей отқа салған жасып кеттім,

– деп келетін өлең шығыпты. Жаңаарқа жұрты Нұрғазының өз орталарына қайта келгеніне қатты қуанды.

1977 жылы қыста елге келдім. Әдеттегідей Нұрғазыға сәлем бердім. Реңі сынық, сырқат екен. Менің амандығымды сұрап, концерттерімді тыңдайтынын айтып, қасында сүйеулі тұрған домбырасын алып, шертіп жіберді де кәдімгі сап-сау адам сияқты сілкініп, бойын жиып ала қойды. Сөйтті де: –Мен салған әндер есінде ме, Қайратжан?-деді үні сәл дірілдеп.

– Есімде, – деп бас изедім.

– Мына бір әнді осы күнге дейін жан баласы білмейді, ана жаққа ала кетпейін, тыңдап Ал Қайратжан, – деді.

Нұрғазы домбыраны көкірегіне құшырлана қысып:

Атым шыққан Алашқа Құлтумады,
Құлтумадай жалғанда ұл тумады.

Алты қырдың астынан ән шырқасам,

Шіркін көмей сонда да былпылдады,-деп бастады да сәл демігін басып, екі рет қайталады. Әп-сәтте үйреніп алдым. Бұл Құлтуманың ұмытылған әндерінің бірі еді, көкірегіме қона кетті. Нұрғазы да осы



тірлігіне разы болып, мейірлене күлімсіреді. Қаны қашқан жүзіне ептеп шырай кірді. Сергіді.

Нұрғазы өзінің дер шағында Біржан салдың «Жоныпалдысын»:

Асынса күміс белдік белдің көркі,
Ер жігіт салдық қылса елдің көркі.
Жарасып өз сәнімен қыз-бозбала,
Аққу, қаз айдын шалқар көлдің көркі.
Асылға қызықпаңыз кимеген соң,
Сұлуға көзің салма сүймеген соң.
Байларға сене берме малды екен деп,
Пайдасы қысылғанда тимеген соң, –

деп жан біткенді «Па, шіркін!» дегізіп, емірентіп шырқаушы еді. «Жоныпалдының» бала кезімнен жүрегіме өшпестей боп орныққан осы сөзін ұмытқам жоқ. Міне, Ілаға, өзіңіз індете зерттеп жүрген «Жоныпалдының» өз сөзі осы, осы! Мен осы сөзбен айтып, шәкірттеріме үйретіп жүрмін.

Нұрғазыдай бағы байланған жойқын әнші Біржан салдың күдіретті әні «Жоныпалдыны» жылдар бойы өз жүрегінде бойтұмардай сақтапты.

Қайрат Байбосынов Біржан салдың өнерді, сұлулықты жасаушы сал-серілерді көкке көтере ардақтап, азаматтық мәрттік пен адалдықты, өзінің әншілік барқын әуелете жырлаған философиялық толғанысын осылайша паш етті.

* * *

Нұрғазы Төлепбергенов 1905 жылы Қарқаралы уезі, Бесоба ауылында туып, 1984 жылы қараша айының жиырма жетінші жұлдызында қайтыс болды. Жұбайы Шаһида екеуі Жаңаарқада жерленген.

* * *

2018 жыл. Қараша айының он төртінші жұлдызында Нұрғазының Қарқаралыда тұратын немере туысы (аудан әкімінің орынбасары. – И.Ж.) Сайлау Әлиұлымен әдеттегіше тағы да телефон арқылы тілдесіп:

– Сайлау, Нұрғазының домбырасы бар деп едің, соның мән-жайын айтшы?-деп сұрадым.

Бұл сауалға қуанып кеткен Сайлау:

– Сізбен жүздескенде ол домбыраның туысымыз Әлімхан Нұрғалиевтың үйінде екенін айтып едім, есіңізде екен, сол домбыра бүгінде біздің үйдің төрінде тұр. Нұрғазы әкеміздің ол домбырасы біле-білген жанға халық қазынасы ғой, амандық болса, бір сәті түскен күні музейге тапсыратын шығармын, – деді.

Мен осы домбыраны шерткен Нұрғазының ойлы жүзін елестетіп, Біржан салдың «Жоныпалдысын» ұйып тыңдағандай қиялым шартарапқа самғады.

ҚОЗЫКӨШ

(«Бір ғана»... «Бір бала»)

Қазақта бір кезде осындай ән болғанын жұрт біле бермейді. Ол жалпақ жатқан Сарыарқаны жайлаған елдің көш салтанатының жарқын бір көрінісіндей ән еді...

Жиырмасыншы жылдардың аяғында конфискация дүрбелені басталды, коллективизация қусырып кеп берді, сауатсыздықты жою, ұлттар достығы дейтін науқан жүргізілді. Уақыт та жаңа социалистік құрылыстың бір демеушісі ән екенін «түсіндірді». «Жаңа үлгідегі» әндер «жасау» да коммунистік идеологияның «сара жолымен» батыл шешілді. Ежелден кінарат шалмай, саф алтындай жарқырап, пәк күйінде сақталған осы ән:

Талдан таяқ жас бала таянбайды,
Бала бүркіт түлкіден аянбайды
Угай-ай,
Ән салшы-ай,
бір бала-ай!
Қос етек бұраң бел,
Қуалай соғар қоңыр жел.
Білім түлкі болғанда, бүркіт бала,
Талап етпеу жас шақта жарамайды, –

деп өзгертіліп, әуелгі мән-мағынасы, сыр-сыйпатынан ажырады. Қайырманың негізі сақталды. Тек «бір ғана-ай!» дейтін жолын «бір бала-ай» деп «құбылтты». Осылайша «түрленген» әннің екінші шумағы:

Елдің көркі, ақ тоты бір баласың
Көзі қиып қай дұшпан жамандайсың! –

дейді. «Мына сөз не деп барады, Құдай-ау? деп дал боласың, түкке



түсінбейсің. Бұл аз болғандай әнге әйгілі Берікбол әншінің «Ағаш аяғының».

Айналайын, қарағым, келдің қайдан,
Алма мойын ала үйрек ұшар сайдан.
Мекеніңді, қарағым, айтып қойшы,
Жат болмағы адамның осындайдан, –

деп келетін жалынды, жайсаң, құштарлық сөзін жапсырды.

Өзінің о бастағы атынан да, затынан да айырылған бейкүнә ән – «Бір бала» атанып, жинақтан жинаққа, әншіден әншіге көшіп, осы күнге дейін айтылып жүр. О заманда бұ заман қазақтың қайран әні мұндай қорлықты бастан кешіп пе еді, тегі? Осы жолдардың иесі Арка елінен «Әннің аты бұлай емес еді. Сөзі басқа еді» деген сөздерді жиі естіді. 1981 жылы мамыр айында Біржан салдың жүз елу жылдығын тойлауға келіп, сол шараны радиоға жазып жүріп, бір сәті түскенде қарт әнші Байсейіт Байбосынов ақсақалмен әңгімелесті. Көкше елінің сал-серілерін сөз етіп отырып: «Ой, несің айтасың, Біржан салдың бітімі ерекше ғой, ол осы ұлы табиғаттың еркесі болды, оның қызығын көріп бақты. Соның бәрін ән ғып шырқады ғой, шіркін! Амал не, көп әні ұмытылды. Әлгі «Көкек» деген әнімен қатар шыққан «Қозыкөш» деген әнін ескілікті әншілдерден тыңдап өстік. Келе-келе мына заман бұл әнді адам танымастай ғып өзгертіп, Құдай аманаты басқа бір қисынсыз сөздермен «Бір бала» деп айтқызып жүр. Неге солай? Әлгі сөзге басым қатып жүріп, әннің өз сөзін мен де ұмыттым», – деп мұнайды.

Сырлы көкіректі зерделі жандар осылайша қынжылып, «о, ол кешегі көш қызығының... жайлаудың... қыз-бозбаланың әні еді ғой», деп мысы құрып, өкіне бас шайқады. Жезқазған жағында әннің сүйкімді әуезіне қызыққан қарапайым жандар:

Өлең айтқым келмейді қарлыққан соң,
Құла бесті жүрмейді шалдыққан соң.
Қалқатайдың ауылы алыс жатыр.
Жолға шықтым сағынып қамыққан соң,
деп, қара өлеңнің шумағымен айтып:
Ән салшы, қыздар-ай.
Қос етек, қыпша бел,
Солқылдар соқса қоңыр жел, – деп қайырды.

1990 жылы ақпан айының сегізі күні Алматыда радиоға келіп, осы жолдардың иесіне біраз белгісіз әндерді магнитофонға жаздырған

халық әншісі Мәлікқызы Күләндам (Арқалық қаласынның тұрғыны) әңгімелесіп отырғанда: «Оу, әннің төресін ұмытып барады екем. «Қозыкөш» е, оны кейде «Бір ғана» деп кеткен біздің ел. Сол ән «Бір бала» боп айтылып жүр, бүгінде, қозысынан айырылған қойдай боп» дегені. Біз бұл сөзге елең ете түстік. Күләндам апай сөзін жалғай берді:

– Бұл Сарыарқаға жайылған Біржан салдың әні. Әкелеріміз, ескілікті әншілер солай дейтінді. «Қозыкөш» «Абай» романында суреттеледі. Біржан салдың Абай еліне келетін жері бар емес пе, ән сол оқиға кезінде айтылады. Әуел бастағы аты – «Қозыкөш». Ел жастары жылда елдің жайлауға көшетін сәтін тағатсыз күтеді ғой. Көш... қазақтың көшінің сәні, салтанаты... ой, шіркін, дүние, оның шет жағасын өзіміз көрдік те. Жасыл белден асып, тырнадай тізіліп, қоңыраулы керуен көк-жиекке бет түзеп кетіп бара жатады. Бір қапталда жер қыйысқан мал жылжиды, бір қапталда заулаған арғымақтар... бір тұстан әндер шырқалады. Қызылды-жасылды киінген қыз-бозбала ойыны- қамшы тастамақ... жерден орамал алмақ... қолма-қол айтыса кету... тай үйрету... ибалы қыздарға қиыла жанасқан жігіт назы... Иә, оның «Бір ғана ән салшы-ай!» деуі іңкәрлік, сүйіспеншілік белгісі боп түскен ғой, «Қозыкөш» әніне! Ән даланың қоңыр желіндей жұмсақ, назды. Бұл әнді мен өз әкеммен құрдас, өзі әнші, күйші Ахметхан Әбіқаевтан үйреніп едім. Ахметхан аға өле-өлгенше осы әнді Біржан салдың «Қозыкөші» деп айтып өтті. Оны дәл солай деп біздің Торғай өңірі шырқайды. Әннің сөзі былай басталушы еді:

Аулым көшіп барады Қозыкөшке,
Қозыкөште болған іс түседі еске
Угай-ай,
ән салшы-ай,
бір ғана-ай!
Қос етек бұраң бел,
Қуалай соғар қоңыр жел.
Көш бойында, қалқам-ай, бір ән салшы,
Өмір бойы шықпастай жүрсін есте.
Угай-ай,
ән салшы-ай,
бір ғана-ай!



Қос етек, бұраң бел,
Қуалай соғар қоңыр жел.

...Біржан салдың тәлкекке түсіп, ұмытылған «Қозыкөшінің» ел жүрегінде осы шумағы ғана сақталыпты...

БІРЛӘН

Біржан салдың зарықтырып таптырмай жүрген бір әні – «Бірлән». Оны бір кезде әншілер көп шырқаған. Келе-келе айтушылары сиреп, бір күндері мүлде ұмытылып, ғайып болғанды. Біржан салдың әр кездерде шыққан жинақтарында ол әннің сөзі бар, бірақ оны етек – жеңі жинақы, бәз-баяғы қалпында мінсіз сақталған нұсқа деуге болмайды. Оны әркім өзінше жеткізген. Әр жері кетілген, мүжілген, ақауы бар өлең. Сол жинақтарда «Бірлән» әнінің шығу тарихынан хабар беретін, ең болмаса, бір-екі ауыз түсінік те жоқ.

«Бірлән» әнінің хикаясын тек көрнекті жазушы, ақын Ілияс Есенберлин «Біржан сал» атты поэмасына арқау еткен. Сері көңілмен төгілте жазған поэма ә дегеннен:

Сал Біржан жол бермеген аптыққанға.
Өлеңмен өрт жіберген қақтыққанға.
Қырыққа жетер-жетпес жалын шағы,
Дүниеден күткені тек шаттық қана! –

деп, әнші данқын аспандатып, ардақтап басталады.

Есенберлин Біржан салдың зипа бойын, сән-салтанатын сөз гауһарымен зерделеуге барын салып:

Жал-құйрық жерге түсіп көміп жатқан,
Кертөбел жорға мінген көбік атқан.
Ақсары топ алдында сұлу кісі
Тұлғасы анадайдан көзді тартқан.
Айменен ойнап ақық қалмақ ері,
Түрленген шапанының алтын зері,

Бұл Біржан – Сарыарқаның ардагері, – дейді.

Міне, көз алдымызда – айлы түнде жол жүріп келе жатқан Керейдің асылы Біржан сал! Жер-көкке сияр емес, шалқыған сезім құшағында. Ендігі бағыты – Нұра бойындағы қалың арғын ішіндегі қырғыздар. Тарихтан белгілі – Шоқанның еңбектерінде анық жазылған, Абылай хан кезінде қырғыздың жиырма мың түтінін олжалап алып келіп, Көкшетаудан бастап, Қарқаралы төңірегіндегі

Қаракесекке, Сарысу, Нұра бойындағы Қуандыққа, одан Ұлытаудағы Бағаналы Найманға дейін таратып, сіңіріп, ел қылып, өркенін өсірген. Илияс Есенберлиннің тарихқа қаншалықты биік өресі болғанын зерделі жұрт оның әйгілі романдарынан біледі. Сондықтан, Біржан салды Нұра бойындағы қырғыздарға қарай жетелесе, «ол ойдан шығарылған сюжет» деп күмән келтіруге бола қояр ма, екен? Жоқ. Біржан салдың көп қызықты дәурені сол қырғыздардың арасында өткен. Міне, тағы да аңсап шыққаны сол жақ. Оны бейнебір деректі прозадай баяндайтын шырайлы поэзия тілімен «сөйлетіп» көрейін:

Біржанға жеткен хабар ұзын-ырға,
Нұраның кірме Шөкей қырғызында,
Адамның періштесі деп естіген
Бір қыз бар ұқсайтұғын хор қызына!

Осындай еміс- еміс үндер жетіп,
Сол қызды бір көруге көңілі кетіп,
Жол жүріп Қотыр, Шортан алқабынан,
Сал Біржан келе жатқан түнделетіп...

Қотыр, Шортан мен Нұраның арасы талай жер. Біржан сал тобы бір түн емес, бірнеше түнді өткізіп, салдыртып жүріп отырып, тағы бір түні бір көлдің жағасына жетіп тоқтайды. Дем алады, ат шалдырады. Кенет әлдеқайдан бір ән естіледі. Біржан сал Бірлән қыздың әнші екенін білетінді. Сол Бірлән бе, бұл? Соның үні ме? Есенберлин:

Дауысы әнші қыздың дерсің сырнай,
Кеткендей бойға жастық өрті сыймай.
Қозғайды жүрек күйін, жан жүйесін,
Тұрғандай жарға берген сертін қимай.

Дегендей әнді гүл ғып себейін бе?
Жырымды нұр орнына төгейін бе?
Жас Бірлән тоқсан түрлі үн толғайды,
Тұрғандай тоқсан бұлбұл көмейінде, –

деп Біржан салды естен тандыра таңғалдырып, Бірләнға ынтық қып қояды.

Қыздың тегі – қырғыз, әкесі – Асылбек, ол Нұра бойындағы бар қырғызды уысында ұстаған, құрығы ұзын, қазақтың ірі байларымен иық теңестіретін дәулетті кісі. Бір бай әулетпен құда болып, алық – берік жасап, Бірләнді ұзатам деп жүргенде еліне Біржан сал келе

қалады. Бірләнмен жүздеседі, танысады, екеуі жастар думаны – қызойнақта бірге отырып, бірге жүреді. Бір-біріне ғашықтық лебіз білдіреді. Бір күндері Біржан сал еліне қайтады. Осы кезде Нұра, Күланөтпес жағасынан бастап Көкшетауға дейін бір-бірімен ұштасып жатқан ел:

Қарағым, айналайын, көз көргенім,
Бұралған тал шыбықтай қыпша белің.
Тілің – бал, тісің – меруерт, көзің – нәркес,
Есімде «мен сендік» деп сөз бергенің
Ахау, Бірлән,
Әнім түрлен,
Ән еді жаңа шыққан,
Жастар, үйрен!
Көрінер сұлу жирен жарағанда,
Шаштарың гүл-гүл жайнар тарағанда.
Таңданып жығылуға таянамын,

Мойыныңды бұра тастап қарағанда, – деген әнді шырқата бастайды. Арада онша көп уақыт өтепейді. Біржан сал мен Бірлән арасындағы бар хикаяны осы әннің өзі-ақ айтып береді. Қыз әкесі Асылбек құдалық салтын бұзбайды. Бірлән айттырған жеріне ұзатылып кете барады. Ел әңгімесі осылай.

Ал Есенберлиннің поэмасы, негізінде, осы оқиғаның жөнімен жүреді. Әлбетте, ол көркем шығарма, оның өз заңдылығы бар. Поэма кейіпкерлерінің аты-жөнін өзгертіп айтуы да мүмкін. Оқиғаға драмалық тартыс кірігізіп, ширықтырып барып шешуі де ақынның өз қолындағы іс. Сондықтан болар, поэманың соңында Бірлән құса-дертке шалдығып, ақыры «Өупілдек» көліне кетіп өледі. Бұл жерде осы «Өупілдек» көліне кетіп өлген Дәмеш қыздың қайғылы тағдыры елестеп өтеді. Бұл – шын болған жай. Есенберлин поэманың оқиғасын экстазға шығара шарпыстырып, қиындатып, шиеленістіріп әкеліп, ең соңында трагедиямен бітіргісі келіп, Дәмештің өлімін Бірләнға берді ме екен? Әйтпесе, ел аузындағы әңгімелерде Бірлән ондай қайғыға ұшырамайды. Пешенесіне не жазды, соны көріп, соған көніп, өзінше ғұмыр кешкен. Оның тағдыры Ақтотыға, Хорланға, Ақбөбекке, Ақбөпеге ұқсас.

Біржан салдай үлкен жүректі композитордың жүрегіне шоқ салған сол Бірлән қыз әнші сүйген арулардың ғажайып галереясында өлмес, өшпес ән тудырған бір асыл бейне боп қиял тербейді.

«Бірлән» әнін мен Баян – Өлгий радиосының фонотекасынан таптым. Әнді Мүтәліп есімді әнші жаздырған. Ән радиодан жиі берілгендіктен пленка әбден ескірген. Бірінші шумағының сөздері анық емес, қайта-қайта тыңдап, қағазға түсіре алмадым, бірақ жобасы дұрыс. Ал екінші шумағы қаз-қалпында, дін аман сақталған.

Енді «Бірлән» әні қайта тіріліп, қайта жаңғырып, жаңа леппен қайта шырқалады. Жақсы әннің ғұмыры иесінің ғұмырынан да ұзақ болатын көрінеді.

ЛӘЙЛІМ

Біржан сал өмірінің бір шуақты, сәулелі кезеңі аяулы сұлу Ләйліге арналған бірнеше әннен белгілі. Ол әндер – «Ләйлім», «Ләйлім шырақ», «Жалғыз арша», «Шідер» деп аталады. Оның әрқайсысы бір-бір хикая, сол кездің өзінде ел арасына кең тараған таңғажайып аңыз, мәңгі жырланатын махаббат жыры.

1980 жылдың желтоқсан айының соңғы күндерінде Біржан салдың келесі жылы тойланатын жүз елу жылдық торқалы тойына байланысты зерттеу жұмысымен (ол кезде мен қазақ радиосы музыка редакциясының Бас редакторы едім) Көкшетауға келдім. Аз уақыт ішінде Біржан сал әулетімен танысып-білісіп, бұрын академик Ахмет Жұбанов, Александр Викторович Затаевич, Борис Григорьевич Ерзакович, тағы басқа да зерттеушілердің, әдебиетші-ғалымдардың еңбектерінде жазылмаған біраз беймәлім дерек жинап үлгердім. Бұл әулеттің өрен-жарандарының фотосуреттерін де мол қамтыдым. «Айбозым» әнін Казгородок ауылында тұратын Шаймұқан Омаров ақсақалдан магнитофонға жазып алдым. Міне, осындай қат-қабат жұмыстардың арасында Біржан салдың кенже ұлы Қалкеннің жары Рахия ападан да көп әңгіме дәптер бетіне түсті. Сол күндердің бірінде ол кісіден Біржан сал сүйген Ләйлі жайында сұрадым. Рахия апай сондай байсалды, көрікті жан, күлімсіреп отырып былай деді:

– Кешегі соғыс жылдарында Зеренді жағында бір ауылға құдалыққа бардық. Соғыстан титықтаған елдің жағдайы белгілі ғой, солай болса да бізді қарсы алған әулет жақсылап күтті. Қарауыл әнші ел. Қыз-жігіттері кезек-кезек әуелете ән шырқады. Сол әндердің ішінде ағамыздың Ләйліге арнап шығарған үш әні айтылды. Жиынды



басқарып жүрген бір сері көңілді сөзшең жігіт маған өзгеше бір мейірмен төгіле қарап:

– Біржан салдай атаңыздың әруағына мың да бір рахмет, біздің Ай мен Күндей сұлу апамыз Ләйліге ғашық болған! Иә, кезінде болды ғой бәрі. Сол күндерде тараған аңыз-әңгіме даланың ескек желімен қандай-қандай жерлерге барды екен десеңізші. Біржан сал Ләйлідей сұлуды сүйсе, Біржан салдан туған Қалкен де осал емес екен, сіздей сұлуды алған! – дегені. Мен ұялып, бетім дызылдап, қайда тығыларымды білмедім. Сол құдалықтың үстінде айтылған қыруар әңгіме атамыздың Ләйліге шығарған әндерінің төңірегінде болып, бұрын естімеген біраз жайға көз жеткіздім.

Мен келін боп түскенде біраз бұрын атамыз дүниеден қайтқан екен, сол жылы ел Улыкөл жағасына қарай жайлауға көшіп бара жатқанда Бұзау төбенің басындағы қалың қорымның ішінде жатқан топырағы ескірмеген боз бейітке тоқтап, дұға оқып, Тоқтар мен Әлімжан қайнағаларымыз ән салғаны сол әндердің бірі – «Ләйлім» екені есімде.

Бұл – Біржан салдың өз әулетінің көзі, Қалкенінің жары, туған келіні Рахия апаның лебізі.

Академик Ахмет Жұбанов «Замана бұлбұлдары» атты кітабында Біржан сал мен Ләйлінің махаббатын былай деп суреттейді: «Біржан ел аралап жүріп, Арықбалық жақтан қайтып келе жатып, ағайынды Көлбай, Жанбай дегендердің ауылына келеді. Көлбай, Жанбай жас жағынан Біржанмен шамалас малды, жанды адамдар болады. Өздерінің менмендігімен, паңдығымен аттары шыққан. Анау-мынау кісіні менсінбейтін мінездері де бар. Біржанның халық алдында аса беделді екенін біледі. Біржанның осы ауылға қарай қыйсайғанын көріп, бұрыннан көңілдес болса да танымағандай үйлеріне еніп кетеді. Мұны байқап қалған әнші іркілместен, өзінше қыр көрсетіп, ауыл шетіндегі қораштау бір үйге келіп түседі. Қонақтың атақты Біржан сал екенін білген үй иесі барынша күтіп, әншінің асты-үстіне түсіп бәйек болады. Тамақ ішіп болғаннан кейін Біржан сал әдетінше домбырасын алып, ән салады. Ауыл адамдары жиналып, қошеметтеп, түннің бір уағына дейін Біржанның әсем әндерін тыңдап рахаттанады. Көлбай, Жанбай екеуі ән тыдауға келмейді. Әншінің даусын естіп, отыра алмай тұра жүгірген қарындасы Ләйлімді де, барғысы келген келіншектерін де жібермейді.

Ертеңінде әншінің атының аяғындағы шідері жоқ боп шығады. Оны естіген Біржан құдық жаққа қарап тұрып, әсем басып су алып келе жатқан Ләйлімді көреді. Ләйлімнің алдынан шығып, «шідер көрмедіңіз бе?» деп сұрап, әңгімеге айналдырып тұрады. Бұл суретті көрген Көлбай мен Жанбай құдық басында жұмыстары бардай қарындасына қарай жүреді. Ағаларының сөзді анық есітетін жерге келуін күткен әнші, табанда Ләйлімге қарап, суырылып, әндетеді:

Ләйлім шырақ!

Мен де өзіңдей жас едім, жаңа талап.

Біреуге Ташкент барған алдырып ем,

Қызыл жібек қырмызы пұт бес қадақ.

Ойда жоқта мұндай ілтипатқа ұшырағанына таң-тамаша қалған Ләйлім, қапелімде не дерін білмей аңырып тұрған орнында қозғалмай қалады. Біржан болса одан бетер екіленіп:

Ләйлім шырақ!

Қыран бүркіт мен түсер таудан құлап,

Сегіз би сиязына қалдырмай-ақ,

Кел, екеуіміз бітейік құпиялап, –

деп қынжылған пішін көрсетеді. Жалынғандай: -Өзіме бер, шідерді тауып алсаң,

Елу теңге берер ем, шүйінші алсаң,

Жерде шіріп қалса да, көзім көріп,

Қыршын жасым қиылсын, бітім алсам, –

деп аяғын қатайта, түсін суыта тілін безеп, екі ағасына көзін тігіп:

Ләйлім шырақ – асыл тасым!

Көлбай, Жанбай бірге өстік, замандасым!

Келген жоқ көктен пері, жерден шайтан,

Шідерімді ұрлаған қарындасың, –

деп Ләйлімді әбден састырады. Біржан тағы да екіленіп, істің жайын енді түсініп келе жатқан Көлбай, Жанбайға, Ләйлімге кезек қарап, шідерін мақтап.

Ләйлім шырақ!

Таудан аққан сылдырап мен бір бұлақ,

Қайыс болсын, жіп болсын неге керек,

Шідерімнің бағасы қырық қысырақ, –

деп олармен құнын келіспей тұрғандай, басып айта береді.

«Мына сал тағы бірденені былықтырар» дегендей Көлбай, Жанбай Ләйлімді ымдап, үйге қарай бұрады. «Не болды?» деп

шулаған адамдарға «Біздің Ләйліжанға шығарып тұрған әні ғой» деп істің шын сырын ашқылары келмей, сондарынан ерген жұртты жекіріп, кейін ысырып тастайды. «Жүрген жерінде бізді жамандап жүрер» деп қорыққан Көлбай, Жанбай Біржанды қонақ етіп, силап, бірнеше күн қондырып, ән салдырып, риза етіп жөнелтеді. Кетер кезде жазықсыз біраз ұялтқаны үшін, Біржан Ләйлімге қарап, кешірім сұрағандай, шідерді қоспай, басқа сөзінде еш «қотыры» жоқ өлеңмен «Ләйлім шырақ» әнін айтып, оны қызға арнағанын, қайда болса да айтып жүргенде әр кезде Ләйлімнің суреті көз алдында болатынын сездіреді. Осылай Біржан әндерінің ішіндегі бір белдісі – «Ләйлім шырақ» дүниеге келеді.

«Ләйлім шырақ» көпке белгілі шығарма. Оны түсіндіріп жатудың керегі аз. Радиодан да жиі беріледі. «Біржан-Сара» операсына енді».

Біржан сал мен Ләйлі жөнінде ең бір қызықты дерек Қарағандыда ұзақ жылдар тұрып, бүкіл Арқада зерттеу жүргізген Сергей Никитиннің «Сары-Арка – золотая планета» деп аталатын кітабында жазылған. Никитин осы кітаптың ішіне кірген «Памятник Чокану Валиханову» деген очеркінде былай деп келтіреді: «Летом 1856 года Чокан Валиханов пригласил Дурова в Кокчетав. (Шоқанның қадір-қасиетін, білім-өресі мен биік мәдениетіне тәнті болған атақты зерттеуші ғалымдар – П. Семенов-Тянь-Шанский, Г. Потанин, А. Бекетов, Н. Веселовский, А. Березин, А. Васильев, міне, осы көрнекті тұлғалардың қатарында Ф.М. Достоевский мен С.Ф. Дуров ерекше құрметпен аталады. Достоевский мен Дуров Омбы түрмесінде бірге отырған. Екеуі де азып-тозып, денсаулығы нашарлап, әбден қажыған. Қырық жастағы Достоевский Дуровтан бес жас кіші болса да алпыстан асқан шал сияқты бүгіліп қалыпты. Кейін екеуін түрмеден шығарады да Достоевскийді Семейге, Дуровты Көкшетауға қызмет етуге жібереді). Всего лишь год прослужил Дуров в Кокчетаве. Но сделал многое. Под предлогом составления коллекции флоры Сары-Арки он разъезжал по степи, побывал в Бурабае, Мезгиль-Соре, Карауле, Шортандах, Ак-Куле, Акмоле, Атбасаре», – деп жазады. Дуров осы өңірлерде жүріп, қазақ халқының әдеби-музыкалық фольклорын да зерттейді, әнші-күйшілерді де тыңдайды. Шоқан Дуровтың осы жұмыстарына бек қызығып, оның денсаулығын түзеуге әрекет етіп, губернаторға хат жазып, босатып алады да Сырымбеттегі өз ауылына алып келеді. Бұл жерде біраз қымыз ішіп демалған соң, бұл емделу Бурабайда жалғасуы тиіс.

Шокан мен Дуров тарантаспен Бурабайға қарай жолға шығып келе жатқанда бір Керей ауылына қонады. Екеуі де жол соқты боп қатты шаршаған, тоқтаған үйінің сый-сияпатын көріп, езіліп ұйықтап қалады. Түннің бір уағында Шокан оянып кетеді де көрші үйдің бірінде шырқалған әнді естиді. Сыртқа шығады. Ол заматта сол үйге қарай бұрылады. Ән айтыла береді. Ендігі бір сәтте Дуров та оянады. Никитин ендігі эпизодты былай деп суреттейді: «Захваченный песней, Дуров вышел из юрты и с удивлением увидел толпу людей. Казалось, весь аул собрался послушать певца. Сергей Федорович протиснулся к двери. Ему тотчас же уступили место, он тихонько сел рядом с Валихановым, который кивнул на певца, шепнул на ухо: «Биржан сал!»»

Дуров взгляделся в певца. Перед ним сидел молодой человек лет двадцати пяти. Здоровый, красивый, нарядно одетый джигит выглядел внушительно. Он пел, непринужденно подыгрывая на разукрашенной перьями филина домбре.

Вдруг певец взял очень высокую ноту. Голос его зазвенел. Дуров, оглушенный, не сводил глаза с Биржана. Сал оборвал протяжный, словно у стаи гусей в небе, крик, ударил по струнам и запел игриво, красочно, прихотливо. Размашистая, буйная мелодия и задорный напев всколыхнули слушающих. Задвигались, заулыбались люди.

Дуров от волнения схватился за сердце. Чокан заметил его движение, склонился с тревогой, но Сергей Федорович успокоил: – Ничего, ничего, дорогой Чокан. Это от счастья, от восхищения талантом певца. Ах, если бы послушали его в Петербурге! Чьи песни он поет?

– Он сам поэт и композитор!

Биржан кончил одну песню, прикоснулся губами к деревянной чашке с кумысом, отдохнул задумавшись. Никто не осмелился нарушить тишину.

Биржан обвел собравшихся веселым взглядом, расправил плечи, и вдруг домбра заплясала в его сильных руках. Сделав наигрыш, певец обжег шальными глазами пристроившуюся у входа молодую девушку и запел сильно, раздольно:

Ляйли, любовь моя!

Молодым, горячим, пылким был и я.

Пять тюков с багряным шелком той порой

Из Ташкента мне доставили друзья.



Песня теплела каждым новым куплетом. Брошенный в самом начале песни страстный призыв, вдруг обернулся веселым розыгрышем. А под конец песни голос Биржана поднялся до такой будоражающей душу задорной силы, что слушающие не смогли сдержать возгласов восхищения и удивления.» (Сергей Никитин. Сары-Арка – Золотая планета. Алма-Ата, «Жазушы», 1976г. 185-190 стр.) Біржан салдың Ләйліге деген махаббатын, міне, басқа ешкім емес, замандасы ұлы Шоқан айтып отыр. Бұл еш күмән келтірмейтін шындық! Шоқан мен Дуровты таң-тамаша қалдырған «Ләйлім шырақ!». Кезінде Ләйліге арналған «Ләйлім шырақ», «Ләйлім», «Жалғыз арша», «Шідер» деп аталатын әндер циклы ел арасына еркін тарап, аңыз боп шертілген. Осы әндердің «Ләйлім шырақ» пен «Жалғыз арша» әндерінің сөздері ұмытылған жоқ.

Отызыншы жылдарда коммунистік идеологияның насихаттық саясатына сай көптеген әндердің сөзі өзгертілгенде «Ләйлім» әнінің жаңаша сөзін сол кездерде (1939 жыл.) қазақ радиосы музыка редакциясын басқарған ақын Мақсұтбек Майшекин былай деп жазды:

Есен-аман жүрмісің, Ләйлім шырақ?
Жаңа таптым ауылыңды көптен сұрап.
Жел тимесе, жан тимес деп жүргенде,
Қол ұстасып жатпенен кеттің жырақ.

Аққу едің таранған айдындағы,
Ұштың ұзап қанатың жайдың дағы.
Көлеңкеңді көрсетпей кете бардың,
Қол алысқан сертіңнен тайдың дағы.
Осылай ма ей, қалқа, айтқан сертің,
Жүрегімді жандырды ғашық дертің!
Мұнша неге сен мені әуреледің,
Болмаған соң әуелде баста еркін?!

«Ләйлімді» осы сөзбен алғаш рет Рабиға Есімжанова айта бастады. Майшекин Біржан сал мен Ләйлінің арасындағы шын болған оқиғадан алшақ кетпеген. Негізін сақтаған. Атастырған салт бойынша Ләйлінің басқа жанға ұзатылып кеткені өзінен-өзі белгілі боп тұр. Ал Біржан сал Ләйліні ұмыта алмаған, бұл жөнінде тек қана академик Ахмет Жұбанов емес, белгілі музыка маманы Бисенғали Ғизатов өзінің бір зерттеуінде: «Песня как мщения братья Кульбаю

и Жанбаю и одновременно воспоминание о Ляйли сочинил Биржан песню «Ляйлим шырак» («Ляйли, мой светик»), которая широко распеваётся в народе. Песня широкого и раздольного характера, где «с теплым, нежным лиризмом рассказывает мелодия о чистой невинной девушке». (Б. Ғизатов. «Академик Ахмет Жубанов» 146 бет. Изд. «Жазушы». Алма-Ата, 1972 жыл).

Мұхамеджан Имашев «Ән атасы-Біржан сал» деген мақаласында: ...Біржан сал Қожағұлұлының арнау өлеңдерінің бір тобы – өз елдесі, атақты сұлу, әрі өнерпаз қыз Ләйліге арналған,- дей келіп:

Жайлаған Жолдыөзекті көп Қарауыл,
Қызды ауыл, қымызды ауыл, қызықты ауыл.
Талпынған ғашығына от жүректің,
Жалынын сөндіре алмас сокқан дауыл, –

дейтін лирикалық шумақты келтіреді де: Жолдыөзек – Біржан сал заманымен алып қарасақ, он тоғызыншы ғасырдағы Көкшетау уезінің Зеренді болысы территориясының жері. Мұнда сегізінші ауыл иесі – Жанбай Ләйлінің ағасы. Ләйліге арналған «Жалғыз арша» әнінде «Қозыбайдың үйінде мәжіліс боп» дейтін жол бар. Иә, Қозыбай да аталады. Ол осы Көлбай, Жанбаймен аталас екен, мекені – Көгалаағаш деген жер. Ләйлі мен Біржан осы Қозыбайдың үйінде кездескен. Жанбай үлкен кісі, онша дәулетті емес. Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдызында» Қозыбай мен Шоқан дос... Қозыбай және бір дағдысы-жаз – қаршыға, қыс – бүркіт, дегендей босағасынан қыран арылмайтын еді, (441-442 беттер.) – деп жазады. («Қазақ әдебиеті», 1987 жыл. 14-тамыз.). Ал А. Затаевич: «500 казахских песенъ» деген белгілі кітабында:

На вершине Каркаралинских гор одинокий можевельник,
Та милая хорошо грамотно по – мусульмански,
Друзья! При случае играйте и смейтесь!

Ведь жизнь-неизвестно!-коротка ли, долго ли! –

деп, Біржан салдың Ләйліге деген махаббатына, әннің болмысына қызығып, оны Чайковскийдің «Пиковая дама» операсындағы Германның: «Что наша жизнь! Игра!» деп айтылатын ариясымен салыстыратыны қайран қалдырады.

* * *

Көлбай, Жанбайдың руы – Жауар Қарауыл. Бұрынғы жайлаған жері – Арықбалық маңы. Осы жерден Кұлаайғырға қарай ығысқан,



қазіргі Чистополье ауданы. Оңтүстік Шығыста – Ақан көлі, Ақан тауы, бұл осы күнгі – Жалғызтау! Одан әрі Төрелер жайлаған Салқынкөл! Осы жерлерге қоныс тепкен орыстар деревня салып, төңіректі тарылтып жіберген. Ләйліге арналған әндердің хикаясын зерттеп жүріп, бұл манды көп араладым. Ол әңгімелердің біразын жазушы Естай Мырзахметов пен журналист, әнші Кәрім Ильясовтан да талай рет тыңдадым. Ел аузындағы әрқилы деректердің бәрі-бәрін Біржан салдың келіні Рахия апа теріске шығармайды: «Туған қайнығам Теміртастың жазып жүретін бір дәптері болушы еді, атамыз бен Ләйлінің ғашықтығын сүйсініп отырып айтқанда ертегі тыңдағандай қызығушы едік» дейді. Бұл әңгімені 1980-1981 жылдары ол кісінің аузынан қайта-қайта жазып алдым.

Ән зерттеу ісім ел-жұртқа әбден әйгілі болған соң, маған жер-жерден хаттар келіп жатады. Сол хаттардың бірін Сағидолла Ахметов деген кісі Қорғалжын ауданының «Кең бидайық» ауылынан жолдап, Біржан салдың таптырмай жүрген:

Ахоу, Шідерімді,
Берген Құдай ежелден тілегімді,
Тал түсте шідерімді ұрлап алып,
Мұнша неге қорладың сүйегімді.

Асыл тасым,
Көлбай, Жанбай бірге өскен замандасым,
Көктен жел, жерден шайтан тіпті алған жоқ,
Шідерімді жасырған қарындасың.

Қара көктен,
Шідерімнің бағасы шым жібектен,
Жіп болса, қайыс болса мен не етейін,
Ішім күйіп барады сол себептен.
Ләйлім-Жүніс
Шідерімнің балағы шистай күміс,
Поштабай арадағы әпермесе
Мұның арты болады бір жиылыс,—

деп келетін «Шідер» әнін жолдапты.

Сөйтіп, Біржан салдың «Ләйлі», – деп соққан жүрегінен туған кәусар әндердің төртеуі де осылайша ел жүрегінде сақталыпты. Ал ел арасына кең тараған «Ләйлім» әнін (сөзі Мақсұтбек Майшекиндікі)

Ақан серінің әні деу қателік. Дәл осы ән қазақтың ең таңдаулы лирикалық әндерінің ішінде бұлбұл әуезіндей ерекше дараланатын жайсаң ән. Біржанның тебіреністі жүрегiнiң тұнығынан шыққан мөп-мөлдiр лирика. Атақты композитор Сыдық Мұхамеджанов: «Мен «Ақан сері – Ақтоқты» операсын жазғанда бір лирикалық сәтті қандай музыкамен бейнелесем екен деп, көп толқып жүріп Біржан салдың «Ләйліміне» тоқтадым. Опера жазу процесінде мұндай мысалдар болып жатады» – деп еді осы жолдардың иесіне.

...Бүгінде Көкше елінің арман қуған еркебұлан жастары: «Көкшенің әр жігіті Біржан болса, Көкшенің әрбір қызы – Ләйлім шырақ!» деп романтикалық жырларды шалқытып жүр.

АХАУ, ӘРИАЙДАЙ...

«Ахау, әриайдай» әні өз кезінде жан баласының үні жете бермейтін Біржан салдың асқақ дауысын әуелетіп, аспандағы аққудың жан толқытар әуезіне жалғағандай бір кең тынысты, биік ән еді. Біржан сал осы әнімен де шалқып баққан. Ал заманның құбылмалы бір тұсында, иә, кешегі идеологияның ықпалымен социалистік қоғамның саясатын сөйлейтін насихат құралы ретінде қыруар әндердің сөздері өзгеріске түскенде бұл ән де көріне-көзге сондай қиянатқа душар болды. Біржан салдың өз сөзі айтылмай, әп-сәтте ұмытылғандай боп, тұншығып жатты. Оған бағзы бір ақындарға жаңа сөз жаздырды. Сол өгей сөзбен біраз айтылып жүрді. Әннің о бастағы мағынасына мүлде кереғар, тіпті, үйлеспейтін, жуыспайтын бұралқы сөз. Келе-келе идеологияның бір жылымық боп жұмсарған шағында сондай кең тынысты, тебіреніс қуаты күшті «Ахау, ариайдай» әні әнші Ғарифолла Құрманғалиевтың орындауында:

Қараймын ауылыңа қаздай бойлап,
Міндетім шын тілекті айтып қоймақ.
Бірге өскен кішкентайдан құрбым едің,
Өмірді өткізейік күліп-ойнап.
Гүлдер-ай, ахау,
Гүл бағы шашқан,
Бұлбұл бастан,
Не пайда өнері жоқ шіркін жастан, гүлдер-ай!
Өзіңсің күндіз-түні ойлағаным,



Айнымай орындалсын басты арманым.
Алыстан ат терлетіп барғанымда,
Алдымнан қабыл алшы, қалқажаным, –
деп келетін сөзбен де айтылды.

Біржан салдай поэзия, музыка піріне жанастыруға келмейтін, тіпті, әншейін жібі түзу қара өлең деуге де болмайтын сандырақтаған арзан шумақтарды осылайша теліп, есіл әнді әбден қор қылды. Сөйтіп, Біржан салдың бұл әнінің сөзі енесінен адасып қалған жетім қозыдай боп, зымырап жатқан уақыттың бір қалтарысында булыққан күйі қала берді. Өзінің төл сөзінен ажыраған ән ұмытылғаннан ұмытылып, жата берер ме еді, қайтер еді, күндердің күнінде бір опералық спектакльге ерекше құдірет беретін бір партия боп кірмесе... Иә, енді осы сырды қозғап көрейін... Ол хикая былай: атақты композитор Мұқан Төлебаев жазған классикалық опера «Біржан-Сараның» дүбірлеген бір сәулетті тұсы – Біржан сал мен Сараның айтысы. Бұл – операның ұлттық сыпатын ашатын керемет сцена. Осы айтыста Біржан салдың екпіні емен жығардай дауылды сөзіне ақын Сара жауабын композитордың өз әні – «Ахау, әриайдаймен» беріп, сахнаны жайнатып, жаркылдатып жібереді. Иә... иә... бір кезде ел жүрегін шалқытқан ән осылайша операға жұтылған күйінде назардан тыс қалып қойды. Жеке ән ретінде айтылмады. Біржан салдың жинағында («Жазушы» баспасы, 85 бет, 1967жыл) әннің екі-ақ шумағы бар. Өте асқақ, өр кеуделі, ірі ән – Біржан салдың өз болмысы, өз мінезі!

Осы жолдардың авторына 1981 жылдың желтоқсан айының он бірі күні Көкшетау қаласында қызы Шолпан мен күйеу баласы Балабектің қолында тұратын Біржан салдың кенжесі – Қалкеннің жары Рахия Уәис қызы (руы – Қарашакерей) «Ахау, әриайдай» әнін жыр ғып айтты: «Атамыздың арғы атасы Бергістен тараған іргелі әулет (біреулер алпыс, кейде тоқсан үй дейді,) бес ауыл боп отырыпты. Сол кездегі Көкшетау дуаны, Қотыркөл болысы дейді, осы елдің ішінде 3-ші ауылда тұрған ғой, бәрі. Біржан сал атамыздың шаңырақ көтерген жері – Бұзаутөбе, Қожағұл бидің жайғасқан мекені.

Қожамқұл атамыздың әулеті – Қарақыстау мен Шапанкүйгенде.
Байшуақ ауылы – Қызылжырақты жайлады.

Ал Бергіс атамыздың бар мал-жаны Ақшуақ байда болған екен, ол тұқым – Бекшебайды мекен етті.

Жаншуақ жас кезінде үйленбей қайтыс болған.

Бір кездерде, иә, Керейдің алпауыты, аса ықпалды Көшімбай байдың тұсында сонау Қызылжар жақтан қоныс аударып келген Бертiстiң бес беренi осылайша осы жерде ғұмыр кешкен. Біржан сал атамыз бұл ырғалған ауылдардың дәулетін емін-еркін «шашып» бағыпты.

Менің қосағым – Қалкен, Мәрә екеуі егіз. Мәресі – қыз. Оны көрдім. Монтиған сүйкімді қыз еді. Атамыз қайтыс болғанда, осы екі егіз әлі қырқынан шықпаған да екен.

Мен Қалкенге қосылған тойда Тоқтар есімді қайынатамыз «Ахау, әриайдай» әнін әуелете шырқап отырып, бір тыныс алған сәтте: «Е, балам, Біржан сал атаң қызықтарыңды көре алмай кетті. Арманының бір үлкені осы ғой. Шырағым, «келінмін», – деп қымсынып, бүгежектеме, қызымыздай боп еркін жүр. Ұлы енелеріңнің бәрі айдай сұлу болған, Әпіш енең міне – көркіне ақылы сай. Әпіш жеңеше, «Ахау, әриайдайды» Әлжан қайының үшеуіміздің алдымызда шығарды ғой, Біржан ағам. Е, есінде екен, осы жымығаның да жетеді. Ә, бәрі солай болып еді, опасы жоқ жалған», деді.

Келін боп түскен сол көктемде ел жайлауға қарай көшіп, Улықөлге, Ақтас, Қойтас деген жерлерге тырнадай тізіліп бет түзеді. Көш қыстаудан шыға бере бір боз төбенің басына тоқтады. Көп бейіт... Тоқтар атам өзі бастап, бәрімізді аттан түсіріп, менің иығыма жұқа шапан жауып, топырағы бозарып қана жатқан бейітке алып келді. Құран оқыды. Құран соңы әнге ұласты. Біреулер «кәрі жыны ұстады. Тоқтардың Құраны – ән» десіп мысқылдап тұрды. Сонда есімде қалғаны – «Теміртас» пен осы «Ахау, ариайдай».

Кейін бірте-бірте Біржан сал атамыздың отбасының бар тұрмыс-салтын ептеп түсіне бастадым. Бұл үйдің тірлігі ел үстінде екен, бар шаруасы өзін қаумалаған ағайынмен бітіп жатады, еш алаңы, еш қамы жоқ. Қараңыз, біреуі құдығын қазады, екіншісі отынын әкеледі, тағы біреулері самаурынына көмір дайындайды. Әпіш енем жүзінен нұры төгілген бір бекзат жан, зипа бойында бір міні жоқ, таза... Мал сойғанда шек-қарынға қол тигізбейді. Үйге кісілер келсе, қасынан табыла қоятын қайнылары Тоқтар мен Әлжан жастары ұлғайып қалса да өздері сондай сергек, ізетті, лып-лып етіп, қызмет қылып, кезек-кезек ән салады. Өз үйімде бұла боп, желегім желпілдеп жүрген кезімде:



Жайлауы еліміздің мидай дала,
Түріндей масатының күрең ала.
Ел кезіп, өз үйіме оралғанда,
Мұндасып, көңіл ашар Әпіш қана, –

дейтін Біржан сал атамыздың әнін айтушы едім. «Сол Әпіш қандай әйел, шіркін!» деп ойлаушы едім. Енді, міне, бір үйде, бір дастархан басында отырмыз жүзбе-жүз.

Әпіш енемізге бұл Тәңір жан қызығарлық ерекше бітім беріпті. Сұңғақ бойлы, тіп-тік жүреді, қараторы жүзіне күлкі үйірілгенде сондай мейірлі жан, адамға төгіле қарайды. Бірақ өте сирек күлетінді. Сабырлы, бір ойға кетсе ұзақ уақыт сөйлемей, іштен тынады. Қай қасиетіммен жақтым, білмеймін, кейде оқыс күлдіріп, «жібітіп» алам.

Бір жолы Әпіш енеме еркелеп: «Апа, осы сіздің атыңыз аталатын «Ахау, ариайдай» әнін тыңдағанда неге уһілей бересіз? Көңілді ән емес пе, ол?» дедім.

Әпіш енем миығынан жымыып, үндемеді. Күрсінді.

Ал ән сырын Тоқтар атамнан білдім. Ол былай екен- Атбасарда сол кезде Сатуке дейтін базардың даңқы жер жаратынды. Сол базарды Біржан сал атамыз әнмен ашып жүріпті. Қыркүйек айында басталған базар қызығына барған атамыз сол елді әнмен сел-сел ғып, бозқырау түсе ауылға оралады екен. Сатуке (қазақтың «сату» деген сөзін орыс келімсектері «Сатуке» деп атап кеткен деседі. – И.Ж.) базарынан қайтқан бір сапарында енді ғана атынан түсіп, бала-шағасымен шүйіркелесіп отыра бергенде атамыздың үлкен ағасы ел тұтқасы – Нұржан атамыз келіп, бірден ұрса жөнеледі: «Әриайдай! Бұл не әриайдай? Ол көшіңе көлік, үйіңе сойыс, ошағыңа отын, қатын-балаңа киім-кешек болып жатыр ма, тегі? Отырмайсың ба, қаңғыра бермей! Әриайдай... ариайдай!» деп жерді бір теуіп, үйден шығып кетіпті. Сол сәтте сырттан: «Оу, Біржан ағатайым келді, келді!» деген дауыстар естіліп, үйге Тоқтар мен Әлжан кіреді. Екеуі де атамызға немере, соңынан ерген әнші інілері. Атамыз бұл екеуін өте жақсы көреді екен. Әп-сәтте іштей түйіліп, ағасы Нұржанның әлгі сөзіне не дерін білмей булыққан атамыз екі қайнысына күлімсірей қараған Әпіштің сұлу ажарына таңғала сүйсініп:

Ахауға мен салайын, Әпіш жарым,
Дүниенің сездірмей-ақ жоғы-барын, әриайдай!
Өмірің көрген түстей өтер, кетер,

Кімдерге мирас болмақ жиған малың, әриайдай!
А-хау, бұлбұл бастан,
Не пайда өнері жоқ шіркін жастан, әриайдай!
Ахауға мен салайын әриайдай,
Артымда құрбыларға сөзім қалды-ай, әриайдай!
Үш жүздің баласына еркеледім,
Әншілік бұдан артық болсын қандай, әриайдай!
Ахауға мен салайын он екі алуан,
Сөзімде менің айтқан бар ма, жалған, әриайдай!
Толықсып толарыңда толған жақсы,
Өтерсің бізден-дағы дүние жалған, әриайдай! –

деп шырқап қоя береді.

Атамыздың дауысы естілгенде ауыл адамдары топырлап жинала қалады. «Ахау, әриайдай» сол күннен бастап Көкше аспанында қалықтай береді. Үйіндегі осы жағдайдан кейін іле-шала атамыз сырқаттанып жатып қалыпты. Нұржан атамыз өз ісіне өзі өкініп, қатты қамығыпты.

Бақсам, Біржан атамыздың сол кезден-ақ басы ауыра бастапты. Әр нәрсені ұмыта беретін болады. Ел аралап, ән салып, думандатып жүріп, бір жерде бөркін, бір жерде қамшысын, не белбеуін тастап кете берген. Нұржан атамыз осыған намыстанып, қатты қамығып: «Біржаным-ай... бұлбұлым-ай» деп өбектеп, бар тауқыметін көтереді. Сол кездерде Тоқтар мен Әлжан «Ахау, әриайдай» әнін айтса болды, Нұржан атамыз көзіне жас алып, егіле тыңдап отырады екен. Ол әннің бір шумағы ғана есімде қалыпты. Қалкеннің қайғысы (күйеуі Қалкен алтын фабрикасында істеген, стахановшы атанған, ол Жаркеде (Ярмовка) алтын өңдейтін заводта он төрт адаммен бірге газға уланып өлген. Бұл қылмысты жасаған қанқұйлы топтың басы боп Серебровский «Қаззолото» мекемесінің бастығы ұсталған) маған онай тиген жоқ. Уайым шегіп жүргенде көп жайды ұмытады екен, адам. Қалкен не 1937... ой, Құдай-ай, бұл тағдыр бізді осылайша есеңгіретіп кетті ғой, бәлкім, 1938 жылы мерт болды. Ал өзімде жақсы сақталған бір суретім бар, ол 1939 жылы түсірілген. Сонда байқасаң, қабағымда қайғының мұңы бар. Сол суретті берем өзіңе».

Жоғарыда келтірілген ән сөзінің бірінші шумағы осы Рахия ападан жазылды. Ал ол кісінің маған берген өз суретін Біржан сал өміріне байланысты зерттеулерім басылған газет-журналдарға, кітаптарға ауық-ауық жариялай бастадым. Рахия апаның сұлулығына қызыққан



жандар «Қазақтың Мона Лизасы...Джокондо ғой, недеген көрікті жан!» деп қызығады.

ОН САУСАҚ

Бұл – Біржан салдың көлеңке басын ұзартқан үлкен өмірінің қалайша тез өтіп бара жатқанын еске алуы...

Біржан сал егде тартады. Тәні ауырлайды. Жүріс-тұрысы азаяды. Отырыс, думаны сирейді. Елеңдеп ешқайда шықпайды. Өзін іздеп кеп әндетушілер де байқаусыз ғана тиыла береді. Баяғыдай селт етіп сүйсіну, сүю жоқ. Еріксіз ән салдыратын ду-ду өмір ол да ұмыт болғандай. Жоқ жерден толқытатын құмарлық, әсер, әлденеге көз тігіп, ұмсыну ол да суыған. Біржан сал өзге түгіл өзіне түсініксіз хал кешіп, «өмірдің базары тарқаған екен ғой», деп дел-сал бұйығы тірлік әуенімен жүріп... ал... бір күні қайта «оянды» «бұлғақтап», жер-көкке сыймай, күні кеше ғана өзі сайран салған жерлерді аңсап, дүр сілкініп тарта жөнелді. Үлкен Қарой, Жайылмадан бір-ақ шығып, Күрсары Керейдің Дуадақ, Сақал Төбет, Бақтыбай, Малайсары, Кигентай ауылдарында:

Домбыра күйге келер бұрауменен,
Келіспес сөз жүйесі құрауменен,
Гүлденген бәйшешектей шіркін жастық,
Келмейді енді қайтып сұрауменен.

Ал он саусағым бір баспай,
Жүрмін қалай жер баспай.
Жиын-тойдың ішінде,
Ән салушы ем осылай.

Келгенде сөз жүйесі іркілмеймін,
Жорғадай жолға салған бүлкілдеймін.
Келгенде мынау жасқа кәрілік жеңіп,
Секілді ақбас бура күркілдеймін.
Мінеки, келіп қалдым талай жасқа,
Ағарды нысан кіріп сақал шашқа.
Отыз бен қырық бестің арасында,
Болушы ед, сөзім ортақ кәрі-жасқа.

Сұрасаң, төрт момынның жүйрігімін,
Үш жүздің алға ұстаған тұйғынымын.
Бас та емес, аяқ та емес осы күні,
Ноқтаның жуан сағақ тұғырымын, –

деп бір тосын әнін шырқайды.

Кейін бұл ән – «Он саусақ» деп аталып кетеді.

Ел ішінде айтулы әншілердің көзі өткен соң ол ұмытылғандай елеусіз жата берген. 1981 жылдың желтоқсан айында Біржан сал Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, тағы басқа да ірі дарын иелерін зерттеп жүріп, Көкшетау облысы, Володар ауданы, «Қарасев» совхозының «Бірлестік» бөлімшесінде тұратын суырыпсалма ақын, әнші Байжұман Ғабдуллин ақсақалдан осы әнді магнитофонға жазып алған едік.

Байжұман орта бойлыдан жоғары, кең иықты, кесек бітімді, кимылы шапшаң, ақсары кісі. Ол сонау бір жылдары Чкалов ауданындағы «Амандық» совхозында агроном боп қызмет етеді. Сол ауылда Нұрымның Беркімбайы деген қарт әнші тұрған. Беркімбай Біржан салды көрген, Ақан сері, Үкілі Ыбырайлардың соңынан еріп, үлгісін, өнегесін көріп, әндерін үйреніп, серілік құрған. Үкілі Ыбырай жазықсыз жапа шегіп 1929 жылы түрмеге түскенде, сол кезде елде ауылнай боп жүрген, өзіне өте қадірлі Ахметқалиға жолдаған ең соңғы «Қалдырған» әнінде:

«...Қалдырғаным» сол артыма,
Айтып жүрсін халқыма.
Ауызының ебі бар еді,
Беркімбайға бергейсің! –

дейтін Беркімбай осы кісі.

Байжұман «Он саусақты» сол Беркімбайдан үйренген.

Байжұман – биік тенор, домбыраны өте қатты бұрайды. Және әнді алапат күшпен қуырып, бездіріп, безектетіп әкетеді. Байжұманның орындауында «Он саусақ» тоқтаусыз ағылады, қайырмасында өзін-өзі зорға тежегендей боп кең шайқақтап, ақыры лақылдаған, жалындаған, бұла сезімге ие бола алмай, екпіні емен жығар жойқын желдірмеше жөңкіле береді. Кешегі Құдайберген Әлсейітов, Иса Байзақовтардың белгілі желдірмелерінің түп төркіні осы «Он саусақта» емес пе екен, деген ой жатады жүрек түкпірінде. Бір ғажабы, Мұқан Төлебаевтың «Коммунизм оттары» атты патетикалы кантатасында да «Он саусақтың» қуатты лебі еркін сезіліп, желдірмелетіп жүреді де отырады.



ТЕМІРТАС

1964 жылдың жазы...

Қазақ радиосының концерттік студиясында қарт әнші Байғабыл Жылқыбаев ән жаздырып жатты. Бұл кісімен студияда репетиция кезінде танысып, өзі жайында шүйіркелесе сөйлесіп үлгірдім. Оның әр әні өмір, тағдыр хикаясы; жүректі арман-тілекке ұмсындырған құштар сезімді махаббат шәрбәті; ал өзі ағыл-тегіл шабыт иесі, толғаулы үнінің шегі жоқтай адамның небір асыл сырларын қозғап, жан түкпіріне шымырлата терең бойлап, әрқилы қиялға шомдырып, жанға жайлы майда қоңыр қалпынан жазбай ағыла берді, ағыла берді. Бір кезде ол орнынан тұрып, дыбыс режиссеріне «сәл тұра тұр», дегендей оң қолын көтеріп, ишарат білдірді. Қалтасынан орамалын алып, тершіген жүзін сүртіп, біраз үнсіз отырды. Әлден соң:

Ал жазайық! Біржан салдың әні «Теміртас» – деді ол, ойланған күйі:

«Ей, Біржан деп атым шықты алты алашқа,
Құдайым берсін ғұмыр Теміртасқа.
Жасына алпыс бестің келгенімде,
Құдайым берді науқас ғаріп басқа...а-а-а,» –

деп зар төкті.

Қазақтың қарапайым сөзінің қаншалықты жанға тиіп, қасірет шектіретінін алғаш рет сол сәтте сезінгендей үнім шықпай, қаттым да қалдым. Әннің жүрек сыздатқан ұзына бойында бір сирек бітімді үлкен ғұмырдың хикаясы шертіліп, оның бірде сүйінішті, бірде күйінішті болған ауыр сәттері «аһ дүние!» дегізіп, сай-сүйекті сырқыратты. Күйзелісті дастан секілді шертілген ән төрт-бес минутта айтылып біткен соң зор денелі әрі сондай ықшамды, сергек жан Байғабыл студиядан шаршап, қалжырап, сүйретіліп шықты.

- Е, солай інішек, Біржан салдың «Теміртасы» осы. Ол жайында айта берсе сөз көп. Оған көңіл хошы үйлескен жайбарақат уақыт та керек. Бірақ бұл сапар оның реті келе қоймас. Асығыспын. Әзірше, «Теміртасты» кімнен үйрендім? Осыны ғана айтсам болмай ма? Менің мекенім – Павлодар облысы, Май ауданы. Бір жағы Баянауланың бөктеріненмін. Мен өзім Ертісті өрлеп ән салған кешегі әнші Естайдың көзін көріп, қасында жүрдім. Әсеттің де, Майраның да әндерін үйреніп, әрқилы әңгімелерін, өздеріне ғана аян, өзгелерге құпия лебіздерін тыңдадым. О, ол күндердің қызығы мен ләззатты сәттерін айта берсек ол жан тебірентер ғажайып әңгіме

гой. Бүгінде соның бәрі көрген түстей бұлдырап, мүлде алыстап барады. Баяғыда Арқадағы әнші атаулы жан-жақтан тоғысып, бірін-бірі естіп білмесе де таныса сала тосырқамай, жатсынбай үйлесе кетіп, Қоянды жәрмеңкесінің ду-ду қызығында әрқайсысы сілкіне жұтынып, домбырасын бебеулете толғап, әуелетіп ән шырқайтын еді. Мен де болдым, сол Қояндыда. Е, ол думанның несін айтасыз, ақ Ертісті жағалап кеп, тұп-тұнық боп ағатын Есілді өрлеп, Біржан сал Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Естай, Майра, солардың төңірегіндегі жас бөрідей дүрілдеген сал-серілер әнін айтып, өз әлімше мен де шайқақтап бақтым. Әсіресе, Біржан салдың «Теміртас» әні бір қол жетпес армандай көрінуші еді, онымен көбіне бағзы бір әншілерден анда-сонда бір естіп қалып, алыстан аңсап, өлердей құмартып, толық үйреніп алуға ынтықтым да жүрдім. Ал бір күндері ол тілегім оңынан келді, «Теміртасты» маған Естай мен Қосымжан берді. Бұл әнді үні ағыл-тегіл Қали да біледі екен, одан да талай рет тыңдадым. Ақыры «Теміртасты» нық сеніммен үйрендім. Естай, Қосымжан, Қали, осы кереметтердің бәрі мені тыңдады. Бәрі-бәрінің мақтау сөзін Қали Байжанов: «Қапы жоқ... қапы жоқ!» деген сөзбен сездіргендей болды. Ал біздің елге анда-сонда концерттік сапармен келетін Манарбек пен Жүсіпбек талай рет тыңдап, «Теміртасты» өзіңіз ғана осылайша айта беріңізші, – дейтін.

Сол жолғы әңгіме осымен тынды.

Арада бір жыл өткен соң Байғабыл Алматыға тағы да келіп, радиостудияда ән жаздырды. Бұл кезде Біржанның «Теміртасына» деген жұрттың ықыласы керемет еді. Музыка редакциясына бір күнде жүз хат келсе, соның жетпіс-сексені «Теміртас» әнін сұрайды. Осы жайды Байғабылға айтып едім, ол кісі қатты қуанып, жер-көкке сыймай тебіреніп:

– Біржан салдың бұл әнінен де ауыр бір әні бар, ол да соңғы әндерінің бірі, – деді.

Бұл жолы Майра жайында біз білмейтін қилы-қилы тағдырдан сөз қозғады. Майраның жар қызығын көре алмаған ауыр жағдайы тұңғыық сыр екен. Қайдағы бір орысқа да қосылған сәттері аянышты сезіммен жүректі талықсытты.

Байғабыл асығыстау болды да әңгімеміз жалғаспады.

Ал жаңағы бір сәтте айтып өткен Біржан салдың соңғы әндерінің бірі, ол қандай ән? Кейін бұл сауал санамнан бір сәтке де шыққан жоқ. Ойландым да жүрдім.

Арада уақыт өте берді...



ТЕЛҚОҢЫР

1971 жылдың маусым айының бас кезінде қазақ радиосының фольклорлық экспедициясының алғашқы сапарын Оңтүстік Қазақстан облысының Жетісайынан бастадық. Жетісайдың музыкалық театрында әнші артист Мұқтар Өтебаевты кездестіріп (ол бұрын Алматыда болатын), осы бір тұла бойы әнге тұнған, сері көңілді аяулы жаннан Ақан сері, Естай, Мәди әндерін жаздық. Бір кезде ол: «Менде бұрын естілмеген халық әндері бар еді, осы оңтүстік жағының әндері. Сосын Біржан салдың «Телқоңыр» деген әні бар, оның екі түрін білемін», – деді.

«Телқоңыр?» – деп мен Мұқтарға таңғалғандай боп аңырып, қарап қалыппын, – Бұл ән ұмытылған, мүлде айтылмайтын ән еді, тек Біржан салдың әр кезде шыққан жинақтарынан көргенім бар.

– Иә, сол «Телқоңыр».

– Оны кімнен үйрендіңіз, Мұха? – дедім.

– Байғабылдан...ана бір жылдары Павлодар жағында гастрольдік сапармен жүріп жүздескемді, ол кісімен.

Мына сөзді естігенде іздеген жоғым, ең қымбаттым, асылым табылғандай толқып кеттім. Сөйтіп, сол жолы Мұқтар Өтебаевтың орындауында «Телқоңырдың» екі түрі пленкаға түсті.

«Телқоңыр» кезінде Біржан салдың таңдаулы әндерінің бірі еді. Бұл ән Көкше еліне белгілі ағалы-інілі қос берен Көлбай, Жанбайдың сұлу қарындасы – Ләйлімге ғашық боп жүрген кезінде шыққан деседі. Ел сөзінің дені осы. Негізінде, «Телқоңыр» әнінің тарихы былай: Біржан сал кейде Арықбалық, Айыртау одан былайырақ Сырымбет жағында әндегіп жүріп қалай болғанда да ебін тауып, Ләйлімнің аулына соғып жүреді екен. Сондай бір сапарында Ләйліммен және оның төңірегіндегі жайсаң жастармен бірге болып, бар дүниені ұмытқандай шалқиды бір. Ал бір күні ауыл төңірегінде жайылып жүрген Телқоңыры өзінің ауылына қашып кетеді. Біржан сал атының жоқтығын, жаяу қалғанын сылтауратып, Ләйлім қыздың қасында бола түскісі келіп, тағы біраз күн кідіріп бұл ауылдан шыға алмай қояды. Оған ел жастары мәз. Күнде жиын, күнде сауық. Біржан сал сондай бір думанды күндерде «Телқоңыр» әнін шығарады. Сонда ол:

Телқоңыр қайтып кетті елге таман,
Ит-құстан болар ма екен есен-аман?
Ит-құстан барса жақсы есен-аман,

Дау-жанжал бүліншілік елім жаман, – деп баяғы Көкшетауда өткен сентябрь жәрмеңкесінде Қылдықарауыл елінің азулы болысы Азынабайдың поштабайы домбырасына жармасып, ән салдырмаған сол бір налалы сәт есінен шықпай, әрі сол оқиға өзіне ниеттес Жанбота мен әлгі шатаққа дес берген Азынабайдың арасындағы араздыққа ұласып, Керей елі мен Қарауыл елі бір-бірімен өкпелесіп жүргенді. Біржан сал осы әніне сол келеңсіз жайды да тілге тиек етіп «Дау-жанжал бүліншілік елім жаман» деп, қисындастырып жібереді.

«Телқоңырдың» бірінші түрінде Біржан салдың өз әні «Жалғыз аршаның» көтеріңкі лебі сезіледі, әсіресе, қайырмасында. Ал осы қайырма ырғағы биіктей түскен кезде ол ашынған жүректің ызасына толы «Жанбота» әніне соғып өткендей болады.

Ал келе-келе «Жанботадағы» ашу салқындағандай боп, ол жүрек сыздатқан «Адасқақ» әніне ұласады ғой. «Адасқақтың» еріксіз қабақ шыттыратын әсері «Телқоңырдың» екінші түрінің қайырмасында байқалып қалып отырады.

«Телқоңыр» әнінің бұл екі түрі сол 1971 жылдың тамыз айында актер, әнші Мұқтар Өтебаевтың орындауында алғаш рет радиодан берілді.

Осы кезде «Теміртас» әні ел жүрегін тебіренге толқтытып жатқанды. Сол бір күндерде Байғабылдың орындауындағы әндердің пленкасын мен сыралғы досым Өмірзақ Айтбаевқа берген едім. Өмірзақ сол әндердің ішінде «Теміртасқа» ерекше мән берді. Алматыда келісті отырыстар мен келелі жиындарда «Теміртасты» ойлы жүреппен тыңдатты да жүрді.

Бір тамылжыған сары күз еді, Алматыға қырғыздың белгілі режиссері Болат Шәмшиев келді. Ол «Ыстықкөлдің алқызыл гүлдері» атты жана филімін түсірудің камында жүр екен. Әлмеғайып кездесе қалдық. Пікірлесіп отырған бір сәтте Өмірзақ домбырамен «Теміртас» әнін орындады. Оны ұйып тыңдаған Болат Шәмшиев бұл әнге таң-тамаша боп қатты толғанды. Кейін Москвада бүкілодақтық кинометография комитетінің студиясында Өмірзақтың орындауында осы әнді магнитоленкаға жазып, өзі түсірген «Ыстықкөлдің алқызыл гүлдері» филіміне арқау етті. Бұл Біржан сал әнінің әлем көгіне шығуы деген сөз!

1978 жылғы наурыз айының екінші жартысында Қарағанды облысының Егіндібұлақ (бұрынғы Қу ауданы) ауданын араладым.

Елдің арғы-бергі тарихынан деректер жинадым. Атақты Қоянды жәрмеңкесі 1848 жылы осы жерде ашылған екен. Мұнда жыр жүйріктері Шөже, Жанак, Орынбай, Біржан сал Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, Естай, Ғазиз, Әсет, Жарылғапберді, Айтбай және оның ұлы Ғаббас, Мәди, Майра ән шырқап, жыр толғады; Тәттімбет, Тоқа сияқты шертпе күйдің пірлері, бұларға қоса бір өзі сары дала боп аңыраған қобыз күйін сорғалатқан Ықылас, осы кереметтердің бәрі-бәрі Қояндының жәрмеңкесінің төңірегін дуду думанға бөлеп жатты. Біржан салдың жер мен көктің арасында қалқыған асқақ үні бүкіл қазаққа осы жерден де тарады. Қояндыда Біржан сал өмірінің небір қызықты сәттері ел ішінде осы күнге дейін жыр болып, сыр болып айтылып жүргеніне көзім жетті. Тіпті, сонау Алтай, Тарбағатай жағынан жәрмеңкеге келген сол елдің сергек сезімді айтулы әншілері де Біржан салды осы жәрмеңкеде көріп, сүйсіне тыңдап, әндерін өз аузынан үйреніп, елдеріне ала кетіпті.

АЙБОЗЫМ

Біржан салдың соңғы әндерінің бірі еді, ол.

Адам баласын дәйім үміт жетелейді, Ал ол бірден өшкен бе, сірә? Біржан сал бас ауру дертіне шалдығып, кейде есінен танып, үйден бір қадам шығуы мұң болып, қанша жадап-жүдеп жасыса да, ауық-ауық сілкіне көтеріліп, кәдімгідей айығыңқырап жүрген. Оның сол жүрісін «Айбозым» әнінен байқайсыз.

«Айбозым» әні ә дегеннен алысқа қанат қаққысы келіп, бір қызу қуатпен іштей бұлқына ыңыранып, бірте-бірте ширыға түсіп, құлашын жая көтеріледі. Ән Біржан салдың әлі де болса қауқары барын, жүрегінен әлі де жалындай ыстық леп шығатынын анық сездіреді. Шырқап қалған паң көкірек әлі де болса кең тыныс алып, кеңістікке құлаш ұрып, шарықтауға бар. Бірақ әттең, уақытты ұрлап, өз әуені, өз әуресімен жылжып жатқан мезгіл, аяққа шырмалған шырмауық секілді еркіндікке жібере қоймайтын бір тынымы жоқ тіршілік тауқыметі және қапияда жабысқан мына дерті өз дегенін істейді екен. Әр нәрсенің белгілі бір өлшеулі мерзімі болса, ол әрине – өмір. Біржан сал соны алдын-ала болжай ала ма, тегі? Біржан сал үшін көп өмір сағымдай бұлдырап, қарауытқаннан қарауытып, тым алыста қалған. Біржан сал өзін емін-еркін шалқытқан сол сүйінішті

күндерін ойлап, іштей тынып сағынады. «Айбозым» әні – сол өткен күннің бар жақсылығын ұмыта алмаған ізгі жүректің жан тебіренісі, сарғайған, сабылтқан сағынышы! Бойынан дәрмені кетіп бара жатса да соны ұмсына аңсап зарыққаны. Бар көрген қызығын алақанына салып дүние сырын кең шолатын ғұлама абыздарша толғанады.

Біржан салдың осы әнін біраз жыл бұрын естігелі бері мен дәйім осылайша ой құрсауында, толғаныс сәтінде жүрдім... о, ол қай жылы еді... қай жылы?

Есімде екен, бір жолы радиоға бір иман жүзді, ізеті мол, байсалды кісі келді. Мен де ибалы мінезбен жылы қарсы алдым. Ол кісі портфелінен алып, маған бір магнитопенканы көрсетті.

– Шырағым, менің аты-жөнім – Әбілғазы Боқанов, – деп өзін сыпайы ғана таныстырды, осы пленкадағы әнді тыңдап көрші.

Пленканы магнитофонға салып тыңдай бастадым. Ән өте нашар жазылыпты. Әнші де қарт кісі екен, үні қырылдап, кей сөзі анық ұғылмай, иірімі, тіпті, жұтылып қап, үзік-үзік боп сырылдап естілді.

Әбілғазы бұған әбіржіп, қатты қысылды, не дерін білмей, өкіне бас шайқап, ыңғайсыздана қозғалақтады.

– Біржан салдың «Айбозым» деген белгісіз әні – осы, шырағым.

Әбілғазының қара торы жүзі дуылдап, кірпігіне жас үйірілді. Пленканың мына жарамсыз сиқын көріп, өзін кінәлі жандай сезініп, іштей қусырыла түсті.

– Осы әннің соңында Ақан серінің жұрт білмейтін «Қара жорға» дейтін әні де бар, – деді Әбілғазы, – Оны да осы әнді орындаған Шаймұхан ақсақал жаздырды. Бұл өзі жаны сырлы, көкірегі ояу, нәзік сезімді, есті жан. Еңбекшілер ауданындағы «Казгородок» деген селода тұрады. Кешегі бір күндері екінші Ұлы Отан соғысына қатысып, басынан жаракат алған, бүгінде ол өз ауылында орманшы. Мен өзім осы Алматыда тұрамын. Пенсиядамын. Жақында Көкшетауға барып, елдегі сыйлас, қадірлес жандармен жүздесіп, Шаймұхан ақсақалдың әндерін тыңдап, сол сапарда облыстық радио жігіттерінің көмегімен осы әндерді жазып алып едім. Біржан салдың, Ақан серінің аруағы разы болсын, деген тілегім еді шырағым, осы бір аманат қалай орындалады, енді?

Пленка сапасыз жазылса да оны қайта-қайта ойнатып, тыңдай бердік, тыңдай бердік. Ән бірте-бірте зердеме мықтап тұрып орныққандай, дүдәмал ойым сейілгендей боп, бұл құбылысты байқаған Әбілғазының жүзі де жылып, «Айбозымның» бар



болмысы ап-анық көрінді. Тек...тек қана қайырмасы жоқ. Бұл қалай? Толғанысты ауыр әуез аһ ұрғыза уһілететін қайырманы тілеп-ақ тұр. Осыған аң-таң болдым.

Иә, тап сол сәтте көкіректе «Айбозым» әні жатталып, сайрап жатты. Көз алдымда осы әнді кең тыныс ала, күрсіне толғаған Қайрат Байбосынов тұрды. Бұл әнге мақпалдай жұмсақ, қою үнді, әрі мейлінше қуатты, өткір дауыс керек екен. Тенор дауысқа мүлде жат ән. Оған тек Қайрат сияқты мол қарымды әнші ғана келеді. Әбілғазы менің осы ойымды сезгендей зор дауысты әншілерді сөз етті. Әсіресе, Қали Байжанов, Мұрат Толыбаевтарға қайран қалды. Мен Қайратты алға тарттым. Әбілғазы ол жөнінде менің пікірімді қуана қуаттады да, сол пленканы маған аманат етіп тапсырды.

Әуелі «Айбозымды» өзім үйрендім. Кейін ол пленканы Қайратқа тыңдаттым. Ол менің алдымда өзіне ұнамайтын, әлбетте, дауысына келмейтін әндерді алмайтынды. Менің қабағымнан қаймығатын да еді. Соның арқасында ол ылғи өрелі, өте күрделі, қиын дейтін нағыз классикалық әндердің бағын жандырды. Сол Қайрат... «Айбозым» әні Қайратты қатты тебіrentті. Ол әнге бар ықыласын салды, үйрене бастады, тез меңгерді. Оның бұл қасиеті кез-келген әншіде болса қані. Жаңа жоғарыда айтып өттім, әнде қайырма жоқ еді, осы жеріне Қайрат көп дағдарды. «Бұл қалай? Қайырмасы неге жоқ, әлде ол пленкаға жазғанда жазатайым үзіліп қалған ба?» деп түкке түсіне алмай біраз жүрдік. Ақыры «Айбозым» әнін зерттей түсейік, Көкшетауға барып, Шаймұхан ақсақалды тауып, әннің мән-жайын білейік, деп түйдік.

Арада екі-үш жыл өтті...

«Бұл ән қашан шыққан? Біржан сал қандай халде еді, өмірінің сол бір күндерінде?» Осы сауалдар ақыры мені 1981 жылдың желтоқсан айының оныншы жұлдызында Көкше жеріне, «аққу әні» дерлік сұлу әндер қанат қаққан сал-серілер еліне алып келді. Біржан салдың 150 жылдық (мен ол кезде қазақ радиосы музыка редакциясының бас редакторымын. Орталық комитетте Біржан салдың мерейлі тойын жан-жақты әзірлікпен өткізу үшін мәдениет министрлігі мен радио және теледидар комитетіне арнайы тапсырмалар берілген. Сол мақсатпен біздің басшылар мені Біржан салды зерттеу үшін Көкшетауға жіберді. – И.Ж.) тойына орай зерттеу жүргізуім керек.

Көкшетау жерінде көк орманы сыңсыған Зерендіні айналып, Имантау, Айыртау, мына жағы Шортанды көлін жағалап, Бурабайдың ішін кезіп, одан әрі Сырымбет саласына астық. Сырымбеттің

жұлдызы самсаған аязды түнінде осы маңға Біржан салдың жиі келіп жүріп, Шыңғыс төренің үйінде шырқаған сәті, Шоқан екеуінің жұлдызы жарасып, сырласып дос-көңілдес болғаны, жиын-тойларда өзінен жасы үлкен ақын-әншілермен шарпысқан кездері – бәрі-бәрі ұзақ әңгіме боп шертілді.

Сол әңгіменің бірі «Айбозым» әнінің шыққан тұсына дәл келеді.

Бұл Біржан салдың өзгелер түгіл өзі түсінбей мең-зең боп, ауық-ауық есінен танып, күн өткен сайын реңі сары жұрттай солғын тартып, торыққан кезі еді. Дертіне дауа таппай айласы құрыған Нұржан, Ержан дейтін екі ағасы діншіл дүмшелердің сөзіне иланғандай боп, Біржан салды ауылдан шығармай, қайдағы бір бақсы-балгерлерді, молдаларды алып келіп әлекке түседі. Ол дүмшелер «Біржанға бірдеменің шалығы тиген» деп даурығысып, оның үйіне келетін кісілерге, араласқан дос-жаран, сал-серілерге тыйым салады. Біржан сал бұл қорлыққа көне қоймайды. Ал оның сырын жақсы білетін жанжары Әпіш: «Ештеменің шалығы тиген жоқ, бос сөз. Тек басы ауырады», – деп безек қағып қорғаштай берген.

Рас, Біржан сал жасы алпыс беске иек артқанда әрнені ұмыта берген. Осы халін «Теміртас» әнінде: «Толғанда алпыс беске келді қонақ» деп дертке шалдыққанын айтады ғой. Алғаш рет ол Тайынша жәрмеңкесінде болып, одан қалың Қарауыл ішінде сайран сап, біраздан кейін елге қайтқан кезінде өзінің қайда барып, қайдан келгенін, кімді көріп, қандай ән айтқанын мүлде есіне түсіре алмай аңырған. Тек әйелі Әпішке ғана шағынғандай боп:

– Осы менің басым...басым... Жатайыншы, ұйықтайыншы. Менің үстіме ешкімді кіргізбеші, – деп тұнжырай мүлгіп, көп күн төсек тартып жатып қалған.

Есін жиды-ау деген бір күні Әпіш оған домбырасын береді.

Сонда Біржан сал өзінің домбырасын сипалап көріп:

– Бұл кімнің домбырасы? – деп басын шайқайды, аң-таң боп.

Мұны ағалары Нұржан, Ержан, Айшуақтың немересі Әлжан, Байшуақтың немересі Айғожа, оның баласы Тоқтар көреді. Сабырлы, бірақ мінезі қатты Нұржан Әлжанға ымдап «Домбыра тартшы» дейді. Әлжан сал-серілер тобына қосылған алғыр да бетті жігіт еді. Ол ағасын аяп, жылап жібере жаздайды. Нұржанның суық, сұсты қабағынан қаймығып, өзін-өзі зорға тежеп, Біржан салдың «Жалғыз аршасын» айтады. Ал Біржан сал болса бұл әнді сүлесөк халде, көзінің нұры қашып, мәңгіріп отырып тыңдайды. Содан соң ешкімге

тіл қатпастан тысқа шығып, Жөкей көлін жағалап, іңір көлеңкесі секілді аяғын ілбіп басып, өзімен-өзі болып кете барады.

Әлжан мен Тоқтар сырттай бақылап жүреді. Бірақ жақындауға, қасына баруға қаймығады.

Бұл – Біржан сал ауылының Жөкей көлінде күзекте отырған кезі. Улыкөл, Сынтас, Жарты Омар, Қырыққұдық, Мамай көлінен қайтқан ел әдеттегідей боқырауда Жөкейді көмкере қонып, бірін-бірі шақырысып, той жасап, ат жарыстырып, көкпар тартып, мәре-сәре боп дуылдасып жатқан шақ. Ал Біржан сал осы ауылдың бірін де танымайды... Емші молдалар оны байлап-матап ұстайды.

Кейде басы ауырмай, көңілі хош боп, балалары Ақық, Асыл, Теміртастарды ойнатып отырғанда Әпішке:

– Осы мен жындымын ба, әлде ел жынды ма? Ана екі қайнағана не болған? Мені ауылға қамай бергенше мына Қатаркөлдегі фелшірге көрсетпей ме, түге? Мұнысы несі? Әпіш, сен соларды ақылға көндірші, -деп қиылады.

Сонда Әпіш оның жан күйзелісін түсініп, етерге айласы болмай, іштей егіліп отырса да, сонысын сездірмеуге тырысып:

– Біржан, сен әлі-ақ жазылып кетесің. Сол Қатаркөлдегі фелшір өзіңе айтып еді ғой, басына суық тиген. Соның зардабы... батпандап кірген дерт мысқалдап шығады. Бүгін сондай шырайың кіріп, тамаша боп отырсың. Сен маған бір ән салып берші, -дейді зорға... зорға күлімсіреп.

Көптен бері қолына домбыра ұстамаған Біржан сал сап-сау қалпындағыдай әлденеге өкіне бас изеп: «Қайран, жан серігім!...» деп емірене тебіреніп бір-екі шертіп қоя салады.

Сонан соң күңірене күбірлеп:

Жөкейдің ат суардым тұнығына,

Ажалдың кім көнбейді құрығына?

Кешегі ел қыдырған есер кезде,

Қызыл су жұқпаушы еді жұлығыма, –

дейді, нұры қашқан жанары шексіздікке қадалғандай боп.

Әпіш оған үн шығармай, үрейлене, ұрлана қарайды. Қараған сайын күйеуінің реңі қуарып, көзі шүңірейіп, дәрмені кетіп, діңкелеп отырғандай көрініп, жүрегі су ете түседі.

Біржан сал киіз үйдің есігінен сарғайған далаға мұңая сүзіліп, тағы да жүректі діріл қақтырып, зәрені алған өлеңді құдды бір әлденеге асыққан тағатсыз жандай түйдек-түйдек етіп айтып тастайды да,

үнсіз түйіліп, теріс қарап, меңірейіп жатып қалады.

Күннен-күнге Біржан салдың науқасы осылай асқына берген соң Нұржан ағайындарымен ақылдасады. Көзі ашық біреулері «Омбыға, орыс дәрігерлеріне апару керек» дейді. Бірақ оны ешкім қостамайды. «Шалықтаған ауруды дәрігерлер жаза алмайды. Анау Ақан сері де ылғи өзен жағалап, тау-тауды кезіп, перінің қыздарымен кездесіп, далаға түнейтін көрінеді. Онда да бірдененің шалығы бар» десіп, дәйексіз, парықсыз сөйлейтін жандар өзді-өзі гу-гу боп, Нұржанның басын қатырады. Ақыры әрнені байыппен, сабырмен өлшеп-пішетін, сөйтіп тоқтамды сөзге, тиянақты келісімге үйлестіре қоятын бипаз жан Ержан тұрып әркімнің әлгіндей ойын іштей қисындастырып, «сенікі дұрыс емес, сенікі жөн» деп уәж айтпай бәрі-бәрін: «Біржанды жеке үйге шығарып күтуіміз керек» деген бәтуаға келтіреді. Бәрі Ержанның дітіне келіседі. Әсіресе, Зеренді жақтан алып келген қутыңдаған бір молда мұны қуана құптайды. Сонымен, жеке үй тігіліп, Біржан салды сол үйге шығарады. Нұржан болса бұл ауылдың тұтқасы, ат үстінде жүрген старшина, өнебойы Көкшетау, Ақмола, Омбы жағын шарлайды да жүреді. Әлгі келісімді жөн көрді де ауылдағы тірлікті Ержанға, тағы басқа інілеріне тапсырып, шаруа ығытымен Омбыға кетті. Ал ауылда Біржан сал үшін өмір болып көрмеген бір сұмдық – дүмше молданың азабы басталады. Алты қанат үйдің ортасын белуардан қазып, ылғалы шылқылдаған сазға жалаңаш денесімен шалқасынан жатқызып, үстін бір қанат керегемен жауып, оның жан-жағын ауыр тастармен бастырып, молда оны осы күйде үшкіріп, бетіне анда-сонда тұзды суды бүркіп: «Кет бәлекет! Кет бәлекет!» деп тағы бір түсініксіз бірдемелерді міңгірлеп, қолындағы ағаш тостағанды есік жаққа лақтыра салады. Тағы бірде әлгі тостағанға тағы да тұзды су құйып, әлгі әуресін қайта бастайды. Көзін жұмып, қолы байлаулы жатқан Біржан сал тісін шықыр-шықыр қайрап: «Кет! Жоғал сұмырай! Шеш қолымды!» деп бұлқынады. Амал не, босануға дәрмен жоқ. Көрдей сап-салқын сызды жастанып үнсіз қалады. Жеке тігілген осы үйге тамақты, сусынды Әпіштін өзі ғана әкеліп беріп отырады. Балаларын жолатпайды.

Бір күндері бұл қорлыққа көнгісі келмеген Біржан сал тордағы арыстандай ақырып, тулаған толқындай ширыға жұлқынып, осы сұрапыл күш қалай келгені белгісіз, кеудесін көтеріп кеп қалғанда, бетін жапқан керегені иығымен сүйрете тұрып, үйдің есігін



тепкілеп, быт-шытын шығарады. Қолын бұған шылбырды тісімен тістелеп, бұрқырата үзіп, қасында не істерін білмей қалбақтаған молданы қылғындырып, өлтіріп қоя жаздайды. Бірақ көптің аты көп, бейберекет шуласқан біреулер кеп, бәрі жабылып зорға дегенде басып, Біржан салдың қолына тағы да бұғау түседі. . .

Біржан сал солай жатқан бойы тұла денесі қалтырап:

А, дүние, өтерінді біліп едім,
Білдірмей серілікпен жүріп едім.

Бұл күнде арық койдан бағам кейін,

Үш жүзді сайран қылған Біржан едім, – деп өксікті үнмен үнсіз мүлгіп, ірені ел көшкен сары жұрттай сарғайып, шаршаулы халде жата береді, бар дәрменнен айырылып.

Бұл үнсіздік көп күнге созылады. Әкесі жатқан үйді айналақтап Асыл, Ақық, Теміртастар жүреді мұнайып. Жұрттың балалары сияқты емін-еркін алаңсыз ойнау жоқ. Үй ішінде тырс еткен дыбыс білінсе, жандары қалмай есіктен, іргеден сығалайды. Молдадан зәрелері қалмай қорқады, оны жек көреді.

Молданың ойына не түсті, оны Құдай білсін, ол Ержанмен бір сөйлесіп отырып: «Науқастың беті қайтты, інің үйіне шықсын, менің де өз иттірлігім бар. Осындағы бір саудагерлердінде алашағым бар еді, сол неме сынаптай сырғап, сырғактап ұстатпай жүр, соны тауып алайын» деді де, өз жөнімен кете барады.

Біржан сал үйіне шыққан соң өңі кіріп, кәдімгідей есін жияды. Әпіштің шәйін емірене ішіп, бала-шағасымен шүйіркелесіп, келім-кетті кісілермен көңілді сөйлесіп, бұған ауыл жұрты қуанысып, мәз-мәйрам болады.

Ауыл іші осылайша жамырасып жатқанда Баянауыла жағынан Жаяу Мұса, Сырымбет, Қоскөл саласынан Ақан сері тобы келеді. Тәңір тілегін бергендей Біржан сал сол күндері баяғы сап-сау қалпындағыдай жадыраған көңілмен қуана қарсы алады.

Сау етіп сал-серілер келген соң, о бастан әнші ауыл бар тірлікті қойып, түгел жиналады. Біржан сал үйінің баяғы дүбірлеген базарлы шағы қайта оралады. Ду-ду сөз, әзіл-күлкі жарасып, Әпіштің де пешенесі жазылып, Біржан сал да құлантаза жазылғандай серпіліп, өзінің сергек күйіне түседі. Балаларын еркелетіп, тіпті өрісте жүрген жылқыларына дейін барып, келген қонақтарын тау-тоғайдың ішіне апарып, көл жағалатып, сейілдеп, үй шаруасына да араласады. Құдайдың құтты күні дуылдаған сауық-сайран, келісті отырыстарда

біресе Жаяу Мұса, біресе Ақан сері, оларды қоштаған жас әншілер кезек-кезек ән шырқап, Біржан сал бәрі-бәріне сүйсініп, қолпаштай сөйлеп, еркелете көтеріп, емірене тыңдайды.

Бірнеше күннен соң бұл сауық та басылып, Ақан серілер елдеріне қайтады. Біржан салдың қасында тек қана Жаяу Мұса ғана қалады. Ол Біржан сал ауылында бұдан бұрын да талай рет болғанды. Бұл сапарда ол тағы да Шорман әулетінің қуғын-сүргінінен бой тасалап, Көкше жақты сағалап, Біржан салға кеп ат басын тіреген. Енді, міне, екі әнші өзімен-өзі жеке отырып, сөздері жарасып, көкейдегі мұңдарын шағысып, тұрмыс-тіршіліктің тауқыметін де ойлап, тағдыр тәлкегіне душар ететін әрнеден түңіліп, не замананы, не адамдарды жазғырарын білмей көңілсіз ғана бас шайқасады. Екеуін де өмір қыспағы қинайды. Қарап отырса сүйініші де, күйініші де қатар жүретін көп беймаза күндер алыстап артта қалған. Сағымдай бұлдырап көп дәурен өткен. Соның бәрін сөз еткен Жаяу Мұса Біржан салдың қасында болады.

Біржан салдың жақсы көретін Әлжан, Тоқтар деген екі әнші інілері, ауылдағы басқа да жастардың басын қосып, думанды жиынды қайта жалғастырады. Оған таңданатын ештеңе жоқ, дәйім әндетіп жататын ауыл бұл. Сондай бір отырыста Біржан сал тебірене сөйлейді:

– Ә, Жаяу, сенің Мұса деген есіміңе осы сөз жамалды да кетті. Оған етің де үйреніпті әбден. Басыңнан кешкен қоқайдың бәрі Шорман әулеті «Жаяу» деп атағаннан бері басталған бір шырғалаң ғой.

Біржан сал ащы мысқылмен осылай дей бергенде Тоқтар мен Әлжан бір-біріне қарасып ымдасты да, әлденеге әштей келіскендей болады. Әлгі сөзден кейін Біржан сал мен Жаяу Мұса ойлана түйіліп қалғанда Тоқтар домбырасын ыңыранта шертіп:

Болдыңдар ел менен бай, жер қожасы,
Төгілер тасығанның мейманасы.
Түсімде талқан болып, қара кидің,
Жібермес зәбір көрген көздің жасы, –

деп өткір үнмен тістене әндетеді.

Әннің екінші шумағына ойысар сәтте Жаяу Мұса ойлы жүзін төмен салған күйі оң қолын көтеріп, «Тоқта» дегендей ишарат білдіріп, басыңқы үнмен жайлап сөз бастады: – Жә, Тоқтар інім, осы да жетеді. Бір кезде осылай дедім, Шорман әулетіне. Ақылға тоқтамаған ағайын бір-біріне осылай дейді екен. Айтылған сөз –



атылған оқ, осы кикілжіңмен өмір өткен сайын кей сөзім артықтау кетті ме, өзімді өзім жазғырып, өз жанымды өзім жегендей боламын. Шорман әулеті мен Байжан әулеті әуелде қаймағы бұзылмаған, бір-бірін силасқан ағайын еді. Ал бір күндері боқ дүниенің әуресі, не қолдағы биліктің буы, арамызға қандай сайтан жүгіріп өтті, кім білсін оны, дүние қандай кең болса да біз жүрген жер тар бопты. Соған итше ырылдасып таласқан жағдайымыз бар. Тіршілік етіп жатқан ата қонысымыздан айырыламыз деген ой кімнің қаперіне келген? Біздің дау, мен көрген қуғын-сүргін содан басталды. Жаным күйіп айдауда жүргенде қайғы-қасіреттен жан-жарым Сапар дүниеден өтті. Гауһарым мен Салығымды жетектеп, сағым сынып, барар жер, басар тау қалмай сандалғанда айтып ем әлгі әнді. Пендемін, кейде өзіме-өзім кеп бастан кешкен кейістікті ақылға салғанда ашу пышақ екеніне көзім жеткендей боп жаңағы «Шорманов» деген әнімнен өзім бас тартқандай болам. Неге? Мына кең дүниеге симаған Шормановтар да, мен де өтемін дүниеден. Бұл жазмыштың анық ісі, ал біздің кейінгі ұрпақ кектескен күйі кете бере ме? Өштікті ұмыттырмайды әлгі ән. Бір-бірімізге бес күндік қонақ боп өмір сүргенде келер төлімізге қалдыратын сол өшпенділік қана ма? Біржеке, менің жүрегімді ұйытатын бір шер күйігі осы. Осы ойымды қалай деп түсінсеніз де «Ақсиса», «Хаулау» әндерімдегі ешкім басу айтпаған ашуызам Шормановтар әулетімен арадағы шатақты шиеленістіре түсті. Соның удай ащы уыты «Шорманов» әніне бітіспейтін кектің зар-запыраны боп құйылғанына өкіне бас шайқап: «Ағайын арасы ащы боп кетті-ау. Ымыраға келтіретін тірі пенде де болмаған ба, Құдай-ау?» деймін өзімнен өзім құлазып. Бәлкім, Шормановтар әулетінің естісі Мұса мырза да мен сияқты: «Ұлтарақтай жер үшін арадағы осы дау зәузатымызға нағылет сөзін айттыратын жаман мысал боп қала ма тегі? Өттегене...» дейтін шығар. Пенде ғой олар да. Осылай ойлаймын, Біржеке, бұл менің солқылдақтығым емес, алған бетімнен қайтқан Жаяудың дәрменсіз сөзі емес, бәрі-бәрін ақылға салған, тоқтамға келген өкінішті жанның жүрегін шаршатқан уілі деп біл. Ал Токтар, саған да айтам Әлжан, осы әнді көп айта бермендер.

Жаяу Мұсаның осы сөзінен кейін Біржан сал да демін ішке тартып, жеңіл күрсінді: – Менің «Жанбота», «Адасқақ» әндерім Керей мен Қарауылдың арасына жайсыз тиді. Ә, Жаяу, Мұса мырза қандай ел тұтқасы болса, мен шағынған Жанбота да сондай сабаз,

тілім тиген Азынабай да жалпақ елге қадірлі. Менің налам да өзін айтқандай Керей мен Қарауылдың кейінгі ұрпағының бір-біріне тісін қайрайтын өштесу боп кете ме, Құдай-ау, деп өз-өзімнен таусылып, тұнжырайтыным бар.

Біржан сал осылай деді де әңгіме-дүкеннің ауырлап бара жатқанын сезіп, Тоқтар мен Әлжанға ым қақты. Сөйтті де елең еткен екеуіне күлімсірей қарап отырып, Әлжанның қолындағы домбыраны ұстай алады. Сөзі көмейіне тығылып, бұрын әу деп ашық дауыспен айтпаған «Теміртас» әнін бастайды. Осы әннен кейін ол бір зар қосбасарға түсіп кеткендей, әлденені ұмытқандай боп, біраз іштей түйіліп: – Бір жолы, шілде айы, өстіп бір айыққан кезім. Айшуақ атамыздың асыл жануарлары ғой, соның бірі айдай сылаңдаған Айбоз атқа мініп, көңіл шіркін желдете сүйреп Қарой, Жайылмадағы Керей ағайындарға қарай тартты. Неше күн сайран салдым, есімде жоқ. Бір күндері мауқымды басып елге қайттым. Айдалада аңырата шаптым. Ол күш маған қайдан бітті, оны да білмеймін. Қайран Айбозды ақ сабын ғып терлетіп, қатты қинадым, жынды адамдай екілене қамшылап. Ауыздығымен алысып, арындап шапқан Айбозым бір кезде, қара жер төңкеріліп кетті ме, Құдай-ау, омақаса кеп құлады. Одан кейін не болды? Екі көзі адамның көзіндей жаудырап, тұяқ серппей жатқан жануарыма жыламсырай қарап, жүрегім тілім-тілім боп:

Айбозым, айқай бозым, даңғыл бозым,

Ел шалғай, жүре алмадым, жалғыз өзім, –

дедім, тер жуған басын құшақтап.

Біржан сал осылай дей беріп кілт бөгеледі. Домбыра шертісі жүрмей қояды, бірақ ұмсындырған әуен заматта ұмытылғандай боп құсын алдырған аңшы секілді аңыра дағдарып, оны тыңдап отырған Жаяу Мұса, Тоқтар мен Әлжан, Әпіш бәрі-бәрі үнсіз тынады. Біраз іштей булыққан Біржан сал көз алды бұлдырап тағы да әуелгі шертісін тапқандай:

Сүйікті, сүйіскенді сағынғаннан,

Талады қарай-қарай екі көзім, –

деп Жөкейдің салқын лепті даласына телміре көз тігіп, көкірегінде аһ ұрғызған күрсініс бар, дүние түнеріп, қара аспан сазарып, төңіректегі тірлік үні өшкендей, жападан жалғыз өзі меңірейіп қалған бір мүсәпір кейіпте:



Өзіңнің теңдес құрбың болмаған соң,
Өтеді енді кімге айтқан сөзің? –
дейді де, домбырасы сылқ етіп, қолынан түсіп кетеді. Бұдан кейін
ләм-мим сөз болмайды. Бұрын-соңды айтылмаған мына бір ән бәрі-
бәрінің көз алдына өткен өмірдің елесін әкелді.

* * *

Арада екі-үш күн өткенде Нұржан Жаяу Мұса мен Біржан салды
үйіне шақырып, қонақ етеді. Осы отырыстың үстінде Біржан сал
шамырқана толқып, көгілдір таулары мүлгіген иен дала күңіреніп,
Жөкей көлі шайқалып кеткендей жанын жегідей жеген бар наласын
әлгі «Айбозым» деп атай бастаған әнімен айтып, Тәңірге, адамдарға
жалбарынғандай зар төгеді.

Сол күннің ертеңінде Нұржан ана жолы өзі Омбыға кеткенде
Біржан салды байлап-матап, елде жоқ осы ем-доммен қинаған
молданы таптырып алып, ешкімге араша бермей, ошақ басындағы
бұрқыраған күлге аунатып, өлімші ғып сабап, ауылдан бездіреді.
Біржан салға жеке тіктірген әлгі үйді жұрт көзінше өртеп жібереді.
Ауылды Қожағұл бұлағының басына қондырады (Осы сұмдық
оқиғаны өз көзімен көрген Біржан салдың немере қарындасы жүз
төртке келіп қайтыс болған Әміре есімді әже өле-өлгенше айтып
жүрген. Мен Қөкше жерінде болғанда ол кісі тірі еді. Біржан сал
үйінің Әпіш ұстаған ағаш табағын осы кісінің қолынан алдық. Ол
табақ біздің үйде тұр. – И.Ж.)

Бірте-бірте Біржан салдың қабағы ашылып, сергіп, сауығып,
ел аралап жүруге жарай бастайды. Жарамды атқа мініп, Жаяу
Мұсаны, екі інісі Тоқтар мен Әлжанды ертіп, Бауырқарағайды
жайлап отырған Мөңтік ауылына келеді. Мұнда өзінің қадірлесі
Жетібайдың Омарының үйіне түседі. Осы үйде Омардың інісі –
әнші Оспан да болады. Оспан сөзге шешен, ақылға зерек, әнді терең
сезіммен толғайтын сері еді. Ол қатты қуанады. Ойда-жоқта Біржан
салдың келе қалғаны оның науқасы жайында ел арасында қаулаған
неше түрлі гулеген лақап сөз, өсек-аяңның бәрін бекерге шығарады.
Бауырқарағайдағы дуылдасқан сауықшыл ел Біржан сал мен Жаяу
Мұсаны көп күн қонақ етіп, әннің неше атасы айтылып, бәрі мәре-
сәре боп, мол қуанышқа кенеледі.

Біржан сал «Аһ, дүние!» дегізетін әр сөзі қас қағым сәттік өмір
барқын көз алдына әкелетін «Айбозым» әнін аңыратады. Жұрт

сілтідей тынып, Біржан салдың қайратына қайран қалады. Ән әр жүректің нәзік қылын уһилете шертіп, көңіл түкпіріне қорғасындай боп құйылады. Біржан сал күңірене толғап, шыйрай түседі.

Біржан сал еліне қайтарда:

– Ал Оспан шырағым, алты қырдан ән асырған жақсы күндерім, бозбала кезім, қолпаштаған елдің ду-дуы аз күндік әуре ме еді тегі, соның бәрін емірене ойлап, сендерді аңсап, әлсіз жүрегіме ыстық қан толтырған «Айбозым» бұл. Бұл енді саған аманат, Оспан! «Біржан салдың әні еді» деп іздеушілер сенен тапсын, бұл әнді! Енді мен де бүйтіп жүре бермеспін. Ел арасы шалғай, бәрі-бәрі көз ұшында бұлдырайды, тек соған қарайлай-қарайлай өтермін мен де!..

Солай Оспан, сүйікті сүйіскенді сағынғаннан, талады қарай-қарай екі көзім – дейді.

«Айбозым» әні сол күннен бастап Оспанның кең тынысты қоңыр үнімен бүкіл Көкше жерін шарлай берді, шарлай берді.

* * *

1981-жыл, 17 желтоқсан...

Сол күні Көкшетаудан шығып, Еңбекшілдер ауданындағы «Қазгородок» селосына келдік. Қасымда Қорғанбек Аманжолов, Жанатай Бекенов деген екі журналист бар. Бір-бірімізді жақсы білетін едік. Біржан сал өмірін зерттеуге олар да қызықты. Менімен бірге жүрді.

«Айбозым» әнін білетін Шаймұхан ақсақалмен мектеп директоры Болат Бекеновтың кабинетінде кездестік.

Әңгіме де үйлесе кетті.

– «Айбозым» әнін сіздерге Әбілғазы жеткізген екен ғой. Сол жолы әнді облыстық радионың бұрынғы директоры Әуез Өтеев жазып алып еді. Сырқаттанып, бабым болмай жүргенде айтып ем,- деп Шаймұхан ыңғайсыздана сөйлеп, ақсары өңіне ып-ыстық қан ойнап шыға келді.

Өзі мейлінше ізетті, сабырлы жан екен, ойланып отырып, сөзді кесек-кесек тастайды, жүзі аса мейірбан, үні баяу, қоңыр. Жайлап қана сөз бастады:

– «Айбозым» әнін бала күнімнен айтып келем. Әкеміздің інісі Оспан Біржан сал тобындағы айтулы әншінің бірі еді. Дауысы мейлінше зор, әрі биік, қуаты да мығым еді. Ол әндеткенде үні таудың қоңыр лебіндей жаныңды жай таптыратын. Кейде күркіреп кеткенде, құдды бір тау үңгірінен дауыл бұрқағандай алапат екпіні



жан шыдатпайтын. Бұл қасиеті Біржан салға аумай тартыпты. Сондықтан болу керек, Біржан сал да Оспанды өзгелерден бөлекше жақсы көріпті. Мұны әкеміз ылғи тамылжытып айтатынды. Оспан – ұзын бойлы, қой көзді, жұқа, қағылез, ақсары кісі.

Сол Оспан ағамызға осы елге қадірлі Бейімбет деген кісінің қызы Мәйкені айттырып, бір топ игі жақсы, сері жігіттер барыпты. Бейімбет жөн сөзге тоқтайтын, көпті көрген, білікті кісі екен. Үйіне ауыл жастарын жинайды. Болашақ құдаларымен әңгімесі жарасып, еркін шүйіркелесіп, Оспанның әншілігіне сырттай қызығып жүретінін айтып, оның бір ән салып беруін өтінеді.

Қайынатасының тілегін ол қуана құптайды. Онсыз да ән тілеп отырған ілкімді жігіт әуелі Біржан салдың «Ләйлімін» бастайды. Жан-жүректі елжіреткен бұл әннен кейін Бейімбет қатты риза болып: «Сендей ізбасары бар Біржан салдың не арманы бар екен!» дейді. Отырған әлеумет бұл ілтипатқа жандары сүйініп, «Адамда арман-тілек таусылған ба, Бәйеке, Біржан ағамыздың «аһ, дүние!» дегізетін бір әні бар. Оспанға сол әнді айтқызыңыз» деп кеу-кеулей жөнеледі.

Оспан Біржан салдың «Айбозымын» айтады...

Әннің ә дегеннен жабырқау халге түсіретін ауыр сазы, жүректі тілгілеген әр сөзі мына жарық дүниеде жалғыздықты сезіне бастаған жанның Тәңірге, тағдырға жалыныш үніндей естіледі. Еріксіз үһілетеді. Пенде шіркін өзінің өлшеулі өмірінде әр нені сүйіпті де, әр неден күйіпті де. Қайткен күнде де «Айбозым» өткен дәуренді аңсата беретін ән.

Осы оқиғаны Оспан ағамыздың жары Мәйкенің інісі Нұрғали көп айтатын еді. Нұрғали да қызыл тілге жүйрік, ешкімге дес бермейтін балуан, топ бастайтын, жиын-тойдың көркі дерлік серілігі бар, жақсыларды жанай жүретін кең қолтық зиялы жан еді.

Оспан ер көңілді, үйіне кісі үйірілген, өмірдің бар-жоғына қарамайтын, қолы ашық берен кісі болды. Суқаны сүймейтін сұйық мінезді берекесіз, сөзінің дәйегі жоқ дауасыз жандарға қатал еді, оларды маңына жуытпайтынды. Сол болмысымен менменсіген әлдіден, әкімдерден ықпады. Сұлу ат мініп, құмай тазы ергіп, Ақан серімен де пікірлес боп сауық құрып жүрді. Біржан салға ерген, оның тағылымын алған әншілердің көбі Оспанды ерекше сыйлайтын еді. Оспанның Ақық, Кәту, Мәшекер деген қыздары болды, е, олардың көркі, әсіресе, Кәтуі көмейіне бұлбұл ұя салғандай тамаша әнші еді. Өзі менен сәл үлкендеу. Оспан аға осы Кәтуе екеуімізге ыждағатпен

домбыра үйретті. Кәтудің үні әкесінің үніндей кең, өткір, әнді бабымен тамылжытатынды. Өзі өнді, сұлу қыз боп, жұрт аузына ерте ілікті, той-томалақтың сәнін келтіріп, әніне жан біткенді құмар ететін, ынтықтырып қоятынды. Жігіттің жігіті толғайтын «Айбозым» әнін Кәту өз бойына сиымды етіп жан тебіренге айтатын. Мен бұл әннің терең сырын әуелі ағам Оспаннан, Кәтуден ұқтым.

Сол Кәту қыр гүліндей құлпырған шағында шырқап жүрген әнін шорт кескендей тұншықтырып, Оспан ағам қандай азғырынды сөзге ерді білмеймін, және өзі тасжүрек те адам емес еді, аяулы қызын жылатып-сықтатып Шеріпқали дегенге әйел үстіне берді. Кәту сол сұмдықтың шер күйігін тартып, күйзелді де, тым ерте дүние салды. Ерте солған гүл еді ол. Соның зары ма, білмеймін, өз қателігіне қатты өкінген Оспан ағам маған: «Кәту күңіrentкен Біржан салдың «Айбозымы» саған аманат!- деді, көзі кілкілдеген жасқа толып. Оспанның сол бейшара кейпі күні бүгінге дейін көз алдымнан кетер емес. Дүниеден қайтарында іштей жеген Кәтудің қайғысы қатты сындырып: «Кәтуім... Кәтуім» деп жылағаны да есімде.

Тоқтаусыз ағылған мезгілдің бір күндері дүниені дүбірлетіп Біржан сал өтті, Оспан өтті, Кәту жоқ...

Солардың үніне толқыған Жөкей көлі жатыр... Небір үнмен жаңғырыққан Оқжетпес тұр көкке шаншылып... Көл де суалады, тау да, тас та мүжіледі, үгіледі... Бірақ ән... ән өлмейді екен, шырағым! Иә, иә, «Айбозымдай» жан дауасы болған әндер өлмейді екен...

Шаймұқан ақсақал осылай деді де көзінің алды кілегейленіп, ақырын күрсініп, біраз үнсіз қалды. Сергек көңілді сыралғы Болат оған күлімсірей қарап:

– Енді «Айбозымды» жаздырсаңыз болады. Ана жолы біздің үйдегі отырыста айттыңыз, үніңіз таза, ашық еді, – деді.

Жаратылысынан биязы жан бұл қолпашқа жай ғана езу тартып, мақұл болғанын сездірді. Шаймұқан ақсақал:

Айбозым, айхай бозым, даңғыл бозым,

Ел шалғай, жүре алмадым жалғыз өзім... –

деп ә дегеннен шымырлата тартып, толғанысты көкіректің уһілеген лебін шығарды. Әнде қайырма жоқ, бар болғаны екі жолдағы әуен. Бұл қалай?

Сүйікті, сүйіскенді сағынғаннан,

Талады қарай-қарай екі көзім,



Шаймұхан ақсақалдың қоңыр үні бәсеңдеп, мұная үзілдірді. Дәл осы сәтте менің жүрегімде «ха-ла-лаку-лиллай-лиллай, лиллай, лила-лау, ха-ла-лаку-лийла-ай, лила-лай» деген қайырма желісі тартылып бара жатты. Шаймұхан ақсақал үшінші соңғы жолдарды бастады. Менің «Айбозымым» онымен қатар өрілді. Осы әнмен алай-түлей боп бұрқаған көңілімде не боп жатқанын қайдан білсін, ол кісі? Оны ешкім, көз алдымда үнсіз ұйыған жандардың ешқайсысы сезген жоқ. Шаймұхан ақсақал:

Өзіңнің теңдес құрбың болмаған соң,

Өтеді енді кімге айтқан сөзің! –

деп, сарсыла, таусыла аяқтағанда жүрегімде емін-еркін түзіле қалған әлгі қайырма сары санамен уһилете қалжыратып, тоқтаусыз ағылып, алыстап шексіздікке жұтылды.

– Мамырлаған қапалы қайырмасы бар еді... Соңғы жылдары, кешегі соғыстың зардабы... басымда зақым бар. Ұмытыппын. Осыған қиналам. Қандай ән еді, бұл! Қайран Біржан салдың не көрмеген жүрегі, – деді Шаймұхан ақсақал басын изеп.

Қыс өтіп, көктем келді.

Шаймұхан ақсақалдың магнитопленкаға жазылған толғаулы үнін әнші Қайрат Байбосыновқа бердім. Мен оған: «Әзірше үйрене бер. Қайырмасы бар. Кейін берем» дедім. Ол сол қайырманы тағатсыз күтті. Ақыры бір күні маған телефон соғып:

– Лаға, ертең сенбі. Студияда дыбыс режиссері Меркен Баятақов «Айбозымды» жазатын болды. Солай келістік. «Айбозымның» қайырмасын үйренуім керек, – деді Қайрат, әдеттегіше қымсына сөйлеп.

Меркен – студиядағы ең тәжірибелі дыбыс режиссері, ол Қайратқа ғашық, Қайрат оған ғашық. Екеуінің мәмілесіне мен де қызықтым да, телефонмен «Айбозым» әніне қосқан қайырмамды айтып бердім. Қайрат екінші рет айтқызыған жоқ: «Рахмет, аға, магнитофоныма жазып алдым», – деді. Сөйтіп отырғанда он-он бес минуттан кейін ол қайта телефон соғып:

– Лаға, енді тыңдай беріңіз!-деді.

Әнді тұтас тыңдаған сол бір сәт...сондағы толғаныс, сезім бұлқынысы... о, оны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес еді. Алты жол, бар болғаны алты жол өлеңмен бір адамның үлкен өмірін толғапты Біржан сал! Мен тебірене толқып, Қайратқа телефон шалып: – Үйде бол. Қазір Тиыш апаң екеуіміз саған соғамыз, «Айбозымды» өз

аузыңнан тындаймын, – дедім.

«Айбозымды» Қайрат Біржан салдың өзі боп аңыратты.

Кейін радиодан «Айбозым» атты музыкалы новеллам берілді. Әннің бар тарихы айтылып келіп, ең соңында Шаймұхан ақсақалдың орындауында жазылып алынған негізгі нұсқа, оған ілесе Қайрат Байбосыновтың «Айбозымы» мен қосқан қайырмамен жүрек сыздатты. Новелла біткен сәтте телефон шылдыр ете түсті. Құлағыма тоссам, Қазақ ССР халық артисі, композитор Сыдық Мұқаметжановтың қоңыр үні:

– Новелланы тындадым. Ана жолы кездескенімізде «Айбозымды» айтып бердің, қайырмасы жоқ дедің, мен дағдара ойланып қалдым. Енді, міне, мына новеллада қайырма бар. Сен неге сонда «қайырма жоқ» дедің, жоқ емес, бар! Біржан салдың өз рухы, өз лебі – ол. Ал бұл қайырма қайдан шықты?

Мен Сыдыққа қайырманы қалай қосқанымды айттым.

– Ә, бәсе, солай болды де. Біржан салдай құдіретті жанның толғанысын түсінген жүректің ісі – ол. Табиғи қиысып, астасып жатыр, «мына жері қалай?» дегізбейтін, иә, тұтас құйылған бір мығым дүние болыпты. Оны жан толқыта қозғаған Қайраттың үні!

«Айбозымды» боз далада боздатқан Біржан сал күндердің күнінде қапыда үзіліп қалған қайырмасын жалғап жіберетін ұрпақ боларын сезді ме екен сол күндерде, а? – деді, Сыдық үні дірілдей толқып.

Менің көзіме кілкілдеп жас толды.

Сол көктемнің сәуір айының екінші жартысында Көкше жеріне тағы да жыл құстарымен қайта оралдым. Біржан салдың жүз елу жылдығы обкомның бір өресіз бірінші хатшысының көргенсіздігінен (той деуге аузың бармайтын сол жиынға мәдениет сарайының дәл іргесінде отырған Біржан салдың келіні Рахия апа шақырылмады ғой, масқара болғанда. – И.Ж.), жетім қыздың тойындай боп, елді налытып өте салды. Абайдың: «Сұм заман сыбағама сені берді» деуі осындай сұмдықтан шыққан. Бұл жолы да Жөкей көлінің жағасында «Казгородокта» Шаймұхан ақсақалмен жүздестім. Радиодан тындаған Қайраттың «Айбозымына» дән риза екен, ол кісі. Мен де қайырманы қалай қосқанымды сыр ғып шерттім.

– Қалай десек те «Айбозым» осылай еді!..-деп тебірене сөйлеген Шаймұхан ақсақал төрде ілулі тұрған мойыны ұзын, әсем жасалған жұп-жұқа, жеңіл домбырасын алып, біраз іштей толқыды.

Шаймұхан ақсақал қоңыр көзі күлімсіреп:



– Жасымнан жан серігім еді, кешегі Біржан салдың шәкірті Оспан ағамның домбырасы еді бұл, «Айбозымның» құдіретті сарынын сақтаған. Сыйладым осыны, Ал Илья інім, ал! Мың қарағайдың ішінде отырып, бір қарағайды қимасам, ол не болғаным?! Бұл – жай қарағай емес, әндететін қарағай! – деді.

«Айбозым» шертілген сол домбыра қазір менің қолымда. Оны шертсем болды, аспандағы аққу үніне ән жалғаған Біржан салдай құдіретті композитордың бүкіл өмірі көз алдымнан бір ертегі дүниесіндей өтеді де жатады, өтеді де жатады...

* * *

«Айбозым» атты музыкалы новеллам радиодан беріле бастады. Оған деген жұрт ықыласы ерекше, оның жиі берілуін сұраған хаттарда есеп жоқ. «Айбозым» әнінің құдіреттілігіне таңғалған композиторлар мен музыканттардың, әншілердің ішінде Сыдық Мұхамеджанов бір жолы тағы да телефон соқты: – Өзіңе аян, менің музыкама сөз жазатын ақындардың ішінде Қуандық Шаңғытбаев пен Садықбек Адамбековке ешкімді теңгермеймін. Екеуі де менің ең адал досым. «Айбозым» деген музыкалы новелла радиодан берілген сайын Садықбек сол мезетте телефон шалады да: «Мені Ильямен жолықтыр» дейді дігірлеп. Мен оның жынына тиіп: «Немене, мен сенің справочный бюроң ба едім?» деймін былқ етпестен. Садықбек кекештене сөйлеп: «М... м... мен сенің «Жарқ етпесіндегі» ғашығыңды хозыяқан Қалдыгүлге айтып қоям. Ильяның телефонын бер» деп қорқытады мені. Ал бұл әдеттегіше Садықбек екеуіміздің әзіл-қалжыңымыз ғой, ол: ««Айбозым» әнін мен де білетін едім, Илья оны қалай тапқан?», – дейді. Садықбектің телефонын жазып ал да, жасың кіші ғой, інілік ізетінді білдіріп, өзің хабарлас, – деп мырс-мырс күледі.

Осы әңгіменің ертеңінде Садықбекке телефон соқтым. Ол кісі елпектеп жаны қалмай қуанып: – Новелланды тыңдадым. Біржан салдың «Айбозымы» сол сәтте мені ойға батырып, бар өмірімді елестетті. Сол қиял үстінде ана бір жылы Көкшетауда болғанымда Біржан салдың елі ғой, дәлірек айтсам, өзің болған Казгородок деген ауылда жібектей сызылған қоңыр үнді ұяң кісіден «Айбозым» әнін тыңдап, сөздерін жазып алып едім. Содан бері талай жыл өтті. Көп блокнотымның бірі ғой, сол жазғанымды бірнеше күн іздеп әрең таптым. Мені осындай әлекке салған сенің новеллаң еді. Оны

тыңдағанда "Казгородокта" баяғы өзім көрген Теміржан деген әншінің үнін танығандай болдым. Ол кісінің нәсілі Көкшетауды жайлаған қырғыз екен, баяғы Абылайхан заманында келген жұрт қой олар. Новеллада «Айбозым» әні алты-ақ жол өлеңмен айтылды. Ал мен жазып алған «Айбозымның» сөзін оқып, тыңдап ал:

Айбозым, аппақ бозым, даңғыл бозым,
Ел шалғай, жүре алмаймын жалғыз өзім.
Қайдасың, той-думанды қызық дәурен,
Талады қарай-қарай екі көзім.

Айбозым, аппақ бозым, шаңқай бозым,
Қартайдым көл жағалап жалғыз өзім.
Қалмады қадыр тұтар құрбы-құрдас,
Өтеді енді кімге айтқан сөзім?

Айбозым, аппақ бозым, айхай бозым,
Сарнаймын оңаша үйде жалғыз өзім.
Көтерген төбесіне қайран елім,

Біржанмен хош айтысар келді-ау кезің, – деп тоқтады, Садықбек. Садықбек «Айбозымның» сөзін осылайша баппен оқығанда мен оны қағазға түсіріп те үлгірдім. Ол сәл уһіледі де: – Әй, дүние-ай, адам өмірі ұзақ ұйқының алдындағы аз күндік серуен екен ғой. Өмірдің бар қызығын көріп, шайқап баққан Біржан сал да өткен күнге сарғая көз тігіпті. Менің жазып алғаным осы шумақтар, бәлкім, бағзы біреулердің көкірегінде басқа да шумақтары жүрген шығар... қалай десек те «Айбозым» әні осылайша тірілді, Илья, – деді.

Сәке, есіңізде ме, Көкшеге қай жылы барып едіңіз? – дедім.

Айтайын қазір... міне, блокнотыма 1969 жылдың тамыз айының он бірінші жұлдызы деп жазыппын. Тағы не сұрайсың?

Новеллада ән салған Шаймұхан ақсақалды сол күндері көре алдыңыз ба?

Көрдім. Бәрі есімде. Шаймұхан ақсақал да «Айбозымды» айтып отырып: «Е, «Айбозымды» айтқан ерен әншілердің біразын тыңдап жүрдік. Солардың бәрі ауа көшкен бұлттай жоқ қой, бүгінде. Осы Көкшені өлең-жырымен дуылдататын от ауызды, орақ тілді Орынбай ақын бар емес пе, соның Салгерей деген шөбересі «Айбозымды» жан толқытып күңіреткенде әнші біткен сілтідей тынып қалушы еді» деп еді, оны да ұмытқам жоқ. Ғафу ет, Илья, неге екенін білмеймін,

«Айбозымның» хикаясы жүрегімді ұйыта беретін болды. Әзірше саған берерім осы, есіме түскен жайларды тағы да айтармын өзіңе. Телефон соғып, жанымды жадыратып жібердің. Ал сені іздей қалып Садықты мазаласам ол бірден иліге қоймайды, оны көндіру үшін басынан кешкен махаббат хикаясын «хозяйкаң Қалдыгүлге айтам» деп қорқытсам ісім бітіп жатыр. Келесі жолы мен саған Сыдық екеуіміз жазған «Қырманға кел, қалқатай» әнінің бар тарихын айтып берем. Әзірше, хош дейін бе?

– Жақсы... жақсы Сәке, хабарласып тұрамын.

Садықбек уһіледі. Сәл үнсіз тұрып: – Әй, Құдай-ай, жастықта не өтпейді мына бастан? Бәрін көрдік. Бәрінен дәмелі болдық. Бәрінен құр қалдық. Біржан сал секілді:

Сүйгенді, сүйіскенді сағынғаннан,

Талады қарай-қарай екі көзім, –

дейміз де қоямыз. Ал сен екеуіміздің осы әңгімемізді «Айбозыммен» әндетіп бітірсең қайтеді? – деді.

Мен «Айбозымды» қоңырлатып бастай бердім...

АҚАН СЕРІ

Өнер сүйген кісіні жан рахатына бөлейтін, мейірінді қандырып, көңілінді сергітетін «Бір кезде Ақан едім аспандағы» деп аталатын ғажап кітап шықты жақында. Авторы – қазақтың көрнекті қаламгері әрі сүйікті композиторы Илья Жақанов.

Әлқисса.

Сергелдеңге салғандай азапты, ләззатты, шытырман оқиғаға толы осы бір деректі хикаятты оқып отырып Ақан серімен бірге тозақтың отына түскендей, бірге жұмақтың бағын кешкендей, бірге ғажайып ертегінің ішінде жүргендей боласың. Бастан-аяқ сиқыршыдай арбайды да отырады.

Бүгінде елде кітап аз шығып жатқан жоқ, бірақ оның бәрі оқыла бермейді. Қазақ мәдениеті тарихының айрықша саласын құрайтын сал-серілер, олардың ешкімге ұқсамайтын өмір салты, өнері, салтанаты – біздің таңдай қағып тамсана беретін кенішіміз, ұлттық байлық қазынамыз. Өкініші – қазақ топырағындағы осы бір асыл өнердің табиғаты толық ашылмай келеді.

Кейбір кісілердің тиіп-қашып жазғаны болмаса, сал-серілер

өмірін академик Әлкей Марғұланға дейін арнайы зерттеген ғалым кездеспейді. «Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер» дейтін еңбегінде Әлекең қазақтың сал-серілік өнерінің тарихына, табиғатына, ерекшелігіне кең талдау жасайды: «Сал мен сері – екеуі екі алуан, екі дәстүр өрнектері, өте ескі дәуірден сақталып, халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізіп, әдебиетке, ой-санаға игі әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. Сал-серілер қазақ тіршілігінде ерекше жаралған, дарындылық дарыған, ақындық, шешендік, күйшілік сүйегіне біткен; махаббатқа бас иген, бүкіл өмірін сұлу қыз іздеуге арнаған, мал-мүлкін аямай соның жолына құрбан еткен; ерекше киінген, жүйрік мініп, сұңқар ұшырған ерекше жандар, өмірі аңызға айналған адамдар. Сондықтан олар ел ішінде сыйлы болған» дей келе, Түрік қағанаты, Қыпшақ заманы, Қазақ хандығы дәуірінен бергі жердегі сал-серілерге тоқталады.

Шынында да сал-серілер – тұла бойы тұнып тұрған махаббат; бір жанып, бір тұтанған, өле-өлгенше еш сөнбеген махаббаттың оты мен дертінен жаралған, ғашықтық үшін жаралған адамдар. Өзге жұртта көп кездесе бермейтін; мінген аты, киген киімі, жүріс-тұрысы, өнері де, өмірі де ешкімге ұқсамайтын; махаббаттың отына өртенген, дертіне шалдыққан; ғашықтықтың азабы мен тозағын тартқандар; салдықтың салтанатын құрып, серіліктің сергелдеңіне түскен; қоғамынан, өмір сүрген ортасынан қорғаныш таппай, баяны, тұрлауы жоқ, бейопа ғұмыр кешкен; сұқтың көзіне, елдің қаңқу сөзіне ұшырай беретін; үнемі сұлу құшқан, қыз біткенді өзіне ынтық қылған ақын, әнші, композитор, аңшы әрі құсбегі; ортаңның сәні, ұлы даланың өмір салтын қалып-тастырған, Алла ерекше сұлу ғып жаратқан ғажайып құбылыс. Ел жақсылары оларды еркелеткен, үкілеп ат мінгізіп, төріне шығарған; төрелеп төбесіне тұтқан, аялап алақанына салған, аяғын жерге тигізбеген.

Салдық та, серілік те қонған, сүйекке біткен. Сал мен серіні халық шатастырмаған, екеуінің екі түрлі құдірет екенін жақсы білген. Серіні – сері, салды сал деп атаған. Мәселен, Біржан сал Дәурен сал немесе Ақан сері, Сегіз сері дейтіні содан. Біржанды – сері, Ақанды – сал деп айтпаған.

Өнеріміздегі осы бір ғажайып құбылысты, ерекше өнерді қырық жылдан бері ерінбей-жалықпай, жан-жақты, терең зерттеп келе жатқан, сал-серілердің жарқын бейнесін атқан таңдай жарқыратып

аша бастаған кісі – Илья Жақанов. Сал-серілер өнеріне, олардың өмір тіршілігіне, сән-салтанатына, асыл мұрасына, тағдырына, ұлт тарихындағы құбылыс ретінде ерекше мән беріп, арнайы терең зерттеген Ильядай зерттеуші болған жоқ. Ильяның көптен бері айызымызды қандырып, тамылжытып жазып келе жатқан эсселері, ертегідей етіп жүргізген талай теле-радио хабарлары көпшіліктің жадында.

Автор шығармашылығының ең биік белесі де, айтулы табысы да «Фолиант» баспасынан таяуда ғана жарық көрген «Бір кезде Ақан едім аспандағы» деп аталатын хикаяты. Хикаятта Ақан сері Қорамса ұлындай ел еркесінің шырмауықтай шырмалған, төрт аяқтан күрмелген өмірінің ерте-гіге бергісіз шындығы; сүйініші-күйініші, ғажап пен азапқа, ләззат пен тозаққа толы таңғажайып тауқыметті тағдыры; қасіретті, шиеленісті ғұмыры әсерлі әрі нанымды баяндалады; бұланадай биік тұлғасы шебер сомдалады. Ұлт тарихындағы қазақ сал-серілерінің өмір тарихы құштарлықпен, ыждағаттылықпен талданады; бұрын белгісіз болып келген көптеген жаңалықтармен, деректі, дәлелді айғақтармен, парасатты пайымдармен зерделенеді. Құлагерді өлтірген Батыраш емес, Барақбай екендігіне мүлтіксіз дәйектер табады; Барақбайдай, Жүсіп төредей, Бегалыдай қызғаншақтардың іс-әрекеті әшкереленеді; осы күнге дейін жұрттың жадында жағымсыз образ болып қалыптасып қалған Жанбота болыстың, Жалмұқанның, Хазірет Науанның қоғамдағы орны, өмірдегі жарқын бейнесі қалпына келеді. Ақан серінің Құлагерден басқа да Қоңырат (Салқоңыр), Көкбесті, Қарабедеу, Біржан сал мінгізген Ақбоз секілді тұлпарлары болғанының шындығына; Ақан серінің ақын жүрегіне от қойып, дертіне айналған қос Бәтима, Үш тоты (Ұрқия, Үрімі, Жәмила), Ақшабақ, ЖамАл Ақтоқты мен Балқадидиша жайын-дағы ғажайып баянға қанығамыз. Түптеп келгенде мұның бәрі қазақ арасында аңыз боп аты қалған Ақан серінің, оның «Әуеде ұшып жүрген бейнебір ғайып», «Баспа-бас қызға бермес» Құлагерінің, баянсыз махаббатының, бүкіл өмірінің осы күнге дейін беймәлім болып келген аса құнды дерегі, тарихы еді. Жүйелі зерттеу, ойлау, жазу мәдениеті жоғары автор бұл деректерді қырық жылдан бері ерінбей, жалықпай ел ішінен, архивтерден, әсіресе, Ақан өмір сүрген Көкше, Сырымбет өңірлерінен, Қасым қарияның қоңыр дәптерінен, Мағжан Жұмабаевтың зерттеуінен, Батыраштың, Ақтоқтының,

Балқадिशаның ұрпақтарынан, өзге де көз көргендерден, анығын естіп білгендерден алады. Сөйтіп, сол дәуірдің шындығын, Ақан өмірінің ақиқатын алдыңызға жайып салады.

Кітаптағы Батыраштың – қарақшы емес, Орта жүздегі текті, дәулетті, аса сыйлы кісі болғандығы; Ақтоқты мен Балқадिशаның ажарлы отбасы; олардың ұрпақтары жайлы жазылған тың әңгімелер оқушысын тебіrentпей қоймайды.

Ақан әндерін жаладан, жамаудан тазартып, қалпына келтірген де, Біржан салдың «Айбозымын», Ақан серінің «Шырмауығын» қайта тірілкен де, өзге де асылдарымыздың сөнген шырағын қайта жаққан да – Илья Жақанов.

Илья 1985 жылы Еңбек Ері, совхоз директоры Ұлтай Нұрсейітовтің үйінде Ақан серімен аталас, Қасым қарияның баласы Ербаһрам Жандосовпен кездеседі. Ербаһрам – Ақан серінің жақын туысы. Ербаһрамның әкесі Қасым қария (1896 жылы туған) Ақан сері жайында өмір бойы жазған дәптерін Ильяға бір көрсетсем деп армандап жүреді. Ақан сері өмірінің бар шындығы, елеулі кезеңдері, айтулы оқиғалары осы дәптерде қамтылған.

Дәптерді сұраушылар көп болған, бірақ Қасым қария ешкімге бермеген:

– Ақан сері әулетімізге ғана емес, халқымызға иіп бере салған Тәңірдің сыйы еді, ол жайында мына дәптерде жазылған дәйекті сөз, ауызша айтқан қыруар әңгімем – саған, сенің балаңа, балаңның баласына жете берсін.

Ақан сері дүниеден қайтқанда мен он жеті жаста едім. Түр-түсі, іс-әрекеті, мінезі, елде жоқ кірпияз қасиеті, домбыра шертісі, әндеткен үні... бар тірлігі көз алдымда. Басынан кешкен бағы мен сырын, кімді сүйді, кімге налыды... әр әнінің тарихы... Қоңыр аты мен Құлагерінің баянын... бәрін Ақан серінің өз аузынан естідім. Өзіме беймәлім көп жайды аталарымыз бен әжелеріміз, әкелеріміз бен аналарымыз, елдің есті кісілері айтушы еді. Маған отбасыдағы азын-аулақ мал-мүлік, дүние-жиһаздан гөрі әулетіміздің шежіресі дерлік осы дәптер қымбат. Менің саған қалдырар дүнием де, аманатым да – осы дәптер, – деп баласы Ербаһрамға тапсырған. Илья құнды деректердің негізін осы дәптерден алған.

Ақан сері – Қарауыл ішінде Малтабар. Арғы атасы Құдайқұл жүйрік ат мініп, ит жүгіртіп, құс салған даланың еркесі екен. Бозбала кезінде серіліктің әуресімен ауылға сыймай, думандатып ел кезіп,

әндетіп ел аралап кетеді екен. Сөйтіп жүріп бір жылы Қанжығалы елінде қызойнақта көкірегі әнге, арманға толы Кенжебикеш деген қызды ұнатып, алып қашады. Құдайқұл мен сол Кенжебикештен – Сапақ, Бекназар, Жаназар туады. Бекназардан – Жарқын, одан – Қорамса, Қорамсадан – Ақжігіт (Ақан сері); ал Жаназардан – Ибраһим, одан – Жандос, Жандостан – Қасым, Қасымнан – Ербаһрам туады.

Қорамса інісі Жандоспен ғұмыр бойы іргесі бөлінбей, ата қоныстары – Қоскөлдiң жағасында, Кеңашы, Көлденең, Қараталдың бойында бірге көшіп-қонып жүрген. Жаз жайлауы, қыс қыстауы да бір болған. Сондықтан да олар іргесі бөлінбеген Қорамса әулеті аталып кеткен.

ҚОҢЫР АТ

Пролог

1985 жыл. 30-шілде...

Имантаудағы сол бір дауылды, жауынды күн... сол күні ымырт үйіріле басталған қара нөсерде бір толас болмады; түні бойы сабалап ұрды да тұрды. Ертеңінде де басылмады. Мезгіл кіші бесінге айналып барады, күн көзі ашылар емес; мильқытыра басқан қарасұр аспанды тілгілеп, ауық-ауық найзағай шатырлайды. Имантау көлі жарқабақты жұлқылай соғып, арнасынан аса төгіліп, ақ көбігі бұрқылдап, кәрі бурадай бүлініп жатыр.

Отырған үйіміз – «Имантау» совхозының директоры, Социалистік Еңбек Ері – Ұлтай Нұрсейітовтің үйі. Ербаһрам Жандосовпен осы үйде жүздестім. Екеуі де Ақан серінің етжақыны. Ербаһрамды іздейтінім – оның қолында мені көп елеңдете беретін дәптер бар.

Ербаһрам екеуіміздің сөзіміз бірден үйлесе кетті. Ақан сері жайында алма-кезек шерткен хикаямыз өз-өзінен жүйесін тауып, ойландыра үйіріп, ұзай берді. Бір сырды бір сыр түрткілеп, көкейде жүрген кей түйткіл бұлыңғыр аңыз, жай долбар қалпынан айқындала көрініп, біраз жайға көзіміз жеткендей: «Ә, шіркін, дүние!», «Ә, солай екен ғой...», «Қисыны енді табылды», «Пау, дегеніңіз!» деп елпең қағып, тебірене қаламыз. Кей жайға қабағымыз шытылып, жүрегіміз ауырады. Бірақ Ақан сері тағдыры әлі де болса бұлдыр сағым...

Ербаһрам Жандосов – осы совхоздың бас зоотехнигі. Ой өрісі, дүние танымы, сөз жүйесіне зер салсаң өнер иесі дерлік, нәзік сезімді, сыршыл жан. Жан дүниесінің көрікті екеніне қызығып: – Баян тартады екенсің, – дедім, шешіле түскенін жөн көріп.

Ербаһрам қымсына күлімсіреп, диван үстінде тұрған баянды алды да сәл толқығандай боп, жайлап қана Ақан серінің «Қараторғайын» керілте созды. Дауыс қосқан жоқ. Ой тұңғиығына шымырлата батырып, қайта көтерілетін арманды ән іштей уһілетіп, беймаза қиялды алыстап қалған алтын күндерге қарай бұрып, әуелетіп, ұзатып әкетті. Ербаһрам әнді екі-үш рет сабырлы баппен толғана қайырды да баянды орнына қойды. Біз сезім тұңғиығына еніп, бір-бірімізді осы әнмен де ұғыныстық. Енді бар дейіміз қоңыр дәптерге ауды.

Ербаһрамның әкесі Қасым қарияның дәптері, міне, алдымызда жатыр.

– О баста арабша жазылған, деп естіп едім.

– Әкей оны төте жазумен жазды. Өте ықтиятты, бипаз кісі еді. Не жазса да мөлдіретіп, маржандай тізетін. Жазған әңгімесін жетеме жеткізе оқып беріп, кейін оны қайта-қайта сұрап, жаңылысқан жерімді сабырмен түзеп, зердеме мысқалдап қана құя беретінді. Ақан сері жайында кей сөзді «Ә, мына бір жерін ұмытыппын» деп, ауызша айтып, қағазға түскен жайларды дәйім толықтырып, байытып, тереңдетіп отыратынды. Сондықтан, бұл дәптердегі көп жай, оны тірілте орнықтыратын дәйекті хикаялар көңілімде сайрайды да жүреді. Міне, көріп отырсыз, бұл дәптерді кирилица қарпімен қайынатам көшірді.

– Түп нұсқасы сол кісіде ме?

– Иә, әлі де көшірілетін жалғасы бар. Бұрын-соңды жарияланбаған булыққан дүние, ол. Зерттеушілердің қаламына ілікпеген беймәлім жай. Әкем оны кім көрінгенге бермеді. Қызғыштай қорып, кебезесінен шығармады.

Кейде Ақан серінің Құлагері жөнінде газет, журналдарға бір әңгімелер шығып жатса, соның кейбіріне шала бүлініп: «мына шіркіндерде түйсік бар ма, тегі? Осыны «шындық сөз» деп сусылдатып жүрген сол жазғыштар Көкше жеріне келіп, ел ішін емін-еркін аралап, қария сөзді есті кісілерді тыңдап, кейбір күдік тудыратын кереғар жайларды байыппен салыстырып, анығына көз жеткізгендей боп, сенімді көңілмен дұрысын жазбай ма екен, түге!»

деп, қоңыр дәптерге ойлана үніліп, санама сан рет сіңірген Құлагердің өлімін «ол былай ғой» деп мұнды үнмен күрсіне уһілеп, оқып беруші еді. Әкейдің қирағаты сырбаз әнші Манарбек Ержановтың балбыраған сырлы үнін еске салатынды. Әкемнің тебіреністі әуезіне берілгенім соншалық, көзіме боталап жас толатынды. Құлагердің өлімі осы күнге дейін дұрыс жазылып жүрген жоқ. Бұл менің ғана сөзім емес, бүкіл Көкше елінің сөзі.

Бір жайға көзім анық жетті, мысалы, мына біз – Көкшетаулықпыз... Сонау, Ертіс жағасы... иә, Естайдың Маралдыда туған «Хорланының» мән-жайын егжей-тегжейлі білеміз бе? Не болмаса, Мәдидің беймаза өмірі... «Қаракесегінің» қалай шыққаны... сонау Ырғыз даласында «Зәурештей» азалы әннің тууы... Осының бәрі-бәрінің хикаясы жалпы жұртқа бір шама таныс болғанмен, оның кейбір тұңғыық сыры әлі күнге дейін сол ел, сол топыраққа ғана мәлім боп, булығып жатыр. Бұл- сол жайлардың тиянақты түрде толық зерттелмегендігі. Және зерттеушінің де зерттеушісі бар, гәп-солардың алмай-қоспай, пендешілік оймен бұра тартпай, түзу ниетпен байсалды түрде зерделеуінде. Дәл осы кез емес, сол кездің өзінде бітеу жарадай құпия болған Құлагер өлімінің кей кілттипаны басқалардан гөрі Көкше елінің өзіне, Ақан серінің аталасы бізге ғана аян сыр еді. Біздің сөзді кім тыңдап жатыр? Ал әдеби шығармаларда Құлагердің өлімі әлі күнге дейін түзелмейтін, жөнделмейтін баяғы бір лақап. Долбар. Жорамал. Онда дәлдік, нақтылық жоқ. Жүрегімді ұйытатын осы бір жай шындықтың шырағын көлегейлеп, сөндірумен келеді.

Бір таңғалатыным – әр зерттеушінің әр кезде шыққан мақалаларын алыңыз... мысалы, академик Ахмет Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (Алматы, 1975) мен Ғылым академиясынан шыққан «Ақан сері» (Алматы, 1963) жинағын салыстырып көріңіз. Жұбановтың дерегін Әбділда Тәжібаев айна қатесіз қайталайды. «Ақан сері» ән жинағына (Алматы, 1959) өмірбаяндық мақала жазған Мақсұтбек Майшекин келтіретін деректер де солай. Біріндегі дәйексіз дерек, екіншісінде де сол қалпында жүреді. Еш өзгермейтін жаңсақ жайлар санамызда қатып қалған бір «сенім». Неге солай? Неге? Біздің әкей де осы сауалға жауап таба алмай кетті. Бірақ аузында тәубасы бар тақуа жан Ақан сері өмірінде болған беймәлім жайдың бәрі-бәрін қаз-қалпында қағазға түсірді. Кейбір жазбаларын кезінде Ғылым академиясы әдебиет институтының қолжазба қорына

жіберді де. Соның ішінде «Ақан сері» жинағына (Ақан серінің «Үштоты» әніне кейіпкер болған жары Ұрқия сұлуға арналған өлеңдері. – И. Ж.) біраз дерегі кіріпті.

Сізді сырттай білем, әкем сал-серілер жайлы жазғаныңызды іштей құптап, ойлана бас изеп, оқып отыратынды. Амал не, сіздерді жүздесуге жазбады. Мені іздепсіз. Естідім. Мен де сізбен кездесіп, осы дәптерді әкемнің өсиеті бойынша Сізге бір көрсетсем деп жүруші едім.

Ербаһрам осылай деді де терезеден жауынды далаға сүзіле тесіліп, әлденеге далалы жандай сарыла сарғайды. Сері көңілді жайсаң жігіт көз алдымда сынып, баяу үнмен:

- Сол бір келеңсіз істі ұмыта алмай қойдым,-деді, сөзін жалғап,- ана бір жылы жазда осы Имантауға жазушы Сәкен Жүнісов келе қалды. Ұлтай ағамыз екеуі жолдас екен. Ұлтай Көкшетау еліне кісілігі де, еңбегі де белгілі, абыройы зор, кең қолтық, ақкөңіл жан. Үйі қонақтан арылмайды. Имантау көлінің жағасы дүрілдейді де жатады.

Ұлтай аға Сәкенді ертіп, біздің үйге келді. Әкей бұларды ізетпен қарсы алды. Сәкенді бұрын жүзбе-жүз көрмеп едім. Келбетті кісі екен. Бірақ сабырсыздау ма, қалай... Қызылшырайлы аққұба жүзі алабұртып, мазасыздана қозғалақтап, әкеме қадала қарап: -Қария, сізде Ақан сері жайында жазылған бір дәптер бар көрінеді,-деді, бірденнен.

Әкей жайбарақат қана:

– Иә, бар, – деді.

– Маған сол дәптер керек,-деп, Сәкен дік еткізді.

Әкем тұнжырап үндемеді. Сәкен Ұлтайды иығынан түртіп қалды да:

– Сол дәптерге дәмелі қып қойған сен едің, Ұлтай. Оны мен алмағанда бұл кісі кімге бермекші? – деді, – «Ақан сері» романын жазуға кірістім.

Осы дәптерге бір үңілсем, деп... оның дақпыртын сенен басқа кісілерден де естіп едім, Ұлтай...

Әкейдің қияқтай ғана әдемі қасы сәл жиырылды да, екі көзі шүңірейе түйіліп:

– Шырағым, Сәкен, ай-шай жоқ, кеуделеп кеп, өкірендей сөйлейтін пенден мен емеспін, дәптер берілмейді. Келген ізіңмен қайта ғой. Ұлтай, өз қонағыңды өзің күте бер. Ербаһрам, сен кідіре тұр, – деді.



Сәкен үйден шыға жөнелді. Ұлтай ағай ыңғайсыздана күйбендеп, не дерін білмей, аңырған күйі оған ілесе берді. Мен де не дерімді білмей, өзімнен -өзім ұрпиіп, құтым қашты.

Жайсыз сөзге іштей желінетін кірпияз жан қапалы күйде үн-түнсіз мүлгіп, басын шайқай берді. Әлден соң таусыла сөйледі:

– Ербаһрам, өзің білесің, бұл дәптерді көз майымды тауысып, жылдар бойы жазып жүрмін. Денім сау болса, әлі де жалғастыра берем. Сондағы мақсатым не? Міне, отырған жеріміз, жан-жағымызды келімсек орыстар қусыра қысып, құрсаулап алды. Тынысымыз, өрісіміз тарылды. Өз жерімізге өзіміз өгейіміз. Әдет-ғұрып, салт-санамыз бар қасиетінен жұрдай боп, тұрмыс-тіршілігіміз адам танымастай өзгерді. Арғы-бергі тарихымыз көріне-көзге ұмытылды. Аталы сөз адыра қалды. Мінезіміз, жүріс-тұрысымыз орысқа бейімделіп, үлкендерге «Сіз» деп, иіле сөйлейтін ізетті қазақ баласы өзіңе «Сен» деп бажырая қарап, доғалданып барады. Бүгінгі балалар түгіл, жігіт ағасы өздерің зәу-заттың не екенін білесіңдер ме, тегі? Білмейсіңдер. Топастанып, мәңгүрт болу деген осы, Ербаһрам.

Ендігі айтарым: Ақан сері тек әулетімізге ғана емес, халқымызға иіп бере салған Тәңір сыйы еді, ол жайында мына дәптерде жазылған дәйекті сөз, ауызша айтқан қыруар әңгімем саған, сенің балаңа, балаңның баласына жете берсін, деген тілек. Ақан сері дүниеден қайтқанда мен он жеті жаста едім. Түр-түсі, іс-әрекеті, мінезі, елде жоқ кірпияз қасиеті, домбыра шертгісі, әндеткен үн, бар тірлігі көз алдымда. Басынан кешкен бағы мен сорын, кімді сүйді, кімге налалы, әр әнінің тарихы, Қоңыр аты мен Құлагерінің баянын, бәрі-бәрін Ақан серінің өз аузынан естідім. Өзіме беймәлім көп жайды аталарымыз бен әжелеріміз, әкелеріміз бен аналарымыз, елдің есті кісілері айтушы еді. Маған отбасымыздағы азынаулақ мал-мүлік, дүние-жиһаздан гөрі «әулетіміздің шежіресі» дерлік осы дәптер қымбат. Менің саған қалдырар дүнием де, аманатым да – осы дәптер, – деді.

Осы сөз бізді біраз тұнжыратты.

Ербаһрам дәптерді жайлап аша бастады: – Әкем 1896 жылы туған. Жас кезінде Ақан сері (Сегіз жасынан ауылдағы молладан, Ал он екі жасынан Қызылжардағы Уәли Ахуннан дәріс алып, діни кітаптарды жете меңгеріп, келе-келе Көкшетау мешітінің имамы атақты Науан қазіретпен сыйлас, қадірлес боп жүріп, ол ғұламамен пікір таластыратын Ақан сері, бұл. – И.Ж.) сияқты дін оқуын тауысқан жан. Ептеп молдалығы да бар еді. Оны ұстау, өзіңіз білесіз,

кешегі бір күндерде мүмкін болмады. Өзіміздің ауыл мектептерінде мұғалім болды. Абыройлы, мінсіз қызметі үшін орден, медальдармен марапатталды.

Дәптердің бірінші бетіндегі мына бір суретке қараңыз, бұл – Қорамса атамыздың ағаштан салынған күмбезі. Мұнарасының басында жарты ай бар. Биіктігі он жеті метр, көлденеңі алты метр. Күмбезді Ақан сері елдегі шеберлерге жасатыпты.

Әкем бұл күмбезді бір суретші жігітке салдырып алыпты: ол кезде ол кісі алпыс сегіз жаста екен. «Сурет 1964 жылдың қараша айының жетінші жұлдызы күні салынған» деп, өзі жазып та қойыпты. Күмбезді орыстар өртеп жіберіпті.

Енді Ақан серімен туыстық жүйемізді айтайын: – Біз – Қарауыл ішінде – Малтабар боламыз. Арғы атамыз – Құдайкүл. Бұл кісі жөнінде ел ішінде әңгіме, аңыз көп. Сұлу ат мініп, ит жүгіртіп, құс салып, даланың дүрілдеген еркесі боп өсіпті. Бозбала кезінде серіліктің әуресімен ауылға сыймай, жігіт-желеңін ертіп, алыс-алыс елдерге кетіп қалады екен. Сөйтіп, бұлғақтап, әндетіп жүріп, атастырған қалыңдығы есінен шыққандай боп, ол перизатына біраз кешігіп, зарықтырып барыпты. Сонда екі көзі төрт болған қалыңдығы:

Қу толағай бастанып,
Қалмақ ерді жастанып,
Жетпедің бе тезірек? –

деп ескілікті өлеңмен наз қылады.

Қалыңдығы ренсіздеу екен, құдалық салтты бұзғысы келмеген Құдайкүл әдеп жолынан аса алмай, амалсыздан үйленіпті. Кейін алған жарын менсінбей, сырдақтап, үй бетін көрмей, серіліктің желігі ел кездіріп, жүрген жерін думандатып, қолды-аяққа тұрмай кетеді. Келе-келе отбасының шырқы бұзылады. Ақыры алғанымен дәм-тұзы жараспай, төркініне апарып тастайды.

Бір жолы Құдайкүл өзінің сері тобын ертіп, бір мырзаға күйеу жолдас боп, Ерейменді етектей жайлап отырған Қанжығалы еліне барады. Осы сапарында бір қызойнақта көкірегі әнге, арманға толы Кенжебикеш есімді қызға назары түседі. Қыздың өзі сүймейтін біреуге атастырылғанын біліп:

Шариғат пен әділдік заманы емес,
Кім шығарар пәледен сені сүйреп, –

деп ауजार айтады.



Кенжебикеш жүзі нұрлы, үні жан тебіrentкен албырт жігітке қапияда кез болғанына есі кетіп, оған құлай беріледі. Бұған шаттанған Құдайқұл:

Жасымнан әуес болдым сөйлер сөзге,
Азырақ тағы сөйлер келді кезге.
Құтылып жаман жардан жүрген кезде,
Жауап бер, жан құдаша, енді маған,
Биғайша, Зылиқадай түстің көзге!
Қырандай қанат қағып шықтым көкті,
Сәулем-ай, саған менің көңілім кетті.
Ұнатсаң мендей асыл кемеңгерді,
Баяндай Қозы Көрпеш болсақ нетті! –

деп өз еркіне өзі ие бола алмай, күйіп-жанып, тілек білдіреді.

Кенжебикеш жүрек сөзі көмейінде бүлкілдеп, жалындап тұрған інкәр жігітке бірден иіліп, көне қалады. Қызу қанды Құдайқұл қыз әкесіне жалма-жан сөз салдырады. Көлденең келіп, киліге кеткен «көк аттының» кенедей жабысқан тосын қылығына бұлқан-талқан болған қыз әкесі: «Қызымның беті әрлі болғанмен, белі бүкір. Бір әйелді менсінбей тастаған неме екен, қызымды мазақ қылғысы келе ме? Аулақ жүрсін!» деп шарт кетіп, шатақ шығарып, ешкімді бетбақтырмайды.

Кенжебикештің көзі жастан арылмайды. Құс жастықты құшақтап, реңі сары жұрттай сарғайып, нәр сызбай езіліп, тілі байланып, жатып алады.

Құдайқұл болса ол да жоқ жерде әлекке түскен жүрегiнiң өреkkуiн баса алмай, дарияның жарға соққан толқынындай аласұрады; ақыры «шешiнген судан тайынбас!» деп, көзсiз тәуекелге бекiнiп, ел жайлауға көшiп-кoнып жатқан бiр абыр-сабыр кезде Кенжебикештi алады да қашады!

Сол Құдайқұл мен Кенжебикештен – Сапақ, Бекназар, Жаназар туған.

Сапақтан ұрпақ жоқ.

Бекназардан – Жарқын (Жарқынбай), одан Қорамса, Қорамсадан – Айша, Ақжігіт (Ақан сері), Рамазан, Мұқамбет, Айберген.

Бұлардың ішінде Ақан серіден – мылқау Ыбан (Ибраһим) ғана бергі кезге дейін өмір сүрді, ол 1932 жылы дүниесін салды. Әкесінің бірнеше дәптерден тұратын ән, жырын кигізге орап, Бегалы(бұл Бегалы-Айшаның қайынатасы. Бұл әулетке алақоз боп жүретін

Шөбектің Бегалысы емес. – И.Ж.) мешітінің іргесіне көмген екен. Оны кейін «алам» деп қазғанда тышқан жеп, үгіліп, шіріп кетіпті. Бір асыл қазынамыздан солай айырылды.

Ыбанның мылқау боп тууы, бұл өзі сонау үлкен аталарымыздан жалғасып келе жатқан әулетіміздегі табиғи кемістік: Құдайқұл атамыз кекештігін сездірмей, өлеңдете сөйлепті.

Үлкендер Ақан серінің кей ортада шешіле қоймай, тәкаппар мінез көрсететін сәттеріне еріксіз бас шайқап: «Бекназар атасындай булығып, сіресе қалуын қарашы» дейді екен. Біздің әкей де осы сөзге таңғалып: «Бекназар атаның ол кілтпанын жұрт біле бермейді. Іштей шиыршық ата бөгеліп, дуылдасқан жандардың көп сөзін естімеген жанша өткізіп жіберіп, үн-түнсіз түйіліп, айтар уәжін кесіп, бір-ақ айтқан. Екі сөйлемеген. Не десе де әр сөзі жұртқа мірдің оғындай тиген. Ешкімді бет қаратпаған. Бекназардың кесімді сөзі-бидің сөзі боп есептелген» дейтінді.

Жарқын бірдеме дегісі келсе, тұтығып, қасы-көзі жыбырлап, ерінін жымқыра тістеп, дегбірі кетіп, кенет сөйлеп кеткенде айтар сөзін тез-тез төгіп ала жөнеліпті.

Қорамса бір нәрсеге тарынып, ренжіген сәтте қанын ішіне тарта тұнжырап, қораның қараңғы түкпіріне барып, ашуы басылып, өз-өзіне келгенше шықпай қояды екен.

Ақан сері алты жасына дейін тілі булығып, сөйлемеген. Бірақ құлағы естіген. Бұл жөнінде мына оқиғаны еске салайын: Жаздың гүлдеп тұрған шағы. Қорамса ауылы Қоскөлдiң жағасында отырады.

Ауылдың бір топ баласы жапырласа жүгіріп, көлге қармақ салуға келеді. Олардың арасында Ақан да бар. Үн-түнсіз меңірейеді де жүреді (Ауылдағы аузы жеңіл екі келін Ақан серінің осы түріне қарап, өздерінше оған ат қойған боп: «Бозсопақ», екіншісі «Тұңғыық» депті. Мұны естіп қатты ашуланған Жаңыл: «Ақанымның басқан ізіне тұрмайтын сусылдаған немелер...» деп екі келіннің жер-жебіріне жетіп, безектете сөгіп, оларды күйеулері сабап... ауыл ішінде біраз айқай-ұйқай бопты. – И.Ж.)

Бір кезде бір топ аттылы дүрілдете шауып кеп, анадай жерде бал құрағы жайқалып тұрған көл жағасына тоқтап, апыл-құпыл аттарынан түсіп, қызыл, сары, көк шатырларын тігіп, әні-міні дегенше аспандата шырқатып әнге басады. Шалғы тартқан шөпшілер, мал шетіндегі қойшылар... өз жөнімен кетіп бара жатқан жүргіншілер



әр жерде елең етіп, таңғала тыңдайды. Балалар да сол жаққа қарай қалады. Көкке өрлеген биік үн кең даланы сүттей ұйытып, көл беті діріл қағады. Ақан аузын аша, аңыра тыңдап:

Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,
Адамға зияным жоқ, жүрген жанмын.
Байлығы, мансабының керегі жоқ,
Өзім сал өзім сері кімге зармын, –

деген сөзді ап-анық естиді.

Қараңызшы, балапандай ғана баланың кішкентай жүрегін дәл осы сәт нендей сезім биледі, оны сөзбен жеткізіп айту мүмкін емес. Ол кенет: «Алақай, алақай!» деп, шатыр жаққа қарай тұра жүгіреді. Соңынан балалардың бәрі жүгіреді. Ойда жоқта сөйлеп кеткен Ақан сол бетінде «Алақай, алақай!» деп ауылға келеді. Ақанның сөйлеген түрін көріп, бәйбішелер «иә, Алла!.. біссімілда... біссімілда!» деп, ауыл іші дүр ете түседі.

О, Құдайдың берісі, сол күні Қорамсаның үйінде ақ түйенің қарыны жарылып, үлкен қуаныш, дуылдасқан той болады. Ақбоз үйдің төрінде:

Жасым бар жиырмада жасырмаймын,
Басымнан дұшпан сөзін асырмаймын.
Басымнан дұшпан сөзі асып кетсе,
Сен түгіл патшаңа да бас ұрмаймын! –

деп, аққудай керіліп, паңдана толқыған Біржан сал отырады, қоңыр үнді домбырасын балбырата шертіп.

Солжолы Біржан сал өз әніне елден-ерек елти берілген бүлдіршін, и қоңыр қозыдай момақан, кіп-кішкентай Ақанды бауырына тартып, мейірлене қысып, үні шықпай, тебіренгені сонша, кірпігінде маржан тамшы дірілдеп, үкілі домбырасын беріпті. Біржан салдың Ақан серіге ұстаздығы осылай басталған.

Енді өз атамды айтайын: Жаназардан – Ибраһим, одан Жандос, Жандостан менің әкем – Қасым!

«Жаназар мен Жандостың «кібіртігіндей» дәмді әңгіме жоқ» деген де сөз бар.

Қорамса інісі Жандоспен ғұмыр бойы іргесі бөлінбей бірге тірлік етіп, (Бұл әулеттің жері-Қоскөлдiң жағасы, Кеңашы, Көлденең Қаратал. Топырағы құнарлы. Ұлан жаз бойы тозбайды. Жылдың қай мезгілі болса да мамыр айы туғандай шиендейді де жатады. Бұлармен іргелес Қарауыл ішінде Көбейдің екі ауылы бар. Ың-

шыны жоқ жуас жұрт. Бәрі атакты бай Шөбек әулетімен қоныстас. – И.Ж.) бірге көшіп-қонып жүрген. Жаз жайлауы да, қыс қыстауы да бір. Сол себептен о бастан бізді іргесі бөлінбеген Қорамса әулеті, деп атайды...

Ербаһрам жүйелі сөзімен әкесі Қасым қарияның қоңыр дәптеріне мені осылайша енгізді. Ендігі хикая осы дәптердегі беймәлім деректер мен оны жан-жақты толықтыратын қариясөзді кісілердің еленбей, ескерілмей, қаға беріс қалып жүрген тұңғиық сырларымен өріс жаяды... қария дәптерінің ұзын-ырғасы Ақан сері өмірінің ең негізгі, елеулі кезеңдерін, айтулы оқиғаларын қамтыған. Дәптердің бір тұсында оның алғашқы пырағының бірі – Қоңыр ат хикаясы мені елең еткізді. Бұрынғы зерттеушілердің еңбектері мен фольклористер жинаған деректердің ешқайсысында бұл Қоңыр ат әңгімесі мүлде жоқ. Зерттеулердің атүсті жазылуы, тиянақсыздығы осыдан-ақ сезіледі. Қоңыр ат Ақан серінің шытырман тағдырының басы екенін ешкім... ешкім білмейді. Білсе, осы күнге дейін жазылмас па еді?

Қоңыр ат...

Бұл ат жөнінде алғаш рет 1981 жылы желтоқсан айының 25-жұлдызы күні «Сырымбет» совхозының ат төбеліндей ғана Сарыбұлақ ауылында Ақан серіні көрген Кәкен қарияның үйінде болған ақсақалдар әңгімесінен біраз тосын сыр ұққамды. Ол сөздер бұрын Ақан сері өмірбаянында жазылмаған жайыт еді. Соның бірін өзі жақсы атты баптап ұстайтын орманшы Қабдуәли ақсақал былай деп шертті:

– Қорамсаның құрығы ұзын жан. Саудасы жүріп тұрған тынымсыз күндердің бірінде ол кісі Атбасар жәрмеңкесіне барыпты. Сонау Тобыл жақтағы Қыпшақтың дәулеті шалқыған бір мырзасымен алық-берік жасап, жағысып жүр екен. Ол досы да ырғалып-жырғалып жәрмеңкеге келіпті. Жылқы сатыпты. Сол сапарында Қорамса одан көзі оттай жайнаған қарагер құнанды қалап алыпты. Ол кейін малының құты болды. Үйірінен ылғи асыл пырақ туды. Қорамса оның бағасын, барқын біліп, пұлдап, сатып жүрді. Бірақ жүйрік шыққандарын бағзы біреулер сияқты дуылдатып, ұлы бәйгеге қосқан жоқ.

Ақан сері сол қарагер айғырдың баласы Қоңыр атқа құлын кезінен қызығып, жас баладай өбектеп күтіпті. Оған су орнына қулық биенің сүтін ішкізіп, мейіз, сәбіз, қант береді екен. Қоскөлге терең жалдатып барып, күн сайын шомылдырады екен. Жал-құйрығын қыздың қолаң

шашындай аспай-саспай, сылап-сипап, сүзіп тарайды екен. Сөйтіп, онымен адамша сөйлесіп жүреді екен...»

Ақан серіні зерттеген сол сапарымда Көкшетауда Біржан салдың кенже ұлы, егіздің сыңары (бұл егіз – Қалкен, Мәра. Мәрасы қыз. Екеуінің суреті менің жеке архивімде. – И.Ж.) Қалкеніне тиіп, ол қайтыс болған соң (1939-жылы Степняктың алтын заводында озат кенші боп істейтін Қалкенді біраз әріптестерімен бірге КГБ жендеттері газбен улап өлтірген. – И.Ж.) Қожағұл атасының інісі – діндар кісі Қожамқұлдың немересі Жақияның Салығына (қайнысына) қосылып, қырық жыл отасқан Уәйіс қызы Рақия апамен (жасында түскен суретіне қарап отырып: «қазақтың Мона Лизасы... иә, Джакондо ғой!» деп керемет қызығасың. – И.Ж.) жиі-жиі жүздесіп жүргенде, Біржан сал жөнінде кітаптарда жоқ талай құпия дәптерлеріме мұқият жазылып еді.

Бір жолы сондай әңгіменің бірінде Рақия ападан Ақан сері жайлы сұрадым. Ол кісі көзі күлімсіреп: -Атамыз Біржан сал жаздың күні екен, желегі майысқан Шоққарағай деген көрікті жерде отырған көрінеді. Бір күні астында сылаң қаққан сұлу Қоңыр аты бар бір көркем жігіт келіп, бірнеше күн қонақ болып, дүйім жұртты таңғалдырып, ән салыпты. Ол жігіт – Ақан сері екен. Сол кездің өзінде әншілік даңқы алыс-алыс жерлерге жете бастаған Ақан сері атамыздың «Жоныпалды», «Ақтентек», «Мақпал», «Жалғыз арша»... сондай-ақ, Ләйліге арналған әндерін тамылжытып, бір сәт тыныс алғаннан кейін өз әндеріне ойысыпты. Сол әндерінің бірі – «Салқоңыр» әні. Біздің елдегі Бәкеннің Хамиты деген әнші сүйкімді, жұмсақ үнмен осы әнді мөлдірете созып, алыстан қайыратын еді. Кезінде Хамиттың кербез керіліп шырқағанын көрдік, талай рет тамсана, қызыға тыңдадық. Сол «Салқоңыр» әні:

Салқоңыр, тізгінің бос, жолың ашық,
Баратын жерім шалғай, елім қашық.
Үстінен Айыртаудың қарайын бір,
Көзіме көріне ме, сүйген ғашық.
Ахоу, сен бір – дүлдүл,
Дүние гүл-гүл,
Сайраған Орта жүзде мен бір бұлбұл! –

деп, айтылушы еді, келе-келе ұмытылды ма, қайдам... жо-жок, ертеде біздің үлкен қайныағамыз Теміртаспен көрші тұрған әлгі Кәрім Илиясов бар емес пе, сол жігіттің айтып жүргенін білемін. Үні сондай

таза. Өзі де қыз мінезді сыпа жігіт. Әнді мәнерлі үнмен әдемі айтады. Ән іздеп жүрсің ғой, шырағым, (Үкілі Ыбырай ұсталып, атылып кеткенде есіл әншіге жаны ашып, жүрегі күйген елдегі есті жандар «Күндердің күнінде ақталып қалар» деген үмітпен оның әндерін Біржан сал Ақан сері, Балуан Шолаққа теліп, кейбіреуін «халық әні» деп, көлегейлеп, ұмыттырмай аман сақтаудың қамын жасады. «Толқын» әнін кешегі саясат «Елім бар» деген атпен колхоздастыру науқанының насихат әніне айналдырды. Ол мектептерде, жоғарғы оқу орындарында, ауыл мен қала өнерпаздарының концерттерінде хормен орындалып жүрді. Әркімнің жүрегіне Ел мен Отанға деген патриоттық сезімді мықтап тұрып орнықтырды. Бірақ бұл әннің кімдікі екенін білетін белгілі, атақты әншілердің бірде-бірі оған жоламады. Бұл «Толқын» әні ел ішінде Үкілі Ыбырайды көрген жандардың жүрегінде ғана сақталды. Олардың да бірте-бірте көзі кетті. Арада талай жылдар өтті. Алтын кездік қын түбінде жата бермейді, оның да жарқырап бір көрінетін кезі болады екен. «Толқынды» айтса Көкшетауда тұратын Кәрім Ілиясов айтсын. Кәрімнен сол жолы бұл керемет әнді магнитофонға жазып алып, оны кейін Қайрат Байбосыновқа беріп, қалай үйренгенін ыждағатпен қадағалап, бар тарихын өкінішті сезіммен жан-жүрегім талықсып отырып жазып, музыкалы новелла етіп, эфирге шығардым. Үкілі Ыбырайдың қайғылы тағдырын «Аққулар қонған айдын көл» деген тақырыпта көлемді эссе ғып толғап, оны алдымен «Жұлдыз» журналына жариялап, одан кейін осы атпен шыққан кітабыма енгізіп, қақап тұрған Кеңестік идеология кезінде тәуекелге бел буып, бағын ашып едім. – И.Ж.) Кәрімге жолықсаң болады, – деді.

Осы әңгімеден кейін «Көкшетау» қонақ үйінде Кәріммен еме-жарқын сұқпаттастым. Бірақ «Салқоңыр» әнін айта алмады. «Ұмытыла бастады. Еске түсіріп көрейін» деді, өкініп. Кейін тағы бір кездескенімде ыңылдап көріп еді, бір сұлу әннің сұлбасын сезгендей болдым. Содан көп ұзаған жоқ, Кәрім қайтыс боп кетті. Ән иірімі көкейімде әлі күнге дейін жүр.

Осы жайдың бәрін Ербаһрамға айтып едім, ол оған емірене бас изеп:

– Қоңыр аттың әңгімесі негізінде былай, – деді, – сол Атбасар жәрмеңкесінде Баттал деген Қыпшақ байы бір жолы көп жылқы сатыпты. Қасында ағамыз Қорамса бар. Батталдың ду (Сол кездерде Қоянды, Атбасар, Тайынша, Болатынай сияқты үлкен-

үлкен жәрмеңкелерде «ту көтеруші», «ду көтеруші» деген сөздер қалыптасқан. Мысалы, Қоянды жәрмеңкесін Біржан сал ашып, «Қоянды ту көтерген думан жерім-ай!» деп шалқиды ғой. Ойылдағы Көкжар жәрмеңкесінің туын Мұхит пен Қызыл әнші, Орынбор жәрмеңкесінің туын Молдабай мен Әкімгерей көтерген. Бұл кереметтердің бәрі – ту көтерушілер!

Ал ду көтерішілер жәрмеңкедегі мал-мүлік пен байлықты, байлық иесін мақтайды. – И.Ж.) көтерушісі жағын жанып, басымен алысқан қарагер құнанды жер – көкке сиғызбай мақтайды. Билеп, ойнақшып, шиыршық атқан ерке құнанға таңғала қызыққан жандар естері шығып, сатып алғысы кеп, бірін-бірі кимелеп, таласып кеп қалады. Баттал Қорамсаға көзін қысып қойып, құнанның бағасын көзбе-көз көтере түседі. Сөйлескендердің бәрі келісе алмай, мысы құрып, бұрылып кете береді.

Бір кезде Барақбай деген алпауыт кеп Қарагер құнанға таңғала қарайды. Паң. Кеудесі асқақ. Нағыз дөйдің өзі. Соңында дуылдасқан бір топ нөкері бар.

Баттал Барақбайды бұрыннан тани ма, қайдам, оны көрген сәтте қабағы түйіліп, түсі бұзылады.

Қорамса да: «Мына көкжал да келіп қапты ғой» деп, тыжырына қалады.

Барақбай бұларға көз қырын да салмайды. Емен дінгектей сіресіп тұра береді.

Барақбайдың әулекі, аусар жігіттері құнанның о жақ-бұ жағынан шығып, сұқтана бас шайқап, ыржалақтаған біреуі:

– Өй, мынау сығандардың аты ма, қалай өзі? Ұршықша иіріліп, көзін қара... көзін... шекесінен шыға шатынап тұр. Қостанайдың сығандары сататын атының аузына арақ құйып, өстіп еліртіп, есіртіп қоюшы еді, -деп қарқылдап кеп күледі.

Мына сөзді естіп тұрған Баттал: – Жөндеріңе жүре беріңдер! Сатылмайды! – деп, бір-ақ кеседі.

Барақбай көкірегінен біреу итеріп тоқтатқандай, ақсұр реңі қуарып, не дерін білмей: «Бір ауыз сөзге келтірмеген кім, бұл?» деп, Батталға сүзіле қалады.

Осы кезде Баттал күлімсіреп, Қорамсаның иығына қолын салып: «Қореке, дос-көңілдес жандармыз... екеуіміздің арамызға сауда жүрмейді. Ақан деген бұлбұлың бар, соның бәсіресі болсын, ал қарагер құнан сенікі!» – депті.

Баттал мен Қорамсаның сөзін Барақбай ап-анық естіп тұрыпты. Қарагер құнанды жетектеп бара жатқан Қорамсаны заһарлы көзбен шығарып салыпты.

Арада аттай алты жыл өтеді. Ақан сері он алтыға ілігеді.

Біздің ығып отырған Қарауылдың ішінде Есенгелдіден-Еділ, Жайық, Боқан, Кегі, Дауыл дейтін аталар тарайды. Келе-келе осы аталардан өрбіген жұрт Кемел-Боқан әулеті болып атанды.

Кегіден-Кемел. Кемелден – Нұртаза, Сүлеймен, Әнәпия.

Әлгі Барақбай сол кездерде өлшеусіз байлықпен әбден мейманасы асып, Ақмола уезіне сөзі өтіп тұрған ірінің өзі екен. Руы – Алтай ішінде Ақмәліш. Сауда-саттығы жан-жақты өріс жайып, жиған малы жер-көкке сыймай, түкірігі жерге түспей, жұрттың төбесінен қарап, кеуделеп жүрген шағы. Асып-тасқан ырзығы көзіне аз көрініп, жер-жерде үйірлеп айдайтын жанкешті барымташы, сумаңдаған ұры-қары, қандыкөз қарақшы ұстайды екен. Сол ұрлығы малды Омбы, Қорған, Түмен қалаларындағы орыс, қазақ байларының қасапханасына асырып жіберіп отырған.

Барақбай Кемел тұқымында Нұртаза болыс пен оның інісі Сүлейменді желеп-жебеп жүреді. Ымы-жымы, ымырасы бір.

Нұртаза – көңілшек, қолы кең, мырза кісі. Жұртқа тізесі батпаған, иі жұмсақ жан. Мал-мүлік, дүние жиюға қыры жоқ. Шешуі қиын, даулы істе жалтақ. Кесімді сөзді кесіп айта алмайтын солқылдақ. Бар болмысы осы.

Нұртазаның мәртебесін көтеріп, билікке араластырып, қу мансаптың әрекетімен малын олай шашып-бұлай шашып, паракор да атанып жүріп, ақыры Айыртау болысы етіп, бағын ашқан жан – інісі Сүлеймен.

Сүлеймен Ақсары болысы Жанботаның бар ісіне тірек болған інісі Оразбай секілді «мына заманда бәрі сатылады, бәрі сатылып алынады. Тек ақшаң болсын!» деп, тізеге басатын алапат тірліктің иесі.

Сүлеймен өз пайдасын мүлт жібермейтін, саудада қолы жүргіш алыпсатар. О баста ол бұл жұмысты безек қағып жүріп, сүйек, шек, тері, тоң май жинаудан бастапты. Сырт көзге өнімсіз көрінетін сол ісі қыруар пайда түсіріп, бір күндері Көкшетауға енді-енді ене бастаған алғашқы май зауытының иесі боп, дүрдиіп шыға келеді. Оның да еселеп көбейген табысы бірте-бірте көңілін өсіреді. Омбыда дүкен ашып, үй салып алады. Орыс байларымен жалғасып,

былғары зауытын салудың да қамына кірісіпті. Орыс қалаларынан елдің тұрмыс-тіршілігіне қажетті тігін машинасы, самаурын, май шам, аттың тағасы, түрлі-түрлі шеге, кілем, жібек маталар, бұлғын ішік, қәмшәт бөрік, мылтық, оқ-дәрі. Осының бәрі-бәрін өзі тауып, өзі жеткізіп, келе-келе бұл іске есепке жүйрік, пысық жігіттерді қосып, саудасын жанды-жақты жүргізіп, әбден байиды. Алаған қолы береген... соған дәнігіп, лауазымды ірілерді сағалап, олардың тамағын тығындап, өзіне үйіре тартып, бар тірлігіне қалқан ғып ұстаған. Соның бірі – Алтайдың азулы арысы әлгі Барақбай! Ол Көкшетау жағына келе қалса, ат басын тірейтін жері – Нұртаза болыс пен Сүлейменнің үйі.

Сүлеймен үшін пайда көзінің үлкен-кішісі жоқ, кейбір болымсыз іске арланбайды да. Өз дегеніне жетсе болды. Кейде іштей жақтырмай жүретін Қорамсамен үйлесе қалады екен. Қорамса да ішкі есебінен жаңыла қоймайды. Ол да әлділерге жанаса жүреді. Бір дәмесі – Нұртаза, Сүлейменмен құда болу. Сүлейменнің ақсары қызын Ақанына алып бергісі келеді. Осы беймаза оймен ол бір күні Сүлейменге сөз салдырады. Сүлеймен де әккі қу: «Ондай ойың болса, жөнді кісілеріңмен келерсің» деп сөзін былқылдатып, мысын құртып, екі ойлы ғып қояды.

Көп ұзамай Қорамса ел ішінде «Жер бөлісі болатын көрінеді. Кімде артық жер бар, оны өлшеп-кесіп, басқа біреулерге береді» деген сөздерді естиді. Сүлеймен бір жолыққанда Қорамсаға: «Мәліндей шұбатылып, орыс переселендері келіп жатыр. Өздері обыр неме екен, ай-шайға қарамай, баса-көктей жөнеледі. Оларға жер керек. Жер сенде артық жер бар. Оның бәрі есепте тұр. Оны діні бөлек орыстар алғанша, ағайын адамбыз, біз алайық. Бәрін ың-шыңсыз статьямен шешеміз» деген сөзді айтады. Қорамсаның қазымыр ойы орыстан бұрын Сүлейменнің мына емеурінінен секем алады. «Ә, зымыян!» деп көлгірсіген Сүлейменнен сескене бастайды.

Дәл осы кез, толықсып, исініп тұрған мамыр айы. Қасында жігіт-желеңі бар, сонау Ақмоладан Барақбай келе қалады. Нұртаза мен Сүлейменнің тірегі! Ел ішінде: «Е, кел... кел, Барақбай! Былтырғы қараша мен желтоқсандағы ұрлықы жылқыңның бәрі-бәрін мына Сүлейменің Омбы мен Қорған, Түменге ытқытып, бәрін жым-жылас қып, жайғастырып қойды. Пұлын дайын...» деген сөздер желдей еседі.

Сүлеймен Қорғанда Күрсары Керей-ағайынды Әлти мен Ақыштың қасапқанасында ұрлығы үш жүз өгізді сойғызыпты. Омбы ұлықтарына берген қысырақтың санын ешкім білмейді де.

Барақбай сол күндері Сүлейменнің үйінде арқа-жарқа боп көсіле жатып, өзге жұртпен жұмысы жоқ, ауық-ауық орман-тоғай арасына шығып, сейіл құрады екен. Сондай бір жүрісте Сүлеймен екеуі Қорамсаның Қоскөлін жағалап, жан-жаққа көз тастап келе жатады. Бір кезде бұлардың алдынан бір Қоңыр ат ана жақтағы қалың жылқыға қарай жұлдыздай ағып өте шығады. Барақбай әп-сәтте елес секілді көзден ғайып болған атқа таңғалып: «Мынау кімнің аты?» депті. Сүлеймен: «Қорамсаның жылқысы. Бұл ат – әйдік ат, ана бір жылдары Қорамса Атбасар жәрмеңкесіне барыпты. Сол жолы оған өзімен араласып, дос-көңілдес боп жүрген бір Қыпшақ байы қарагер құнанды сыйлапты. Қорамса оны үйірге салады. Сол жануар текті мал екен. Қорамсаның сары биелерінен өңшен жүйрік шығады. Жаңағы Қоңыр ат сол қарагердің тұқымы» дейді.

Барақбай ақсары жүзі қуарып, бадырақ көзі қызыл жиектене жұмылып, тұңғиық ойға беріледі. Көз алдында: Атбасардың ығы-жығы шулы базары. Бір тұста топты адам басымен алысқан қарагер құнанға таңырқаса қарап тұр... «Өй, мынау сығандардың аты ма, қалай өзі? Ұршықша иіріліп... көзін қара... көзін... шекесінен шыға, шатынап тұр. Қостанайдың сығандары сататын атының аузына арақ құйып, өстіп еліртіп, есіртіп қоюшы еді!» деп, қарқылдап күлген өз жігіттерінің дауысын ап-анық естігендей болады. Қарагер құнанды жетектеп бара жатқан Қорамсаны көреді.

Барақбай ат үстінде талықсып, жүрегі ұйиды. Жұлдыздай аққан Қоңыр ат... ойда жоқта Барақбай сөзден тиылады. Барақбайдың бұзыла қалған мына түріне аң-таң болған Сүлеймен өз араларындағы жымысқы тірліктен ши шығып қалды ма, деп, өз-өзінен қуыстанып, иманы үйіріледі.

Сөйтіп, түнеріп жүрген Барақбай бір күні сабасына түскендей жұмсарып, Сүлейменге иіле сөйлеп: «Екеуіміздің арамыздағы шаруа ол бөлек әңгіме, сенемін саған. Көзіме жұлдыздай боп көрінген әлгі бір Қоңыр ат... сол құрғыр түн ұйқымды төрт бөліп, құса ғып қойды. Менің дертім жүйрік ат... жүйрік ат... ердің құны болса да, маған Қоңыр атты алып бер» дейді.

Сүлеймен Барақбайдың көкейіндегі түйткілін енді ғана түсініп: «Қорамса қызыма сөз салып жүр. Ол менің қызыма көз салса, мен



оның далиып жатқан жеріне көз салып жүрмін. Енді, міне, Қоңыр атты айттыңыз, Қорамса менің уысымда. «Қыз берем» деген адамға ат бермей ме, екен? Құдай қаласа, Қоңыр ат енді Сіздікі болады» деп, көңіліне үйіріле қалған күдігі сейілгендей боп, жаны қалмай елпектейді.

Осы әңгімеден кейін Сүлеймен Қорамсаны үйіне шақырады. Секемшіл Қорамса жалғыз келмейді, Ақанды ертіп келеді. Сүлеймен бұлармен оңаша сөйлесіп: «Нұртазаның Нұртаза боп, Сүлейменнің Сүлеймен боп жүргені біздің тірек-Барақбайдың арқасы. Мұны жұрттың бәрі біледі. Саған да аян жай. Қорамса, бір тілегімді бер, Барақбай ұлы бәйгеге ат қосып жүрген жан. Қоңыр атқа назары түсіп қапты...» деп, Қорамсаға қадала қарайды. Мына сөзге Ақан елең етіп, қабағы шытылып, қозғалақтай бергенде, Қорамса: «Бопты. Барақбайға Қоңыр атты берейік, бірақ Ақан Қоңыр атпен бірге кетеді» дейді, қанын ішіне тарта түйіліп.

Сүлейменде үн жоқ. Мүлгіген бір тас мүсін. Сол тастай қатып отырған күйі Қорамса мен Ақанның үйінен қалай шығып кеткенін де сезбей қалады.

Сол сапарында Барақбай: «Ә, Сүлеймен, Қорамсаң мені осымен екінші рет жерге қаратты. Көздің құрты болған сол қарагер құнан... Мына Қоңыр ат бұйырмады, маған. Жердің үстімен келіп, астымен қайтып барам!» депті, терісіне сыймай шытынап.

Қоңыр ат... Әкесі – қарагер айғыр. Енесі – сары биеден туған сары қулық. Қоңыр ат екі енесін бірдей тел емген ерке. Осы жерде Қорамса атамыздың мына бір машақаты есіме түсті:

Бір жолы Қорамса Омбыға екі үйір жылқы апарып сатады. Солардың ішінде әлгі екі сары бие, олардың соңынан ерген қоңыр тай бар екен. Қорамса Ертістің бергі беті Қаржас ауылының шетінде тұрып саудаласыпты. Сауда бәтуәсі біте бергенде Қорамса қоңыр тайды «бермеймін» деп алып қалады. Сатылған жылқыны әлгі кісі Ертістің үстінде салмен алып бара жатқанда қоңыр тай екі енесіне, екі енесі қоңыр тайға қарап ұмтыла шұрқырасып, жағалау азан-қазан боп кетеді. Қоңыр тай бұлқына тулап, босанып кетіп, өзін-өзі өзенге тастап жібереді. Жылқы тиеген сал ана жағалауға тоқтай бергенде қоңыр тай да малти қалқып, судан шығады. Қорамсаның ана саудагерге айқайлап: «Әй, тоқта... тоқта!» деген сөзін ешкім естімейді. Қоңыр тай енелеріне қосылып кете барады.

Осы бір ісіне күйіп-піскен Қорамса «Ақанымның қоңыр тайы, құлынымның бәсіресі... О, Құдай алсын мені!» деп өзін-өзі жерлеп,

безектеп жүріп, жылқы әкеткен адамның қай жерде тұратынын сұрап-біліп, Ертістің арғы бетінен қоңыр тайды тауып алады. Кейін Ақан сері «Қараторғай» әнінде жаны сүйген ғашықтарын аңсап, көк жүзіне қиғаштай көтеріліп, қона алмай шырылдап, әбден қартайған қыран құсы Қараторғайды есіркеп, «Ертістің ар жағында бір терең сай, сүйреткен жібек арқан телқоңыр тай» деп осы қоңыр тайды да егіле, емірене, елжірей тамылжып, еске алады ғой. Сол қоңыр тай әйгілі Қоңыр ат боп, Ақан серінің бозбала кезін шалқытып бақты. Оның хикаясы осылай басталған...

Ербаһрам аспай-саспай сөйлеп, Қоңыр аттың келбетін осылайша жарқыратты.

* * *

Ақан сері көңілін алғаш рет көкке көтере шарықтатқан сол Қоңыр ат...

Қоңыр аттың үстінде ол жан біткенді: «Міне, жігіт дүррі! Міне, Ақан сері!» дегізіп, еміренте сүйінтіп, сондай сәулетті көрінді. Өз үлгісімен піштіріп тіккізген сәнді киімі кербез керілген көркі мен маңғаз порымды мінез-құлқына, тектілігі сезіліп тұратын ізет-әдебіне, сыпа қасиетіне бек жарасты. Біржан салдың нөкері секілді дүйім жұртты таңғалдыратын сері тобы әр түрлі өнері бар бұланай жігіттерден іріктелді. Олардың ат әбзелінің өзі көздің құрты боп, көрген жанның қиялын қозғады. Мінген аттары да кілең бір түстіден таңдалды. Бірде өңшең сүліктей қара, бірде ақбоз, кейде жирен, торы... Ақан серінің қолында Көк қаршыға шаңқылдаса, соңында елес секілді жалт-жұлт еткен сұлу тазылар сумаң қақты. Ақан сері көңіл бұратын ауылды да, ат басын тірейтін үйді де таңдап түсті.

Қоңыр атты алшаңдатып жүріп, Ақан сері алғаш рет жар таңдады. Жан-жүрегін ертегі дүниесіндей жайнатқан бұл пырақ әр неге әсершіл, сергек көңілін құйқылжытып бақты. Жас қиялына жел беріп, сағым ойнаған кең далада сәулелі оймен еліктіре тербеп, әндерін шырқап жататын алыс-алыс жерлерге жеткізді. Үміт пен арман шайқалта толқытып, оның жан шыдатпас құштарлық лебімен сүйген ғашықтарына жақұттай жарқылдаған сөз жауһарын, тылсым әуезін арнады. Бір қыздан екінші бір қыз артық. Бәрі арбайды, құрғырлар... жұдырықтай жүрегі қайсысына жетеді... қайсысына тоқтайды?

Толықсыған бозбала:

Кепсер Ал кепсер алсаң Қызылжар бар,



Өзім сал, өзім сері мен кімге зар, – деп тәкаппар сезіммен әндете бастады.

Кейбір байлығы мол, лауазымы биік ірілерге көз қырын да салмады. Олардың алдында қорғалақтап, иілмеді де. Жұрт «Біржан сал жалғыз емес екен, мына Ақан да ірі сөйлеп, биіктеп барады» десті.

Қорамса ұлының бетіне келмеді, қолын да қақпады. Ақан сері дйттеген жеріне көз тіксе, оны қаршыға боп ілді.

Қоңыр атпен қызды ауылда көлеңдеген Ақан серіге алғаш рет махаббат шырағы жанды!

Ноғай Қарауыл елінің ішінде Бадырақтың Бекбасы деген шаруасы қордалы, белді кісі бар еді. Қорамсамен сөзі түзу, ымырасы үйлескен, сыйлас жан. Қорамса бұл үйде жиі-жиі қонақ боп жүріп, бір күні Ақан серіге оның Бәтима есімді қызын көрсетті. Бәтиманың үлбіреген уыз пішіні, зипа бойына жарасқан ақыл-парасаты, әнді сүйген нәзік сезімі, бал қылығы, Ақан серіні үйіріп алды.

Қорамса әр іске ілкімді, шапшаң адам, көп ұзаған жоқ, арада құдалық сөз басталды. Ол да оңынан келді. Екі бейкүнә мұнлық ақ тілекпен атастырылды.

Арада алық-берік ағылды.

Ақан сері Айыртау желкесіндегі Ақсу мен Қоскөлдің арасын жол қылып, Қоңыр атпен күн-түн демей жосылтты да жүрді. Айыртаудың көк торғын желегі төгілген қалың қарағайы мен жапырағы сыбдыр-сыбдыр үн қатқан сұлу қайыңының саясында, күміс бұлағы сыңғырлаған биік жартасының көлеңкесінде Бәтимамен болған әр сұқбаты әнмен лүпіл қаққан беймаза жүрегінің дәл басылған пернесіндей пешенесін жарқыратты. Кейде Ақан сері Ай қалқыған мақпал түнде Бәтиманы көл жағасына әкеледі. Екеуі не болса соған емірене елігеді:

- Анау Айдың қияқтайын-ай, Ақан!
- Ол сенің – қасың емес пе, Бәтима!
- Жұлдыз ше, Ақан?
- Ол сенің көзің... жайнаған қос жанарың!
- Осылай да ақ түндер болады екен...
- Ол – Айдан да әппақ жүзің ғой, Бәтеш!
- Сен не естіп тұрсың, Ақан... бұлбұл үні, ә?
- Ол – сенің үнің, Бәтеш!
- Қайыңды тыңда... сыбдыр... сыбдыр...

- Күбірлескен екеуіміз...
- Мына бір бұлақ... сылдыр – сылдыр...
- Сенің күлкің, Бәтешім!

Екеуінің әр кездесуі осылайша... иә... иә, өстіп екеуін бір-біріне еміренте үздіктіріп, іңкәрлік сөздері таусылып қалғандай, бір-бірін көзбен өбектеп, көзбен жеп... ынтығы тіл байлап, бір – бірінен қиыла ұзап барып, жалт бұрылып, қайта жүгіріп кеп, ес-тұсы қалмай еңтіге өбісіп, бозторғай сілкіне бастаған боз таңда жат көзден жасырынып, Айыртаудың көк тоғайына еніп бара жатады.

Ол осы кезде Ақан сері:

Әуеде ұшып жүрген көк көбелек,

Жазайын дертің болса су себелеп, – деп өзге-өзгелер бір басқа, өзіне ұлы ұстат болған Біржан салдың өзін елжірете үйіретін ерке-назды жайсаң әнімен бұлғақтай бастады.

* * *

Келесі жылы Ақан сері маужыраған маусым айы туғанда қайын жұртына босаға аттауға барды. Бұл келісті асыға күтіп жүрген ауыл дүр ете түсті.

Қыз әкесі Бекбас қыз-жігіттер отауын жұпар лебі аңқыған Сұлушоқы деген жерге тіккізді. Күнде ойын-сауық, тербетілген алтыбақан, алты қырдан аса ұзаған арманды әндер, екеу-екеу боп жараса қалған өңшең жас салқын самалды мақпал түндерді дүбірлетіп жатты.

Күндіз бір уақ бал қымызға балқыған жігіттер күш-қуатын қоярға жер таппай, аюдай ақырып, ат үстінде аласұра жұлқысады, қара терге малшынып, сілесі қата күреседі.

Кіші бесін сезіліп, күн еңкейе бергенде еңіске шығып, ат жарыстырады. Қоңыр ат аршындай шауып, жеке келе береді. Бұған Бәтима мәз! Бұған тағы бір Бәтима мәз! Ол да осы ауылдағы Шомат қожаның «көздінің көзі, тілдінің тілінен сақтай гөр» деп әлпештеген бір ботасы! Ботакөзі! Сүйікті Бәтимасымен әрі аттас, әрі «менмін» деген жігіт дүррі: «Ө, шіркін, менің жарым болса!» дейтін көркем жан Ақан серіге қызыға да, қызғана да қарап, шарасыз халде іштен тынды да жүрді. Жүрегінде «Ақан... Ақан, мен сені ешкімге... қимаймын!» деген құсалы сөз.

Ақан серінің сырлы әуезі жан біткенді елжіретіп, қыз-жігітті құмарлы леппен еліктіріп, қол жетпес арман биігіне ұмсындырды.



Оны сілтідей тынып, аққулы көлдер, көгілдір таулар... көк орман ұйып тыңдады. Сырымбеттің ақша бұлтты аспанында қалқыған әнге боз үйде кеңес құрған би-шешендер сөзін тиып, қашаған қуған жылқышы кілт тоқтай қап, кілем тоқыған қыз-келін не істеп, не қойғанын білмей дағдарып, бар дүние бір тылсым әсерге бой алдырды. Әркімнің жүрегінде: «Ақан сері... Ақан сері!» деген сөз.

Бір күні... ойда жоқта бұл қызықтың үстіне аң аулап, құс салып, иен далаға сыймай желігіп жүрген Жүсіп төре келе қалды. Қасында «сен тұр, мен атайын» дейтін жалақтаған жігіттері бар. Бәрінің мінгені ойнақтаған сәйгүлік. Бұлардың жайсаң жүрісіне ел таңырқап, гүлдесе кетті.

– Жүсіптің қолында қаршыға...

– Иығында қара мылтық!

– Инеліктей имиген тазыларын қара.

– Үкілеген аттары да өңшең боз.

– Байлық не істетпейді дейсің, Жүсіп те Ақан сері болғысы келеді.

– Өлсе де Ақан сері бола алмайды.

– Байлық та, мансап та қолдың кірі. Басыңнан бақ тайса, осының екеуі де жоқ. Ал Ақан серінің әні Біржан салдың әніндей болжаусыз болашаққа даланың қоңыр желімен ұзап бара жатқан жоқ па! Ақан сері келіп еді, мына Сұлушоқы төңірегі әнмен ғана тыныстап, әнмен ғана тербеліп кетті.

– Келсін, келсін Жүсіп төре, әуселесін көрейік... сән түзеп жүр екен, оның да бір өнері бар шығар...

Бәтіманың елі-жұрты осылай деп гулесті.

Жүсіп қызғаншақ, тәкаппар жан. Қисынсыз жерде Ақан серімен шарпысып қап, өзі түгіл әкесі Қорамсаның өзін «ұсақ саудагер» деп сырттай қағытып жүреді. Бірақ мынадай ақ тілек, еме-жарқын қызықшылық үстінде Ақан сері оның ол пендешілігін елеген де жоқ. Салқын қабат білдірмей, әрі қайынжұртының абыройын ойлап, Жүсіпті әдепті мінезбен күтті, риясыз көңілмен сыйлады.

Ертеңінде жібек самал лыпылдаған кіші бесін әлетінде ат жарыстырды. Тоқ бәйге. Төрелер де аттарын қосты. Қоңыр ат ешбір атты шаңына ілестірмеді.

Жүсіп осы жолы Қоңыр атқа сұқты көзбен қарады. Табан астында бүлініп, жігіттерін зекіп: «Бозшұбарды ала жүріңдер, деген сөзім не болды? Өңшең тоғышар! Қоңыр аттың басқан ізіне татымайды, белі бүкшиген мәстектерің!» деп зіркілдеді. Иығына шапан жауып,

алдына үкілі домбыра, ақ күміс жапқан ер-тұрман қойып, ізетпен иілген ауыл жігіттерін елең де қылған жоқ. Ақан серінің сөзіне де тоқтамады. Терісіне сыймай тұлданды. Көңілге дық салып, жұрт көзінше жігіттерінің жер жебіріне жетті.

– Атты әкел! – деп дігірледі.

Ақан сері іштей булығып, не дерін білмеді. Жүсіп тоқтар емес. Ақан сері төзді-төзді де, шыдамнан кетіп, қайнаған ызасы бұрқ ете түсті:

Домбыра ап Ақан сері әнге салар,
Байқасаң бәрімізден дүние қалар.
Тірлікте шамаң келсе көр қызықты,
Дүниеден өтпей, тіпті, қай жан қалар.
Жаман да өлгеннен соң болар тамам,
Қараңдар, кем-кетікке келсе шамаң.
Тірлікте «мен болдым» деп өте кетпе,
Адамға екі дүниеде болар жаман.

Ақан серінің ызбарлы әуезбен зілдене айтылған бұл сөзі шамына тиіп, беті тыржың ете түскен Жүсіп:

– Дананың сөзі... жалғай бер... соза бер, – деп кекесінді мысқылмен күнк етті, – айта алмай жүрген сөзің бар екен, Ақан, ірікпе, шығар бәрін, есіл сөздің атасы өлмесін!

Іште тепсіне тулаған ащы сөзін әлі де болса еркін жібермей, тежеген Ақан сері: – Дана – дана боп туып, кеше – кеше боп өтеді. Маңдайға солай жазылады білем, солай ғой, төре! – деп, қабағы батқан күндей қарауытып, домбыра пернесін үзіп-үзіп басып:

Төрелер ширатады есіп мұртын,
Алмайды еш теңдікке елі-жұртын.
Әдейі іздеп келіп, салдың әлек,
Қампиған неге керек сенің сыртың! –

деді, құдды бір жай ғана сөйлеп отырған жанша таусыла налып.

– Мені түлен түртіп келген екем... есте жүретін іс болды, бұл, – деп аққуба реңінің қаны қашқан Жүсіп жарылып кете жаздады.

Ақан сері де қанын ішіне тартып:

– Төрелер десем, ол өз ағаң – ел тұтқасы Шыңғысты, оның кемеңгер ұлы Шоқанды, бір өзі Қорқыт қобызы боп сарнаған Қанғожаны, әндей мөлдір, ән боп жаратылған Қозыкені даттағаным емес, Жүсіп! Құдай сақтасын! Оларға деген ел құрметі, біздің ізет, о, ол, мүлде басқа. Олардың орыны бөлек. Ез бен көргенсіз біздің



қалың Қарауылда да жетіп жатыр. Ел абыройын айрандай төгетін солар! Қызығыма келіп, қызғаныш білдірген жігіт ағасы Жүсіп, бір өзіңе ғана айттым, әлгі сөзді! Бір өзіңе! Жөніңе жүр, Жүсіп, ұзыннан өшің, қысқадан кегің жоқ, босқа бүлініп, жоқ жерде тиісіп, сағымды сындыра берме! Өзіңнің де қасиетіңді кетірме!-деді, зілді үнмен, -тепкті тұқым екенінді естен шығарма, Жүсіп!

Ақан серінің бұл сөзі маңдайға шарт ете қалған қамшы болды да, Жүсіп ләм-лим деместен, жалт еткен елес секілді аттанды да кетті.

* * *

Кейін Ақан сері Қоңыр атты еркелете әлпештеп: «Әй, Қоңыр атай, ең болмаса сен озбай-ақ қоймадың ба, сол Жүсіптің атынан!» деп күлді де жүрді.

Бәтіманың ауылындағы осы қызойнақтан кейін Ақан сері тобы көк орманы мүлгіген жасыл алқапта ақша бұлты қалқыған Айыртау, Сырымбет саласын әнге бөлеп, дуылдасқан күйі Кеңашы, Қоскөлге қайтты.

* * *

Сол кездерде кейде қыс түсе сүзек індеті жұртты қынадай қырып өтуші еді. Ақпан туа ел ішін сол дерт жайлады. Желегі желкілдеп, алдағы мамыр айында ұзатылайын, деп отырған Бәтима кенет осы дерттен дүние салды. «Апырай, мына жазмыш... не істеді, Құдай-ау, мына жазмыш? О, Тәңір... шат күлкіміз жиыла қойған жоқ еді ғой, о, Тәңір... өң бе, түс пе, бұл? Тәлкекке бейім тұратын тағдыр деген әулекіңе берген бұйрығың осы ма, о, Тәңір?!»

Бәтима... Ақан серіге ол енді бейнебір таңғажайып түс. Ондай түсті қайта көру мүмкін бе? Опындырған арман-ол!

Қапияда ұшып кеткен бақыт құсы, ол! Қолына қайта кеп қонбайды, енді.

Жаннат дүниесіндегі періште, сұп-суық тұңғиық түкпірде жылт-жылт еткен сәуле, ол!

Ақан серіні шер күйігі езді.

* * *

Ақан сері еңсе көтертпеген мұңға батып, меніреу кейіпте, сөзден тиылды. Ортаға қосылмай, бәрі-бәрінен оқшауланды. Өрісі тарылды. Әні, домбырасы адыра қалды. Кеше ғана Айыртау маңын әнмен



дүрілдеткен сері тобының бірде-бірі тілдесе алмай, жүні жығылып, сонау бір қиырда жатқан Біржан сал да күйзеле күңіренді.

Ақан сері Қоңыр атты қаққан қазықтай қаңтарып қойып, тірі пендені көргісі келмеді. Құлазыды. Сағым ойнаған сары далада мүлгіген бір балбал тас. Жер бауырлап, сұп-сұлық күйде сілейіп жатып алды.

Бекбас пен Қорамсаның үйін қайғының қара бұлты басты.

* * *

Арада екі жыл өтті. Бәріне емші уақыт... жан бөлек. Тірі тірінің тірлігін істейді.

Әр нәрсеге көнбіс, аһ ұрғызған өкінішті жайдан тез оңала қоятын Қорамса жұрт сыбысына құлақ түре жүріп, сол елдегі тағы бір белді кісі Шомат қожаның Бәтимасына көз қиығын салды. Ұлының да тамырын басып көрді. Көңілдіті оңынан келді. Ақан сері бұл Бәтиманы да сүйеді екен. Оған көзі жетті.

Қорамса қыз әкесі Шомат қожаға немере інісі Жандосты басшы ғып, ауылдың көшелі кісілерін жіберді. Шомат қожа: «Нақты сөз ел жайлаудан қайтқанда болсын», деп үміттендіре жауап қайтарды. Қорамсаның сұңғыла көкірегі бұл сөзді сәттіліктің нышаны, деп білді.

Өз ісіне қомпаңдап, көңілі толып, елпектеген Қорамса сонау Улықөлді жайлап отырған Біржан салға: «Шырағым, Біржан, Ақаныңның жүзіне шырай кірді. Қайғы бұлты сейілейін деді. Өзің білетін Шомат қожаның қызына сөз салдырып жатырмын. Кет әрі емес. Осы бір кезде бір келіп кетсең, деген тілегім бар. Ақаның жүзіңді көріп, лебіңді естіп, одан сайын көтеріліп қалар еді» деп үшбу хат беріп, елгезек ұлы Рамазанды жіберіп, сәлем жолдады.

Бәрі-бәрінен хабардар боп, қобалжулы көңілмен қабырғасы қайысып, сырттай аңысын аңдап отырған Біржан сал да осы сөзді қуана құп алып, көп ұзаған жоқ, өзінің жігіт-желеңін ертіп, сәнді қалпымен дүрілдетіп, келе қалды.

Қашанда сал серінің жүрісі өзгеше болатын әдеті, Біржан сал құр қол келген жоқ, Данияр дейтін ұстасына жасатқан ақ күміс жапқан қырғыз ерін ала келді. Онысы Қоңыр атқа жараса кетіп, ой бір сәулетін ашты дейсіз. Ауыл жұрты дүрліге қуанды. Ақан серінің сондағы желпінісі, төбесі көкке тигендей алабұртып, Біржан салды құшақтай алды. Жанарында кілкілдеген ыстық жас...



Біржан сал сол келген күні Қоскөлді жағалай отырған Қарауылдың үш аулының алқалы тобы алдында:

Ау, бәйгеден озып келген атты алайын,
Боз жігіт сынамай ма, бақталайын.
Жиылып үлкен-кіші отырғанда,
Толқытып «Ақсеркешке» ән салайын

Ау, бір атты сатып алдым елу беске,
Болдырмас шапсаң дағы қара кешке.
Бозбала, бекер сал боп неге керек,
Салып қал шын сал болсаң «Ақсеркешке!» –

деп, ой, шалқыды-ай бір.

Ақан серінің қайғысымен жабығып жүрген жұрт дүр сілкініп, Біржан салдың жайсаң әуезіне жандары сүйсініп, кеу-кеулеп Ақан серіге де жел берді. Ол да серпіле бой түзеп, ашық қабақпен:

Ақ, Ертіс тасығанда кемерленген,
Ер жігіт бейнет тартса не көрмеген.
Ақ құйрық фамильный шәй секілденген,
Көзіңнен айналайын бедерленген.
Ай, Алғаракөк,
Шықшы сәулем, нұр жайнап,
Шайы орамал бір байлап.

Санаменен сарғайып, сағындым сәулем сені ойлап, – деп, Біржан салдың «Алғаракөгін» ынтызар жүректің тағатсыз құмарлығы етіп, шарықтатты.

Ойға тұнған қоңыр көзінде қос Бәтима келбеті жақұттай жаркылдап, жалт-жұлт етті.

Осылайша әндеткен отырыс бірнеше күнге созылды.

Біржан сал ауылына қайтатын күні Ақан серіге тобылғы сабы алтынмен бунақталған сегіз өрім қамшысын берді. Ат төресі Ақсеркешінің кекілінде желкілдеген үкіні Қоңыр аттың кекіліне тақты. Сендей серіге қыран құс керек, көк жүзінде ойнақ сап, бір көлден сексен үйрек ілетін сол құсынды қондырып жүретін мына бір қызыл аршадан жасалған балдақ та сенікі, Ақанжан (Осы балдақты 1980-жылы, желтоқсан айында облыстық радионы басқарған Әуез Өтеевтен көрдім. Балдақты музейге тапсырам деп еді. – И.Ж.) Ақан серінің лепірген көңілі бірдеме дегісі келіп, бірақ сөйлей алмай булығып, қос жанарында күллі дүние жайнап тұрғандай өзін қоярға жер таппай масаттанды.

Сол күні ұлы сәскеде сансыз көкек сұңқылдаған Кеңашының бұйра талдарын жағалап, кетіп бара жатқан сері топ, ортасында Ақсеркеші жайраңдаған Біржан сал үкісі үлпілдеген Қоңыр аттың үстінде Ақан сері:

Салқоңыр, тізгінің бос, жолың ашық,
Баратын жерім шалғай, елім қашық.
Үстінен Айыртаудың қарайын бір,
Көзіме көріне ме, сүйген ғашық, –

деп керілте созып, теңіздей толқыған кең алқапта жүрек толқыта қалқытып:

Ахоу, сен бір – дүлдүл.
Дүние гүл-гүл,

Сайраған Орта жүзде мен бір бұлбұл! – дейтін құштар сөзді елжірете тамсандырып, баяулата бергенде тәтті қиял құшағында тебіреніп келе жатқан Біржан сал:

– Үзбендер, өстіп ана сағым ойнаған көкжиектен ұзата салындар, әннің тұсауы шешілсін, – деп, өзгеше бір құмарлы ләззатпен күлімсіреді.

Біржан салдың мына сөзі Ақан серінің пешенесін жарқырата түсіп, сері топ:

Салқоңыр сені күттім жеке бағып,
Мойныңа ақ жібектен арқан тағып.
Салдыртып қалқатайға жеткенімде,
Алдымнан шыға келді күлім қағып, –

деген сөздерді аңылаған жалынды леппен еміренте үздіктіріп, «Ахоу» деп көтерілетін кең тынысты қайырмаға іліккенде Кеңашының көк тоғайы, оның сыртында күмістей жарқыраған Қоскөл көз ұшында бұлдырап қала берді.

* * *

Біржан салдың осы келісінен кейін Ақан серінің қабағы ашылды. Қырыс-тырысы жазылды. Еңсесі көтеріліп, өзіне бата алмай үрпіісіп жүрген жігіт-желеңін қайта жиып алды.

Ақан сері жаңа түлеген жас қырандай жұтынып, сөзі, ілтипаты түзеліп, әке-шешесінің қас-қабағына қарап, үй тірлігіне араласты. Қорамса мен Жаңылдың да: «Иә, Құдай, тілекке жеткізе гөр!» деп шырайы кірді.

* * *

Уағданың аты – уағда. Күз түсіп, ел қаздай тізіліп жайлаудан қайтты. Қорамса төңіректегі жұртты аң-таң ғып, көш жолын әдейі бұрып, Шомат қожаның ауылына жанаса кеп, еру қонды.

Көкейінде дәмесі бар беймаза жан ауылдың игі жақсыларымен иіле сөйлесіп, шүйіркелесе кетті. Күздің көкірек жарған сары қымызы сапырылған кең дастархан басында сыбаға жесісіп, арғы-бергі ата-баба жолы, салт-сана, жөн-жоба мысалдарынан сөз қозғап, мәмілесі жарасқан мәжіліс құрды. Осы тірлігіне сүйініп: «Иә, Құдай, ісімізді оңдай гөр» деп құдалық сөзді бастап жіберуге бекінді.

Ел іші қашанда той-томалақ, қызойнақ... лыпылдаған ептейлі, сезімтал пысық жігіттер ебін тауып, бір қызықшылықта Ақан сері мен Бәтиманы қатар отырғызды. Екінші Бәтима, бұл!

Осы дулы жиын Ақан сері тағдырының тағы бір үміт сәулесін жарқ еткізді. Суынған жүректің қоламтасы тұтана бастады. Бәтима Ақан серінің қараңғы көңіліне сәуле беріп, мұнды жүзіне шырай таратты. Салқындап қалған шабыт қызуы қайта білінді. Осы кезде жігіттер Ақан серінің :

Басыңда кәмшат бөркің жарқыраған,
Иықта алтын шолпың жалтыраған.
Сыпатың жұмақтағы хор қызындай,
Жамандар сізді көріп қалтыраған!

деген мақпалдай жұмсақ сырлы әнін сызылтты. –

Бәтима бұл әннің өзіне арналғанына мәз. «Бәтимаң өлген жоқ, сөнген отың қайта жанады, Серім!» – деді ол жүрегі лүпілдеп. Көп ұзамай бұл қуаныштың арты тойға ұласты.

* * *

Есесіз ешнәрсе жоқ. Бір қайғыны бір қуаныш жеңілдетті. Үйде Бәтиманың бал қылығы, түзде ел қошаметі, әншілік желік жүр-жүрлеп алабұртқанда Қоңыр аты оны әр жаққа ала қашып, ой, бір ойнақшытты-ай, кеп! Бәтима екеуі жан-жүректі мөлдір сырға толтырған ерке назды әнге сүйініп, бір-біріне әнмен сүйікті боп, әнмен ғана тыныстап, тәтті күндердің ләззәтін көрді. Бақытты отаудың шырағы жанды. Қорамса мен Жаңылдың да көңілдері көл дария. Алыс-жақын тілектес жандар бірінен соң бірі құтты болсын айтысып, келіп-кетіп жатты.



* * *

Қоңыр атпен көлеңдеген Ақан сері айдарынан жел ескен бір бекзат...

Қоңыр атқа елдегі атбегілер қызықты. Сөзі дуалы сыншылар оның бар қасиетін тамсана сөйлеп, болашағын бал ашқандай ғып, алақанға салып, оны күтіп-баптаудың жөн-жосығын айтып, еліктіре ақыл-кеңес берді. Ақан сері бәрі-бәрін бек түсініп, Қоңыр атты жиі-жиі таң асырып, қу құрсақ етіп, ашықтырды. Артық еттен арылттып, ат моншасында бұлаулап, қамау терін алды. Дәйім салқын самал желпіген кіші бесінде інісі Айбергенге мінгізіп, қара кешке дейін жүгіртті. Қоңыр ат қара тұяғына дейін сүмектеп, ақ сабын боп терлеп, мойыны қанжардай иіліп, әбден сылынып, үлпілдеген ақша бұлттай жеңілдеп кеткені сондай, бауырын жазып, жұлдыздай аққанда жер мен көктің арасында қалқыды. Сарша тамызда басталған тынымсыз жарату қара нөсерлі қарашаның ортасына дейін созылды.

Алдағы күз... Көкшетаудан Қызылжарға шығатын даңғыл жолдың екі жағы сағым ойнаған кең алқапта жыл сайын «Сентябрь жәрмеңкесі» өтеді. Араның ызыңындай ығы-жығы сауда... (Балуан Шолақтың:

Кешегі сентябрьдің базарында,

Сындырдым Карон палуан қабырғасын, – дейтін жәрмеңкесі осы. – И. Ж.) әр түрлі ойын-сауық, палуандар күресі, бір тұсында ат бәйгесі, жорға жарысы. Ақан сері Алла жазса, Қоңыр атты сол сынға салуы керек. Сол тілек, сол үміт. Ақан серінің қиялы шарқ ұрып, Қоңыр ат шаңға бөккен аласапыран бәйгенің алдында сағымдай бұлдырап, кетіп бара жатады...

* * *

Бір күні... Көкшенің сықырлаған сары аязы. Ақан серінің апасы Айшаға біраздан бері құда түскісі кеп, жанаса сөйлеп, жылыұшырап жүрген Баубек мырза топты кісімен ошарылып келе қалды. Қорамса осының алдында Баубек жіберген адамдарға икем беріп, үмітті сөз айтып, үлгірген де жоқ еді, Баубектің мына келісін жақтырмай, жөпелдемеде не істерін білмей, тыпырлап, ақыры сайтан азғырды ма, әлде елден ұялды ма, амалы құрып, құдалық бәтуаға көне кетті. Айшаны Баубектің Мағзұмына беруге келісті.

О, тоба, құдалық сөз енді ғана үйлесе бергенде Баубек, ай-шай жоқ, Қоңыр атқа қолқа салды. Мұны не деуге болады? Әлі араласа



қоймай жатып, оның бұл «еркелігіне» жол болсын? Ешкімге есе жібергісі келмейтін Қорамса бүйідей бүрісіп: «Ә, Баубек білуші едім кей ісінді, құда болып оңдырмассың, сен!» – деп, жүрегі су ете түсті. Қоңыр атты алдағы жылы «бәйгеге қосам» деп қамданып жүрген Ақан сері мына оқыс сөзге сенерін-сенбесін білмей, түсі бұзылып, буынсыз жерге пышақ ұрған Баубекке: – Құдалық рәсімнің бәрі-бәрін жөн-жөнімен тындырып, көңілі көншіген жанша, жесірлік атымды сұрағаның қай елдің жөн-жосығы, Баубек мырза? Қоңыр ат түгіл құдалықтан күдерінді үз! Сендей сұмдықпен жұлдызымыз жараспай-ақ қойсын! – деп, әкесі айта алмай булыққан сөздің сарт еткізді.

Баубек те ішіне шынашақ айналмайтын тықыр, «менің ку құлағым не естіді, а? Ә, онда осымен іс бітті!» деп табанда ұйқы-тұйқы боп, тайып отырды. Жынның ісіндей не нәрсе, бұл?

«Айша үшін бар жылқыңды берсең де ендігі құдаң Қоңыр атты ауызына алмасын! Тура көзін ағызам!» деп Ақан сері әкесін біраз қағып-сілкіп, ашуға булықты. Ел де гулеп, Баубектің жөңсіз ісін «мейманасы асқан екен, бассыздығын қара!» – деп бәткерде қылды.

* * *

Дәл осы рәсімнің сәтсіздігін қадағалап, күтіп отырғандай Айшаға тағы бір құда дәме ғып, іле-шала сөз бастады. Бұл – Шөбектің Бегалысы! Айшаны үлкен ұлы Оразалыға алып бермекші.

О, Шөбек әулеті! Бұлар-Шұңғыршаның Есенбай атасынан өрбиді. Шөбекке жер көкке сыймай ырғалған тоғыз мың жылқы біткен. Өзі жайлаған жерді жылқы аяғы тапап, шаңдатқан соң, оны «Шаңтөбе» деп атап кеткен.

Шөбек тұқымында Серәлі, Мырзалы, Бегалы, Сердәлі, Жаналы...

Осылардың әрқайсысы Ақан сері үшін бір-біріне ұқсамайтын бір-бір бітім.

Серәлі болса мың жарымдай қарала жылқысына мас. Сол дәулеттің буымен болыстыққа таласып жүргенде Ақан сері одан біраз қиянат көрген, қорғаны жоқ Жама ақынның (Жама Төрелер әулетінің Қапиза есімді қызымен көңіл қосып жүреді. Өзі қолы қысқа сылыңғыр кедей. Бірақ еті тірі, намысты жігіт. Ақан сері және оның төңірегіндегі әнші-ақындармен дос. Осыларға сеніп, арқа сүйеген Жама Қапизаны алып қашады. Амал не, Төрелердің құрығынан және оларды қолдаған Серәлінің қармағынан құтыла алмай, Баянауылға

жылыстап барып, сол жерде ұсталады. Қапиза жүкті екен. Жаманы «кедей» деп менсінбеген Төрелер Қапизаны айырып әкетеді. Үміті кесіліп, сағы сынған Жама:

Баянауыл басында аттай желдім,
Оязнай шақыртып, дуан келдім.
Оязнай шақыртып, дуан келсем,
Ісімнің қисайғанын сонда көрдім, –

деп, Көкшетау түрмесіне айдалып кете барады. – И.Ж.) намысын жыртып:

Бай болып, мырза болсаң лепіретсің,
Кедей боп мехнат шексең өкінерсің.
Патша болсаң мінерсің алтыннан тақ,
Ахиретке бармайды бұл күнгі бақ.
Бұл дүние ол дүниедей бай болмайды,
Көңілім сират өтпей жай болмайды.
Ғаламды он сегіз мың жалмаса да,
Ауызы қара жердің май болмайды.
Неге тәубә қылмаймыз, біз бір есер,
Есер пәнде шайтанмен әзілдесер.
Тау мен тастан күнән көп болса дағы,
Тәубә қылсаң бір Алла бәрін кешер.
Аллаға жат та жыла, тұр да жыла,
Пәле менен қазаға көрсең шыда.
Тәубәменен баршасын кешсе-дағы,
Кешірімес бар біздерде төрт-бес күнә.
Әй, Серәлі, құлақ сал мына сөзге-
Ораза тұтып жаныңды қинамасаң,
Бес уақыт намазды жинамасаң.
Кешпейтін бір Алланың бір кінәсі-
Атаң менен аңды сыйламасаң.
Келістіріп сөйлейді тілге шешен,
Ірілік қып біреудің хақын жесең,
Кешпейтұғын Алланың бір кінәсі-
Жаратқан бір Алланы екі десең.
Пайғамбар, төрт жар шыққан Мәдинадан,
Олар барып келді ме, о дүниеден,
Өлмесе ата-бабаң қайда кетті?

Кетерміз біз де бір күн бұл дүниеден, –
деп, сесін басып, тәубасына келтіргендей болып еді.



Бірақ тоңмойын Серәлі бұл сөзге тоқтамады. Ел ішіндегі дау-дамайға жел беріп, өкірендеп, өршітті де жүрді.

Ақан серінің әнші, ақын шәкіртінің бірі – Бәйімбет Атығай Темірбек солқылдаған бойдақ кезінде ит тұрмыстың тауқыметімен осы Серәліге приказчик болып, сауда керуенін жүргізді.

Серәлі есігіндегі қызметшілерін, шаруасын баққан малшы-жалшыларын ызғырықтан өткізіп, қатты ұстады. Өзінің қолы да тар, сондай сараң, кең дүниені тарылтатын қытымыр жан.

Ақындық болмысы Ақан серіге ұқсайтын Темірбек Серәлінің теріс мінезін дәйім бетіне басып, ырқына көне қоймады. Сөйтіп жүріп Темірбек бір күні Көкшетаудың оңтүстік батыс жағын жайлаған Сәберлі елінің байы Оспанның Қапа есімді қызын алып қашты. Ел ішінде дау туды. Бұл іске тағы да Серәлі киліге кетіп, екеуін ажыратып тынды. Бұл зорлыққа жаны күйген Темірбек:

– Сереке-ау, тыңдасаңыз хикаятым,
Ақылдың білуші едім парасатын.
Сәберлі елі, Шөбекте ерте кезден,
Бар еді, кетіп жүрген аманатым.
Бір қызын Сәберлінің алып келіп,
Хақымның бермесен де алдым татын! –

деп Серәліні ел алдында масқаралады.

Серәлі өзімен аталас Нұралы әншіге де қысымшылық жасап, сүйген қызын алдырмай, ауылдан бездіргенді. Өзі қыздай сызылған қорғансыз жан, амал жоқ, бұл көкжалдан жасқанып, елден сырттап жүріп, Ақан серінің көмегімен ғашығына үйленіп, дегеніне жеткенді.

Мырзалы жастай дүние салған.

Жаналы – громофон ұстаған әнші, білімді жан. Біржан сал мен Ақан серінің әндеріне ынтық көңілмен ден қойған жаны сырлы бір бекзат.

Сердәлі орысша оқыған. Ескіше де сауатты. Ақын. «Шаһнама», «Салсал», «Зарқұм» киссаларын аударған. Бұл жырларды Қазандағы Кәрімовтар баспасына жібергенде оны Мәулікей деген бір алаяқ иемденіп, өз атымен шығарып жіберген. Содан кейін Сердәлі Ақан серімен пікірлесіп жүріп «Рүстем-Дастан» жырын жазуға кіріскенді.

Сердәлінің Жәмшит, Мәмбетәлі деген екі ұлын ел ерекше сыйлап, жақсы көрген (Мәмбетәлісі Петербургта оқыған өрелі азамат.

Онда ол социал-демократ партиясына кірген. 1903-жылы Думада қазақ елінің аянышты ахуалы жөнінде іркілмей сөз сөйлеген. Сол күннен бастап Омбының генерал-губернаторы оның соңына тыңшы қойған. Ел ішіне келгенде ол сақтанып, бой тасалап жүрген. – И.Ж.) Мәмбетәлі Шоқан, Біржан сал Ақан серіні ардақтап, қадір тұтқан.

Шөбектің іргесі мығым бір ірісі – Бегалы. Ол болыс боп билікке араласты. Елге дәйім ірілік көрсетіп, тізесі батқан жуан сіңір. Серәлі сияқты мансапқор. Атаққұмар. Шым-шытырық шатақ істермен елдің берекесін кетіріп, іріткі салып, у-шу ғып, бірлігін бұзып, даурыққан, беймаза қылығымен болыстықты келістіріп ұстай да алмады.

Міне, Шөбектің ығай мен сығай ырғалған әулеті. Байлық та бар, бақ та бар. Байлық – алақанда еритін мұз. Бақ – ұшып кететін құс. Қорамса тағдырдың ол «ойынын» ойлаған да жоқ. Оңтайлы сауданы сақал сипағандай ғып бітіре салатын ысқаяқ жан «Шөбектің ана баласы анадай, мыны баласы мынадай деп, не болса соны көкітіп, гулете беретін жұрт сөзінің керегі не? Жарасып кетсек болды да!» деп жанды-жақты Шөбек әулетімен жағысқанды жөн көрді.

Ал Ақан сері Шөбек әулетінде – Сердәлі мен оның екі ұлы-Жәмшит, Мәмбетәліні және Жаналыны жанындай жақсы көріп, қатты сыйлады. Араласты. Серәлі мен Бегалыны күйдіргі қылығы үшін жек көрді. Осының бәрі-бәрін ақыл-таразысына салып: «Жарайды, бір биеден ала да, құла да туады» деп әкесінің көздеген дітіне онша қарсы да болмады.

Құдалық сөз басталғанда екі жақ тағы да оп-оңай келісті. Бірақ қисынсыз іске не дауа, қас қылғандай Бегалы мырза да Қоңыр атты сұрады. Бұған күйінген Ақан сері:

– Сіз осы адам алуға келдіңіз бе, жоқ әлде ат алуға келдіңіз бе? Екеуінің Сізге қайсысы қымбат, Бегалы мырза? – деп, тағы да бұлқан-талқан боп, шап ете түсті.

Ұлының мына сөзі Қорамсаны бүк түсіріп, үнін шығармады. Ешкімге дес бере қоймайтын Бегалы мысы құрып, сөзден тосылды. Құдалық сөз бұзылды. Ел іші Бегалыны жазғырып, тағы гулеп ала жөнелді. Қорамса бір емес, екі рет сынды. Он екіде бір гүлі ашылмаған Айшасы бір емес, екі рет сөзге ілігіп, қорына жылады. Қоңыр ат үшін Ақан сері бір емес, екі рет күйді.

* * *

Сол жылы жазда Шұғыл Бәйгес деген мырза әкесіне ас берді. Ақан сері Қоңыр атты бәйгеге қосты. Бұл бәйгеге Шөбек әулеті



де ат қосты. Екі жүз аттың ішінде қарақшыдан құйысқан тістесіп, екі ат өтті. Алдыңғысы Қоңыр ат, екіншісі Бегалының Бозшұбары. Аламантасыр айқай-ұйқай. Дау. Бірін-бірі кимелеп, бірін-бірі боқтап, өзеуреген нөпір жұртты киіп-жарып:

– Бас бәйге менікі! Бозшұбардікі! – деп, құйрық-жалы жер сызған қарала айғырдың үстінде Бегалы аюдай ақырып, бұрқырап тұрды.

Ал бас бәйге Ақан серінің Қоңыр атына берілді.

Кейін Ақан сері Бегалының «Иә, Құдай, жан ғып жаратқаның рас болса, не мені, не Қоңыр атты ал!» деп қарғағанын естіді.

* * *

Қоңыр аттың алғашқы бәйгесіне (он жылқы, кілем жапқан ақбас атан, елу қой, екі тайтұяқ) шаттана дуылдап, ел сүйінді. Ақан серінің мәртебесі биіктеп, бар дүниенің төбесінен қарағандай, әні де асқақ көңілі де әуелеп кетті. Ол үкісі үлпілдеген Қоңыр аттың үстінде жалғанды жалпағынан басқан бір пешенелі мұңлық. Алда Көкшетауда «Сентябрь жәрмеңкесі...»

* * *

Көкшенің қиял қозғайтын жаннат жерінің бірі – Сырымбет.

Бұл бір замандарда Қыпшақтың алтын айдарлы батыры Сырымбетті жоқтап:

Жібек белбеу белімде,
Ақ жамбы едім елімде,
Сырымбетті сүйген соң
Жүре бердім ердім де.
Ақырында не көрдім,
Шамшырағым сөнді ме?! –

дейтін шерлі арудың ғашықтық жыры шертіліп, ел аңызына (сүйген қызын алып қашып келе жатып, дәл осы жерде Сырымбетті не жолбарыс жарады. Не жылан шағады. Ел ішінде осындай әр қилы сөз бар, – И. Ж.) өзек болған – сұлу Сырымбет!

Бұл – көгілдір таулар мен бұлбұл әуезі тамылжыған орман-тоғай, аққу-қазы сылаң қаққан Саумал көлі бар-жерұйық!

Бұл – Жігіттер істі болсаң асып-таспа,
Асып-тасқан жігіттің орны басқа.
«Ұлық болсаң-кішік бол» деген сөз бар,
Әйкәпір атанбаңыз қарындасқа, –

дейтін көсем сөзді ғұлама Шал ақынның толғаулы жыр төккен жері.

Бұл – Шоқан сынды кемеңгердің туған топырағы!

Бұл – Шоқанның інісі Қозыкенің (Сақыпкерей) романтикалық шалқумен «Топайкөгіне» басып, Ақан сері екеуі ел көзіне жұлдыздай жарқырап көрінген жер!

Қызды ауыл десе де, қымызды ауыл десе де Ақан серіні өзіне елеңдете тартатын сұлу Сырымбет!

Сырымбетте Уәлихан әулетінің Тортай, Тән балаларының ішінде Ақан серіге жұлдызы жақын жан – Мұса.

Мұса мен Жүсіп Тәннен туады.

Тортайдың баласы Айса да Ақан серіге жан жүрегімен берілген бір ибалы жан еді. Айса жастай қайтыс болған соң «Жақсы адамды жатқа жібермейміз» деп, үлкендер оның сұлу әйелі Күңшені әмеңгерлік жолмен қайнысы Жүсіпке қосты.

Мұса елге жағымды би болды. Ақан сері Қозыке екеуі Мұсаның үйінде думандатып, сайранды салады да жүреді. Олардың әр бас қосуы, отырыс-жиыны, ондағы шырқалған әндер, дүние мысалы боп шертілген өлең-жыр, қисса-дастан жұртқа сел-сел әңгіме, аңыз боп тарайды да жатады.

Ақан сері толықсыған мамырдың тамылжып тұрған бір жайсаң күнінде астында Қоңыр аты жайраң қағып, Сырымбет жағына тарта жөнелді. Қасында өзінің сері тобы – Темірбек, Бәтжан, Нұралы, Сұлтанмұрат. Желаяқ жүйрігі, апайтөс балуаны, тіпті, ет жегіш мешкейі де бар. Өтірік өлең айтатын сайқымазағы да бар. Бәрі-бәрі кең даланы бастарына көтере ән шырқап, салтанат-сәулеті төңіректегі ауыл жұртын таңғалдырып, құдды бір тойға бара жатқандай дулы шерумен дуылдасқан күйі Сырымбетке жетті.

Бұл жолы да Ақан сері ешқайда, ешкімге бұрылмай Мұсаның үйіне түсті. Мұса әдеттегісіндей жағасы жайлауда, «кел... келе бер» дейтін ашық көңілмен мәз-мәйрам, қалбалақтап қарсы алды. Үйде кең жайылған аста-төк дастархан басында Орынбай ақын және Есенай, дәйім онымен қосақтасып бір жүретін Қопанай деген қажы отыр екен. Бәрі Ақан серімен қауқалақтаса амандасты.

Төрелер ауылында әр кез болып жататын жиын-той, құдалық рәсім, қыз ұзатып, келін түсіру, сүндет тойы... Осы майқанның ішінде Орынбай жағын жанап, мақтау жыр айтып (Шоқанның шығармаларында осы Орынбайға: «Екі мінің бар: бірі – сұраншақсың, екіншісі – сөзіңе татар сөзін қоспай сөйле!» дейтіні бар. – И.Ж.) сайрайды да жүреді. Сол үшін неше түрлі сый-сыяпат, олжаға



кенеледі, соған әбден дәнігіп алған. Жұрт сонысын жақтырмаса да өзі оны елең де қылмайды. Ақан серіге де осы қылығы ұнамайды.

Амандық-саулықтан кейін дастарханға мамырдың бал қымызы келді. Оны Мұсаның өзі сапырып, Ақан серіге күлімсіреп, ым қақты. «Орынбайға тиіс» дегені. Мұны түсіне қойған Ақан сері жымың етіп:

Ассалаумағалейкүм, Орекем-ай,
Бар еді мың кісілік берекең-ай,
Тәні, Тортай, Шыңғыстың заманында,
Сайран ғып жүретұғын мерекем-ай.
Сіздерге біздей іні жар болармыз,
Қалайша кемеңгермен пар болармыз.
Аузың бұлбұл, аяғың дүлдүлім-ай,
Бір күні сіздерге де зар болармыз! –

дей бергенде Мұса:

– Ойбай, тоқта, Ақанжан, Орекенді о дүниеге асықтырма. Біздің Төрелерден алатын талай олжасы бар әлі. Соларды жиып-теріп жүре берсін, – деп маржан тісін жарқырата сылқ-сылқ күлді.

Бұл сөзге қыбы қанған Ақан серінің бұланай жігіттері «Пәлі десе! Е.. е...!» деп шие бөрідей шуылдап қоя берді.

Орынбай да ілінісе кететін әдетіне басып, Ақан серінің қызылды-жасылды киінген порымына қарап:

Өй, үстінде мақпал шапан солбыраған,
Әкеңнің киіміндей қолбыраған.
Киімі әр заманның басқа-басқа,
Бұл киім жараспайды інім саған, –

деді қысық көзі шыныдай жылтырап.

Ақан сері де іркілмеді:
Ақан да сөз тапқандай ағасына,
Қарайды ағасының бағасына.
Бұрынғы ата-баба киген киім,
Мирас боп қалмай ма, екен баласына, –

деп, «Ал бұл сөзіме не дейсіз?» дегендей іштей тамылжып, жүзінен жып-жылы шуақ тарады.

Сөйтті де:

– Ғапу етіңіздер, – деп орнынан тұрып, сыртқа шығып, қолын жуып, іле қайта кірді.

Орынбай басын шайқап:
Дәретсіз неме керек қолың жуып,

Өзің зерек жігітсің дінге жуық.
Ақанжан, сенен мен бір сөз сұрайын,
Бас сәждеге тиді ме, өзің туып? –

деп қойып қалды.

Ақан сері дәл осы сөзді күткендей:
Хахлығын, еслам дінін білген шығар,
Хахлыққа көңіл жұмсап иген шығар.
Ореке, сен сұрасаң мен айтайын,
Еншалла бас сәждеге тиген шығар, –

деді жайбарақат қана.

Орынбай да байсалды үнмен:
Алданба, бұл дүниенің опасы жоқ,
Кімнен кетіп қалмайды, бұл дүние бок.
Бас сәждеге тиді деп, айтсаңдағы,
Мен соны көзімменен көргенім жоқ, –

деді.

Ақан сері былқ етпестен:
Ореке, мақтанудың жөні келмес,
Тәңірім рия қамал қабыл көрмес.
Бір алла іш пен сыртты білген шығар,
Пәнденің көрмектігі дәркем емес, –

деп, көзіне көз түйістіре езу тартты.

Орынбай капелімде не дерін білмей, ыңғайсыздана жалтақтап: –
Мен қазір... – деп, сыртқа шығып кетті.

Мұса Ақан серінің құлағына сыбырлап: -Бізбен іргелес ана бір
көрші үйде бір топ әйел отыр. Солардың ішінде Орынбайдың бір
көңілдесі бар, – деп мырс-мырс күлді.

Сәлден соң Орынбай көңілді күйде үйге кіріп, орнына отыра
бергенде Ақан сері:

Ореке, сіз бір қайық, біз бір кеме,
Жөні келген сөзімді артық деме.
Пір тұтып, ишан болған адам едің,
Ішіне аялдардың бардың неге? –

деп, көзінде нұр ойнап, тағы да қадала қарады.

Орынбай сасқалақтағанын білдіргісі келмей, күлкісін жиып ала
қойып:

Әл-аста, қайрат-атта, сөз-малдыда,
Ақыл айтып болмайды жоқ-жарлыға.



Парыз, сүннәт, уәжіпті тамам етіп,
Жалғыз-ақ «әйел» деген сөз қалды ма? –
деп, кеңкілдеді.

Осы кезде Ақан серінің жүріс-тұрысын, әр ісін дәйім ерсі көретін екі қажы – Есенай мен Қопанай бір-бірін «Сен айт... сен» деп тұрткіледі. Бір қақпайы бар салпы ерін Қопанай:

Орекеңді көп айтып қылма нала,
Өзі жауап береді Тәңір алдында,
«Барды» деп Орекеңді айтсаңдағы,
Барса да Орекеңнің көңілі таза, –
деді, ыржалақтап.

Ақан сері көзі тұңғиық ойға тұнып:
Бұл сөзім Орекеңе салмақ болды,
Жайынды іліктірген қармақ болды.
Қажылар, сіздің өлең бірікпей тұр,
Бірі – шүршіт, бірі оның – қалмақ болды, –
дегенде үй іші өлі дүниедей үнсіз тынды.

Өйтетіні, бұл екі қажының бірі – шүршіт, екіншісі қалмақ еді. Бұлардың арғы аталары жаугершілік кезде олжа боп, қолға түсіп, келе-келе сіңісіп кеткен пенделер еді. Сол құпияны білетін Ақан сері атылатын оқтай боп кеп қалған сөздің атасын өлтірмей сарт еткізді.

Мұса бұл жолы да Орынбай мен Ақан серінің сөз қағыстырған сәтіне разы боп, сауАл жауаптарына қыбы қанды. Сол күні-ақ екі ақынның дуалы сөзін Сырымбеттегі ел жатқа айтып, гулетіп ала жөнелді.

* * *

Ертеңінде Мұсаның өзі бас болған бұл отырыс Жүсіптің үйінде жалғасты. Қозыке ауылдағы жігіт-желең, қыз-қырқынды жиып, Жүсіптің он екі қанат ақ ордасында Ақан сері тобына дабырласа қошемет көрсетіп, тамылжыған Сырымбет саласын әнмен толқытты. Ақан сері мен Қозыке жігіттерді кеу-кеулей желіктіріп, әрқайсысын ардақтай әлпештеп, алма-кезек ән салып, дулы жиынға дем беріп, көтермелеп, қыздырып отырды.

Ақан сері: «Үйірі қысырақтың мақпал қара» деп, мамырлата созып, аңсаулы ашық жүректің тіл байлаған тылсым құштарлығын сездірсе, енді бірде естеріне әр қилы ой түсіп, мүлгіп қалған арманды жандарды елең еткізіп: «Көкжендет тұғырың алтын, маржан баулы»

дейтін оттай ыстық алапат әнін әуелетті. Одан кейін: «Сұлу ат, жақсы әйел ер қайрағы, жігіттің болып өстім боз тайлағы» деп қызулы леппен емірене толғанды.

Бұл әндер Жүсіпті де тебірентті. «Әннің төресі, ән-ақ қой» деп көзін жұмып, бас изей берді. Біреулер Ақан серімен бәсеке, бақас боп жүретін Жүсіптің иіле жұмсарып, осы бір жараса қалған монтаны қалпына таңғалды.

Ақан сері бір тыныс алған шақта аузынан мәйегі төгілген Бәтжан Біржан салдың «Ақтентек» әнін толғаулы үнмен ұзата созып, еркеназды қайырмасын құбылта ойнатып, жұрттың есін ала құйқылжытты. Отырған жандар: «Қыз мінезді Бәтжанның серпіле бұлғақтауын кара!» десіп бір-біріне қызыға ым қағысты.

Ол алқына жортақтап, құйрығымен сырғанап барып, төрдегі Мұсаға бас ие тоқтағанда, кермінез Темірбек:

Салқоңыр, тізгінің бос, жолың ашық,

Баратын жерім шалғай, елім қашық.

Үстінен Айыртаудың қарайын бір,

Көзіме көріне ме, сүйген ғашық!

А-хоу, сен бір-дүлдүл,

Дүние гүл-гүл,

Сайраған Орта жүзде мен бір бұлбұл! –

деп, «Салқоңырды» балбыратты.

Реңі қазанның түп күйесіндей қап-қара Сұлтанмұрат (бір жолы Ақан сері өзінің осы серіктерімен сейіл құрып жүріп, Біржан салдың ғашығы Ләйлі сұлудың елі, Құлайғыр суының жағасында Сұлтанмұратты тоғыз түрлі сабынмен жуындырыпты. Терісаққан өзенінде де сөйтіпті. Сонда Ақан сері «қараны ақ қылам, ақты кара қылам» деу мехнаты көп бекер іс екен дейді. – И.Ж.) Біржан салдың «Ләйлімін» елжіретіп, қыз қызығатын көркем жігіт боп шыға келді. Оған жоқ жерде тиісіп, әзілдесіп жүретін Нұралы: «Ақан аға, өзіңіз білесіз, кей әнге мен барымды салып-ақ бағам, Ал мына Сұлтанмұрат сол әнді бипаздап, мәнерлеп, әшекейлегені сондай мүлде басқа ән ғып шығарады. Тап қазір сіздің «Ләйліміңізді» айтса Сұлтанмұрат айтсын. Біздің тыраштануымыз бос әлек, әншейін. Ақан аға, бұл Сұлтанмұратты шуылдасқан қыз-қырқынның ішіне апарып, шымылдыққа қамап қойып шырқатса... Әй, бірақ ондай жерге бұл өмірі баспайды... тартыншақ. Қыздарға жоламайды. Онысы несі екен? Ха-ха-ха!» деп қарқылдап кеп күлді. Ақан сері



әдетінше сыпайы ғана езу тартты. Төрелер бір-біріне сыбырлап, кейбірі қабағын шыта бас шайқап, жыбырласып кетті. Үйдің сырты қарағұрым қаптаған жан.

Іргеден салқын самал білініп, күн еңкейе бергенде жиын тарқап, жұрт сейілдегісі келіп, тысқа шықты.

– Әй! – деуге ғана шамасы келді, Ақан серінің.

Алдыңғы екі аяғымен жер тіреп, кермеде шоңқиып жатқан Қоңыр атына жүгіріп келді. Аптығып, апыл-ғұпыл шылбырынан әрі тартқылады, бері тартқылады, есіл жануар оқыранып, қанша ұмтылса да бөксесін көтере алмай қойды. Адамша ыңыранды. Аузынан көгілдір көбік төгілді. Көзі адамның көзіндей жаудырап, денесі сәл дір етті де сол сәтте тырп етпей тынып, тірлік үні бітті.

Мына жайға үрпиісіп қалған жандардың үні шықпады. Не дерін білмей, тілдері байланды. Индері түсіп, сүлесоқ халде мөлиді де тұрды.

Қызылжалқын күн Сырымбеттің қырларынан төмен сырғып, жайлап қана ұясына батып бара жатты. Ақан серінің көз алдында бұрнағы күні көрген түс... Түс: «Көкшетауда қара нөсер. Аспан тесіліп кеткендей төгіп тұр, төгіп тұр. Ақан сері мешіттің ауласына кірді де, атынан түсті. Қоңыр атының көзін сүртіп, кекілін тарап, жал-құйрығын, алқымын сипап, еркелете күбірлеп, өбектей сөйледі. Осы сәтте мешіттің мұнарасынан қарап тұрған Науан қазірет :

– Ақан-ау, үстің су болды ғой, ішке кірсейші, – деді.

Ақан сері Науан қазіретке күлімсірей бұрылып:

Аспаннан Ибраһим нұрын шашқан,

Кей надан «су болам», деп үйге қашқан.

Сол зәмзәмнан «бір тамшы болар ма», – деп,

Судағы шортан балық аузын ашқан... бүгін жұма намазы ғой, хазірет, Ибраһим нұры кей күнәмізді шайып өтсін, сәл шыдаңыз -деді, жайбарақат қана.

Науан қазірет:

– Әй, Ақан-ай, мына мешітте мен емес, сен имам болатын жансың ғой, Қоңыр атыңды байла енді, кермеге, – дей бергенде жарқ етіп, найзағай сынып, қара аспанды тіліп өтті. Ақан серінің басы айналып кетті ме, тұтасқан тұнжыр бұлттың арасынан ақ көйлегі жер сызған Бәтимасы шыға келіп, Қоңыр атты жетектей жөнелді. Жүрегі аузына тығылып, бастығырыла тұншыққан Ақан сері: «Бәтима... Бәтима,

Қоңыр атты қайда алып барасың?» – деп айқай салды. Қасында маужырап жатқан Бәтима ояна кетіп: «Ой, Ақан... Ақан не дедің? Біссміллә... біссміллә!» деп, елеуреген Ақан серіні құшақтай алды. Ақан сері көзін жұма уһілеп, өректіген жүрегінің дүрсілін зорға басты. Түс пе, бұл? Түс... түсіне кірген бірінші Бәтимасы!

Секемшіл жүрегі діріл қағып, сол күні ол өзіне-өзі келе алмай, үрей құшағында түнерді де жүрді. Ішінен: «Бәтима Қоңыр атты алып кетті... алып кетті» дей берді. Сандырағы ма, не дегені, бұл?

Сол түстің ақыры мынадай болды ма, Тәңір-ау?..

Ақан серіні жер мен көктің арасында асқақтатып, махаббат пен сұлулық дүниесінде емін-еркін ессіз шалқытқан Қоңыр ат жоқ, енді! Жоқ!

Төтеннен келген не сұмдық, бұл? Ақан серінің ешнәрсеге көзі жетпеді.

Бұл суық хабар Қоскөлге сол күні-ақ жетті. Көз жасын сауған Қорамса: «Құлынымның Қоңыр атына көз қадаған қаскөйлер... О, көзің шыққыр Баракбай! Көзің ақсын Баубек! Көзіңе құм құйылсын Бегалы!» деп жыландай ысқырған қамшымен қара жерді оскылап сабалай берді...

* * *

Осы оқиғадан кейін іле-шала Сырымбетте: «Қоңыр аттың өлімі ана бір жылы Ақан серіге өштескен Шөбектің Бегалысынан келді. Айшаға құда түсіп барғанда, ай-шай жоқ, Қоңыр атты сұрап, буынсыз жерге пышақ ұрмады ма? Сонда Ақан серіден сөз естіп, құдалықты бұзған Бегалы: «Жан ғып жаратқаның рас болса, не мені Ал қу Құдай, не жамалдатқыр Қоңыр атты ал! Жұлынын үзем, оның!» деп қарғапты, соның жымысқы ісі. Сол Бегалы бір итін астыртын жіберген болуы керек. Бар кінәні Ақан серімен сілкілесіп жүрген Жүсіп төреге жабу», деп бір қу ауыз бәрін қолмен қойғандай ғып, төрелерге мін жұқтырмай сымпылдады.

Бірақ іштен тынған жұрт Қоңыр аттың өлімін басқа ешкімнен емес, Сырымбеттегі төрелерден көрді.

* * *

Есіл Қоңыр ат... Ол Ақан серінің жан-жүрегін ұйытқан «Салқоңыр», «Сүйреткен жібек арқан Телқоңыртай» дейтін «Қараторғай» әнінде аңсаулы жүрегінің үміт сәулесі болды да қалды.



ҚҰЛАГЕР

Ақан серінің тұнжыраған көз алдында Қоңыр аттың елесі ойнады да тұрды.

«Пай-пай, Ақан серідей жігіт дүррін шайқақтатқан, мына Қоңыр ат бұ заманның пырағы ма, Тәңір-ау?!» деген сөз тым көп айтылып кетіп еді, тілі тиді ме, көзі тиді ме, біреудің? Ары мен намысы бір Атығай Қарауылдың кара ормандай қалың жұртын шаттандыра бастаған Қоңыр аттың дүбірлі қызығы ұзаққа созылмады. Бозалаң таңда оқыс селт еткізген таңғажайып түстей боп, қапыда жер соқтырды.

Аспандағы аққу үніне әнін жалғап, беймаза дәуреннің ойға-қырға салған әуресімен шабыт құшағында асып-тасып, кеуделеп жүрген Ақан сері жиырма үш жасына (1866-жыл, маусым) іліккенде тағдыр тәлкегінің тағы бір кәріне ұшырады. Ерке көңілін құстай ұшырған Қоңыр аттың өлімі опындырды да кетті. Тәңірге жалынса да, жалбарынса да Қоңыр ат жоқ енді... жоқ. Алаңсыз, күдіксіз соққан пәк жүрегі тосыннан келген қатердің үрейлі лебімен діріл қақты. Бар сырын ішіне бүккен тұңғыық дүние беймаза екен, Ақан сері енді жан-жағына секемшіл көзбен сезіктене қарайын деді.

Қоңыр ат Ақан серіні сары санаға салды да қойды. «О, ондай қылқұйрық тұқымы қайда енді... қайда?» Сынған көңіл қайтсе түзеледі? Налалы жүрекке не дауа? «Ой, Құдай-ай, Қоңыр ат шыққан қарагер айғырдың үйірінен тағы бір жұлдызды пырақ шықпайды, дейсің бе?». Ел ішінде бір-біріне кереғар сөздер күңкілдеді:

– Әннің буы сұмдық екен, еш тартыну жоқ, Ақан тым асқақтап кетіп еді. Тілінен тапты... тілінен.

– Дәл осы сөзді көкіген сен иттің тілің кесілсін! Жайыңа жүр, оттамай! Ақан кім? Сен кім?

– Ақанды екінші Біржан сал дей бер, ешкімді бет қаратпайды. Басынан сөз асырмайды.

– Ой, Құдай-ай, оның беттілігін алыстан іздеп қайтесің, өз тұқымының мінезі ғой... мінезі! Әкесі Қорамсаның өзі ұрымтал жерде жығыла сөйлесе де ешкімге есесін жібере ме, тегі? Әке мінезінен қайда кетсін, бірақ Ақанда шегіну деген жоқ. Өзге-өзгені көкітіп қайтеміз, бүгінде орақ тілді, от ауызды азулы ақындардың өзін тайсалақтата бастады. Өлгі сөзің сөз-ақ, құдды Біржан сал! Өзінен «ірімін» дейтін дөйлерге қасқып тұрып дес бермейді. Анау

қара қылды қақ жарып сөйлейтін қара тілдің дүлдүлі Орынбайдың өзі Ақанның алдында баяғысынша баса-көктеп кететін екпіні басылып, тартына сөйлеп жүр. Ақан отырған жерде арындамайды. Абайлап сөйлейді.

– Ақан, бәлкім, аңғырт жастығы шығар, қай жағынан жел соғатынын аңғармай дұшпан итті көбейтіп алды. Сырымбеттегі Төрелер ауылына бір барып қайтуының өзі қау шөпке тиген өрт секілді қаулаған сөз. Жатқан дабыра. Шындығы қайсы, өтірігі не, біліп болмайды. Төрелердің қыз-келіндері Ақан десе әриятты ойлау жоқ, мүлде естері шығып, не істеп не қойғанын білмей, тігіп отырған ісін, сауатын биесін, қайната бастаған құрт-ірімшігін тастап, қызылды-жасылды киімдерін киіп, әлекке түсіп, желпілдейді де қалады. Сол күні Ақан айдарынан жел есіп, шалқып отырғанда Қоңыр ат тайдай-талтүсте ұрыс жоқ, жанжал жоқ, Төрелер ауылында опат болды. Оған төрелер кінәлі болмағанда басқа кім кінәлі... кім?

– Ой, оған дейін де Қоңыр атқа қаншама сұқты көз қадалды. Соның бірі – анау Ақмоланы ұстап тұрған Баракбай деген алпауытты айтсайшы, Нұртаза мен Сүлейменді түртпектеп, буынсыз жерге пышақ ұрып Қоңыр атты алғысы келді.

– Иә... иә, Баракбайдың ол дәмесі түкке аспады. Сол жолы ол жүрегінің бір тамыры үзіліп кеткендей қанын ішіне тартып, түндей түнеріп, қабарып қайтыпты. «Жұлымың үзілсін, Қоңыр ат!» деді ме, қаны қарайған Баракбай.

– Қоңыр ат Ақандай бағыланның жарқыраған үміті еді! Бірде алдын, бірде артын берген, ә, сайқал дүние... Қасқыр екеш қасқыр да бір-біріне қастандық қылмайды. Қапелімде бір-бірінен көз жазып қалса, құла түзде ұлып жүріп, табыса қояды. Сонда қасқырдың жүрегі қандай жүрек болды, ә? Ізгілік нұры тарайтын адамның жүрегінен у да төгіле ме, Құдай-ау? Бір Тәңірдің өзі кешіре жатар, жауыздықтың бәрін жасайтын адам... адам! Маңдайындағы қос жұлдызының өзі бір-біріне жау боп атысады.

– Ит өмірдің ойыны... «Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын!» деген еркелігін көтере алмады, сорпаның қоқымындай өңшең қиқым, Ақанды сүріндірді, өстіп.

– Гулендер! Күңкілдендер! Дуылдап-шуылдап жүріп, ән сұңқары Біржан салды да сабап едіңдер, енді, міне, Ақанға да қол салдыңдар. Ақ-адал дәмін татып, сырмағын тіліп отыратын бұл қазақтан әлі талай сұмдықты көреміз...



– Әй, Қорамса... Қорамса... не десең де, ол сауданың адамы, кей ісі бас шайқатып, іш күйдіреді. Мына сөзімді теріс демеші, басқа жылқысы құрып қалғандай Қоңыр ат туған сары биені енесімен бірге анау Омбыдағы Қаржастың сусылдаған бір саудагеріне сатып кеп жібергенде, ел «Қорамсаға не болған? Неден тарықты? Жылқысының асылы еді ғой» деп шу ете түскенін естідіндер, тегі, дүние күйіп кетсе де малының құты болған ондай жануармен сөйтіп ойнай ма, екен? Жатыры жақсы биеден туар еді, талай жүйрік. Әттең – ай... әттең!

– Жә, оған қабырғаң қайыспай-ақ қойсын, Қорамсаның асығы түгел. Есебінен жаңыла қоймайды. Сендер түк те білмейсіңдер, мен білем, сары биеден тұқым бар... Менің мына маңдайымдағы екі көзді көріп тұрсың ба? Екі шырақ орнында ма? Осы көзге әлі құм құйыла қойған жоқ, менің көзімді бар десеңдер, сары биеден де бір тұқым жылқы ішінде жүр. Ол да қарыны жер сызған сары бие. Ондай сары биелер інісі Жандоста да бар. Осы Жандостың сарыала аттары бәйгеге түсіп, Қоскөлдегі елдерді олжалы еткенін талай көрдіндер. Әттең, не керек, Қоңыр аттың туысы бөлек бір бітім еді ғой.

– Қалай десек те, Қорамсаның текті жылқысының тұқымы бар екен... бар! Құдай қаласа, сол сары биелерден бір күндері тілекке жеткізіп, тағы бір Қоңыр ат туады дей бер. Ақан сері сондай бір жұлдызы биік пырақтың үстінде, ә, шіркін, сұңқардай саңқылдаса ғой! Ой, арман-ай... арман!

Ел сөзі араның ұясындай ызыңдай берді.

* * *

Тас түскен жеріне ауыр. Ақан сері құсын алдырған аңшыдай дел-сал күйде жүрді. Көңілі бірде күз, бірде жаз. Кейде үй ішінде оңаша қалғанда тырысқан қабағын жазғысы келіп, іші томпиған Бәтимасының албыраған алма жүзін алғаш рет көрген жандай оған ыстық құмарлықпен ойлана қарайды. Беймаза қиялы зымырағаннан зымырап өткен күндерді алға тартады.

Толықсыған айлы түн. Айыртау көлінің күмістей жарқыраған айдыны. Лып еткен самал жоқ. Төңірек үнсіз тыныштықпен хаққа мүлгиді. Тылсым түннің осы бір тына қалған сәтінде Ақан сері тек қана... тек қана Бәтиманың күлкісін естісе... тұла бойын жандырып, үздіктіре тілін байлап, ұмсындырған тілегі осы ғана. Бәтима ақ бетін Ай нұрына малындырып, Ақан серіге мөлдіреп бір қарайды. Ақан

сері оның нұрлы жүзіне еміреніп, алғаш рет ессіз сезіммен аймалап еді. Бәтиманың сол сәттегі қымсына булыққан күлкісі Айыртаудың күміс бұлағындай төгіліп еді. Соның бәрі қаз-қалпында есіне түсті. Бәтиманы көзімен баурап, «Біреу көріп қалмасын» дегендей, жан-жағына жалтақтап, апыл-құпыл құшып сүйеді. Сонда ғана тұнжыраған жүзінде қызыл нұр алаулап, көзінен сәулелі шуақ тарайды. Екеуі бірін-бірі көзбен жеп, бірінің күлкісіне бірі шуақтап, мәз болысып, бар дүниені ұмытады.

Қорамса мен Жаңыл «Е, Жасаған Ием бере салған шырақтарым» десіп, көкірек кернеген күрсініс лебін жеңілдеткендей күбірлеседі, өзді-өзі.

Бірақ Ақан серінің көңілі әлі де болса алай-түлей. Бәтимамен шүйіркелесіп, қабақ ашып отырғанның өзінде Қоңыр аттың елесі жалт ете түседі. Заматта құбылады. Тұңғыық жанары мұңға тұнып, жүрегін тұнжыр әуез езіп бара жатқандай, күрсініс лебін білдірмей жұттып, домбыраға үн-түнсіз қол созады.

Бәтима Ақан серінің жүзінен жылылық нұрын көргісі келіп, еркелі назбен қиылып: -Тартшы, Ақан, – дейді, домбырасын ұсынып.

Ақан сері іштей түйілген күйі домбыраны ұза-а-ақ шертеді. Оның өз жүрегінде де, Бәтиманың жүрегінде де:

Салқоңыр, тізгінің бос, жолың ашық,
Баратын жерім шалғай, елім қашық.
Үстінен Айыртаудың қарайын бір,
Көзіме көріне ме, сүйген ғашық, –

деген құштарлық сөз шымырлап, тәтті түске мәз қылғандай күлімсіретеді.

Ақан сері Бәтимаға кірпік қақпай қадалған күйі іштей тамылжып:

Ахоу, сен бір – дүлдүл,
Дүние гүл-гүл,
Сайраған Орта жүзде мен бір бұлбұл! –

деп шәрбәт әуезді таңғы шықтай мөлдірете шертеді.

Бәтима Ақан серінің қабағынан рауандап атып келе жатқан таң шапағын көргендей, ол да мөлдірей қалады.

* * *

Бір күні Ақан сері Бәтима екеуі тағы да үйде өзді-өзі оңаша отырды. Домбыра бүгін де шуақты әуезбен балбырады. «Салқоңыр» әнінің жібек самалдай желпіген кербез шертісі. Бәтима да оған бар пейілімен беріліп, нәресте кейпінде тамылжиды бір.



– Бәтеш, Қоңыр аттың көсем жүрісті сәулетіне масағтанып, «Салқоңыр» деп еркелеттім. Оның жолы қысқа әндей келте қайырылды. Мен болсам, жолайрыққа келгенде қайсысына түсерін білмей басы қатқан диуана секілді аңырып, жан-жағыма дағдара қарап, тұрып қалғандаймын. Бұл не? Жолымның кесілгені ме? Баратын жерім көз ұшында алыс дүниедей бұлдырайды, тек. Сендер де қас-қабағымды бағып, іштей егілесіндер... Бұл жабырқау біздің үйді түнек түндей басып барады. Бір аттың қайғысы адамның қайғысындай осыншама ауыр болушы ма, еді?

– Ой, Ақан... Ақан, ат орнына тай төлеу дейді, койшы, қайдағыны айта бермей, ат табылады... табылады. Үміт-тілек алда емес пе, алда. Біз бір кемеңнің үстінде шайқалсақ, ескегі сенің қолыңда емес пе? Сенің қолыңда!

Ақан сері ойлана қалды да, Бәтимаға иіле жымыып, маңдайына маңдайын түйістірді. Бәтима қымсына қызарып:

– Бірдеңе деші,-деді.

– Мен жолға шығам, -деді Ақан сері.

– Қайда?-деді, үні дір-дір еткен Бәтима.

– Біржан ағама барам. Қазір ол кісінің ауылы Жөкей көлінің жағасында деп, естідім. Күзекке ертерек келіпті.

– Жалғыз жүресің бе?

– Қасымда Темірбек пен Нұралы болады. Рамазан да елендеп жүр, оны да ала кетермін.

– Қашан?

Ақан сері Бәтимаға елжірей төгіліп: – Құлағыңды әкелші, бері, – деді, ыстық мейірмен үйіріп.

Бәтима жүзі гүл-гүл жанып, құлағын тоса қойды. Ақан сері: – Бөпеміз іңгәлап келгенде!-деді.

Бәтима не дерін білмей, сасқалақтап, жаутаңдаған көзінен бір тамшы жылт етті ме, кірпігі дірілдеп, Ақан серінің жүрек тұсына маңдайын басты.

Осыдан кейін көп ұзаған жоқ, Қорамса мен Жаңылдың Тәңір тілеуін берді, Қоскөлдін жағасы, Кеңашы аспанында іңгәлаған нәрестенің үні естілді. Қорамсаның үйінде ақ түйенің қарыны жарылып, жайнаған жарық дүниеге сәби келді... сәби! Тұңғыш немере! «Ой, Қорамса... ой, Жаңыл, «ырыс алды қыз» деген, оу, ұзағынан сүйіндірсін, бауы берік боп!..», дуылдасқан жұрттың аузында басқа құттықтау сөздерден гөрі осы сөз ерекше шығып жатты.

Ақан сері осыдан жиырма үш жыл (1843 жыл. Қыркүйек. – И.Ж.) бұрын маужыраған сарша тамыз дерлік қыркүйектің алғашқы күнінде дүниеге келіп еді (Шешесі Жаңыл біраз жыл бала көтермей, бір шаранаға зарығып жүргенде бір күні Тәңір иіп, дүниеге ұл келіп еді. Ол мына нәрестенің әкесі – Ақжігіт... Ақан сері! – И. Ж.) Енді – міне, шебер Тәңірдің үйлестіруін қара, тұңғыш перзенті сол қыркүйектің алғашқы күнінде дүние есігін ашты.

Қорамса мен Жаңылдың мәз-мәйрамы, шілдеhana қызығы, бесікке салу, сәбидің тырнағын, шашын алу, қырқынан шығару рәсіміне жалғасты.

Кеңашыға жалғас Көбейдің екі ауылы осы қуаныш үстінде тілек бірлігін көрсетіп, қоса дүрлікті. Алыс-жақын ағайын жұртта құтты болсын айтушыларда есеп жоқ, бірінен соң бірі ат құрғатпай, үздік-создық келіп-кетіп жатты.

Жан-жақтан жамыраса келген сол жандардың ішінде елді ерекше бір елең еткізген қонақ – Біржан салдың Әлжан, Тоқтар есімді екі әнші інісі Қорамсаның ауылында емін-еркін, ой, бір ән шалқытты дейсіз. Оларға Ақан сері тобындағы Темірбек, Бәтжан, Нұралы, Сұлтанмұраттар қосылып, Қоскөлдің маңын ду көтеріп, думандатып жіберді.

Әнмен дүрілдеген сондай бір отырыста Ақан сері көзіне мейір нұры тұнған сыпа жігіт Әлжанға ойлана бұрылып:

– Біржан ағам «қандай ән айтсаң да алдымен оның хикаясын шертіп қойсаң, өзінді ықылас қоя тыңдаған жанға құлынды бие жетектеткендей боласың» дейтін еді, ол кісінің «Ахау, әриайдай» әні біздің бұл жаққа әлі жете қойған жоқ. Дақпыртын мен де сырттай естідім. Сол ән қалай шықты? Мына жұрт соның мән-жайын білсін,- деді.

Әлжан қыз мінезді ұяң жігіт. Изетпен иіле бас изеп, «Осы әңгімені сен айтшы» дегендей Тоқтарға қарады. Тоқтар ишаратты түсіне қойды да еш іркілген жоқ, сәл жымың етіп, сөйлей жөнелді: -Біржан ағам бұрнағы жылы әдеттегісінше ауылды Улықөлдің жағасына қондырып, бір топ жігітпен әуелі Қараөткел, одан соң Атбасар жағына тартты да кетті. Есіл, Нұра, Құланөтпес... одан әрі Тобыл жағасындағы Арғын, Қыпшақ, Кіші жүздің Алтын, Жаппас, Тама, Табын, Жағалбайлы елдерін адақтап, әндетіп жүріп алды. Барлық жер, барлық ел «Біржан сал! Біржан сал!» деп даурығады да жатады, тамашаға кенеліп.



Жазыңызды солай өтті дейік. Иә, біздің ауыл қарашаның қара жаңбыры басталған абыр-сабыр күндерде жылдағы күзегі Жөкейдің жағасына жапырласа қонып болғанда Біржан ағам келе қалды. Үш ай жүрістен кейін оралған беті. Айдай нұрлы Әпіш жеңгемізбен, балашағасымен енді шүйіркелесе бергенде үйге мына Әлжан екеуіміз... бізге іле-шала Нұржан ағам кіріп келді.

Нұржан ағам! Әулетіміздің ұйытқысы Нұржан ағам! О, ол кісінің сұсы... ызбары... Құдай сақтасын, ел ығып жүреді. Текке сөйлемейтін қатал жан. Біржан ағаммен салқын амандасып:

– Сенің «Ахауың... әриайың, қалаләкуің... мына отбасыңа отын-су, шүпірлеген көген көз балаларыңа ас-ауқат, киім-кешек бола ма, осы, а? Жел қуған қанбақтай, байызы жоқ не жүріс, бұл? – деп, бірден зірк ете түсті.

Құдай сақтасын, бізде зәре жоқ. Мына Әлжан екеуіміз қайда тығыларымызды білмей, қаққан қазықтай состиып тұрдық та қалдық.

Шіркін, Әпіш жеңгем... әйел затының сұлтаны ғой... сұлтаны! Біржан ағамды қорғаштап:

– Ағаке, өзіңіз барда біздің үйдің малы түгел ғой, түгел. Біз еш нәрседен кемдік, мұқтаждық көріп отырған жоқпыз, ағаке. Құдайға шүкір, балалардың дені сау, тамағы тоқ, киімі бүтін. Біржанның өзі жоқ болса да қонағы – қонақ... Бәрін көріп жүрсіз. Көңіліміз орнында, -дей бергенде Біржан ағам іргеде сүйеулі тұрған домбырасын ала салып, күбірлей шертіп, әп-сәтте бәрімізді ұмытқандай өзімен-өзі боп кетті. Үй іші сілтідей тынды. Біржан ағам Әпіш жеңгемізге төгіле қарап:

Ахауға мен салайын, Әпіш жарым,
Дүниенің сездірмей-ақ жоғы-барын.
Өмірің көрген түстей өтер-кетер,
Кімдерге мирас болмақ жиған малың.
Ахоу, бұлбұл бастан,
Немене өнері жоқ шіркін, жастан! –

деп, бізге де отты көзін қадап, саңқылдатып ала жөнелді.

Бұрын-соңды естіп көрмеген алапат ән (осы ән Мұқан Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсында айтыс сценында Біржан салдың әні боп, сахнаны дүрілдете дүрліктіріп, Сараны тығырыққа тірейді. – И.Ж.) шаңырақтан көкке атылып, Жөкей көлінің толқындарын сапырып, Бүркітті тауының жартасын соққылап, көк торғын тоғайды шайқалтып жатқандай көрінді, бізге. Міне, Ақан аға, «Ахау, ариайдай!» әні табан астында осылайша жарқ ете түсті.

Ақан сері қиял құшағына енгендей тұнжырап: – Солай де, Тоқтар. Нұржан ағаң не күйде болды, сонда? – деді.

Тоқтар басын шайқай жымыып:

– Асылы, Нұржан ағамның өзі де әйдік әнші еді, сол сезімі жүрегіне ып-ыстық қан құйды ма, амалсыз сынып:

– Әпіш, қымыз бар ма? – деп, төрге отыра кетті.

Үй іші жадырап сала берді.

Ақан сері Тоқтардың сөзіне бас ие ізет білдіріп, қасында мөлдіреп қана қымыз құйып отырған Бәтимаға ойлана қарады. Ой бұлдыраған көзінде: «Ә, Бәтешім, менің жолым да Біржан ағамның жолы. Жүрісіміз сол жүріс. Ортамыз осындай отырыс. Тағдыр – талайымызды да бір деп біл, Бәтеш! Жаным сүйген жар болсаң Әпіштей бол! Сонда сенің ақ жүзіңді әнмен желпіп, бар тірлігіңді әнмен көтеріп, әнмен көрікті ғып, аспандағы жұлдыздарды табаныңның астына шашар едім, жүрер жолыңды жарқыратып» деген сөз қорғалады да тұрды.

Тоқтар осылай деді де Әлжанның шынтағынан түртті. Әлжан сабырлы, сырбаз қалпымен ұяла күлімсіреп:

– Ақан аға, Қоңыр аттың жайын естіп-біліп жүрміз. Біржан ағам не істерін білмей түйіліп, қатты күйзелді. Бізді осы жаққа қарай шығарып салып тұрып: «Жан аман болсын, деңдер! Ақанға ат табылады. Келсін.» деді. Біздің үлкен аталарымыз – Қожағұл, Қожамқұл, Ақшуақ, Байшуақ, Жаншуақ... Осылардың барлық малжаны Ақшуақ әулетінің қолында. Ақшуақтың жылқысынан да асылдар туған. Біржан ағамның «Керкекіл», «Телқоңыр» әндеріндегі сұлу аттар осы Ақшуақтың жылқысынан тарайды. Барғанда көресіз, өңшең ақбозы да бар, қалқып жүрген ақша бұлт секілді алдыңыздан ойнақтап шығады, – деді.

Ақан сері ризашылықпен сүйініп, бас изеді. Сол түні Қоскөлдін жағасын Біржан сал мен Ақан сері әні маужыратып тербеді де тұрды.

* * *

Ақан сері үй ішінде Бәтима екеуі жеке қалған ұрымтал сәтте сылдырмағы сыңғырлаған үкілі бесікте жұпар иісі бұрқырап, үлбіреп жатқан нәрестеге тіл байлаған тылсым сезіммен үздіге қарайды. Ақан сері мейірлене үңіліп:

– Атың кім сенің? – дейді, – Ә, ұйықтап жатыр екенсің ғой. Ұйықта! Дүние қызығын көресің, әлі... бәрі алдында... алдында.

Бәтима шарасы кең нәркес жанары мөлт-мөлт етіп:



– Момақаным. Балапаным! – дейді басқа сөз аузына түспей өбектеп.

– Ә, бұл сенің балаң ба, Бәтима?-деп, Ақан сері көзіне күлкі үйіріліп, қуақы сезіммен: «Не дедің, Бәтеш... қайта айтшы, әлгі сөзді?» дегендей тесіле қадалады.

Бәтима: – Ой, не деп қойдым мен? Бұл... атасының, иә, иә... әжесінің баласы да! – деп, ақ жүзінде ып-ыстық қан дызылдап, өзін қоярға жер таппай, алақанымен аузын басып, сасқалақтайды, ұялып.

Ақан сері Бәтіманың кінәраты жоқ осы бір бал қылығына мез.

Үйдегі осы шүйіркелесу оның күйзелісті көңіліне шырай таратып, бірте-бірте қабағы ашыла бастады. Жүрек түкпірінде ұйыған мұң сейілейін деді.

* * *

Қазан айы жайлы, жұмсақ боп туды. Ақан жүріске дайындалды. Өз жылқысында тағы бір қарагер ат бар еді, оны ол алғашқы қансонарда, аңға мінетінді. Оның желдей ескен жорғасына қызығып:

Жылқым жатыр Аккөлдiң шаңдағында,

Кiмдер серi болмайды бойдағында,

– деп, пандана керiлетiн Бiржан салдай толықсып: «Ей, жiгiттер... ей, Темiрбек, Нұралы, Бәтжан... сен де бiр қарап қойшы, Сұлтанмұрат, мына қарагер менi Ыстамбұл кемесiндей шайқап келедi!» деп, әлгi әндi көк жиегi көз талдырған Сырымбет саласында алысқа... тым алысқа жұтылдырып, кеңдiктi... кеңiстiктi тiлейтiн ерке көңiлi әуелеп кетушi едi. Ақан Қоңыр аттан айрылғаннан кейiн «иә, Құдай, дұшпан итке таба қыла көрме» деп, осы қарагерге мiнiп жүргендi. Ұзақ жолға талмай сiлтейтiн жүрiстi жануар.

Ақан серiнi Бiржан сал ауылы елiктiре тартты. Бұл сапарға қуанып, желiгiп алған Темiрбек, Нұралы, Бәтжан, Сұлтанмұраттар сән түзеп, қызылды-жасылды киiмдерiн киiп, домбырасын, тiптi, «қаз-үйрек атамыз» деп мылтықтарын да сайлап алып, сумаң қаққан тазыларын еркелетiп, елiге лепiрiп: «қашан жүремиз, Ақан аға?» десiп, сүлiктей жып-жылтыр төрт қара атпен сыландап, көрген жанды таңырқата елеңдеп, шыға келдi.

Ақан серi дiттеген ойы жөн-жөнiмен үйлескен соң, қасында Әлжан, Токтар және өзiнiң осы серi тобы, бұларға қоса өз iнiсi Рамазанды алып, Жөкей көлiне жол тартты.

* * *

Ел ішінде Қоңыр аттың өлімі жөнінде Шөбектің Бегалысы мен Жүсіп төрені жазғырған қаңқу сөздер ауық-ауық бықсып жатты. Бірақ бұл сұмдық істе кім кінәлі екеніне ешкімнің көзі жетпеді. Қорамса гу-гу сөздің бәрі-бәрін естіп, ішінен «Құдай жазанды берсін!» деді де жүрді. Ақан сері де «Ана сұмның істегені» деп ешкімге көз қадамай іштей тынды.

Бір күні Қорамса өрістегі жылқыларын түгендеп, Сарыкөл жағына бөлініп кеткен саяқтарын қайырып келе жатты.

Жолшыбай Сүлейменнің жылқышысына жолықты. Ол да жоқ карап жүр екен. Бәкір есімді шабандоз жігіт. Ата жағынан Малтабардың бір бұтағына кіреді. Жанашыр ет-жақыны жоқ. Бірақ жүрегінің оты бар жігіт. Намысшыл да. Анау-мынауға иліге бермейді. Қырсықтығы да бар. Сүлеймен оны алдап-сулап, еппен ұстайды. Бәкір кейде әлденеге тарынып, жыны келгенде Сүлейменнің өзімен де бағжандасып, сөзге келісіп, шарт сынады. Сол сәтте оны тоқтату қиямет. Сауын биелерді қасқыр тигендей шықпырта қуып, желіні бырт-бырт үзеді. Ат үстіндегі ертоқымын жұлып алып, Сүлейменнің басынан асыра лақтырады. Сондай шатақтың үстінде аш бурадай шабынып, «Мен сенің есігіндегі итің емеспін. Адаммын!» деп өз кеудесін өзі соққылап, ешкімге бой бермей бүлінеді. Көзіне түк көрінбей түтігіп, салып-ұрып, Кеңашыға қарай тартады. Қорамсаға келеді. Ағайын ішіндегі жақыны. Бәкір келе сала Сүлейменді жерден алып, жерден салып, оның бақай есебін, қытымырлығын, қыста қар сұраса қар бермейтін сараңдығын, жоқ жерде қорлап сөйлейтін бейауыз, бейбастақ мінезін, енді қайтып көрмейтіндей боп, бұрқыратып, жер тепкілеп, айтып-айтып тастайды. Бойдағы қанын біраз тулатып алып, аптығын зорға тежеп, алай-түлей ашуы тарқап, лып басылады. Қорамсаға кеп шағынса болды, көңіліндегі күйкі ой сейіліп, уілеп-аһылап сабасына түседі. Сөйтіп, біраз күн Қорамсаның ауылында тып-тыныш жүреді.

Сүлеймен де әккі ку, оның қандай ыңғайға қай уақытта келетінін біледі, ол да біраз үнсіз тынып, «жыны басылған шығар» деп бір күні, ешкім емес, өзі иіліп кеп, «ана бір иттердің сөзі ғой, оларға көрешекті көрсетем. Сенің инедей жазығың жоқ. Сенерім де, сүйенерім де, өзіңсің, Бәкір!» деп жалынып-жалпайып, арқасынан қағып, еркелете сөйлеп, қайта алып кетеді. Айт-айтпа, Бәкір барда Сүлейменнің малы түгел. Бұл – сондай Бәкір!



Бәкір Қорамсаны көргенде аттан домалана түсе қалып:

– Қореке, Құдай бар... өзім барам, деп жүр едім, кездестіргенін қарашы, Нұртаза мен Сүлеймен «Шөкетайдың жылқысында бір жүйрік жануар бар екен» деп күңкілдесіп, оған Шөбектің Бегалысы қосылып, бәрі күбір-күбір, жыбыр-жыбыр сөз мұңкітіп жүр. Нұртаза Бегалыны Шөкетайға жұмсайтын түрі бар, айттым да қойдым, Қореке, Шөкетайыңның өзі сол атын мақтап, көрінгенге саудалап та жүрген көрінеді. Ат сынын білетін жандардың сөзіне қарағанда «елде жоқ» мал деседі. Ақанға сондай ат ылайық, Қореке?! – деп асығыс-үсігіс бастырмалата сөйлейтін әдеті, оқыс сөзді лоқ еткізді.

Қорамсаның секемшіл жүрегі елең етіп, ұйып сала берді.

О, Құдая тоба, Бәкірдің қапияда кездесуін қара... Қорамсаның орнында Ақан серінің өзі болса қалай болар, еді? Не дер еді, ол? Бәкірдің сөзін естіген заматта Шөкетайдың ауылына тартар ма еді, қайтер еді? Онсыз да «Ақаным Қоңыр аттай ат болса, ә, Тәңір!» деп жанын жеген сары уайым үстінде тұнжыраған Қорамсаның көз алдынан Шөкетайдың жылқылары заматта сылаң қағып елестеп өтті.

Ана жылы сарша тамыз кезі... Шөкетай Кеңашыға келді. Көрші отырған Көбейлерде біреулер «әні-міні» деп сырғытпалап, алашағын бере қоймай, әуре-сарсаңға салды. Діттеген жеріне кенеше қадалатын Шөкетай да ауылына қайтпай, Қорамсаның үйінде біраз күн бөгеліп, тырп етпей жатып алды.

Сол жолы... бір күні Қорамса екеуі Қоскөлді жағалай жайылған жылқыларды аралап жүрді. Шөкетай жұрт дуылдата мақтайтын қарагер айғырды көрді. Жал-құйрығы жер сызған бір апайтөс бітім. Кеудесі толқын жарған Ыстамбұл кемесі... шоқтығына қол жетпейді. Адамға адамша қарайды. Екі көзі маздаған шоқ. Шөкетай сол замат Қоңыр атты елестетті. Оның осы қарагер айғырдың тұқымы екенін бұрыннан білетінді. Енді ойланып қалғанын қарашы. Сөйтіп тұрып сары биенің қасында жас құрақты бырт-бырт үзген бір еркек қара тайға көзі қадалды да қалды. Жалы тікірейіп, өзге тайлардан зор бітім боп ерекше көрінді. Неге екені белгісіз, Шөкетайдың жүрегі лүп ете түсті. Қасын жиі қағып жүретін әдеті, қоңыр көзі жыпылықтап бірдеме дегісі келді, бірақ қара тайдың жайнаған көзіне сұқтанған күйі үнін шығармады.

Сол күні кешінде шай үстінде Шөкетай әр ненің басын шалып, орағыта сөйлеп, қара тайды «көзінің оты... алқымы... төсі тепсініп

тұр» деп тамсана сөз қылып, «Қореке, малыңның құты болған қара айғырын әлі бабында екен. Бағанағы қаратай... жан-жағыңа шұағыңды түсіріп, ағайынға болсын, дейтін ниетің бар. Сол қасиетіңмен қадірлісің ғой, дүние итті тауып жүрміз, мен де бір кәдеңе жарармын реті кеп жатқан бір күндері. Әлгі қара тайың көзіме жұлдыз боп көрінді. Көңілімдегі бар дітімді иіп келтірген сөзімнің түйіні-қаратайды бер, маған!» деп, жата жабысты. Қорамса Шөкетайдың буынсыз жерге пышақ ұратын жылпостығын ұнатпайтынды. Мына сөзді тыңдап отырғанда көкірегінде шымырлаған: «Ә, сөйлей бер, Шөкетай, сылдыр сөзің қай жерге дейін барар екен», «Е, ол судыраған Шөкетайдың тірлігі де. Бір қуды тағы да тақырға отырғызыпты.», «Десе десін Шөкетай, саудасының тасы өрге домалады. Алмайтын жерден алды, құрықты салмайтын жерге салды. Бәрекелді, жұртты дәйім алдап кететін, әлгі бір алаяқтың мысын құртты, осы жолы!», «Әй, Ақан, сен түгіл мен көнемін, Шөкетайдың кей ісіне. Оған шекенді тырыстырма, Шөкетайдың алаған қолы береген де. Сауда ісінде Шөкетайдың кей амалын мен де жасап қалам. Соның бәрін шырмауықтай шырмап алған қу тірлік істетеді. Не десең де өзіміздің Шөкетай ол!» деген сөз Қорамсаны еріксіз езу тартқызды. Шөкетайдың меселін қайтарғысы келмеді. Қаратайды берді.

* * *

Арада жылдар өтті.

Сол қаратай азулы, айбынды қаратай болды. Бір ақ биенен туған құлындары шетінен жүйрік шығып, төңірегін таңғалдырып жатты. Ол кездерде Қоңыр атпен шайқақтаған Ақан сері Шөкетайдың жылқысы түгіл басқа да айтулы пырақтарға көз салған жоқ, «Бұл аттың не кереметі бар?» деп, мойынын да бұрған жоқ. Ал бір күндері тағдырдың оқыс жазымы – Қоңыр аттың өкінішті өлімі Ақан серіні күйзеліске салды да қойды. «Алтын айдарлым! Ақсұңқарым! Ақжігітім!» деп өзгеше еміренетін ұлының мұқалып жүрген көңілсіз жайы бір күні, амал жоқ, Қорамсаны Шөкетайдың ауылына әкелді. Бұл жүріске әлгі Бәкірдің айтқан сыпсыңы да қамшы болды.

Шөкетай ауылда жоқ боп шықты. Тынымсыз әрекет үстінде жан-жаққа шапқылап жүріп, үзілгенді жалғап жіберетін ысқаяқ жан бойдақ жылқыларын сатам деп Омбыға сапар шегіп кетіпті. Қорамса Шөкетайдың ағасы Елторының үйіне түсті.



Елторы – Көкшетау еліне белгілі атбегі. Қорамсаға қайын жұрты ішіндегі ең жақын, сыйластығы түзу, ибалы жан. Қорамса Елторының әулие кейіптес сыпа қасиетін, адалдығын ұнатады. Қорамсаның келгеніне Елторы қуанып қалды. Дастархан басында еме-жарқын шүйіркелесіп, сөз жүйесі де үйлесе берді. Сөз арасында Қоңыр ат жайлы біраз әңгіме шертілді. Қорамса жаны күйіп:

– Ақжігітім... Ақаным! Ақаным бір төбе де, өзге балаларым бір төбе. Ақаным Қоңыр атты қыздай өбектеп, қалай күтті дейсің... «Қоңыр атты Сүлейменнің шикіл сары қызына айырбастамаймын» дейтін Ақаным аңғал екен, әлі. Солай екен. Абайсызда аяқтан шалған дұшпан иттің табасы өлтіріп барады. Ақанымның көңіліне не дауа боларын білмей жүрмін, Елеке, – деп үні діріл қағып, таусыла сөйледі.

Елторы жүрегі нәзік жан, іштей үнлеген ауыр демін сездіргісі келмей: – Қореке, бар жайға біз де қанықпыз. Сіздерге барып қайтайын, деп неше оқталдым, көлденең істер килігіп, күйбең тірліктің қамы... Шөкетай сыртта дедектеп жүргенде мен ауыл күзетем. Ешқайда шыға алмаймын. Міне, енді, өзіңіз келдіңіз, Қореке. Ана жылы сіздің қарагер айғырыңыздың үйірінен алып келген қара тайың бүгінде әйдік айғыр. Содан бері Шөкетайдың жылқысы да бірте-бірте текті тұқымға айналды. Сіздің қарагер айғырыңыздың бір тұқымына дәме ғып, бірақ бағасына келісе алмай кеткен жандар Шөкетайдың жылқысына үйірілетін боп жүр,-деп, көкейдегі сөзін алыстан қозғады.

Қорамса шыдамсыздана тыпыршып:

– Бір емес, бірнеше рет... тіпті, оның құлын кезінен (Ақан сері «Құлагер» әнінде: Құлагер құлынында керім едің, дейді ғой. – И.Ж.) көріп ем... Ақшандақта аунап жатқан биелердің үстінен олай-бұлай секіріп жүретін еді,- дей беріп, күмілжи тоқтады.

Елторының аққұба жүзіне оймақтай қызыл нұр дыз ете қалды. Қорамсаның мына сөзі жүрегіне жылы тиіп:

– Сол арқасы қоңыр, бауыры сап-сары ерке құлыныңыз биыл құнан шықты. Біз оны «Құлагер» дейміз. Құлагер! Осы өткен сәуірде үйірге таласып, Ащылы төңірегін азан-қазан, у-шу ғып, өзімен жасты сәуіріктің бәрін шыңғырта шайнап, текпінің астына алып, жылқыдан бездіре қуды. Онысымен қоймай, көрші ауылдардағы азулы айғырлармен айқасып, қызыл ала қан боп, қасқыр талағандай жарақаттана берді. Шөкетай екеуіміз «Мына шіркін майып болар»

деп, ақылдастық та піштіріп жібердік, – деді, Елторы еріксіз жымыып, әп-сәтте Құлагердің жыны басылды. Бүгінде ол момақан. Жуас. Астынан бала жүгіріп өтсе де тырп етпейді. Ұйықтаса көзі былшықтанған маубас. Төрт аяғы төрт жақта қаннен қаперсіз сілейіп жатқаны сол. Орнынан тұрса, аш күзендей белі бүкірейген, көзге қораш бір мәстек. Қоян жақ. Бөкен қабақ. Кекілі келте. Жалы сұйық. Құйрығы сымпыс. Алқымы алқа-салқа. Салпы ерін. Тоғыз шелек су ішсе де бүйірі шықпайтын қу құрсақ. Әсіресе, артқы екі аяғы... Арасы далиып жатқан кең дала. Талтақтай басқанда сыншы біткен: «Ә, шіркін, біздің қолға тисе ғой, мұндай пырақ!» деп, мысы құрып, ішқұста болар еді.

– Шабысы қалай? – деді, Қорамса, әлі де болса дәйекті сөзге тіреле алмай, тыпырышып.

– Ертеден шапса кешке озған, ойдан шапса төске озған, дейтіннің дәл өзі. Өткен қыс күрткі қар сөгіле бастаған сылқылдақ еді. Қасында өңшең бір желіккен аңшы... Сол далақбайларға ілесіп, не түлен түртті, білмеймін, ондайға өмірі баспайтын Шөкетай, маған айтпай, Құлагерді бір есерлеу жігітке мінгізіп, аңға шығыпты. Сол жолы олар тоғыз қасқыр соқты. Қыстай осы елді қанқақсатып, маза бермеген қандыкөз немелер еді. «Адам менен ақылды емес, тек бетіне шөп-шалам салып, байқатпай қоятын, «қапқан» деген пәлесі бар. Сол құрғырды басып қалсаң сарт ете түседі. Бізді құртатын сонысы» дейтін әккі қасқырлар жан-жаққа тырағайлап қашқанда Құлагерге мінген жігіт соның бірде бірін құтқармапты. Қиырдан қайырып, діңкелетіп, құлата беріпті. Сонда ертеден қара кешке дейін шапқанда Құлагерден бір тамшы тер шықпапты. Сол жолғы олжаға делебесі қозып, күпілдеген Шөкетай Құлагердің шабысына мәз боп, «Енді арқарға салам» деп, әулекіленіп жүр. Құдай сақтасын, арқардың жүретін жері тау мен тас. Құлагерді оған салса не, болады, Қореке? – деп, Елторы қабағын шытып, басын шайқады.

Қорамса Елторының сөзіне сүттей ұйып, күлімсіреп сөз бастады:

– Сөзің сөз-ақ, Елеке, Құлагерге де жұрттың назары түсе бастапты. Ел болған соң ішінде түзігі де, бұзығы да бар. Ежелден ірге бөліспей сыйласып келе жатқан Кемен-Боқан әулетінің бүгінгі бетке шығары Нұртаза болыс пен оның інісі Сүлеймен, кешегі бір күндері Ақанымның Қоңыр атын өздеріне тіреу боп жүрген Баракбай деген алпауытқа «алып берем» деп, бізді қорқытып-үркітіп кеп, ол әрекеті түкке аспай, арамызға салқындық түсті. Нұртаза болыс жеріме көз



аларта бастады. Сол жер үшін Сүлеймен өрмекшінің торын құрып... Ақаным сүймейтін сары қызын да бұлдап, құда болғысы келді, о, тоба. Ал Ақанымның көңілі үрдің қызында еді. Сол Сүлеймен ана жылы... тағы да еске салайын, Айшама құда боп түсіп отырып, ай жоқ, шай жоқ, Қоңыр атқа қолқа салған өркөкірек Бегалымен әмпей-жәмпей боп, Құлагерді алуға әрекет жасап жүрген көрінеді. Олардың осы жымысқы ісі үйде тыныш жатқызбады, мені.

Ақаным осы бір күндері Біржан салдың ауылында жүр. Сыртынан бәйек боп мен жүрмін. Бағымызды сынап көрейік, тағы бір. Текке сөйлеген жерің жоқ, Елеке, сөзінді бек түсінсем, айналып келгенде, Ақанымның Қоңыр аты өлмепті. Оны жоқтатпайтын Құлагер бар екен, Құлагер! Құлагер үшін келдім, Елеке. Шөкетай бірде бие, бірде түйе... Кейде сөзінің тиянағы болмай тайғанақтап кетеді. Сырғытпалы сырдаң сөзіне көнгем, мен. Ақаным оның осы мінезін ұнатпайды. Оны білесіз. Онымен ол бәтуәлі сөзге келісе де алмайды.

Шөкетай Самарқанның сарттарындай қызықтыра арбайтын шырын сөзді Сүлейменнің алдауына шырмалып, ойда жоқта Құлагерді сатып жібере ме, деп қорқам. Көңілге осындай сана түсті. Сүлейменнің алдын кесейік, Елеке.

Құлагерді біздің үйдің кермесіне әкеліп байлайтын өзің бол! Сөйтіп, бәрін жеңілдет. Бәрін жөндеп жібер, Елеке. Тегін жатқан дүние жоқ, адамға бет жоқ асылмаймын, білемін, Шөкетайдың кей шаруасы қиюы қашып, шаршатып жүр. Ақанымнан ешнәрсені аямаймын. Осы тілегімнің қисынын тап. Бар үміт өзінде, – деп, кесімді сөзін әрең бекітті.

Елторы Қорамсаның сөзін іштей құптап, қарлығаштың қанатындай әсем қасын бипаздай сылап, алаңдатқан көңілін сергіткісі келіп:

– Ақанның Біржан сал еліне барғаны да жөн екен. Адамның жанына дауа-ән ғой... ән! Әндетсін! Ақан «Майда қоңыр» әнінде:

Жігіттің падишасы Әмір, Темір,

Бозбала әнге салсаң қайғың кемір, –

деп еді, бес болыстың жиынында.

Сонда балапан мұрты енді ғана тебіндеп келе жатқан бозұлан еді. Қарашы, «Бозбала әнге салсаң қайғың кемір» деуін... Уыздай жап-жас Ақан қайғының дәмін татып та үлгірді. Барсын... болсын, Біржан салдай ән пірінің қасында. Біржан сал Ақаныңды әнмен аялап, әнмен көтереді. Жеңілдейді, бәрі-бәрін ұмытқандай боп. Біржан салдың әлпешімен Ақан «Майда қоңырындағы»:

Сұлу ат, жақсы әйел ер қайрағы,
Жігіттің болып өстім боз тайлағы, –

деп, күні ертең-ақ көзінде күн күлімдеп, иығы көк тіреп, Қоскөліне келіп те қалар, кең даланы әнмен толқытып. Келген бетінде көп бөгелмей, өзіме келіп жолықсын, Қореке.

Қорамса көңілі босап, Елторының сөзіне бас изей елпектеп:

– Тек Шөкетайға абай болшы, Елеке, саудагер адамның сөзінде пәтуа жоқ. Соның бірі өзіммін, – деп күліп жіберді,- Адамның қайғысы сұлу жардың төсегінде, қыран құстың қияғында, тұлпардың тұяғында... Шерлі көкіректі осы үшеуі түзейді. Ақанымның екі қанаты бар: бір қанаты-әні, екінші қанаты – жер түбіне жеткізетін Қоңыр аттай пырағы болса! Ақаным осы екі қанатымен Ақан! – деді.

Елторы Қорамсаның сөзіне тебірене толқыды. Көзі жаспен кілегейленіп:

– Әрине, мал иесі – Шөкетай. Оның дәл қазір не ойда жүргенін біле де бермеймін. Құлагердің тумысы бөлек жануар екенін ол да біліп қалды. Егер, әлмеғайып, Құлагерді біреуге сатқысы келсе, Қореке, аузында иманы бар ғой, оған арамыздағы осы бәтуаны айтам. Құлагер үшін Шөкетайдан кетсем де Ақаннан кетпеймін. Шөкетай ырқымыздан шыға қоймас. Қобалжыма, Қореке.

О, дүние... дүние! Аспан толы жұлдыздан жарқырап туған Ай артық! Жабыдан шыққан жүйріктен қазанат туған тай артық! Көкше топырағында жер апшысын қуырып, құландай жосқан небір пырақты көріп жүрміз, үміт қып отырған Құлагерің, сол айтулы көп қылқұйрықтың бірі емес, тәуба, деп айтайын, Құлагер Ақаныңның елеңдеткен үмітін алға жетелейді. Мұң торлаған жүзіне шырай таратады. Үні булыққан домбырасы да, өз-өзінен шертіліп кетеді. Ақан әндетеді, сонда. «О, шіркін, Ақанның әні!» дейді, шаттанған жұрт. Ақанның көңілі де, мерейі де жер мен көктің ортасында қалқиды. Ақан Біржан салдың алдында неше жасында ән салды, Қореке? – деп, Елторы шабыт қысқан арқалы ақындай желпіне сөйледі.

– Он үш жасында, Елеке.

– Он алты жасында Біржан сал өзі шығатын алқалы топқа үкілі домбырасын бұлғақтатып, Ақаныңды шығарды. Солай болды ғой, Қореке. Ақан сонда:

Кепсер Ал кепсер алсаң Қызылжар бар,
Өзім сал өзім сері мен кімге зар, –



деп, отыз бен қырықтың арасындағы жігіт ағасының сөзін айтты. Ерте есейді, Ақаның. Ер жігіттің басында не болмайды, Қореке, дуалы сөзде алдына жан салмаған қара тілдің жүйрігі – Қанжығалы Саққұлақ би:

Тіршіліктің тетігі -
кеудедегі жүрегің,
Сағат емей немене?
Екі жақсы бас қосып,
келістіріп сөйлесе,
Санат емей немене?
Жанашыр жақсы ағайын,
түгел болса маңайың,
Қанат емей немене?! –

деп еді, сіз бен біз жақын адамбыз. Жұлдызымыз жарасқан. Ол қасиет болмаса жақының жаттан да жаман. Одан өліп қана құтыласың Қореке, ауылыңа қайтар сәтіңде:

Ат берген де мырза емес,
Ас берген де мырза емес.
Уағдасына опа қылған мырза!
Уағдасына опа қылса,
Жалғыз Құдайдың өзі де риза! –

деген сол Саққұлақ бидің сөзімен уәде берем. Құлагер жұлдызды пырақ! Оның жұлдызын жарқырата жанғызатын Ақандай ер ғана! Оның болашағы – Ақанның қолында! Сөз түйіні осы, Қореке!

Қорамсаның кіртiген қоңыр көзіне қуаныштың ыстық жасы үйіріліп, не дерін білмей тұтығып, мылқау адамдай басын изеп, Елторыны үнсіз ғана құшақтады.

Қорамса Шөкетайдың ауылынан көңілі көл-дария боп шалқып қайтты.

Қазан айының соңғы күндері аспанды қарасұр бұлт тұмшалап, сазарып тұрып алды. Жылқы шетінде жүрген Елторы төңірегіне ойлана көз салып, «жауынның лебі білінбейді» деді, сөйтті де өз-өзінен езу тартты. Әжесі есіне түсті. Жұрт ол кісіні сұстылау көрінсе де: «Түнеруі бар, жауары жоқ» деп, қолп етіп түсе қалатын мейіріміне сүйсінетінді.

Сол әжесі Елторының өзін «Ішпей-жемей тоятын момақаным, қоңыр қозым» деуші еді.

Ал өз әулетіне алагөз боп жүретін біреу соғым басына, не «қымызмұрындыққа» шақырса, әжесі: «Осы неме етті жақсы жейді. Қымызды жақсы ішеді. Намысты жібермейді» деп дәйім Шөкетайды ертіп жүреді.

Елторы Шөкетайды елестетіп, оның Омбыдағы осы жолғы сауда-саттығының ойдағыдай болмағанын, онымен бірге барып, ертерек қайтқан керуеншілерден естіп, қобалжығандай да болып еді, бірақ «Бірде ұтады, бірде ұтылады» деді де, іштей тынды.

* * *

Қарашаның алғашқы күндерінде Шөкетай Омбыдан шаршап-шалдығып, көңілсіз келді.

Ертеңінде Елторы оны үйіне шақырды. Шөкетайдың қабағы салыңқы. Үндемейді. Дел-сал. Сары уайым сарылтқан бір меңіреу. Дастархан басында ләм-мим демей түйілді де отырды, Елторы:

– Омбыдағы жағдайыңды естіп-білдік. Бәтуасыз дүниеге не дауа, денің сау болсын. Боқ-дүние табылады, – дей беріп еді, Шөкетай қасын қиғаштап:

– Қорамса екеуіңіздің мұндағы келісімдеріңізді мен де естідім, – деді күңк етіп.

Шөкетайдың терісі тарылышты. Елторы әлгі сөзді естімеген жанша былқ етпеді. Бір сәтке үй іші үнсіз тұнжырады. Бұл үнсіздікті Шөкетайдың өзі бұзды:

– Мына бір кер құнан маған сор болайын, деп тұр, Елаға. Бұған қадалған көз көбейіп барады. Солар жыныма тиіп жүр. Ақанның Қоңыр атына дәмелі болған Бегалы бар емес пе?-деді, сәл мүдіріп.

– Иә,– деді Елторы сөз ыңғайын күтіп.

Шөкетай сөзін жалғады:

– Омбыға жүрер алдында ана Қызылағашта Сүтемген байдың әулетінде сүндет тойы болғаны есіңізде ғой. Бірақ сіз бара алмадыңыз. Сол ду-дудың арасында Бегалы мені көре салып, жеке шығарып алды да, ай жоқ-шай жоқ: «Сенде бір кер құнан бар. «Сатады» деп естідім. Жиырма бес сом берем. Сат маған!» деді. Бегалының бізге деген суық ниеті белгілі. «Бегалы менімен ойнағысы келсе, мен де онымен ойнап көрейін» деп: «Кер құнанға жүз сом берсең де сатпаймын» дедім, шірене сөйлеп. Тасыр мінез Бегалы бетінен түгі шығып, бірденені күңк етіп, қолын бір сілтеді де бұрылып алып жөнелді. Сөйтіп жүр, Бегалы. Кейін естідім, оны жұмсаған,өзін «ат құмар,



атақ құмар» дейді, осы жұрт: Ол – Барақбай деген дөй. Сүлеймен мен Бегалы есебін тауып, Құлагерді соған алып беру. Кезінде Қоңыр атты ала алмай, құсалы болған Барақбай, ол. Ішіне қан қатқан оның, қайдан білейік, әйтеуір бар әрекеті солай боп тұр.

Қорамса екеуіңіз сырттай мәміле түзіп, Құдай сөзін айтысып, уағдаласыпсыз, Елаға. Мен осы күнге дейін алдыңыздан кесе көлденең өткем жоқ. Жайсыз мінез де көрсеткем жоқ. Уағдаңыздың үдесінен шығыңыз, Елаға, – деді, үні дірілдеп, дұшпан ит аяқтан шалып жатқанда жиеніміз Ақан еңсесін түзеп, көрікті аттың үстінде көркейіп жүрсін, айтатын әнін шалқытып! Уһ... ғафу етіңіз, Елаға, ит тірлік қажытып еді, қырыс-тырысым енді жазылды.

Елторының үйіндегі осы әңгіме ертеңінде-ақ Қорамсаға қазқалпында жетті.

Қорамса Ақанының ыңғайына қарай үйлесіп жатқан ағайындық мәмілеге жаны исініп, асығы түгел жандай іштей мәз боп күпініп жүрді.

Бір күні екі кештің арасы, Нұртаза болыстың поштабайы үйге сап етіп кіріп келді. Кірген бетте асығыс-үсігіс сәлемдесіп:

– Ертең түстен кейін болыстың алдында болуыңыз керек, – деп, дікілдей сөйлеп, алды-артына қарамай шықты да жүре берді.

Қорамса екі айналым сөзге келмей шолтаңдаған поштабайға аңтаң. Жаңыл үнсіз мөліді. Бөпесін құшақтаған Бәтима көзі жапақтап, әлденеден секем алғандай дірілдеді. Дәл осы сәтте үйге кіре қалған Жандос:

– Не болды? Әлгі поштабай неғып жүр? – деді аңыра дағдарып.

Қорамса: -Законның не екенін енді біле бастайтын шығармыз. Ә, солай боп тұр. Нұртаза «дидарыңызды бір көруге ынтызар боп жүрміз» деп, шақыртыпты, – деді, мырс етіп.

Ертеңінде Қорамса Нұртаза болыстың алдында отырды. Тілін тістеп, міңгірлеп сөйлейтін Нұртаза:

– Жер өлшеу науқаны басталады. Ақмоладан землемер келеді. Сенде артық жер бар, Қорамса. Ол өлшенеді, – деді.

Қорамса мына сөздің сыбысын ана жолы әлгі Барақбай келіп, Қоңыр атты соған «алып берем» деп уәде қылған Сүлейменнен естіген еді. Енді, міне, оны аузы-мұрыны қисаймай, болыс ағасы айтып отыр. «Осы сөздің түбі мені қайда апарып тірейді?» деп, Қорамса Нұртazаның сыздап сөйлегеніне ырық бергісі келмей:

– Землемер келсе, келсін. Көппен көрген ұлы той. Ақаным енді отау боп жеке шығады. Артық жерім болса, ол – Ақанымдікі.

Одан кейін Рамазан, Мұқамбет, Айберген. Жалғанның жазымынан тысқары болса, олар да өсіп-жетіледі. Сонда мына Қорамсаның төрт ұлы Кеңашы, Көлденең ҚаратАл Қоскөлді жайламағанда қайда барады? Артық жерім болса, ол жер осылардікі емес пе, болыс? Тіпті, бұл жердің өзі де тарлық етеді, балаларыма, – деп, оңай шағыла қоятын жаңғақ емес екенін сездірді.

Нұртаза болыс пен Қорамсаның арасындағы арбасқан керкисан сөз өрістеген жоқ, осымен тынды.

* * *

Арада бір апта өтті ме, өтпеді ме, ел іші: «Апыр-ай, мына Кемел – Боқан әулеті қайтеді, а? Қорамсамен ойыны жақсы емес. Көздеп жүргені не, сонда, а? Өй, ана күйдіргі Сүлеймені шикіл сары қызын көзге ілмеген Ақанға өшігіп, Ақмола жағындағы тірегі – Барақбайға «алып берем» деген Қоңыр атты ала алмай, енді Ақанның нағашысы Шөкетайдың бір күнде тоғыз қасқыр соққан кер құнанына көз салып... оған тасырлаған Бегалыны араластырып... бәрінің ымы-жымы бір... ырыққа көнбеген Қорамсаны «артық жерінді кесіп аламыз» деп, қорқытып-үркітіп сөз бастапты» деп, гулетіп ала жөнелді.

Қорамса ел сөзіне ойлана ден қойып, Нұртаза мен Сүлейменнің түпкі пиғылын анық түсінді. Шөкетайдың кер құнаны тағы бір қырсыққа ілгешек бола ма, Құдай-ау? Сынған көңілі енді ғана оңала бастаған Қорамсаның шаршаулы жүрегін тағы бір жағымсыз түйткіл шымм еткізді.

* * *

Қарашаның жаңбырлы дауылы басталды. Сабалап ұрған қара нөсердің аяғы қарға ұласты. Соқта-соқта боп сылқылдап еріп те жатыр. Қара жолдың миы шығып кетті. Бар маң ақ көрпе жамылып, үнсіз тұнжырады.

Қорамса салып-ұрып кіші бесін кезінде Ащылыға келді. Шөкетай ауылда еді. Сол күні ол күздікке жабағы сойып, қолы майланып отырғанды. Қорамсаны жылы қабақпен қауқалақтап қарсы алды. Екеуі шүйіркелесе сөйлесіп, амандық сұрасып, мән-жайды біліскен соң Елторының үйіне барып сәлем берді. Ал кешінде Шөкетайдың дастарханында әңгіме-дүкен құрды.

Қорамсаның көңіл-хошы болмағанда іштей булығатын әдеті, Нұртаза болыспен болған әңгімені бастауы қиын болды. Тілі



күрмеле берді. Іші алай-түлей. Қабағында кірбің. Жүзінде жылылық жоқ. Селқос.

Қорамса төмен тұғжиып, езілген күйі:

– Мына кер құнанмен тоғыз қасқыр соққаның... оған Нұртаза мен Сүлеймен... бұл екеуіне жанасып жүрген Бегалы құлақ түріпті, – деп, Нұртаза болыспен болған әңгімені қорына сөйлеп, зорға айтты.

Шөкетай да кейісті жүзбен қабақ шытып:

– Ел іші ескен жел, қаздай тізіліп отырған ауылдарға лүп еткен лебің жете қояды. Нұртазаның не дегенін де естідік, – деді, көкейіндегі лықсып кеп тұрған сөз тасқынын бірден ағыта алмай, тығылып.

Қорамса ащы мысқылмен мырс етіп сөз бастады:

– Мына байлаусыз, құйтырқы заманның ісін қара... Нұртаза кім еді, кеше? Иі жұмсақ, қолы ашық, мырза... Тірі пендеге «әй» демейтін жуастың-жуасы еді. Кемел-Боқан әулетінің ешкімге зияны жоқ, бір тұзы жеңіл азаматы еді. Құдай бақ берді, бұл әулетке. Бұлардың мейманасы асқан үш бөрісі – Боканның Балапай, Қалағы, Кемелдің Сүлеймені қаумалап жүріп, болыс етіп еді, Нұртаза адам танымастай құбылып шыға келді. Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпастың дәл өзі. Солай. Үлкен кісілер: «Азаматты сынағың келсе, қолына билік бер. Кім екенін сонда білерміз» деуші еді, тілін тістеп, миңгірлеп сөйлесе де Нұртазаның сөзі сөз боп тұр, бүгінде. Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлейді. Нұртаза мені жермен қорқытып, түптеп келгенде кер құнанды алудың амалын жасап отыр, – деді, тығырыққа тіреле күрсініп, – бұлардың бұл ойыны немен тынады... немен?

Шөкетай ілкімді жерде іле сөйлейтін әдегі:

- Өткен болыс сайлауынан кейін Нұртаза Ақмоладағы бір жиыннан қайтып келе жатып, Көкшетауда Ақанмен кездесе қалыпты дейді. Жұрт сөзі... Нұртаза Ақанды көріп тұрып, көрмегендей дүрдиіп, түсін суытып, сырт айналып кетеді. Ақанымыз Нұртазаның осы қылығына таңғала шамданып, өлең шығарыпты дейді. Ел аузында жүрген сол өлеңі:

Сен неге қарамайсың жаман болыс,

Кеше де болған жоқ па ед, ағаң болыс.

Үлкенге сәлем-тағзым қылмап па еді,

Шомат пен кешегі өткен Шопан болыс.

Астыңа сүннет атын мінгізермін,
Көкшеде басын қосса, тамам болыс, –
деп, келеді.

Сөз сүйектен өтеді, Қореке, атыңды сұраса да, жеріне қол салса да Нұртаза мен Сүлеймен Ақанның дәл осы сөзі үшін есе қайтарады. Ол сөз олардың жүрегіне өшпенділіктің беріші боп байланды дей бер. Олардың енді іші жылымайды,-деді.

Қорамса мен Шөкетайдың сөзін сабырмен тыңдаған Елторы:

– Қореке, жүйкемізді құртып жүрген сөздің бәрі айтылды. Нұртаза, Сүлейменге «бастан құлақ садаға» деп кер құнанды берсек те олардың іштегі ызғары жібімейді. Көрейік, олар салған ойынды... кер құнан... Ақандай жігіт дүррі мінетін Құлагер, ол! – деп, ана жолы Қорамсаға берген уәдесіндегі кесімді сөзді тағы да қайталап, бекіте сөйледі.

Қорамса бұл жолы да Шөкетай ауылынан пешенесі жазылып қайтты.

* * *

Қорамса жол үстінде Елторы мен Шөкетайдың дәрменді сөзін дәтке қуат етіп, іштей бекініп, қар жамылған бұйығы төңірекке ойлана қарап, бесік жырындай тербеген бір жұмсақ әнді ыңылдады да отырды. Бұл көңілінің хош болған белгісі.

Сол жайлы жүріспен мүлгіп, Сарыкөлге бұрылды. Қарагер айғыр үйірден қуып шыққан саяқтар кейде осы жаққа қарай сырдақтап бөлініп кетуші еді. Сөйтіп әуре қылады да жүреді. Кейбірі қолды болып, із-түзсіз жоғалады. Аяқты мал ұры-қарының несібесі. Солар есіне түсті. Түгендегісі келді.

Төңірек жым-жырт. Тебіндеп жататын жылқы көрінбеді. Бейсеубет жолаушы да көзге ілінбеді. Құлаққа ұрған танадай тым-тырыс өлі дүние. Көл жағасындағы құрақ пен қоғаны қар басып салған. Қорамса үн-түнсіз тұрды-тұрды да Шөбектің жылқылары жайылатын кең алқапты көздей тартты. Жан-жағын көмкерген қарағайлы көк орманды жағалап, біраз жер жүрген соң, кең жазықта қалың табынның үстінен түсті. Әні-міні дегенше жылқы шетінде жүрген үш жігіт тұс-тұстан текіректете желіп кеп, Қорамсаның алдынан шықты.

– Ассалаумағалейкүм, Қореке!-десіп, жамыраса сәлемдесті.

– Бар болыңдар, балалар!



– Мына табын Шөбектің қай баласысының табыны?

– Бегалының жылқысы.

Қорамса ойлана бас изеді. Үш жігіттің ішінде алқымы ашық, жүндес төсінен буы бұрқыраған қызылшырайлы ірі жігіт:

– Қореке, Ақан ауылда ма?-деді, отты көзінде нұр ойнап.

– Ақан Біржан салдың елінде жүр. Кеп қалар, жақын күнде,-деп, Қорамса да жылы уәжбен жауап берді, ілкімді жігіттің жүзіне көз тоқтата қарап, -Есімің кім болады, шырағым?

– Жұрт мені дәу Жарас дейді. Күшім бар. Күресемін. Сол себепті құтырып, кейде Ақанның Ожымбай палуанына ілесіп кететінім де бар. Ақан сәбилі болыпты. Тұңғыш немереңіз. Ұзағынан сүйіндірсін, Қореке.

Қорамса жылы сөзге жаны исініп, күлімсіресе де Бегалының оспадар кейпін елестетіп, іштей онша ашыла алмай тұрды. Жайлап қана: – Бегалының бар жылқысы осы ма? – деді.

Жарас шашырай жайылған табынға қыдырта көз салып: -Бұдан басқа төрт табыны бар. Бәрін қосқанда ішінен Ақанның Қоңыр атына жетер бір жылқысы жоқ. Өңшең қарабайыр. Месқарын. Шаруаның малы. Анау Ащылыда Шөкетайдың жылқысынан бір кер құнан шығып... оған осы жылқының иесі Бегалы дәмелі боп, ала алмай құсалы боп жүр, – деді, қызық... туған жиені Ақандай жігіт дүррі тұрғанда Шөкетай ол пырақты Бегалыға бере ме екен? «Ол кер құнан Ақан серіге лайық» деп гөйітеді, осы төңіректегі ел.

Қорамса бұл сөзді селқос тыңдады да, ләм-мим демеді:

– Жақсы, аман жүріңдер, балалар, – деп жүріп кетті.

Жолда келе жатып, «ел сөзін қара» деп, тағы да сарсаң оймен мүлгіді.

Қорамса ел орынға отырған кезде ауылға келді. Үйінің алды толған ат. Бір-бірін айқастырып, қалмақша байлап қойыпты. «Ақаным келіпті... Ақаным!» деді, жүрегі лүп ете түсіп. Іштен:

Аты еді бұл әнімнің – «Жоныпалды»,

Алғандай сұлу жонып, өрім талды.

Кешегі Уәли ханның заманында,

Сөзіне ағамыздың жұрт таңғалды, –

деп, Ақан серінің мақпалдай жұмсақ, ашық үнімен бір тосын ән түн қымтаған далаға жайылып барады.

Әннің кербездене керілген қайырмасы құйқылжи төгіліп, сәл баяулай беріп:

Би болған Қожағұлдың баласымын,
 Көзінің ағы менен қарасымын.
 Алдында алқа топтың сайрағанда,
 Керілген Сарыарқаның даласымын, –

дейтін сөздерді мерейі өрлей түскен тәккаппар сезіммен асқақтата айтқызды.

Қорамсаның жаны исініп, Ақанының құштарлана үзілдірген әуезіне селт етпей қатты да қалды. Осы сәтте: «Оу, Қореке, неғып тұрсың? – деп, қалаң-құлаң етіп, қора жақтан Жандос шыға келді. Қорамса оған: «тсс...» деп аузын басып, белгі берді. Ән бітер емес. Қорамса Ақанының жайсаң кейіпі көз алдында, атының шылбырын ұстаған күйі әннің:

Асынса күміс белдік ердің көркі,
 Ер жігіт салдық құрса елдің көркі.
 Жарасса өз сәнімен қыз-бозбала,
 Аққу-қаз айдын шалқар көлдің көркі, –

деген жеріне иіле сүйсінді.

Ақан сері от-жалынды қызумен мамырлата созып:

Асылға қызықпаңыз, кимеген соң,
 Сұлуға көзің салма сүймеген соң.
 Сараңға сене көрме малды екен деп,
 Пайдасы қысылғанда тимеген соң, –

деп ойлы сөзбен толғандыра толғап, кең тынысты қайырманы бірте-бірте зорға тежеп, ымырт үйірілгендей қоңырлатып:

Созғанда әуелетіп сұлу әнді,
 Сұлулар тағат таппай күйіп-жанды.
 Немене, бәрі-дағы көрген түстей,
 Бұлдырап, көз талдырып артта қалды, –

деді, ысыған жүректі байсалды қалыпқа әрең... әрең түсіріп.

Қорамса:

– Беу, шіркін, Біржан сал-ай, тағы бір әнмен жарқ етіпті. Ақанымның алға ұстаған қалқаны... құлынымды сергітіп, серпілтіп, шалқытып жіберіпті. Осыны сезіп тұрсың ба, ей, Жандос? Ал енді, жүр, үйге кірейік, – деді.

Жандос та:

– Жаңа бір әзірде бұлардың әндерін тыңдап, қастарыңда біраз отырып... Сіз кеп қалар, деп елендеп, тыста жүр едім, – деп, қалбақтады, – Ақанымыз олжалы. Біржан сал бәріне ақбоз ат

мінгізіпті. Сізге түлкі ішік, Жаңылға күміс қапсырмасы жарқылдаған мақпал қамзол, Бәтимаға алтын сырға, алтын алқа, күміс шолпы жіберіпті. Ақанға ақбоз айғыр мінгізіпті... Жүзіктің көзінен өткендей, бір сұлу пішін. Ел мақтайтын Айшуақ аталарының Айбоз атанған жылқыларының текті тұқымы дейді.

Қорамса Жандостың сөзіне күлімсіреп қана бас изей берді. Қуанса да, кейісе де заматта булығып, тұтығып қалатын әдеті...

* * *

Арада біраз күндер өтті. Ақан сері сергек көңілде жүрді. Ел гулеп, Біржан салдың бұларға жасаған сый-сыяпатын мақтай сөйледі:

– Біржан сал Ақан серінің Қоңыр атқа деген өкінішін сейілтті. Жал-құйрығы күмістей жарқыраған ақбоз айғыр мінгізіп, аяқтан шалған дұшпан иттің ішін күйдірді. Мүлде көркейтіп, сәулеттендіріп жіберіпті.

– Қарашы, Ақан серінің басылып қалған үні қайта көтерілді.

– Сұңқар деші... саңқылдаған сұңқар!

– Қорамса мен Жаңылды қара, еңсесі түзелді. Елпектеп жүр. Келім-кетімді кісісі де көбейді. Бәтима келіннің шырайына қара, дуылдасқан серілердің ортасында ол да жарқылдап жүр.

– Көбейдің екі ауылы Ақан серілерді кезек-кезек шақырып, Кеңашы, Көлденең Қаратал көкке өрлеген әнмен ғана тыныстап тұр.

– Ой, Ақан сері... Ақан сері!

– Елдің көркі ғой... көркі! Анау Ақсары болысы Жанбота Біржан салды үкідей үлпілдетіп, қалай әлпештейді, а?

– Өй, олай ететін жөні бар, Жанботаның өзі де әнші ғой. Әнші! Кешегі бір жоқ-жұқана кедейшілік кезінде ол Керейдің Торғын сұлуына өлердей ғашық болды. Араға Біржан салдың өзі жүріп, екі жақтап түк бітіре алмағанда, Торғын сұлу сылқ-сылқ күліп:

Жанбота ән саласың қалықтатып,

Қалай ұйқың келеді жалғыз жатып.

Бойыңа ештеңені теңгермейсің,

Жүрсең де қап көтеріп, балық сатып, –

деді ғой. Кергіген бай қызы Жанботаның қармағына ілікпеді, сөйтіп.

Жанботаның Азынабай мен Нұртазадан, және де басқа болыстардан, мейманасы асқан паң көкірек тоғышар байлардан айырмасы – Торғын сұлу айтқандай әншілігі. Бойында бұл қасиет болмаса, Жанбота Біржан салды танымас та еді, оны ардақтап

шыркатпас та еді. Бүгінде Біржан сал: «Үш жүздің алға ұстаған тұйғынымын!» деп ел еркесі боп бұлғақтап жүрген жоқ па?!

Сөзің – сөз-ақ, Ал мына өзіміздің Нұртаза болыс не істеп отыр, а? Қорамса әулетіне кеткен есесі бардай әрқилы амал-айламен ықтырып ұстағысы кеп, жынға тиіп жүр. Кемел-Боқан әулетіне лайық қылық емес.

Ақан сері бүгін: «Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын» десе, Ал бір күндері Біржан салдың: «Үш жүзге атым мәлім Біржан едім» дейтін сөзін айтады, әлі қазірдің өзінде солай биіктеп барады.

Ел сөзі осылайша желдей есіп жатты. Сөз... сөз... сөз!

* * *

Қарашаның қара дауылы желтоқсанның ызылдаған ызғарына ұласты. Қар үсті-үстіне жауып, Кеңашы төңірегі сықырлаған сары аязбен тітіреді. Күні кеше ғана қоңыр күздің беймаза желімен толқып жатқан Қоскөлдің беті сірескен мұз. Көлденең Қараталдың сыңсыған қара орманы иіліп, әр жерден ала қанат сауысқандар жылт ете түсіп, жыпырлаған шымшық біткен бұта-бұтаның астын қорғалап, ағаш басында қара қарғалар шу-шу етеді. Бет қаратпайтын қызылшұнақ аяз... Шығыстан шыққан үскірік қарыды да тұрды.

Ақан сері Ащылыға келді. Шөкетай үйде жоқ боп шықты. Күйбең жүрістің адамы, Сырымбет жағына кетіпті. Ақан сері қобалжыған жоқ, үлкен нағашысы Елторының үйіне түсті.

Сол күні түннің бір уағына дейін Ащылыда отырған аз ғана түтіннің кәрі-жасы жиылып, Елторының үйінде Ақан сері әндерін тыңдады. Қилы-қилы әңгімелер шертілді. Қыстың ұзақ түнінің қалай қысқарғанын думандатқан жұрт білмей де қалды. Өркімнің жүрегінде: «Ой, шіркін, ән деп Ақан серінің әнін айт! Біржан сал ғой, Біржан сал!» деген сөз ғана.

Ертеңінде ұлы сәске кезінде Ақан сері тысқа шығып, ащы аязда біраз жүргісі кеп, қора жақты айнала беріп, бір ойпаңдау жерде көк мұзда серейіп жатқан кер дөненді көрді. Ішінен «О, тоба!» деді, таңырқай қарап. Төрт аяғы төрт жақта қақиып қатып қалған. «Мына жануар өлі ме, тірі ме?» деп тілі күрмелгендей сілейіп қарады да тұрды. Тірі! Құдды бір жұпар лебпен тамылжып, ісініп тұрған мамыр күнінде ақ шаңдақта ұйықтап жатқандай тырп етпейді. Қаннен қаперсіз. Екі көзі жұмулы. Артқы екі аяғының арасы ел көшкендей алшақ. Кеудесі шығыңқы, қойтастай дөңкиген алқымы



мүлде бөлек жатыр. Ақан серінің көзі енді оның төрт тұяғына түсті. Жұп-жұмыр. Тас қашайтын болат тұяқ! Астыңғы еріні терліктей салбырап, езуінен үзік-үзік бу шығады. Құйрығы қып-қысқа. Жалы сұйық. Белі бүкшиген мәстек пе, немене, Құдай-ау? Жағында қырым ет жоқ. Шабы сарғайған бір сары жұрт, арқасы коп-қоңыр ұйысқан жүн. Екі көзінің айналасы тершіп, кекілі селтиіп, бозқырау шалған қамыс құлағы қыбырламайды. Аяқ сықырын сезер емес.

Ақан сері таңғала күрсінді. Нені көріп тұр? Асты көк мұз, сіресіп жатқан кер дөненге қадалған күйі «Осындай да мал бола ма?» деді. Бір кезде ту сыртынан біреу келді де:

– Бұл жалғанның малы емес! – деді.

Ақан сері жалт қарады. Нағашысы Елторы!

– Қылқұйрықтың жұлдызы! Ер жігіттің шырағы! Дүйім елдің намысы! Туа бермейді, мұндай жануар. Мұның құлын кезі, бие ағытылады, жылқы байырқалап өріске қарай бет алады. Сонда көп құлынның ішінде бұл артқы екі аяғын талтақ-талтақ басады. Арасы далиған байтақ әлем. Ол Тайбурылдай жүйрік болатын құлынның бітімі, Ақанжан. Сол күнде-ақ, Шөкетайға: «Мына кер құлыныңның жұлдызы биік. Сенің – құтың. Ырысың. Беделің! Осыны күт! Бұл жөнінде елірме сөзді айта көрме! Ішіңнен «көздінің көзінен, тілдінің тілінен сақта» дей бер дедім. Көп жылқының ішінде бойын жасырып, елеусіз ғана өсіп келеді. Биыл дөнен. Сынға түсер дер кезі. Аз оттайды. Өстіп көп ұйықтайды Тынысы кең. Бойының қызуы... Астындағы көк мұзға қарашы, көктемнің шуағы түскендей жып-жылы боп еріп жатыр.

Ал Ақанжан, айттым ғой, кеше... Қоңыр атың тіріледі, ал! Кер дөнөннің бүгінгі аты «Құлагер!» – деді, Елторы, – менің сөзім – Шөкетайдың сөзі!

Содан көп ұзаған жоқ, Құлагер Ақан серінің қолына тиді. Ә, деп мінген сәтте-ақ, ол жер мен көктің арасында самғайтын қанаты бар құдірет боп көрінді. Қар жамылған кең далада құйғыта кеп шабады. Құлагердің үсті бұрқыраған көк дауыл. Шыдап отыру мүмкін емес. Басы қатты. Тізгінді алма-кезек езулеп тартса, аузындағы көбігі аспанға шапшып, орды ор, жыраны жыра, сайды сай демей ор қоянша орғып, екі қолды қарыстырып, көзден жасты парлатады кеп. Жай жүріске салса, көк теңіздің бетінде тербеле шайқаған кеме дерсің. Үстінен түсіп, отқа қойса қойшының мәстегіндей жұп-жуас, тұрған жерінен ешқайда ұзамайды. Жолда келе жатып суара қалса,

суға ернін тигізер-тигізбестен тым-тырыс тұрып қалады. Жерігені. Сонда осы тазалағына қызыққан Ақан сері: «Ә, ақсүйегім!» деп масаттана еміренеді.

Ақан сері аз уақыт ішінде-ақ Құлагердің тектілігін танып- білді. Қоңыр аты... шіркін, Салқоңыры өлмепті... өлмепті!

* * *

Мезгіл шіркіннің бозторғайы шырылдап, сәске түсте сансыз көкегі сұңқылдаған, тағы бір жұпар лепті көктемі келді. Ақан сері жиырма төрт жасқа ілікті.

Көлденең Қаратал Кеңашы, Қоскөлдің маңы қарағайлы, қайыңды орман. Сыңсыған көгілдір тоғай. Ара-арасында бұқар кілеміндей былқылдаған кең жазық, теңіздей толқыған шабындық. Құйқалы жер. Ақан сері Құлагерді еркелете жетектеп, бірде өзі, бірде інісі Айберген балаша ойнатты; оны көп жылқыдан бөлек ұстады. Түн болса жібек арқанмен көк майсаға арқандап қойып, көбіне Ақан серінің өзі күзетіп жатты. Құлагер үшін арнайы құдық қаздырды. Ақ қайыңнан қора, жер астынан монша салдырды. Ол моншаны – «Ақбалтыр» деп атады.

Екі күннің бірі кіші бесін кезінде Айбергенді Құлагерге мінгізіп, Қоскөлді жағалатып, зымыратады-ай бір. Құлагер көз алдында сағымдай бұлдырап, жұлдыз боп ағады. Ымырт үйіріле бере ащы тері сүмектеп, буы бұрқыраған қоп-қоңыр ат боп шыға келеді. Сол күйінде Ақан сері оны «Ақбалтыр» моншасына кіргізеді. Оның бұл ісінің бәрі Елторының ақылымен осылайша жүріп жатты.

Төңіректегі ауылдарда жел сөзге үйір жандар: «Ақан бір кер дөненмен тағы да әлекке түсті» десе, оның жүйріктігін естіп-біліп үлгірген Кемел-Боқан ауылындағы әлекей жаланған өркөкірек пысықтар қараптан-қарап, қызғаныш отына күйді.

Боқанның Балапай, Қалақ деген екі ұлы ырғалған бай. Жылқылары жер-көкке сыймайды. Ел Кемел мен Боқанды қадірлей сөйлегенде оларға кір жұқтырмайды, ал «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз» деп күңкілдесе ол сөзді көбіне Нұртаза мен Сүлейменге айтады. Балапай мен Қалақ осы екеуінің тірегі. Әлгі азуы алты қарыс Ақмәліш Барақбайдың өзі осыларға көп үйіріледі. Ал Барақбайдың пайдасын көбіне Нұртаза мен Сүлеймен көреді. Бұлардың бұл жымысқы ісін Балапай мен Қалақ білсе де ішін бермей, үндемейді.



Бір күні Балапай мен Қалақ арнайы жігіт жіберіп, Ақан серіні қонаққа шақырды. Бұлардың осы бір кездерде Дастұрхан деген аты бәйгеден қайта-қайта келіп, дүркірескен ауылын мәз қылып, көл-көсір олжаға кенелтіп жүргенді. Ақан сері Дастұрханның әйдік ат екенін білетінді. Шақыра келген жігіт: «Біздің мырзалар сізді құтты қонағымыз болады. Әнін шалқытамыз. Дастұрхан мен Құлагерді жарыстырамыз, деп отыр» деді. Ақан сері мына хабарға қатты ойланды. Күтпеген шақырыс. Және тым асығыс. Араға бір апта салып, Кемел-Бокан ауылына баруы керек. Дастұрхан мен Құлагердің жарысы! О, тоба, әні-міні дегенше Ақан серінің Құлагері сынға түседі... сынға!

Қорамсаның қабағы кіртиді. Жандос күңкілдеп: «Ақанды ол ауылға жіберме! Нұртаза мен Сүлейменнің жымысқы иттері бар, сол немелер бір пәле жасап жүрмесін» дей берді. Ауыл арасындағы ду-ду сөз де көбейіп: «Құлагердің нендей жануар екенін өзіміз сынап-біліп үлгірген жоқпыз», «Бір аптаның ішінде ат жаратыла ма, тегі?», «Қамау тер деген болады, ол алынуы тиіс», «Қап, Құлагердің қолтығы да сөгілмеді, бауыры да жазылмады, деп өкінбейміз бе, а?», «Біз не десек те, Ақан серінің өз дегені болады» деп гуілдеді-ай кеп.

Ақан сері бұл сөздерді қаперіне алған жоқ. Балапай мен Қалақтың шақыруын жауапсыз қалдыруды өзіне ар санады. Құлагерді Дастұрханмен жарыстыруды жөн көрді. «Тәуекел!» деді ішінен.

Дәл осы кезде мамыр айының тамылжып, майысып тұрған кезі ғой, Қорамсаның үйіне Елторы мен Шөкетай келе қалды. Ақан сері көңілді. Оның «хош келдіңіздер» деп желпіне сөйлеген ашық қабағына жандары сүйініп, бір-бірімен елпектесе шүйіркелесіп, келісті отырыс жасады. Жандос сөз арасында алда болатын Дастұрхан мен Құлагердің жарысын айтты. Бұл сөзге елең ете түскен Елторы:

– Мен білетін Құлагер, бұл. Ақан шырағым, еш толқи көрме, жалтақтама. Бөгелме. Құлагерді апар да сол жарысқа қос! – деп бір-ақ кесті.

Алған бетінен қайтпайтын Ақан сері жымың етіп, Елторының сөзіне қуана бас изеді. Қорамса мен Жаңыл да қозғалақтай қалып, «мейлі... мейлі» десіп, әлденені бір-біріне күлімсірей күбірледі. Жаңыл лып түрегеліп, әшекейлі кебежені ашып, ішінен алтайы қызыл түлкі ішікті алды да:

– Кешегі бір күндері Ақанжан Қоңыр атынан айырылып күйзеліске түскенде сонау Жөкейдегі Біржан сал арнайы ат сабылтып, кісі жіберіп, Ақанымызды шақырып алды. Сол төңіректегі дүйім елдің

алдында әнін шыркатып, мерейін үстем етіп, көкке көтерсе, «нағашы жұрт бір сүйеу» деген, бұл жақта сіздер мына бір қос шырағы жарқыраған Құлагердей пыраққа мінгіздіңіздер. Ақанжанға сол Біржан сал ағасының сыйлаған олжасы еді, – деп, тебірене сөйлеп, Елторының иығына жапты.

Қорамса ол да қомпаңдап:

– Енді ананы әкел, – деп қолын соза ымдады.

Жаңыл кебежеден ақ жібек орамалға түйген түйіншекті ұстата берді. Қорамса оны:

– Бір қажетіне жарар. Қаражат қыл, – деді, Шөкетайдың алдына қойып.

Мына сый-сияпатқа толқып кетті ме, мұндай істе шет қалмайтын елгезек Жандос:

– Шөке, Құдай қосқан құдамыз, бізден де бір құлынды бие жетектеп қайтыңыз, – деп, елпектеді.

Ақан серінің пешенесі жазылып, көзінен нұр төгілді.

Осы отырыстан кейін уағдалы күні Ақан сері Балапай мен Қалақтың ауылына барды. Қасында екі серісі – Темірбек, Сұлтанмұрат және інілері Рамазан мен Айберген бар.

Балапай мен Қалақ Ақан сері тобын ояз келгендей арнайы тігілген ақбоз үйде күтті. Дастарханда жас тайдың уылжыған еті, иісі бұрқыраған май қымызы, ауызға салса мейірлене тамсандырған қыстан қалған сүр, басқа да астатөк тағам өз адына, иіле қызмет еткен қыз-келіншек, жігіт-желең құрметі Ақан серінің пендешілік ойларын зым-зия жоқ қылғандай ғып, оны әнмен шалқытты.

Ертеңінде кіші бесін кезінде жапырласа гу-гу еткен ауыл адамдары сонау Айыртаудың етегінен жіберілген Дастұрхан мен Құлагерді тағатсыз күтіп тұрды. Дастұрханның үстінде осы ауылдағы үркердей ғана екі-үш үй Жағалбайлының бір баласы – Төрегелді, Құлагердің үстінде Ақан серінің кенже інісі – Айберген. Мана аттар айдалғанда Ақан сері:

– Айберген, бұл ауыл маған қайынжұрт. Ылажы болса Дастұрханнан Құлагерді оздырма. Құлагердің бар қызығы алда, әлі. Күйеу атының озғаны жөн емес, – деп ескерткенді.

Бұл сөзге Айберген аң-таң боп, кете барғанды.

Күн еңкейіп, салқын самал желпи бергенде көз ұшынан будақ-будақ шаң көрінді. Қандай ой есіне түсті, Ақан сері қасындағы серіктеріне жалт қарап:



– Әлгі жібек арқан қайда?-деді.

Рамазан:

– Міне, менде, – деді, лып ете қалып.

Ақан сері түсі суыңқырап:

– Құлагердің басы қатты. Айберген тоқтата алмайды. Арқанның бір ұшын өзің ұста, бір ұшы менде болады, – деді, үні қатқылдау шығып.

Сөйткенше болған жоқ, сонау көз ұшында Құлагер аспанға шапшып, соңында будақ-будақ, үзік-үзік шаң қалып, орғып келе жатты. Айбергеннің шыркыраған үні естілді. Ақан сері Рамазанға ақырып:

– Тарт арқанды! – деп, екеуі екі жаққа шегіне жүгірді.

Жұрт дүркіреп қоя берді. Құлақ тұндырған айқай-ұйқайдың арасында Ақан сері мен Рамазан жеке келген Құлагерді арқан керіп, зорға... зорға тоқтатты. Ойнақшыған Құлагердің екпіні басылған сәтте Ақан сері Айбергенге шүйіле төніп: -Бағана не, дедім саған?- деп, жекірді.

Айберген желге қарыққан көзін уқалап, жыламсырап, тілі күрмелді. Рамазан Құлагерді жұрттың жел жағына шығарып, еркелете жетектеп жүрді. Дүркіреген жұрттың абыр-сабыры лып басылды. Бәрі дел-сал. Үнсіз тынған. Құлагер келген жолға аңырып қана көз тігеді. Әлден соң ғана Дастұрханның қарасы көрінді.

Осы шабыстан кейін Құлагердің дақпырты даланың ескек желімен талай жерге кетіп жатты.

* * *

Сол жазда Ақан сері Көкшетауда Шағалалы өзенінің теріскей беті – Қызылжарға шығатын даңғыл жолдың жағасында жылда өтетін «Сентябрь жәрмеңкесінде» болатын аламан бәйгеге Құлагерді қосқысы келді.

«Сентябрь жәрмеңкесі...» 1854 жылы Көкшетау қаласының іргесі қаланды. Осыдан бастап, патша үкіметі Арқаның бар байлығын (шикі зат, тері-терсек, жүн-жұрқа, ет-сүт өнімдерін, ұсталық, зергерлік бұйымдар, этнографиялық мұралар. – И.Ж.) Ресейге жеткізе беру үшін жыл сайын қыркүйектің дәл он төртінші жұлдызында ұлан-асыр жәрмеңке өткізуді дәстүрге айналдырғанды. Бұл жәрмеңкені «Сентябрь жәрмеңкесі» деп атады. Оған Атбасар, Ақмола, Петропавл, Қарқаралы уезінен, ішкі Ресейден,

Орта Азиядан ірі көпестер мен саудагерлер қатысты. Аз уақыт ішінде атағы алыс-алыс елдерге жеткен бұл жәрмеңке келе-келе әбден толысып, мұнда тек сауда-саттық қана дамыған жоқ, өнер мен мәдениет өріс жайды. Дуылдаған жәрмеңкенің орталық алаңында қазақ, орыс, украин, татар, қырғыз әндері шалқып, өзбек бишілері мың бұралып, билеп жатты. Тағы бір тұста аю үйреткен орыстардың неше түрлі тамашасы, палуандар күресі, ат сайыс ойыны жұртты дүркірете желіктірді. Кіші бесін кезінде ипподромда аламан бәйге, құнан бәйге, жорға жарысы өтті. Айбыны зор ақбоз үйлерде ұлықтар мен мырзалардың, бай-бағыландардың алдында ақындар тілін безеп, әншілер аспандата ән шырқады.

Бұл жәрмеңкеде бірнеше уез жұрты жиналғандықтан бірімен-бірі іргелес ел-елдің арасындағы жер дауы, жесір дауы, ұры-қарылардың барымта дауы да бас қосқан ұлықтардың мәмілесін жарастырған үкімет тарапынан үзілді-кесілді шешілетінді.

«Сентябрь жәрмеңкесінің» сол кездегі жайы осылай болушы еді.

Ақан сері мен Елторы Құлагерді осы жәрмеңкеде бәйгеге қосамыз деп, ұлан жаз бойы мәпелеп, баптап бақты. Ақыры қосты да. Құлагер екі жүз елу аттың ішінде жайраң қағып жеке дара келді. Бұл жолы Құлагерге мініп шапқан бала – Төрегелді. Оның тақымы мығым екенін Ақан сері бұрыннан білетінді. Ел арасындағы ду-ду жиын, ас-тойларда, жай ғана қарым-қатыста өзіне еркелеп, етене жақын жүретін бала. Онымен бір туған Қожагелдіні де Ақан сері жақсы көреді. Екеуі жүйрік ат ұстайды. Әзірше бәйге алып көрген жоқ. Одан үмітті де. Осы ниетін бек түсінген Ақан сері Төрегелдіні «Тілеуі дұрыс балақан» деп, өбектеп, Тілеубай деп атап кетті.

Көкшетаудағы осы бәйгеден кейін іле-шала қазан айының бас кезінде Ақан сері Айберген мен Тілеубайды ертіп, Омбыдағы Қаржастардың асына барды. Асиесі Мұса, Мұстафа Шормановтардың әулетінен екен. Ақан серінің көңілінде ана жылы осы Қаржастың бір сыпылдаған саудагеріне әкесі сатып жіберген сары биеден туған бір жүйрік қылаң беріп қалар, деген ой елендете берді. Ас та болды. Аламан бәйге де жан-жақтан жамырса кеп тоғысқан Омбы жұртын дүркіретті-ай кеп. Жер мен көкті қара дауылға айналдырып шапқан үш жүзден астам аттың алдында «Малтабар! Малтабар!» деген ұран жер жаңғыртып, атылған жебедей боп Құлагер қарақшыдан зу етіп өте шықты.



Бас бәйгеге алған өңшең торы жүз жылқыны Ақан сері өзіне тілеулес жандарға сол сұрапыл айғай-шудың үстінде таратты да жіберді.

Омбыдан қайтардан бір күн бұрын Баянауылдағы Күлік елінің айдары жел ескен ірі болысы Әкімбектің үйінде ел-елдің қаймағы дерлік игі жақсылар бас қосқан өзгеше бір ілтипатты отырыс болды. Осы жиында Саққұлақ бидің жеті ұлының ең ірісі Нұралы, Зілғараның батыр ұлы Әлібек, Жанбота мен Біржан сал... бәрі-бәрі Ақан серіні ардақтай сөйлеп, Құлагердің шабысын жыр ғылып шертті. Қилы-қилы әңгіменің бір тұсында Әлібек батыр жүзі сұрлана тұнжырап, Әкімбекке ойлана бұрылды. Әкімбек ілкімді жан ол да іштей тіксініп, оған қарай қалды. Әлібек көкейінде жүрген беймаза ойды зорға тежегендей боп:

– Әкімбек, сен өрелісің. Өрісің кең. Сендей кеңқолтық, еңселі ермен жағысуға әркім-ақ құмар. Мәрттігің бекзат болмысыңа бек жарасқан. Төңірегімізде не болып жатыр, бәрін көріп-біліп жүрмін. Мына қаршығадай жұтынған Ақан сері... ел көңілін әнмен желпіп, күні кеше Қоңыр аттың үстінде шалқып жүргенде сол салтанатын көп көрді, біреулер. Сол Қоңыр атқа қызыққан жандардың бірі – Барақбай. Сен оны әр кез ояз келгендей күтіп аласың. Ал сол Барақбай біз отырған дәл осы отырыста неге болмайды, Әкімбек? Оның бізбенен жұлдызы жараспайды. Бұл – көңілде жүрген бір дітім! Сенің мал-жаныңа ие Избасты дегенің бар. Өзінің жүзі жылы, тілі тәтті. Иіліп сәлем бергенде сондай ізетті, маңдайы жерге тиеді. «Айналайын» демеске шараң жоқ. Сол Избасты Барақбаймен әмпей-жәмпей. Жұрт текке сөйлемейді, Барақбайдың көп ұры-қары, қарақшыларының ішінде осы Избастының да аты аталады. Бұл – кіжініп жүрген екінші дітім, Әкімбек! Енді, міне, Ақан серінің тағы бір пырағы Құлагер шыға келді. Өлгі Барақбай енді Құлагерге де көз тігіпті. Көзі шықсын! Осыны есіңе салғаным, Әкімбек!-деді, қанын ішіне тарта үнсіз қатып.

Үй-іші сілтідей тынып, өлі дүниедей мүлгіді. Әкімбек күтпеген сөз. Әлібектің зілді үні тіксіндіріп, сұсын басты. Бұдан кейін әңгіме де жалғаспады. Ән де айтылмады. Орындарынан үн-түнсіз тұрып жатқан қонақтар тымырайды да қалды. Бәрі сыртқа шыққанда Әлібек:

– Әкімбек, дәм-тұзына құлдық, көңілдітімді қапысыз білдіріп, арыла сөйлеген сөзімнің түйіні осы! – деді, әлі де болса көп сөзді ішіне бүккен дүлей жанша булығып.

Ақан сері Әлібектің осы сөзін ап-анық естіді. Әкімбек бір ауыз сөз айта алмай үнсіз түйілді.

Сол түні Ақан сері Тілеубай, Айбергені қасында... Далаға түнейтін әдеті – Қаржас ауылының құстары сайраған бір тоғайлы түкпірі – Ертiс жағасына келді. Құлагерді және мініп жүрген басқа да аттарын көк майсаға арқандап, жұлдызы жамыраған айлы аспанның астында қорғасындай балқыған ақ айдыңға қарап, тәтті қиял құшағына енді.

Ақан сері түс көріп тұрғандай, миығынан жымыып, сонау бір жылдарды еске алды. Он алтыға енді ғана іліккенді. Біржан сал жайлайтын Улыкөлдiң жағасы. Ұлы ұстазының әлпешiмен үкiдей үлпiлдеп, әндетiп жүрген кезi. Бір күні Біржан салдың ауылы дүркіреді де қалды. Жұрт: «О, Әлібек батыр келді... Әлібек!» десiп дабырласа шуласты. Әлібектің қасында көп нөкері, айдай сұлу Ақшабақ қызы бар. Ой, сол күндердiң қызығы-ай, жiбек самал желпiген маусым айының маужыр күні мен толықсыған айлы түндерінде айтылған әңгіме-жыр, көбіне Біржан сал көтермелеп, өзiнiң емiн-еркiн шалқыта шырқағаны... Бүгiнде сол тамашаның бәрi жүрек толқытар елес қана... елес.

Адамның беймаза көңiлiне не дауа? Оның дегенiмен кете берсе ақыры немен тынады? Оны кiм ойлаған... кiм? Сол күндерi Ақан серi ойда жоқта Ақшабақтың нұрлы жүзiне ессiз құлап, қымсыну деген қаперiнде жоқ, әкесi Әлібек батырдың жан жiгiтi Есембергенге «Ақшабақпен жолықтыр» дедi. Есемберген де иi жұмсақ, көңiлшек екен, тез иiле кеттi. Ақан серi оны өзiне баурай тартып, араға салып, Ақшабаққа хат бердi. Ғашықтық хат. Есемберген ебiн тауып, Ақан серi мен Ақшабақты жүздестiрдi. Улыкөлдiң жағасы... Мүлгiген қайындардың арасында Ақшабақ Ақан серiнiң ыңылдап салған әнiне мөлдiрей төгiлiп, бiрдеме деуi мұң болды. Әр сөздiң басын бiр шалған Ақан серi де еркiн шешiле алмай булықты. Қиялында жоқ бiр әуез үздiктiредi, әншейiн. Осы бiр iштей арбасқан қобалжулы сәтте Ақшабақ үнi дiрiлдеп, ақ жүзi алмадай албырап:

– Ақан аға, мен ерте тұтылдым... Сiз кеш қалдыңыз, – деп, қима бел қызыл камзолының қалтасынан лағыл тасы Ай нұрына жалт ете түскен алтын жүзiктi бердi.

Ақан серi жүзiктен көзiн алмаған күйi тiлi байланды. Үнсiз тосылды. Өрекпiген жүрегi әп-сәтте су сепкендей басылды. Көк жүзiнде қалқып бара жатқан Ай да ескi туырлықтай жалбыраған қара бұлтқа жасырына қалды.



Сол жазда Біржан салдың елінде Ақан серінің:
Қызы бар Әлібектің Ақшабақтай,
Жүруші ем заманымда қызды жақтай, –
деп, басталатын «Ақшабақ» әні «Мың бір түннің» ертегісіндей аңыз
боп, гуледі де кетті.

Осы жылы ғой, осы оқиғадан кейін Ақшабақ тек ән болып қала
берді де, Ақан сері тағы бір махаббат періштесі – бірінші Бәтимасына
кездікті. Ол да бір жалт еткен елес. О, содан бері неше рет құс келіп,
неше рет құс қайтты. Бүгінде Ақан серінің жар төсегін құлпыртып,
бөпе сүйгізіп, екінші Бәтимасы отыр, ақ отауында тамылжып.

Ақан сері тынық түнде Ертістің ай қорғалаған ақ айдынына
қарап тұрғанда осының бәрі сәулелі ой боп тербеді. Беймаза қиялы
шарықтай жөнелгенде астында кемедей тербеген Құлагері, қасында
басын шұлғи басқан ақбоз ат үстінде Әлібек батыр... Соңдарында
кең даланы әнмен жаңғыртқан сері топ... Осы ұлы дүрмек дүниені
дүбірлетіп кетіп бара жатады. Бұл-қиял түс секілді шуақты ой... О,
шіркін, өмірдегі діті осы ойындағыдай бола берсе ғой...

Зілғараның Әлібегі! Әлібек батыр!

Зілғара Байтоқаұлы (кейбір деректе Қаратоқин деп те жазылады.
– И.Ж.) 1851 жылы ақпан айының он бірінші жұлдызында «қазақ
ақсүйегі» атағы мен подполковник шенін патша грамотасымен
бекітіп алған ірі алпауыт; оның мұсылманша хатқа жүйрік, орысша
да мүдірмей сөйлейтін Мұса деген ұлы кезінде Шыңғыс төреден
кейін аға сұлтан боп ел басқарды.

Зілғараның бәйбішесі – Бишай, екінші әйелі- Бидаш, үшінші
әйелі – Күлімхан. Үні жауар күндей күркіреп:

Мыс па, екен алтын ба, екен қола ма екен,

Алтынға қола тұтқа бола ма екен

«Түйғын» деп ұстағаным қарға шықты,

Қарғаға пәнде ғашық бола ма, екен? –

деп, толғайтын «Жиырма бестің» иесі осы-Зілғара! Бұл әнді жас тоқал
алып, ол желөкпелеу боп, көзіне шөп салып, торықтырғанда, дүниені
апырып-жапырып жіберетін кешегі бір жалындаған қайратты кезі,
бар қызығы көзінен бұлбұл ұшып, дәурені өтіп, уһілеген өкінішті
сезіммен шығарғанды. Әлгі үш әйелінен он алты перзент көрген,
оның үшеуі қыз, он үші ұл. Болған-толған әлуетті тұқым. Айбыны

бет қаратпайды. Беделі де биік. Атағы да зор. Мәрттігі де берендігіне бек жарасқан. Бұлармен ешкім тек салыстыра алмайды. Сөз де жарыстырмайды. Елдің зықысын шығарып, берекесін кетірген небір даулы іске араласа кетсе, беріспейтін көк тізе көк дауылдың дәл өзі боп, Әлібек шығып, осы айбынымен батыр атанғанды.

Көкшетау дуанындағы сегіз болыстың ең беделдісі – Ақсары болысын (Керей елі) басқарып отырған Атығайдың тағы бір арысы – Жанбота Қарпықұлы осы Зілғара әулетімен жұлдызы жарасып, тонның ішкі бауындай бір ниет, бір тілекте жүреді. Ақсары елінде Біржан сал да ақынжанды, сері көңілді Әлібекпен дос. Бұлардың көп қызықты істері ел ішінде сел-сел әңгіме.

Әлібектің үйінде үні сары даланы зарға бөлеген екі эз жыршы – Шөже мен Тоғжан, сөздері кесек-кесек алтындай жарқылдаған Орынбай, Арыстанбай ақындар жағын жанап жыр толғады. Біржан салдың сері тобы тоғысып, таңды-таңға ұрып, ән салды. Арыстандай ақырған палуандар шарпысып, қырға шығып, аң қуды. Төңіректегі елді дуылдатып сауық-сайранға бөледі.

Әлібек игі жақсылармен жанаса жүріп, әкесі Зілғара секілді ізет пен айбарды, кісілік пен тәкәппарлықты қатар ұстады. Алаған қолы береген. Өр намыс үшін шашылып-төгіледі. Досын сүйінтіп, дұшпанының мысын басып, ішін күйдіреді. Беделді ортада тура бидің кесімді сөзін айтады. Кезі келген орайлы жерде мансабы мен көкірегі көк тіреген дәйлердің өзін қаскиып тұрып, тәубасына келтіреді. Әлібектің әр ісі, әр оқиғасы аңызға айналып жатады. Қай сөзі, қай мінезі болса да елге жағады. Атығай, Қарауыл, Керей, Уақтың алға ұстар айбары, суының тұнығы, сүтінің қаймағы, құты мен намысы!

Әлібек Ақан серіден көп үлкен, әкесіндей адам. Омбыдағы сол жүздесуден кейін Әлібек оған бір құдірет боп көріне берді. Ал бір күні тамыздың мамыражай жайсаң күнінде тағы бір асқа сауын айтылды. Керей елінде Жыршы дегеннің асы! Аламан-тасыр ат бәйгесі болады. Құлагер сынға түседі. Ақан сері Қоңыр аттың өлімінен кейін секемшіл. «Ел ішіндегі небір оқыс қауіп-қатерден қорғай жүрер» деп, Әлібек батырға арқа сүйегісі келді. Бұл жөнінде Біржан салмен ақылдасты. Біржан сал Әлібекпен жалғасты. Әлібек бірден «Ақан серідей ән сұңқарын мен қолдамағанда кім қолдайды!?» деп масаттана дүр сілкінді. Ақан сері бұл сөзді естіп, жер-көкке сыймай сестеніп, өзінің сері тобымен дүрілдеп атқа қонып, ай-шай



жок, өзгеше бір өзімсінген еркін жүріспен Әлібектің ауылына қарай жол тартты.

О, тоба... Ақан сері Әлібектің ауылына келіп, дүбірлі думан құрып жатқанда Жүсіп төре де сап етіп келе қалды. Екеуі бір-бірімен жылы раймен жүздесті. Өңшең жастар жиналған бір отырыста Жүсіп Ақан серіге қалжың айтқан боп:

– Бүгінде Әлібектің еркесі тек Ақан сері ғана!- деді, өз сөзіне өзі ыңғайсыздана жымиып.

Бұл сөз Ақан серіге ұнамады. Удай ащы кекесін. Қоңыр атының Жүсіп төре ауылында пышаққа ілінген тұңғыық ісі жүрегіне қатқан беріш еді. Бірақ Ақан сері көзімен көріп, қолымен ұстап алмаған соң: «Бұл жаулық сенен келді, Жүсіп төре!» деген сөз тісінен шықпай, өзгелерді де байбалам сөздерге жібермей, іштен тынып жүретінді. Жүсіп төренің әлгі сөзіне ойлана қалған Ақан сері:

– Иә, Жүсіп, біздің еркелікті Әлібектей батыр аға ғана көтереді, өзімді ғана емес, Құлагерімді де әлпештейді. Солай боп тұр, Жүсіп, – деді, сыздаған сабырмен.

Жүсіп сөзден тосылды. Ақан сері де ләм-мим демеді. Отырған жандар іштей арбасқан екеуіне ұрлана қарап, тым-тырыс тынды.

Осы сөзден кейін Жүсіп Әлібектің аулынан үн-түнсіз аттанды да кетті. Ауыл жігіттері: «О, төре, мұныңыз қалай?» деген де жоқ, «ішіне шынашақ айналмайтын Жүсіп қой. Әр жерде өстіп жүреді» деп, бастарын шайқап, күлді де қойды.

Әлібектің ауылы Ақан серіні бірнеше күн шырқатты. Оның аққудай сыланып, кербездене сөйлеуі, елде жоқ киім киісі, сыпалығы... бәрі-бәрі жан біткенді ауызына қаратты. Емін-еркін шалқу үстінде ол: «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылика», «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» сел-сел ғып ағылтты. Жұрт: «Жанақ өлмепті», «Шөженің арманы жоқ», «Біржан сал жалғыз емес екен!» деп Ақан серіні қандай кереметтерге теңерін білмей, дуылдаса көкке көтерді.

Әлібек ауылдағы осы ду-дудың арасында Құлагерді өзінің атбегілеріне көрсетті.

Осы кездерде Әлібектің де екі торысы ел ішіндегі ас-тойларда бәйгеге түсіп, өз маңайын шулатып жүргенді. Құлагер осы екі торымен бірге бапталды, бірге жаратылды.

Бір күні Әлібек қоңыр самал желпіген бесін әлетінде ауыл шетіне шығып, бұйырғын мен жусаны жабағы жүндей тұтасқан қатқыл

адырда үш атты жарыстырды. Бірінші боп Әлібектің Бәйгеторысы, екінші боп Құлагер, ең соңында Дөненторысы келді.

Әлібек бұған іші жылып:

– Изетіңе құлдық, Ақан шырағым, Айбергенге: «Бәйгеторыдан озба!» деп қатты тапсырғаның білініп-ақ тұр. Ол менің көңіліме қарағаның. Кісілігің. Әй, бір шалқытса сені, осы Құлагерің шалқытар! – деп емірене сүйінді, – Керей елінің бір қадірлісі – Жыршының асына жігіт-желеңіңмен салтанат түзеп, өзім алып барам. Өзім!

Көзінде үміт сәулесі жарқ ете түскен Ақан сері:

– Тілегім сол еді, Әлібек аға, Құлагерді Сіздің атыңыздан қосам! – деді.

Содан көп ұзаған жоқ, Әлібек бас боп, Ақан серінің екі әншісі – Бәтжан (Малтабардың Қожым атасынан; Ақтоқты, Ұрқиямен аталас; Қожым ішінде бұл Бектауылға жатады. Мұны Қылды Қарауыл Бәтжан әншімен шатастырмау керек. – И.Ж.), Сұлтанмұрат, үш палуаны – Ожымбай, Дәу Жарас, Қалмақан және басқа да ойыншыл жігіттері шықты; бұларға қоса Әлібек ауылының «Сен тұр мен атайын» дейтін тарлан боздары қосылды; бас-аяғы қызылды-жасылды киінген қырық жігіт жер солқылдатып, жұпары аңқыған кең дала, орман-тоғайды әнге бөлеп, алыстан айбар танытып, сұсты салтанатпен Жыршының асына келді. Бұлардың алдынан атпен шауып шығып, домбырасын көкке көтере шырқаған Керейдің бір сұңғыла ақыны:

Хош келіпсіз, Әлеке,
Қайырлы болсын жолыңыз!
Аса ардақты қадырлы,
Өзгеден Сіздің бұлыңыз.
Қадырың мол жасыңнан,
Алла беріп зор бақыт,
Қара да басың ханға ұсап,
Сізге келдім батырым,
Жырлап тұр біздей пақырың,
Халқыңыз Сізді күтіп тұр,
Шын көңілден жарқыным! –

деп шат-шадыман көңілмен құшақ жая қарсы алды.

Жыршының асында Ақан серінің асқақ шырқауын бірінен бірі қағып алып әуелеткен Бәтжан, Сұлтанмұраттарға әнші атаулы таңғалды да отырды. Аюдай ақырған Ожымбай, Дәу Жарас, Қалмақандарға палуан шақ келмеді.



Астағы ең ұлы дүбір – ат бәйгесі!

Аламан бәйге де басталды. Қара ормандай ырғалған қаранөпір жұрттың көзі ат келетін жолға қадалды. Жететін мезгіл осы-ау дегенде ел: «Құлагер! Құлагер!» деп шуылдап қоя берді. Екпінінен жел гулеп, жалт-жұлт еткен елестей жарқылдап, ағып келе жатқан Құлагер алдындағы дүркіреген жұрттан үркіп, үстінде тізгінді шірене тартқан Тілеубайға бой бермей, сәл қиыс тартып, қарақшыны қиып өтті. Жұрт: -Құлагер! Құлагер! – деп, шулады.

Шу бәсеңси бергенде екінші – Әлібектің Бәйгеторысы көзге ілінді. Оны қаумалап қарсы алып жатқанда үшінші – Жағалбайлы жігіт Қожагелдінің Тұйғынкөгі, оған құйысқан тістесіп, төртінші – Мұрат елінің ірісі Батыраш-Қотыраштың Қайқыкүреңі, бесінші – Ақмәліш Баракбайдың Жезкүреңі, алтыншы – Біржан сал әулетінің Айбозы, жетінші – тағы да Әлібектің Дөненторысы келді.

Осы аласапыран айқай шудың ішінде дау туды дау! «Құлагер! Құлагер!» деп даурыққан дауыс даланы жаңғыртты.

Ақан сері жүрегі қобалжып, бірдеме деуге тілі күрмеліп, мына сұрапылды көріп тұрды, көрмей тұрды.

– Өй, шиебөрідей шуылдаған өңшең тобанаық, Құлагерге бәйге жоқ, қарақшыдан бұрыс кетті, бұрыс! – деп, өкірендеген Баракбайдың барқыраған дауысы елден ерекше шықты.

– Атың бесінші боп келді, неге бүлініп тұрсың, Баракбай? - деген Әлібек батырдың үні саңқ ете түсті, – бас бәйге Құлагерге беріледі! Ақан серінің Құлагеріне!

– Өй, Әлібек, сен көрінгеннің атына атбекет болғанша кәрі қойдың жасындай ғана жасы қалған әкең Зілғараның құтырған тоқалдарына ие бол! – деді, Баракбай, шегір көзі шыныдай жылтырап.

Ойнақшыған ақбоз аттың үстінде шыркөбелек айналған, Әлібек:

– Ей, Баракбай, сенің нажас аузыңнан еш уақытта жақсы сөз шығып көрген жоқ. Қосқан атың Құлагердің шаңына да ілесе алмады, ал өзің өкірендеп алға ұмтыласың. Енді бірдеме деп көр, анау салпиған ерінінді терлік қылам, жауыр атқа жаба тоқып. Бас бәйге – Құлагердікі! – деді.

Баракбай тілі кесілгендей түнеріп, тіл қата алмады. Аюдай қорбиып, атын қос өкпеден тепкілеп, бұрып алды да сеңдей соғылысып, дабырласқан жұрттан сытылып шыға жөнелді. Жай кеткен жоқ, қаны қарайып, қорынып, өшігіп кетті.

Бас бәйге Құлагерге берілді! Жүз жылқы! Дабыр-дүбір, айқай-ұйқай арыны басылған теңіз толқынындай тына қалды.

Әлібек бастаған сері топтың жұлдызы жанды. Ұлы жиында сапырылысқан дүйім жұрт Ақан серіге, Құлагердің түр-тұрпатына таңғала қызығып: – Бәрекелді, серім, Құлагеріңнің шабысы үдей берсін! – деп шулады.

– Тіл-көзден сақта, Құдай!

– Қамбар ата қолдай жүрсін!

– Әлібек батыр, Ақан серідей ән сұңқарын ардақтаған пейіліне Құдай береді! Береді!

– Құлагерге сұқты көзін қадаған сұмның көзі шықсын!

– Тойың бар... тойың бар, ей, кара ормандай ырғалған қалың Қарауыл!

Ас тарқаған соң Әлібек бір тоғызды ас иесінің босағасына байлады. Жаутаңдаған жоқ-жұқана жұртқа да жылқы таратты. Өздері де мерей тасытқан мол олжамен ырғалып-жырғалып, салтанатты шерумен иен даланы әнмен жаңғыртып Әлібектің ауылына қайтты.

Әлібектің ауылында таңғажайып ертегі дүниесіндей, ой, бір қызықты, желікті, сайран күндер өтті. Серілер де мәз, ел де мәз. «Ақан сері! Құлагер!» Бар ду-ду сөз осы ғана!

Ақан сері бұл ауылдан қайтар күні Әлібек:

– Осы желпінісіңе жел беріп, көңіліңді көтере түседі, қылқұйрықтың тұйғыны, деп сылап-сипап ұстаушы едім, мәпелеп... осы бір сүйіріктей сүйкімді кара бедеуді, алдыңа тарттым, Ақанжан!

Сұлу ат үстінде көркейіп, сәулетті боп жүр, иығына жанат ішік жаптым, Ақанжан!

Шабытыңды шығанға шырқатсын, қиырдан көзі шалатын қыраным – Қараторғайды қондырдым, қолыңа! Қолыңда түлет. Көк жүзінде, көгала бұлт арасында шарлатып бақ, Ақанжан, көңіліңді өсіреді!

Түзді сүйетін жүрегің бар. Кейде дүние шуы, адамдар күңкілінен безіп, дәйім түз кезесің, әнің де түзде жүргенде қалықтайды екен. Дел-сал ғып, әлденеге құмарлы көңілмен елендетіп, ұстатпай қоятын қиял шіркінді қағып түсірер ме екенсің, мына бір мылтықты да ілдім еріңнің қасына!

Ендігі бір сөз, Ақанжан:

– Біздің жылқыда да құла мен кер бар, кейбір жүйрігімізді жігіттер «Керқұла» деп, әлпештеп жүреді. Құлагерге мініп шапқан Жағалбайлының мына бір торғайдай баласы –Тілеубайға, соңыңнан ерген Айбергеніңе сол Керқұланың екі тайын мінгіздім. Құлагеріңнің



қасында сән түзеп жүрсін! – деп, ел сол заматта-ақ гулете аңыз қылған сый-сияпат көрсетті.

Әлібектің Ақан серіге өкіл әке атанатын кезі – осы кез!

* * *

Бір сұрапыл ас Қыпшақ елінде өтетін болды. Бұған бүкіл Торғай дуаны дүрлікті. Үш жүзге сауын айтылды.

Сол асқа Ақан сері тобын тағы да Әлібек бастап барды. Жан-жақтан келген айтулы жүйріктердің иелерінің ішінде тағы да Барақбайды кезіктірді. Барақбай секілді небір көкезу, көктізе, көкдүлей дейтін даукес дәйлер бар екен. Аламан бәйгенің алдында солардың кейбіреулері: «Менің атыма шаппай бер!» деп өзеуреп, сіресіп, тұрып алды. Қиқылдасқан дау шықты. Бірін-бірі тыңдау жоқ. Дай-дай сөз. Ақыры бұл у-шуды баса сөйлеген Әлібек: – «Шаппай беретін атыңның шабысын көрген жоқпыз. Даңқын да естімеппіз. Бас бәйгеден дәмелі болса аттар күндік жерден айдалсын! Аттың атын сонда көреміз! – деп, бір-ақ кесті.

Бұл сөзден ешкім аса алмады. Амалсыз тосылды. Аттар кіші бесін кезінде күндік жерге айдалды. Ат қосқандар жүректерін шүберекке түйіп, аллаға сиынып, түн баласында көз ілмей, жаздың қысқа таңын қобалжулы, толқулы көңілмен атырды.

Ертеңінде кіші бесін әлетінде алыстан созалаңдай көтерілген шаң көрінді. Жұрт бөрідей шулап:

– Аруақ! Аруақ! – деп дүркіреді.

– Иә, аруақ, Қамбар ата қолдай гөр!

Әніе-міне дегенше бұлдыр сағым арасынан аттар да көзге іліне бастады. Дүрмек-дүрмек боп, үзіліп қалып, қайта жалғасып, бірінің шаңын-бірі жұтып, бірін-бірі жібергісі келмей, іркес-тіркес егесіп, жер апшысын қуырып, сілтеп келеді. Азан-қазан жұрттың у-шуы құлақ тұндырды. Бірін-бірі кимелеп, боқтаған айқай-ұйқай, қым-қуыт, ызы-қикы шудың арасында «Қап!», «Құдай-ай!», «Өй, құлады ғой, анау ат!» деген беймаза сөздер де елең-елең еткізіп, есті шығарды. Алдыңғы топ үркердей боп, көп дүрмектен бірте-бірте қара үзе бастағанда жүрегі лүп-лүп соққан Әлібек: – Құлагер!-деді, астындағы ақбоз атын дөңгелете билетіп.

Ақан сері де анық көрді – Құлагер! Жүрегі өрепкіп, аузына тығылды. Астындағы сүйріктей қара бедеу шиыршық ата ойнақшып, шаң қапқан айдау жазыққа мазасыздана көз тікті.

Құлагер алдыңғы дүрмекті артқа тастап, үстіндегі Тілеубай тізгінді шірене тартып: «Малтабар! Малтабар!» деп ұран салып, шырқырап келе жатты. Сөйткенше болған жоқ, Құлагер жалаулатқан қарақшыға жете берегенде алдынан айқайлап, өре түрегелген қара тобырдан жалт бұрылды. Сәл қияс тартып, қарақшыны кесіп өтті. Оскыра үркіп, шығандай қашып, сапырылысқан жұрттың ең шетіне барып, үйірілген толқындай зорға қайырылды. Ақан серінің атышулы Үркеккері – Құлагері!

Құлагер тағы да бас бәйгені алды!

Сол қуаныштың үстінде жүзінен нұры төгілген Сейіт есімді жас жігіт келіп:

– Қорамсаның Ақаны боласыз ғой, мен бір кездерде сол Қорамса әкемізге қарагер құнанды сыйлаған Баттал атамның немересімін. Баттал атам бүгінде о дүниелік. Кезінде мына біздерге әніңзді үйретіп: «О, шіркін, ән деп Ақан серінің әнін айт! Сендер білесіңдер ме, оның:

Салқоңыр, тізгінің бос, жолың ашық,

Баратын жерім шалғай, жерім қашық, –

деп басталатын әні біз берген қарагер құнанның тұқымы- Қоңыр атын әлпештеген әні ғой, сол Ақан серімен таныстырам, әлі» деуші еді, ол тілекке жете алмады. Орнында біз бармыз, Ақан аға. Қонақ болыңыз, үйге келіп, – деп, қиылды.

Ақан сері Әлібектен рұқсат сұрап, қасында көп жігіт-желеңі бар, сол күні Сейіттің үйінде ел намысының жұлдызы боп жанған Құлагерін ардақтап:

Мінгенім, Құлагерім, өзің тұлпар,

Қолыма ұстағаным тағы сұңқар.

Жастықтың арқасында қылдым сайран,

Өзім сал өзім ақын, емеспін зар.

Алып ем жиырма бесте дөнениңде,

Көруге қызығыңды болып іңкәр.

Бәйгеден үш жүз аттан озып келдің,

Артыңнан жете алмаған талай тұлпар, –

деп, шаттана шалқыды.

Ақан сері осы бір кездерде Құлагерінің үстінде қайғысыз-қамсыз бұлғақтаған бір пешенелі мұңлық. Желсөзге үйір жандар «Оу, Ақан сері жар сүйіп, жар қызығын көрсе де ол бұ заманның адамы емес, ол перінің қызына да ғашық екен» дейтін сөздермен де гу-гу етеді.

Жан біткенді қилы-қилы толғанысқа салып, әйел затын құмарлық отына күйдіретін алуан сырлы әндерін неше саққа жүгіртеді. Енді, міне, «Ақан серінің сол Құлагерін бір көрсек, шіркін!» дейтін алыс елдерден сұқты көз ат сыншылары да көбейді. «Баспа-бас қызға бермес жануарым!» деп, Құдайдың құтты күні мәпелеп бағатын Ақан серінің өзі Құлагерді бірінші рет және соңғы рет көріп тұрғандай сұқтанады, өз ойынан өзі селк етіп.

Ақан сері де аңыз! Құлагер де аңыз! Жалғанның жартысындай далиған Сарыарқа ғана емес, Құлагердің жойқын шабысы Үш Жүздің біраз еліне мәлім болды. Сарыарқаның төсінде айдай жарқыраған кең Балқаштың оңтүстік беті, домбыраның қос шегіндей тартылған Талас пен Шу дарияларының теріскей жағалауын жайлаған мамыражай Үйсін елі, сонау күн батыс жаққа көз тіксең көк толқынды Тобылдың арғы өңірін жайлаған Жетіру, Алты ата Әлім елдеріне Ақан серінің ақша бұлттай қалықтаған әндері емін-еркін жетіп жатушы еді. Енді ол жерлерге Құлагердің жойқын шабысы Тайбурылдың дүбіріндей естілді. Қай елде, қай жерде Үш Жүзге сауын айтылған сұрапыл ас болса, сол аста шабатын аттардың ішінде «Ақан серінің Құлагері бар ма?» десіп, ат сыншылары қобалжулы көңілмен беймаза күйге түсті. Бұл Құлагердің алыс елдердегі дақпырты. Айбары! Даңқы!

Кейде Сарыарқаның өзінде өтетін ас-тойларда Ақан серіге ниеті түзу мәрт мінезді жандар: «Біздің астың көркі боп Ақан сері келді, Құлагері жайраң қағып. Бас бәйгемізді Құлагерге шаппай береміз!» деп күпілдесе, Ақан сері бұл тілекті қаперіне де алмайды. Құлагерді қосады, сол шабысқа... Бұл жолы да Құлагер аңыз-жыр боп, талай жерлерге даланың қоңыр желімен жетіп жатады, жан біткенді таңғалдыра тамсандырып.

Құлагер – Ақан серінің қиялын көкке өрлетті. Құлагердің шабысын көрген жұрт: «Әй, өткендегінің бәрі ертегідей керемет қой, бүгінде. Тайбурыл да осы Құлагердей-ақ болған шығар» – деп, аспандата мақтасып, оған мін жұқтырмайды.

Құлагер – Ақан серінің жан рахаты! Сәулелі оймен әлдилеген құштар сезімі! Қызулы шабыты!

«Пай, пай, желмая ма, Тәңір-ау!» дегізетін Құлагер, бұл! Ұзын жолға түскенде оның маң-маң басқан жай ғана кербез жүрісіне су төгілмейтін екпінді жорғалардың өзі шыдас бермейді.

Жан жары Бәтима болса, аққудай сылаң қағып, Құлагерді сылап-сипап, балаша еркелетіп, оның үстіне балапандай үлпілдеген Үмітін

мінгізіп қойып, оған: «Көзіңнен... көзіңнен айналайын!» – деп, ыстық мейірмен төгіле қарап, көңілінде титтей кірбіңі жоқ, бір бақытты мұңлық. Ақан сері мен Бәтиманың махаббатына қызыққан тілектес жандар сүйінішті сөздермен гулейді. Осы тұста Ақан серінің:

Маңмаңгер кекілің келте, жалың майда,
Баптаған сені сылап, қалқатай да! –

деп, жан-жүректі бесік жырындай елжірете баурайтын «Маңмаңгер» әні жай ғана сауықшыл жұрт қана емес, өзінің ұлы ұстазы Біржан салдың өзін де: «Ә, дүние, ендігі өмірімде осындай бір ән шығарсам! Оған дәрменім жете ме, менің?» дегізіп, ойландыра толғантты.

Құлагердің желігі Ақан серіге маза бермеді. Ол Құлагердің үстінде жалғанды жалпағынан басқандай мерейі тасып, бір қолында ғарышқа самғаған Қараторғайы, соңында жалт-жұлт еткен елестей елеңдеткен құмай тазысы Базарала сылаң қағып, бірде Есіл, Құланөтпес, кейде көктоғайы иілген кең Нұраны жағалап, қарағай-қайыңы сыңсыған Тобылға дейін барып, ел-елді думанға бөлеп жүрді.

Бұл кезде Ақан сері мен Бәтима тағы бір перзент сүйді. Оның атын – Дәмелі, деп қойды. Қорамса мен Жаңылдың алладан ұл тілеген дәмесі. Ел де солай түсінді.

Ақан серінің алдында ертеңгі күннің не сыйы, не тауқыметі бар, ол қаперіне де келмеді. Жиырма жеті жасқа кәміл толып, әнмен тыныстап, ой-қиялын Құлагердің жайсаң жүрісімен шарықтата берді.

* * *

Ақан сері мен Құлагердің ендігі баяны осы хикаяға өзек болған Қасым қарияның (еске сала кетейін, бұл кісі Қорамсаның туған інісі Жандостың ұлы, Ақан серімен немере. – И.Ж.) дәптеріндегі бұрын-соңды ешқайда жарияланбаған құпия сырлармен үндес, «Бұл заман абақты ғой саналыға» деп, кешегі бейопа қоғамның шер күйігін тартқан Мағжанның өзі секілді тұңғиықта тұншыққан, бірақ қанша булықтырса да өлмейтін, өшпейтін: «Сүттен ақ, судан таза, Тәңір сөзіндей шындық» боп келген долбар мен санаға әбден сіңіп, ешуақытта өзгермей қатып қалған теріс түсініктің бәрі-бәрін жоққа шығаратын дерегіне сүйенемін!

Хош делік... Ақан сері Құлагердің желігімен аспандағы аққу үніне әнін жалғап, шалқып-тасып жүрген күндердің бірінде Сарыарқаға аты шыққан айбынды әулет – Аққошқар – Сайдалының асына барды.



Бұл жолы да оны Әлібек желеп-жебеп, сырт көзге сұс танытып, үлкен салтанатпен алып келді. Бұл аста не оқиға болғаны Мағжанның жазуында («Ақан сері» зерттеуінен қаз-қалпында алынып отыр.– И.Ж.) былай суреттеледі: «Ақан қолында Құлагер Арқаның талай зор астарында аузымен құс тістеген сан жүйріктерден озып жүреді. Арғын-Алтай Аққошқар-Сайдалының (Сайдалысының) асында Құлагер үш жүз аттан жеке-дара келеді. Бірақ сол аста Барақбай дегеннің Кетеберкөк деген аты келе жатады. Барақбай құлдырап келе жатқан Құлагердің шылауынан ұстап қалса керек, мұны көріп тұрған Ақанның Барақбайға тілі тиеді. Осы оқиғадан Барақбайдың ішінде Ақанға қарсы кек қалады».

Ақан сері мен Барақбайдың арасындағы дәл осы қақтығыс Қасым қарияның дәптерінде былай жазылған: «Аққошқар – Сайдалының асы да ел ішінде көп сөз боп гуледі. Сұрапыл шабыста Құлагер өзінен кейінгі аттарға шаңын көрсетпей окшау шығып алып, сілтеп келе жатқанда соңғы бір дүрмектердегі аттардың ішінде Барақбайдың да аты көрінеді. Осы сәтте Әлібек пен Ақан серінің қасында тұрған Барақбай дайғашы жігіті Бөрібайды қамшымен тартып-тартып жіберіп: «Неғып тұрсың, сүмірейіп? Сүйрет! Тарт, ана атты?» деп ақырып қалады. Ақан сері мына сөзге елең етсе де, байсалды қалпы: «Әні, приставың тұр... ережеде ат сүйрету бар ма, еді?» дейді, Барақбайға. Барақбай шегір көзі шақшиып: «Бақалшы Қорамса соқыр тиыннан нәпақа жиып, қомпиған алыпсатар Қорамсаның пері соққан әулекісі жайыңа тұр!» дейді. Мына сөзге шатынап, шарт кете жаздаған Әлібекті Ақан сері ұстай алып: «Батыр аға, Барақбайға сіз айтатын сөзді өзім айтам! Сізге сабыр... Атасақал аузыңа біткен жасыңда, ей, көргенсіз Барақбай, ел алдында қадірінді кетірмей, алжымай жүрсең болмай ма? Әкем Қорамсаның садағасы боп кет! Сен сияқты ұры-қары жұмсап, мал тауып көрген жоқ. Қорғанға, Түменге, Омбыға жытыртқан жаутаңкөз жұрттың жылқысы түбінде сенің моланды тепкілеп, өгіздері көрінде өкіреді. Бір кезде менің Қоңыр атыма сұқты көзіңді қадап, ала алмап едің, құсалы боп, енді Құлагер ішінді күйдіріп жүр. Қыр соңымнан қалмаған Барақбай, қамшы сілтеген олай емес, былай!» деп, Ақан сері Бөрібайды қақ бастан тартып өтеді. Бөрібайдың сары жара басқан қасқа басынан қан шып ете түседі. Бөрібай күректтей алақанымен басын сипалап, саусағының арасынан қан тамшылап: «Осы қан есінде болсын, Ақан! Қанжылатам!» дейді. Барақбай да: «Ә, Ақан, Бөрібайдың

осы сөзін ұмытпа!» дейді, қанын ішіне тартып. Бұл сөзге Ақан сері жігіттері қызарандап, жұлқына бергенде Әлібек: «Жә, дүрлікпендер, Барақбайдан келген пәлені көрдік!» деп дүлей ашуды лып басады. Құлагер тағы да бас бәйгеге ие болады.

Осы астан кейін Әлібек бастаған Ақан сері тобы ұзын аққан нулы Нұра мен айдыны аққуға толы Құланөтпестегі елдердің мырза жігіттерінде қонақ боп, «Салқоңыр», «Кепсер», «Көкжендет» және Біржан салдың «Ләйлім», «Ақтентек» секілді ғажайып әндерін әуелете шырқап, бір тамаша дулы күндер өтеді. Темеш елінің бір саятшысы Ақан серіге «Көкжендет» деп аталатын қаршығасын сыйлайды. Сол елдің мақтаншақ жігіттері: «Бір көлден ду етіп ұшқан қаз-үйректі топылдатып тепкенде соның алпысы жерге жайрап түсе береді!» деп, Ақан серіні таң-тамаша қалдырады.

Аққошқар-Сайдалы асынан мол олжамен оралған Ақан сері отбасында көп ұзамай тағы бір перзент дүниеге келеді. Ұл! Қорамса мен Жаңыл: «Үмітімді үзбеген үмітім, дәмелі ғып қойған Дәмелім... Дәме қып жүрген ұлды сондарынан ерте келді ғой!» десіп, шілдехана жасады, Қоскөлдін бойын дуылдатып. Сол дулы отырыстардың бірінде сері жігіттер Ақан серінің Науан Хазіретке айтқан:

Аспаннан Ибраһим нұрын шашқан

Кей надан су болам, деп үйге қашқан.

Сол зәмзәмнан бір тамшы бола ма, – деп

Шортан балық аузын ашқан» дейтін өлеңін сөз етіп отырғанда есті қариялардың бірі:

– Әп, бәрекелді! Бұл батырға аспаннан нұрын шашқан Ибраһим пайғамбардың есімін берсек жөн болады! – деп қалды.

Ұлдың аты Ибраһим деп аталды. Кейін оны атасы да, әжесі де, Ақан серінің өзі де «Ыбан» деп еркелетті.

* * *

Ақан сері ел-елдегі ас-тойлардан мерейі тасып қайтқанда өз отбасында біраз күн мауқын басып, содан кейін Біржан салдың ауылына барып, бар әңгімені ортаға салып, әнмен шалқып, әнмен тыныстап, шалқып жүрді. Басы ауырып, сыртқа шығуы сиреп, жүрісі саябырлаған Біржан салға Ақан серінің әр келісі аңсата күткен дағдыға айналды. Біржан сал сондай сәулелі ойда жүргенде жарқ етіп Ақан сері де келді. Бұл жолы да Біржан сал ауылы күзекте Жөкей көлінің жағасында отырғанды. Ақан серінің әндері Біржан

салдың жан тынысы. Ду-ду думан басталды да кетті. Бірі – ұстаз, бірі – шәкірт. Бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі асқақтата әлпештеген екі кереметтің әндері жылы жаққа тізіле ұшқан құстарға жалғасып, дүниенің көз жетпейтін кеңістігіне жұтылып, ұзап жатты.

Бір күні Ақан сері түн ортасында: «Құсымды алдырдым, Біржан аға, Көкжендетім ұшып кетті, Көзден ғайып, көзден ғайып!» деп, елеуреп, шошып оянды.

Көп ұзамай Ақан сері елге қайтты. Келсе ауылы үрпиіп отыр. Жан-жары Бәтима тілсіз жатыр, сұп-сұлық. Ақан сері келгенде ғана үнін танып, ептеп қана көзін ашып, шарасы кең аялы жанары тұңғиықтана бұлдырап, оған ұза-а-ақ қарап, қарлығаштың қанатындай қиылған қасы сәл түйіле беріп, қабағында жайнаған жарық дүние ымырт үйірілгендей қарауытып жүре береді.

Бәтима дүниеден өтті.

Ақан сері шерлі мұңлық. Қорамса мен Жаңыл Үміт пен Дәмеліні, бір жасқа толар-толмас Ыбанды өксікті жүрекпен өбектеп, уілдеді де қалды.

Көңілі түндей қараңғы Ақан сері үйде де, түзде де қасірет құшағында жүрді. Жұбаныш таба алмады. Көзі қара бұлақтай тұнған мұң. «Өлгеннің артынан өлмек жоқ», «Тірі тірінің тірлігін істейді, Ақан!», «Жан бөлек», «Үш балапаның бар, әкесі де, анасы да өзіңсің, Ақан!», «Бір аяғы көрде, бір аяғы жерде... алмай пісіп отырған екі қартың бар, бәріне ес болар, сес болар, өзіңсің, Ақан!» деген сөздер айтылып жатты. Ол тұңғиыққа батып бара жатып, тал қармаған жандай есін жиып: «Ә, сұм тағдыр, сен менімен ойнап келесің, тұрысатын жеріңді айт, мен де сенімен ойнап көрейін!» деп сілкіне бой түзеді.

Бәтиманың қайғысы Ақан серіге: «Өлім маған үйреніп алды, мен өлімге үйреніп алдым» деген ауыр сөздерді айтқызып жүрді. Осы сөзге қасара түсіп: «Тәлкек қылған аяусыз тағдыр, мен енді сені тәлкек қылам!» деп қатулана сестенді. Сырты бүтін, іші түтін боп мұң шексе де сазарған жүрегінен тағы да... тағы да бір жылы леп білінді. Жан біткенді таңғалдырып, көңіл түкпірінен тағы бір үміт оты жылтылдады. Ол бір есті алған болжаусыз сәуле – Ақтоқты! Жақсылық Қарауылдың ішінде Сырымбетті жайлаған орта дәулетті Бақтыбай есімді (Бірінен-бірі көшірілген Ақан сері өмірбаянында бұл кісінің есімі қате жазылып, «Боқтабай» боп жүр. – И.Ж.) момын кісінің қызы. Ақтоқты сол кездегі айтулы қыздардың ішінде

жарқыраған шолпан жұлдыз еді. Ақынжанды, нәзік сезімді, ақылы көркіне сай көркем жан. Жігіт дүррі: «Ә, шіркін, менің жарым болса!» дейтін бір арман. Ақтоқтының басы бос емес. Көкшетаудың түбіндегі Қызылағашта отыратын ырысы көл-дария боп шалқыған Сүтемген байдың айдарынан жел ескен мырзасы Жалмұқанға атастырылған (тағы да ескертемін: бірінен-бірі көшірілген Ақан сері өмірбаянында бұл кісінің есімі де «Шамұхан» деп қате жазылады да жүреді. Өмірі түзелмейді. – И.Ж.). Дүйім елге аян жай. Ақан серіні тағдыр тәлкегі түрткіледі. Ол өз жүрегiнiң әмiрiне көне бердi.

Ақтоқты шашың жібек, жүзің Айдай,
Адамзат сипатыңа таңғалғандай!
Дерт болып жүрегіме сен жабыстың,
Тілекті жеткізейін қапы қалмай.
Қара арба мінгеніңіз күймелген,
Ақ көйлек үстіндегі түймелеген.
Лашынға лайық, сүйген сәулем,
Жамандар аулақ жүрсін кимелеген, –

деп, арманды леппен аһылап-уһілеп шығарған әні Сырымбет саласын желпи бастады.

Ақан серінің бұл әуресін Сүтемген байдың елі біліп отырды. Олар құдалық салттың берiктiгiне шүбә келтiрмедi. Ақан серінің әні Ақтоқтыны қилы-қилы ойға салып, арбап бақты. Ақан сері Ақтоқтымен қызойнақ, шілдеhana, басқа да жиындарда орайын тауып, жүздесіп жүрді. Әнмен толқыған Ақтоқты Ақан серіге иілген көңілін де білдірді. Бұған қапысыз сенген Ақан сері: «Тәуекел! Ақтоқты менікі!» – деді, тас түйін боп бекініп.

Дәл осы кезде Сүтемген байдың мырзасы Жалмұқан да лек-лек нөкерімен дүбірлетіп, күймелерін қоңыраулатып кеп, Бақтыбайдың ауылына түсе қалды. Ақтоқтыны ұзататын қарбалас басталды. Осы ду-дудың үстінде ауыл шетінде қасында өз серіктері бар, Құлагермен ойқастап жүрген Ақан сері Ақтоқтыны Қарабедеуге мінгізіп алды да қашты. Жұрт аңырды. Кейбіреулер жапырласа атқа қонды. Қуғын басталды. Ақан сері біраз жер шыққан соң жан ұшырып, шауып келе жатқанда Қарабедеу томарға сүрініп, омақаса құлады. Ақтоқты үстінен ұшып түсті. Сол сәтте не боп кетті, Құдай-ау, Ақтоқты шыркырап жылап:

– Ақан, сен де есінді жи, мен де есімді жидым. Бір баянсыз іс болды. Ұмытайық оны. Ата салтын аттағым келмейді. Ата-анамның тілегі кесілмесін, Ақан... Мен – Жалмұқандықпын! – деп безек қақты.



Ақтоқтының мына сөзін түнеріп тұрып тыңдаған Ақан сері:

– Талақ дүние! – деп, кісесіне ілген сапыны оқыс сілтеп қалғанда Ақтоқтының санын тіліп өтті.

Осы сәт қуғыншылар да жетіп, Ақан серіге бата алмай, біраз арбасып тұрды да, кенет айқай-ұйқайға басып, апыл-құпыл қарбалас үстінде, жаралы Ақтоқтыны шырқыраған күйі атқа өңгеріп ала жөнелді.

Ақан сері тағдыр тәлкегіне күлкі боп, тағы бір сынды.

Іштей намыс отына күйген Бақтыбай ауылы еш нәрсе болмағандай ду-ду етіп, Ақтоқтыны тездетіп, ұзатуға кірісті. Ұзатылар сәтте салт бойынша Ақтоқты ел-жұрты, ауыл-аймағы, ағайын-туысы, құрбы-құрдастарымен аужар айтысып қоштасуы тиіс. Дәл осы сәтте тағы да елді аң-таң қылған оқыс іс боп қалды. Ақтоқты ақбоз үйдің ішінде көзі жасқа булығып:

– Болар іс болды, ел-жұртым, мен енді Жалмұқанның жарымын! Менің аужарымды ел еркесі – Ақан сері айтып берсін! – деп, отырып алды.

Ақтоқтының тілегі орындалды. Ақан сері қаны кашқан реңі өрт сөндіргендей сұп-сұр боп, әбіржіген қалың жұртты қақ жарып кеп, ақбоз үйге кірді. Ақтоқтының алдында кеудесін паңдана керіп, домбырасын қайнаған ызаның лебімен қуалай шертіп:

Қорқамын шымылдықтың құруынан,

Бір жаман қолын сұғып тұруынан.

Жалғанда қыздан сорлы жан бар ма, екен,

Айырылып кете барар руынан, –

деп, көкіректі қарс айырған қайғының ащы зарын лап еткізіп, «Ахоу арман, айхай жалған, дүнием-ай!» деген өкінішті, өксікті сөзді зорға-зорға айтып, үйден шықты да кетті.

Ақан сері үшін Ақтоқты бейопа арманның орындалмаған әні болды да қалды. Ел кейін «Ақтоқтының сипаты», «Ақтоқтының аужары», «Кеткенің бе, Ақтоқты?», «Ақтоқтының зары», «Ақтоқты» әндерін махаббаттың өлмес, өшпес жыры ғып шертті. Ал Ақтоқты келін боп түскен Жақсылық елі намыс қып, бұл әндерге шала бүлінді.

Осы сергелдең үстінде Ақан сері қаршығасы – Көкжендетінен айырылды. Ол ұшқаннан ұшып отырып, Нұра бойындағы иесіне барып табысыпты. Бұл хабарды естіп-біліп, аһ ұрған Ақан сері жүрегінен:

Көкжендет, сені салдым тоғайды өрлеп,
Көк бесті шаба алмайды, көзі терлеп.
Намазшам, намаздыгер арасында,
Алдырдым алпыс үйрек қоймай зерлеп.

Көкжендет тұғырың алтын, маржан баулы,
Тұрушы ең ағаш үйде асыраулы.
Шалшықтан шала қанат шалып-іліп,
Сыланып отырушы ең сен бір шәулі.

Көкжендет сені салдым дабыл қағып,
Мойыныңа әшекейлеп тұмар тағып.
Өсірген көңілімді, беу, Көкжендет!
Айрылдым қапылыста сенен не ғып? –

деп, отты әуез төгілді.

«Қапалы көңілден жалыны лапылдаған ән қалай... қалай туады, Тәңір-ау?! Талықсыған, тарыққан жүректің қаршығадай шарықтауын қара! Көріп келе жатқан көрешегі аздай-ақ, мына бір көңілашар Көкжендеті ол да көкке көз тіккізе өкіндіріп, мысын күртқанда басқа біреу болса, қайтер еді? Жеңілмейтін, берілмейтін, шегінбейтін қандай жан еді, мына Ақан сері?» деп таңғалған жұрт жағасын ұстады. Жан-жағы гу-гу сөз...

Жан сергітер серігі – Құлагері!

Тұғырында мүлгіген Қараторғайы!

Құлагер Ақан серіні желіктіріп, үйде отырғызбады.

Қараторғай да шаңқылдап, көк жүзінде маңып бара жатқан ақша бұлттарға көз тігіп, мазасын алды. Ақан сері екеуінің де дегенін істеді. Сырт көзге бұдан басқа әуресі қалмағандай...

Е, Қараторғай... Қараторғай... оның да қанат, құйрығы сұйылыпты. Қос қанатын сабалап, созалаңдап барып, көкке көтерілсе болды, біраз қалықтайды да талмаусыраған байғұс шайқалақтап, шырылдап қона алмайды. Кеше ғана, күні кеше ғана көк аспанның төрінде жай отындай жарқылдаған алапат қыранның енді қанат қағуы да, қонуы да мұң. Ақан сері де көк жүзіне уһілей көз тігіп, ішінен «Ә, бейопа өмір... алдамшы күндер» дейді. Адам тірлігінің кешегі бір еш нәрсені ойлантпай, басты айналдырған қызулы шағы... қызықтырғаны, торықтырғаны, сүйгізіп, сүйікті етіп, өкініш отына күйдіргені, жүректен, тілден тәтті лебіздер, үн шығарып, тоқсан толғаулы сырға



қарық қылған ғашық күндер оң мен түс, не қас-қағым сәттік әуре бір, әлде маңдайға жазған жан азабы... Осы дел-сал ой қабақ аштырмай мәңгіртіп жүрген күндердің бірінде көк жүзіндегі кеңістікті, еркіндікті аңсаған Қараторғайы да әупірімдеп қанат қағып, биікке шығып алып, әп-сәтте әлі құрып... талықсып, өз-денесін өзі ұстай алмай, сонау көгала бұлттың арасынан өзін-өзі тастап жіберді. Бұрқ ете түсті қара жер. Қауырсыны қобырап, жан-жаққа шашылды. Өлмеді. Кеудесінде құр жаны, өкпесін соғып, өлексе боп жатты. Қараторғайдың аянышты халі өлімге үйренген Ақан серіні күрсінтіп отырып, есін жиғызды. Жүрегіне қасіреттің зарлы шерін жолатқысы келмей, Қараторғайдың шарықтаған сәттерін елестетіп, бір нәрсе шалықтаған жандай таң-тамаша боп күлімсіреп:

Келеді Қараторғай қанат қағып,

Астына қанатының маржан тағып, –

деп, сол шуақты күндердің салтанатын есіне түсірді. Сырт көзге өзімен-өзі сөйлескен бір ессіз пенде. Жүзінде, көзінде мұң пердесі жоқ. Мына бір кең тынысты сырлы әуезі махаббаттың сәулелі жыры боп шертілді ме, Құдай-ау? Көз алдына сүйгені, сүйіктісі елестеді. Ақан сері осыған таң. Өліп бара жатқан Қараторғайды өлтіргісі келмеді. Оның қиялында Қараторғай ақша бұлттардың арасында жай отындай жарқылдап, самғады да жүрді. Асыл жарлары да бүгінде ұшып жүрген періште. Өршіл үміттің дәмесі Ақан серіні соларға ұмсындырады.

Сол жылы қыста ел ішін анда-санда соғып өтетін қызылша індеті жайлап, Ақан серінің үкідей үлпілдеген сүйкімді қызы Үміт шетінеді. Қайғының қара бұлты тағы да еңсесін езе түсті.

Ақан сері Құлагерінің үстінде жалғыз өзі құла түзде құлазыды.

1876 жыл. Тамылжыған сарша тамыз. Кіші бесін кезінде желпіген самал салқындап, күздің лебін сездіре бастағанды.

Сол кездерде тасы өрге домалап, асып-тасқан байлығын қайда шашарын білмей, кеудесіне нан піскен Паң Нұрмағамбет әкесі Сағынайға ас беретін болды. Енді этнограф – тарихшы Мұрат Мұқановтың (Сәбит Мұқановтың ұлы) «Из исторического прошлого» деп аталатын кітабынан мына бір деректі келтірейік: «Между Акмолинском и Омском кочует род Курсары-Керейцы, и вот есть в этом роду Нурмагамбет, человек высокомерный, капризный, щегол. Пускал он к себе не всякого, а с большим разбором. А иному протягивал ногу вместо руки... Умер у Нурмагамбета отец, первый

богач по нашим местам, и перед смертью приказал: «Когда меня похороните, устройте ас-поминки и пригласите всех почтенных людей со всех шести округов. А поминки устройте такие: из каждых моих десяти лошадей зарежьте одну самую жирную, из каждых десяти баранов одного самого жирного, ну а кумыс пусть уж сами гости привозят». Сосчитай, сколько это будет, если кобылиц у Нурмагамбета десять тысяч, а овец двадцать тысяч. Одних кибиток для гостей потребовалось поставить тысячу». Сосчитать не трудно; было забито 1000 лошадей и 2000 овец. Более того, кроме сауына(собранного из поминки кумыса) многие пригоняли и скот.

В подлиннике пожелание Сағыная(так звали отца Нурмагамбета) объявить ас было в следующих пределах: от рек Тургай и Иргиз до Аягоза и Каркаралинска, от Кереку (Павлодар) и Баянаула и Кызылжара (Петропавловска) и Кокшетау».

Үш жүзге сауын айтылған Сағынай асы Ерейменнің етегі Қусақ көлінің жағасында өтетін боп бәтуаласты. Паң Нұрмағамбет Қанжығалы елінің би-болыстарына келіп: «Қусақ көлінің жағасында болатын асты мамыр айынан бастап, қыркүйектің соңына дейін созамын» деп, осы жерді сұрап алыпты.

Бұл астың алдында Әлібек батыр Керей еліндегі бір асқа басшылық етем деп, ешкімге дес бермей, өзеуреп, тізеге басқысы келген Паң Нұрмағамбеттің дүлей сесін басып, оны өзі басқарғанды. Көкшенің сегіз болысының ішінде Жанбота, Азынабайлар ел еркесі Біржан сал басқа да игі жақсылар Әлібек батырды қолдап, Паң Нұрмағамбеттің әлгі қылығына налып, асқа бармайтын болды.

Ал Ақан сері бұл асқа барғысы келді. Барса тек Құлагері үшін! Оның сынға түсер тағы бір бағы үшін! Ақан сері ешкіммен тілдесіп, ешкіммен пікірлескен жоқ. Ақтоқты ұзатылып барған Жақсылық елінде Мөңкі (1995 жылы маусым айында қасымда журналист-жазушы, Көкшетау облысының сол кездегі теледидарының бас редакторы Толымбек Әбдірайым бар, Көкшетау ауданының «Қызылсая» ауылында Мөңкінің (шын аты – Мөкен. – И.Ж.) кенже қызы Қаназия апамен және ол кісінің немере ағасы Көзтай ақсақалмен жүздестік. Ақан серінің Мөңкі баланы еркелете аялап, Құлагерге мінгізіп, жаратып жүрген қызықты оқиғасын, Сағынай асындағы қайғылы жағдайға душар болған жайдың бәрі-бәрін қағазға түсірдік. Көзтай ақсақал Ақан серінің сол кездердегі күйзелісті күйін, Құлагердің Сағынай асына дейінгі жойқын шабыстарын

бізге беймәлім деректермен айтып берді. Ол әңгімелердің дені Қасым ақсақалдың дәптеріне жазылған дәйектің бәрін растағандай Құлагер жөнінде бұған дейінгі түсінігімізге өзгеше бір елең еткізген шырай таратты. Сағынай асында болған қасіреттің салдар-себебін біз әлі күнге дейін жақсы білмейді екенбіз. Бар шындық ел ішінде бүркеулі күйінде булығып жатқан. Біз Ақан сері жайлы жазылған көркем шығармаларға ғана сеніппіз... Кейін Толымбек осы деректі қаз – қалпында «Бота тірсек, қыл сағақ, сандалкерім» атты эссе ғып жазып, ең алдымен облыстық «Көкшетау», «Қазақ әдебиеті», «Ұлан» газеттерінің беттерінде жариялады. 2006 жылы бұл эссе «Аюқұлак» деген кітабына кірді. – И.Ж.) деген бала бар. Талай бәйгеде жұлдызы жанып жүрген сол Мөңкіні Құлагерге мінгізіп, баптай бастады.

Сағынайдың сұрапыл асы Ерейменнің кең жазығы Құсақ көлінің жағасында басталды.

Астағы ең үлкен салтанат – ат бәйгесі. Ол атқа да, ерге де, елге де сын.

Күндік жерден айдалатын үш жүз жетпіс аттың ішінде үстінде қан қызыл киімі, астында ойнақтаған Құлагері бар, тоғыз жасар Мөңкі бала да кете барды. Қорамсаның інісі Жандос та Құлагермен бірге жаратылған екі айтулы жүйрігі – Ақшақар мен Сарыала аттарын қосты.

Ақыры бұл бәйге немен тынды?

Ерейменнің етегінде Шырпылы биігінде көлден ұшқан аққудай жалт етіп, жеке дара қылаң берген Құлагердің шекесіне ойда жоқта бір өзектен шыға кеп киліккен алпамсадай біреудің сылқ етпе шоқпары тиді, солқ етіп. Құлагердің көзінен оты жарқ етті. Алдыңғы екі аяғымен аспан тепкілеп, омақаса құлады. Бір будақ шаң бұрқ ете қалды. Жалына жарқанаттай жабысқан Мөңкі бала ұшып түсті.

Теңселіп кетті, Ереймен. Сыңсып жылады, қара орман. Жер бауырлап шырқырады Мөңкі бала. Ақан сері жүзінен қаны қашып, Мөңкіні құшақтап, «Құлыным! Құлыным!» дей берді, іштей солықтап. Шырпылы биігінің өзегінде жайрап жатқан Құлагерді көрген жұрттың: «Нағылет! Нағылет!» деген қарғысы жер тігіретті.

Ал аттар өткен қарақшының басында аспан астын шулатқан дау-жанжал көпке дейін басылмады:

– Бас бәйге Құлагердікі!

– Оу, Құдайыңа қара, эне, Құлагерің Шырпылының басында құлап жатыр. Өлген атқа бәйге беріле ме екен, өзің не деп көкіп

тұрсын? Қаракшыдан Батыраштың Қайқыкүреңіне мінген бала өздерінің ұраны – «Бегайдар! Бегайдар!» деп айқайлап, бірінші өтті!

– Иә, бас бәйге – Қайқыкүреңдікі! Көріп тұрып, көрмегендей болатындарың не?

– Жоқ, өлсе де бас бәйге Құлагердікі!

– Әне, ана жақта біреулер Батыраштың баласын кінәлап жатыр.

– Не деп?

– Құлагерді сол бала қағып өтті дейді.

– Оттама! Бар да жайрап жатқан Құлагердің шекесін көр! Шекесін! Шоқпармен жарған! Бөкесіне де зілбатпан шоқпар тиген. Қарулы қолдың шоқпары! Атқа шапқан бала шоқпар ұстай ма екен?

– Қаракшыны бірінші боп қиған Батыраштың баласының қолында шоқпар түгіл, қамшы да жоқ. Торғайдай бала кінәлі емес, «Кұдай» деп сөйле.

– Керейдің даурықпа даукестері бас бәйгені сырттан келген аттарға қимай, бар олжа Керей, Уақ, Атығай, Қарауылдың өздерінде қалсын, деп, ез намысқа күйіп, көріне көзге ылаң салып тұр.

– Асты басқарған «Арғынның Ақбозы» – Қанжығалы Саққұлақ бидің қара қылды қақ жарған тура сөзін сөз демей, бүлінген түрін қара, мына елдің. «Елдік» деген осылай бола ма, тегі? Сонда бас бәйгені кімге бермекші?

– Бас бәйгені өздері алары бар, ит арқасы қияннан сабылтып, неге ел шақырады?

– Асты басқарған Саққұлақ биді тыңдамаған елді не дейміз сонда?

– Еш пенде жоқ сөз тыңдар, білімпазға болдым зар, депті ғой, бір ғұлама, е... е... е, бірі кем дүние-ай, бас-басыңа би болсаң – Манартауға симассың, дейміз де, бұл жалғаннан өзіміз де, сөзіміз де елеусіз боп, біз де өтерміз. Ақан серідей ән сұңқарын жылатқан елден не сұраймыз? Не сұраймыз?

– Бас бәйге-Қайқыкүреңдікі! Қайқыкүреңдікі!

– Ал кім соқты, Құлагерді?

– Кім? Кім? Кім?

Дәл осы қайғылы сәтті Мағжан Жұмабаев: «...Ақтоқты оқиғасына бір жыл шамасы болғанда, Керей Сағынайдың асы болады. 323 аттың алдында жұлдыздай ағып келе жатқанда, анау Сайдалы асында ішіне қан қатқан Барақбай Құлагерді көлденеңнен соқтырып өлтіреді. Асқа жиылған құмырсқадай қалың ел шуылдасып, гулесіп, бәйгесін алып, ойын ойнап жатқанда, Ақан мидай далада жолдасы



Құлагердің басында кәдімгідей мөлдіретіп, көзінің жасын төгіп отырады» деп жазды. Иә, дәл солай болды. Ақан сері Құлагердің басын құшақтап үш күн отырды. Жандары күйіп сабылған ел саба-саба қымыз, табақ-табақ ет әкеліп, Ақан серінің көңілін аулап, қасынан кетпеді. Мына қасіретке жүрегі шыдамай, көз жасын сауған Саққұлақ би осы бір құтсыз асты басқарғанына өкініп, оның Ақан серімен дос ұлы Нұралы да жаны күйіп: «Құлагерге қастық қылған қаскүнем алыста емес, ол қасымызда жүр. Құлагерге о бастан көз қадаған қаскөйді тәубасына келтіреміз, әлі. Сабыр ет, Ақан сері. Бұ заманның құсасы о заманға кетпейді. Жаным тірі болса, есе қайырам. Бұл іс із-түзсүз кетпейді» деп, ызаға булықты. Сол қапалы күндерде Ақан серінің солықтаған жүрегінен:

Жел болса қамыс басы майда деймін,
Ат қостым, ат айдаушы айда деймін.
Алдыңғы ат баран болмай, қылаң болды,
Жығылмаса Құлагер қайда деймін.

Құлагер, кішкентайдан керім едің,
Нағашым сұрағанда беріп едің.
Асына Арғын, Қыпшақ қосқанымда,
Алдында үш жүз аттың келіп едің.

Ақша қар бүгін жауса, ертең кетер,
Қайғысы Құлагердің маған өтер.
Ат тауып енді сендей мінгенімше,
Құйрығы ақ түйенің жерге жетер.

Құлагер жаз жайладым, күз жайладым,
Тұсына қызды ауылдың көп байладым.
Өлгенін Құлагердің көргенімде,
Жұлдым да сақалымды ойбайладым.

Ор болып қалушы еді, шапқан жерің,
Шаттанып тұрушы еді қосқан елің.
Атығай, Қарауылға олжа салған,
Бота тірсек, қыз сағақ сандалкерім! –

деп көз жасы боп ағылған азалы ән Ерейменнің етегін тұнжырата түнертті.

Академик Ахмет Жұбановтың «Ақан сері» атты зерттеуінде осы бес шумақ келтіріледі. Қаламына іліккені сол ғана. Ал мені ерекше үйіріп, осы хикаяны жазуға түрткі болған Ақан серімен немере Қасым қарияның дәптерінен және Көкшетауда басқа да шежіре көкірек көнекөздер бар, солардан әр жылдарда мысқалдап жиған белгісіз шумақтар былайша түзіледі:

Құлагер құлын күннен керім еді,
Көңілімнің қуанышты серігі еді.
Баласы алты арыстың бас қосқанда,
Алдынан бес жүз аттың келіп еді.

Құлагер қалап алған тайым еді,
Әуеде ұшып жүрген ғайып еді.
Жиылып бес дуан ел бас қосқанда,
Бәйгеңе Төрт Момын ел байып еді.

Міндім де қаралаға тұра шаптым,
Жерінді өліп жатқан әрең таптым.
Құлагер енді маған риза бол,
Басыңда жоқтау айтып, үш күн жаттым.

Қайтейін, мен қайтейін Құлагерім,
Салбырап шабушы едің төменгі ернің.
Соқсаң да тоғыз қасқыр тұрмаушы едің,
Қазана қарсы келді арам терің.

Құлагер жас басыңнан сүтке үйреткен,
Мойнында жібек арқан көп сүйреткен.
Күніне жүз теңгенің сұлысын жеп,
Таза сақтап кісідей бойын күткен.

Құлагер атаң қандай, анаң қандай,
Тұрушы ең сексен қауға суға қанбай.
Су ішіп, әбден қанып алғаннан соң,
Тұрушы ем ауыздықпен тоқтата алмай.

Құлагер жас басыңнан бала мінген,
Астына ат көрпесін сала мінген.



Төрт аппен тайталасып, егескенде,
Бәрі де тасты сайда қала берген.

Жануар Құлагерім қолдан кетті,
Дұшпанның қастығынан қаза жетті.
Қаржас боп, Қанжығалы, Керей, Алтай,
Қуандық, Сүйіндік боп намыс етті.

Тамам жұрт көтермекке аттанғанда,
Алдынан қарсы бармай маған не етті?
Жиыннан жеке келген тұлпарым-ай,
Үмітсіз қандай дұшпан қағып өтті,

Қырмызы қара құлпы құйрығың-ай,
Суырылып топтан озған жүйрігім-ай.
Жеріне Ерейменнің айдап келген,
Тәңірдің не ғылайын бұйрығына-ай!

Осы шумақтардың біразын репрессия құрбаны болған Мағжан Жұмабаев пен Үкілі Ыбырайдың істерін қайта қарап, түбегейлі ақтап шыққан КГБ полковнигі Уәлихан Мұқаев ақсақалдың үй архивінде сақталған ескі дәптерден (1995 жылдың 16-шы қыркүйегі) жазып алдым. Сол дәптердің ішінде Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалынан» үзінді, «Дарига қыз» дастаны да бар. Дәптерді әп-әдемі ғып әспеттеп ұстаған Уәлихан ағаның жұбайы Жаңылтай апай 1945-49 жылдары бәрі-бәрін өз қолымен көшіріп, жазып отырыпты.

* * *

1936-жыл. Маусым айының жиырма бірінші жұлдызында «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде қазақтың қарабайыр жылқысын шотланд, ағылшын жылқыларының жүйрік тұқымымен асылдандыру мәселесі көтерілді. Бұған ақын Ілияс Жансүгіров ерекше мән беріп, аз уақыттың ішінде «Құлагер» поэмасын жазып шықты. Көркем шығарма ретінде ол – классикалық поэма!

Сол жылы бұл поэма қараша айында «Социалистік Қазақстан» газетінің үш санында жарияланды. Кезінде оны оқыған жұрттың ынта-ықыласында шек болмады. Жансүгіровтің ешбір ақында жоқ, тау суындай ақтарыла төгілетін жойқын шабыты мен асқақ қиялы, жарқылдаған гауһар сөзі жан біткеннің жүрегін толқытты.

«Көркемдігінде мін жоқ» дерлік шалқыған поэманың бір тұсы – тағдыр тәлкегін көріп баққан Ақан серідей ән сұңқарының бар қайғысының апогейі – Құлагер трагедиясына кінәлі жан боп, Арғын Алтай ішінде Мұрат елінің арысы-Батыраш суреттеледі:

Нән, жуан, менмен кеуде, намыс ері,
Суық қол Батыраштың жібергені.
Жалт етті жайдың оғы жүрегінен,
Кек қайнап, мұз құйылып жүре берді.

Шапшып қан шекесінен шыр айналды,
Сылқ етіп, Құлагер ат құлап қалды.
Білген жоқ, не болғанын, ес қалған жоқ,
Тек бала жерге доптай домаланды...

Поэмадағы осы жолдар келе-келе Батырашты жауыздықтың символы секілді қаражүрек етіп, жұрттың санасына әбден сіңіріп, қалыптастырды. Жұрт оған иланды. Сенді. Ал сол күндерде әлі сиясы кеуіп, буы басыла қоймаған поэманың Батырашқа байланысты жеріне басқа да көзқарастар бар еді, бірақ ол ойлардың бой көрсетуіне құбылып тұрған замана мұрша бермеді. Пікір таласы болмай қалды.

Құлагер трагедиясының бар мән-жайы, оған кінәлі жанның кім екендігі Ілияс Жансүгіровтен бұрын 1922-23 жылдары «Сана» журналында жарық көрген Мағжан Жұмабаевтың «Ақан сері» зерттеуінде (Бұл зерттеудің бар екендігін мен 1989 жылы қараша айында шыққан Мағжан Жұмабаевтың таңдамалы шығармаларынан ғана оқып-білдім. – И.Ж.) жазылған еді.

Ақан сері өмір сүрген Көкшетау мен Қызылжардың таңғажайып даласын тел еміп, ол жерлердің ежелгі аңыз-әңгімелерін, өзге жұртқа беймәлім қилы-қилы тарихын сырлы көкірегіне тоқып өскен Мағжан Жұмабаев бұл! Ақан серіні танып-білу жөнінде қалай толғансаңыз да Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіровтен биік! Терең! Және дәйекті де! Ақындық болмысы жағынан Ақан сері мен Мағжан өте-өте ұқсас. Екеуінің де сезім тұңғиығы, сұлулықты сезіну амплуасы көз жеткізбейтін байтақ әлем.

Мағжанға дейін біздің заманда сал серілер өміріне ешбір ғұлама қалам тартып көрген жоқ еді. Ақан сері дүниеден өткеннен кейін бар хикаясы әлі онша суына қоймай қаз-қалпында шертіліп жатқанда оны сол күйінде қағазға түсіріп, романтикалық толғаныспен мөлдірете, ойландыра, тебіренге жазған осы асқақ сезімді Мағжан болды. Мағжанның дерегі еш күдік тудырмады.



Өттең дүние, сол жылдарда Мағжан соқтықпалы-соқпақсыз заманның сергелдеңінде жүрді. Оның ауыр тағдыры бүгіндері бізге былайша аян болып отыр: «В 1929 году по ложному обвинению Жумабаева осудили на 10 лет лишения свободы, он отбывал наказание на Севере, затем 1935 году благодаря М. Горького был освобожден досрочно. Однако, прибывание на свободу длилось недолго. Проработав учителем русского языка и литературы в средней школе, Жумабаев по приглашению С. Сейфуллина прибыл в Алма-Ату. 30-го декабря 1937 года по злостному навету поэт вновь подвергается аресту. В ежовских застенках 19 марта 1938 года Жұмабаев был расстрелен».

Илияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасын жазарда, әлбетте, Мағжан Жұмабаевтың «Ақан сері» зерттеуін жақсы білді. Екеуінің бір-біріне деген ниетінде қылау да жоқ еді. Бірақ Мағжанның тағдыры әлгіндей болған соң, сөз жоқ, оның дәйекті сөзі түгіл, атын атау қияметке айналды. Кешегі дос-жаранның көбі одан әп-сәтте жалт бұрылып, тіпті, оны танымайтындай боп, іргесін аулақ салды. Өз тұрғыластары түгіл, «Бүгінгі қазақ поэзиясының классиктері» делініп жүрген кейбір ақын, жазушылар Мағжанды «Кеңес өкіметіне ең қауіпті жау, Алашордашыл! Ескілікті қазақ қоғамын аңсаған ұлтшыл!» деп, қаралап, газет, журнал беттерінде бұрқыратып ала жөнелді. Ақын Әбділда Тәжібаев күні кеше ғана, яғни, 1963-жылы жарық көрген Ақан серінің өлеңдер жинағына жазған кең көлемді алғы сөзінде: «Мағжан Жұмабаев Ақан туралы бір жазғанында: «Онда тілек жоқ, үміт жоқ, мақсат жоқ» деп, санап-санап тұрып айтқан. Мағжаннан өзге ұлтшылдар да Ақанға сарнау, зарлау, өмірден торығу, дүниеден безіну сөздерін баса сөйлетуге тырысқан. Оларша Ақан өз тұсынан жиренген, болашақтан түңілген, тек кейінге, өткенге қараған, арғы заманды аңсаған жанның ғана образы. Ұлтшылдар Ақанның аузымен бүкіл қазақ халқын артқа шақыруға, кері тартуға, бүгіннен де, ертеңнен де теріс айналдыруға күш салды. Өткеннің үнін домбыра мен қобыздың ескі шектерінен тыңдауға үгіттеді» деп, қазымырлана даттап, шімірікпей қаралады. Осындай соққыға ұшыраған Мағжанның күллі шығармасы жеті қат жер астына түскендей оған қатаң түрде тиым салынды. Құбылмалы дүние оның төңірегін осылайша құбылтып, бір көзіңді-бір көзіңе жау ғып қойды.

Илияс Жансүгіров те пенде ретінде Құлагер оқиғасы хақында Мағжанның дәйекті дерегіне арқа сүйеуге жүрегі дауаламай, сол

Сағынай асында Қайқыкүрең аты қарақшыны бірінші боп қиған Батырашты Құлагер өліміне «кінәлі» деп, шоқпарынан қан тамған жағымсыз кейіпкер ретінде жазды да жіберді. Жансүгіровтің осы версиясына деген сенім осылайша қалыптасты.

«Құлагер» поэмасынан кейін іле-шала 1937-жылы Илияс Жансүгіровтің өзі де ұсталып кетті.

...1986-жылы мен «Жұлдыз» журналының алтыншы санында Қасым ақсақалдың дәптеріндегі тың деректер негізінде Ақан сері өміріне байланысты біраз белгісіз сырларды, оның Қоңыр аты мен Құлагерінің хикаясын, Құлагерді мерт қылған Баракбайдың кім екендігін жаздым. Тағы да еске салайын, бұған дейін мен Мағжан Жұмабаевтың шығармаларынан мүлде хабарсыз едім. Ал арада төрт жыл өткенде, яғни, 1989-жылы қараша айында Талдықорғанда композитор Мұқан Төлебаевты зерттеп жүріп, ойда жоқта енді ғана жарыққа шыққан Мағжан Жұмабаевтың шығармалар жинағын сатып алдым. Сол кітапта «Ақан сері» зерттеуінде Сағынай асында Құлагерді өлтірген Батыраш емес, Баракбай екендігі ап-анық жазылыпты. Бұл оқыс құбылысқа қайран қалдым. Баракбай жөнінде Ақан серінің етжақыны Қасым ақсақал мен Мағжанның дерегі – бір дерек! Бұған Сырымбеттің түбіндегі Сарыбұлақ ауылындағы Кәкен, Қабдыәуәли ақсақалдардың 1980 жылдардан бастап, әр кез маған еске салып, айта беретін: «Біз Ақан сері елі – Малтабармыз! Құлагердің өлімі үшін кек алатын болсақ, Батыраштан емес, Арғын ішіндегі – Ақмәліш Баракбаймен жұлқыласар едік! Құлагерді өлтірткен осы Баракбай ғой, Баракбай!» деген ашулы сөздері қисындаса кетеді.

Егер Илияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы жазылмаса, сөз жоқ, Құлагер өліміне шын кінәлі осы Баракбай боп, о бастан санамызға сіңер еді. Амал не, олай болмады. Осы поэмадан кейін Ақан сері жайлы жазылған әрқилы зерттеулерде, (А. Жұбанов. «Замана бұлбұлдары», «Жазушы» баспасы, Алматы, 1975, 64-87 б. Ақан сері. «Шығармалары». Ә. Тәжібаев. «Алғы сөз», «Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы», Алматы, 1963, 7-40 б.) көркем шығармаларда, оның ішінде Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» диологиясында (жазушы Ақан серіні тиянақты зерттей алмағандықтан үшінші кітабын аяқсыз қалдырды. – И.Ж.) тіпті, білім өресі төмен бағзы біреулердің жеңіл-желпі, арзанқол мақаларында, ауызша тараған фольклорлық нұсқаларда «Құлагердің өліміне кінәлі-Батыраш» деген ұғымды бекіте түсті.



Мен Батыраш-Қотыраш әулетін 1973 жылы зерттеуге кірістім. Сол жылы қараша айының төртінші жұлдызында Қарағандыға жақын Топар селосында тұратын Батыраштың немересі Төкен Көккөзов ақсақалдан хат алдым. Сол хатты оқиық: «Құрметті Ілеке, сіздің тапсырмаңыз бойынша Құлагер оқиғасына байланысты кейбір мәліметтер: Өз заманында тарап кеткен Құлагердің өлімі, оның «өлтірушісі» жайындағы оқиғалар сізге белгілі ғой. Олар кімдер еді, шындығында? Оқиға қалай болған? Осы туралы... Ілияс Жансүгіров поэмасында айтылатын Батыраш-Қотыраштар Арғынның Мейрамсопысынан тарайды.

Мейрамсопыдан – Қуандық – Алтай – Мойын. Одан – Рақпанкүл – Сарша – Соңай – Мұрат. Біздің елді «Мұрат» дейді.

Мұраттан – Әлменбет – Қожағұл – Қалқаман – Жылқыайдар – Бегайдар.

Бегайдардан – Елібай – Теңізбай – Жайықбай – Дербес – Қожамсейіт – Төлебай – Кенжәлі – Избасар Баба.

Елібайдан – Байсейіт – Балапан – Матай – Қыдыр – Мұстафа – Ғабиден. Ғабиден Мұстафин қазақтың классик жазушысы!. Нұрсейіт (Төбет) – Саңырық – Қонақай – Алпыс – Сара Алпысқызы, Қазақстан республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жары.

Жайықбайдан – Тіней – Сиқымбай – Жаңажол.

Сиқымбайдан – Ақпан – Орынбай – Нарымбай – Наурыз (бұлар төрт сары атанған) – Алмасай – Жұлмасай – Ағыбай – Тоғыбай.

Ақпаннның бәйбішесінен – Батыраш, Қотыраш, Едіреш. Екінші әйелінен – Әбдіраман, Жәкі, Мақат. Үшінші әйелінен – Дауылбай – Желдібай.

Қотыраштан – Өмірәлі – Өшім – Ібіш – Мақыш – Солаң – Мақамберді.

Шежіре бойынша зәу-затымызды осылайша құлата келіп, өз атам-Батырашқа тірелдім. Батыраштан – Жүсіп, Әмпіл, Жүніс, Әбдіхакім(реңі сары, көзі көк болған соң Көккөз атанып кеткен). Мен осы Көккөздің баласымын. Руымыздың ұраны – Бегайдар!

Бегайдар жаугершілік заманда қалмақтарға қарсы күрескен батырлардың бірі. Сол себепті аты ұранға шыққан. Ол Қаздауысты Қазыбектің замандасы, кезінде тығыз араласыпты деседі.

Ақпан атамыз ел ауызындағы әңгімелерде ағайынға рахымды қасиетті кісі болыпты. Келіндері ол кісіні «Ұзынсақал» деп атап кетіпті.

Кейбір деректерге қарағанда Кенесары көтерілісіне қатысқан Бегайдар тұқымынан Мәңкі батырдың да аты аталады.

...Сағынайдың асына Қотыраш, Батыраш (Қотыраш ағасы) Батыраштың үлкен ұлы Жүсіп (Түсіп деп те аталады) және бірнеше атқосшылары барған, барлығы бес-алты адам болса керек».

Төкен Көккөзов ақсақалдың осы хатын дәл осы жерде сәл үзе тұрып, бұл кісімен (бұған дейін талай рет жүздесіп едім. – И.Ж.) 2010 жылдың қазан айының он екінші жұлдызында болған әңгімені келтірейін:

– Ақан сері мен Ғазиз ақын кездесіпті, дейді. Сонда Ақан сері айтыпты, деген бір шумақ өлең бар екен:

Қайтейін, Құлагерім қолдан кетті,
Дұшпанның қастығымен қаза жетті.
Асына Сағынайдың апарғанда,
Жүсібі Батыраштың қағып өтті, –

деп келеді. Осыған не дейсіз, Төке?

– Бұл-қате. Жүсіп 1852 жылы туған. Сағынайдың асы кезінде ол екі иығына екі жігіт мінгендей жиырма төрттегі мығым жігіт. Бір кемістігі – бір көзі көрмейді. Жүсіптің баласы Тәкен кезінде: «Әкеміздің көзі соқыр, әрі өзі сол кезде алпамсадай дәу жігіт аламан бәйгеде торғайдай балалармен бірге атқа шаба ма екен? Қисыны жоқ әңгіме. Бос лақап. Жауапсыз айтылған жел сөз» деп күйініп отыратын еді. Жүсіп ат танитын сыншы болған. Ол кісі қатты ауырып, қиналып жатқанда елдің үлкендері, оның ішінде өзінің туысы (Мекеге бірнеше рет барған, қариясөзді шешен адам. – И.Ж.) Әмір қажы, немере туысы Ібіш қажы бар, бәрі көңілін сұрай барады. Әңгіме арасында: «Жүсеке, Сағынайдың асындағы Құлагер өліміне байланысты шындықты білсеңіз ана дүниеге ала кетпеңіз. Оның мән-жайын артыңызда қалғандарға айтып кетіңіз» дейді, Әмір қажы. Жүсекең сонда: «Алланың атымен айтамын, Құлагердің өліміне біздің жазығымыз жоқ, бәрі жалған сөз» деген екен. Маған да осындай сөзді Жүсіптің баласы Сәтен де айта беретінді.

– Ал Сағынай асына Батыраштың Жүнісі барды ма? Ел аузында «Құлагерді ұрып өлтірген Батыраштың Жүніс деген баласы Ерейменнің орманында қаңғырып жүріп, Қарамұрын станциясында әбден азып-тозып өліпті» деген сөз де айтылады.

– Ой, Құдай-ай, жабыла беретін жала қара күйе секілді оңайлықпен кетпейді екен. Ал сол Жүніс 1856 жылы туған. Сағынай асы

болған кезде жиырмадағы жігіт. Оның да атқа шабатын жөні жоқ. Қалай шабады? Денесі ауырлап кетті ғой. Көзіміз көрді, орта бойлы, иықты, нып-нығыз қайратты адам еді. Ат үстінде қаққан қазықтай қатып, қақшиып отыратынды. Бес баласы бар еді, тағдыр ісіне не шара, көзі тірісінде олардың бәрі қайтыс болды. Өзі Қарағандыда Кәкіш деген туысымыздың қолында 1934-жылы дүние салды. Жүніс те Құлагердің өліміне жазықты емес. Осы қауесеттің бәрін таратқан Батыраштың жаулары. Кез келген пенденің дұшпаны болады ғой. Сол пендешіліктің зардабы, бұл!

– Әкеңіз Көккөз қай жылы туған?

– 1870 жылы. Сағынайдың асында алты жастағы бала екен. Әкей 1934 жылы қыста алпыс үш жасында дүниеден қайтты. Жүніс те Құлагердің өліміне жазықты емес. Батыраштың жаулары таратқан өсек. Жала!

– Батыраштың жүйрік аттарының бәрі де қым-қиғаш аңыз. Сол әңгімелерде Әпияның да есімі аталады.

– Ақпан атамыздың (Қарағандыдан Осакаровкаға шығар жолда «Ақпан» деген жер осы кісінің атымен аталады. – И.Ж.) екінші әйелінің есімі – осы Әпия. Отағасысы қайтыс болғанда отбасындағы балалары жас екен, бар шаруашылық, бар тауқыметті өзі басқарып, өзі көтереді. Ырғалған төрт түлік малға өзі ие болады. Әпияның жылқылары асыл тұқымды екен, ішінен жүйріктер көп шығыпты. Батыраш бәйгеге қосатын аттардың бәрін осы Әпия жеңгесінің жылқысынан алыпты. Сол кездегі бәйгелерге қосылған Қайқыкүрең (Әпиякүрең), Желтоқпақ (шапқанда үнемі аттардың жел жағында отырады екен), Желтоқсан... бәрі-бәрі Әпия жылқысының тұқымы. Әпия жайлаған «Әпияжартас», «Әпиябұлақ» осы күнге дейін бар. Ол – Қарағанды әуежайының шығыс жақ бетіндегі өз әулетіміздің жері.

– Сағынайдың асында Қайқыкүреңге мініп шапқан баланың атын білесіз бе?

– Ол баланың есімі – Тапа. Өз ағайынымыз.

– «Құлагер» поэмасы шыққаннан кейін бұл шығармаға ел ішінде қандай пікір болды?

– Ол кезде біз жаспыз. Поэма газетке жарияланысымен Мұрат елі бұл шығармаға елең ете түседі. Тас түскен жеріне ауыр! Ақылды, тоқтамды кісілеріміз: «Оу, Құлагердің өліміне Батыраш-Қотыраш әулетінің не кінәсі бар? Ақан сері мен Батыраштың арасында

ешқандай ілік-шатыс, қарым-қатыс, шатақ іс дегеніңіз болған жоқ қой, тіпті. Батыраштың сондай «жауыздыққа» баратын ұзыннан өші, қысқадан кегі де жоқ еді. Жазығы Құлагер құлап жатқанда Батыраштың Қайқыкүреңінің қарақшыға бірінші боп жеткені ме? Баршамызға сүйікті ақын Илияс Жансүгіровтің мұнысы несі?» дескен жұрт, әлбетте, намыс отына күйеді. Бұрқ ете түскен бұл ашуға дүрілдеп ала жөнелген елді есті кісілер зорға токтатып, басу айтып, ақылға келтіріп, сабырға шақырады. Батыраштың Баймағамбетінен туған Шөпбай есімді (Шөпбай Сәкен Сейфуллинге жиен боп келеді. Кешегі соғыстың алдында Бөгембай руднигінде қызмет еткен. Оқығаны көп, байсалды кісі. – И.Ж.) тарих сөзіне зерделі азаматты: «Сәкен Сейфуллинге барып жолық. Елдің қорынып отырған көңіл-күйін жеткіз. Батырашқа таңылған бұл қателік жөнделуге тиіс!» деп Алматыға арнайы жібереді.

Шөпбай ағамыз Алматыға барған соң өзімізбен аталас жазушы Ғабиден Мұстафинге жолығады. Ғабен жазушылар арасында «Құлагер» поэмасына кереғар пікірлердің бар екенін Шөпбайға ыждағатпен түсіндіріп, екеуі Сәкен ағамен кездеседі. Сәкен аға да ашулы екен: «Болар іс болды. Басынды тауға да соқ, тасқа да соқ, жағдай осылай боп тұр. Дүрлікпендер. Заман да өзгереді, заң да өзгереді. Есесіз дүние жоқ, әр нәрсенің сәті келеді. Ақиқат еш уақытта өлмейді, заманның оңтайлы бір кезеңінде Батыраштың да күні туады. Ел ішін гулете бермеңдер. Менің айтар сөзім, осы!» депті.

Шөпбай елге көңілсіз оралады. Бірақ ол кісі онымен тынбайды, сабылып жүріп, ерінбей-жалықпай Сағынай асы өткен жерлерді аралайды. Сол оқиғаны көре қалған көзі тірі есті қарияларды кездестіріп, бәрімен сөйлесіпті. Біраз жайға көзі жеткен соң «Құлагерді өлтірген Батыраш атам емес!» деп жаны күйзеліп, айтты да жүрді.

– Бағзы біреулер: «Құлагердің киесі ұрып, Батыраш-Қотыраш әулетінің соңғы ұрпақтары 1991-92 жылдары түп-түгел құрып бітті» деп жазыпты, «Жұлдыз» журналының бетінде. Бұл не сөз, Төке?

– Дауасыз сөзге не айтуға болады, Батыраш-Қотыраш әулетінен қазір, Құдайға шүкір, ел қатарлы өсіп-өніп, өркен жайып отырған үш жүзден астам түгін бар. Бұл белгілісі ғана. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы қым-қиғаш дүрбелеңдер кезінде тағдыр тәлкегімен бір-бірінен ажырап, көз жазысып қалған туыстар әлі күнге дейін

әр жерде жат бауыр боп, елеусіз жүрген көрінеді. Олар Қарағанды, Ақмола, Жезқазған, Алматы, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және басқа да жерлерде баршылық. Анда-санда табылып, табысып та жатыр.

Біздің отбасы ашаршылық жылдарында босқын боп тентіреп, Омбы, Новосибирь одан Кузбассқа барған. Тағдырдың қатал сиқын, тауқыметін көріп бақты. Біраз туыстарымыздың сүйегі әр жерде қалып, туған жердің топырағы бұйырмады. Көп өкінішті өксігіміздің бірі осы.

Әр жерде тоз-тоз боп, 1934 жылы елге оралдық. Одан кейінгі өмірді шұбырта беру қажет емес шығар. Өзімді айтсам, 1959-жылдан зейнетке шыққанға (1885 жыл) дейін ұстаздық қызмет атқардым. Бүгінде Топарда тұрып жатырмыз. Анда-санда ата-бабалардың рухы шақырғандай боп, атақонысымызға бала-шағаны ертіп, алып барып жүрем. Бәрі көзіме оттай басылады. Ал әлгі бір жазғыштарға не дейміз, біздің зәу-затымыздан хабары жоқ біреулер әншейін. Ондай дауасыздарға қартайған шағымда сөзді шығын қылғым да келмейді. Бәрі-бәрін уақыт, мезгіл, саналы ұрпақ жөңдей жатар.

* * *

Осы әңгімеден кейін мен Батыраш-Қотыраш әулетінің атамекенін араладым. Қарағанды әуежайының тұрған жерін «Ақжар» дейді. Оның оңтүстігі Құлжымыр тауы, етегінде «Ұзынбұлақ» деп аталатын тұщы су бар. Қыста қатпайды. Шығысында Балмағамбет тауы. Ол Қотыраш, Батыраш тауларына ұласып, Жүніс тауына жалғасады. Бұл әулеттің ескі қорымы-Бақырай тауының етегінде. Жермен жексен болған сол бейіттердің шетіне: «Руы Мұрат, Бегайдар, Сиқымбай ұрпақтарының ескі қорымы. Бұл қорымдағы Ақпан ұлдары-Қотыраш, Батыраш, Едіреш, Әбдіраман, Жәкі, Мақат, Дауылбай, Желдібай ұрпақтарының атынан Ібіш қажы немересі-Балташтан!» деп жазып, осы биыл ғана (2010-жыл) сұр граниттен белгі қойыпты.

Бүгінде Батыраш-Қотыраш әулетінің сол атақонысында Төлеубек Аманов есімді кісілігі зор бір кәсіпкер жігіт асыл тұқымды жылқы өсіріп, түгін тартса майы шыққан, шалқыған жайлаудың рахатын көріп отыр. Өткен жылы (2010-жылдың қараша айы.– И.Ж.) Төкен Көккөзов ақсақалмен тағы бір жүздескенімде менің қасымда осы Төлеубек те болып еді, ол жүзінен нұры төгіліп: «Төкен ата, сіздің ата-бабаларыңыздың жерінде тірлік етіп, өніп-өсіп отырмыз.

Арқаның ат құлағы көрінбейтін ақтүтек бораны болады ғой, сондай сәттерде: «Иә, Батыраш-Қотыраш аталарым, қолдай гөр өзін!» деп сиынамыз. Жан-жағымыз борап жатқанда, жылқымыз жып-жылы ықтасынды қойнауға жүреді. Батыраш-Қотыраш аталарымыз осындай керемет жерді жайлапты. Ауылымызға келіңіз, ата, құтты қонағымыз боласыз» деді.

Бақырай тауының шығыс беті – Әпиятау. Оны «Әпияжартас» деп те атайды. Кешегі бір күндері дәл осы жер – Әпиябұлағында облысполкомның аттары бағылған.

Төкен ақсақал: «Кәмпеске сұрапылы басталғанда мен алты жаста екем. «Ақыл тоқтата қоймаған бала не біледі?» деп ойлайды ғой жұрт, Ал бір күндері зәу-затымыздың аман қалғандары арып-ашып елге оралғанда, соның ішінде мен өзім ата-бабамыздың осы қонысын жаңылыспай таныдым. Нанасыз ба? Таныдым. Таулары, ескі бейіттері, сулары... бәрі-бәрі есімде екен» деп, көзі жаспен кілкілдеп, толқи сөйледі.

Төкен ақсақал жазған хаттар... Мен оған әр кез ойлана көз жүгіртем. Сонда: «Небір данышпан қариялар, сөзі дуалы шешен кісілер біздің тұқымымызда қудалау көрді. Біразы айдаудан қайтпады. Түрмеде өлді. Бізге белгісіз көптеген мәліметтерді өздерімен бірге ала кетті. Құлагердің өлімі жайлы олардан қалған айнымайтын жалғыз сөз «бұл оқиға тек жапқан жала» дейтін сөз. Ілеке, Сізге де мұны дәлелдеу оңайға соқпас, дүниедегі ең қиын мәселе – қалыптасқан көзқарас қой. Болашақта қосымша материал менің тарапымнан керек болса, хабарласуға болады» деген сөздерді оқимын.

Төкен ақсақалмен сол 1973 жылдан басталған байланыс, жүздесулер осы күнге дейін жалғасып келеді. Ол кісі жағынан да, жан-жақты зерттеулердің арқасында мысқалдап жиған беймәлім деректер (Ақан серімен немере туыс Қасым қарияның дәптеріндегі деректер. – И.Ж.) мен жағынан да қосылып, Сырымбеттің іргесіндегі Сарыбұлақ ауылында тұрған Кәкен, Қабдыуәли ақсақалдардың дерегімен қисындаса үйлесіп, басқа да беймәлім әңгімелер бірін-бірі толықтырып, кейбір жайды теріске шығарып, айналып келгенде Батыраштың Құлагер өліміне еш кінәсі жоқтығына сәуле түсірді.

2010 жылдың қазан айында Төкен ақсақалмен тағы бір әңгіме былай өрістеді:

– Төке, Сағынайдың асындағы сол дауда Батыраштың Қайқы-күреңіне бас бәйге берілді ме?

– Дау болды ғой, дау! Ызы-кикы дау үстінде бас бәйге берілмей қалады. Жел сөзге желік беретін жұрт сол күннен бастап, «Құлагер өліміне Батыраштың кінәсі бар екен» деп сөз таратады. Ілияс Жансүгіровтің сондай лақапқа сүйенетіні де сондықтан болу керек, деп ойлаймын.

Енді әлгі сауалыңызға келейін. Саққұлақ бидің ықпалымен Керей, Уақтың игі жақсылары келесі жылы Ақмола оязы Юсуповқа келіп, шағым айтып, «Құлагердің өліміне Батыраш кінәлі емес, ол – басқа адам. Бас бәйгені Қайқыкүреңге береміз» деп отырып алады. Іс уездік сотқа беріледі. Уездік сот шешім шығарып, Керейлер жағы Батыраш атамызға ауыздығымен алысқан бір арғымақ және қос қара тұлпар жегілген күйме беріпті. Сол күйме біздің әулеттің сәулеті, көркі болды. Ауылымыздан қыз ұзатылса, келін боп түсетін еліне осы күймемен қоңыраулатып, сән түзеп барады екен. Не керек, кәмпеске кезінде мал-мүліктен айырылып жатқанда ол күйменің де қайда кеткенін білмей қалдық. Солай болды, бәрі де.

Сізге жазған бір хатымда: «Ақан серідей ардагер адам Құлагер өліміне кінәлі жанның кім екенін қалайша айтпай кетті?» деп, едім, сол есіңізде ме?

– Иә, ол хатты талай рет оқыдым, бәрі есімде, Төке.

– Құлагердің өліміне Баракбай дегеннің кінәлі екенін 1986 жылы «Жұлдыз» журналының алтыншы санында «Ор болып қалушы еді, шапқан жерің» деп аталатын сіздің зерттеуіңізден оқып, таңғалып жүрдім. Осы зерттеуіңізден кейін Сізге қойған әлгі сауалымның жауабы табыла бастағандай болды. Ақан сері «Құлагер» әнінде «Ой, Бөрібай-ай, Бөрібай-ай!» деп өкінішті ызамен зар төгеді. Сол Бөрібай сіздің қолыңызға тиген Қасым қарияның дәптерінде Баракбайдың атарман-шабарманы, жан-жігіті, иә, даяғашысы екен. Бір таңғаларлық жай-Ақан сері өмірін жазған зерттеушілердің бірде-бірі осы Бөрібайдың кім екеніне мән бермейді. Ақан сері «Құлагер» әнінде шерлі жүрекпен сол Бөрібайға: «Сенен келді бұл сұмдық!» дегендей шарасыз күйге түсіп, уһілессе, ол Бөрібай – Баракбайдың адамы екенін біз Қасым қарияның дерегінен енді ғана біліп отырмыз. Бөрібай жақсылық жасаса да, жаманшылық жасаса да Баракбайдың ықпалындағы адам. Қол шоқпары! Ақан серінің өкінішті зары сол Бөрібайға ғана емес, оны неше түрлі жанкешті сұмдыққа жұмсайтын мырзасы Баракбайға тиіп жатыр.

Сіздің сол зерттеуіңізден кейін Мағжан Жұмабаевтың кітабы шықты ғой. Оқыдық. Енді ғана қолымызға тиген кітапта Илияс Жансүгіровтің поэмасынан бұрын жазылған Мағжанның «Ақан сері» зерттеуі Батырашқа жабылған жаланы толық теріске шығарады. Құлагерді өлтірткен Барақбай екендігін тасқа таңба басқандай ғып, ап-анық жазыпты. «Ақиқат аққан суды да тоқтатады» дейді. Бірақ Батырашқа таңылған лақап пен жаланы жөндеу қандай қиямет болған! Егер Мағжан ақталмаса әулетімізге жасалған осы қиянат ашылмаған күйінде кете берер ме еді, қайтер еді?

Бұл – Батыраш-Қотыраш әулетінен қалған сексен сегіз жастағы Төкен Көккөзов ақсақалдың жүрекжарды сөзі.

Құлагер өлімінің жүйке тоздырған көп құпиясы енді-енді ғана ашыла бастады. Сағынай асын басқарған Саққұлақ бидің кеменгер ұлы, өз кезіндегі болыстардың ең беделдісі, ақынжанды, сері көңілді Нұралы (Саққұлақ бидің бәйбішесі – Марқа. Ал екінші әйелі – Айшақай, Қаржас ішінде Талас атасының қызы. Нұралының шешесі. Нұралы Қоржынкөлдiң болысы. – И.Ж.) Ақан серінің қияметтік досы еді. Екеуі түйдей құрдас. Көп араласқан. Ол ұзақ хикая.

Нұралы жөнінде де мына бір бәймәлім дерек қозғаусыз жатқанды. Ол әрине, Ақан серіні зерттеушілердің бірде-бірінің назарына да, қаламына да ілікпеген. Соны алға тартамын: «...Құлагер ісімен соңында жүрген Нұралы болыс жаздың бір күнінде Ақмолаға келеді. Сонда қаладағы Нұралы тоқтаған үйге оның жаулары жасырын адам жіберіп, етігінің ішіне у септіреді. Қастандық жасалғанын сезбеген Олжабайдың әкесі (Нұралыны айтып отыр. Олжабай ақын, болыс та болған. – И.Ж.) сол етігін киіп аттанады. Табан арқылы термен сіңген у денеге жайылып, Нұралыны Қусақ көлінің («Ерейментау» энциклопедиясында Нұралы өзенінің жағасы, қазіргі Павловка ауылының тұсы, деп те көрсетіледі. 95-бет. – И.Ж.) тұсына жете бергенде төсек тартқызады. Сол жерде абзал азаматтың жолдастары оны биенің сүтіне үш күн бойы шомылдырса да еш көмек болмайды. Жан досының хал үстінде жатқанын естіген Көкшетаудағы Ақан сері оның жүзін көріп қалуға асығады. Бірақ Жаратқан ие екеуін кездестірмейді. Қатал тағдырынан тағы бір таяқ жеген Ақан сері Нұралы досын жоқтап өлең жазады:

О, жігіттер, жігіттер,
Нұралы мырза өткен-дүр...
Мұндай жақсы келместі.

Мұндай шешен тумасты,
О, дариға, тоқтайық,
Қанша айтқанмен болмасты.

Саққұлақ бидің жеті ұлының ішіндегі кемеңгер ұлы осы Нұралы: «Құлагерді өлтірген қаскүнем маған белгілі де бола бастады. Ақан сері үшін барымды салам!» деп, тынымсыз әрекет үстінде жүргенде ойда жоқта осылайша мерт болады. Бұл – 1882 жыл. (Қайырбек Кемеңгер. «Олжабай Нұралыұлы». Петропавл 2010. 18-бет.)

Бұл дерек те мені беймаза күйге түсірді. Батыраштың немересі Төкен Көккөзов ақсақалмен 2011-жылдың маусым айының басында тағы бір жүздесіп, әңгімелесіп отырғанда осы келтірілген деректі есіне салып:

– Ел ішінде Саққұлақұлы Нұралының асында Батыраштың тағы бір аты бәйгеден келіпті, деген сөз бар, – дедім.

Сонда ол кісі ойлана түйіліп:

– Нұралының сол асында Батыраштың Кер аты бас бәйгені алды. Ол рас. Кер ат та Әпия шешеміздің жылқысынан. Ғабиден Мұстафин осы оқиғаны «Көз көрген» романында қаз – қалпында жазды ғой. Ғабеннің: «Екі жүздей ат шапты, алдынан Батыраштың Кері келді» деген сөзі жүрегімде жатталып қалды, деді.

Тағы бір шегініс...

1985 жыл. Желтоқсан айы. Мен «Алматы-Петропавл» поезында келе жаттым. Баратын жерім-Егіндібұлақ. Бұл- Балқантауға арналған әндерімнің шыққан жері. Алматыдан шыға бергенде купеме орта бойлы, толықша келген ақсары жігіт күлімсіреп кіріп келді. Сәлем-дестік. Таныстық. Әңгімеміз жарасып, бірден шүйіркелесе кеттік. Бір әріптес жолдасы диссертация қорғап, соның қуанышында бірге болып, қайтып келе жатқан беті екен. Маңдайы жарқыраған жарқын жүзді Ербатыр:

– Лаға, мен Көкшетаудың Зеренді жағынан болам. Руым – Қарауыл. Одан – Қараша – Байқошқар – Олжай, Қармыс боп таралады. Мен Олжаймын. Ауылымыз – «Қарашілік» деп аталады. Өзім – математикпін, КазПИді 1961 жылы бітірдім. Аспирантураны тамамдадым. «Сандар теориясы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғауым керек еді, бірақ Мәскеу жағы бекітпеді. Содан бері Қарағанды университетінің: «Алгебра, математикалық логика және геометрия» кафедрасында қызмет етем. Аға оқытушымын, – деп сөз бастады.

Инабатты жанның мейір төге қараған жылы жүзі мені өзіне баурай тартты. Терезеден сыртқа ойлана көз салып отырды да:

– Сал-серілер жөнінде теледидардан беріп жүрген сериалдарыңызды жиі көремін. Соның ішінде мені Ақан сері тағдыры қатты толғандырды. Көкшенің жер-жерін, ауыл-ауылын қоймай, көп аралапсыз. Көнекөз қариялардан тың деректер жинапсыз. Солардың ішінде біздің Зеренділік ақсақалдар да бар екен. Сол хабарды көргенде мына бір жай есіме түсті, – деді де Құлагерді ұрып өлтірген бір бейбақтың мән-жайын айтты.

Ербатыр шерткен тосын сыр жан-жүрегіме мысқалдап сіңіп жатты. Бір кезде өзімен сапарлас бір кісілер келіп, дуылдаса сөйлеп, әңгімемізді бұзып жіберді. Амал не, Ербатырдың сол хикаясын қағаз бетіне түсіре алмадым. Кейін ол әңгіме мені дәйім толқытты да жүрді. Уақыт өте берді. Мен кейде Алматыда Ербатырды танитын жандарға да кездесіп қалдым. Әріптестеріне де жолықтым. Солар арқылы талай рет сәлем де жолдадым. Бірақ Ербатырдан хабар болмады, байланысымыз үзілді.

2010 жыл. Қарағанды қаласы. Қазан айының соңғы күндері. Әркім-әркімнен сұрастырып, ақыры Ербатыр Әсеновты таптым. Өз үйінде жұбайы Қамария (Жаңаарқадан, қазақ тілі – әдебиетінің мұғалімі.) сапырған Арқаның балдай тәтті сары қымызын ішіп отырып, сұқпат құрдық. Тағы да бар зейінім Ербатырдың баяғы әңгімесіне ауды: -Сол жолы сол әңгімені қағазға түсіре алмағаныңызға мен де өкіндім,- деді, қозғалақтай жымыып, біздің әкейдің есімі – Қажесхан, 1894 жылы туған. Ол кісі өзіміздің ауылда 1939 жылдары дүкенші болды. Одан кейін қойма ұстады. Ал 1940 жылдары әкей Бурабай, Степняқтың маңында, иә, дәлірек айтсам поезд үстінде бір абсиган зор денелі, әбден қажып, шаршаған кісіні көреді. Өлгі адамның екі қолында маза жоқ, әрлі-берлі селкілдей береді екен. Әкей адам аярлық ұсқынына қарап: «Ақсақал бойыңызда үлкен дерт бар ғой» дейді. Екі көзі шүңірейген мұңды байғұс: «Е, шырағым, Құдай селкілдетіп қойған осы екі қолмен Құлагерді мерт қылған бейбақпын, мен. Киесі ұрды, Құлагердің! Ел қарғысы да шыдатпады, ауылдан бездім. Үйлене де алмадым. Көрінген жерде жадап-жүдеп жүрдім. Міне, сикымды көріп отырсың, – депті, тұнжырап.

– Ол бейшараның аты кім екен? – дедім, мен де мазасыздана қалып.



– Қарапайым адамдар ондайға мән бере ме? Кезінде мен де сұрамаппын. Тіпті, қай жердің, қай елдің пендесі екені де белгісіз,- деп Ербатыр ойлана тоқтады.

* * *

2000 жылдың маусым айының он сегізінші жұлдызы. Қасымда әнші-шәкіртім Ербол Айтбаев бар, Көкшетау университетінде сал-серілер өмірінен әдеби-музыкалы кеш өткіздім. Көкшетауға жап-жақын Қызылағашта Жалмұқан, Ақтоқты ұрпақтарымен жүздестік. Сол күндерде Ақан сері жайында қилы-қилы әңгімелер қозғалды. Құлагердің тағдырын сөз еттік. Бұрынғы «Карасев» совхозының тоғайы мүлгіген даласында Ақан сері күмбезіне келіп, дұға қылдық. Осы жерде мен Ербатыр Әсеновтен естіген әңгімені айттым. Ербол бұған ойлана қалды да:

– Біздің Баянауыл жағында мынадай әңгіме бар: Құлагерді өлтірткен Избасты деген кісі, беріде қайтыс болды. Оны біздің аталарымыз, әкелеріміз жақсы біледі, – деді.

Ерболдың сөзіне елең еткен жандар: «Апыр-ай, ә...» деп таңғала аңырды. Кейін Ерболдың әлгі сөзі мені ойландырды да жүрді.

2010-жылдың қараша айының соңғы күндері. Батыраш-Қотыраш әулетін тағы да зерттеп жүріп, бір күні Павлодарда тұратын Ербол Айтбаевқа (Бүгінде ол С. Торайғыров атындағы университеттің профессоры) телефон шалып, Избастының мән-жайын сұрадым. Ербол былай деді: «Избасты Мұсаұлы-Қанжығалының Сары деген атасынан. Туған жері – Баянауыл, Шақшан болысы, кешегі «Бірлік» совхозы. Таулы өңір. Өзені, сылдырап аққан бұлағы бар. Баянның Майқайыңға қарайтын беті. Төбе-төбе, бел-белес сырт жағы Екібастұзбен екі орта.

Үлкен кісілерден естіген сөзім: Избасты сөзге шешен, алып та, шалып та жығатын епті, ысқаяқ жан екен. Оның беттілігіне, алғырлығына тәнті болған Әкімбек болыс (Күлік елі) Избастыны өзінің ең сенімді жан-жігіті етіп алған. Бар мал-жанын, шаруашылығын, алық-берік, сауда-саттығын Избастыға басқартқан. Жұрт оның апырып-жапырып, кеуделеп жүретін алапат тірлігіне қарап, кәдімгідей-ақ қаймығыпты. Әкімбектей жанды-жақты, беделді болыстың сеніміне әбден кіріп алған Избасты небір көзсіз тірліктерге барыпты. Ұрықары, қарақшы ұстаған (Жоғарыда біз Омбыда Әкімбек болыстың үйінде бас қосқан жиында оны осы Избасты үшін Әлібек батырдың

нықырта сөйлегенін келтірдік қой. – И.Ж.) Ел Құлагерді қарақшы жалдап өлтірткен адам осы Избасты екенін, ол қарақшысы – 16 жасар өзінің немере інісі – Аманжол екенін осы күнге дейін әңгіме қылады. Избастының Ағыбай, Ақтанбай есімді балалары Ақкөл, Жайылмада тұрған. Жақсылық дейтін шөбересі бар. Избасты сексен жастан асып, 1929 жылы дүние салған. Менің білетінім осы!».

Осы сөзді естігенде сағымдай бұлдырап алыста қалған көмескі жылдардың көлеңкесінен жазықсыз жапа шегіп: «Мына бейопа дүниеге не десем екен?» деп тұнжыраған Батыраштың санамен сарғайған қапалы жүзін елестеткендей болдым.

Батыраш... менің қолымда 2003 жыл, қыркүйек айының жиырма жетінші жұлдызында шыққан «Орталық Қазақстан» газетінің қиындысы бар. Ол мақала «Менің де айтар сөзім бар» деп аталады. Авторы Тәуекел Әмірұлы (тоқсаннан асқан соғыс ардагері, Қазақ ССРының еңбек сіңірген мұғалімі. – И.Ж.) Мақала: «Орталық Қазақстанның» үстіміздегі жылғы 9-шы тамыз күнгі санында ақын Серік Ақсұңқарұлының белгілі сазгер Илья Жақановпен сұқбаты басылды. Осы мақаланы оқығаннан кейін Хасен деген ағамыздың Құлагер туралы айтқан әңгімесін жазайын, деп қолыма қалам алдым.

...Хасен ағамыз көпті көрген, шежірені жақсы білетін, көп сөйлемейтін сабырлы адам еді. 1983 жылы тоқсан үш жасында қайтыс болды.

1970 жылдары шежіре жазып алайын деп Хасекеңе бардым. Әңгіме кезінде: – Сіз осы «Құлагерді Батыраш өлтірген жоқ» деп ылғи айтып жүрсіз, сонда «қандай дәлелге сүйенесіз?» деп сұрадым. Сонда ол кісі:

– Батыраш қатты ауырып жатқанда көңілін сұрауға, кешу алысуға Шантыбай, (Шантыбай осы әңгімені жазып отырған Тәуекел ақсақалдың үлкен атасы. – И.Ж.) Бұқабай (Бұқабай Хасен ақсақалдың үлкен атасы. – И.Ж.) аталарымыз барыпты. Олар әңгіме кезінде: «Бәріміз де о дүниеге барамыз, күнәнді арқалап кетпе, Құлагерді өлтіргенің рас па?» деп сұрапты.

Сонда Батыраш: «Құлагерді мен өлтіргем жоқ, бекер жала», депті.

«Бақиға барар алдында Батыраш ағамыздың айтқан сөзі осы» деді Хасекең.

«...Батыраш-Қотыраш Құлагерді өлтірді» деген жала бүкіл Бегайдар ұрпағының бетіне шіркеу болып жүрді.

Осындай қиын тақырыпты қолға алып, орынсыз жаладан арашалағаны үшін Илья Жақановқа, Серік Ақсұңқарұлына рахметімді айтамын!

...Ә, дүние... шіркін тағдыр... арманда кеткен Мағжан тірі болса «Құлагер трагедиясы үшін Батыраш-Қотыраш әулеті кінәлі» деген лақаппен «Құлагер» поэмасын жазар ма еді, жазбас па еді, есіл ақын Илияс Жансүгіров?!

2011 жыл. Маусым айының төртінші жұлдызы. Көк кілемдей құлпырған жасыл алқапта бозторғай шырылдаған ұлы сәске.

Ақан серіні зерттей бастаған ұзақ жылдарда ешуақытта есімнен шықпай: «Сол көлді де бір көрсем...» деп әр кез елеңдете беретін Құсақ көлін де көріп тұрмын. Қасымда Астанадағы «Фолиант» баспасының Бас директоры Нұрлан Исабеков, Батыраштың шөбересі, техника ғылымының маманы Еркін Көккөзов, жұбайы Ләззат бар. Бұл жер Ерейментаудың кең көсілген етегі, ертеде Қанжығалы елі жайлаған жайсаң өңір.

Сол Құсақ көлінің жағасы... Иен жазықтың ортасында оңтүстік батыс жағының кемері тұтасқан қызыл тас, солтүстік шығыс жақ кемері былқылдаған қопалы саз... Бір кездерде ақша бұлттар қонақтаған ақ айдынында аққу-қаздар кербез керіліп, жан біткенді қызықтырып, сызып қана жүріпті. Ереймен төңірегіндегі ел білетін бір әңгімеде Сағынай асы өтіп жатқанда Ақан сері губернатордың келіншегімен бір қайықта ескек есіп, ақ айдын үстінде сейіл құрыпты. Ақан сері қалықтатқан «Қараторғай» әні көл бетін діріл қақтырып, сұлу келіншек оны мөлдіреп отырып тыңдапты. Құсақ көлі Қанжығалы елін ежелден емізіп келе жатқан ырыс еді, Ал бүгінде Құсақ көлінің табаны қаңсып жатыр. Бір кездерде шалқыған көк толқынның орнында сарғайған қамыс, тозған қопа, бір ұрттам су жоқ. Елеусіз қалған елсіз жұртта осы төңіректің бір кәсіпкерінің жылқысын баққан екі жігіт жүр. Бар маң үнсіз ғана мүлгіп тұр.

Біздің де жанымыз құлазып, төңірекке тұнжырай қарадық. Көлдің оңтүстік жағасы биіктеу төбе, одан батысқа қарай иіле тоқтаған кемері одан да биік төбе. Сағынай асындағы ат бәйгесінде дәл осы биік – Қарауылтөбе болған сияқты.

«Құлагер» поэмасында Ақан сері Мөңкі балаға: «Көкөзектен өте бергенде Құлагердің басын қоя бер» дейтін жері бар. Енді «сол Көкөзек қай жер екен?» деп шығысқа қарай ирелендеген қара жолға түстік. Шамалы жер жүрген соң көпірі бұзылып жатқан бір өзектің

жиегіне кеп тоқтадық. Көктемгі су жырып-шайып кетіпті. «Көкөзек осы ма?» деген дүдәмал оймен, одан әрі Павловка ауылына қарай біраз жер жүргенде көк тоғайы ырғалған Қуаныш өзеніне (Осы өзеннің жағасында Енбек ауылы отыр. Бұл кешегі «Еркіншілік» совхозының бөлімшесі. – И. Ж.) кез болдық. Қусақ көлінен едәуір жер жырақта жатыр. Жары терең, суы мөлдір, жағасы тас. Еркін жібермей, іркіп келе жатқан жүйріктердің басын қоя беретін Көкөзекке онша ұқсамайды. Тағы да дүдәмал ойға тірелдік. Құлагерге қырсық болған өзек – жаңағы біз көрген бірінші өзек... ыңғайы солай.

Осы оймен түс кезінде Қоржынкөлдің жағасына кеп тоқтадық. Айдыны аспан түстес шалқар көл. Қамыс-құрағы ырғалып тұр. Көлдің шығыс жағалауында таспен өрілген Сакқұлақ бидің көркем күмбезі күнге шағылысып, ерекше көз тартады. Күмбездің ішінде Сакқұлақ бидің өзімен бірге – Нұралысы (1843-1881), Ералысы (1846-ж.т.) жатыр.

Нұралы – «Құлагердің өліміне кінәлі қаскүнемді таптым!» деп, қуынып жүргенде сол қаскүнемдер у беріп, («Сол қаскүнемдер» деп отырғанымыз Барақбайдан басқа кім? Кім? Ақан серінің Қоңыр атына, Құлагеріне көз тіккен Барақбай ғой... Барақбай! Нұралы жан досы Ақан сері үшін қуынып жүрсе, басқа ешкім емес, сол кінәлі жан Барақбай ғана... Барақбай! Құлагер өлімінің қасіреті осы оға тіреледі. Ақан серінің «Әй, Бөрібай-ай!» деп шер төгетін Бөрібайы, тағы да еске салам, ол – Барақбайдың атарман-шабарманы. Барақбайдың бар жымысқы тірлігін білетін бір қу. – И.Ж.)арманда кеткен жайсаң ер!

Ералы аумалы-төкпелі бір күндерде Семей жағына кетіп, сонда қайтыс болыпты. Аманат қып қойған екен, кейін әкесі мен ағасының қасына әкеліп қайта жерлепті. Семейдегі ескі құлпытасы да қасында жатыр.

Сакқұлақ бидің Сағынай асынан кейін Керейдің Күрсарысының игі жақсыларын ақылға келтіріп, астағы дауға айналған ат бәйгесінің Бас бәйгесін Батыраштың Қайқыкүреңіне бергізген әңгімесі осы күнге дейін онша ұмытыла қоймапты. Соған көз жеткізгендей болдық.

Ертеңінде осы төңірекке қайта келдік. Нұрлан Исабековпен ағайын, әрі дос-көңілдес Ербол есімді (Торғай ауылында тұрады. Кәсіпкер. Жылқы өсіреді. Ой өрісі кең сері жігіт. – И.Ж.) азамат бізді қуана қарсы алып, Қарағайлыда тұратын әкесі Құсайынның

үйіне алып келді. Бұл жолы қасымызда «Фолиант» баспасының коммерциялық директоры, әдебиетші, кешегі бір күндерде айтыс ақыны ретінде сахнаны біраз дүбірлеткен Дәулеткерей бар. Осы үйде әңгімеміз бек жарасып, Біржан сал Ақан сері, Естай әндерін шырқап, Ақан серінің қилы-қилы оқиғасын айтып, естен кетпес отырыс жасадық. Содан кейін жер жаннаты дерлік Қарағайлы өңірін аралап, бір кездерде Шоқан зерттеген тарихи ескерткіштер – балбал тастарды (Ықылым заманнан бері бұл балбал тастарды ешкім бүлдірмеген. Шоқанның кезінде де, одан көп бері академик-археолог Әлікей Марғұланның кезінде де о бастағы қалпы аман сақталған. Ал былтырдан бері Астанадан келген бір әйел (президенттің мәдени орталығының қызметкері) сүйектің үстіндегі плита тастардың тас-талқанын шығарып, майдалап сындырып, әбден бүлдіріпті. Бұл өрескел іс қай мекеменің ырқымен жасалып отыр? Бұлай етуге кім шешім шығарған? Жергілікті жандар осы жүгенсіздікке күйініп отыр екен. Біздің де бұл сұмдыққа жүрегіміз ауырды. – И.Ж.) тамашалап, «Жаушоқы», «Орташоқы», «Бейсеншоқы», «Ақшоқы» секілді шыңдардың сонау бір жаугершілік замандағы хикаясын естіп, осы жерді жайлаған Уақтың – Шоға, Жансары, Сіргелі дейтін аталарының арғы-бергі тарихына қанықтық. Күні кеше ғана осы тауларды «Соколина гора» деп атаған орыстар бұл жерлерде әбден тайрандап, бар рахатын көріп-бағыпты. Қазір бірде бір орыс қалмаған. Туған жердің ырысын осы Құсайын ақсақал (Бұл кісі ұзақ жыл мал баққан еңбек адамы. Уақтың Байқұтты батырының ұрпағы. Өз әкесі (Бұл елде Бейсен қажы деген кісі де болған. – И.Ж.) осы төңіректегі елдерге белгілі – Бейсен палуан. Ал осы Құсайынның – Ербол, Ерболат, Кенжебай есімді ұлдары шетінен палуан. Кесек тұлғалы ірі азаматтар. – И.Ж.) көріп отыр.

Құсайынмен болған әңгіменің бір тұсында Еңбек ауылына орнатылған Құлагер ескерткішінің мән-жайын сұрадым. Құсайын былай деді: «Еркіншілік» совхозын ұзақ жылдар бойы Андрей Андреевич Реймар есімді неміс азаматы басқарды. Ол өзі қазақтың әдет-ғұрпын, салт-санасын ерекше қадірлеп, елмен етене болды. Қазақша тұрды. Жылқы малын асылдандырып, жүйрік аттар ұстады. Атқа деген сол ықыласын қараңыз, жетпісінші жылдардың бас кезінде осы Еңбек ауылынан екі-үш шақырым жер-темір жол бойына Құлагерге қоладан көрнекті ескерткіш орнатты. Оны Реймардың өзі Ленинградқа арнайы барып, жасатты. Ал тоқсаныншы жылдардың

бас кезіндегі ыру-дыру дағдарыста темір-терсек жинаған бір жүгенсіздер Құлагер ескерткішін быт-шыт қып тонап кетті. Оған жүрегіміз осы күнге дейін ауырады. Реймар қазаққа бергісіз жақсы адам еді, қайтыс болды. Павловкада жерленді. Бала-шағасы Астанада тұрады».

Осы отырыстың соңында Құсайын:

– Соңғы жылдары газет-журнал беттерінен Құлагерді өлтірген Батыраш емес, Барақбай екен, дейтін жаңа деректерді оқыдым. Біз білмейтін құпиялар көп екен, – деді, ойлана бас шайқап.

Біз Қарағайлыдан Астанаға қарай кештетіп келе жатқанда сол жағымызда Қусақ көлінің үстінде қара нөсер құйып тұрды. Жүрегім сыздап, ішімнен: «Ақан серінің Құлагерді жоқтаған көз жасы...» дедім де отырдым, тұнжырағаннан тұнжырап!

Ақан серінің бағы мен сору болған қос пырағы – Қоңыр ат (Салқоңыр) пен Құлагер трагедиясына қозғау салып, бізге осы күнге дейін беймәлім боп келген көп хикаяны толқыта, торықтыра өрістеткен Қасым қарияның дәптері мен Мағжан Жұмабаевтың «Ақан сері» зерттеуіндегі Құлагерді өлтірткен Барақбайдың зұлымдық ісі «Құлагерді өлтірген – Батыраш» деп қалыптасқан пікірдің дәйексіз, тиянақсыз, бос лақап, болымсыз долбар екенін толық теріске шығарды. Бұл пікірді тағы да нықтап, қайталаймын. Құлагерді өлтірткен Батыраш емес – Барақбай! Барақбай!

Илияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы көркем шығарма. Автордың өз қиялы, яғни, «вымысел», «домыслы». Ол нақты дерек негізінде жазылған шығарма емес. Батыраштың кінәсіздігі Мағжан Жұмабаевтың «Ақан сері» зерттеуінен жарқырап тұрып ап-анық көрінді. Құлагер мерт болған 1876 жылдан бері Батыраш жөнінде түзетілмей келе жатқан қателіктің тұңғыық сырына Ақан серінің өз туысы Қасым Жандосов ақсақал мен Мағжан Жұмабаев көз жеткізіп отыр.

Осы қателік қилы-қилы толғанысқа салғанда көз алдыма Моцарт пен Сальери елестейді. «Сальери Моцартқа у беріп өлтірді» деген сөз кезінде күллі әлемді шарлап кетті. Сальери қаражүрек-қаскүнем ретінде датталып келді. Ал бір күндері дүниежүзі ғалымдарының дәйекті түрде тынымсыз зерттеуі ақиқаттың бетін ашты. Атақты Вена классиктерін, оның ішінде Бетховен, Шуберт, Лист сияқты ұлы композиторларды оқытып, тәрбиелеген ғұлама ұстаз Сальеридің Моцартқа у бермегендігі әбден дәлелденді! Дәрігер ғалымдар



Моцарттың сүйегіне анализ жасағанда өз бойындағы меңдеткен дерт – өкпе мен бауыр науқасынан жадап-жүдеп қайтыс болғандығы анықталды.

Өмірінің соңғы сәтінде Антонио Сальери Бетховен шәкірттерінің бірі Игнац Москелеске: «В этом абсурдном слухе нет ни слова правды; вам известно, что меня обвиняют в отравлении Моцарта. Это гнусная клевета, передайте Миру... старый Сальери, который скоро умрет, сказал вам, это!» дегені музыка тарихында жүректі діріл қақтыратын өте ауыр, ауыр сөз. Моцарт қайтыс болған 1791 жылдан бері еш өзгермей келе жатқан жаланы зерттеуге жан-жақты күш салған білікті ғалымдар Сальеридің осы бір ғана сөзінің арқасында әбден жүйкелеткен шындыққа жетті, ақыры.

1969 жылы қыркүйек айында Антонио Сальердің тарихта тұңғыш рет бағы жанып, Моцарттың қазасы жөнінде бар күнәдан арылып, ол әлемнің газет-журналдарында сенсация ретінде жазылып, Ленинград филармониясында өткен симфониялық, опералық шығармаларынан ғажайып концертті дүние жүзін таң-тамаша етті. Сол күннен бастап, Пушкиннің «Моцарт пен Сальери» трагедиясы тарихи шындық болудан қалды.

Ильяс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы да сондай тағдырды бастан кеше ме?

ҰРҚИЯ

Арада жылдар жылжып өтіп жатты.

Ақан сері уһілеп жүріп ширықты. Төңірегінде ел сөзі барды жоқ қып, жокты бар ғып гүледі. Ол сумаң қаққан сөздердің бірде-бірін қаперіне алмады. Жүрегі ауырса да кейісті жүзін білдірмеуге тырысып, сыртын бермеді. Ақтоқтының ызасы оны іштей қайрай түсті. «Кел, кел, ойының осылғыр, қу тағдыр, тағы бір еліктіріп көр!» деп өзін-өзі сықақ қылғандай қайрап, әлдеқайда еріксіз тартып бара жатқан сиқырлы қиялдың соңына ерді.

Ақан серінің астында бүгінде Көкбесті ат. Ол Сырымбетпен екі ортада салдыртып жүріп, түн көрпесін серпіп тастаған таң сияқты бір ғажайып жарқын әнді ойда жоқта жарқ еткізді:

Мен бүгін ұйықтап жатып көрдім бір түс,
Көргенім бақ Иранда үш тоты құс...

Бұл әнді ол «Үш тоты» деп атады. Сырлы сезіммен елжірете шертетін бір ғажайып ертегі, не таң алдында тербеген тәтті түс! Дәл осы кезде Ақан серінің өз өмірі де оң мен түстей еді. Әннің бұрынғы әндерге ұқсамайтын өзгеше жаратылысына өзге-өзгені былай қойғанда, кез-келген әнді менсінбейтін паң көкірек Біржан салдың өзі жүрегі елжіреп, таң-тамаша боп, қайран қалды. Бұл дала бұрын-соңды мұндай әнді тыңдап көрген жоқты: оны әуелі қыз жеңгесі сызылтады, іле сынық мінезді ұяң қыз сыңсып қостайды. Бұл екеуінің арманды лебін жігіт кеп демеп, құштар көңілмен әуелетіп, шалқытып әкетеді. Осы сәтте жеңгесі де, қыз да көздері жақұттай жарқырап, сондай шырайлы боп көрінеді. Сол «Үш тоты» деп отырғаны кімдер..?

Сырымбетте Қожым елі бар. Соның бір бұтағы – Нұрбай. Оның ішінде елге белгілі Тінәлі қажының – Ұрқиясы, тағы да сол Қожымнан тарайтын Майқоқ деген кісінің қызы – Үрім, Жүсіп төренің бір гүлі – Жамал – Міне, желегі желкілдеген осы үш айтулы қыз! Шетінен әнші, іскер, оюшы, жігіттің небір дүррі қызыққан үш аруды Ақан сері – «Үш Тоты» деп атады. Бұларды ел де солай атады.

Ақан серінің ендігі үміті – Ұрқия! Осы кезде Ақан сері тобындағы: Темірбек, Нұралы, Бәтжан, Сұлтанмұрат әншілер:

Ұрқия, шашың жібек, қанжар қасың,
Көрінер тамағыңнан ішкен асың.
Жаманға сені қор ғып қия алмаспын,
Тірлікте аман болса ғазиз басым.

Күмістей он саусағың тартқан сымға,
Құрайын тұзағымды тартып жымға.
Құрысын, Ақан атым, жете алмасам,
Қор қылсам қапияда сені сұмға! –

деп, ел ішін: «Бұл қалай? Мұнысы несі?» дегізіп, неше түрлі жел сөз дуылдап ала жөнелгенде бұрыннан қырын қабақ боп, жүрген Кемел-Боқан әулеті шала-бүлінді.

Ұрқия осы әулеттің тұтқасы – Нұртаза, Сүлейменмен бір туған Әнәпияға атастырылғанды. Бірақ оған барғысы жоқ. Жасы әжептеуір үлкен болса да Ақан серіні сүйеді. Сол ойынан айнымай, безеріп отырып алды. Құдаласып қойған екі жақ дүрдиісіп, не істерін білмеді. Ақан сері көзсіз іске бекініп, әке-шешесімен келісіп үлгірген де жоқ, Көкбестімен заулатып барып, Ұрқияны тайдай тал түсте алып кеп қашты.



Елдің шыдамы таусылды. Екі жақ оқыс жанжалға тап болды. Кемел-Боқан ауылының айбынынан қорыққан Қожым ауылының әулекі жігіттері Көкбестімен көлендеген Ақан серіні «атып тастаймыз!» деп жұлқынды. Екі ауылдың арасы абыр-сабыр. Ат үстінде өзеуреген содыр топ ешкімді тыңдағысы келмей, мүлде қағынып кетті. Ақан сері мен Ұрқияны ұстап алды. «Ақан! Ақан!» деп шырқыраған Ұрқияның көз жасына шыдай алмаған Тулақ батыр: «Апырай, Ақан серідей жігіт піріне, Ұрқиядай тотыға қандай қанды көздің қолы барады?! Тимендер түге! Тимендер!» деп даурыққан елді басып тастады. Ұрқияның басы бос енді.

Ұрқияның әкесі Тінәлі қажы мен Әнәпияның әкесі Кемелдің арасындағы құдалық сабындай бұзылды. Нұртаза мен Сүлейменнің кейбір қарау пиғылынан тіксініп, бұлардан қалай құтыларын білмей, тығырыққа тіреліп, терісі тарылып жүрген Тінәлі қажы Ақан серінің мына әрекетіне қарсы болмай, іштей қыбы қанды. Сөйтгі де тәуекелге бел буып, Ұрқиясын өз қолымен Ақан серіге қуана-қуана ұзатты.

Ақан серінің сөнген шырағы қайта жанды.

Ел болса Ақан серінің Ұрқиясын ардақтап: «Үш тотыны», «Ұрқияжан» және «Ұрқияның аужарын» той мен астарда, шілдеhana, қызойнақта махабаттың шәрбәт жыры ғып асқақтата шырқады. Ақан сері тағы бір жұмақ дүниесінің есігін ашқандай жадырап, шалқыды да жүрді.

Жоқ, бұл қызық та қалғып бір кеткенде жылт ете түскен тәтті түстей өте шықты. Үш ай ғана отасқан Ұрқия шешек індетінен дүние салды.

Ұрқияның жетісін беріп жатқан күні Ақан серінің туған інісі – Айберген Қоскөлдiң жағасында аттан жығылып, қыршын кетті.

Бұл қасірет аз болғандай бір түнде өз тұғырында канат-құйрықтан жүрдай боп қартайған Қараторғайы өліп шықты.

Ел жағасын ұстап: «Егіздеп-сегіздеп келген бұл не сұмдық? Ә, қу Құдай, Ақан серіден ала алмай жүрген тағы нең бар еді?» деп, күңкілдесіп жатқанда Сайрат төреден алған құмай тазысы Базарала у жалап, ол өлді.

Бәрі де осылай болды. Ұрқия жаққан оты тағы сөнді. Кәрілік еңкейтіп бара жатқан Қорамса мен Жаңыл тағы да белі бүгіліп, зар иледі. Ақан сері төтеннен келген бұл қазаға сенбеген жанша қосы ауып, ескексіз қайық үстінде теңселгендей, дел-сал күйге түсті.

Қолындағы домбыра шер күйігін шертті.
Басты ғой қайғы-қасірет мен пақырды,
Дүниеден арманда боп сәулем өтіп, –
деген азалы әні жүрегін тілім-тілім етті. Қыр соңынан қалмаған
кекшіл тағдыр...

Ақан сері Көкбестімен сенделіп, құла түзді паналады; тау
жебелеп, су жағалап, күңкіл сөзден запы боп, тыныштықты тіледі.
Жалғыздыққа бойын үйреткісі келіп, тұнжыратқан тұңғыық қиял
құшағынан ләззат іздеді; өткеннің елесі – қос Бәтима, Ақтоқты,
Ұрқия... Бәрі-бәрі арпалыстырып қойған беймаза өмірінің алданышы
екен. Бірінен өлдей, бірінен тірідей айырылса да көрген қызығын
елестетіп, бірдеме шалықтағандай күлімсірей күбірлеп, айдалада
солармен ғана тілдесетінді шығарды.

Сол жылы сүзек дертінен Қорамса мен Жаңыл дүние салды.

Сарыарқаның сары даласын күңіретіп, Көкшенің көгілдір
тоғайын теңселте иіп, жарқыраған күміс көлдердің бетін тұнжыр
бұлтпен жауып, дүниеден ұлы ұстазы Біржан сал өтті.

Қайғының қара бұлтты арылмай қойды.

ЖАМАЛ

Ахмет Жұбанов «Замана бұлбұлдары» атты кітабында: «Құлагер
трагедиясынан» біраз уақыт өткеннен кейін творчестволық шабытқа
қайта оралған Ақан «кәрі жыны» қайтадан ұстап, махаббат мәселесін
музыкада тағы көтереді. Жасы елуден асқанда, сол өңірдегі үш сұлу
қызды көріп, оларды мадақтайды» деп жазды. (А. Жұбанов. «Замана
бұлбұлдары». «Жазушы» баспасы, Алматы, 1975, 80-бет.)

Сол үш сұлудың бірі – Жамал!

Енді Жамалмен хикаясы шертіледі: Құлагер опат болғаннан кейін
Ақан сері тағы да тағдыр кәріне ұшырады. Жан-жары Ұрқияның
қазасы оны одан сайын қаусатып кетті. Қабырғасы сөгілді. Жер
бауырлап жатып алды. Маңына ешкім жолай алмады. Үй-іші үнсіз
тынып, тұнжырады да тұрды. Ал бір күні ол сарғайып жатты-жатты
да: «Ә, усойқы тағдыр, тағы қандай сыйың бар, оны да көрейін,
тірінің тірлігін істеп!» деп, сілкініп, сестеніп ұшып түрегелді.

Ол үй түгіл ауылға симады. Астында жан-жағына елеңдете
беретін шәлкез мінез Көкбесті! Жапан түзде жыландай ирелендеген



кара жолдың үстінде қаздай қалқып, қиял тербейтін Көкбесті! Жер танабын суырып, заулап жүрген Көкбесті! Бірақ Қоңыр ат пен Құлагердің жөні де, қасиеті де, тегі де бөлек. Олар секілді Көкбестіні қыздай аялап, әлпештеп күтіп, ұлы бәйгеге қосуға мүлде зауқы жоқ. Баяғы желігі желпімейді де. Көкбесті ел арасындағы жай жүріске жараса болды. Соған үйреніп те қалды.

Тамылжыған жаз айы еді.

Ақан сері Көкшетауды бетке алып келе жатты. Ат үстінде тербеген бұйығы ойдан қажып, шаршағанын сезді де мүлгіген бір қалың қарағайдың түбінде отырған жалғыз үйге бұрылды. Төңірегі құлаққа ұрған танадай тым-тырыс. Алыстан үлкен ауылдың түтіні көрінеді. Сол жаққа ойлана қарап тұрды да бұл маңның Қызылағаш екенін таныды. Шырғалаң жолы бұл жерге қалай ғана иіп алып келді, Тәңір-ау? Сүтемген байдың жайлауы. Анау ақша бұлттай ағарған ауыл Жалмұқан мен Ақтоқтының ауылы. Жүрегі бір соғып, бір соқпай ішінен: «Ақтоқты... Ақтоқты... Ақтоқты!» – деді.

Үн-түнсіз салбырап, жалғыз үйге ат басын тіреді. Есік алдында отырған үй иесімен салқын ғана сәлемдесті. Жөн сұрасқан да жоқ. Тек:

– Құдайы қонақпын, – деді.

Абсиган арық шал көңілсіз ғана бас изеді.

Ақан сері үйге кірді. Үй иесі мінезі томырық, шаруа баққан момын жан екен. Ақан серіні таныды ма, танымады ма, ортақ әңгімеге ыңғай бере қоймады. Өзінің аты-жөнін, тегін де айтпады. Әйелі де өзіне лайықты үндемейтін күйбең. Жадау үй. Үйдегі көрпестөсек ескі-құсқы бірдеме. Ыдыс-аяғы лас. Ақан сері іштей күрсінді де қойды. Кіші бесін кезінде жабырқау әйел қара шәйнекпен шай әкеліп еді, Ақан сері:

– Кесеңді жушы, – деді кейісті үнмен.

Неғылса да сол күні Ақан сері осы үйге қонғысы келді. Бірақ ымырт үйіріле бере үйдің маңындағы үйілген шөмеле шөптің арасына барып, Көкбестіні арқандап, айлы аспанның астында жамыраған жұлдыздарға сүзіле қарап, өткен күндерді, бар өмірін еске алып жатты. Сарсаң оймен сарсылып, бір кезде мызғап та кетті.

Түннің бір мезгілінде бастығырылып: «Ақан, жаным, Ақан, мен қалғып барам. Жамалға баршы, Жамалға!» – деген Ұрқияның жалынышты үнінен шошып оянды. Тұла бойы дір-дір етеді. Ай қалқыған мақпал түнде өзімен-өзі мәңгіріп, тіл ұшында: «Жамал...

Жамал» деген сөз ғана дызылдады. Бұл ненің әсері? Нендей түйткіл? О дүниеде жатқан Ұрқияның не дегені? Түн көрпесінің етегі түріліп, таң ақсандақтанып, бозара бастаған сәтте реңі қашып, дел-сал оймен аңырған Ақан сері атқа қонды да Көкшетауға қарай жүріп кетті.

Осы бір түс келе-келе ол Ақан серінің сергітейін деді. Қабағының кірбіңі сейіле бастады. Домбыра шертісінде өзінің мақпал әуезі маржандай тізілді. Салқын тартқан жүрегінде ояна қалған ерке шабыттың қызуын сезінді. Сәулелі, шуақты ой желпіді. Соның өзінде де кейде кілт сынып, торғындай тұмшалаған бұлыңғыр қиялға еніп бара жатып: «Ақан, жаным, Ақан, мен қалғып барам. Жамалға баршы, Жамалға!» деп үздіге тіл қатқан Ұрқияның үніне елең ете қалады. Көз алдында – Жамал! Қолаң шашы қос анарын жауып, ойға тұнған тұңғыық жанарында әлсіз сәуле жылт-жылт етеді. Бар сырын ішке бүгіп, емексітеді. Емірентеді. Ойландырады. О, тоба, арбай ма, аялай ма, мына Жамал? Көптен бері бұғып қалған мәрғау көңілді жылытқан не сиқыр, бұл?

Көкбестінің желікті жүрісі оның жанын мамырдың жұпар лебіндей желпінтті. Ақан сері таранып-сыланып, үстіңгі ернін жауып тұратын тып-тығыз мұртын басып, қарлығаштың қанатындай ғып әсемдеді. Киімнен киім ауыстырып, сымбатын түзеді. Көкбестіге Біржан сал берген қырғыз ерді ерттеп, қолына ұстайтын тобылғы сапты қамшысының да ең әдемісін таңдап, домбырасының үкісін жаңартты. Дәйім қас-қабағын бағып, бата алмай жүрген серіктері – Темірбек, Бәтжан, Нұралы, Сұлтанмұраттар да жүздері жылып, еркінсі келіп, төңірегіне үйіріле қалды. Қоскөлдiң жағасында Ақан сері әндері қайта шалқыды. Осы ду-ду оны кеу-кеулеп, үйге отырғызбады. Ойда жоқта тұтана қалған бір сезім «жүр-жүрлеп» жүрегінің отын үрледі. Көңілі алабұртып Сырымбет жаққа тарта берді.

Ақан сері торғын шәлі жамылған Сырымбеттің етегінде күмістей жылтыраған тас бұлақтың басы, бұлбұлы сайраған бұйра талдың ішінде Жамалмен жүздесе бастады. Ақан сері сол бір күндері бірдеме шалықтаған жандай: «Ал Ұрқия, жаным, сенің дегенің болды. Көндім, саған. Бар еркім өзінде. Жамал, АқжамАл міне, тұмадай тұнған кәусар бұлақтан өзінің ақ жүзін көріп, сәбидей мөлдіреп отыр. Қасымызда Үрім...» деп, өзімен өзі сөйлесіп, күлімсіреп күбірледі де жүрді.



Жамал мен Үрім... екеуінде де ес жоқ, Ақан серінің әніне мәз. Сөзіне мәз. Ақан сері жүрегі «Жамал... Жамал» деп соғады. Еш нәрседен қапері жоқ. Осы бір ләззәтті сәтке масаттанып: «Ә, Ақан сері, жаса... жаса, қу тағдырдың сорына!» деп, бір шалқыған күні:

Қыздарды мен қайтейін қылаң-сылаң,

Қалайша ғашық отқа сабыр қылам?

Жайнатқан өмірімді қалқа бала,

Басы – «жұм», ортасы – «мим», аяғы «ләм», – дейтін желпінісі шуақты әнмен тамылжыды. Жұрт «бұл не жұмбақ?» деп аң-таң болды.

Біреулер: «Апырай, Ақан сері кімнің атын құпиялап жүр?» деп бас қатырса, қазымыр ойлы біреулер: «Оның жөні былай «ж» ғарпінен кейін «а» деші, «м» ғарпінен кейін тағы да «а» деші... соңында «л» деп бітір. Бәрінің басын қоссаң «Жамал» боп шықпай ма? Ә, Ақан серінің ендігі ойы осы – Жамал! Жамал! Жамалдың әкесіндей ғой, Ақан сері! Ес бар ма, ұят бар ма, Ақан серіде? Әлде, өнебойы Жамалдың әкесі Жүсіп төремен бақас боп, одан ала алмай жүрген өші бар ма, өші? Оның бұл ойы тегін емес. Тағы да дүйім жұртты улатып-шулатып, көзсіздікке басайын дегені. Е, Құдай-ай, әлгі «баспа-бас қызға бермес» Қоңыр аты осы Жүсіптің ауылында тайдай тал түсте уланып өлмеп пе еді? Әлі ұмыта қоймаған сол кегі қайта тұтанған шығар? Соның қысасы...» деп, ескі жараның ауызын қайта тырнап, төндіре гулетіп еді, Ақан серінің:

Жамалжан, етің аппақ мақтадайсың,

Әр уақыт мені есіңе сақтағайсың.

Тұсынан ауылыңның ән саламын,

Сол кезде шырт ұйқыда жатпағайсың, –

дейтін әлгі әні Жамалдың жүрегін қорқынышты үреймен дір еткізді.

Мына әнді естігенде жұрт тағы да гу-гу сөзді қоздатып ала жөнелді. Ал ел ішінде Ақан серінің тілектестері де жетіп артылатын еді. Оны ғайбатқа қимайтын бір есті жан гуілдескен бір отырыста: «Ақан серінің тырнағына татымайтын желпілдеген желбуаз қиқым... мен емес, кешегі бір ғұламалар: «Алпыстағы жігіт қыз алады, аспыстағы қызды кім алады?» деп еді, оты сөніп, отбасы күйзелген есіл әншінің есін жиғызған бір жан ләззатын өзіне қимай отырсыңдар ма? Не деген қорқау, тоғышар сұмдық едіндер. Қаңырамасын ақ отауы. Жар тапсын! Бала сүйсін! Қызғаныш отына Ақан серідей ардагер ер күйгенше, көлеңкесінен жүре алмайтын, есікте жүріп

төрдiң не екенiн бiлмейтiн көр пенделер күйсiн!» дедi.

Дәл осы сөзге жұрт амалсыз тоқтағандай болды. Көпшiлiк Ақан серiнiң ендiгi жары-Жамал дедi, iштей тiлектестiгiн бiлдiрiп.

Ал Жамал болса... осы сөздерден тiксiнiп, өзiн-өзi кiнәлап, қабағы кiртиiп, албыраған алма жүзiнiң қаны қашып, суына бердi. Болмас iске шатылғанын сездi. Кешегi күмiс күлкiсi сап тиылған.

Бұдан секем алған Ақан серi өбектеген әуезiмен қанша баураса да Жамалды жiбiте алмады. Ол iшiне сыр бүгiп, жай ғана күлiмсiрейтiндi шығарды. Салқындай бастады. «Жамал он алты жаста-ақ, жiбек желден жаратылғандай ару, Жиреншеден тәлiм алғандай шешен, Едiгеден бата алғандай данышпан» деп, Мағжан Жұмабаев сыпаттағандай, жан-жағында гулеген өсек-аянды елең етпей, «Өмiрге бiр-ақ келген Ақан серiмiн! Маңдайға жазғанды көрiп бағайын!» деп, бәрi-бәрiне қолды бiр-ақ сiлтеп, өлiп-өшiп, құлай берiлген Жамалы көз алдында құбылды. Күйiк болатын түрi бар. Ақан серi не iстерiн бiлмей, жайнаған дүние тағы да қарауытып, торыға дағдарды.

Төрелердiң қараға қыз бермейтiн қатал заңы бар. Жамалда дәрмен жоқ. Ол Ақан серiмен болған осы бiр аз күндiк алдамшы әуреге амалсыз күйiптi. Жан құрбысы Үрiм оған Ақан серiнiң үздiге жазған өлеңiн талай рет әкеп бердi. Оны Жамал жанарына ыстық жас үйiрiлiп, езiле оқыса да ләммиң демей, жауапсыз қалдырды. Ақан серiнiң де баяғыдай төске өрлейтiн айбыны, қайраты жоқ. Iштей түйiлiп, айласы құрып, уһiледi. Лап ете қалған өлеңi мен әнiнiң лебi суымаса да апырақтаған ессiз көңiлi сынды, ақыры. Буынсыз жерге пышақ ұрыпты. Бейне бiр аспандағы алтын Айды «алып бер» деп қол созған бейкүнә сәби , ол. Ақан серiнiң жарға соққан көңiлдiтiн Мағжан Жұмабаев «Ақан серi» зерттеуiнде: «...өлең шығарып жүргенi болмаса, бұл сүюдiң пайдасыз екенiн ойлап, күйiнедi» деп жазды. (М. Жұмабаев. Шығармалар. Алматы «Бiлiм» баспасы, 1996 ж. 332 б.).

Дәл осы кезде Ақан серi мен Жамал оқиғасы төрелердiң ауылын ойда жоқта әлекке түсiрдi. Жүсiп төре жынданып кете жаздады. Жамалдың атастырылған жерiне тездете кiсi жiбердi. Екi жақ алас-күлес мәмiле түзiп, қыз ұзату қамына кiрiстi. Осы қым-қуыт тiрлiк үстiнде Жамалға күзет қойылды. Жамал бiр қадам тысқа шыға алмады. Ақан серiнiң мысы құрыды. Сырымбет саласы тағы да сұстана сазарды.



Ал бір күні Жүсіп төренің ауылына ошарылып құдалар келе қалды. Жамал торға түскен бір тоты. Еш қайраны жоқ. Ақан серімен өткізген ләзатты сәттер бас айналдырған түс, алдамшы түс. Жаутаңдаған нәркес жанарын мұң пердесі торлады.

Ақан сері дел-сал. Тарылып кетті дүние. Төңірегі қарауытып барады. Көзі жетерлік болжаулы ештеңе жоқ. Кешегі бір сәулелі күндер әлдеқайда жұтылып, жым-жылас болған. Құла түзде жол таппай, сарсыла тоқтаған бір дәруіш. Қорқынышты түстен шошып оянғандай аң-таң... Жүрегі әлсіз соғады, соқпайды. Жамалы сонау жұлдызы самсаған ғарышта бір сөніп, бір жылт еткен үміт сәулесіндей ұмсындыра алаңдатып, қабақ шытқыза алыстап, ұзап бара жатты.

Жамал ұзатылды да кетті. Саумалкөлді жағалай ирелеңдеген қара жолдың үстінде шұбырған қызылды-жасылды жасаулы көшке көз талдыра қараған Ақан сері:

Ауылың қонған Сырымбет саласына,

Ғашық болдым ақсұңқар баласына.

Бидайыққа лайық қарағым-ай,

Бөктергіге жем болып барасың ба? –

деп, аңсаулы арманын аһ дегізді. «Қарындас-ай, енді есен бол-ай!» деді, тылсым түндей түнеріп.

Жамал кімге ұзатылды? Құда жағы кімдер боп келеді?

Жамал мен Ақан сері оқиғасын Ахмет Жұбанов: «Ақан Жамал қызды ойынан шығара алмайды. Қайда жүрсе де көз алдында Жамалдың образы тұрады. Ақан сері Сырымбеттің бауырында, Жамал ауылының сыртында зарланып отырады.

Алтын қайық жарасар күймесімен,

Назым тартпас бұлбұл құс сүймесімен.

Қоскөл жаққа таныса киіп барған,

Бешпентінді беріп кет түймесімен, –

деп, Жамалдың күйеуінің жаман, жасық екенін, малға сатылып кете барғанын, (бұл жерде Ақан серіні айтып отыр. – И.Ж.) өлеңнің, музыканың тілімен сыртқа шығарады. «Сырымбет» адамның жүрегін, сырларын қозғайтын шығарма» деп жазды, «Заман бұлбұлдары» кітабында. («Жазушы», Алматы – 1975 жыл. 71-72 бб.)

Ал сол зерттеуде Ақан серінің Ақтоқтымен махаббаты да шертіледі. Ақтоқтының тиген күйеуі Жалмұқан да әннің: «Құтқаршы, сол жаманның тұяғынан» дейтін ызалы сөзімен жазғырылып,

«жаман» боп шыға келеді. Енді міне, Жамалдың күйеуі де «жаман... жасық» делініп отыр. Жо-оқ, Көкшедегі ел Жамалдың ұзатылып барған жеріне мұндай оғаш, қиянат сөз айтпақ түгіл, оның «бекзат жан» дерлік күйеуі Байқанның кісілігін ардақтап, зәу-затына қылау түсірмейді. Жамалдың бақытты өміріне мін жұқтырмайды. Мені осы жағы толғандыра берді.

Бір күні, бұл – 1989 жылдың желтоқсаны, Алматыда еш уақытта араласып көрмеген Қазақ ССР ның прокуроры Ғалым Бәжімұлы Елемесов деген кісі маған телефон соқты:

– Телефон арқылы сөйлесіп отырғанымға ғафу өтінем, Илья. Өзіңді сырттай жақсы білемін. Кітаптарыңды оқимын. Эндеріңді тыңдаймын. Зерттеу еңбектеріңде Біржан сал Ақан серіден басталған халық композиторларының небір сырлары анықталып, ашылып жатыр. Маған соңғы кезде Ақан сері жайында түсірген телехабарларың ерекше ой салып жүр. Көкше елін аралап, тиянақты зерттегенің көрініп-ақ тұр.

Ақан серінің қым-қиғаш махаббат хикаясында менің нағашы әжем – Жамал жайында да аңыз-әңгімелер көп. Бұрынғы зерттеу еңбектердің бірде-бірінде Жамалдың ұзатылып барған жері, елі, күйеуінің әулеті мүлде айтылмайды, тіпті, біз қызығып оқитын Мағжан Жұмабаевтың мақаласында да нақты дерек жоқ. Ақтоқты, Ұрқия мен Жамалға деген Ақан сері махаббаты бір жақты жадағай суреттеледі. Ол өзі кілтпаны ашылмай жатқан тұңғыық сыр ғой. Тағы да айтам, қадірлі Ахмет Жұбанов пен басқа да зерттеушілердің қаламына ілікпеген жай. Айт-айтпа, сол құпия беймәлім боп кете бере ме, тегі? Шын мәнінде шындыққа үйлеспейтін жаңсақ долбар ой-санамызға теріс түсінік боп қалыптаса бере ме? Мен прокурор адаммын, өз жұмысымды жиыстырып қойып, Ақан сері мен Жамал хақында өзім білетін, білгім келетін жайды індете зерттесем, біраз жайды аян етер едім. Ақиқат ешуақытта өлмейді, ол бәрібір бір күні ашылады. Дәл қазір қолым тиетін емес, Жамал жайында өзіңмен кеңірек отырып әңгімелесемін, әлі Хабар өзімнен болсын.

Ғалым Бәжімұлымен алғашқы әңгімеміз осылайша басталды. Кейін араға біраз уақыттар салып, жібектей сызылған ізетті, байсалды жан тағы да телефонмен сөйлесіп, Жамал жөнінде түсінігімді кеңейте түсті. Бірақ әртүрлі себептермен жүздесе алмай қойдық. Уақыт өтіп жатты. Бір күні байланысымыз үзілді. Ал мен Жамал тағдыры жөнінде алаң болдым да жүрдім.

Жазмыштың мына ісін қараңыз – 1994 жылдың желтоқсан айының бірінші жұлдызында «Егемен Қазақстан» газетінің бетінен Ғалым Бәжімұлы Елемесовтің алпыс алты жасына қараған шағында дүниеден озғанын оқыдым. Жүзбе-жүз көріспесем де телефон арқылы ежелгі сырлас жандай еме-жарқын сөйлескен күндеріміздің бәрі тәтті бір елес болды да қалды. Ол кісі өбектей сөз қылған Жамал бейнесі көз алдымда ғарыштағы жұлдыздай бір сөніп, бір жанып, бұлдырады да тұрды.

Ғалым ағайдың қазасынан кейін біздің үйге бейтаныс екі қарындас келді. Екеуі тым асығыс екен: «Аға, мына қызыл папкі Ғалым ағамыздың сізге беруге әзірлеп жүрген хаты, аманаты еді» деді де, көңілдері босап, басқа сөз айта алмай, қоштасып шығып кетті.

Енді Ғалым Бәжімұлының өзіме жазған сол хатынан үзінді келтірейін: «Алдымен айтарым – ұлт мәдениетімізге жасап жатқан еңбегіңіз ұшан-теңіз. Осыған байланысты Сізге қалың қазақ та риза, соның бірі-өзім де үлкен рахмет, демекпін.

...Сіздің жадыңызда болар деп, нағашы әжем Ақжамал жөнінде, «Сырымбет» әні туралы қариялардан естігенімді, ертерек кезде және бергін оқып-білген мәліметтерімді жаздым... 1994 жылдың қараша айының алтыншы жұлдызы. Бурабай».

Ғалым Бәжімұлының маған аманат еткен сол папкісінде «Көкшетау» газетінде 1993 жылы шілде айында жарияланған «Ақжамалға арналған ән» атты мақаласының қиындысы да бар екен. Көзіме оттай басылды. Оған тез-тез көз жүгірттім. Енді сол мақала сөйлесін: «Ақан серінің қай әні болсын тыңдаушының бойын билеп, жанын тебіrentетіні мәлім. Солардың ішінде біз үшін «Сырымбеттің» жөні бір бөлек. Олай болатыны – осы ән Жамалға арналған (Елі «Ақжамал» деп атап кеткен екен.) Жамал менің – нағашы әжем. «Сенің қызың Аида Ақжамал анамыздан аумайды» деуші еді, маған нағашы апам Күләндам марқұм.

Осы сөздерді оқып отырғанда 1990 жылдың бесінші қаңтарынан бастап Алматыда Мемлекеттік архивте қазақ әндерінің тағдыры, тарихы жөнінде тұрақты түрде ізденіс жолына түскенім ойға оралды. Сол күндердің бірінде «Тексты русских и казахских народных песен разрешенных к исполнению за 1951г.» (Ф. 1829. оп.1, д. 173.) деп аталатын папкінің ішіндегі ән сөздерінің арасында:

Таудың аты Сырымбет ел жайлаған,
Бұл әнімді мен дағы елге арнағам.
Қыз-келіншек, бозбала бәрі үйреніп,
Көкшетаудың бауырында сайрандаған, –

деген шумақты оқыдым. Ақан серінің «Сырымбет» әніне он қайнаса сорпасы қосылмайтын, әннің о бастағы ғашықтық лебізіне мүлде маңайламайтын мәнсіз-мағынасыз, қарадүрсін, қойыртпақ сөз. Сырымбет тауының етегінде шыққан ән мына шумақта «Көкшетаудың бауырында сайрандаған» деп мүлде лағып кеткен. Неге бұлай болған? Бұл да жұртқа беймәлім тұңғиық сыр. Отызыншы жылдары қазақ әндерінің сөздері жаңа заманға лайықталып, жөн-жосықсыз өзгертіліп, насихат құралына айналып жатқанда Ақан сері де «Дала копесі» Қорамса деген байдың баласы, өзі әрі Ислам іліміне терең діншіл ретінде датталғанды. Сол түрткіні «Сырымбет» әніне жапсырылған мына бір сүлесок сөзден аңғарғандай боп, онсыз да тағдыр тәлкегінен опық жеген Ақан серінің мына заманда да өмірден қағажу көрген бақталайы жүрегімді ұйытты. Осы ауыр сезімде отырып, алдымдағы газет қиындысын мұңая оқи бердім: «Сырымбеттің» шығу тарихын мен нағашым Мәкеннен және нағашы апам Күләндамнан естідім. Бұларға әннің анық тарихын аналары Жамал (Ақан сері мен Жамалдың арасындағы баянсыз махаббатқа бұдан артық қандай дәлел керек? – И.Ж.) өзі айтыпты. Осы оқиғаны Жамал әжем мен нағашы атам Байқанның замандастары Қоқан, Шабан, Садуақас қариялардан да естігем.

Осы адамдардың айтуынша нағашы атамыз Байқан – төре тұқымы, арғы аталары Абылайханнан тарайды. Әкесі Әліжанның аты қазіргі басылып шығып жатқан хандар тұқымының шежіре кестелерінде аталып жүр.

Әліжан да, оның баласы Байқан да дәулетті болған.

Байқан атамыз (жоғарыда аталған зерттеулерде «жаман... жасық» делініп отырған кісі – осы Байқан. – И.Ж.) кішіпейіл, қолы ашық, ел ішінде абыройлы азамат екен. Үкілі Ыбырай, (Балуан Шолақпен достық қарым-қатынастары тығыз болыпты. Байқан өресіз жан болса, бұл кереметтермен жұлдызы жарасар ма еді? Сөз жоқ, текті жан! – И.Ж.)

Нағашым Байқанды өзім де көрдім. Бойшаң, қыр мұрын, қара торы, талдырмаш адам. Тәп-тәуір домбыра тартатын. Ауызы ауыр

еді. Бірақ сөйлеп кетсе білгені көп кісі екенін аңғартатын. 1944 жылы қайтыс болды».

Осы күнге дейін ел жүрегіне сақталып, беймәлім боп келген мынадай деректі оқығанда Жамалдың күйеуі Байқанды «жаман... жасық» деуге қалай ғана дәтің барады?

Ғалым Бәжімұлының хатына тағы бір үңілейік: «Әжем-Жамал Жүсіп төренің (Ақан серінің «Төрелер ширатады есіп мұртын»деп, ащы мысқылмен шенейтін, дәйім өзімен бақас, бақталас боп егесіп жүретін Жүсіп төре осы. И. Ж.) қызы. 1898 жылы ұзатылар алдында «туыстарымен танысу» салтына сай «Қоскөл» аулындағы (бұл жер –Ақан серінің атақонысы. – И.Ж.) нағашыларына барады. Осы ауылда Жамалды Ақан сері көреді. (Бұл – кезекті бір көруі ғана. Үш тотының бірі атанған Жамалмен бұрын талай рет жүздесіп, ләззәтті күндерді өткізгені «Үш тоты», «Жамал», «Сырымбет» әндеріне арқау болды ғой. – И.Ж.) Жамалдың сол кездегі жасы жөнінде тағы бір деректерді келтірейін: Жамал әжеміздің үлкен ұлы – Мәкен 1900 жылы туған. 1902 жылы қызы – Күләндам, 1904жылы – Мәриям, 1906 жылы кенже ұлы – Придон дүниеге келеді. Әжеміздің бұлардан басқа балалары болмаған. Ол кісі ұзақ жасамапты. 1909-жылы 27 жасында дүниеден өткен. Ол шақта менің анам Мәриям 5 жаста екен. Анамның паспорты менің қолымда». Ақан сері өмірін зерттеушілер мен ол жайында көркем шығармалар жазған ғалымдар мен жазушылардың бірде-бірінде жоқ деректі тірілттім, ақыры! Зерттеу ісі мехнатты болған сайын шындық көзі ашыла береді... ашыла береді. Жамал тағдыры енді ұмытылған құпия емес.

Ақан сері, Жамал екеуінің махаббатына таңғалған жандардың сол кездегі күңкілін Мағжан Жұмабаев: «Ақанның Жамалға қатты ғашық екендігі, оған арнап өлең, ән шығаратындығы, Жамалдың ол ғашықтыққа ілтипат қылмауы, жұртқа жайылып кетеді. Замандастары ұшырасқан жерде мысқыл қылыққырайды. «Ақан-ау, қыз саған мойынын бұрмайды, осы ғашықтықтан не пайда?» деседі екен. Осындай сөздерге Ақан: «Менің ғашық болуым үшін оның ғашық болуы шарт па, екен?» дейді екен. (М. Жұмабаев. Шығармалар. Алматы, «Білім» 1996, 334 бет) Ақан сері Жамал үшін өз жүрегін өзі қинады. Бірақ қайтсе де ол Жамалға деген ғашықтық әнін өзі сияқты дегеніне жете алмаған арманды мұңлықтардың сыры ғып, жүрек сыздатып қана тынды. Дәрмені соған жетті. Көлгірсіп, әуре-сарсаңға салып, мазақ отына күйдірген тұрлаусыз тағдырдың тағы бір сыйы осылай болды...

ЖАЛМҰҚАН – АҚТОҚТЫ БАЯНЫ

1980 жылдың желтоқсан айының соңғы күндерінде Біржан Салдың 150 жылдығы қарсаңында Көкшетауға келіп, қазақтың классикалық әнінің ұлы атасының аңызға айналған ғажайып өмірін зерттей бастадым. Осы жұмыстың үстінде Ақан Сері жайында да қым-қиғаш сырлар қозғалды; әсіресе, оның Ақтоқтымен байланысты беймаза тағдыры, бұрын тек «жағымсыз кейіпкер» ретінде датталып келген Жалмұқанның азаматтық келбеті таң-тамаша ғып ашыла түсті; оның біз білмейтін беймәлім жайлары көп екен.

Қарауылдың Жақсылық атасы күні бүгінге дейін Ақан Сері мен Ақтоқты оқиғасын намыс қылады. Бұл елдің адамдарымен ол жөнінде сөйлесу оңай емес, ыңғайға келе бермейді.

Ертеде осы Қызылағашта Ғабит Мүсіреповтың «Ақан Сері – Ақтоқты» пьесасы қойылады дегенде қариялар өре түрегеліп: «Асылымызды қорламаңдар! Жалмұқан мен Ақтоқтының өміріне дақ салмаңдар, бүйтіп! Өніп-өсіп отырған жазықсыз әулеттің балашағаларының көңіліне қаяу түсірмеңдер! Осы келген беттеріңмен тайып тұрыңдар! Бізге жалған сөз керек емес!» деп артистерді қабылдамай, қуып шығыпты.

Мен үшін бұл сөз Ақтоты-Жалмұқан ауылына баратын жолдың үстіне жатып алған арыстан секілді бір сұмдық сұс боп, Көкшетауға тиіп-ақ тұрған Қызылағашқа еш мойын бұрғызбады. Бірақ ел сөзіне ден қойсам, Жалмұқан – негізі жарыған, қуса жететін, қашса құтылатын, айдарынан жел ескен кесек бітімді, өрісі де, өресі де кең, аршынды, алапат адам.

Ал айт айтпа, Ақтоқты есімі әнде аңыз боп қалып қойды. Ол Ақан Серінің:

Ой, қалқа, тілің тәтті, лебің балдай,
Қаламқас, ителгі көз, жазық маңдай,
Түсінде Бағылан патша ғашық болып,
Секілді сүйген сұлу Күләндамдай, – дейтін
«Ақтоқтының сипаты» әнінде,
Ақтоқты Айға бітсе сендей көрік,
Жатпас па таулар балқып, тастар еріп.
Тамақтан үлбіреген бір иіскетсең,
Кетер ед бойдан қуат, ойдан ерік, – дейтін



«Ақтоқты» әнінің бірінші түрінде:
Ақтоқты, кеткенің бе, шыныңменен,
Тар жерде бал беруші ең тіліңменен.
Кез болдық дарияның қайраңына,
Зарланып ән шырқаймын үнімменен, –
деп келетін екінші түрінде,
Қорқамын шымылдықтың құруынан,
Бір жаман қолын сұғып тұруынан,
Жалғанда қыздан сорлы жан бар ма, екен,
Айырылып кете барар руынан, –
дейтін «Ақтоқтының аужары» әнінде,
Манар таудың басында қайың, арша,
Оң жағында әкемнің болам қанша,
Сүйген жармен кете алмай арманда боп,

Өмір шіркін өткені осылайша, – деп шер төккен «Ақтоқтының зары» әнінде Ақтоқтымен болған махаббат хикаясы, міне, осы бес әнде осылайша шертіледі. Бес ән!

Ақан Сері Ақтоқтыдай сұлулық періштесін сүйді. Ол анық. Өйтпесе осындай керемет әндер шығар ма, еді? Бірақ бұл тағдыр Ақтоқтының маңдайына тағы бір асыл арыс – Жалмұқандай ерді жазған еді. Ол содан айнымады. Ал оны Жалмұқанға ұзатылар сәт – қызойнақ үстінде Ақан Серінің алып қашуы ессіз махаббаттың көзі тұнып кеткен жанкешті әрекеті еді. Жолы жіңішке, дәрменсіз қыз не істесін? Елдің намысты азаматтары араласпаса Ақан Серімен кете барар еді. Жеме-жемге келгенде шырқыраған Ақтоқты Жалмұқаннан айырылмайтынын айтқанда, бұл сөзге сенерін, сенбесін білмей қаны қарайған Ақан Сері: «Басыңды Сарымида кесіп алсам!..» деп амалсыз тосылып, тағы да тағдыр тәлкегіне түседі. Жүрегін ұйытқан осы мұннан ол өмір бақи айыққан жоқ. Көрдіңіз бе, Тәңір ісін – бір Ақтоқтыны екі жігіт дүррі – Ақан Сері мен Жалмұқан сүйді. Екеуінің де сүйеге қақысы бар. Сол үшін екеуі де жазықты емес. Ол – екі жүректің әмірі! Екі жүректің әрекеті! Екі жүректің қалауы!

Күндердің күнінде Жалмұқанның бір аяқ асқа алғысыз сорлы боп, қолдан жасалған әдебиетте «жағымсыз кейіпкер» атануы кімнің қаперіне келген? Жалмұқан сондай бейбақ па, еді?

1999 жылдың қараша, желтоқсан айларында Көкшетауда Шоқан Уәлиханов атындағы университетте екі рет болып, ректор, физика ғылымының докторы, профессор Абай Айтмұхамедов есімді

жан-жақты білімпаз азаматтың тілегімен «Сал серілер мектебін» ұйымдастырдық. Студенттердің арасында әдебиетке зерек жастарды зерттеушілік өнерге баулуды мақсат еттік. Бұған ғалымдар, оқытушылар мен талантты жастар қатты қызықты.

2000 жылдың маусым айының он сегізі күні мен қасымда белгілі әнші (Қайрат Байбосыновтың шәкірті) Ербол Айтбаев бар, Көкшетауға келдім. Университетте сал серілерге арналған ғылыми конференция, әдеби музыкалы кеш өткіздік. Міне, осы кеште сал-серілердің өмірінен жарты жыл ішінде қыруар дерек жиған ұстаздар, студенттер жасаған баяндамалар мен әңгімелерде, жазылған курс жұмыстарында Жалмұқан – Ақтоқтының көп құпиясы жарқырап тұрып ашылып, бұған өзіміз де тебірене таңғалдық.

Ертеңінде ректор Абай Айтмұқамедов өзі басқарып, Талғат, Аманжол сияқты ұстаздар қоса жүріп, Көкшетау ауданындағы Қызылағаш ауылына қарай жол тарттық. Бұл жан-жақты жарақталған (видеокамера, магнитофон, диктофон, фото-аппаратуралар) фольклорлық экспедиция еді. Жолшыбай машина ішінде Ербол күндей күркіреген кең тынысты жарқын үнімен Ақан Серінің «Мақпал», «Сырымбет», «Шәмшіқамар», «Ақтоқты» әндерін айтып, қиялымызды сан-саққа жүгіртті.

Әр қилы ойға салған Ақан сері әнінің әсерімен Қызылағашқа қалай жетіп қалғанымызды байқамадық та. Бір ауылдың тұсынан өте бергенде жол екі айырылды. Қайсысына түсерімізді білмей дағдарып тұрғанда бір қызыл «Ауди» кезіге кетті. Біз сәлемдесіп, жол сұрай бергеніміз сол еді:

– О, Илья аға! – деп еңгезердей екі жігіт машинадан шыға келді.

Біз де машинадан түсе қалдық. Бойы теректей тіп-тік, қараторы, құс мұрынды, қыран көз, сымбатты жігіт:

– Ағалар, жол болсын, мен Жалмұқаннан туған Уәлидің баласы Жәменнің ұлы Балташ деген ініңіз болам. Ал мына шашы тіктейген дәу сарының есімі – Ибрагим. Өзі мұғалім. Батыраш-Қотыраштың тұқымы. Біз Жалмұқан атамыз бен Ақтоқты әжемізге күмбез тұрғызамыз деп, Көкшетау мен екі ортада шапқылап жүрген жайда едік. Ал енді Тәңір иіп, үлкен жолдың үстінде кездестік. Әні, сонау орманды алқаптың төріндегі ауыл – біздің Қызылағаш. Ауылға кеп тұрсыздар, жүріңіздер. Жалмұқан мен Ақтоқты әулетімен танысасыздар...



Кыз бұрымындай бұраңдаған қара жолда зырғытып отырып, көк белеске шықтық та тоқтай қалдық. Жан-жаққа көз салдық. Мүлгіген көк орман. Шоқ-шоқ қайың. Қызылды-жасылды толқыған көк майса. Лып-лып еткен жібек самал даланың хош иісін желпиді. Төбемізде аққудың мамық төсіндей ақша бұлттар қалқиды. Біздің оператор жігітіміз табиғаттың осы бір қайталанбас ғажап көрінісін видеоға түсіріп жатқанда Балташ:

– Ақтоқты әжемізді өзінің бұланай ұлы Жалмұқанға атастырып, келін ғып түсірген Сүтемген бай дейтін бабамыздың атақонысы осы жер. Тағдырдың небір қоқайын көрсек те Қызылағаштағы жылы орынымыз суыған жоқ. Осы жерде о бастан тамыр жайып, өніп-өсіп келеміз. Ал ендігі әңгіме ауылда болсын, ағалар, – деді.

Біз әп-сәтте ауылға да келдік. Машинамыз кең қақпалы сәулетті үйдің алдына кеп тоқтағанда қимылы тез, елгезек Балташ:

– Бұл – біздің әулеттің қара шаңырағы, Жалмұқанның Сұлтан дейтін баласының ұлы Сабыр ағамыздың үйі. Міне, ағамыздың өзі де алдымыздан шықты. Қане, төрлетіңіздер! – деп бәйек бола ізет көрсетті.

Жалмұқан мен Ақтоқты баяны осы үйде шертілді.

Ақтоқтының келін боп түскен жері – Жақсылық елі. Бұл-жамырасып жатқан әнші ел қалың Қарауылдың іргелі атасы.

Енді шежірені таратып көрейік: Қарауылдан Жақсылық, Жақсылықтан Есенбай, Есенбайдан Баян, Баяннан Қожамбет, Қожамбеттен Жалмырза, Жалмырзадан Сәмен, Сәменнен Сүтемген.

Әріден бақ-дәулеті үзілмей келе жатқан жуан тұғыр, сіңірлі тұқымның айбарлысы, арыстаны осы Сүтемген бай. Бай болғанда да пешенесі жазық, пейілі кең, «алаған қолым береген», дейтін құрығы ұзын, діттеген жерінен тауы шағылып көрмеген, ұйымы мығым, берекелі жан болған. Кейбір дүниеқоңыз көр пенделер сияқты сасық ырыспен емес, көшелі кісілігімен күллі Арқаға даңқы жеткен адам. «Менмін» деген ірілер Сүтемгенмен құда, сүйек жақын, ілік-шаттыс болуды көздеген. Оның ақ ордасында ел ардақтаған шешендер мен көсем сөзді билер, әнші-ақындар кеңес құрған. Арқаны әнмен қырған Біржан сал да кезінде осы Қызылағашты дүбірлете шалқыған. Сүтемгеннің дарқандығы, үлгілі жолы балаларына дарыған.

Сүтемген екі әйел алған. Екінші әйелі – Науан, қырғыздың қызы екен. Осы Науаннан – Бекен мен Жалмұқан туады. Бекеннен ұрпақ жоқ.

Жалмұқан, Ақтоқтыдан – Тоқмұқамбет (Тоқан), Уәлиахмет (Уәли), Әбусапия, Мұқамбетқали (ел жайлауға шыққанда туған соң Жайлау атанып кеткен), Сұлтанахмет және Майра, Қанипа. Бес ұл, екі қыз. Майра ұзатылайын деп оң жақта отырғанда кенет қайтыс боп кетеді де оның орнына Қанипа ұзатылады.

Сүтемгеннің бар дәулетін Жалмұқан ұстаған. Ол «бай баласымын» деп шолжындап, ойына не келсе соны істеп, ағыл-тегіл ырысты рәсуа қылып, текке шашпаған. Қарағайдан әшекейлеп үйлер салдырып, ішін көз жауын алған жиһаздармен безендіріп, орыс қалаларына сауда керуенін жүргізіп, ауылға өрелі мәдениеттің қалпын енгізген. Арғы аталарынан жалғасқан имандылық қасиетті қастерлеп баққан. Медіресе салдырып, діни кітаптар жиып, терең білімді молдалар ұстап, балаларды алланың ақ жолына, ізеттілік пен ізгілікке, ақ-адал еңбекке тәрбиелеген. Ішкені мас, жегені тоқ тоғышарларша шіренбей, мал-жанын баққан қарапайым жандарға жылы қабақпен қарап, олардың тұрмыс-тіршілігіне сәулесін түсіріп, сол бейнеттің ішінде білек сыбанып, өзі бірге жүрген. Кем-кетік, жоқ-жітіктерге қол ұшын беріп, балаларын медресеге оқытқан.

Жалмұқанның алапат істері көп. Соның бірі – орыстар Сырымбет өңіріне дендеп кіріп, қаймағы шайқалмаған елді атақонысынан айырып, жан-жағын жыландай жалмап, Ақтоқтының дәулетті әкесі Бақтыбайды да өз жерінен ығыстырғанда Жалмұқан осы бір ашкөз, құтсыз «қарашекпендермен» талмай сілкілеседі. Ақыры орыс өктемдігі басым боп, Бақтыбай ежелгі мекенінен айырылады. Жалмұқан қайынатасының мал-жанын шығасын шығармай, ырғалтып-жырғалтып өзінің осы Қызылағашына әкеліп орнықтырыпты. Бір-біріне ылайық Сүтемген мен Бақтыбай құдалық ибасы жарасып, бал жаласып ғұмыр кешіпті.

Ақтоқтының Жалмұқанмен баянды өмірі Жақсылық еліне ерекше көрік берген. Ақтоқты есік аттаған күннен бастап, атасы Сүтемген, енесі Науан ажарына ақылы сай келінінің пейіліне көңілі толып, Жалмұқан екеуіне бар тауқыметтің екі шылбыр, бір тізгінін ұстатыпты.

Ақтоқты нәзік сезімді, ән мен жырға зерделі, оң қолынан өнері тамған іскер, шаруаға тиянақты, өте сабырлы, көпшіл, дастарханы кең, ықпалды әйел болған. Ол Жалмұқанның жанды-жақты тірлігіне дем беріп, оның кейбір қызба мінезін әдеппен, еппен басып, сабасына түсіріп отырған.



Жалмұқанның бітім-болмысында тектілік пен бекзаттық қасиеттің лебі жалындап, ұрып тұрған. Ол – бір сөзді, кесек тұрайтын берен, намысқа күйер жерде өзін отқа салып жіберер көзсіз ер. Сенсе өлердей сенеді. Кетіссе енді қайтып мойынын бұрмай, қатты кетеді. Әрі-сәрі бұлтаң тірлікке жоқ. Екі сөйлеген алаяқты маңына жолатпаған. Сол ірілігінен болу керек, сол кездерде Аркада серілікпен емін-еркін бұлғақтаған Иманжүсіп пен Балуан Шолақтар Жалмұқанмен жиі араласып, оған көп үйірілген.

Бір хан базарда жал-құйрығы жер сызған, төрт аяғы діңгектей жуан, арқасы тақтайдай жазық қара айғырдың үстінде шірене сөйлеген дөйдің Иманжүсіп екенін біліп, Жалмұқан атының артынан жайлап келіп, құшаққа толар құйрығын оң білегіне орап жіберіп, үн-түнсіз тұрады. Бір мезетте Иманжүсіп жүретін болып, атын тебіне бергенде, аты орнынан міз бақпайды. Иманжүсіп саскалақтап, артына жалт қарайды. Атын тапжылтпай тұрған қызыл шырайлы, отты көз, сом тұлғалы еңселі ерді көреді. Жұрт «Жалмұқан! Жалмұқан!» деп айқай салады. Кейін осы оқиғаны ел «Сонда пілдей атты тырп еткізбеген Жалмұқанның саптама етігінің қалыңдығы бір елі келетін былғары табаны жиырылып қалған екен» деп гулете аңыз қылған.

Жалмұқанның көп жойқын істерінің тағы бірі... Қызылағаштың жан-жағын орыстар алды. Өрісі тарылды. Жалмұқанның жер қайысқан жылқысы орыстардың егініне түсіп кете береді. Ол қым-қиғаш жанжал. Төбелес. Сондай бір шатақтың үстінде елдің жиырма шақты жігіті қызыл ала қан болып, орыстардан таяқ жеп, жылқыларды ала алмай қайтады. Жалмұқан «өз елім, өз жерімде бүйтіп қор болғанша!» деп орыстардың қатар жатқан екі-үш деревнясына жалғыз өзі барып, жігіттерін аттың бауырына алып, бықбырт тигендей қиратып салып, жылқыларды аман-есен шұрқыратып, айдап әкеледі. Бірақ орыстардың ақылды, мейірбан адамдарымен мәмілесі жарасып, ұсталары мен шеберлерін қатты қадірлеген. Қыс болса орыстарға жасатып алған тройканы, жаз болса қоңырауы сыңғырлаған фэтонды мінген. Есті орыстар Жалмұқанды – қатты сыйлаған.

Ел іші қашанда той-думан. Жалмұқан мен Ақтоқты сол жиындарға салтанатты түрде сән түзеп барған. Сонда олардың қасында әнші-ақындары, саятшылары мен атбегілері, палуандары, мешкейлері мен жүйріктері қоса жүрген. Өз елі Жақсылық Қарауылдың екі жас серісі – Үкілі Ыбырай мен Бейсенбайдың Оспанын Жалмұқан: «Шырқасаң

Біржан Сал мен Ақан Серідей шырқа!» деп дәйім көтермелеп, еркелете шалқытқан.

Ел Жалмұқан мен Ақан Серінің арасындағы риясыз сыйластықты осы күнге дейін жыр қылады. Кезінде Ақан Серінің төңірегіндегі пысықайлар, не Жалмұқанға қырын қарайтын іші тар бейбақтар ел арасына тарап кеткен әндегі:

Қорқамын шымылдықтың құруынан,

Бір жаман қолын сұғып тұруынан... –

деген сөзді көп құтыртып, екі арыстың қадірлестігіне қылау түсіру үшін отқа май құйып, өсек-аянды қарша боратқан. Жалмұқан: «ол ән Ақан серінің жан ашуы ғой, күйінген жан не демейді» деп қана тынған.

Жалмұқан Көкше еліндегі келелі-келелі жиындарда, ас-тойларда игі жақсылардың ортасында Ақан Серімен дәмдес боп, терезесі тең жүрген. Ақан Серінің жері – Кеңашы мен Көлденең Қаратал Қоскөл. Жалмұқанның жері осы – Қызылағаш. Арасы қырық-елу шықырым ғана. «Ә!» дегені естілетін әудемжер. Аралас-құралас ел. Рас, Жалмұқан мен Ақтоқты бас қосқан алғашқы жылдарда Ақан Сері жүрегін тілім-тілім еткен арманын ұмыта алмаған. Ақтоқтыға аңсары ауып, талай рет келіпті де. Ақтоқты болса, өз өмірін шайқағысы келмей: «Ақан, енді тұнығымды лайламасаң болады» десе, Жалмұқан: «О, серім кел... кел! Әніңді сағындық. Жат масайрап, осы ауылда. Мауқыңды бас, серім!» деп Ақан Серіні аттан түсіріп алып, ел-жұртты таңғалдыра құрмет көрсетіп, Қызылағашты әнге бөлеген. Ақан сері Жалмұқанның осы ісіне сенерін-сенбесін білмей, келе-келе бұл ауылға келуін тоқтатқан. Әлмеғайып Жалмұқанмен кездесе қалса әңгімелесуден тартынып, кінәлі адамдай пұшайман боп, ыңғайсыз күйге түскен. Жалмұқан болса Ақанды шын көңілмен ылғи ауылына шақырған. Ел ішінде Ақан Серіге неше түрлі өсек таып, ақылға сиымсыз лақап таратып жүрген сусылдаған желбуаздарды Жалмұқан: «Шуландар. Гулендер. Ақан Серінің бір әнінің садағасы боп кететін өңшең қиқым. Пәни жалғаннан бәріміз де өтерміз. Кімнің артында не қаларын бір Алланың өзі білер. Ал Ақан Серіде өлмейтін ән бар. Ол мәңгі тірі» деп қағып тастайды екен.

Жалмұқан мен Ақтоқты орыс шеберлеріне оюлап салдырған ағаш үйде сәнді, салтанатты тұрмыс құрып, бес ұл, екі қызын әлпештеп өсірген. Шетінен бағылан дерлік балаларының ең үлкені



Тоқмұқамбет (Тоқан) Көкше елінің сол кездегі ғұламасы Науан қазіреттің алдынан дәріс алып, сөзі дуалы терең молда боп шықты. Тектілігі мен пәктігіне кінәрат жұқтырмады. Сол себепті жұрт оны әулие тұтты.

Жалмұқанның Жайлау деген ұлы жөнінде мына бір жайды айта кеткен жөн: Жалмұқанның есік пен төрдей атақты бір қара айғыры болады. Оны ол қыста дәйім қасқыр соғуға мінген. Осы Жайлау (Мұқанбетқали) бір күні ешкімге айтпастан сол жесірлік айғырмен Көкшетаудағы Науан қазыретке тартып отырады. Сонда «Мынаған не болған?» десіп күңкілдескен ағайындарына Жалмұқан: «Хақ жолына түскен баланы кінәламаңдар, түге! Тәңір қолдасын. Жайлау ақылсыз емес, былқ етпендер. Қара айғырды сатып, пұл қылады. Ол оған біраз уақытқа нәпақа. Сүтекемнің немересі тарықпайды. Жайлауым Науан қазіреттей данаға шәкірт болса, Құдай ісін ондады де» деп баласының осы тірлігін теріс көрмеген. Сүйініш еткен. Жайлау да әке сенімін ақтап, елге ғұлама молда боп оралған.

Жеті атасынан сарқылмай жеткен мол ырысты Сүтемген қалай күрпілдетіп ұстаса, Жалмұқан оны сабасынан бір елі төмендетпеді. Осы мал – жан, бақ – дәулеттің ықтиятты, қажырлы иесі етіп Сұлтан деген баласын баулыды. Кеңес өкіметі келгенше Жалмұқанның бес ұлы дүркіреген бес ауыл еді. Айбары да зор еді. Кедей-кепшік, кем-кетікке қайырымы да мол еді.

Кеңес өкіметі келе сала барды да, жоқты да күйдіргідей күйдіріп өтті. Жалмұқанның мал-жаны таланып, кәмпескенің талапайына ілікті. Жалмұқан мен Ақтоқты бас сауғалап, олай-бұлай қашты. Тіпті, айласы құрығанда өздерімен «тамыр» орыстардың тауық қорасына тығылды. Кейде ауылды төңіректеп жасырынып жүргендерін сезіп қалған шолақ белсенділер оларға ит қосып қуды. Тоқан мен Жайлауын «молда» деп қудалады. Бірақ есті жұрт оларды қиянатқа қимай, өздері арашалап алды. Бұлардың үй-жайлары тәркіленіп, қоймаға, кеңсеге айналды. Жалмұқан мен Ақтоқтының сәулетті үйін мектеп етті.

Қызыл қырғын әлегін әкелген өкіметтің усойқы саясаты осы бүліншілікпен бейкүнә елді әбден тұралатып, отыз екінші жылдың азалы ашаршылығына бір-ақ тіреді. Көкше елі баудай түсіп, қырылды.

Сол қасіретті жылдың қазан айында Жалмұқан мен Ақтоқты арып-ашып, әбден титықтап, ауыл шетіндегі Сұраған қыстауында

иесі өлген бір боз үйді паналайды. Орыстардан алған азығы түгел таусылады. Тіске басып, талшық етер ешнәрсе қалмайды. Екеуі өзегі талып, қаңырығы түтеп, көздері қарауытып, әлден айырылады.

Бұлардың осында екенін біреулерден естіп білген Тоқан мен Жайлау жан ұшырып, жетіп келеді. Бәрі бір-бірімен көрісіп, жыласып -сықтасады. Сөйлесуге әл жоқ. Тек нұры тайған шүнірек көздері бір-біріне үнсіз сүзіліп, қаны қашқан жүздерінен жас сорғалайды. Ес жиған бір сәтте Ақтоқты екі ұлына «шыға тұрындар» деп ишарат білдіреді. Тоқан мен Жайлау сыртқа шыққан соң аяғын зорға басқан Ақтоқты төрге екі ақ жайма жаяды. Жалмұқанның сақал мұртын әдемілеп басып, аяқ-қолының тырнақтарын алып, жуындырады. Сөйтіп, Ақ жаймаға арулап жатқызады. Сонан соң өзі жуынып-шайынып, ақ селеудей селдіреген ақ шашын салалап тарап, өз бойын өзі сылап, екінші ақ жаймаға келіп өзі жатады. Әуелі Жалмұқан көз жұмады. Сәлден соң опасыз жалғаннан айдай сұлу Ақтоқты өтеді.

Тоқан мен Жайлау түн жамылып, әкесі мен шешесін ауыл іргесіндегі ескі қорымға әкеп жерлейді. Екеуінің басына самаурындай екі сары тасты белгі етіп қояды. Бітті енді, күні кеше ғана Көкше жұртына аңыз болған дулы өмірдің тірлік үні!

Бұл – Жалмұқан мен Ақтоқтының жұртқа белгісіз тылсым хикаясының тек елесі ғана.

Сұлтанның баласы Сабырдың үйінде жылдар бойы көкіректерінде шер-шемен боп қатқан осы құсаны ақтарған немере-шөберелері, Ақтоқты әжесінің емшегін емген, қазір жетпістегі Шайнұр апай, Жайлаудың ұлы – Ғұмар, Жәменнің ұлы – Балташ, осы әулеттің басқа да адамдары көп жайдың бетін ашып берді. Сөз арасында осы тұқымның бір өнерпаз баласы Бораш Ақан Серінің «Сырымбет», «Қараторғай», «Балқадиша», «Әудемжер», «Майда қоңыр» әндеріне қоса менің «Еділ-Жайығымды» толқыта шырқады. Үй иесі – менімен түйдей жасты Сабыр:

– «Еділ-Жайықты» айтса Бибігүл Төлегенова, Қайрат Байбосынов айтсын. Және Батыс жақта Александр деген орыс жігіті айтсын! Баяғыда Ақан серілер осы Қызылағашта әндетіп жүргенде соңында желкілдеген қыз – қыркын, жас арулар, жігіт -желеңдер жүреді екен, лек-лек боп. Ел-жұрт дүбірлеп, оларды бар сый-сияпатымен көккге көтеріп, қарсы алады екен. Ал мына заманда мен мына Ілекеңе не сый-құрмет көрсете алам? Жалмұқан атам секілді сондай топты дүбірлетіп, Ілекеңнің қасына жинай алам ба? Ой, Құдай-ай, бір ғазиз



басынан талай қасіретті өткерсе де бұл мешеулікті көрмей кеткен Ақан Серілер бақытты екен:

Дәуренді мендей сүрген кім бар екен,
Сонда да қызығыңа бір қанбадым, –
дейді ғой, қайран сабаз!

Біз пендешілік оймен әжеміз Ақтоқтыға ғашық болған Ақан Серінің жігіттік ісін намыс көреміз. Адам деген Құдайына қарап, тәуба қылу керек, егер Ақтоқтыны ән сұңқары Ақан Сері алып кетсе, намыстың көкесі сонда болар еді. Ақтоқты біздің әулетке бұйырды ғой. Иншалла, Ақан Сері әннің пірі болса, Жалмұқан жігіт сұлтаны! Жаңа біздің мына Бораш Ақан Сері әндерін әуелеткенде қандай адам баласы Ақан Сері мен Жалмұқанның арасына араздық пен қызғаныштың отын жаға алады деген ойға келдім, – деп толқи сөйлеп, көзінде жас кілкілдеді.

Осы жайға тебірене қалған Абай Айтмұхамбетов маған ойлана қарап:

– Сіз бүгін Ақан сері мен Жалмұқан әулетін қайта қауыштырып, жылдар бойы оңалмай келе жатқан пендешілік наз-наланы тарқатып, ағайын арасын жарастырып, әділеттің шын, тура сөзін айтқыздыңыз. Не көрмеген халықпыз... бүлінген тарихты жөндеу қандай қиямет еді. Оның ішінде әдебиеттегі қолдан жасалған «жағымсыз кейіпкерлердің» тағдыры... – деді.

Шай үстінде Жалмұқан мен Ақтоқтының ұлдары тағы да көз алдымыздан өтті. Ең үлкен ұлы Тоқан жетпіс тоғыз жасында қайтқан. Әкесімен бірге кәмпескеге іліккен Сұлтан айдалып, Қиялы деген жерде қуғында жүрген. Ол кісі 1983 жылы сексен жеті жасында дүние салды.

Жайлауға 1986 жылы тоқсан жеті жасында уақыт жетті. Сұлтанның бәйбішесі – Ғайнижамал. Бұл кісінің құрсағынан – осы көзі мөлдіреген Шайнұр апа және Сабыр туған.

Бізге ғайыбынан кездесіп, осы ауылға алып келген мына Балташтың атасы Уәли кезінде Сұлтанмен қатар жүріп, орыс қалаларында сауда-саттық жасап, жан-жақтан білікті молдаларды әкеліп, балаларды оқытып, медресе үшін зәулім үйлер салдырған. Өзі салсерілерге үйір боп, өнерге құлай беріліп, өз қолымен скрипка да жасаған. Бірақ ерте қайтқан. Әрқайсысы бір-бір тұлға, бір-бір бітім! Кейбірінің көп ісі ұмытылған. Ескерусіз, елеусіз қалған. Осының бәрі-бәрі сел-сел әңгіме боп, Ақан Сері... Жалмұқан мен Ақтоқты,

олардың осы бес ұлы, екі қызының аруағына құран оқылды.

Көкшетауға қайтар шақта ауыл шетіндегі ескі қорымға барып, екі төмпешік боп қатар жатқан Жалмұқан мен Ақтоқтының басына дұға жасадық. Екі бейіттің қасына түсіре бастаған қызыл кірпіштерді көрсеткен шөбересі Балташ:

– Ақан Серінің күмбезін «огнеупорный» кірпіштен салған. Жалмұқан атам мен Ақтоқты әжеме де сондай мықты кірпіштен күмбез орнатамыз, – деді.

Біз:

– Ниет қабыл болсын! – деп хош айтысып, жолға шықтық.

Күн еңкейіп кіші бесіннің самалды лебі білінгенде «Мәдениет» ауылының іргесіндегі Ақан Сері күмбезіне келіп, дұға қылдық. Одан Сарыкөл мен Қоскөлдің жағасын жағалап, Ерболға Ақан Сері әндерін айтқызып, бағанағы шертілген көп тарихты тағы бір еске түсірдік. Бұл жер Ақан серінің көз алдында қырмызы гүлдей құлпырған Сырымбет сұлуларының ішінде қара басы «қыз патшасы» дерлік Ақтоқтының өшпес әнге айналып, аңызға іліккен жері.

Біз ат басын Көкшетауға бұрғанда жол бойы жүрегімді Ақан серінің арманды шері толқытты да отырды.

БАЛҚАДИША

1985 жыл. 31 шілде...

Көкше жері сансыз көкек сұңқылдаған мамыр күніндей тамылжып, балбырап жатты. Көк жүзінде ауық-ауық бұлттар ойнап, себелеп жауын жауып, лезде шайдай ашылады. Лып-лып етіп, жұпар леп еседі. Саф ауа көкірек жарады.

Мен Көкшетауда облыстық сотта қызмет ететін жақын інім Өміртай Балабековтың үйінде радио-журналист Жанатай Бекеновты тағатсыз күтіп отырдым. Екеуіміз дәйім Көкше төңірегін бірге аралайтынбыз. Бұл өңірдің сал-серілерінен көп жайға қанық жігіт. Изетті. Зерделі. Елгезек. Ақан сері өмірін жақсы біледі. Жазған деректі әңгімелері де сондай нанымды, дәл, тиянақты боп жатады. Мені осы жағы өзіне баурай тартады. Көкшетауға келгенде Жанатаймен жүздесем, көкейдегі бар дітім орындалатындай көрінеді.

Жанатай осы жолы да жайраң қағып алдымнан шықты. Демалыста екен. Уақыты мол. Уағда бойынша жарқылдап келе қалды.



– Баратын бағытымыз Балқадиша ауылы ма, аға?

– Иә.

– Ол Кеңөткел деген ауыл. Зерендінің батыс жағы. Жолымызда ат төбеліндей Забровка ауылы бар.

– Білем.

– Машинаңызды өзіңіз айдайсыз ба?

– Өзім.

Біз жолға шықтық. Машинада жұбайым Тиыш және екі қызым-Қарлығаш пен Ләйла. Өзіммен қатар Жанатай отырды.

«Балқадиша» әнінің хикаясын бір шама білетін едім, сырттай ғана. Ал 1980-жылдың желтоқсан айынан бастап (Біржан салдың 150 жылдығы қарсаңында бұл ән дүлдүлін зерттеуге арнайы тапсырмамен келгемді. Ол кезде қазақ радиосы, музыка редакциясының Бас редакторы едім. – И.Ж.) Көкшенің қария сөзді көнекөздерінен, Балқадишаны көрген-білген жандардан қилы-қилы әңгіме, дерек жинап, оған қызыға ден қойып, әлі де болса соның үдесінен шыға алмай жүргемді. Ақан сері өмірінің бір шуақты, әрі өкінішті сәті қыр етілген бұл ән әуел бастан аңызға айналып кеткенді. Уақыт өте келе ол жөнінде ел сөзі әрқилы шертілетін. Бірақ соның бәрі негізі бір арнаға түсіп, шындыққа тоғысып жататын.

Ақан Серінің көп күйіп, көп сүйінген жүрегінің бір тебірене елжіреген кезі «Балқадиша» әнінде қалып қойды.

Бұл ән кешегі бір күндері ұзақ жылдар бойы:

Дегенде, Балқадиша, Балқадиша,

Күйеуің сексен бесте шал Қадиша,

– деп айтылып келді. Әлі де солай айтылып жүр. Өресіз, білімсіз біреулер уылжыған Балқадишаны қутындаған шалға тигізіп, жүректі ауыртатын, ар-ұжданды қорлап, намысқа тиетін әдепсіз клип түсіріпті. Қандай сорақылық! Не деген жетесіздік! Ненің не екенін білмейтін, мәнғүрттік деген осы болар, тегінде! Әндегі сол баяғы қолдан жасалған жалған сөздің сүреңі санадан өшіп, ұмытылатын емес. Жүрекке байланған дерт, ол! Айықпай, жөнделмей келе жатқан зардабынан арылу қандай қиямет, қандай қиянат! Бүгінгі және келер ұрпақ «Балқадиша» әні жөнінде осы теріс түсінікпен кете бере ме, еш шындыққа көзі жетпей?

Ол кездерде Балқадишаның өзі дін аман, ел ортасында өмір сүріп жатқанды. Радиодан «Балқадиша» әні әлгі сөзбен беріліп, не газет, журналдарға, кітаптарға шындыққа үйлеспейтін дәйексіз әңгімелер

жазылып жатқанын естіп-көргенде өзге-өзге түгіл Балқадишаның өзі шарасыз күйге түсіп, не дерін білмей, күрсініп қана іштен тынған.

Соғыс жылдарында Зеренді төңірегінде гастрольде жүрген артистердің ішінде бір әншілер «Балқадиша» әнін әлгі сөзбен шырқапты. Сондай концерттерді өз ауылы Кеңөткелде өз көзімен көрген Балқадиша: «Мына жазғандар не деп отыр?» деп, биязы, жұмсақ мінезімен мұная бас шайқапты. Ән сөзіне жыны келге бір ақсақал: «Аққудың көгілдіріндей үлбіреген Балқадиша өз сүйгеніне ұзатылып еді. Міне, ортамызда отыр, осы концертте. Әй, ессіз неме, сен өзің не деп оттап тұрсың?» деп желпілдеген ұшқалақ әншіні сахнадан қуып шығыпты. Бұл – қауесет емес, анық болған жай.

«Балқадиша» әні қалайша өзгеріске түсті? Бұл сырды жұрт біле бермейді.

Жиыrmасыншы, отызыншы жылдарда қазақтың көп әні жаңа социалистік қоғамның насихат құралына айналып, өзінің о бастағы сөзінен, мәнінен ажырады. Сол кездерде колхоздастыру, сауатсыздықты жою, әйел теңдігі науқаны басталғанда Үкілі Ыбрайдың «Толқын» әні: «Елім бар колхоз болып дүрілдеген» деп, «Ақбаян» әні «Ой, Ленин, қараңғыда көп елің» деген қайырмамен, «Балқадиша» әйел теңсіздігін шенеген (әлгі сөзін жазған Мақсұтбек Майшекин. 1939 жылдан бастап радионың музыка редакциясында қызмет еткен. – И.Ж.) ән боп шыға келді. Үлебайдың «Дударайы» ұлттар достығы саясатына орай көріне көзге Мариям Жагорқызының әні боп, ел санасына еріксіз сіңді. Ықылым заманнан бері бір сөзіне қылау түспеген әндеріміз «жаңа сыпатқа» ие боп, құбыла қалды. Әндердің тәлкекке түсуі осылай басталды.

Сол әндердің бірі – «Балқадишаның» біраз сыры дәптеріме ауық-ауық жазылып жүрді.

Балқадишаға байланысты көп әңгімелердің бірін «Көкшетау правдасы» газетінің редакторы, жазушы Жанайдар Мусиннен естідім.

Бір жолы қасымда осы Жанатай бар, Жанайдармен тағы бір жүздестік. Жұмыс мезгілі еді. Тағы да Балқадиша хикаясын қозғадық. Аса инабатты Жанайдар келгенімізді хош көріп, ақсары жүзі нұрланып:

– «Балқадиша» повесін енді ғана бітірдім. Уақыт дегенге зәрумін. Газеттің ісі жүйкемді тоздырды. Сал-серілердің әңгімелерін тыңдап-ақ жүрміз, Ал соның көбін дер кезінде қағазға түсіре алмаймыз. Көп

жай ескіріп, ұмытыла береді. Сіздің Көкше жеріне келіп, зерттеп жүрген ісіңізге қызығамын... қызығамын, -деп, сыпайы қалпымен күліп қойды.

– Көркем шығарманың табиғаты ол өзгеше бір құбылыс. Жазушының «вымысль... домислы» болады, ол – түсінікті жай. Ал мен «Балқадидиша» әнінің шығу тарихын қаз-қалпында білгім келеді, – дедім, өз ойымды бірден сездіріп.

Жанайдар жайлап сөз бастады:

– Ана бір жылы... о, одан бері қанша көктем, қанша қыс өтті, балаңдау кезім. Хасен деген етікші жездеміз бар еді. Сол кісінің үйіне бойы тіп-тік, киген киімі тап-таза, әсем, көзі мөлдіреген аққұба бәйбіше келіп жүрді. Көркіне қызығып: «Бұл әже кім болады?» деп сұрадым, жездемнен. Мінезі сабырлы, тұйық жан: «Балқадидиша ғой. Маған сәнді кебіс тігіп бер, деп келіп жүр. Өте қасиетті кісі» деді жайбарақат қана.

Жанайдар осылай деді де, есіне әлдене түсті ме, үнсіз түрегеліп барып, сейфін ашты. Ішінен бір сурет алды. Басында пұшпақ бөркі бар, сұйық мұртты, өңі ашық, байсалды қария. Жанайдар суретке ойлана қарап, әңгімесін жалғады:

– Зерендіні көрдіңіз. Оның көгілдір жоталарына жалғас Қошқарбай тауы көлбейді. Іргесінде шағын ғана ауыл отыр. Қошқарбайдан әрі қарай Жыланды тауы созылады. Сол маңда Ащылы, Жекебояқ өзендерінің аралығында кең көсілген жасыл алқапта Қылды Қарауылдың ауылдары қаз-қатар мекен тепкен. Ол жер бұрын Жыланды болысы атанған. Осы елде Шөкейдің Ыбырайы деген аса зиялы, елге силы кісі болған. Өзі орташа ғана дәулет жиыпты. Үйіне игі жақсылар, әнші-күйшілер, ақын-жыраулар, аңшы-атбегілер, ұста-зергерлер көп үйірілген. Жаратылысынан турашыл, әділ жан жігіт ағасы боп толысқан кезінде ел ішінде билік айтқан. Сөзі дуалы би атанған. «Балқадидиша» әнінде Ақан сері өз сөзін: «Қызы едің Ыбекеңнің Балқадидиша» деп, ілтипатты сезіммен бастайды ғой.

Ақан сері елу сегізді мол қусырған кезінде көрген, толықсыған Балқадидишаны! Мына қолымдағы суреттегі кісі-сол таңғажайып кездесудің куәгері.

Осы сәтте телефон шылдыр ете түсті. Жанайдар әңгімесінің үзілгеніне ыңғайсызданып:

– Ғафу етіңіз... Ә, типографиядан ба? – деді, трубканы көтеріп.

Телефондағы сөз бітер емес, ұзап барады. Жанайдар тұнжырап, тыңдады да тұрды.

Мен Ақан серіні елестеттім: Бір кездегі «жігіт дүррі» дерлік пан келбеті жоқ. Қырандай жұтынған жігерінің ізі қалмағандай. Екі иығы бүрісіп, шапаны ескі туырлықтай салбырап, ат үстінде мүлгіп келеді. Қасында мылқау баласы Ыбан ғана. Басын көтеріп, төңірекке көз салмайды. Жан-жағы тым-тырыс. Жып-жылмағай. Құлазыған құла түз. Тұңғыық дүние.

Ендігі бір сәтте ол жүзі жылып, жүрегі шымырлап: «Бәтима... Бәтима! Ақтоқты... Ұркия... Жамал...» дейді, күбірлеп. Күлімсірейді. Ұмсынады, бәріне... Сол тамылжыған күйінде кілт сынып, жүрегі мұздап: «Жоқ, бәрі де жоқ. Ұшып кеткен періште... зым-зия жоқ... тастап кетті, бәрі де!» дейді, жан-жағына меңірейе сүзіліп.

О, тоба, ол қайта селт етті. Жер мен көктің арасы бұрқаған шаң. Қара дауыл. Кең даланы, тау мен тасты, айдынды көлдерді айқай шу кернеді. Құландай жосылған тұлпарлар... сұрапыл шабыс. Алыста... тым алыста қазбауыр бұлттарға көз тігіп, жойқын бәйгенің алдында жұлдыздай ағып бара жатқан Қоңыр атын, Құлагерін көрді. Көзін уқалап жіберіп, қайта қарап еді, бәрі-бәрі ғайып болды. Артына бұрылып еді, соңында Қарабедеуі, Кербесті, Көкбесті, Торы, Күрені... Қаратайы еріп келеді. «Е, бар екенсіңдер ғой» деп, жымия бергенде олар да елес екен. Зым-зия жоғалды. Ақан сері қайта езіліп, басыла түсті.

Қанша жол жүргені белгісіз, түс көріп келе ме, Құдай-ау, тағы да құлағы шыңд ете қалды. Шаңқылдаған үн естілді. Ақан сері самарқау ғана көк аспанға сарыла қарады. Қараторғай! Әні, Көкжендеті! Көкала бұлтты тескілеп, жай отындай атылып, екеуі де көрінбей кетті. Көз жазып қалды, әп-сәтте. Ақан сері амалсыз сынды, тағы да.

Ол ішінен: «Мына дүние... құбылуын. Алдауын. Емексітуін сөйтетіні бар, соның бәрін неменесіне көрсетеді, сиқыр дүние?» деді, шошып оянған жанша елеурей сөйлеп.

Өзіне-өзі келе алмай, булығып: «Бас!» деді, өз сөзінен өзі селк етіп. Көзіне ештеңе көрінбеді. «Ә, сылаң қаққан құмайым... қыздай еркелеткен Базарала, сен қайда құрып кетіп едің? Сен де жоқсың... Жалғыз Ыбан... Ыбаным келеді, қасымда»...

Жанайдар типографиядағы біреулермен бірдемеге келісе алмай, қиқылдаса сөйлесіп жатқанда мен де Ақан сері секілді осы бір елестерге еріксіз еніп кеттім.

Жанайдар біраз күйіп-пісіп:



– Жә, түсіндім бәрін. Түстен кейін барам. Дүние өртеніп кетсе де күт! Өзің де дегбірсізсің, бар істі біреудің қолымен істегің келеді. Сендей судыраған суқит верстальчикті көрсемші, – деді, еріксіз мырс етіп.

Жанайдар әңгімесіне қайта сабақтады:

– Ақан сері қасында Ыбаны бар, Жыланды тауын жағалап келіп, Тіріжан қажының ауылына тоқтайды. Осы ауылда бірнеше күн аунап-қунап, көңілін сергітіп, өзін аялаған жандардың алдында жүзі нұрланып, шешіле сөйлеп, булыққан әндерін шалқытады, жадырап. Оның бұл келісін көрші ауылдың бәрі естиді.

Осы ауылмен іргелес жатқан Монтайдың Мұсасының ауылы да үлкен қуаныштың үстінде еді. Бір дулы шілдеhana болады екен. Оған Ақан серінің де барғысы келеді.

– Туған нәресте кімнің баласы?

– Ол менің әкем-Баймырза!

– Солай де...

– Иә. Сол кезде Балқадияшаның жиырмадағы кезі екен. Атастырылған жері бар. Болашақ күйеуі – елге сыйлы Масабайдың Сүлеймені. Іргесі берік, айтулы әулет. Масабайдың әкесі жас кезінде елге найзагер, батыр боп аты шыққан айбарлы жан екен. Бұлардың тектілігін жақсы білген Ыбырай Масабаймен ниеті жарасқан құда бопты.

Енді қолымдағы мына бір суреттің жайын айтайын: Бұл кісі – Оспан деген әнші. Оспанды 1959 жылы көктемде қайыңжұртыма барғанымда көрдім. Ақтоқты келін боп түскен Жақсылық елінің адамы.

Оспан Ақан серінің ән-жырларын бізге жеткізген әншілердің бірі. Аялап, қолпаштап, көтермелеп отырып шыркатса бір мүдірмей, желпіне сілтейтін сергек сезімді дүлдүл. Баяғы серілердің көзі дейсің, сүйсініп. Нағыз қызулы шабыттың иесі. Ашық, таза үні шарықтап кеткенде қиял тербейді. «Балқадияша» әнін дәл осы Оспандай тамылжитқан әншіні естігем жоқ. Тек Манарбек Ержановтың үні ғана ұқсайтын секілді. Оспан сол жолы талай естіп жүрген Балқадияша хикаясының біз білмейтін көп құпиясын ашты. Анық, дәл, өрелі әңгімені осы кісіден алдым.

Енді әлгі Монтай ауылындағы шілдеhana жайын айтайын:

Зерендінің етегі. Көк кілемдей керілген көк майсалы байтақ еңіс. Жан-жағы – мүлгіген қайыңды, қарағайлы тоғай. Өндері шартарапқа самғаған думанды ауыл сүттей жарық айлы түнде ақбоз үйлері

мамырлаған қаздай боп, ап-анық көрінеді. Ауыл шетіндегі оқшау тігілген төрт-бес сәулетті үйдің маңындағы көңілді шуды бетке алған Ақан Сері Ыбан екеуі алтыбақан тепкен жастарды жанай өтіп, ең үлкен ақбоз үйдің алдына кеп аттан түседі. Сол елеусіз қалпы қызойнақ дуылдаған үйге кіреді. «Орамал тастау» ойнап жатқан қыз-жігіт бірден лып басылып, тосын келген қонақтарға тіксіне, тосқырқай қарайды. Дәйім ел қолпашына үйренген сері ішінен өзінің мүшкүл халін сезініп, үн-түнсіз төрге шығады. Сырттай қарағанда – бір меніреу, мылқау жан. Отырғандар жайлап қана бірінен соң бірі тысқа шыға жөнеледі.

– Бір дуана...

– Сүметіліп қайдан келе қалды, өзі?

– Кім жіберді, бұларды?

– Өй, сүйреп тастайық, өздерін!

Гулесе дағдарып, ішіндегі қаны қызу содырлары өстіп бұрқылдай бастағанда бұлардың қасына шілдехананы басқарып жүрген Мәлік, Ғаббас, Төкен есімді жігіт ағалары Ақан серінің келгенін ети сала, басқа бір үйлердегі қызықшылық ортасынан сытылып шығып: – Оу, бұл не тұрыс? Бұл кісі – Ақан Сері ғой! Ақан сері! Қане, шуылдамандар, түге! – деп, үшеуі үйге кіріп, әншіге сәлем береді.

Ал үрпиіскен қыз-қырқын, жігіт-желең сол состиган күйі үйге қайта кіруге беттемей, тұрып алады. Біреулері алтыбақан жаққа бұрылады. Тағы бір тобы ақсүйек ойнағандарға барып қосылады. Желөкпелі қыз-жігіттің біразы құтырып, жасырынбаққа кіріседі. Мәлік, Ғаббас, Төкендер сәл аңтарылып, «Балқадिशаны әкелейік» десіп, ауыл шетіндегі Ыбырай ақсақалдың ақбоз үйіне қарай тартады.

Бұл тағы да еске салайын, қалың Қарауыл ғана емес, жапсарлас жатқан Атығай мен Керей, Уаққа сыйлы, әулие пішінді Шәкейдің Ыбырайы дейтін лебізінен бал тамған, аса зиялы, көсем сөзді, гибратты адам.

Ыбырай үш рет үйленген. Бәйбішесі – Жықыш. Бұл кісінің құрсағынан – Балқадisha (шын аты – Төкен), және Сейітбаттал.

Екінші қосағы – Әйімбет ауылының қызы – Балжан. Екі перзент көріп, олар да, өзі де ерте қайтқан.

Үшінші әйелі – Тінібай қажының қызы – Алтын. Одан – Балқадishaдан көп кіші Қадisha. Забровка ауылында отыр.

Ыбырайдың бәйбішесі Жықыш біраз жыл науқастанып, Балқадisha шешесінің сол жағдайына қарайлап отырыпты. Ал

бір күндері шешесі дүниеден қайтады. Жылы беріледі. Бұл парыз өтелген соң Балқадишаны өзінің атастырған жеріне ұзатуға әзірлік жасап жатқан кезі еді, бұл.

Ыбырай ақсақал Ақан Серінің келгенін мына үш жігіттен естіп, мән-жайды білген соң:

– Ой, Құдай-ай, Ақан Серідей жігіт пірін танымады деген не сұмдық? Мына парықсыз жұрт не боп барады, түге? Ой, серім-ай! Ой, Ақаным-ай! Бар болшы! Жүрші осылай, қараңғы дүниені жарық қып! Шырқашы, кей мәрғауды ұйқысынан оятып! Бара ғой жаным, Балқадиша, Ақан ағаңның қасына! – деп, жаны қалмай жалпақтап, рұқсат етеді.

Балқадиша да әкесінің сөзіне елең етіп, ұшып түрегеледі. Сөйтеді де, екі жағында сылқылдаған екі жеңгесі – Ұмсын мен Ділда бар, өзін өбектеген Мәлік, Ғаббас, Төкен бар, бәрі Ақан Сері отырған он екі қанат ақбоз үйге келіп кіреді. Қалғып-мүлгіп, төмен тұғжиған жабырқау әншіге иіле сәлем беріп, оң жағынан орын алады. Жігіттер елпектеп, Балқадишаны таныстырады.

Балқадиша! Әлбетте, Ақан сері Балқадишаны біледі. Білгенде қандай! Көз алдында қырдың қызыл гүліндей құлпырып өскен Балқадиша! Бүгінде ол осы өңірде «мандайында жанып тұрған шырағы бар!» дейтін айтулы сұлулардың ішінде жұлдызы биік періште! Жалт-жұлт еткен дүррі гауһардың өзі! Ақан Сері ауызымен құс тістеп, аспандап, асып-тасып жүргенде бұл елді талай рет думанға бөлеп еді. Ыбырайдай ел құтының үйінде де болғаны есінде. Балқадиша да есінде.

Сол Балқадиша! Толықсыған кербез ару. Жаркылдаған жанарында күллі дүние жайнап тұр. Ә, дүние... Ақан Серінің көз алдынан бір дулы өмір зу етіп өте шығады. Бәрі де өң мен түс. «Өсіпті. Бойжетіпті». Ол іштей мейірлене тамылжып: «Ыбекемнің Балқадишасы!» дейді, үздіге қиылып. Тамыр-тамыры иіп, нұры азайған тұңғиық көзі жақұттай жарқырап, шапақ шашады. Жүрегіне ып-ыстық қан толады. Ыбаны үнсіз жаудырап, әкесіне күлімсірей карап, дорбасынан алып, домбырасын ұсынады. Ақан Сері пернеге саусағы тиген сәтте, кеудесін шалқақ көтеріп, паң көкірекпен қиырға сарыла көз салып:

Шырмауық шығарында бас тартады,
Біздің ел ерте жайлап, кеш қайтады.

Жайлаудай құлазиды біздің көңіл,
Жанымды ұғар жан жоқ, жас қартайды! –
деп, толғаулы үнмен жүрек сыздатып:

Ахау, дүние жалған,
Бітер ме, арман!

Қу тірлік шырмауықтай шырмап алған! – деген сөзді құсалы көкіректің уһілеген лебімен білдіріп, сәл жымысып, әлденені есіне түсіргендей:

Үйректің атқызбайды қасқалдағы,
Шебердің былқылдайды басбармағы.
Бұл күнде ағаң болдым төр алдында,
Бір кезде Ақан едім аспандағы! –

деп, масаттанған жанның кейпіне түсіп: «Ә, бір кезде мына мен сондай Ақан сері едім, бүгінде адам танымастай өзгердім бе? Неге қаштыңдар менен? Адам шошитын диюана ма, едім? Сүйем ғой, сендерді! Сендерсіз күн бар ма, менде! Көргім келеді, сендерді... аңсап жүрем, бәріңді! Көрмейсіңдер ме, қолымда сал домбыра, нені толғап отырмын, мен, а?» деген сөз жүрегін күйдіріп, дүниені әжуа қылғандай өзінен-өзі мырс етіп, қоңыр үнмен балбыраған домбыраны өршелене қағып-қағып жіберіп:

Дүние-ай, қызыл-жасыл кімді алдадың?
Сен берген ризықтан құр қалмадым.
Дәуренді мендей сүрген кім бар екен?
Сонда да қызығына бір қанбадым!
Ахау, дүние жалған,
Бітер ме, арман!

Қу тірлік шырмауықтай шырмап алған! –
деп, шер толы көкіректі босата аһылап, аһылаған сайын үні тым алысқа ұзай береді.

Осы кезде сыртта ошарылған топ бірін-бірі кимелеп, үйге лап беріп, жапырласа кеп жайғасады. Ақан Сері бәрі-бәріне бас изей амандасып, сынық мінезбен сыпайы ізет білдіреді. Ойын бастаушы жігіттер жиынға дуылдата жел беріп, Ақан Серіні ардақтап, Зерендінің керілген кербез алқабын әнмен толқытады. Сол сұлу үннің бірі – оң жағында ақ маңдайы шаңырақтан жарқыраған алтын Айға шағылысып, әндей мөлдіреп отырған Балқадिशаның үні еді!

Жаздың қарға адымындай қысқа таңында қаншама ән шарықтады. Ақан Серінің жай сөзінің өзі шырын әуездей шертілді. Өзін

қолпаштаған жастар – бір төбе де, Балқадидиша – бір бір төбе! Ақан Серіні Балқадидишаның назды қылығы, жанын жадыратқан жұпар лебі, тіл байлап ұмсындырған сұлу көркі шалқытты. Балқадидиша жанында отыр, бірақ ол сондай алыс. Ғарыштағы жұлдыздай арбайды. Ақан Сері құмарлық отына күйіп, іштей уілейді.

Таң саз беріп, бозторғайлар дүр сілкініп, шырылдай бастағанда Балқадидишаның екі жеңгесі Ділда мен Ұмсын Ақан серінің алдына иіліп кеп, рұқсат сұрайды. Ләйліге есі кеткен Мәжнүңдей хал кешкен Ақан сері қилы-қилы ойға шырмалып, екі көзі қара бұлақтай тұнып, жеңгелеріне қимастықпен бас изеп, риза көңілмен рұқсат етеді.

Арада біраз күн өткенде Ақан Сері сол мандағы ауылдарды әнмен сусындатып, Жыланды жағына барғанында Балқадидишаның ұзатылғанын естиді. Бір қоңыр кеште Ақан сері гулеген жұрттың сөзінен жырақтап, қолында домбырасы... Жыландының құз-жартасының ығында көзі ып-ыстық жасқа толып, әр пернені үзіп-шалып:

Қызы едің Ыбекеңнің Балқадидиша,
Өзенді өрлей біткен, шіркін-ай, тал-Қадидиша!
Сексен қыз серуенге шыққан кезде,
Ішінде қара басың, па, шіркін, хан Қадидиша!
Дегенде Балқадидиша, Балқадидиша,
Бұралған белің нәзік, шіркін-ай, тал-Қадидиша!
Бір емес, екі жеңгең келіп отыр,
Рұқсат бізден Сізге, амал не, бар Қадидиша!
Дегенде Балқадидиша, Балқадидиша,
Боларсың біздің сөзге, дүние-ай, зар Қадидиша!
Бұлаңдап асау тайдай жүрген басың,
Боларсың қандай жанға, дүние-ай, жар, Қадидиша!
Басынан Жыландының құлағаным,
Кекілін кер бестінің шіркін-ай, сылағаным,
«Кетті» деп Балқадидиша естігенде,

Құшақтап құз-жартасты, шіркін-ай, жылағаным! – деген іңкәр жүрек лүпілі «Балқадидиша» әні боп өзек жарады.

Ақан серіге үміт шырағындай көрінген Балқадидиша таң шолпаны секілді алыстай береді... алыстай береді. Ол енді болымсыз дәмемен емірене ұмсынған көңілдің өкінішті көксеуі боп, көз талдыра бұлдырайды. Алты қырдан асып, үнсіз тынған бір арманды ән. Күні кеше ғана Жамалға да өстіп құлай беріліп, алды-артын ойлатпай

алдап соққан аңғал жүрегінің мазағына қалып еді, енді, міне тағы да:

«Кетті» деп Балқадидиша естігенде,

Құшақтап құз-жартасты, шіркін-ай, жылағаным, -деп, адам түгіл бәрі-бәріне жарық дүниенің өзін таңғалдырып, ессіз махаббаттың зарын тартады...

Жанайдар Балқадидиша хикаясын аспай-саспай осылайша аян етті. Маған ойлана қарап:

– Сіз де зерттеп жүрсіз ғой, мен білетін сыр – осы, – деді, қоңыр көзінде «Бұған не дейсіз?» деген сауал тұнып.

Мен:

– Балқадидиша әңгімесінің айнамайтын өзегі – осы! Бәрі рас. Қаз-қалпында айтылды. Дәптеріме түскен сөздің нобайы осыған үйлеседі. Рахмет, Жанайдар... қадірлі Жәке! – дедім, жүрегімнің түпірінде «Балқадидишаның шәрбәт әуезі діріл қағып.

Зерендіге бет алған ұзын жолдың үстінде осының бәрі-бәрі көк жүзінде маңып бара жатқан ақша бұлттар секілді көз алдымнан өте берді... өте берді.

Алыстан мұнартып Зеренді де көріне бастады.

Түйдек-түйдек боп, ойнақтап шыға келген қара бұлт ауық-ауық сеуіп өтеді. Көз ұшында көгеріп Қошқарбай тауы жатыр. Оң жағымызда Кеңөткел ауылы сағымдай бұлдырайды. Төңірекке ойлана қарап келе жатқанда Жанатай:

– Аға, әні, Забровка, -деді, осы ауылда сіз екеуіміз әңгімесін көп тыңдаған Ескендір Итжанов ақсақал қайтыс болған.

– А? – дедім, оқыс сөзге елең етіп.

– Е, естімеген екенсіз ғой, солай болды, жазмыштың ісі.

Забровкаға бұрылып, Ескендір ақсақалдың үйіне кеп, тоқтадық. Қадидиша апа есік алдында отыр екен, бізді танып, орнынан ұшып түрегелді. Ұлы, келіні, бала-шағасы шүпірлеп қуана қарсы алды. Амандық-саулық сұрасып, көңіл айттық.

– Келгендеріңіз онды болды, апам сізді көп әңгіме қылады, -деді бәйек болған кіші ұлы Темірбек,-қонақ болыңыздар...

Біз жүрісіміздің мән-жайын түсіндірдік. Қадидиша апа көзі жасаурап:

- Балқадидишаның қыздарын іздеп шыққан екенсіңдер, -деді. Ана жылы қасыңда осы Жанатай бар, екеуің келіп біздің отағасымен әңгімелесіп жүргенде талай рет айтуға оқталдым... мен сол Балқадидишаның туған сіңлісімін, шырағым.

Заматта өткен күндер көрінісі көз алдыма тұра қалды. «Мен бір кезде жарықтық Үкілі Ыбырайдың қойнына жатқан бала едім ғой» деп, ағыла сөйлеген Ескендір ақсақалдың әңгімесін Жанатай екеуіміз магнитофонға жазып отырғанда бұл бір жылы жүзді бәйбіше әр сөзді бас изей қосшап, тамылжып, үнсіз тыңдай беретінді. Сөзге араласпайтын. Қараңыз енді, «Балқадिशаның сіңлісімін» дейді. Жүрегім лүп ете түсті.

Қадиша апаны сөйлеткім келді. Ол дәмем де үйлесе кетті. Қадиша апа жүзінен мейір төгіліп, «осы сөзді әбден сақтап жүр едім» дегендей өз-өзінен шешіліп, сыр тиегін ағытты:

– Әкеміз Ыбырай үш әйел алған кісі. Бағзы біреулер сияқты бақдәулеттің буымен үйленбеген, оған жазмыштың ісі себеп болған. Үлкен шешеміз Жықыштан – Балқадиша... менен көп үлкен. Мен 1906 жылы тудым.

Жықыш дүние салғаннан кейін әкеміз Балжан деген шешемізді алыпты. Ол Әйімбет ауылының қызы. Бұл кісі екі құрсақ көтеріп, бірақ олар тым ерте шетінепті.

Менің шешем – Алтын, Тінібай қажының қызы. Бүгінде сол шешемізден Күлжәмила екеуіміз бармыз. Күлжәмила Мәлік Ғабдуллин атындағы совхозда тұрады. Мына Қошқарбай тауын етектеп, Батысқа қарай шамалы жер жүрсеңдер Кеңөткел ауылы бар, Балқадिशаның үлкен қызы Күлия сол ауылда. Зерендінің ар жағында Айдабол ауылына тиіп-ақ тұр «Сандықтау» совхозы. Балқадिशаның кіші қызы Нағима сонда. Екеуі де үйлі-баранды, үбірлі-шүбірлі тоқтасқан жандар. Күйеулері өзіміз тұрғылас қариялар.

Өзім төрт перзент көрдім, екеуін жерге бердім. Ескожам мен Темірбегімнен өрбіген мына бір шүпірлеген қара-құра бар. Біздің отағасы әуел баста он жеті жыл мұғалім болды. Одан кейін колхоз бастығы, ауыл кеңес бастығы боп, біраз жыл селпода қызмет етті. Бұл жерге 1958 жылы көшіп келдік.

Балқадиша хақында ел сөзі – жөн сөз. «Балқадиша» әні... ондай ән... е, оны Ақан серідей адамның асылы шығарса, ол тегін бола ма? Адамның жүрегі бостан-босқа елжірей ме, сөйтіп? Балқадиша апамыз Ақан серінің әндерін бізге жібектей сызылып отырып айтқанда жүзі гүл-гүл жанып, бір шуақты сезімге беріліп, мөлдірей қалатынды. Дауысы да сондай сырлы еді. Көп желпіне бермейтінді. Кез келген жанға онша ашылып, сыр айтпайтынды. Ал көркі, сұлулығы... оны келістіріп айта алмаймын. Өле-өлгенше сол ажары

жан біткенді таңғалдырумен өтті. Көріп отырсыңдар, мен Балқадидиша апама мүлде ұқсамаймын.

Балқадидишаның бітімі бөлек. Белі бүгілген жоқ. Тіп-тік қалпында кербез келбетінен өзгермеді. Жарқыраған ақ маңдайына сызат та түспеді. Арқасындағы тып-тығыз қос бұрымы сұйылмады. Үсті-басына шаң жұқтырмай таза киінді. Сол нұрлы, көрікті қалпымен жан біткенді өзгеше бір құдіретпен тартып: «О, шіркін, Балқадидиша десе, Балқадидиша!» деген сөзді талай естідік.

Қадидиша апаның әңгімесі Жанайдар Мусин шерткен сырмен қабысып, шай үстінде де жалғаса берді. Бізге белгілі, белгісіз жайлардың бәріне ол дәйекті сөздер сәулесін түсірді. Кейбір дүдәмал сырлардың беті ашылды. Анықталды.

Қадидиша апамен қоштасып, жолға шықтық. Енді ат басын тірейтін жеріміз – Кеңөткел!

Біз жол үстінде Балқадидиша әулеті жайында қилы-қилы әңгімелерді тағы да еске алып, Қошқарбай тауын жебелеп кеп, жалпақ саздың ортасында отырған ауылға да жеттік. Тоқтаған үйіміз – Балқадидишаның үлкен қызы Күлияның үйі.

Күлия орта бойлы, нәзік, аққұба, пісте мұрын, кісіге тік қарайтын көзі өткір жан екен. Бірақ сондай мейірімді, «қарағым, шырағым» деп аялап сөйлейді. Үні де биязы. Тұңғышы Тұмырза қайтыс боп, соның қайғысы біраз қажытып тастапты. Уһілеп, әр сөзін үзіп-үзіп айтты.

Мұң шеккен ананы жұбата сөйлеп отырғанымызда сырттан осы үйдің отағасысы Әлімжан ақсақал келді. Қауқылдаған, кеңқолтық, ақкөңіл жан екен, еш тосырқаған жоқ, амандық-саулық сұрасып, бірден шүйіркелесе кетті. Күлияға көзінің қиығын салып:

– Тағдырға айла жоқ. Жылап бақтық. Көз жасыңды тый, Күлия, бекінгеніміз жөн. Сабыр, сабыр дегеннен басқа не лаж бар? Алматыдан ат сабылтып келіп отырған қонақтардың жайын қылайық, – деп, бізбен етене жан секілді баурай сөйлеп, «Балқадидиша» әнін зерттеп жүрген жай-жапсарымызды білді.

Әлімжан ақсақал «Балқадидиша» әнінің оқиғасын еш іркілмей, айта жөнелді. Сөзі сондай жүйелі. Бағзы біреулер сияқты қоспай сөйлейді екен. Біз зерделеген жайдың бәрі-бәрін шегелеп, бекіте түсті. Балқадидиша әулетін де жөн-жөнімен таратты.

– Біз Қарауыл ішінде Дүйсен серінің тұқымымыз. Бұл атамыздың аңызы да ел ішінде сел-сел әңгіме. Ол Біржан салдардан әрірек адам.

Кешегі қырғын соғыс... Тәңір иіп, елге аман-есен оралдым. Мына Күлия апаларың отызға енді ғана ілігіп, жайнаған дер шағында жесірлік халге түсіпті. Елмен қауышып, қуанышымызда шек жоқ, біраз шайқақтап жүрдік. Бойымызда жастық жалын бар, қырмызы гүлдей құлпырған қыздарға қырындаймыз. Бірақ солардың ішінде Күлияға көзім түсе берді. Келе-келе мені әбден баурап, ешқайда тырп еткізбеді. Тал шыбықтай иіліп, былқылдаған сұлу келіншек. «Балқадिशаның қызы ғой, шіркін!» дегізген пәк ару. Шешесін көр де қызын ал!

Көркі жан қызығарлық сүйкімді болса, ақыл-парасаты да бойына бек жарасыпты. Менде ешқандай дүдәмал ой болған жоқ. Ақыры бір Тәңір иген күні Балқадisha анамыздың ақ батасымен Күлия екеуіміз отау құрдық. Сөйтіп, өмірдің ұлы көшіне ілесіп жүре бердік. Ауылдағы үлкен кісілер қуанып, бізге тілектестіктерін білдірді.

Әлімжан ақсақал ойлана бір кідіргенде Күлия сөзге араласты:

– Қадisha апайға соққандарың оңды болған. Ол кісі айтқан әңгімені несін қайталайын. Анамыз Балқадishадан ең үлкеніміз – Кәкім, ол кішкене күнінде қайтқан. Одан кейін – Мен, Төребай, Гүлсін, Нағима, Жетібай.

Осы сөзден кейін Күлия тағы да күрт сынып, үндемей қалды. Сөзге ілкімді Әлімжан ақсақал лып түрегеліп барып, төргі үйден біраз суреттер әкеліп, алдымызға жайып салды. Қарай бастадық Күлияның отыздағы кезі... көзінде нұр ойнап, назды қылық танытып, еркелеп тұр.

– Осы суретін үлкен кісілеріміз: «Балқадिशаның дәл өзі ғой, дәл өзі!» деп, қызығатын еді. Ал Балқадिशаның өз суретін көргілерің келе ме, шырақтар?-деді, Әлімжан ақсақал бізді оқыс таңырқатып.

– А, Балқадisha ма? – дедім мен, алдымдағы көп суреттерді сасқалақтай араластырып.

Әлімжан ақсақал ойлана бөгеліп:

– Дәл осы күндері ауылға Алматыда тұратын Кәріпхан дейтін қадірлі азаматымыз жұбайымен демалысқа келіп жатыр. Балқадिशаның суретінің бірі сонда. Ал тағы бір суреті мына іргелес Айдабол ауылында Рахия деген келінімізде болуға тиіс, – деді.

Шай үстінде де Балқадisha жөнінде көп-көп тосын әңгіме ортаға салынды. Мен Балқадिशаның суретін көруге асықтым. Менің осы көңіл-дітімді сезгендей Әлімжан ақсақал – ендігі сөзді сол Кәріпханмен жалғастырайық. Барайық оған. Оның тоқтаған үйі

ауылдың шетінде. Көріп отырсыңдар, Құдайдың құтты күні жауын. Ауыл арасы айғыз-айғыз арық. Шылқылдаған су. Машинаны қағыл-қағыл жерлермен айдап, Кәріпхан жатқан үйге баруға болады,-деп, түрегеле берді.

Біз сыртқа шықтық. Күлия апай көзі жаудырап, бас изей қоштасты...

Кәріпханмен жүздескенде бір-бірімізді танитын боп шықтық. Жанатайды бұрыннан біледі екен. Жөн сұрасып-біліскен соң, алдымызға қымыз келді. Әңгіме өз-өзінен қисын тауып, Ақан серіге ойысты. Кәріпхан біраз беймәлім сырларды қозғады. Ақан серіні біледі екенбіз, білмейді екенбіз. Жүйелі сөзге сүттей ұйыған Әлімжан ақсақал: -Кәріпхан, ұмытпасам, ана бір жылы сен Балқадишаның суретін алған сияқты едің, – деді.

– Иә, Әлеке, алғам, – деп, Кәріпхан да қоштай кетті.

– Мына екі азаматтың жолы болды, онда, – деді. Әлімжан ақсақал бір жоғы табылғандай елпілдеп.

– Балқадишаның суреті менде, Алматыға келейік, ол суретті беремін, саған, – деді, Кәріпхан, маған күлімсірей қарап.

Бәтуа осылай болды.

Біз тағы да жолға шықтық. Күн де қызарып, еңкейіп барады. Бар маң маужырап ұйып тұр. Кеңөткелден ұзай беріп, Қошқарбай тауының қыз бұрымындай сылаң қаққан бұлақтарының жалт-жұлт еткен күміс сәулесіне қызығып, жүрегімде тірі Балқадишаны көргендей тылсым сезімнің оты тұтанды.

Ендігі беталысымыз – Айдабол ауылы.

– Күн кешкірді, – деді, Жанатай, – бүгін Көкшетауға қайтайық. Айдабол ауылына ертең келгеніміз жөн.

Мен Жанатайдың сөзіне үн-түнсіз келістім.

Ертеңінде біз Айдабол ауылына келдік.

Бұл жерде Балқадишаның келіні Рахиямен әңгіме көңілсіз басталды. Рахия жайында Әлімжан ақсақалдан біраз жайды ұқ-қамды. Көп балалы, мехнаты мол шаршаулы жан екен. Тұрмыстауқыметі қажытқан. Қамшыдай қатқан қараторы жүдеу әйел адамға мұңлы көзбен қарайды. Біздің келген мақсатымызды түсінді де, өз жайын жайлап айта бастады:

– Мен Балқадишаның жолы болмай жүрген бір бақытсыз немересімен үш жылдай отастым. Бұрынғы жолдасым дүние салғанды. Шүпірлеген бала-шағаға бас ие болу жалғыз адамға оңай емес. Амал

не, сол бейбақпен өмірдің алдамшы соқпағына түстім де кеттім. Жан бағу қиын. Қысқа жіп күрмеуге келмеді. Ана сорлы арақтан азды. Ақылына келіп, жөнделе алмай қойды. Сөйтіп, бір масылдың көрешегін көрдім. Ақыры дәм-тұзымыз жараспады. Ажырасып тындық.

Біз үш жыл бірге тұрғанда ол жазған дені сау отырғанда өз туыстарының суреттерін мақтана көрсетуші еді. Бірақ сол суреттердің ішінен Балқадишаның суретін көре алмадым. Ондай суреті қолға түссе, қані! Балқадишадай асыл ананың бейнесін бойтұмардай қастерлеп өтер едім. Ол сурет менде жоқ. Мына иек астында «Сандықтау» совхозы... Балқашин ауданына қарайды. Сол жерде Балқадишаның кіші қызы Нағима отыр. Мен ерден кетсем де, елден кеткем жоқ, Нағимамен жиі араласамыз. Бәлкім, сіздер іздеген Балқадишаның сол суреті Нағимада болар. Мақұл көрсеңіздер, сол ауылға барайық, бүгін қолым бос...

Рахияның ізетіне риза боп, қуана келістік.

Бүгін де жауын. Күн күркіреп, төгіп-төгіп жібереді. Іле аспанның бір шеті жарқырап, ашыла қалып, көк, сары, қызыл түспен нұр таратып, кемпіркосақ тартылады. Жолдың екі жағындағы қалың шабындық толқындай жапырылып, малшынып жатыр. Үстін жапқан маржан тамшылар күнге шағылысып, күмістей жылтырайды. Көк жүзінде қарасұр бұлттар жылжиды. Сымпылдаған аққулар. Жер беті көлкіген су, ақ торғын бу.

Екі көзім жауын шайып, жайнаған дүиеде, ол көңілім әлі де алаң. «Балқадишаның Нағимасы... Ол қандай жан екен? Балқадишаның суреті сол кісіде болса ғой, шіркін!» деймін үмітті ойға беріліп.

Біз тастары бейне бір қолмен текшелеп қалағандай, орманы сыңысыған таулы өңірге ене бердік.

– Анау етектегі өзеннің екі жағасындағы үлкен село-совхоз орталығы, Ал Сандықтау тауы осы жерден он екі шақырымдай әні мұнартып тұр. Тұтасқан орман, – деді, Рахия, сәл жымысып, – е, айтым ба, айтпадым ба, Нағиманың отағасысы Нұрқожа ата мінезі ауыр кісі, Ал бір шешілсе, ағылып ала жөнеледі. Токтату қиын.

Батпақты жолда әупірімдеп жүріп отырып, ауылдың кіре берісінде Нағиманың үйіне кеп тоқтадық.

Есік алдында Нұрқожа ақсақал Нағима екеуі «хош келдіңіздер» деп жылы жүзбен қарсы алды. Сәлемдестік. Таныстық. Үйге кірдік. Жайлап әңгіме де басталды.

Нағима... Бұл кісіге мен ойлана қараумен болдым. Зипа бойы жып-жинақы. Сыпа. Талдырмаш. Сабырлы. Ұяң. Реңі аққұба. Маңдайдан тік түскен пісте мұрынының сол жақ ұшында қарақаттай меңі бар. Шарасы кең көзінің айналасын әжім сызығы торлай бастапты. Сұрағымызға қысқа ғана жауап беріп, әңгімеге еркіндеп ене алмай, үнсіз қала берді.

Сөзге отағасысы Нұрқожа ақсақал араласты:

– Енеміз Балқадиша да сабырлы еді. Бірақ ол кісіде адамға шырай тарататын жылылық болатынды. Өзі де, сөзі де көркем еді. Әр сөзінен ғибрат лебі есетінді. Мына Нағиманы сөйлету үшін көңіл кілгін табу керек. Ал келбетін... әсіресе, отыз бес жастағы суретін «Балқадиша» дей беріңіз.

Нағима шалына қарап, мырс етті. Нұрқожа ақсақал да жымыып: – Дәл осы күлкісі... Балқадишаның күлкісі! Мені осы күлкімен арбап түсірді ғой, бұл Нағима, – деді, өз сөзіне өзі желпініп.

Нағиманың күлкісінен пәктігі, бір кездегі ерке-назды бал қылығы, ізеттілігі сезілді. Құралайдың көзіндей жауандаған жанарынан көз тайдыру мүмкін емес. Тазалық пен іңкәрлік сезім тұнған, тылсым көзқарас.

Төрде көп суреттер ілулі тұр. «Осының ішінде Балқадиша жоқ па, екен?» деймін, жалтақтай қарап.

Мұны сезген Жанатай: – Сіз Күлия апайдан неше жас кішісіз? – деді.

– Мүшел жас. Күлия апаймен арамызда Гүлсін деген қыз бар еді, қайтыс болды.

– Мына бір суретіңіз қай шамадағы кезіңіз? – деп, Жанатай көп суреттің ішін біреуін көрсетті.

– Отыз бестегі кезім.

Екі көзі жаудырап, ақ бетінде бір мін жоқ, қасы қияқтанып, туған айдай керіліп, өзіне еріксіз қаратады. Бір сүйкімді пәк бейне. Нұрқожа ақсақал ойлана сөйледі:

– Осы сурет... Балқадишаның толысып, келіншек болған кезіне қатты ұқсайды, дейді, үлкен кісілер. Білем, көрдім Балқадишаның суретін, біреулерде бар деп естіміз. Оған өзіміздің де қолымыз жетпей жүр.

Нағиманың бұрынғы жолдасы соғыстан аман келіп, кейін жүрек дертінен дүние салды. Жазмышқа не шара... Нағиманың талшыбықтай бұралған кезі. Сұрапыл соғыстан менің де аман-есен



оралған сәтім, жар тауып, бас құрағым келеді. Ел ішінде асау тайдай бұландаған жаудыр көздер көп-ақ. Бірақ не құдірет биледі, білмеймін, Балқадишадай асыл ананың қызы боған соң ба, осы Нағимаға бар дейіммен құлай беріліп, байландым да қалдым. Сөйтіп, қосылдық біз. Үлкендер: «Жарайсың, Нұрқожа, Нағимадай жарыңның қадірін біл. Бақытты болыңдар!» деп қуана қоштап, батасын берді.

Менің әкем Дәуіт Ақан сері мен Балқадиша бірге болған сол айтулы шілдехананы өз көзімен көріпті. Сондағы дуылдасқан сауыққой жастардың ішінде жүріпті. Әкемнің айтуынша, сол төңіректегі ауылдардың жігіт-желең, қыз-қырқыны дүрліге көтеріліп, «Ақан серіні көреміз» деп, жапа-тармағай шілдеханаға барыпты. Ал ол ауылдың бір сері жігіті – Төкен! Төкенсіз той өтпеген. Ол ел думанының көркі. Балқадишаның немере ағасы, иә, Ыбырайдың кіші інісі. Балқадишаны Ақан серінің қасына отырғызатын осы Төкен әкеміздің қимас досының бірі болды.

Нұрқожа ақсақал осы әңгімеден кейін «ә, болды ғой бәрі... бәріне куә біздің көз» дегендей сәл іркіліп еді, бағаналы бері бұйығы отырған Нағима көзі жаутаң-жаутаң етіп:

– Анамыз Балқадиша, әкеміз Сүлеймен екеуі жарастықты ғұмыр кешті. «Балқадиша» әнін ел жыр ғып жатқанда екеуі ол әңгімелерді қызыға тыңдайтынды. Мен ерке боп өстім. Анамнан әр кез Ақан серіні сұрай беретін едім. Сонда анам: «Е, балам, Ақан серідей адамның сұлтанын кім сүймейді?!» деп күлімсірейтінді. Сол күлкісінде қанша жылылық, мейірім... құмарлық, ләззат нұры бар еді. «Балқадиша» әнін әдемі дауысымен сызылта айтқанда адамды өзгеше бір қиял дүниесіне енгізетінді. Сонда қасында ұйып тыңдап отырған әкеміз: «Тағы бір айтшы, тағы бір...» деп, кәдімгідей көтермелеп қоятынды, – деп, жеңіл ғана күрсінді.

Нағиманың жанарына жас үйірілді. Біз бар әңгімеге қанығып, жүруге ыңғайланғанда Нағима маған өзінің «Балқадишаға ұқсайды» деген екі суретін және төрде ілулі тұрған ағасы Төребайдың (Соғыста қайтыс болған. – И.Ж.) суретін берді.

Тамыз айының орта кезінде Көкшетау, Петропавловск, Омбы төңірегін аралап, Алматыға оралдық.

Менің ендігі дітім – ҚазТАГта аудармашы боп қызмет ететін Кәріпхан Тәшеновпен жүздесіп, Балқадишаның суретін алу. Кәріпхан сондай елгезек, кішіпейіл жан. Екуіміздің арамызда бір

сұқпатты күндер басталды. Жасынан қария сөздерін зерек көңілмен ұғып өсіп, өз елі – Көкшетаудың сал-серілерінің өмірінен көкейіне көп сырды түйіпті. Мені сол зердесі баурай берді. Жұмысының беймаза екенін айтып: «Сәл сабыр ет, мына бір аудармашылық іс мойын бұрғызбайды. Үйде қағаз көп. Соның ішінен іздеп табуым керек, Балқадишаның суретін. Сәл шыда» деп, ұмсындырады. Дәмелендіреді.

Сөйтіп жүргенде қыркүйек айының соңғы күндері көп аңсатқан Балқадиша бейнесін көрдім, ақыры. Балқадишаның суреті! Басында түбіт шәлі. Үстінде шапан. Алдында немересі. Егде тартқан келбетінің өзінде: «Бет біткеннің сұлуы!» дегізетін ерекше бір тартымдылық... сұлулық күдіреті бар.

Кәріпхан сарғыш тартқан суретке қарап тұрып:

– 1939 жылы түсірілген сурет. Қазір бұл суретті алғаныма жиырма бес жылдың жүзі болыпты. Мұны маған Балқадишаның Жетібай деген ұлы хат арқылы жібергенді. Суретке қоса Балқадишаның өзі, отбасы жайлы ауыл кеңес кітапшасына жазылған ресми құжат та бар.

Балқадиша Қойайдар ауылына келін боп түскен. Кейін бұл ауыл Сәберлі, Кенжетай ауылдарымен қосылып «Кеңөткел» колхозы боп атанды. Сол кездерде «Кеңөткел», «Өндіріс», «Қойсалған», «Еңбек-бірлік» және Ленин атындағы колхоздар Ленин ауылдық кеңесіне қарады.

Балқадиша Ыбырайқызы Масабаева 1883 жылы туған. Жылы – сиыр.

Балқадиша мен Сүлеймен тату-тәтті ғұмыр кешіп, біраз перзент сүйді. Солардың ішінде есейіп, жетілгені – екі ұл, үш қыз. Қыздың үлкені – Күлия. Төребайы – 1911-жылы туған. Одан Жолдыбай, Жарқынбай деген екі ұл бар. Төребайдың әйелі – Дәметай Кеңөткелде тұрады. Гүлсіні 1915 жылы туып, Қошқарбай ауылының жігіті – Сұңғаттың Әбікеніне ұзатылды, 1948 жылы отыз үш жасында қайтыс болды. Ал осы қысқаша деректі берген Жетібай ұзақ жыл Сандықтау совхозында шофер болып істеді. Автомобиль апатынан қазаға ұшырады.

Балқадиша 1950 жылдың сәуір айының он жетінші жұлдызында дүние салды. Сүлеймен екеуінің зираты – Кеңөткелде.

Ыбырайдың үшінші қосылған әйелі – Алтын, менің әкем Тәшеннің туған апасы. Балқадиша біздің әулетке жиен. Шешем



Балым бұл кісінің атын атамайтын, үнемі «жиен қыз» дейтін,- деп, Балқадишаның суретін маған ұсына берді.

Сұлулық періштесі дерлік Балқадишаның әулетімен осылайша қауышып, бұл бір ғажайып жанның суретін табуым – ән зерттеген мехнатты да ләззәтті өмірімнің бір сәулелі, шуақты сәті... «Балқадиша» әнінің бар тарихы осы!

ШЫРМАУЫҚ (Эпизод орнына)

Ақан сері елу сегізде...

Пәни жалғанның ымырты үйіріліп, күнгірт кеші түсе бастағанын сезейін деді. Төңірегі тым-тырыс, құлазыған сұрқай әлем. Жан-жағындағы ду-ду қызықшылықтың базары тарқаған. Өзін әбден безер қылған дүние шуы да басылған. Қабағында тұңғиық мұңның қара бұлты қоюлап, еңсесі езіліп барады. Жүріс-тұрысы, қимылы баяу. Сылбыр. Әр нәрсеге елең ететін сергек көңілі сынық, ол да бір мәңгірген мәрғау. Осылай иіліп бара жатқан әлсіздігіне көңісі келмей, іштей буырқана бұлқынады. Өмірден не көрді, не білді? Нені сүйді, неден күйді? Бәрі-бәрін жылт ете қалатын шуақты сезіммен күлімсіреп қана еске алғысы келеді. Бірде болмашы бірдемеге сүйінтіп, бірде дегені болмай торықтырған қу тірліктің қиюы қашып, оны икемге келтіруі қандай ауыр болған... әлі күнге дейін қол-аяғын шырмауықтай шырмап, мысын құртады.

Бір кездерде көкала бұлт арасында шарықтаған Қараторғайы мен Көкжендеті көрген көріністі көрсем, шіркін, деп ұмсынады, о, тоба. Көзіне түк көрінбей бұлдырайды, дүние. Сол сәтте күрсінісін ішке тартып, үн-түнсіз меңірейіп, домбыраға қол созады. Жүрегін діріл қақтырып, көңілін жетектеп ала жөнелетін сал домбыра бебеулегісі келмей, бос бұрауды тілеп, жай әншейін қоңырлайды. Салалы саусағы сылбыр шертіспен кібіртіктейді. Неге екені белгісіз, Біржан салдың:

Қара су есік алды ылайланды,
Бай қылмақ, кедей қылмақ Құдайданды, Теміртас.
Қамзолдай қысқа пішкен дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды, о-о-ой, –

дейтін әні ғана жан дауасы секілді ойына орала береді, орала береді.

Осы әнмен ғана тыныстайды. Біржан салдың уһілеген лебі өз көкірегінде де бар ма, Тәңір-ау? Соған таңғалады, аңырып. «Біржан салдай паң көкірек адамды сындырған мына дүние... ә, тұрлауы жоқ бейопа өмір!» дегізеді, домбырасының бұрлыққан қоңыр үні. Ал бір күні осы шертіс:

Шырмауық шығарында бас тартады,
Біздің ел ерте жайлап, кеш қайтады, о-о-ой, беу!
Жайлаудай құлазиды біздің көңіл,
Жанымды ұғар жан жоқ, жас қартайды, о-о-ой, беу! –

деп өмірі айтып көрмеген өкініш зарын сыздатты.

«Беу!» дегізген құсалы көкірек ішін босатқысы кеп, әлдеқайдан дәрмен тілеп, кәдімгідей сілкіне үн көтеріп:

А-хо-оу, дүние жалған,
Бітер ме, арман?

Қу тірлік шырмауықтай шырмап алған, о-о-ой, беу! –
деп, тұнжыр ойға қайта батырады, мүлгітіп.

Осы әуезді әлмеғайып естіп жүрген жандарға Ақан сері: «Шырмауық» дейді де қояды.

Кезінде бұл ән ойлы толғау боп айтылған. Оны Ақан серінің серіктері, қалың Қарауылдың бес бұлбұлы: Сұлтанмұрат, Бәтжан, Нұралы, Темірбек, олардан жас Үкілі Ыбырай, Біржан сал елінде Жетебайдың Оспаны, Бәкеннің Хамиты жан тебіренге толғады. Бұлардың көзі кеткен соң ән бірте-бірте көмескі тартып, сирек айтылып жүрді. Ал ел ішінде бұл әнге деген аңсау басыла қоймады. Иесінен, орындаушыларынан айырылған есіл ән бағзы бір көкіректерде жұртта қалған қоламтадай елеусіз ғана жата берген.

1981 жылы желтоқсанның жиырма алтысы күні Көкшетау облысы, Арықбалық ауданы, Мәдениет ауылында белгілі халық әншісі Байсейіт Байбосынұлымен жүздестім. Байсейіт Қарауыл ішінде Наурыз дейтін атадан, 1905 жылы туған, Ақан серіні алты-жеті жасында көрген. Көбіне Үкілі Ыбырайдың соңына еріп, оны ұстаз тұтқан. Бұл кісімен «Шырмауық» әні төңірегінде сөз болғанда: «Е, Ақан серінің «Шырмауығы» ұмытылды деп жүрдік. Ал оны өзіміздің мына Көлдейде бір мешіт тойында Үкілі Ыбырай айтты. Жұрт: «Беу, «Шырмауық-ай», бар екенсің ғой!» деп шу ете түсті. Үлкен кісілер көзіне жас алды. Ол кезде қайран Ыбекем өз ағайындары, оның



ішінде әлгі немере інісі Шаймұхан дегеннің көрсетуімен ГПУ-дың түртпегіне түсе бастағанды. «Шырмауықтың» ауыр сазы сарсылтып жүрген көңіл күйіне дәл келді ме, кім білсін, дәйім жайраң қағатын Ыбекем бұл әнді өткен өмірдің өкінішті зары ғып, жан біткенді егілте толғады. Сол мешіт тойында біз үй сыртында отырып, жұрт қайта-қайта айтқызған өзінің «Қалдырғанын», «Шырмауықты» үйреніп алдық. Одан кейін Ыбекемді әнші Молдахмет Тырбиевтің үйінде жүзбе-жүз тындап, «Шырмауыққа» әбден қанықтым. Содан көп ұзамай-ақ Ыбекем ұсталып кетті.

Көріп отырсың, «Шырмауықты» айтар хал жоқ, менде. Жалғыз ұлым суға кетіп, шерлі боп қалдым. Мына саусақтарымды қарашы, шырағым, домбыра шерте алмаймын, көбесі сөгіліп, іріп барады...» деді, кемсеңдеп. Амал не, «Шырмауық» сол сапар айтылмады.

«Шырмауықты» тынымсыз іздеуім басылмады. Бір жолы Көкшетауда тұратын жазушы Естай Мырзахметовпен әңгімелесіп отырғанда қырылдаған әлсіз үнімен «Шырмауықтың» қайырмасын:

Ахоу, дүние жалған,
Бітер ме, арман,
Ку тірлік шырмауықтай шырмап алған! –

деп, ыңылдағаны.

Бұрын-соңды естімеген әнім. Әрине, Естай әнші адам емес, бірақ әсерлі болғаны сондай, мен әннің бет-бейнесін толық елестеткендей болдым.

Естай да сезімге беріліп: «Мен бұл «Шырмауықты» Тастанбектің Шәкірі деген кісіден ұғып өстім. Тастанбекті біздің ел шешен адам болған деседі. Сол Тастанбектің Шәкірі мен Қанапиясы әнші, домбырашы еді. Шәкірі ептеп өлең де шығаратынды. Бұлар бір кезде Шортан көлінен көшіріліп, Жарғайыңға қоныс аударған. Шәкір сол жерде «Жаңа жол» колхозын басқарды. Өзі киік танау, қара көз, орта бойлы, сері көңілді жан. Дойбыны жақсы ойнады. Жапон мылтығын ұстаған мерген де еді. Сол көп қасиетіне көрік беретін әншілігі де ғажап еді. «Шырмауықты» ұмыттырмаған әнші – осы Шәкір. Шәкірдің әйелі Әлия маған кіндік шеше. Шәкірдің менен екі жас үлкен ұлы Ғалиасқар да әнші, домбырашы боп өсіп келе жатқанда, он жасында дүние салды.

Сөз түйіні «Шырмауық» – Ақан серінің өмір, мезгіл, өзі туралы философиялық толғанысы, ақтық сөзі. Бұдан кейін де ол осы ойын

«Әудемжер» әнінде де айтты ғой. Бірақ «Шырмауық» – тағдыры киын Ақан серінің өз портреті! – деді.

Қайда енді, сол «Шырмауық», қайда?

1988 жылы маусым айында Көкшетауға келіп, Имантау мен Сырымбетте, Көлденең Қарат Қоскөлдiң жағасында Ақан серінің өмірі мен әндері жайлы деректі телеэңгіме түсірдік. Алматыда «Алатау» программасында осы хабарды әзірлеу үстінде белгілі әнші Қайрат Байбосынов ойда жоқта «Шырмауық» әнін шырқады. Іздеген жоғым табылды. Ақан серінің осы бір құдіретті әні Қайраттың күніреністі ойлы үнімен эфирде тұңғыш рет орындалды. 1980 жылы желтоқсан айында Біржан салдың атақты «Айбозым» әнін табуымның дақырты қандай зор болса, Ақан серінің «Шырмауығы» да жұлдызымды ерекше жарқыратты. Бұл әнге дендеп берілуім сондай, оны реті келген жерде орындап та жүріп, дауысымның ашылғанын сездім. Келе-келе «Шырмауық» мені ойлы толғаныспен баурай берді. Соның лебімен Ақан серінің Біржан салды пір тұтып, «Теміртасқа» табынғаны секілді мен де Абайдың «Қартайдық, қайғы ойладық ұлғайды арман», «Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» дейтін терең сырлы сөзіне ден қойып, біраздан бері суынып қалған романс әуезіне қайта еніп кеттім.

Кейін Бекболат Тілеуханов біздің үйде менімен сырласып отырып, «Шырмауықты» айтты. Сонда білдім, бұл әнді Қайрат Байбосыновқа осы Бекболат беріпті. Бекболаттың ақын досы Ерік Асқаров бір жолы маған кездесе кетіп, «Шырмауықты» жарыққа шығарғаныма ризалығын айтып, мына бір деректі жазып берді: «Шоға Уақтың Абыл тайпасы Абылай заманында Сырымбет саласында Ақан сері елімен аралас отырып, 1852 жылы Қызылжарға қоныс аударған. Осы ауылда ел анасы болған абысынды би-аналар – Қарақоян (шын аты – Меңетай, сөзге жүйріктігінен Қара-қоян аталған) және Қойсана Тоққара келіндері кіші ұлы Өтені үйлендіріп, тойына қарт Ақанды шақырады. Ақан сері сол тойда «Шырмауықты» ұзақ толғау қылып айтыпты. Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы Дүйсеке селосында тұратын Халима атты жүз жастағы әжей «Шырмауықтың» үш шумағын есінде сақтап қалыпты. Ал «Шырмауықтың» әнін Бекболатқа үйреткен Қалиша Асқарова». Бұл – 1988 жыл, тамыздың он алтыншы жұлдызы.

Сол «Шырмауық»:

Шырмауық шығарында бас тартады,



Біздің ел ерте жайлап, кеш қайтады,
а-ай, беу!
Жайлаудай құлазиды біздің көңіл,
Жанымды ұғар жан жоқ, жас қартайды,
а-ай, беу!
Ахоу, дүние жалған,
Бітер ме арман,
Қу тірлік шырмауықтай,
Шырмап алған, а-ай, беу!
Үйректің атқызбайды қасқалдағы,
Шебердің былқылдайды басбармағы –
а-ай, беу!
Бұл күнде ағаң болдым төр алдында,
Бір кезде Ақан едім аспандағы, –
а-ай, беу!

Қ а й ы р м а с ы:

Дүние-ай, қызыл-жасыл кімді алдадың,
Сен берген ризықтан құр қалмадым,
а-ай, беу!
Дәуренді мендей сүрген кім бар екен,
Сонда да қызығыңа бір қанбадым, –
а-ай, беу! –

деп келетін шаршаулы жүректің не көрсе де мойымайтын құштарлық сөзін айтқызып, Ақан серінің бір күйіндіріп, бір сүйіндіріп, дуылдап өткен таңғажайып өміріне қызықтырады, «Ә, шіркін, дүние!» дегізіп.

Ақан серінің «Салқоңыр», «Қараторғай», «Құлагер» әндеріне өзек болған Қоңыр аты, Құлагері жайлы ақиқат сырын шерткен Қасым, Кәкен, Қабдыәли, Төкен, Құсайын, Көккөз ақсақалдар бүгінде бақи дүниесінде жатыр. Кер заманның кәріне ұшырап, сергелден өмірдің қасіретін шегіп жүріп, Құлагердің өліміне кім кінәлі екенін аузында иманы бар әлгі ақсақалдардың деректі, дәйекті сөздеріне үйлес келетін тұжырым мен шындық сөзді жазып қалдырған ұлы ақын Мағжан Жұмабаев... Осы ғазиз жандардың адал ниетіне басымды иемін!

Жәннат дүние төрінде алдарынан пейіш нұры шалқысын! Аруағы риза болсын!

ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ

Аққулар қонған Айдын көл

1982 жылдың алтыншы мамыры...

Сырымбет, Саумалкөл, Қоскөлдi жағалап, сал-серiлер жөнiнде қария сөздерiн терiп, «Мәдениет» ауылында бiр кезде Үкiлi Ыбырайдың серi тобына ерiп, оның өз аузынан әндерiн алып қалған әншi Байсейiт ақсақалмен әңгiме-дүкен құрып, бiраз беймәлiм сырды магнитоппленкаға түсiрiп, жол үстiнде тағы да алуан-алуан жайдың елесiне елтiп, қиял тербеген сұлу сазға балқып, Көкшетауға қарай келе жатқан едiм.

Алыста, көз ұшында көгiлдiр мұнарға бөгiп Жалғыз Жамантау көлбейдi. Зеңгiр көктен аққулар көрiндi. Олар Үкiлi Ыбырайдың кiндiк қаны тамған жер – Жалғыз Жамантау жақты бетке алыпты...

Сол күнi кешiнде Көкшетауда жазушы Естай Мырзахметовтың үйiнде әншi Кәрiм Ильясов Үкiлi Ыбырай әндерiн шалқытты. Көп хикая шертiлдi. Көз алдымда бiресе сағымдай бұлдыраған Жалғыз Жамантау, бiресе аспан төрiн найзағай отындай сызған аққулар тiзбегi, оларды гәккулетiп шаттанған Үкiлi Ыбырай келбетi...

ШАЛҚЫМА

1880 жыл.

Жөкей көлiнен соңғы аққулардың ұшып кеткенiне де бiраз күн болды.

Бiржан сал ауылы көл жағасында күзекте отыр. Ауыл iшi қарбалас. Оязды күтiп алатындай абыр-сабыр. Ауылдан оқшауырақ тiгiлген он екi қанат ақбоз үйдiң iшi-сыртын безендiрiп жүрген iлкiмдi, қолы ептi, лып-лып еткен көңiлдi жандар жарқылдаса сөйлесiп, гу-гу етедi:

- Оу, бұл кiмге тiгiлген үй?
- Оязға емес.
- Ендi кiмге?
- Кiмге болушы едi, Ақан серiге!
- Иә, Ақан серiдей бекзат түсетiн үй, бұл!



– Ә, бәрекелді... аққу-қазы сыңқылдап жататын Жөкей көлі енді Ақан серінің әнімен шалқиды де!

– Е, соны айт, солай деп... Біржан ағам Ақан серінің балбыраған қоңыр үніне қызығып: «Шіркін, Ақанымның әні... жан тынысым ғой деуші еді», Ақан серіні әбден сағыныпты.

– Жарқ етіп тез келсе екен, Ақан сері.

– Келсін, келсін...

– Мына ду-ду өмірде бай да бар, бағылан да бар, әкім де бар, ұлық та бар, солардың кейбірі – бір жұттық, біреулері қолындағы билігі кетіп аттан түссе, бір-ақ күнде ешкімге керегі жоқ боп, далбастап қалады. Біржан ағам мен Ақан сері олардан мүлде бөлек жаратылған Тәңір сыйы. Екеуінің жұлдызын жарқырата биіктетін құдыреті – ән! Ән!

– Біз – Керей болсақ, Ақан сері – Қарауыл. Атасы басқа демесең, Біржан ағам Ақан серіден жақын ешкім жоқ, екеуін Тәңір ием жарастырған, жүректеріне әннің нұрын құйып.

– Сөзінде қапы жоқ, ана жылы Күрсары Керейдің алпауыты Паң Нұрмағамбет әкесіне ұлан-асыр ас берем деп, сауын айтылғанда Біржан ағамды шақырған жоқ.

– Неге шақырсын, әлгі Зілғараның Әлібегі, біздің Біржан ағам бір астың өтуі жөнінде мәжіліс құрып отырып, «сол асты мен басқарам деп өкірендеген Паң Нұрмағамбетке Біржан ағам дес бермепті. Сөйтіп, асты Әлібек батыр басқарған. Паң Нұрмағамбет содан бері Біржан ағаммен араз көрінеді».

– Паң Нұрмағамбетке Құдай шалқыған дәулет берсе де, кең пейіл мәрттікті бермеген. Іші тар. «Ас – менің асым болса да сол ұлы дүбірде мындаған жан маған емес, домбырасын бұлғақтатқан Біржан салға ден қойып, соның ауызына қарайды» деп қызғанады ғой, ол. Біржан ағам өз барқын біледі, ол асқа бармады.

– Ой, Құдай-ай, қырсық шалған сол асқа Ақан сері барды ғой, Құлагері үшін. Ақыры не болды? Ерейменнің Шырпылы биігінің етегінде мерт болды, қайран Құлагер.

– Иә, бұл сұмдықты естігенде Біржан ағам мен Әпіш жеңгемнің уһілегенін көрдік. Өте ауыр күйзеліс болды.

– Сол құтсыз астан бері, міне, төрт жыл өтіпті. Уақыт емші дейді, содан бері Ақан серінің жан жарасы жазылды ма? Ел сөзі қау шөпке тиген өрт секілді, лаулайды да жатады, естігеніміз – Ақан сері Құлагердің сол өлімін адам өліміндей көріп, әлі күнге дейін қайғы шегіп жүр, дейді.

– Иә, иә... Біржан ағам мен Әпіш жеңгем Ақан серідей ердің жанын жүдеткен сол мұңын сөйләтсек деп, жасап жатқан қамы ғой, мына ақбоз үйдің жасауын келістіріп.

– Сөзің сөз-ақ, Әпіш жеңгемнің жүрегінен, қолынан айналсақ болады, осы үйдің сүйегін көріп тұрсындар, атамзаманғы ақ орда. Бұл он екі қанат ақ ордаңыз баяғы заманда Қожағұл атамыз Уәли ханның уәзірі боп, билік жолында жүргенде өз кезінің небір ірілері мен игі жақсыларын кең дастархан басына жиып, келелі мәжіліс құрып, маңдайы жарқырап отыратын қасиетті үйі еді. Әпіш жеңгеміз бір уығын да сындырмай, бояуын кетірмей, сынын бұзбай, бар жасауын көзінің қарашығындай сақтап, оны құлпыртып ұстап келеді. Бұл ақ орда бүгін енді Ақан серідей ердің еріне тігіліп жатыр.

Масаттанған жандар осылайша гуілдесіп, көкейлерінде жүрген ықыласты сөздерді айтып-айтып тастады.

Ақбоз үйдің сәулетті көркі мен ішкі жасауына қайран қалған Біржан сал:

– Патша мен ояз келсе тігеміз бе, мұндай орданы, а, Әпіш? – деп өр намысы көкке өрлеп, мерейі тасыды, сенің ақылың, сенің қолың араласқан іс, бұл! Осы ордада Ақан серіңді масайратсақ бір, түндей түнерген қара көңіліне сәуле беріп, а, Әпіш?

Қыз мінезді Әпіш ақ жүзіне нұр төгіліп, сыпайы ғана күлімсірейді тек. Біржан сал мәз. Төрт құбыласы сай бір пешенелі жан. Ақан серімен жүздесетін сәтті елестетіп, қиялы айнадай жалтырап жатқан Жөкей көлінің үстінде, Бүркітті тауының шыңдарында қалықтап жүр. Ақан серісі келеді, соған елеңдейді, тек соған!

Біржан сал сергек. Анда-санда ұстап қалатын бас ауруын мүлде ұмытқан. Бұған Әпіш мәз. Ауыл адамдары мүлде желігіп, желпініп алған. Тілегені – ән. Ән!

Біржан сал мен Әпіш ақбоз үйге жиі-жиі кіріп, әр нені күбірлесе ақылдасып, кірсе шыққысыз етіп жасаған жиһазына қызығады. Бәрі Әпіштің қолынан шыққан дүниелер. Біржан сал сүйінішті жүрегінің лүпілін баса алмай:

– Әпіш, қарашы... қарашы, Қозы Көрпеш пен Баян Сұлудың, Төлеген мен Қыз Жібектің ақ ордасы осындай-ақ болған шығар, ә? – дейді көкейіндегі тағы да бір құштар сезімді сөздердің тиегін ағытып-ағытып жібергісі келіп.

Осы жан толқуы үстінде жүріп, Біржан сал бір күні ауылдың есті адамдарын, жігіт-желеңдерін жиып, дастархан басында көкейіндегі бір түйіткілін айтты:



– Ақан сері қам көңілді жан. Оның басынан кешкен тағдыр қоқайы даланың жел сөзімен ел-елге тарап жатыр. Алғаш сүйген жары Бәтима еді, оған ұрын барып, енді қосыламыз, деп жүргенде уыз ару оң жақта отырып кенеттен дүние салды. Бұл – қатал тағдырдың алғашқы соққысы.

Бәтиманың өзімен аттас ақ маралдай керілген әдемі құрбысы бар еді, Ақан сері ол Бәтимаға үйленді. Өмірдің шаттығын осы Бәтимадан көрді. Екеуі балжаласып, тамаша ғұмыр кешіп, екі қыз, бір ұл сүйді. Ол қуаныш та қызықты өмірінің он-ақ жылы екен. Екінші Бәтимасы да жайнаған шағында жарық дүниеден жүзін үйіріп кете барды. Бұл – тағдырдың екінші соққысы!

Ақан сері осы сергелдеңнің үстінде жер мен көктің арасында қалқытқан тұлпары Қоңыр атынан айырылды. Тағырдың бұл үшінші соққысын Сырымбетті жайлаған ел төрелерден көрді.

Ақан серіде «Үш тоты» деген ән бар, оның аңызын да білесіндер, олар Сырымбеттегі елге әйгілі үш ару – Ұрқия, ЖамАл Үрім. Ақан сері сол үш тотының бірі – Ұрқиямен бас қосты. Бір шуақты өмір басталып, жан жарасына дауа бола бергенде Ұрқия баладан қайтыс болды. Бұл – тағдырдың төртінші соққысы!

Ұрқияның жетісін беріп жатқан күні Ақан серінің кенже інісі Айбергенді ат сүйретіп өлтірді. Бұл – тағдырдың бесінші соққысы!

Қоскөл, Көлденең Қараталды жайлап отырған Ақан сері ауылы қыршын кеткен Айбергенді жоқтап, жылап-сықтап жатқанда әбден қартайып, қанат-құйрығынан айырылған қыран бүркіті (бұл бүркітті ертеде Әлібек батыр сыйлағанды.) соңғы рет көкке талпынып ұшып, қайтып қона алмай шырылдап, ақыры сонау көз жетпес биіктіктен өзін-өзі тастап жіберіп, мерт болды. Бұл – тағдырдың алтыншы соққысы!

Үсті-үстіне діңкелеткен осы қайғы аз болғандай Ақан серінің құмай тазысы Базарала күшала жалап, ол өлді. Ақан сері үшін бұл да тағдырдың жетінші соққысы.

Дүйім елді шулатқан Ақтоқтымен оқиғасын да неше саққа жүгіртіп, гу-гу сөз ғып айтып жүрсіндер, Ақан серінің ол махаббаты баянды болмады. Бұл – тағдырдың сегізінші соққысы!

Әлгі үш тотының бірі – Жамалға ғашықтығы да қатты опындырды. Жамал айттырылған жеріне ұзатылды да кетті. Жүрегінің ол уәлі «Сырымбет» әнінде қалып қойды. Бұл – тағдырдың тоғызыншы соққысы! Ақтоқты мен Жамал Ақан сері үшін тірі күйік боп жүр.

Осы қасіреттің бәрін кез-келген жан көтере ала ма? Оған төзіп баққан Ақан серінің бар демеуі – Құлагер еді, жадау көңілін бір сәтке болса да жадырататын. Сағынайдың сол асында Барақбай деген қаскөй қылқұйрықтың асылы, Ақан серіге қанат болған Құлагерін соққыға жығып өлтірді. Бұл – тағдырдың оныншы соққысы!

Не...не қалды енді, Ақан серіде? Не сұрайсыңдар, жазмыштың жазғанына амалсыз көнген есіл ерден? Тілім-тілім болған жүрегінің лүпілі-әнінен басқа несі бар? Бар жұбанышы сол ғой... сол.

Күніертең күтіп отырған Ақан серіміз келеді. Қоғадай жапырылып, қарсы аламыз. Отырыс-жиын басталады. Әрине, әнгіме-дүкен үстінде, қыза-қыза әрқилы сөздер шығып, сонда жанағы мен айтқан тағдыр соққылары есіне түспесе болды. Абайсызда Ақан серінің құса-дертін қозғап жүрмейік. Бір сөзден өліп, бір сөзден тірілетін Ақан сері, ол. Көңілі бір бұзылса, оңалуы қиын. Осы жолы мына Әпіш екеуіміз, Құдайға шүкір, өздеріңе сеніп, Ақан серінің жанына жалау боп, желеп-жебеп, көңілін көтерейік деп бәтуаласып, міне, өздеріңмен бірге әні-міне деп, күтіп отырмыз. Қонақ аз отырып, көп сынайды. Селтең мінез, оғаш сөз болмасын. Көкейімдегі дітім осы, айналайындар!

Біржан салдың бұл сөзіне жұрт сүттей ұйыды. Бәрі мән-жайды бек түсініп, бір ниетте көңілді жүрді. Балалар болса: «Ақан сері атбегі ғой, атымызды сынатамыз, тай жарыстырамыз» деп олар да өздерінше әлекке түсіп, күнде кіші бесін кезінде көл жағалай күйғытады кеп.

О бастан Жөкей көлінің жағасында ән толқып, зеңгір көгінде ән қалқыған думанды ауыл жерге түсе қалған ақша бұлт секілді ерекше көз тартқан ақбоз үйге таңырқап, қызыға көз төгіп: «Ақан сері қашан келеді енді?» десіп шыдамы таусылды. Осылайша гуілдескен күндердің бірі... Күн сарша тамыз секілді маужырап, желсіз тынып, Жөкейді көмкерген орман-тоғайы алуан түске малынып, жаннат дүниесіндей жайнап, майыса мүлгіп тұрды. Сүттей ұйыған ұлы сәске. Сонау боз мұнарға бөккен Бүркіттінің етегінен жалғыз аттылы көрінді. Үй шаруасына көмектесіп, Әпішпен сөйлесіп жүрген қайнысы Тоқтар тау жаққа қарап тұрып, іле үйге кірді де: – Біржан аға, бір аттылы келе жатыр, – деді.

Домбыраға тиек жасап, шыбық кертгіп отырған Біржан сал: – А? – деп елең етіп, орнынан ұшып түрегелді. Тысқа шықты.

Біржан сал оң қолымен көзін көлегейлеп, жалғыз атты жолаушыға ұз-а-ақ қарады: – Атының жүрісі ширақ, – деді.



Әні-міне дегенше аттылы кісі жақындап-ақ қалды. Сөйткенше болған жоқ:

– Ақан! Ақан сері, – деп Біржан сал жүрегі толқып, күлімсіреді.

Ақан сері, асыға күткен Ақаны келді, келді! Астында сүліктей сумандаған қара бедеу. Ол ойнақшып, ұршықша үйіріледі. Тоқтар оның тізгінін шыжымдап ұстап, Әлжан Ақан серінің қолтығынан демеп, түсіріп алды. Біржан сал мен Ақан сері бірін-бірі құшып-сүйіп, құшақтасқан күйі қозғалмай біраз тұрды. Мауқын басқаны. Бірін-бірі зорға босатты. Біржан салдың көзі кілкілдеген жас. Әпіш те мейірлене еміреніп:

– Келдің... кел, кел, Ақанжан, – деп маңдайынан иіскеді.

... Күздің салқын самалы лып-лып еткен қоңыр кеш... ақбоз үйдің іші лық толы ауыл адамдары. Әпіштің аста-төк дастарханында әңгіме-дүкен басталды. Біржан салдың қас-қабағын бағып отыратын Тоқтар думанды қыздыра жүргізгісі келіп, домбырасын бипаздап шергіп:

Жігіттің падишасы Әмір-Темір,
Бозбала әнге салсаң қайғың кемір.
Кешегі бес болыстың сиязында,

Ән еді, Ақан салған «Майдақоңыр», – деп көкірек кере балбыратты. Жастық шақты, серілікті, өз барқын өбектеген ойлы әуез өткен күндердің қадірлі елесін, қай-қайдағыны қозғады.

Ақан серінің қоңыр көзі бір сәулелі оймен мөлдіреді. Біржан сал Тоқтардың кең тынысты қоңыр үніне сүйсініп:

– Енді «Қараторғай» канат қақсын. Әуелет. Биіктетіп әкет. Көк жүзінде қалқысын, – деп желпіне түсті.

Ақан сері сібірлеп атып келе жатқан таңдай қоңырлата көтерілген «Қараторғайының» қалай қалықтайтынын тұңғыш рет сезгендей жүзі жайнап, тебіреніп кетті. Сол шуақты сезімге бөленіп: – Біржан аға, енді «Бурылтайыңызды» тыңдай аламыз ба? – деді сыпайы ғана жымыш.

Біржан сал Тоқтарға бір, Әлжанға бір қарап алды да:

– Кәне, қайсың? – деді.

Әлжан ұялшақтау еді, ақсары жүзі ду ете түсті. Тоқтар:

– «Бурылтайды» өзің айт, – деді.

Әлжанның дауысы Тоқтарға қарағанда биік еді, домбыраны адам тіліндей сөйлетіп, сырлы сезіммен шертетіні бар. Ұяң жігіт қымсына толқып:

Таңбасы жоқ, ені жоқ Бурылтайдың,

Сағасы өткел бермейді терең сайдың, – деп бірден керіле басталатын әнді тамсандыра тамылжытып, қайырмасын бір дулы жиының шат-шадыман шаттығы секілді құлпыртып, құйқылжытқанда өзі мүлде шалқып кетті.

Отырған жандар шулап қоя берді:

– Ой, Әлжан-ай, ой, сенің үніңнен... Үніңнен! Жарқылда өстіп!

Жиын-тойдың көркі – «Бурылтай» ғой, бұл!

Біржан ағамның жүрегі қалай-қалай лүпілдейді, ә!

«Бурылтайды» Шағырайдың ауылына барып жүргенде шығарған жоқсыз ба, Біржан аға?

Ол рас, рас, – деді Біржан сал Әлжаннан көз айырмай.

Біржан ағам думан қуып, сейіл құрған сол бір күндерінде Шағырайдың Ажар, Шұға, Мақпал есімді жақсы қыздарын ардақтап, «Ақтентекті» де шалқытты ғой. Сол Шағырайыңды ел ме, әлде жеңгелері ме, жас кезінде ерке-шолжың тірлігіне қарап Ақтентек, – деп атап кетіпті дейді, осы жұрт.

Біржан сал Әпішке бір, Ақан серіге бір ұрлана қарап, жұрт сөзін қоштап, жымыып отыр.

Ақан серінің шаршаулы жүзіне қан жүгіріп, елдің мынадай әлпешін көріп, өзі ән салмаса да, әндерін аялаған ауылдың құрметіне дән риза болды. Тоқтар мен Әлжан кезек-кезек шырқады. Жөкей көлінің төңірегі «Екі жирен», «Наз қоңыр», «Жиырма бес» секілді аршыны кең, ойы терең, салқын тартқан көңілге көктем шуағын төгетін сәулелі әндермен тыныстады. Көгенкөз жұрттың тілегені осы. Ән! Не керек, ән әнге жалғасты. Алғашқы күн осылай өтті.

Бұл думан үш күнге созылды. Біржан сал ауылының осы қызықшылығын естіп, көрші ауылдардан да жапатармағай келген жандар бар тірлігін жиыстырып қойып, ерсілі-қарсылы сабылды да жүрді. Ақшуақ, Байшуақ, тіпті, діндар ауыл Қожамқұл жағының жастары да желігіп алыпты. Бәрі тоғысты. Бұл күндердің дуылдаған дақпырты Зеренді, Имантау, Арықбалық, Бурабай жағына дейін жетіпті. Біржан сал ауылына жер-жерден ат арытып келген жігіт-желендер де жайраң қағып ән шырқады.

Бір күні Біржан сал Ақан сері бастаған дулы топ аттарына мініп, ауылдан ұзап шығып, Жөкей көлін жағалап, күздің сұлу көрінісін тамашалап, сейіл құрып келе жатты. Бір кезде Бүркіттінің етегінен ән естілді. Бәрі тыңдай қалысты. Ән бір көтеріліп, бір өшеді. Жылқы шетінде жүрген аттылы көрінді. Айдалада әндеткен сол екен:



Жығылмаса Құлагер қайда деймін-ай,
Бөрібай-ай, Бөрібай-ай! –
деген үн солықтап, еміс-еміс шығады.

Ақан серінің тұла бойы дір-дір етіп, жүзі сұп-сұр боп, жағы қусырылып, қабағы тұңғиық түнекке айналды ма, құлатүзге меңірейе қадалды. Әп-сәтте бұзылды. Біржан сал мұны сезіп қап, «Қап» деп тіліп тістеді. Ақан сері көзі тұнып, күрсіністі демін ішке тартты. Әр кез селт еткізетін бір сұмдық елес. Жұлдыздай ағып бара жатқан Құлагері кенет бұрқ ете түскен шаңның астында қалды. Дала айқай-шу... қаптаған қаракұрым жұрт. Тұяқ серіппей Құлагері жатыр, қанға бөгіп... Ақан сері көзін жұмған күйі ойнақшыған қара бедеудің үстінде бойын әрең түзеді: «Құлагерім... Құлагерім!» деді үні дірілдеп. Мына оқыс жайға Біржан сал не дерін білмей, мысы құрып, іштен тынды. Ақан серінің көңілі сынды. Ал жұбатып көр!

Бәрі сөзден тиылды. Үн-түнсіз ауылға келді. Аттарынан түсіп, ақбоз үйге жақындай бергенде:

Қоскөлдің шөп шабушы ем қияғынан, о-о-оу, ай,
Қорқамын бір жаманның сияғынан, ой, ойхой, арман-ай! –
деп баяу сызылтырған қыз дауысы естілді.

Ақан сері кілт тоқтап, кері бұрылды. Аттар байланған дінгекке қарай жүрді. Біржан сал тағы да сезе қойды, мына бір қыз үй ішінде «Ақтоқтының аужарын» айтып отыр. Құрғыр. Ақан сері сыр білдіргісі келмей, басын шұлғып, қозғалақтап тұрған қара бедеуді сылап-сипап, айылын босатқан боп күйбеңдеді. Біржан сал тағы да өкіне бас шайқап, «Қап» деді.

Кешкі астың алдында Біржан сал мен Әпіш оңаша отырып, тілдесе қалды. – Ақанжан көңілсіз ғой, – деді Әпіш ұяң үнмен.

– Ана жолғы айтқан сөзім айдай келді. Анау жылқы жақтан «Құлагерін», мына үйден «Ақтоқтының аужарын» тыңдап... не дейін, шері қозғалды. Не дерсің, бұл елге. Ән шіркін, осылай жария етеді де жатады, – деп Біржан сал да өз көкірегінде жүретін наз-наласын ойлап, күрсініп салды.

Ел сөзіне тыйым жоқ: «Ақан сері азалы пенде екен, бөркі қара бұлғын... шұбатылған шапаны да қара, камзол да қара, етік те қара, қамшысы мен белбеуі де, бәрі-бәрі қара. Астында жыландай сұмандаған қара бедеу, асынғаны қара мылтық... бәрі қара! Ақан серінің көңілі де қара...» деп күбірлесе берді.

Күз аспаны сазарғаннан сазарып, не жауарын, не жаумасын білмей, тұтасқан қара бұлттының жігі сетінемей, сіресіп тұрып алды. Ақан сері қапалы.

Жан дауасын табу қандай қиямет. Біржан сал кезекті бір отырыста Ақан серінің көңілін көтерем деп, салқын тартқан шабытының отын үрлеп, ескі аруағын шақырғандай аласұрып, оны ғаламат күшпен лаулаған жалын ғып шарпытты. «Өз жүрегінің лүпілі еді ғой, исінер, көкірегіндегі сұмдық ойды бір сәтке болса да ұмытып, тебіренер... сөйтіп, бір сілкініс жасар, қабағы ашылар» деп Ақан серінің «Кербез сұлуын», арманы аһ ұрған «Қараторғай», керілген кербез «Сырымбетін» де құштар сезіммен оттай жанып отырып айтты.

Жо-оқ, болатын емес... Жөкейдің аққу-қазынан, бар қызық, бар көркінен айырылған сұрқай салқын күзі де бір, сұп-сұр Ақан сері де бір. Ептеп күлімсіреп езу тартып, іші жылып, ең болмаса «Уһ» деп құса-дерт толы көкірегін босатса қайтті. Ақан серінің реңі кірмей қойды.

Осы бір дағдарысты дел-сал күндері кіші бесін кезі... Ойда жоқта баяғы Абылайханның көп батырларының бірі болған Манақа батырдың немересі, Керейдің Бике атасынан тарайтын атышулы әнші Шәрке сал келді. Алдында айдап келе жатқан бес-алты жылқысы бар. Бәрі елірген шу асау. Осқырып, үрке қарайды. Шәрке сал келді, Шәрке сал! Біржан сал мәз. Атынан жеп-жеңіл секіріп түскен Шәрке салды қапсыра құшақтап, маңдайын төсіне басып, ұзақ тұрды. Сағынысқан белгісі. Ақан сері Шәрке салға сыпа мінезбен иіліп, сәлем берді. Ақан серіге ойлана қараған Шәрке сал: – Кеше сені ойлап, оң қабағым тартып еді, міне, енді Жаратқан ием жүздестірді, – деп жылы лебізбен еркелете баурады.

Осының бәрін көріп тұрған ауыл адамдары әні-міне дегенше тағы да жапырласып, тез жинала қалды. «Шәрке сал... Шәрке сал!» деп біреулері даурығыса айқайлап жүр. Ой, әр ісі аңыз боп жүрген Шәрке сал ғой, бұл. Біржан сал алғаш рет Көкшетау, Қызылжар төңірегін әнге бөлеп, одан әрі басқа елдерге ұзай бастағанда қасында дәйім әрі палуан, ат ойынының шебері, аңшы, саятшы, осы Шәрке сал жүретінді. Біржан сал екеуінің көп өмірі бірге өтіп келеді, мінезі де бір-біріне үйлес. Біржан сал оны ылғи аңсап, небір істерін сырттай естіп-біліп отырады.

Біржан сал екеуі жөн сұраса келгенде Шәрке салдың бұл жүрісі шатақ жүріс екен. Сырымбетте төрелердің барымташылары ұрла-

ған жесірлік тұлпары үшін дауласып, олар теңдік бермеген соң, өрісте оңаша бақтырып жүрген өңкей жүйрік аттарын тартып алып, ешкімді бет бақтырмай, жылқышыларын шықпырта сабап, даланы бұрқыратып, тартып отырыпты. Соңынан қуып ешкім шыға алмапты. Сондай сойқанды жасап келе жатқан беті. Көздің жауын алған пырақтарға сұқтана қараған Ақан сері Құлагерін еске алып, күрсіне тұнжырады.

Көкше мен Қызылжар... Бүкіл Арқаны әнмен қырған Шәрке сал мен Ақан сері дүниені дүбірлеткен ұлы бәйгелерде мерейін тасытқан, тұлпарынан бірі өлідей, бірі тірідей айырылған.

Шәрке салды қуана қарсы алған ауыл тағы да мәре-сәре болды да қалды.

Шәрке сал келген күннің ертеңінде, Қызылжардың Тауағаш деген жерінен Шағалақ Керейдің елге қадірлі мырзасы Шынтемір келді. Шынтемірдің әкесі Шорман мен Біржан салдың атасы Қожағұл ертеден дос көңілдес, сыйлас жандар екенін жұрт жақсы біледі. Шорман дуан кезінде старшина боп атқа мінді. Ел басқарды. Бар ісі елге жақты.

Шынтемір өнерлі еді, кешегі бір күндерде қобыз, домбыра, сыбызғы, тіпті, скрипка, татар сырнайын тартып, ән салып, біраз уақыт Біржан сал тобында серілік құрып жүрді. Келе-келе Шынтемір сабырлы тірлікке көшіп, дәулет жинап, әкесі секілді мырза атанды. Бүгінде ол өзінің Шағалақ елінде беделді старшина. Біржан салмен қарым-қатысы баяғыдай, жең ұшынан жалғасып жатады.

Шынтемір жалғыз келген жоқ, қасында лып-лып етіп, жайраң қаққан атқосшысы бар. Біржан сал олармен амандық-саулық сұрасып болған соң, жүзі нұрлы жас жігітке көз тоқтата, ойлана қарады. Кеудесі шалқақ, жауырыны қақпақтай, басы үлкен, мойыны жуан, дөңестеу қыр мұрынды, жалпақ бет, қызылшырайлы, шапшаң қимылды сом денелі солқылдаған бозбала. Отырыс-тұрысында бұла өскен бозұланның еркіндігі бар, кісіге жас қырандай тіке қадалатын өткірлігін де сезіп үлгірді. Тақиясындағы бұлғақтаған үкісіне қызығып, Біржан сал жылы сезіммен күлімсіреді де:

– Е, біздің үйге Үкілі Ыбырай келіп отыр-ау, осы, – деді оны жыға танып.

Ақан сері де Ыбырайдың келе қалғанына қайран қалып, қуанып отыр. Бұл – өзінің тобындағы Темірбек, Бәтжан, Нұралы, Сұраған ... Елге әйгілі осы әншілердің ұйытқысы, еркесі. Шәрке сал мен Біржан

сал екеуі Ыбырайдың әншілік дақыртын енді-енді ести бастағанды.

Шүйіркелесе сөйлесіп, жөн сұрасып болған соң, дастархан жайылып, алдарына күздің сап-сары қою қымызы келді. Оны Әпіштің өзі сырлы ожаумен бұрқырата сапырып құйып беріп отырды. Біржан сал: – Біздің Әпіш сабаны бес биенің терісінен жасайды, бал қымызды сағынған да шығарсың, іш мейірленіп, – деп Шәрке салға масаттанған сезімін білдірді.

Отырған жұрт мұны бас изесе қоштады.

Бірте-бірте он екі қанат ақбоз үй ауыл адамдарына лық толды. Бәрінің назары, ықыласы Шәрке сал Ақан серіде... және Үкілі Ыбырай деп еркелетіп отырған бозбалада. Біреулер: «Мына Жалғыз Жамантау жақтағы Жақсылық Қарауылдар бар емес пе, солардың алға ұстаған бұлбұлы десең де, тұйғыны десең де, жас қыраны десең де осы Үкілі Ыбырайыңның дәл өзі. Мұның шырқаған үніне таңғалған жұрт бүгінде оны «құс үні» деп гулетеді» десе, оны ымдап қоштаған екінші біреу: «Әлгі гәккулеген ән бар емес пе, соның иесі бұл» деп сыбырлайды.

Біржан сал Шынтемір мырзаға бұрылып: – Бұл күнде ел: «Шынтемір мырза қара мұрын Сандыбай ұстаның ырысы боп жүр», «Үкісі үлгілдеген Ыбырайын ешкімнен кем қылмай, мәпелеп Болатнай медресесіне оқытып алыпты», «Үкілі Ыбырай ескілікті дін оқуына зерек, кейде Ақан серімен сөз таластырады екен» деген сөзді құлағым шалып қалады, мәрттігіңізге ризамын, – деп, Шәрке сал мен Ақан серіге қарады. Ақан сері «Рас» дегендей сөзін қоштап, қасын қағып, ишарат білдірді.

Біржан сал отырған жандарды қыдырта қарап өтті. Екі інісі – Тоқтар мен Әлжан ән салғысы келіп, іштей тыпыршып отыр. Біржан сал оны елендеген жүздерінен байқап, Тоқтарға ым қақты. Тоқтар қызба жігіт, мұндай сәтте жанып кетеді, еш іркілмейді. Ұзын мойын қоңыр домбырасын бипаздап шертіп, қалың қабағын қиғаштай көтеріп:

Ахауға мен салайын Әпіш жарым,
Дүниенің сездірмей-ақ жоғы-барын.
Өмірің көрген түстей өтер-кетер,
Кімдерге мирас болмақ жиған малың.
Ахау, бұлбұл бастан,
Не пайда өнері жоқ шіркін жастан, әриайдай! –



деп көтеріңкі леппен әуелете шырқады. Жан-жүректі лүпілдеткен сырлы сезімді жұмсақ үні отырған жандарды көктемнің шуағындай аялады.

- Ой, Токтар, қандай еркін едің! Шырқашы, бір!
 - Бұл әннің жастарға ғыбыратын айт... сондай ән!
 - Токтардың он саусағы перне бойында қалай жорғалайды, ә!
- Өнге елігіп алған жұрттың кеу-кеуі басталды.

Кезек Әлжанға келді. Ол «Ләйлімді» мөлдіретті. Шәрке сал қуақылана жымың етіп, Әпішке ұрлана қарады. Әпіш те мұны сезе қойып: – Біздің Біржанның жүрегі жетеді бәрімізге, – деп сылқ-сылқ күлді.

Шәрке сал Әпіштің жадыра-жайсаң сөзіне рахаттана бас изеді. Біржан салдың жүрегінде:

Жайлауы еліміздің мидай дала,
Түріндей масатының күрен ала.
Ел кезіп, өз үйіме оралғанда,
Мұндасып, көңіл ашар Әпіш қана, –

деген әні тамылжыды.

Шәрке сал қозғалақтай қалып, Үкілі Ыбырайға күлімсірей қарап: – Сүйгенің бар ма, батырым? – деп оқыс сауал қойды.

Бұл сөзге ойлана қалған Үкілі Ыбырай: – Сүйіп ем... бұйырмады, – деді сәл бөгеліп.

- Қай елдің қызы еді?
- Тобыл жақты білесіз ғой, сондағы Жаппас деген елдің қызы.
- Аты кім?
- Кәкима.
- Шын сүйдің бе?

– Кәкиманы бір қызойнақ үстінде көрдім. Сырнаймен мың құбылтып ән салды. Адамның үні емес, құстың үні...

– Сол Кәкима сүйді ме, сені?

– Сүймесе «Гәккуім» шыға ма? Бізге кедергі болған – құдалық іс. Кәкима аттастырылған жеріне ұзатылып кете барды. Көкшенің көз жасындай мөлтілдеген сексен көлінен аққулар әндетсе сол үнді «Кәкиманың үні ме?» деп қалам.

– Ә, бірі кем дүние, сол Тобылға сол жолы мені апарсаң ғой Үкілім, Жаппастарды тәубасына келтірер едім, – деп Шәрке сал екі иығын мазасыздана қозғап, ауырлап бара жатқан сөзді жеңілдеткісі келді.

Шәрке сал сөйтті де:

– Жаңа мына Тоқтар мен Әлжан ауылдың алты ауызын айтты. Осы жұрт асқа емес, ықыласқа, әнге жиналды. Ендігі кезек, Шынтеке, сіздерге тірелді. Үкілі Ыбырайыңыз қолға алсын домбырасын, – деп, қыздырмалата сөйледі.

Мұны отырғандардың бәрі қош көріп, қалбалақтап, жымың-жымың етті. Біржан сал мен Ақан сері Үкілі Ыбырайға көз алмай кадалды. Шынтемір оған ым қақты. «Сөйле» дегені. Үкілі Ыбырай екі беті дуылдап, үкісі бұлғақтаған ақ домбырасын бебеулетте шертіп:

Жігіт болдым он жетімде,
Тыңда айтқан кебімді,
Шаруадан бас тартып,
Салдыққа бұрдым бетімді, –

деп термешелей жөнелді де бір кезде басқа бір сарынға жалт бұрылып:

Ағаштан арба-шана ие алмадым,
Басыма тері бөрік кие алмадым.
Әкеміз қара мұрын ұста болып,
Көмірге өзімді-өзім қия алмадым, –

деді аксары жүзі алаулап.

Ол домбырасын қуалай шертіп, безектеткен күйі енді тағы да басқа бір әуенді төгілтіп:

«Сал» атандым он сегізде,
Қайғысыз ендім бір теңізге.
Он тоғызда оттай лаулап,
Ойнақ салдым кемеңізде!

– деген құштар сөзді отты әуезбен жаркылдатты.

Үкілі Ыбырай бұған да тоқтаған жоқ:
Ән салып, сері болып талаптандым,
Тыңдамай ақылын да барлық жанның.
Бөркіме үкі тағып, сәндеп киіп,
Жолына түспей кеттім дүние-малдың! –

деп, демін бірте-бірте бәсеңдетіп, домбыраны мамырлата қайырды.

Үй іші тым-тырыс. Бәрі үнсіз. Бәрінің көзі Үкілі Ыбырайда. Ол ентіккенін сездірмеуге тырысып, өрекіпген жүрегінің дүрсілін әрең басқандай демін ішке тартып, ойлана түйілді. Жайлап сөз бастады:

– Әкем Сандыбай өз ата қонысымыз Жалғыз Жамантауда алты десятина жерге егін салып, ұсталық жасап күн көріп жатыр. Жұрт



әкемді «қара мұрын» Сандыбай, дейді. Бейнеттің адамы. Қандай ұста, зергер екенін жұрт жақсы біледі. Әкем көңілшек, балажан. Бетімнен қақпады. Өзім де алған бетімнен қайтпай, өз жолыммен жүріп келем. Кейбір ағайындарым: «Әуейіленбей әкеңе көмектес. Әке кәсібі саған нәпәқа. Домбырасын безеп, көрінген жерде «әләуләй» деп жүрген талай даңғойды білеміз, қолыңның ебі бар, әкеңнің балғасы мен балтасын ұста. Әкеңнің мойынынан ит тірліктің қамыты түссін, есерлікті қой, ол жынның ісі» деп ақыл айтты. Ал әкем байғұс: – «Ыбырайым ақылсыз емес, тек дені сау боп, тіл-көзден аман жүрсін» деп мені ондай сөздерден қорғаштай берді. Ұсталық маған қонбады, домбыра сырнай тартам, сыбызғым тағы бар, мына Ақан сері ағам еріп, ән соңына түстім, сал аға! Алдарыңызда осылайша әндетіп, Біржан сал ағамнан бата алуға келдім!

Үкілі Ыбырай бұдан әрі ештеме демеді.

Мына сөзге ұйыған Біржан сал бір ғажайып ертегі тыңдап отырғандай жүрегі елжіреп, жүзінен нұр төгілді. Ақан сері де мейірлене қалыпты. Шәрке сал болмысынан сергек жан, жанарынан от жарқылдап, Үкілі Ыбырайдың байсалды сөзіне көңілі толып:

– Жақсы тілекпен келіпсің, Үкілім, батаны әнмен ал! Иә, солай ет! Әнші екенсің, заматта шапшаң шығарып айт, батыр! – деді, қайрай сөйлеп.

Ақан серінің қара бұлақтай тұнжыраған көзінен бір ұшқын жылт-жылт етті.

– Баста! Іркілме! – деді Шәрке сал жұрттың делебесін қоздырып. Шынтемір де іштей тыпыршып, ойға батты.

Отырған жандар Үкілі Ыбырайға үнсіз ғана көз тікті.

Осы ду-ду қолпаш Үкілі Ыбырайды шайқалтып ала жөнелді. Ол домбырасын ә, дегеннен құйқылжыта, құбылта шертіп, ол үдей түсіп, жел шайқаған теңіз толқынындай түйдектеле қайырылып, сол кәусар әуенді көзін жұма төгілтіп, бар дүниені заматта ұмытты. Өзімен-өзі әлек боп, тұла бойын шабыт оты шарпыды. Домбыраның бебеу қаққан бұл әуресі жүрек біткенді ынтықтырып, ұзаққа созылды. Ешкім тырыс етіп, тіл қатпады. Бәрі үнсіз. Бәрін бір тылсым күшпен буып тастады. Домбыра әуезі тағы да толқын боп шайқалды. Біржан сал Ақан сері, Шәрке сал... Үні шықпай қалған жұрт Үкілі Ыбыраймен қоса теңселіп, Жөкей көліндей толқыды. Үкілі домбыраны абсиган кең көкірегіне құшырлана қысып алған Үкілі Ыбырай екілене безілдетті. Біржан салдың қаны бетіне тепті,

тұла бойы өрт боп жанды. Кызу қанды Шәрке сал екі қолын қоярға жер таппай, «Ә!» деп шырқап жібере жаздап зорға... зорға отыр. Ақан серінің тұңғыық жанары қыз көзіндей мөлдіреді. Шынтемір мырза тілі байланып, күлімсірейді тек.

– Иә, осылайша біраз төпеп ал! – деді Біржан сал Үкілі Ыбырайды көтермелей демеп.

– Батаны әнмен тіле! – деп Шәрке сал тағы да саңқ ете қалды. Ақан сері жүзінен шуақ төгілді.

Бар дүние ұмыт болғандай жөніне қалып, өзімен-өзі әлек боп бұлғақтаған Үкілі Ыбырай бір кезде кеудесі керіле түсіп, «ой» деп ауызын ашқанда екі ұртын жел кеуледі, қысық көзін жайлап жұма берді де: «ги-ги-гай, ги-ги-гайлап» жас қайыңдай бұралып, Біржан салға көз түйістіріп, иіле ізет көрсеткендей боп:

Ей, өлеңмен екі өкпеңді, оу, қалқытайын,

Ой, қорғасындай денеңді балқытайын.

Біржанға салып берген әнім ед, деп

Азырақ «Шалқымамды» шалқытайын,

ги-ги-гай, ги-ги-гай, –

деп термелеп, есіп, жосылтып әкетті.

Ақан сері:

– Қайырмаңмен біраз сандал өстіп, әуелет, гәккулет, асқақтап, ұзап, ұстатпай кет! Жөкейдің жойқын толқыны боп мың бүктел! Қайырыла беріп, қайта шалқы! – деді дір-дір етіп.

Ақан серінің сөйлей жөнелгеніне сүйсінген Біржан сал: «Уа, дариға! Қайран менің сондай күшім! – дегеннен басқа тіліне сөз түспеді.

Тынышы кеткен Шәрке сал: – Домбыраңның үкісінен айналдық! – деді.

Мынадай әншіні көрген жұрт желсіз күнгі тынып қалған Жөкей айдынындай үнсіз мүлгіді.

Ән қайырмасын алысқа шығандатып, зорға қайырған Үкілі Ыбырай:

Салайын «Шалқымамды» ырғақтатып,

Үкілі домбырамды бұлғақтатып, – деп Шәрке салдың әлгі сөзін әнге қосып, одан соң серілігін, жастығын айтып, ел еркесі болсам, деген тілегін білдіріп, шарықтаған асау сезімін әрең тоқтатты. Ешкім ләм-мим дей алмады.

«Шалқыма» дейін бұл әнімді, сал аға! – деді, Үкілі Ыбырай еңтіге толқып.



Осылай шалқы! – деп Біржан сал да тебіреніс отына күйді.

– «Шалқыма» болсын!

– «Шалқыма» деп шырқатып әкетіндер!

Біржан сал мен Шәрке сал бір ауыздан осылай деді. Ақан сері бұл сөзді іштей қосшағанын сездіріп, емірене толқып, қиялға берілген.

Біржан сал Үкілі Ыбырайға ыстық мейірін төгіп: – Сен Шәрке сал емессің! Ақан серіден де бөлексің! Мына сөйлеп отырған Біржан салға да ұқсамайсың! Біздің үніміз жетпеген жерге сенің үнің еркін жететін үн екен! Өресі зор, аршыны кең, ойы терең ән шіркіннің ендігі иесі өзің болғай, Үкілім! Тағдыр-талайыңда біз көрген тауқыметті әлеуетті әніңмен көтер! Жаратқан ием жар болып, мына даланың лебі, үні, тынысы боп өзіңді тыңдайтын мынадай көгенкөз жұрттың жан ләззәті, демеуі, махаббаты боп шалқы, Үкілім! Ендігі әннің екі тізгін, бір шылбыры өз қолыңда! Үкілі домбыранды еркелете шертіп, жан дауасы бола бер, Үкілім! – деді, әр сөзінен жалынды әуездің лебі есіп.

Іргеден ызылдаған қытымыр жел де сезілмейді, аш бурадай бұрқылдап, әлек салған Жөкей көлінің шуы да естілмейді; дүние тал түсте сансыз көкек тамылжитқан жаз күніндей маужырады: кең айдында өз суретіне өзі сұқтанып, сызып қана қалқыған аққулардың анда-санда қанатын сымпылдатып «га-га-галаған» үні жүрек біткенді діріл қақтырғандай елес береді. Көл жағасы күс үніне толып, көгалалы көп жылқы байырқалаған көк майса көк толқындай ырғалып кетті ме, Құдай-ау... көл бетіне үңілген жас арулардың шат күлкісі елең еткізіп, ерікті алады, әлденеге мәз қылып. Күнің қайсы, түнің қайсы, Жөкей көліндегі жаз қызығы қайта келіп, таңды-таңға ұрған ел думаны қайта басталғандай...

– Дүние қандай ғажап! Шіркіннің қас-қағым сәттік шаттығы-ай!.. – деді, жүрегі тебіренген Ақан сері.

– Жастығымызды, жақсы күнімізді... сүйгенімізді, сүйіктімізді қайта қауыштырдың, Үкілім! – деп Біржан сал толқи сөйлеген күйі Ақан серіні көзінің қиығымен бір іліп өтті.

Ақан сері талмалы таң алдында түс көргендей бір тәтті елеске елти қалыпты. Түнектей тұңғиық көңіліне үміт сәулесіндей шырақ жанған. Қабағы ашылып, реңіне қан жүгірді. Күлімсіреген жүзінен нұр тарады. Мұны көріп Біржан сал көкірек кере бір күрсініп алып, көкейінде жүрген уайымнан жеңілдегенін сезді.

Ақан сері сол күннен бастап еркін шешіліп, Біржан салдың ауылын әнге бөледі.

Ал Біржан салдың алдында шырқалған «Шалқыма» ән дүниесіне өз үні, өз жолы, өз әуезімен өзгеше боп келген Үкілі Ыбырайдың пешенесін шолпан жұлдыздай жарқыратып, еркін шалқытты.

... Кешегі бір күндері ұмытылған «Шалқыма» бүгінде Қайрат Байбосыновтың қуаты зор тебіреністі үнімен әлем көгінде қанат қағып жүр.

ТОЛҚЫН

1981 жылы «Өнер» баспасының тапсыруымен СССР-дың алпыс жылдық тойы құрметіне қазақ совет әндерінің антологиясын жасауға кірістім. Отызыншы жылдарда шырқалған әндердің ішінде «Толқын» деп аталатын бір ән көп ойға салды.

Елім бар колхоз болып күлімдеген,

Көлік бар трактордай дүрілдеген, –

деп келетін бұл әнді әкелеріміз бен шешелерімізден талай естігенбіз, оны қырқыншы жылдарда өзіміз де мектеп хорында айттық. Хош, сонымен, бұл әннің иесі кім? Ешкім білмеді. Мүлде ұмытылған. Иесі жоқ әнді халық әні, дейтініміз тағы бар. Ән жинақта халық әні «Толқын» боп кете барды.

Сол жылы желтоқсан айында Көкшетауға келдім. Зерттеу жүргіздім.

Келер жылы Көкше өңірінің көктемін көрдім. Үкілі Ыбырайдың көп хикаясы қағазға түсті.

Жазушы Естай Мырзахметовтың үйіндегі бір келісті отырыста әнші Кәрім Ильясов: – Біржан салдың Кекшетауда өткен жүз елу жылдық тойына арналған концертте «Толқын» әнін айтуым керек еді. Концертті ұйымдастырушылар жөнсіз апшымызды қуырып, осы әнді айта алмай қалдым, – деп өкініш білдірді.

– Әннің төресі ғой, – деді Естай.

– «Толқын» дейсіз бе?

– Иә, «Толқын»...

– Мен бұл сөзге елең етіп, әңгіменің ақырын күттім. Көкшенің көп сырын білетін Естай:

– Әр әнші өзінің әншілік құдіретін осындай мықты әнмен білдірген. Біржан салдың «Айтбайы», Ақан серінің «Майда қоңыры», Естайдың «Жай қоңыры», Әсеттің «Інжу-Маржаны» Жаяу Мұсаның



«Көкаршыны», Майраның өз әні... Осы әндердің бәрі әрқайсысының әншілік болмысы, паспорты емес пе?! «Толқын» әні Үкілі Ыбырайдың әншілік жаратылысын бәрі-бәрінен оқшау көрсеткен кең тынысты асқақ ән, – деді.

Кәрім биязы үнмен: – Бала кезімізде үлкен әншілерді тыңдадық. О, олардың үні өзгеше еді мүлде, сол шіркіндер домбыраны заулата шертіп:

Толқынды айту керек, ей, жайлап қана, а-а-а,

Өзінің нақысымен, ей, сайлап қана, а-а-а-а, –

деп, әр сөзді жеделдете, екпіндете термешелеп:

Дариядай шалқып жатқан болмаса да, Бұлақтай ей, көзі шыққан қайнап қана, ой, ги-ги-гай, гилатып құйқылжытады, одан әрі ән әлуеттене түсіп, биіктеп, өрлеп, қырандай шарықтап, одан қайырмаға оралады, жүректі біраз шымырлатып тұрып, тағы да қуатты серпінмен бірін-бірі қуалаған толқынды иірімдер кетеді бой бермей. Домбыра безек қағып, үстемелеп күй төгеді. Әнші бойындағы лапылдаған құштарлық жалынның лебі боп шарпиды. Ән орындалып біткеннен кейін де оның сол қызуы көпке дейін басылмайтын еді, – деп әннің сұлбасын анық елестеткендей болды.

Осы әңгіменің үстінде Кәрімнен «Толқынның» осы шумағын ғана магнитофонға жазып алдым.

«Толқын» әні мені әрқилы ойлармен мазалады. Білікті жандардың нұсқауымен Володар ауданындағы «Карасев» совхозының «Бірлестік» бөлімшесінде тұратын суырып салма ақын, әнші Байжұман Ғабдуллинге келіп жолықтым.

Байжұман орта бойлы, кең иықты, қимылы тез, кесек бітімді аңқылдаған ақсары кісі екен. Баурап, шүйіркелесе сөйлесіп, әңгіме ығытына бірден түсті.

– Біраздан бері қан қысымым көтеріліп, жүрегімді шаншытып, жайсыздау тиіп жүр. Бірақ ептеп ән салсам сергіп, ширап қалам, – деп ол төрде қаз-қатар ілулі тұрған төрт домбыраны көрсетіп, күліп қойды.

Әп-сәтте Үкілі Ыбырай жөнінде біраз сырды апыл-ғұпыл айтып та тастады. Степнякта Біржан салдың жүз елу жылдық тойында облыстық ақындар айтысын да бастапты.

– Е, Біржан салдың өзің тірілткен «Айбозым» әнінің тарихын білуші едім, – деді Байжұман.

Бұл да көп алаңдата беретін хикая еді. Бірақ оны қозғамадым да: – Осы «Толқын» деген ән – кімнің әні? – дедім.

– Кімі қалай? Үкілі Ыбырайдың әні, ол! Көкшетауда Кәрім ғана айтады. Оны тыңдай алдың ба?

– Тыңдадым.

– «Толқын» десе толқын еді. Ол заулай жөнелгенде несін айтасыз, ой, қандай екпін, ол! Біздің әкей Үкілі Ыбырайға кездесе болды, бір отырыста қолқалап, есебін тауып, қайта-қайта айтқызушы еді.

Мен сонау бір жылдары Чкалов ауданындағы қазіргі «Амандық» совхозында агроном боп істедім. Осы ауылда Нұрымның Беркімбайы деген әнші қария болды. Ол Біржан салды көрген, Үкілі Ыбырай мен Балуан Шолаққа еріп, біраз серілік құрған жан. Сол Беркімбай ақсақалдан естіген әңгімем былай:

Үкілі Ыбырай Біржан сал ауылына жиі келіп жүрген. Сол бір келісінде ол «Он саусақ», «Айбозым», «Қара нар» әнін үйреніп, әсіресе, соңғы әнді түрленте құбылтқанда Біржан сал таң-тамаша боп: «Сен бұл әнді, ағаш үйдің он екі звотты пешіндеі бұралтып қайырдың-ау! Бұл неткен иірім, неткен толқын еді! Сен бұдан былай мұны «Он екі звот» деп айтсаң да болады екен! Қажыған, қиналған шақта адамның өткен өмірі көзден бір-бір ұшады білем. Жан сала шырқап, сол күндерді елестеткенім ғой, бұл! Кәрі қыранның соңғы рет шаңқылдауы секілді, – деп қырыс-тырысы жазылып, жас адамдай жайраң қағады. Желігеді. Өзі де ән салады, серпіліп.

Үкілі Ыбырай дәл осы сұқбат үстінде: – Сал аға, менің де өз зводты пешім бар, өз толқыным бар, – дейді.

– Ә, бәрекелді! Толқытып көрші, қані! – деп Біржан сал желпіне түседі.

«Толқын» әні сол сәтте толқын атады. Ән түйдек-түйдек боп жөңкілгенде Біржан сал басы қатты жүйріктің тізгінін тартқандай, бір тасқынды күшпен арпалысқандай әбден есі шығады. Бірін-бірі қуалаған отты ырғақтар арындап кеп жағаны ұрған толқындай «а-а-а», деп, сәл іркіле қалып, іле қайта серпіле жазылып, сол дүрмек-дүрмек қызулы дүбірмен шығандай жөнеледі: қайырма «ой-ги-ги-гай, ги-ги-ги-гай, ги-гилетіп» толассыз ағындай береді. Бұл – көл бетіндегі толқын; бұл – ұлан жазықтағы көк майсаның ескек желмен тербелген толқыны; бұл – көңіл түкпіріндегі құштарлық, құмарлық сезімнің беймаза шабытпен шалқитын асау толқыны; бұл – шексіз заулаған әуен легі!

Біржан салдың ықылас-пейіліне тебірене толқыған Үкілі Ыбырай осылайша біраз асқақтайды, арынын зорға басады. Тояттаған жас қырандай жайнап, ұстазының лебізін күтеді.



Сонда бұл шалқуды неге теңерін білмей, іштей масаттана булыққан Біржан сал:

– Сен аққулар қонған айдыны кең шалқар көлсің, Ыбырай! Сенде көлдің демі, көл тынысы, көл үні, оның тепсіне тулайтын толқыны бар. Сол толқынның мың бұралған ағысын көрсем бе, деп жүруші едім. Тар кеудене сол алапат толқын қалай сиыған, қалай? Міне, енді «Ән салсаң Үкілі Ыбырайша толқындат!» дейміз, біз! – депті...

Беркімбай ақсақал шерткен хикая осы еді. «Толқын» әнін кезінде мен де айтқам. Сөздері де бір жауһар еді, шіркіннің! Бір кезде асыл әншіге тағдырдың қара бұлты үйіріліп, жапа шеккенде оның бір әні Біржан салға, екінші әні Ақан серіге, тағы бір әндері Балуан Шолаққа телінді. «Гәкку», «Толқын», «Қара торғай», «Қаракөз» әндері халық әні делінді. Сол бір жылдарда ит тірліктің күйбеңімен жүріп, көп әнінің сөздерінен де көз жазып қалдық. «Толқын» әнінің сөздері – екпінді, қызулы, кесек сөздер еді...

Байжұман ақсақал қырылдаған үнмен «Толқын» әнін айтқысы келді. Айта алмады. Ақсары жүзі қызарып, қобалжып, амалсыз тосылды. Сөйтті де іле жымың етіп: – Бір шумағы былай сияқты еді, – деп іштей күбірледі.

– Еске түсіріңізші...

– Қазір... қазір... алтынның сынығындай сол сөздері: - Әуелі лапылдаған жалындай бұл,

– Екпіні емен жыққан дауылдай бұл

– Майдағы майда мақпал жауып өткен.

– Екінші нөсерлеткен жауындай, бұл!

– Иә, дәл осы сөз! «Толқынды» айтса, бүгінде Кәрім айтсын, – деп Байжұман ақсақал көк жүзінде көзге зорға-зорға шалынып, бірде ғайып боп, біресе қайта қылаң еткен аққуларға сарыла қараған жанша бір рахат сезіммен мүлгіді де отырды.

ЖҮЙРІК АТ, ҚЫРАН БҮРКІТ, ҰШҚЫР ТАЗЫ

Сансыз көкек сұңқылдаған сол бір мамыр күні...

Сол күні біз Қабдыәуәли ақсақал екеуіміз Сырымбеттегі Сарыбұлақтан шығып, жолда «Бірлестік» ауылынан Байжұман әншіні алып, «Карасев» совхозының «Өскен» бөлімшесіне келіп, Зейнолла қарияның үйіне тоқтап едік. Бұл – Үкілі Ыбырайдың туған ауылы, оның ата қонысы.

Үкілі Ыбырай Қарауыл елінің Қалдаман атасынан, Зейнолла да сол атаның бір бұтағы.

Аса сыйлы, жылы жүзді қонақжай қарт бір баласын жүгіртіп жібергені сол еді, әне-міне деп, жөн-сұрасып отырғанда Өміржан, Қабиден деген екі ақсақал кіріп келді.

– Ө, Өмекеңнің бір өзі жетіп жатыр,- деп Байжұман қуаныса қол алысты.

– Е, Қабиден де Үкілі Ыбырайдың бір көне көзі, – деді Қабдуәли.

Құдайға шүкір, әзір бармыз. Қарамұрын ұста атанған Сандыбай әулетінің көрігін қызғыштай қорғап, сақтап отыр, осы ауылы.

Әншінің көп әні осы жерден сонау мұнартып, көрініп тұрған Жалғыз Жамантау төңірегінде шалқыған. «Ахоу, жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы», – деп айқай салып, аң да қуған.

– Поу, шіркін! – деп қалды Байжұман

Бағаналы бері домбыраны жай ғана шертіп, ойға шомған Байжұман шырт ұйқыдан селт етіп оянған жанша алабұртып, ақсары жүзінен қаны теуіп, көзі шарасынан шыға шақырая берді. Бұл – ән салардағы шабыт қысқан әдеті. Ол домбыраны қатты бұрап, іле бастырмалата қағып-қағып жіберді. Кең тыныс ала, көкірек керіп, ұмсына қалып еді, бірақ үні шықпай басын шайқап, кілт тоқтады.

– О, көк дөнендей өректіген қайран көңіл! Қайран жастық! Бәрі алыстап кетіпті. Айтушы едік, бір кезде...ол кез қайда енді, – деп ол амалсыз тосылды.

Жай шертіс емес, желікті, желпіністі ырғақты сынаптай сырғытты. «Аңшының әні» бебеуледі.

Мен жазушы Сәбит Мұқановпен болған бір кездесуді еске алдым:

Алматыда «Өнер» деп аталатын бір сурет шеберхана-комбинат бар. Осында суретші қарындасым Зейнеп қызмет етеді. Бір жолы мен Зейнепке келдім. Ол мені белгілі суретші Молдахмет Кенбаевтың іздеп жүргенін айтты. Молдахметті өзінің шеберханасында жолықтырдық. Ол кісі атақты қобызшы Ықыластың портретін жазатынын, ол үшін оның күйлерін тыңдап, ол жайында менен әңгімелер естігісі келетінін білдірді. Сонда көрдім, Молдахмет жазушы Сәбит Мұқановтың портретін жаза бастапты. Суретшінің Сәбең деген бар жан сезімі, толғанысы осы полотноның ішінде, оны кәдімгідей қаз-қалпында отырғыза салған. Сәбең адамға... тегі күллі жарық дүниеге ашық көзбен, мейірлі жүзбен қарайды.



Молдахмет шеберханасының бір бұрышына дем алатын нар жасап, оған текемет төсеп, көрпеше, жастық тастапты.

– Шаршағанда Сәбең осы жерде бір сәт қисайып жатып, көз шырымын алады. Біраз сергіп, ширап қалады, сонан соң портретке қайта кірісеміз. Сәбең бала сияқты, өз суретіне өзі мәз боп, мені асықтырып: «Сен енді тез бітсейші...» – дейді, қымыз ішіп алады да орындыққа отырып, маужырап тұрып ұйықтап кетеді. Суретші алдында екі-үш сағат отыру жасы келген кісіге оңай емес. Амал жоқ, жазу тоқтайды. Сәбеңді мына нарға жатқызам, ол кісі бейнебір сегіз қанат акбоз үйде жатқандай ал кеп ұйықтасын. Мен бұл кезде басқа портреттердің эскизін жасаймын. Ықылас қобызшының хикаясын шерт, маған. Сәбеңмен осы жерде жүздесіп жүргенің оңды болады, – деді Молдахмет.

Мен содан кейін Молдахметтің шеберханасына келіп жүрдім.

Бір күні түстен кейін шеберхана алдында Сәбеңмен ұшырасып қалдым. Сәлем бердім. Сәбең қалбалақтап: – Саламат па, шырағым! Қай баласың? Жүзің таныс, – деді.

Мен аты-жөнімді айттым.

– Дұрыс! – деді Сәбең.

Сөйтті де басын қайта-қайта изеп, жүре беріп, қайта бұрылды.

– Қайда қызмет істейсің, шырағым? – деді ол.

– Радиода музыка редакциясында істеймін.

– Дұрыс! – деді Сәбең сәл ойланып, радионың музыка қорында Балуан Шолақтың неше әні бар?

Мен оның «Ғалия», «Сентябрь», «Жастық шақ» әндерін атадым.

– Дұрыс!

Сонан соң: – Үкілі Ыбырай әндері ше? – деді.

– Біразы бар.

– Дұрыс!

– Ал «Қара торғай» ше?

– Қай «Қара торғай», Сәбе? – дедім мен.

«Құс болсаң жібектен бау тағар едім» деп келеді ғой... (мен бұл әннің тарихын Кәкен деген ақсақалдан бір жолы Сырымбеттің Сарыбұлақ ауылында жазып алған едім.)

– Ә, ол халық әні емес пе?

– Дұрыс емес! Ал «Аңшының әні» ше?

– Оны да халық әні дейді.

– Дұрыс емес! «Алтыбасар» ше?

– Ол Үкілі Ыбырайдікі.

– Дұрыс. Әрине, халық мұрасы ұшан-теңіз дүние. Музыканы сақтайтын да, қорғайтын да халық. Бірақ бүкіл халық боп, топ жиып, бір әнді жабылып шығармайды. Оның о баста бір иесі болады ғой...

– Солай, Сәбе! – деймін бұл бір үлкен жүректі ірі суреткер, тамаша мейірбан адаммен осылайша тілдесіп тұрғаныма сүйініп.

– Менің «Өсу жолдарымыз» деген кітабым бар.

– Білем, Сәбе.

– Сонда мен Үкілі Ыбырайдың «Аңшының әні» деген әнінің көп шумағын келтірдім. Оқыдың ба?

– Жоқ, Сәбе! – деп шынымды айттым.

– Дұрыс емес! – деді Сәбең. Мен ұялдым.

– Мен Үкілі Ыбырайды көрген жанмын. Дәмдес болдым. Біраз өмірін өз аузынан жаздым да, елуінші жылдардың бас кезінде Көкше өңірін араладым. Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырайды көрген жандар әлі отыр, Құдайға шүкір. Солардың маған тапсырған бір аманаты бар еді, шырағым...

– Айтыңыз, Сәбе.

– Радиодан концерт бергенде Үкілі Ыбырайдың «Қара торғайы», Үкілі Ыбырай шығарған «Аңшының әні» деп беріндерші, шырақтарым, шындығы сол, – деді қиыла тілек етіп.

Мен Сәбеңе сал-серілер өмірін зерттеп жүргенімді айттым. Сәбең:

– Дұрыс! – деді, – онда Көкше, Петропавловскі, Омбы жағына бар. Сырымбетке бар... Онда Кәкен Әбділманұлы, деген қария Қабдуәлі деген өте бір әңгімешіл, өзі аңшы, орманшы кісі бар, жасы менен кіші... «Мәдениет» аулында Байсейіт әнші, «Бірлестікте» Байжұман әнші... Сол кісілер біледі, бәрін.

Ыбырай жазда қаршыға, тұйғын қыста бүркіт салып, ит жүгіртуді кәсіп еткен, аңшыларға да көп ерген адам. Жалғыз Жамантаудың қойнау-қойнауын шарлап, қиқулатып салып баққан ол...

Кейін Сәбең айтқан қариялармен ақыры сәті түсіп, жүздестім де. Солардың біразы, міне, тағы да жүзбе-жүз отыр. «Аңшының әнінің» желдей ескен әуенімен өзімен-өзі боп, қиялын қияға шығандатқан Байжұман домбырасын саябырлата беріп, терезеге бұрылып, тысқа көз салды. Ойланды. Содан соң ол:

– Менің тоғыз жастағы кезім. Бір жолы әкем екеуіміз үйде таспа тіліп отырғанбыз. Жаздың күні еді. Ел жайлаудағы кез. Сырттан ат дүбірі естілді. Әкем «кісі келді» деп иек қақты. Сол сол-ақ екен, «Әй,



Сарысақал үйдемісің?» деді бір ашық үнді, қуатты дауыс. «Е, Үкілім, кел... кел...» деп әкем апыл-ғұпыл ұшып түрегелді. «Аманбысың, Сарысақал?» деді тағы да әлгі кісі. Әкем қалбалақтап «е, Құдайға шүкір», деді. «Бүгін бір қойың жетпейді, тай соясың» дейді аттан түсіп жатқан қонақ.

Бұл қонағымыз – Үкілі Ыбырай боп шықты. Қасындағылары – Молдахмет, Шомат, Әбіқай, Сұраған деген әйдік әншілер екен.

Бұл Үкілі Ыбырайды алғаш рет көруім.

Сол күні жұрт біздің қоңыр үйді керіп кетті. Таң атқанша ән шырқалды. Сонда дүйім жұрттың құмарын қандырмай қайта-қайта әуелеген ән – «Аңшының әні» еді. Әкем сол түні ду-дудың үстінде маған: «Мынау Ыбекеңнің қамшысы, тығып қой. Айтпа» деді. Мен жұрттың көзін ала бере, тысқа шықтым да, есік алдында жатқан көң-қоқырдың арасына қамшыны екі бүктеп, зып еткіздім.

Үкілі Ыбырай шаршады-ау, деген сәтте «Аңшының әнін» біресе Шомат, біресе Молдахмет, одан Әбіқай, Сұраған бәрі-бәрі айтты. Ел мәз.

Ертеңінде қонақтар қымыз ішіп, жүруге айналғанда Үкілі Ыбырай: – Оу, қамшым қайда? – деді сасқалақтап.

Кісіге тік қарағанда жанары мүлде өртеп жібере жаздайды екен. Мен қипақтап төмен қарай бердім.

– Әй, тентек, ой айналайын, қамшымды тауып бер. Сен алдың, – деді Үкілі Ыбырай мырс етіп.

Мен далаға зыта жөнелдім. Бәрі қарқылдап кеп ал күл... сөздері естіліп жатыр.

– Ә, Сарысақал сенің жаман ойың белгілі болды. Бұл тағы бір күн қонақ бол, дегенің ғой. Жарайды. Тілегің орындалсын. Бір күн емес, бірнеше күн масайраймыз. Енді бізден құтылып көр, – деді Үкілі Ыбырай.

– Оу, сендермен өткізген күндер бір ғұмыр ғой! – деп әкем де жаны қалмай қуанды, әншіні жібергісі келмеді.

Сол думан бірнеше күнге созылды. Үкілі Ыбырай мені қасына шақырып, арқамнан қағады, құлағымнан, мұрнымнан тартып, көкірегіне қысады, қалтасынан бір алтын тиын көрсетеді: «Қамшымды тауып берсең, осыны аласың» деп мені айналып-толғанып алдайды. Өзі иықты, қапсағай кісі, сөзі де, қимылы да тез. Үкілі тақиясын алғанда төбесі шошақтау екен. Домбырасын ұстап көрдім, жеп-жеңіл, бірақ мойыны ұзын. Әкем айтты «оны өзі жасап алған» деп. Бұрауы қатты.

Сол сапар «Аңшының әні» армансыз айтылды. Мен үйреніп те алдым. Ал қамшысы табылмады. Қай тесікке зытыртқаным есімде жоқ әйтеуір бір бықырсыған үйіндінің арасы сияқты еді.

Арада екі жылдай уақыт өтті. Ел осы кезде Үкілі Ыбырайдан көз жазып қалғанды. Айдалып кетіпті, қайран әнші.

Кейін әкем үй маңындағы қоқысты тазартып жүріп Үкілі Ыбырайдың қамшысын тауып алды. Сабы күмістеліп, лағыл тастармен зерленген, өрімі жыланның түгіндей өте ұсақ, адам қызығарлық әдемі қамшы екен. Әкем әр кез қамшыға қарап көңілі бұзылады, күрсінеді, «Қайран Ыбекем-ай» деп өкіне бас шайқайды; күйзеле мүжіліп «Аңшының әнін» айтшы, дейді. Мен әнді айтқан болам. Әкем орнынан дүр сілкініп «Уа, бейопа дүние!» деп тысқа шыға жөнеледі.

Байжұман осылай, деді де үн-түнсіз түйіліп, әннің құйындай үйірілген бір иірімдерін іліп-шалып, өз-өзінен басын шайқап, оған таңғалған сыңай аңғартты.

Ал менің жүрегімде ән хикаясы шым-шымдап шертіліп жатты...

О, ол кез – Үкілі Ыбырайдың отыз беске ойнақтап шыға келген, жалын лепті өрт кезі. Сандыбайға ырыс болған, Үкілі Ыбырайды ел қатарына қосып, бұлбұлша сайратқан ақынжанды Шынтемір мырза дүние салған. Шынтемірдің көзі кеткен соң оның Тұрғын деген есті ұлы Үкілі Ыбырайды туған ағасындай көріп, қадірлеп ұстап, екеуі ірге бөліспей жүргенді. Тұрғын да әкесі сияқты ел ішіндегі сал-серілерді, ақын-жырауларды, аңшы, саятшы, мерген, зергер ұстаны, палуан жігіттерді маңына көп жиды. Оның қасқыр алатын «Танакөз» деген бүркіті, «Құйын» деген құмай тазысы болды.

Бір қансонар күні таң азанымен Тұрғынның үйіне Керей елінің ер көңілді сері жігіттері – Есенәлі, Мырзай, Қазыбек, Мырзатай сері, Тілеужан палуан, Үкілі Ыбырай, Нұрке сері, Оспанның Рахметі дейтін саятшы бар, бәрі жинала қалады. Олар сол дуылдасқан күйі әлекедей жаланып, құстарын алып, итін ертіп, басымен алысқан алмауыттарын ойқастатып, Жалғыз Жамантауға қарай тартып отырады.

Аппақ қар жамылған қысқы дала... Аң қашқан тау қойнауының заматта у-шуға толып, дүбірлеп, гулеп кеткен шағы... Жастық жалыны лапылдаған өңшең балғын жігіттердің аң құмар асау көңілі, аңшылықты өмірдің қас-қағым сәттік рахатындай көріп, масаттануы... Арманды алысқа самғатып, биікке, тым биікке оқша

атылған қыран құс, жұлдызша аққан құмай тазының көз алдында елестей жалт беріп, жоқ болуы... Аппақ қарға қаны тамған қызыл түлкінің қыз жүзіндей құлпырып, көзді алдауы... Танауы кеуіп, ақ сабынға малынған жүйрік аттардың жер танабын қуырып, тау-тасқа түлкіден бұрып шығуы... Бүркіттердің шаңқ-шаңқ етіп шабыттанған, жалақтаған шағы...

О, осы дуды, осы тамашаны көрген Үкілі Ыбырай тулаған жүрегiнiң аптығын күшпен басып, таңғажайып түс көрген жанша үнiн шығармай, Ал булықсын бiр. Арқырап аттар шапқанда Жалғыз Жамантаудың етегi дүрс-дүрс етiп, бар маңай ақ түтек боран боп бұрқырап, көз тұндырады.

Ертеңнен кешке дейiн созылады сол шулы шабыс...

Қызыл жалқынданып күн батып бара жатады.

Астарындағы жарау аттардан тер сүмектеп, әлi де қызуы, екпiнi басылмай, ауыздықпен алысып, елiре алшаңдайды. Бүгiнгi тамашаға маз болған серi жiгiттер ердiң қасынан, қанжығадан төмен салбырап, жер сызған көкжал арланның терiсiне мақтана көз тастайды. Қызыл түлкi де көздiң жауы, ынтықтырады.

Аншылар көлденең Есiлдiң терiскей бетiндегi Мерген деген жердегi Жансақал қажының аулының тұсына келедi. Дүрiлдеп, дабырласа күлiсiп, әзiлдесiп, бiрiн-бiрi жұлқылай тартысып келе жатқан желiктi топтан Үкiлi Ыбырай мен Нүрке серi күбiр-күбiр сөйлесiп, кейiндеп қала бередi. Мұны байқап қалған Тұрғын ат басын тежеп: – Неге бөгелдiңiздер? – дейдi.

Үкiлi Ыбырай жымыып, көзiнiң астымен Нүрке серiге қарайды. Тұрғын iстiң жайын түсiне қояды. Өзi бiлетiн құпия едi.

– Ә, онда әруақ аттағандай болмайық. Қажының ауылына түсейiк, – дейдi екi әншiнiң көңiл дiтiн, меселiн қайтарғысы келмеген Тұрғын.

Тұрғын Нүрке серiнiң әншiлiгiне тәнтi едi. Оның көкейiнде не барын аңдап та жүргендi.

Жiгiттер қуанысып, ат басын Жансақал қажының ауылына бұрады.

Жансақал Самай Керейдiң Мерген әулетiнiң жуан сiңiрлi, iрi байы едi. Ол үш жүз кiсi сиярлық үлкен мешiт ұстап отырды. Баласы Жүсiп те қажы. Осы Жүсiп қажының Ұмсын атты перiште пiшiндi сұлу қызы бар, ол Болатнай, Қызылжардағы, Троицкiдегi мұсылман медреселерiн тауысып, одан Египетте, Александрияда дiн жолын

қуып, сонда қалып қойған бай туыстарының қолында дін оқуын тамамдаған білімпаз жан. Нұреке сері ғашық еді, Ұмсын қызға.

Кім еді, бұл еркебұландай бұлғақтаған Нұрке сері?

Нұрке сері Таузар Керей ішіндегі Бертис биден; әкесі Тоқтабай кезінде Біржан сал тобындағы алғыр акынның бірі еді, ерте дүние салған, одан көп ұзамай шешесі Бәтиха да қайтыс болған.

Нұркені ағасы Омар тәрбиеледі. Омар да Біржан салға ерген әнші. Ол бір жағы Үкілі Ыбыраймен дос. Сондықтан, ол Нұркенің бетінен қақпады. Оны әнге баулыды. Нұрке биік шырқады. Ол мінезі өр, қызу қанды жігіт боп өсті. Оның серілігі, шешендігі, мәрттігі, беттілігі сол кезде-ақ елге аян бола бастағанды. Ұмсын қыз оның осы қасиетін сүйетінді. Дін уағыздаған сұсы бар қажы ауылынан жасқанып, Ұмсын мен Нұрке Есілдің сыңсыған қалың тоғайын жамылып, сұқты көздерге көрінбей, жасырын ғана сыр шертісіп жүретінді.

Бұл жайды Тұрғын тобындағы жігіт-желең жақсы білетін. Үкілі Ыбырайға Ұмсын мен Нұрке Ләйлі-Мәжнүңдей көрінетін. Ол бұларға қызығып жүріп, өзіне мәңгі арман боп қалған Кәкимасын – Гәккуін жиі еске алып, аһ ұратын. Бұл Нұрке өзі әнші, өзі палуан, әрі мерген... жігіт пірінің жары боларлық Ұмсын қыз сүйген бір мұндық боп Үкілі Ыбырайды неше түрлі ойға салатын. Дәл осы бір сәтте де ол Ұмсынға ынтыққан Нұркенің шуақты жүзін көріп, оған игі тілек тілеп, ат үстінде тербеліп келе жатады.

Аңшылар Жансақал қажы ауылына кеп, ошарыла түсе қалады. Жансақал қажы, қыз әкесі Жүсіп қажы, оның Қойбағар мырза деген баласы бәрі жол жүріп кетіпті.

Қонақтарды Жансақал қажының бәйбішесі Ажар, оның келіні – Балтуған, Қойбағардың әйелі, Ұмсынның жеңгесі Әсем, Жүсіп қажының кіші ұлы Тілеміс қуана қарсы алады. Тілеміске ауылдың екі-үш пысық жігіті қосылып, «қонақтардың буы бұрқыраған аттары суысын», деп кең қораға бөлек-бөлек қаңтарып тастайды. Үкілі Ыбырай мен Нұрке серінің келгенін естіп, ауылдың кәрі-жасы лезде жиналады. Қонақтар жайғасқан соң Ажар бәйбіше сөз бастап:

– Әр келгенде бір көркейтп кетуші едің, Ыбырайжан... Қажы ауылы діндар ел, деп безіндің бе, кейінгі кезде ат ізін салмай кеттің ғой, – деп наз айтады.

Ыбырай көргенді бәйбішенің бұл сөзіне разы боп, сыпайы ғана күлімсиреп, әлдене айтқысы келіп, ұмсына бергенде Тұрғын оның



алдын орағытып: – Үкілі ағамыздың өрісі кеңейіп, ұзап кетті ғой, шешей, барар жері көп... Сыйлы ауылдар, қадірлі жандар көп, бәрі күтеді әнін сағынып, – деді.

– Рас, Тұрғын шырағым, қажы аулы дейді, бізді. Бірақ осы отырған жұрт құран құшақтаған сопыдан гөрі ақын сөзін, әнші үнін сүйеді. Өзім де солаймын. Келінім, қызым да солай, және Біржан сал Ақан сері, мына Ыбырайжанның әндері... Е, оған не жетеді, не?

Ажар бәйбіше жасында әнші болыпты. Тағдыр оны сал-серіге бұйыртып қажыға... құлқуалланы күнде сұңқылдатқан бір пірадарға кез қылыпты. Тағдыр ісі осы.

– Тұрғын сүйенішін, берекең бопты, Ыбырайжан. Тұрғындай арыстан Қарауыл елі сені қызғанбаса да болғандай, екен, – дейді Ажар бәйбіше.

Әп-сәтте дастархан жайылып, екі иінінен дем алып, жез самаурын келеді, бұрқылдап. Кешкі шыңылтыр аязда құрысқан денені ыстық шай лезде-ақ жадырата береді.

Шай үстінде Үкілі Ыбырай қиялға батады. "Күндердің күнінде... Ол, бәлкім, күні ертең-ақ болар... Мына ақ бәйбішенің мейірімімен бұла боп, желкілдеп өскен сұлу Ұмсынмен Нұрке сері қол ұстасқан күні, иә, жаман айтпай жақсы жоқ, қажы әулеті Нұрке серіні алқымға алып: «Қаңғырған қу аяқ!» – дейтін күні соның бәрінің үнін өшіріп, дымын шығармай, Ұмсынды Нұрке серіге мөлдіретіп бере салатын ең құдыретті жан осы кең қолтық ақ әже болады-ау", – деп топшылады.

Шай ішіліп болған соң Үкілі Ыбырай бүктемелі домбырасын алып, жаутаң көз жұртты қыдырта бір шолып өтіп, өзінің «Гәккуін» сыңқылдатады, күдды бір айдын көлде сылаң қаққан аққу үні... Ол қызына түсіп Біржан салдың «Он саусақ» әнін ағылтсын... "Гәккуді" үнсіз тыңдаған жұрт мына әнге келгенде ал кеп дүрілдесін.

Поу, шіркін, арман-ай! Иә... иә... өткен күннің бәрі арман.

Уа, дарига! Біржан сал дүрілдеген жас кезін қалай аңсайды, ә!

Сөз-ақ қой! – десіп Үкілі Ыбырайды хан көтереді.

Одан кейін Ақан серінің «Сырымбетін» созып тұрып алғанда отырған жандар әншінің кербез келбетін елестетті.

Кезек Нұрке серіге келеді. Нұрке серінің әуелеп кететін биік үнінде жан біткенді тебірететін сүйкімді наз бар еді: ол Үкілі Ыбырайдың арманмен аңқылдаған «Қаракөз» әніне басады. Ұмсын қыз ән біткенше үнсіз толқып, мөлдіреп қана отырады. Көздеріне

көздері түйіскенде Нұрке серінің үнінен күрсініс лебі шыққандай болады. Мұны сезген Үкілі Ыбырай беті дуылдап, тұла бойы өрт боп жанып, шамырқанып, шырқап жібере жаздап, өзін-өзі зорға тежеп, қобалжиды, құйқылжиды, іштей өзімен-өзі арпалысады; екі қолын қоярға жер таппайды. Көзінен шұғыла тарайды, тіліне кеу-кеулеп бір қызулы сөз түйдегі келеді.

– Ө, шіркін, серілерім, аң қызығы да бір аһ ұрғызатын дәурен ғой!
– дейді бір қария.

– Ол да бір оралмайтын думанды күндер...

– Өтеді, кетеді бәрі! Түзге шығып, түзде сайраңдандар, түге!

– Шалдар күрсінеді, аңшылар жарқылдап, жайраң қағады.

– Нұрке, – дейді Үкілі Ыбырай үні дірілдеген күйі.

– Иә, Үкілі аға! – деп жалт қарайды ол.

– Сен орныңнан тұр да сыртқа шық...

– Шығайын, Үкілі аға!

– Жаңа жолшыбай соққан төрт түлкіні әкел де, көзбе-көз терісін сыпыра бер.

– Иә, иә, – дейді Нұрке сері аң-таң боп.

– Сөз сол!

Әп-сәтте Нұрке де ып-ықшам боп, білегін сыбанып, жігіттер сүйрегіп әкелген түлкі терісін сыпыра бастайды. Оның шапшаң қимылы, жайнаған жүзіне қызыға карап отырып Үкілі Ыбырай «Ахоу» деп бастай жөнеледі. Тау аңғарынан лап ете қалған жел боп гулейді бір тосын ән:

Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа,
Мінген ат шабуылмен танауласа
Кигенің іші қызыл орман түлкі,
Құлпыртып жез сабаумен сабауласа.

Болғанда атың жарау, бедеу қату,
Жігітке лайық па үйде жату.
Серілік, жастық, ерлік ойға қонып,
Жігітке бұл бір дәурен дуылдату.

Қызыл жел көңіліңді қыздырмалап,
Тұрмай ма тағатыңды бұздырмалап.
Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр тазы,
Үшеуі ер жігітке құйрық, қанат!



Ән тоқтаусыз ағылғанда шыдамсыз қызба жігіттер:

– Айхай! Мына ән... не деп барады, а?

– О, Ыбеке, бұл қандай ән?

– Осындай да үн, осындай да екпін болады екен! – десіп ду ете түседі.

Үкілі Ыбырай шайқала шайқақтаған күйі демін бұзбай заулатады:

Тақтай бет, салыңқы төс, қамыс құлақ,

Бөп-бөлек ойынды еті тұрса құлап.

Жүйрікті бір досыңнан сыйға мініп,

Демалып төс ағашта жатсаң сұлап.

Бүркітің тұрса сонда саңқ-саңқ етіп,

Күтулі саятшымен бабы жетіп.

Қанды көз, қайқы тұмсық қарауытып,

Ұмтылып көрінгенге тап-тап етіп.

Қарғылы тұрса тазың сылдыр қағып,

Керіліп бір сілкінсе дүр-дүр қағып.

Ертемен аңға шығар мезгілінде,

Алдыңнан жетіп келсе сылаң қағып.

Сол күні келе қалса аң құмарым,

Лепіріп соға қалса ынтызарым.

Бүгілтіп жылқыдағы жүйрік атты,

Ертемен алып келсе малшыларың.

Итті алып, аңға шықса, құсты біреу,

Еріне алтын балдақ етіп тіреу.

Жігіттің бес күн жарым ғұмырында

Па, шіркін, болса деген бұл бір тілеу!

Үкілі Ыбырай жалпақ алақанымен домбыра шанағын шарт еткізіп, әнді шорт үзеді.

– Жалғап жіберіңіз!

– Ән біткен жоқ. Рахмет саятшыны ғана атадыңыз...

– Қызығы енді басталды. Әнге қосылатын басқа адамдар да бар.

– Қызды ауылдың бүгінгі думаны ше? Соны қосыңыз!

– Бекер тоқтадыңыз!–дейді таңқалған Тұрсын.

– Ең болмаса тағы бір қайырыңызшы, – деп қызынған Нұрке серінің қолында қызыл түлкі құлпырып тұрады.

– Айтар сөзді жұтпаңыз Үкілі аға, дейді сылқ-сылқ күлген Ұмсынның жеңгесі Әсем де.

Үкілі Ыбырайдың қысық көзі шоқтай жанып, аң алған қырандай сілкініп, дүрсілдеген жүрегі кеудесін тепкілеп, өрекіген көңілін күшпен басып, сыпайы ғана мырс етеді де домбырасын қасына сүйей салып, одан әрі әнді қозғамайды. Ән аяғы бітпей, жұрттың мысы құриды. Мұның сырын елден бұрын Ажар бәйбіше сезе қояды да: – Жә, ән айтсаң жаныңды жеп айтасың, деген. Аянатын әнші бүйтпейді. Қані, енді шай ішілсін, – дейді.

Шай ішіп отырып Үкілі Ыбырай Ұмсынға ұрлана көз тастайды. Әнге ден қойғанда ол аққудың көгілдіріндей үлбіреп, бір пәк келбетпен тамылжиды екен. Нұрке серімен қарақат көзі түйісе қалғанда жүзінен жанды елжіретер мейірім нұры төгіледі.

Қыстың ұзақ таңына дейін тамашаға кенелген ауыл адамдары дабырласа алғыс сездерін айтып, тарап жатқанда Үкілі Ыбырай Ажар бәйбішенің: «Тәңірім-ай, не болар екен ендігі күндерің?» деген сөзін құлағы шалып қалады. Қонақтар да тысқа шығып кетеді. Үкілі Ыбырай төсек сала бастаған Әсемнің қасында бөгеле береді. Ол Әсемнің алдында еркін еді, қадірі бар еді. Әсем Ұмсын мен Нұрке серінің құпиясын біледі, оған тілектес. Және одан ол жүрексініп, қорқатын да. Бірақ Ұмсынның айнамайтын бетін көріп, оны қолдайтын, Нұрке серінің жаз дидарлы дарқан жігіт екенін айтып, кейде ынтықтырып та қоятынды.

– Ә, Үкілім, аң қуған аңшымыз деп қыз аулаған ғашықтар боп шықтыңыз-ау, бүгін! – дейді Әсем бір түрлі қобалжыған үнмен, – қайдам, болжаусыз бір іс боп жүрмесе...

Арада бір жыл өтеді.

Нұрке сері үшін теріскей Есіл бойынан ыстық жер жоқ. Ол салып ұрып жетіп келеді де тұрады. Есілдің мүлгіген көк тоғайы Ұмсын екеуін көздінің көзінен, сөздінің сөзінен жасырып бағады. Жан баспайтын нудың іші Нұрке серінің әніне, Ұмсынның күлкісіне тұнады. Екі мұңдық қаннен қаперсіз мәз болады, сыланып суға түседі, топ-топ шілікті айнала жүгіріп, тығылыспақ ойнайды.

– Ә, көз жазып қалдың! – деп Ұмсынның күміс күлкісі төгіледі.

– Айтпа, ондай сөзді! – дейді Нұрке сері айналып-толғанып...

Жоқ, Ұмсынның айтқаны келеді. Көңілінде еш алаңы жоқ Нұрке сері сол ойнақтаған жиырма жасында бір күні айдалады да кетеді.



Кінәсі – ата қонысынан қуылып, помещиктерімен айқасқаны, болыстарға өшіккені.

Ұмсын шерменде боп отырып қалады. Нұрке серіден үмітін үзбейді. Әке-шешесі біреулермен құдаласқан болады. Ұмсын ешкімге, ешқайда міз бақпайды. Күндер өтіп жатады.

Күндердің күнінде Торсан болыстың Шери деген шолжыңы Ұмсынды зордың күшімен тоқал етіп, ауылына алып қашып келеді. Шеридің өз әйелі – Балта Керей Нұрқан болыстың қызы, көк долы Ақлимаш балаларға түйенің құмалағын шашу ғып шаштырып, жанжалмен қарсы алып, ауылдан айдап шығады. Шери Ұмсынды безектетіп, Мариевкаға апарып, сол жерде бір орыстың үйінде байлап-матап ұстайды. Ұмсын көнбейді.

Ел іші бүлініп, дау басталады. Дауда Торсан болыс Ұмсынның әкесіне қыруар айып төлеп, құдасы Нұрқан болыстың аяғына жығылып, ат-шапан айыбын беріп, зорға құтылады. Бірақ арада жыландай сумандаған сұм билер бұл істің аяғын көлгірсітіп, Ұмсынды жылатып, еңіреткен күйі Торсан болыстың «жөні түзу баласы» деп Бәкенге қосады.

Бұл – 1904 жыл.

Келесі жылы Ұмсын перзент көреді. Қызының атын Күлемай қояды. (Күлемай қазір Тюмень облысында.) Күлемай туысымен Ұмсын жынданып кетеді...

Үш жылдан кейін Ұмсынды төркіндері көшіріп әкетеді. Ұмсынның дерті айықпайды, ол айнаға қарап «қандай сұлу едім» деп жылғамен болады, шымылдық ішінен шықпайды. Азапты, күйзелісті он жыл өтеді. Бұл кезде Нұрке сері айдаудан келіп, Қызылжар, Көкшеге еш жерге байыз тауып, табан тірей алмай, Есілді өрлеп, Нұраны бойлап, одан Сарысуды сағалайды, Бетпақдаланы басып, Шуға, Сыр еліне қашып, жергілікті би-болыс, патша әкімдерінен бой тасалап жүреді.

Осы кездерде «Аңшының әнін» жер-жерде жыр ғып жатады. Ән ұзақ бір дастан боп шырқалады:

Таулардан түлкі қашса бұлдыр қағып,
Соңынан қуса тазы сылдыр қағып.
Рахмет саятшының дабылымен,
Шайқақтап қыран ұшса бұлтты жарып.

Алғанда қыран бастан, тазы таңнан,
Құтылмас қашқан түлкі қос қыраннан.

Жігіттің бес күн жарым ғұмырында,
 Мұншама кызық өтер бұл жалғаннан.
 Ұзақ күн түлкі қуып, тауды айналып,
 Кеш болып, қараңғыда көз байланып.
 Олжаны қанжығаға байлай салып,
 Қонуға қызды ауылға ыңғайланып.

Желіккен сол көңілмен қайтқанда елге,
 Мінген ат қарауытып батса терге.
 Өлеңші, домбырашы қасында боп,
 Кез болсаң қоналқада бұраң белге.

Аққұман, аң самаурын тұрса кайнап,
 Шай құйса Ұмсын бала көзі жайнап.
 Келгенде қажы мырза үйде жоқ боп,
 Отырса Нұрке сері күліп ойнап.

... Тоқтабай әкең аты, Нұрке өзің,
 Қосылар шын сұлуға келді кезің.
 Ағаңа біз сияқты той жегізіп,
 Қарғам-ау, бітірсеңші істің тезін.

Керейде ардақты інім, кемеңгерім,
 Күнде ойын, күнде жиын жүрген жерің.
 Несіне сәтті істен тайынасың,
 Тұрғанда ағаң Тұрғын ардагерің!

Бұл әнді шымылдық ішінде шырмалған Ұмсын сұлу бірде күліп, бірде жылап отырып тыңдайды. Бұл әнді көрген қызығы оң мен түстей боп, туған жері көзінен бұлбұл ұшқан, жаны жаралы Нұрке сері тыңдайды.

Үкілі Ыбырай осы әнімен жалпақ сахараға дабыл қағып, сұңқарша саңқылдайды.

– «Аңшының әнін» Жөкей, Бурабай төңірегінен Жетебайдың Оспаны, Бәкеннің Хамиты, Біржан салдың өз ет-жақын інілері Әлжан, Тоқтар, Ақан сері, Үкілі Ыбырай елінен Темірбек, Сұраған, Әбіқай, Шомат, Сұлтанмұрат, Бәтжан, Нұралы, Төлеген, Молдахмет, Қоянды, Болатнай, Атбасар жәрмеңкелерінің гүлі болған Доскей,



Шашубайлар, Ертiс бойынан Естай, Балабек, Исалар, Ұлытаудан Үкiлi Ыбырайдың туған жиенi – Тайжан ақын, Сыр елiнен Нартай әншi – бәрi-бәрi шырқайды.

«Аңшының әнi» Әсет әншiнiң үнiмен Алтай, Тарбағатай тауларынан асып, Шыңжан өлкесiне барады.

1915 жылы Нұрке серi көп сандалып, Көкше, Қызылжар жағына қайта оралады. Бұл кезде оны қуғындаған бiраз қаскөйлердiң де көзi кеткендi. Ұмсынның айықпас дертке ұшырап, шерлi боп қалған аянышты халiн көредi. Ұмсын Нұрке серiнi бiрде таниды, бiрде танымайды. Шымылдық iшiнде айнаға қарап қойып, сылқ-сылқ күлiп жата бередi. Нұрке серi қайғымен қан құсады.

Сол жылдың қара нөсерлi қарашасында ол дүние салады. Бiр жыл өткен соң Нұрке серiнiң бейiтiн құшақтап, Ұмсын сұлу да көз жұмады.

Бұл хикая Үкiлi Ыбырайды ғұмыр бойы түс сияқты тербетедi. «Аңшының әнiн» айтушы әншiлердiң бiрi қапияда ғайып боп, бiрi жылдар керуенiмен көзден таса боп, елеусiз қалып, ұмытылды да. Бiрақ саф алтынның жетi қат жер астында жатса да күндердiң күнiнде адамзат игiлiгi үшiн жарқырап көрiнерi хақ қой. Бұл ән де бiр күндерi қайта жарқылдады...

* * *

Әншi Дәнеш Рақышевтың он жетi, он сегiздегi солқылдаған бозбала кезi. Бiр жолы ол Қорғас ауданындағы Жарсу ауылында тойда сырнаймен ән салады. Әсеттiң әндерiмен жан бiткендi баурайды. Сол тойдан ол бiр топ кiсiлермен қайтып келе жатқанда, жолда Тұрлықожа есiмдi жiгiт бiр бейтаныс әндi шырқап қоя бередi.

– Бұл қандай ән? – дейдi Дәнеш.

– «Аңшының әнi» ғой, – дейдi Тұрлықожа жайбарақат қана, мұны мен осындай бiр тойда Байбазар әншiден үйрендiм...

Байбазар Өстемiрұлы мұғалiм екен. Мiнезi жайдары, үнi қоңыр, серiлеу адам болған. Дәнеш кейiн «Аңшының әнiн» Байбазардың өз аузынан есiткен. Сонда Алмасбек деген әншi Дәнешке келiп: – Келiстi-ақ әншi екенсiң, шырағым. Осы әндi Байбазарға мен үйретiп едiм, тек мына бiр «Аққұман, ақ самаурын тұрса қайнап» деп басталатын сөзiн қосып алшы, – деп разылығын бiлдiрiп, әндi домбырасыз айтып бередi.

Ал Дәнеш осы әнмен біраз бұлғақтап, шалқыш жүріп бір концертке шыққанда Смағұл деген қария:

– Бұл ән ұзақ дастан, қызық хикая еді. Менде сөзі толық бар, оны көшіріп алуыңа болады, – дейді.

Смағұл қарт Алтай жағында тұрады екен, өзі ақын, әнші екен. Дәнеш осы кісіге әне жолығам, міне жолығам деп жүріп, бір ретін таппай қояды.

Дәнештен кейін «Аңшының әнін» Қажыбек Бекбосынов пен Қайрат Байбосынов кең байтақ қазақ жерінен алыс-алыс елдерге әуелетіп әкетті.

СҮЙГЕНІМ

Адамға адам қалай ұқсайды, Зейнолла ақсақалдың баданадай жаудыраған шарасы кең қара көзі, жазық маңдайы, шығыңқы бүйрек беті, қаламмен тартқандай жұқа еріні, әсем мұрты Естай әншінің келбетін елестетті де отырды. Жай сөзінің өзі мақал мәтелге бергісіз мәнерлі, үні мақпалдай жұмсақ бір сынық жан, Үкілі Ыбырайдың «Сүйгенім» деп аталатын әнін біледі. Кезінде бұл әнді жыр ғып толғаған әншілер де таусылып біткенді.

Үкілі Ыбырай жарға соққан толқындай аласұрған жиырма бесте!

Ол Құлансу еліндегі Жамал қызға ғашық. Ол біреуге атастырылған. Мұны Біржан сал Шәрке сал Ақан сері біледі, бәрі екеуіне тілектес. Бірақ қалың мал тауқыметі Үкілі Ыбырайдың мысын құртады. Қыздың әке-шешесі маңайлатпайды, оны қолдың қысқалығы ашындырады. Алған беттен қайту жоқ, Үкілі Ыбырай Жамалды алады да қашады. Есіл бойындағы Ырсай аулынан бір-ақ шығады. Бұл ауыл – Үкілі Ыбырайдың нағашы жұрты.

Бұлардың артынан қуғыншы келеді. Дау басталады. Екі елдің бетке шығарлары жиналады. Қиқылдасқан осы даудың үстінде билер сөз кезегін Үкілі Ыбырайға береді. Сол сәтте ол домбырасын термешелеп шертіп, әндете үн катады:

Аузыма дүрия, жауһар сөзім келді,

Өзіңмен тілдескелі серің келді.

Қолға алып қу қарағай зарланайын,

Бәкіжан мұң шағатын ерім келді, –



деп ол осы топқа сөзі өтетін, әрі өзінің әнші, ақын серігі, Ырсай елінің марғасқа жігіті Бәкетке шағынудан бастайды.

Сонан соң еш бөгелместен:
Не сыймас адамзаттың денесіне,
Құлақ сал құрбы-құрдас кеңесіме.

Тайпалған төрт момынның жорғасы едім,
Ойнаған хан, қараның төбесіне.
Жалынып, бір Құдайға жалбарынып,
Тәуекел мінген кезім кемесіне.

Бұл күнде аяқ та емес, бас та емеспін,
Шаруаға олақ туған қас та емеспін.
Алды-артын, оң мен солын танымайтын,
Балдырған майысқандай жас та емеспін.

Бір соғар содыр түбі дүние малға,
Өсіп ем залалым жоқ ешбір жанға.
Тырнақтап жиғанымды шашып төк деп,
Мақбозда жазды ма екен жалғыз алла.

Бір іске кірген кезім белді байлап,
Ертерек қамданбадым артымды ойлап.
Қожажандай алтынды тығын қылып,
Нар кескен болатым, деп қойғам қайрап, –
дейді Қожахмет болысқа бір үмітті ой тастап.

Жұрт жым-жырт боп тына қалады. Ән сол жалғасқан күйі:

Атығай, Қарауыл мен Керей, Уак,
Баласын төрт момынның жүрдім жайлап.
Дін мұсылман баласы тілге келсе,
Үлпікер сүт бетінде болдым қаймақ.
Маңдайым жақсылардан қағылмаған,
Қағылмай жұртқа сеніп шықтым жайдақ.

Мен келдім жауға бермес елім бар деп,
Көкорай бие баулы жерім бар деп,
Келген жанға көтерген оң тізесін,

Елге – қазық, жұртқа – бет Шебем бар деп.
Мәсекең, Тәшекең мен Жақып ағай,
Шеті суат дария көлім бар деп.

Кімдер әуес болмаған көрген түске,
Тәңірім ісі келмей тұр қол мен күшке.
Алаңсыз дүрілдетіп жүрген шақта,
Сүрлеулі жолға түстім жіп-жіңішке.

Қалтам тақыр, қыз алар қалың беріп.
Жаным қалса жарайды елге келіп.
Күйеу келіп сайраңдап жатқан күні,
Сүйгенім кете барды қасыма еріп, –

деп бітеді.

Ырсай ауылын бірнеше күн керіп, еш мәмілеге тірелмей гуілдескен қуғыншылар Үкілі Ыбырайдың мына әніне қатты тосылады. Оның бұл сөзі «қылша мойным талша» дегендей ел жақсыларын содыр іске жібермей, буып тастайды. Бір жақтан «Үкілі Ыбырай ғана маңдайыма жазылған» деп Жамал шырқырайды.

Әнде аты аталған – Қожақмет болыс, әнші, акын Бәкет, Үкілі Ыбырайдың жақын нағашылары ағайынды Жақып пен Тәшен, Мәс, тағы басқа да есті кісілер бәрі-бәрі бір ауызды боп, кесімді, келісті сөздерін айтып, елдік салттың рәсімін жасап, екі ғашықты дегеніне жеткізеді.

Үкілі Ыбырайдың өз әулетінде «Сүйгенім» әнін бергі кезге дейін әнші Мұса Асайынов қана айтып келді. Әншінің ұлы атасы – Деріпсалдан Сандыбай, Маңдай, Әбіле есімді үш ұл туған.

Сандыбайдан – Бобыш, Ыбырай.

Әбіле алты қыз көрген (Шоқанның әкесі Шыңғыс төренің «Құдай Әбіленің қисық қаламынан сақтай гөр» дейтін сөзі бар. Әбіле – Шыңғыс төреге хатшы, тілмаш болған, орысша, қазақша бірдей жорғалап, елдің шағым-арызын ұлықтарға тастай ғып жазып беріп, әкім атаулыны тырп еткізбеген. – И.Ж.).

Маңдайдан – Қошығұл, Асайын, Үсейін.

Асайыннан – Мырзағұл, Қожағұл, Смағұл.

Мырзағұлдан – Мұса әнші.

Мұса дүние салғаннан кейін жұрт «Сүйгенім» әнін жоққа санап жүргенді. Сол ән Зейнолла ақсақалдың көкірегінде осылайша



сақталыпты... Қуанып отырып, магнитофонға жазып алдық. Радионың алтын қорына ілікті. Өлмеді есіл ән.

АЛТЫБАСАР

«Ер Тарғын» операсын әлеуеттендіріп көтеріп тұрған бір күркіреген ән бар. Ол – «Алтыбасар!»

Зейнолла ақсақалдың үйіндегі әңгіме ендігі бір сәтте «Алтыбасар» әніне ойыса берді. Өміржан қария жымың ете түсті.

– Бұл әннің мән-жайын біздің Өмекең сонау бір жылдары Мәлік Ғабдуллин мен Шахмет Құсайыновқа талай рет айтқан еді (Драматург Шахмет Құсайынов «Алтыбасар» әнінің шығу тарихын тиянақты зерттеп, өзінің «Қайран Гәкку» деп аталатын пьесасына лейтмотив етіп алды. Ол пьеса кезінде теледидардан көрсетілді. – И.Ж.)

– Әннің толық сөзі де осы кісиде.

– Саңдыбайдан қалған көрікті өз әулетінен Смағұл ұстады, кейін ол көрік колхозға алынды, Ал қазір оған осы Өмекең ие.

Бұл сөздерге Өміржан разы болған жанша қуана бас изеді. Өзі орта бойлы, бидай өнді, қағылез жан, сұйық мұрты тікірейіп, екі көзі тесірейіп тез-тез сөйлейді.

– Мен Үкілі Ыбырайды 1925 жылы Қызылжарда көріп, лебізін естіп, «Алтыбасар» әнінің шығу тарихын өз ауызынан тыңдадым. Сол кезде алпысты еркін қусырған қарттың үні әлі қуатты, тым биік екен,– деп бастады сөзін Өміржан, – Шұңғырша елінің ішінде Есенбай бұтағына кіретін Сартайдың Шөбегі деген ырғалған бай болған. Оған тоғыз мыңдай жылқы бітіпті, Шаңтөбені жайлап отырыпты. Сол кезде Шұңғырша елінің болысы – Шөбектің Серәлісі. Бұл көк тізе, өркөкірек болысты Ақан сері: «Кісілігі жоқ даңғой» деп үнемі сөзбен түйреп жүрген. Оның сері тобындағы маңдайы жарқыраған бір от ауызды, орақ тілді Темірбек әнші біраз уақыт осы Серәліге приказчик болып, қызметін қылған, шаруасын басқарған. Бірақ Серәлінің әр шатақ ісін, теріс қылығын ол өлеңмен шенеген, еш жасқанбаған. Келе-келе Серәлімен арасы шиеленісе ширығып, өштікке ұласқан.

Темірбек Атығайдың Бейімбет әулетінен. Өз әкесі – Мұса. Темірбек келбеті келіскен, киімді мінсіз, таза киетін, еңселі, көркем,

өткір болмысымен Ақан серіге қатты ұқсаған. Өлеңді қынаптан шыққан қылыштай жарқ еткізіп, реті келгенде Ақан серінің өзімен сөз таластыра кетіп, айтыса да бастаған бір еркебұлан өнерпаз еді. Ол арабша, парсыша еркін жазып, орысшаны да жақсы білген.

Темірбек Серәлі болысқа ағайын боп келетін Бегалы есімді кісінің Бәдіғұл атты сұлу қызын сүйген. Бұл бір өзі әнші, оюшы, ісмер қыз Ақан серінің жан серіктері – Темірбек, Үкілі Ыбырай, Сұлтанмұрат, Бәтжан, Нұралы әншілердің сауықшыл ортасының гүлі болған.

Серәлі Темірбек пен Бәдіғұлдың тілегін кесуді ойлайды. Қыз әкесі Бегалының басына әңгір таяқ ойнатып, оған бұрын сөз байласып қойған Тоқа еліндегі құдасын шақыртып алдыртады.

Темірбек пен Бәдіғұлдың күйзелісі басталады.

Бұған Ақан сері, Үкілі Ыбырай налалы; Сұлтанмұрат, Бәтжан, Нұралы қатулана күңіренеді.

Кімдер еді, бұлар?

Сұлтанмұрат...

«Шіркінге басқа бір сұлу өңді қаптап қойып шырқатар ма, еді!» дейтін Ақан серінің шәкірті. Өзі түрсіз жан болған. Аталары Қантай елінен. Оның әншілігіне Біржан сал да тәнті еді.

Нұралы...

Бұл – Шөбек тұқымына кіреді, Серәліге жақын. Бірақ, бұл да Серәлінің қоқайын көп көріп, өз сүйгенін ала алмаған. (Кейін ол басқа жаққа кетіп үйленген. Ұрпағы қазір Чистополье ауданында). Кең тынысты, кербез, бетті әнші.

БӘТЖАН...

Ол – Қожым елінен, оның ішінде Бектауылдан. Жас кезінде жалшылықта жүрген. Ақан сері мен Үкілі Ыбырайға ілескен соң серілікке ойысқан. Айғайы күшті, әнді әруақтандыра әуелеткен. Ақан сері оны үлкен дуға баптап салып, шаттанып отырған.

Ақан сері мен Үкілі Ыбырай бас болған осы Темірбек, Сұлтанмұрат, Нұралы, Бәтжан әншілер... Осы алты әнші Бәдіғұлды қасірет торынан құтқаруды ойластырады. Темірбек Бәдіғұлды алып қашып кетпекші боп бекінеді. Серәлі Бәдіғұлды ол құрсаудан шығармайды. Темірбектің жолы кесіледі.

Бәдіғұл шарасыз. Сері топ шарасыз.



Ендігі дәрмен не болмақшы? Заман әлдінің заманы. Бәдіғұлды жылатып-сықтатып Терісаққан өзенінің бойында шулы қызойнақ жасайды. Қызойнаққа Ақан сері, Үкілі Ыбырай тобындағы әншілер шақырылмайды. Бұл сорақы іске елгулейді. Бәдіғұл шерлі аужарын айтады, сай-сүйекті сырқыратып. Ақсандактанып таң атып келе жатады. Күйеулердің көші алыс ел, бейтаныс жаққа бет түзейді. Дәл осы сәтте Ақан серінің тобы келіп, у-шуды сап тыяды.

– Ей, Серәлі, сен Темірбектей жігіт дүрінен Бәдіғұлды аларсың, ажыратарсың. Бірақ Бәдіғұлдың махаббатын, жүрегін, үміт, тілегін алар ма екенсің? Ол сүю – Үкілі Ыбырайдың «Алтыбасар» әніне үн қосқан осы алтауымыздың лебізімізден шығып, ұрпақтан ұрпаққа махаббат жыры боп жетеді әлі. Сен болсаң зұлымдықтың уын ішіп, уын жаярсын әлі. Сенде – билік, бізде – ән! Билігін қанша уақытқа жетер екен?– дейді Ақан сері ат үстінде теңселіп.

Серәлі болыс шытынайды, көгереді. Темірбек тұрып:

– Бәдіғұл!–деп айғай салады.

Сонда Үкілі Ыбырайдың:

Қыз қайда, қалқатайдай көңіл ашар,
Көңілім сәулем кетіп болды нашар.
Айрылып сенен сәулем қайтқан күні,
Әніме бір басайын «Алтыбасар!» –

деген дауысы саңқ ете түсіп, Терісаққан өзенін дүр сілкіндіреді.

Таңғы тынық ауада жалындай лап ете қалған әнді Нұралы іліп алып:

Ей, қалқа, сен маған жоқ, мен саған жоқ,
Басыңда кәмшат бөркің оқа мен шоқ
Көзіме ұйқылы-ояу көрінесің,
Қарасам түрегеліп дәнеме жоқ, –

дейді шалықтата көтеріп.

Бәтжан да іркілмей:

Деген соң құла, құла, құла, құла,
Келгенде қыз онбеске болар бұла.
Итің сақ, айың жарық қалқа бала,
Түсемін неғып отқа саған бола, –

деп жалғастырып, биіктете береді. Сұлтанмұратқа кезек келеді. Ол:

Келуші ем кеш болғанда көңілім түсіп,
Ежелден қадірлесіп, бірге өсіп.

Астынан ақсаңдақтың аттандырып,
Қалушы ең қолды қысып есендесіп, –
деп асқақ шырқап, Темірбекке бұрылады.

Темірбек өзегі өртене:

Ой, қалқа талпынушы ең бала құстай,
Аулыңа неше келдім ала қыстай.

Бір жаман мал бердім, деп алар, кетер,
Тұйғыннан жем айырған қара құстай, –

деп дір-дір етіп, бұдан әрі үнсіз тосылып, тұнжырап тұрып қалады.

– Ей, Темірбек, көтер басты! Аш қабақты! Күліп қоштас! – деп
Ақан сері екі иығын ықшам қозғап, кәрі әруағын шақыра:

Ой, қалқа, сен ақ қоян шыңнан қашқан,
Секілді мен аң тұйғын шабыт құшқан.

Ақ жүнің қан қылмастан ілер едім,

Қарасын тамашалап дос пен дұшпан, –

деп домбырасын көкке көтере үн қатады. Бәдіғұл жылай-жылай кете
барады...

Бұл оқиға ел ішіне біраз салқындық салады. Серәлі Темірбекті
қуғындайды.

Егер дүниеде зұлымдық қана үстем болса онда бақыт та,
жақсылық та, тіпті, өмір сүру де болмас еді.

Темірбек өз бағын тағы бір сынады. Ол Сәберлі елінің мырзасы
Оспанның Қана деген қызын алып қашқанда да оған кесе көлденең
тұрған адам Серәлі болды.

Сонда Темірбек оған:

Сереке-ау, тыңдасаңыз хикаятым,

Ақылдың білуші едім парасатын.

Сәберлі елі Шөбекте ерте кезден,

Бар еді кетіп жүрген аманатым.

Бір қызын Сәберлінің алып келіп,

Хақымның бермесең де алдым татын! – дейді.

Темірбек кейін үйлі-жайлы боп, жар сүйді: перзент сүйді. Қырық
тоғыз жасында дүниеден қайтты.

Темірбек өле-өлгенше бар мауқын, жүрек ынтызарын, аңсауын
«Алтыбасар» әнімен басқан.

Өміржан қария осы жайды айтып болған соң қасында отырған
Байжұман әншіге жымия қарады. Сезімтал әнші:



– Е, әннің ондай алты ардагері қайда, Өмеке! – деп бір қозғалып қойды да болмысынан ілкімді шапшаң адам тез түзеле қалып «Алтыбасар» әнін біраз дүрілдетті.

...«Алтыбасар» әнін бүгінде кейде «Ақан серінікі», кейде «Үкілі Ыбырайдікі» деп концерттерде айтып жатады, ән жинақтарына да бірде олай, бірде былай дегендей шығып жатады. Бұған ән дүниесінен хабары жоқ бағзы біреулер «Жоқ, олай емес, былай» деп таласады да. Мұның бәрі дәйексіз нәрсе. Қалай десек те, «Алтыбасар» әні шығарда оған желеу берген, ой мен идея берген Ақан сері сол алты әншінің жетекшісі, ұстазы болғандықтан ән иесі ретінде атала бергені де жөн.

ҚАЛДЫРҒАН

Бір жолы композитор Латиф Хамидимен «Абай» операсындағы ариялардың жазылу тарихын сөз етіп отырдық. Ол кісі өзінен көп жас кіші адамға «сіз» деп сөйлейтінді және әңгімелесе кетсе болды, өзінен гөрі өзгеге, өзгенің бойындағы жақсы қасиеттерге, оның талантына қызығатынды.

– Мен сізге былай дер едім, – деді ол, – біздің қазақ операларында Біржан мен Сараның, Төлеген мен Жібектің, Ер Тарғын мен Думанның арияларындай ария жазу үшін қазақтың әншілік дәстүрінің табиғатын, құпиясын жете білуіміз керек. Дүниеден кеше ғана көзі өтті. Қали Байжанов... Мен бұл әншіні тыңдадым, талай. Қалиды Мұқан Төлебаев та жақсы білді, оған ол қайран қалатын, табынатын, «ескі дәстүрлі әншілер осылай болған» дейтін. Сол Қали бір өзі тенор, баритон, бас боп күңіретті ғой. Ол шырқаған «Шама», «Жанбота», «Жиырма бес», «Алқаракөк» әрқайсысы бір-бір ария! Мұрат Толыбаевтың үні де байтақ жатқан сахара еді. Ал Біржан сал Қанапия, Үкілі Ыбырай, Әсет әншінің дауыстарын естелік әңгімелерден ғана білеміз. Бірақ Үкілі Ыбырайды көрген жандар көп қой әлі. Көзі тірісінде аңызға айналған бұл бір дүлдүл әншінің дауысы да сирек жаратылған бір құбылыс екен. Сіз Коцык деген композиторды білесіз бе?

Бұл тосын сауалға сәл мүдіріп қалдым да:

– Сырттай естігенім бар, егер сол Коцык болса онда ол Фрунзеде болу керек, – дедім.

– Иә, сол Иван Васильевич... Өзі Варшавада туған, ірі хормейстр, композитор. 1936 жылдан бастап қырғыздың опера және балет театрында істейді.

Ол о баста діни семинарияны тауысыпты, консерваторияны бітірген. Міне, осы Коцык маған Үкілі Ыбырайдың дауыс мүмкіндігін айтқанда сенерімді, сенбесімді білмедім. Бұл атақты әншінің дауысы жеті, сегіз шақырымға жетеді, деді ол. Кейін дәл осы сөзді Сәкен Сейфуллиннің өз ауызынан естідім. Өйткені, Сәкен мен Үкілі Ыбырай Көкшетауда Оқжетпесте кездескен. Бұл – 1927 жылдың жазы. Затаевич те Үкілі Ыбырайдың дауысы жеті шақырымнан естілген, деп таңғала жазды.

– Ал Коцык 1923 жылдары Петропавлдың Қызылжар педтехникумында қызмет етіп, сонда төрт дауысты хор ұйымдастырыпты. Бұл хор 1928 жылы Москвада ВЦИК сессиясына арналған концертке қатысқан. Сол жылы Иван Васильевич Коцык Үкілі Ыбырайды педтехникумда арнайы концертке қатыстырған.

Коцык Алматыға менен бір-ақ жыл бұрын, яғни 1932 жылы келгенді. Ол «Айман-Шолпан», «Шұға» атты музыкалық спектакльдер жазды.

Латиф Хамидимен бұл әңгіме 1976 жылдың 16 желтоқсан күні болғанды.

Бұл екі ортада мен Көкшені біраз араладым. Үкілі Ыбырай елінде бір неше рет қариялармен жүздестім.

1983 жылдың қазан айының 12 күні Алматыда Мұқан Дүйсенұлы деген ақсақалмен кездестім. Бұл кісі Сәкенді көргенін, оның әндерін сөз етті. Бір кезде сөзден сөз шығып, ол:

– 1928 жылы Ақмоладан комсомолдық жолдамамен барып, Қызылжар педтехникумына екі айлық курста оқып жүрген кезім еді. Бұл курс – сауат ашу мұғалімін әзірлейтін курс. Мұғалімдеріміз – Ғалым Малдыбаев «Бостандық туы» газетінің қызметкері және ақын Жақан Сыздықов.

Қазан айының іші болатын. Бір күні Ғалым ағай бізге: – Жігіттер, бүгін бір өте қызықты концерт болады. Түгел барайық! – деді.

Бардық. Педтехникумның залында ине шаншар жер жоқ. Жұрттың бәрі «О, Иван Васильевич Коцықтың өзі де шықты!» десіп күбір-күбір етеді. Ол хорға дирижерлік етіп тұрды да, ендігі бір сәтте сахнаға дөңгелек жүзді, шашы, сақал-мұрты ағарған бір еңселі қартты алып шықты.



Үкілі Ыбырай! Домбырасы да үкілі!

Атақты сері! – десіп, жастар ду ете түсіп, басында құндыз бөркі, үстінде сұр шапаны бар кісіге қызыға қарасады.

Үкілі Ыбырайды жүзбе-жүз көрдім. Ол кейбір қызба жігіттерше дарақыланған жоқ. Өте салмақты отырды, жүріс-тұрысында бір кербездік, ірілік барын байқадым. Ол «Гәккуін» айтты. Ән салғанда бұғағы кеуіп, көкірегі, кеудесі аяқ қаптай боп керіле түседі. Үнінің қуаттылығы залдың төбесін зыңғырлатып, жарып жібере жаздады.

Домбырасы – сегіз пернелі кәдімгі Арқа домбырасы. Оң қолы домбыра шанағын орағыта соғады, сілтесі еркін... сол Үкілі Ыбырай көлеңке басын ұзартқан бір күндері:

Шіркін, дүние, кең едің,
Біраз күн аздап бөгедің.
Орта жүздің ішінде,
Ән шырқаған мен едім.
Сарыарқаны сайрандап,
Жал менен жая жеп едім,
Қартайғанда дүние-ай,
«Қайдасың, Ыбырай?» демедің, –

деп алпысқа келіп, соңғы әнін толғады.

Бұл ән – «Қалдырған» аталып, Біржан салдың «Теміртасы», «Айбозымы» сияқты көкіректі қарс айырып, өз ғұмырының жақсы күндерін үһилете еске салумен болды.

Қариялар Үкілі Ыбыраймен болған күндерін әлі ұмытқан жоқ. Олар «Қалдырған» әнінен кейін әншінің ешқандай жаңа ән шығармағанын да біледі. Ел ішінде әншінің көзі тірі кезінің өзінде «Қалдырғанның» төрт түрі тараған. Сол төртеуін де әншінің өзі түрлентіп шығарған.

Үкілі Ыбырайдың өз ауызынан ән үйренген Байсейіт әнші былай дейді:

– Үкілі Ыбырай қалың Қарауыл ішінде біздің Наурыз еліне жиі келіп жүрді. Оны мен алғаш рет Көлдейде мешіт тойында көрдім. Содан былай әнін көп тыңдадым. Ол кісінің алдында өз әндерін талай рет айттым да. Ең соңғы көруім – Молдахмет әншінің үйінде болды. Сол отырыста ол қайта-қайта «Қалдырған» әнін айтып, оны өзінің сүйікті шәкірті Сұрағаннан тыңдап, біреулердің «Тотының тоқсан тарауын», «Алтын балық», «Мұңлық-Зарлық», «Қыз Жібек» дастандарын жырлаңызшы» деген сөздеріне көңілсіз ғана бас изеп,

тұнжырап, сарсаң ойға батты. Тағы бір есімде қалғаны – «Қалдырған» әнін Сасық көлде жайлауда шығардым. Өмірдің де жайлауы тарқап, күзі келді» – деген сөзі.

Сұраған әнші Үкілі Ыбыраймен ағайын, жасы одан шамалы кіші, ұзын бойлы, аққұба, реңді кісі. Ол әншінің тоқсан әнін білетін, оның қиссаларын да көп жырлайтын. Біз Әбіқай әнші екеуіміз Үкілі Ыбырайдың «Құс болсаң жібектен бау тағар едім» деп басталатын «Қара торғайын» өз ауызынан үйрендік. Бұл әнді бізге нәшін келтіріп үйреткен тағы бір әнші – жасы Сұрағанмен қатар Әнәпияның Құсайыны. Құсайын үні зор, тынысы кең, ән аяғын керемет қайыратын нәзік сезімді әнші. Омбыда ірі жиындарда өнер көрсеткен; өзі қара торы, қаны бетіне тепкен толық кісі болатын.

Сол Сұраған әнші білетін тоқсан әні қайда қазір? Оны үлкен дәптер деп еститінбіз, қызығатынбыз, оны Үкілі Ыбырай өз қолымен көшірген көрінеді. Дәптер «Қалдырған» әнімен бітеді екен.

Осыдан екі жыл бұрын Сырымбеттегі Сарыбұлақта 1981 жылдың желтоқсан айының 25 күні Кәкен ақсақалдың үйінде орманшы, аңшы, Үкілі Ыбырайды көрген Қабдыуәли ақсақалмен әңгімелескен едім.

Сонда Қабдуәлидің айтқаны:

Үкілі Ыбырайға жақын адам – Кәрім, ол Уәлиханов ауданында шопан.

Әншінің өзімен аталас Шаймұхан деген біреу болды. Оны өзіміз жақсы білеміз. Бір кезде шаш ал десе, бас алатын шолақ белсенді боп, елдің шырқын бұзған, тиянақсыз, дәйексіз, іші тар, қытымыр бейбақ еді. Өзінің түр-әлпеті, кескін-келбеті Үкілі Ыбырайға қатты ұқсаған. Бірақ әнші бұл туысының кейбір әбес тірлігін кешіріп, ылғи қолтығына тартумен болған. Екеуінің іргесі де ажырамаған. Бірге көшкен, бірге қонған.

Әнші үйінің қонағында, сыйлы, қадірлі адамында шек жоқ. Күнде жиын, күнде сауық. Келісті әңгіме, шырқалған ән. Әлгі Шаймұхан осы ду-ду думанның қайнаған ішінде жүріп, іштей оны көре алмайды. Өсек қылады, жалған сөз таратады. Бұл ғайбатқа күйінген Үкілі Ыбырай бір жолы оған:

Әр адам өзінің ісін шамалайды,
Білмеген дос көңілін жаралайды.
Неше жыл тәрбиелеп асыраған,
Кей ит те иесіне абалайды, – дейді.



Осы сөзден кейін Шаймұханның ішіне қан қатады. Үкілі Ыбырайдай асыл ағасын ГПУ-ға ұстатқандардың бірі осы – Шаймұқан! Үкілі Ыбырайды соңғы рет көруіміз 1929 жыл...

Арада табаны күректтей қырық жыл өтті. 1969 жылы мен Үкілі Ыбырайдың ағайыны Әлімсейіттің үйінде құдалықта отырып, бір әңгіме естідім. Оны Әлімсейіт қабырғасы сөгіліп, жылап айтты. Тоқыш Рысбаев деген елге сыйлы бір есті кісі дүйім жұрттың көзінше әлгі Шаймұханды:

– Үкілі Ыбырайдай арысты жұтып... Одан қалған ән-жырды құртып, қалай ғана жер басып, тірі жүрсің сен, бәтдұға! – деп сөгіпті.

Шаймұхан ләм-мим дей алмапты, жер шұқып.

Сол сұмдық оқиға былай болған:

Әлімсейіт пен Шаймұхан тоғай ішінде шөп шабады. Оны олар ат арбамен түсте бір, кешке бір ауылға тасып, жеткізіп жүреді. Әлімсейіт әр кез ауылға қайтып келе жатып арба үстінде Үкілі Ыбырайдың жұрт білетін, білмейтін ән, жырын әндетеді. Шаймұхан бұған таңғалады. «Құрымайтын, жоғалмайтын неткен ән?» деп қан құсқандай боп, бірақ онысын сездірмеуге тырысып:

– Ой, қайран Ыбекем-ай, тірі кезінде білмеппіз-ау, кадіріңді... Ой, сөзіңнің садағасы боп кетейін, Ыбекем-ай! Әніңнен де, өзіңнен де айналдым, асыл серім-ай! – деп жыламсырайды.

Бұған Әлімсейіт те босайды: «Ит тірлікте жіберетін қателігімізге шаш жете ме Шаймұхан, бәріміз туыспыз, бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде. Ыбекеңдей кемеңгердің кетіп, біздің өстіп өксіп қаларымызды, алдын-ала болжадық па? Бәрі жазмыш ісі...», – деп жұбатады оны.

Бір күні түсте шөптен қайтып келе жатып:

– Сен осы Ыбекемнің жан баласы білмейтін, ұмытылды-ау, деген әндерін қайдан білесің? Соңғы әні – «Қалдырғанды» ұзақ толғау ғып айтады екенсің, – дейді Шаймұхан.

– Е, оның бәрі біздің апамның әбдіресіндегі дәптерде жазылған ғой...

– Солай ма? Ол не дәптер?

– Ыбекемнің өз қолымен жазған әндері. Тоқсан ән!

– Ой, тоқсан толғаулы Ыбекем-ай! – деп кемсеңдейді Шаймұхан.

– Қайран апам небір сұқты көзден сақтап қалды ғой, сол дәптерді! Ыбекеңнің көзін!

Сол күні түскі шайдан соң Әлімсейіт күндегі әдетінше бір сәт көз шырымын алып, содан соң шөпке шығады. Ауылдан сәл ұзай бере «Оу, бұл кісі неге кешікті?» – деп Шаймұханды ойлайды да: «Келер» деп, ол кідірмей үйіп қойған шөмелесіне келеді. Шөпті арбаға тией бастайды. Бір кезде оны бір суық ой селк еткізгендей болады. Ол заматта бір атты арбадан босата салып, жайдақ қарғып мініп, ауылға қарай шаба жөнеледі. Сол шапқан бетімен иттерді шулатып, өз үйіне бір-ақ тоқтап, аттан түсе қалып:

– Апа, дәптер қайда?–дейді өкпесі аузына тығылып.

– Ой, Тәңірім-ай!–деп шешесі қолы қалтырап, сөйлей алмайды.

– Дәптер қайда?

– Әлгі... әлгі жыпылдаған неме... әлгі Шаймұханды айтам, жаңа сен кетісімен сып етіп жетіп келіп, мені айналып-толғанып... «Қайран Ыбекемнің гауһар сөзі-ай, ең болмаса бір бетін көшіріп алайыншы... Бір сөзіне зар болдық қой!» деп... сол неме... дәптер сонда.

Әлімсейіт жан ұшырып Шаймұханның үйіне жетсін. Шаймұхан түсі сұп-сұр боп қорасынан шыға береді. Әлімсейіт өртенген қағаз иісін бірден сезеді.

– Не істедің, сен?

– Тоқсан әнді күл еттім. Бітті. Ыбырайың!

– Жауыз!

Әлімсейіт басын тауға да, тасқа да соғады.

Қаражүрек Шаймұхан да дүниеден өтті. Ал Үкілі Ыбырай әні айдын көлде саңқылдаған аққу үні боп, сұлулық жыры боп адам көңілін асқақ сезіммен шарықтатумен келеді!

Алпысқа келдім жамағат,
Шықпады ешбір жаманат,
«Қалдырғанды» тапсырдым,
Сұраған, саған аманат –

деп еді Үкілі Ыбырай. Сол аманат тек сұраған әншіге ғана айтылды ма? Жоқ, ол елге, халыққа айтылған аманат!

...1936 жылы мамыр айында қазақ өнерінің Москвада өткен бірінші онкүндігінде Үлкен театр сахнасында Ғабит Мүсіреповтің либреттосы бойынша композитор Евгений Григорьевич Брусиловский жазған – «Қыз Жібек» операсы қойылды. Халықтың әндері мен күйлері негізінде жазылған бұл ұлттық опера сол жолы зор табыспен өтті. Операда жүрек біткенді тебіrentкен Жібектің ариясы – Үкілі Ыбырайдың «Гэккуи» еді. Бұл ария сол спектакльді көрген Сталинді



таң-тамаша қалдырған. Жібектің рөлін ойнаған жиырма үш жастағы Күләш Байсейітоваға Совет Одағының халық әртісі деген атақ берілді. Сол күннен бастап, Күләш қазақ бұлбұлы атанды. Амал не, дәл осы қоғамның құрбаны боп, арманда кеткен Үкілі Ыбырай «Гэккуінін» мынадай салтанатын көрген жоқ. Бейопа өмір дегеніңіз осы! «Қыз Жібектей» ғажайып операны аққулар қонған айдын көл әні – Үкілі Ыбырайдың «Гэккуі» осылайша құдіреттендірді.

Жұрт бүгінде Жібек десе Күләш дегені, Күләш десе «Гэкку» дегені!

«ҚАЛДЫРҒАННАН» СОҢҒЫ «ҚАЛДЫРҒАН»

Үкілі Ыбырай ГПУ-дың түртпегіне түсіп, тергеуде жүрген кезінде ел арасына оның «Қалдырған» атты әні тарайды. Оны әншінің өзі әр түрлі жағдайда, әр қилы халде өз көңіл дітіне орай түрлентіп айтқан. Қазір оның төрт түрі белгілі. Тағы да еске саламыз жұрт... Ән білетін білікті жандар бұл Үкілі Ыбырайдың ең соңғы әні деседі. Осы әннен кейін әнші ұсталды ғой...

Осы жолдардың авторы 1981 жылдың желтоқсан айында Көкшетау елін аралап, Үкілі Ыбырайдың өмірін, әндерін зерттеген еді. Әншіні көрген, әндерін өз аузынан үйренген жандар әлі де бар екен. Олар айтқан әңгіме, тосын сыр қапыда кеткен Үкілі Ыбырай өмірінің ең бір қайғылы кезеңіне бұлтартпас куә.

«Қалдырғанды» тапсырдым,

Сұраған саған аманат!–дейді.

Бұл әншінің – «Мен әнді жоңқалаймын, Сұраған сүргілейді» деп сүйінетін өз шәкірті – Сұраған есімді әнші. Үкілі Ыбырай ұсталып кеткен соң оның өзі түгіл, әні талан-таражға түсті. Оны кез келген әншіге теліді. Мына бір сорақы қате түзетілуі тиіс: Осы әннің мән-жайынан хабары жоқ бір «білгіштер» әр жерін «өңдеп» жаңағы екі жолды:

«Қалдырғанды» тапсырдым,

Сұраған жанға аманат», – деп өзгертіпті.

Әнді жұрттың бәрі сақтай бермейді. Әнді әнші, ақынжанды зерделі көкірек сақтайды. Үкілі Ыбырай шәкірті Сұрағанға осы соңғы әнін аманат етіп, оған имандай сеніп, айдалып бара жатқандағы қияметтік сөзін айтып отырған жоқ па?! Шындығы осы! Сұраған

Үкілі Ыбыраймен ағайын, жасы одан шамалы ғана кіші, өзі ұзын бойлы, аққұба, өте ренді кісі еді. Ол Үкілі Ыбырайдың тоқсан әнін, қиссаларын білетін.

Осы жолдардың авторы 1988 жылдың қараша айының жиырма төрті күні Үкілі Ыбырайды дәл ұсталар жылы көрген екі кісімен әңгімелесті.

«Красный Яр» селосында тұратын Социалистік Еңбек Ері Әміржан ақсақалдан алынған дерек: – Мен 1929 жылы Үкілі Ыбырайды Сасықкөл жайлауында кездестірдім. Ол жерге мен Қызылотау мұғалімі боп барған едім. Сол күндерде Үкілі Ыбырайды армансыз тыңдадым. Әсіресе, «Қалдырғанын...». Өзі қапсағай, ірі, ақсары кісі. Өлгі Шаймұқан... Алла-ай, екеуі, сойып қаптап қойғандай сондай ұқсас еді. Сол Шаймұқан ұрылармен байланысты болды. Алпыстың Бөкені деген ұрымен ымыжымы бірге еді. Сөйткен Шаймұқаныңыз Топай дегеннің жаласына жел беріп, ой, пәтшағар-ай, өз ағасы Үкілі Ыбырайды ұстатып тынды.

Енді Володар ауданы, Шалқар совхозы, Антоновка селосында тұратын Ахметқали ақсақалдың сөзі келтірейік: – Сол бір күндерде мен өзіміздің Қоянбай ауылында ауылнай едім. Ән салам, домбыра тартам. Үкілі Ыбырай біздің үйде жиі болатын еді. Мейлінше ақкөңіл, өте шапшаң, алды-артын ойлай бермейтін алапат адам еді.

Және өзі қандай адАл таза, бір сөзді бетті адам еді. Ол кісі күзде қар түскенде ұсталды. Көңілі күпті боп, өкіметтің ызғарын сезіне бастағанды. Өзін ұстауға адам шығыпты, деген қауесетті құлағы шалып, не істерін білмей, бәлкім, сасқаны болар, өз қорақопсысының іргесінде күрткі қардан қамба үңгіп алып, сонда жасырынып жатқан. Өлгі Шаймұқан інісі ГПУ-дың адамын ертіп келіп, дәл төбесінен түсірген.

Ыбекенді ұстап әкетіп бара жатқанда Тереңкөл деген жерде Мәженнің үйінде жасырын бір қой сойғызып, соңғы рет астыртын дәм бергіздім. Ыбыкем жылап отырып рахметін айтыпты...

Бұл естеліктердің ақиқат екендігін соңғы кезде аян болған НКВД архивіндегі құжаттар дәлелдей түсті. 1990 жылдың тамыз айының он екісі күнгі санында «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде «Үкілі Ыбырай қалай қуғындалды?» (авторлары – Едіге Қайырбеков, Қазақ ССР Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысындағы басқармасы бастығының орынбасары, полковник Жарасбай Сүлейменов, ССРО Журналистер одағының мүшесі) деген

мақала жарияланды. Мақалада былай деп жазылған: «...Мемлекеттік саяси басқармасының (ГПУ) бұрынғы Айыртау аудандық өкілі Жұмабай Шаяхметов жүргізген бұл іс 1930-жылғы қарашаның 4-інде қозғалған. Нақ сол күні 72 жасар Ыбырай Сандыбаев қамауға алынады. Сонда оған қандай айып тағылады? Бұл арада басын ашып алатын бір жай ақынның ісі 1921 жылғы оқиғаларға байланысты жүргізілген. Одан жауапты Шаяхметовтың өзі алған. Ол Ыбырай Сандыбаевқа алғашқы кездесуде «Колхоз құрылысына қарсы үгіт-насихат таратқаны» үшін жауапқа тартылатынын хабарлаған. Кейін осы жалаға неше түрлі пәле жамалып, тірсегі шыққан кедей Ыбырай Сандыбаев 1921 жылы ақ бандылардың Совет өкіметіне қарсы жүргізген күресіне белсенділікпен қатысқан, оларды құртқан кезде, бұларды қуып-іздеп жүрген үш қызыл әскерді өлтіруге көмектесіп, жауларды ұстауға себепші болған әкелі-балалы Сүгірәлиндерді ұрып-соғып, оларға түрлі зорлық-зомбылық көрсеткен, ел ішінде ру жікшілдігін қоздырып, оларды бір-біріне қарсы қойған. Совет құрылысын нығайтуға кедергі жасаған нағыз қаскөй боп шыға келеді. Бұл іс бойынша Ыбырай Сандыбаевпен бірге оның ауылдастары Құсайын Көкешов, Сақау Әжібаев, Сағды Тілегенов және басқалары да жауапқа тартылады.

Ең алдымен Ыбырай Сандыбаев «Колхоз құрылысына қарсы үгіт-насихат таратты, дегенге келсек, істе тағылған айыптан басқа табан тірерлік деректер жоқ. Осы кезде Ыбекеннің болыстық революциялық комитетінің төрағасы болғанын және жаңа үгіт-насихаттық бағытта жыр өргенін айтсақ, оған тағылған кінә аққа жағылған күйе екені айқындала түседі.

Рас, қозғалған іс бойынша куә ретінде сұралған адамдардың бәрі де ақыннан көрген «қорлықтарын» жіпке тізіп баққан. Мәселен, Октябрь ауданына қарасты № 2 ауылдың тұрғыны, 1907 жылы туған Топай Әшкеев: «Байбатыр» ауылында Жаман деген байда жалшылықта болдым, соның қорлығына шыдай алмай Петропавлда тұратын Ақып деген ағама қашып кеттім. Сандыбаев төрт тайыншамды алып кетті. Кейін өзімді соққыға жығып, содан мүгедек болып қалдым», – дейді. Сол күні, яғни қарашаның 8-інде Шаяхметов Сандыбаев пен Әшкеевті беттестіреді.

«Сұрақ: – Азамат Әшкеев, сізді Сандыбаев расында да ұрды ма, шынында да сіз сол соққыдан мүгедек болып қалдыңыз ба? Сіздің ол неңізді тартып алды?

Жауап: – 1921 жылы Жүсіптің үйінде ұрды. Содан мүгедек болып қалдым. Шешемді де ұрды, бір самаурынымызды, екі қойымызды, төрт тайыншамызды, екі бөлек киізімізді тартып әкетті.

Сұрақ: – Азамат Сандыбаев, өзіңізді ақтау үшін не айтасыз?

Жауап: – 1921 жылы Мезгілсор болыстық революциялық комитетінің төрағасы болып істеп жүргенімізде маған Жаман Ерденов деген бай келіп Әшкеев Топай бұқасын ұрлап әкеткені жайында шағым айтты. Мен қасыма бірнеше кісі алып, Әшкеевтің ауылына бардым, бірақ ол үйінде жоқ екен. Тінту болмаса ешқандай тонау жүргізген жоқпын. Сосын мен кетіп қалдым. Жаман Әшкеевтің үйінде қалды. Кейін олар татуласты деп естідім. Бірақ маған ешкім келген жоқ. Мен Әшкеевті соққыға жыққан жоқпын.

Сұрақ: – Азамат Сандыбаев, сіз Әшкеевті соққыға жықтыңыз ба?

Жауап: – «Соққыға жыққам жоқ, бірақ оны дәлелдейтін куәлерім де жоқ».

...Бұрынғы байлардың айтақтауымен жазықсыз жанға жала жабуға барған Топай Әшкеевтің «куәлері» көп еді. Солардың бірі Әшкеевтің немере ағасы Ақын Кенжетаев 1921 жылы Сандыбаевтың бұйрығымен немере інісі Топай Әшкеевті Петропавлдан алып келгенін, содан келе сала ес-түссіз екі апта ауырғанын, артынан інісінің соққыға жығылғанын естігенін айтады. Ыбырай Сандыбаевтың сотталуына себепші болған Ш. Қошығұлов, М. Балабаев сынды куәлердің сөздері де осы іспеттес. Болған оқиғаны көзімен көрген бірі жоқ, істің басынан аяғына дейін куәлердің бәрі естігендерін айтады.

...Мысалы, 75 жасар Қожабек Сүгірәлин: «Он екі жасар балам Ғабдолла екеуімізді Ыбырайдың ауылында үш күн еріксіз ұстап ұрды» – деген. Тергеуші осының анық-қанығына жету үшін сол жылы 20-ға келіп қалған Ғабдолладан да жауап алуға тиіс еді. Алайда басқа жерде тұратын оны іздеп әуреленбеген. Сол сияқты «ел ішінде ру жікшілдігін қоздырып, оларды бір-біріне қарсы қойды» деген айып та ешқандай деректермен дәлелденбейді.

Сөйтіп 1930 жылғы 20-қарашада Солтүстік Қазақстан облыстық Мемлекеттік Саяси басқармасының (ОГПУ) қаулысы бойынша «үштік» Ыбырай Сандыбайұлын ату жазасына кесіп, мал-мүлкін конфискелеу жөнінде үкім шығарған. Бірақ ол кейін бұзылып, ақын он жылға бас еркінен айырылады, жазасын өтеу үшін Қиыр Шығыс лагеріне жіберіледі. Міне, осыдан кейін оны көрдім, білдім деген адам болған емес.

Үкілі Ыбырай РСФСР Қылмыс заңының 58-статьясының 10-шы және 13-ші тармағымен, 59-статьясының 7-ші тармағымен осылайша «айыпталған».

Аса көрнекті жазушы Сәбит Мұқанов 1969 жылдың қараша айының жиырма бесі күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Н. Жанділдинге Ыбырай Сандыбаевтың ісін қайта қарау жөнінде хат жазған. Хатта әнші, ақынның Совет өкіметі, Октябрь революциясы, Ленин – бәрі-бәріне таза жүрегін, оларды, тіпті, Жамбылдан да бұрын жырға қосқанын, «Гэкку» сынды бір әнінің «Қыз-Жібек» операсына негіз болғанын, иә, оның нағыз халық ұлы екендігін, бүгінгі композиторлар пайдаланып кеткен қаншама тамаша әндері барын жазып, ақтауды талап етеді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бұл істің анық-қанығын қайта қарауды Республикалық прокуратураға тапсырған. 1960 жылдың наурыз айының он тоғызы күні Қазақ ССР прокурорының міндетін атқарушы, бірінші дәрежелі Мемлекеттік заң кеңесшісі А.А. Наботов Қазақ ССР-ның Жоғарғы Соты президиумына Ыбырай Сандыбайұлының бұл ісі хақында қарсылық жолдаған. Сол жылы сәуір айының төрт күні Қазақ ССР Жоғарғы сотының қылмысты істер жөніндегі сот коллегиясы бұл мәселені қараған. Коллегия мәжілісі Ыбырай Сандыбайұлы 1930 жылы қарашаның жиыртасы күні нақақ сотталған, деп тапқан, істі қысқартқан. 1960 жылдың сәуір айының он үші күні Қазақ ССР Жоғарғы Соты төрағасының орынбасары Т. Оразалинов жазушы Сәбит Мұқановқа Ыбырай Сандыбайұлының толық ақталғанын хабарлаған.

Қазақ халқы өзінің бұлбұл әуезді әншісі, ақиық ақыны Үкілі Ыбырайдың күндердің күнінде осылайша ақталарын, тарих, әділет алдында жүзінің жарқын болатын сәтті күнін күйзеле іздеп, аңсап жүріп, төзіммен күткен еді. Ақыры шындық жеңді. Ал сол күннің қасіреті Үкілі Ыбырай жүрегінің ең соңғы лебізін де жеткізген еді. Ол алғаш рет түрмеге түсіп, тағдырының не болары болжаусыз халде өзімен бірге қамалып, бірақ босанып шығып бара жатқан Атығай елінің екі адамынан соңғы «Қалдырғанын» жолдайды. Оны олар Үкілі Ыбырайдың шәкірті, әнші Беркімбайға әкеліп тапсырады. Кейін Беркімбай ақсақал өзіне аманат етілген бұл әнді жоғарыда Үкілі Ыбырайдың дәл ұстаған сәтіне куәгер болған, оған жасырып дәм берген Ахметқалиға берген. Үкілі Ыбырайдың сол соңғы «Қалдырғаны» былайша «сөйлейді»:

Атығай мен Қарауыл бірің тіл,
Бірің көмейсің.
Жақындығың осындай,
Қайтып маған өгейсің.
Әлсіздерді демейсің,
Жетімдерді жетелеп
Нашардың хақын жемейсің.
Нәсілге тартып сендер де
Елдің қамын жегейсің.
Сөз тыңдасаң өреннен
Алайын тартып тереңнен.
Артымда қалған балалар,
Ыбырай айтты дегейсің.
Солай болса, шырағым,
Көрейінші шарықтап,
Тыңдаушысы табылса
Ақын қайдан жалықпақ.
Танытайын өзімді
Кім екенімді анықтап.
Бақшадағы бұлбұл ем
Адасқанда әл беріп
Сайрап ұшқан қалықтап.
Елдің көркі сері едім.
Көтерген халқым мадақтап.
Шарықтап, шарлап кетсем де
Ұлғайып жасым жетсе де
Оңай екен, шырағым
Пәлеге басың жолықпақ.
Еркелетіп, ел сүйіп.
Атанып едім «Саңлағым»
Сөз нәсілін төккенде
Қыран құстай самғадым.
Ел арасы бас қосса
Жақсыға толды жан-жағым.
Қаумалап халқым келгенде
Қияға қанат қомдадым.
Мырзалардан ат, айғыр
Алудан да таймадым.



Сақал мұрттың ағында,
Өлерімнің шағымда
ГПУ деген мекеме
Ішінде ұстады қамбаның.
Ал ағайынды екеуің
Рулы бір елдейсің,
Құмар болып сөзіме
Өлең жазып бер дейсің.
Тар қапаста отырып,
Құлашты қалай сермейсің?
Қысқартып заман тұрғанда,
Биікке қалай өрлейсің?
Асылды білмес наданды
Айтып қалай жөндейсің?
Туысқаннан шыққан жаманды
Үшкіріп қалай емдейсің?
Қалдырғаным сол артыма,
Айтып жүрсің халқыма
Ауызының ебі бар еді,
Беркімбайға бергейсің!

Міне, аққу әуезді Үкілі Ыбырайдай ғажайып адамның тағдырын зерттеуге қанша жылым, қанша уақытым кетті, оның көзін көрген қанша адаммен жүздестім, ақыры бар шындыққа көзім жетті. Қандай ғана ауыр кезенді бастан кешкенбіз.

2017 жыл...

Арқаның бұрқыраған ақ боранды қысында мені Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректораты мен облыстық әкімдігі сал-серілерді зерттеген еңбегіме ерекше ілтипат көрсетіп, авторлық концертімді дайындап, қонаққа шақырды. Сол концерт Көкшетау қаласында сол күні ашылған филармонияға Үкілі Ыбырайдың есімі берілген рәсіміне орай салтанатты түрде жұртшылықты шаттандырып, зор табыспен өтті. Маған университеттің Құрметті профессоры дипломы және үздік еңбегім үшін Шоқан Уәлиханов медалін тапсырды.

ТОПАЙКӨК

«Топайкөк» әні шыққан жүрек дәл сол сәтте қалай соқты екен, шіркін...

«Көкшеден алып келіп, Баянға таратты», десетін Жарылғапберді шырқаған «Топайкөкке» осы күнге дейін Көкше мен Баянауыл жағы бірдей еміренеді де жатады. Әрқайсысы «біздің ән» деп, өзіне тартады. Небір әнді індете зерттеп жүріп, оның түп-төркініне мен де көп уақытқа дейін көз жеткізіп, тоқтай алғам жоқ. Бір анығы – ол Көкше топырағында туған ән. Бұл – аспанда Ай мен Күннің бары секілді айқын шындық. Осы әннің иесі кім? Көп сарылтты, бұл сауал. Ал оған деген құмарлық бір сәтке де суыған емес. Сүйегі ірі, жаратылысы кесек, диапозоны сала құлаш, өте... өте қуатты ән. Сол болмысына орай ол сезімі оттай ыстық ең биік үнді тенорды қалайды. Ол сонымен керемет. Ал баритональді тенор бұл алапат әнді мүлде әлеуеттендіріп жібереді.

1964 жылы жаз, күз айларында (қазақ радиосы музыка редакциясында 1939 жылдан бас редактор боп, одан кейінгі кездерде аға редактор қызметін атқарып, халық әншілерінің небір ардақтысын әспеттеп, олардың орындауында радионың қорына қыруар әндер жазып алған жан дүниесі бай адам еді. – И.Ж.) эфирде ән хикаясын көп шертетін Максұтбек Майшекиннен «Топайкөктің» тарихын білгім келді. Әңгімелестім. Қазақ әнінен жиған-тергені мол осы бір зерделі жан «Топайкөкті» «Көкшетау топырағында туған ән» деп нық сеніммен айтты. Бұл сөз бұрыннан білетін жайды бекіте түскендей болды. Осы бір кездерде сол кісінің таныстыруымен Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, оларды пір тұтатын Мұрат Толыбаев, Қарағандыдағы Мағауия Көшкінбаевтардың ән, әншілер жайында әңгімелерін де қағазға түсіре бастағамды. Сондай сұхбаттардың бірінде кез келген жанмен ашыла бермейтін, иә, әр сөзін ойлана, зілдене сөйлейтін кер мінез Жүсіпбек Елебеков әлденеге көңілі көншіді ме, жүзі нұрланып, пешенесі жазылып, бір шешілді дейсіз: «Топайкөк» әнін іздесең, Көкшетауға бар. Оның Сырымбетіндегі қалың Қарауыл мен Төрелер бұл әннің мән-жайын бізден жақсы біледі. Отыз жетінші жылғы нәубеттің алдында бір топ артистер бригадасы құрамында Көкшетауда Біржан сал елінде концерттер бердік. Сол жерде «Казгородок» ауылында Мұқан дейтін әншіден «Топайкөкті» тыңдағанда мен еш уақытта бұл әнді



айтуға дәтім бармайтындай хал кештім. Сол әйдік әншіге табынып, оған қалай бас иіп қалдым? Осы күнге дейін сол кездесуді ойлай берем. Одан кейін Мұқан әншіні көргем жоқ. Тұлғасы зор, маңдайы кере қарыс, нағыз Біржан сал дерлік сұңқар үнді, сері көңілді, бір бекзат еді. Арада жылдар өтті. Радиоға талай ән жаздырдым. «Топайкөкке» бара алғам жоқ. Сол Мұқанның күндей күркіреген үнін еске алсам, неге екені белгісіз, бірте-бірте көз алдыма кәрі емендей теңселіп тұрған Жарылғапберді елестейтінді шығарды. Аты аңызға айналған Жарылғапберді! Көкше топырағында түлеген «Топайкөкті» Баянауыл аспанында қаздай қалықтатып, кең сахараға жайған құдіреті зор Жарылғапберді! Көп әңгімеде «Топайкөк» әніне байланысты Жарылғапберді есімі жиі айтылады. Баянауыл елінің «Топайкөктен» айырылғысы келмейтін сыры осыдан ба, деп қалам. Әлбетте, мен Балабек Ержанов, бұл әншіден мүшел жас кіші Қали Байжанов сияқты әншілерді көп тыңдадым. Даңқты әншілер. Қалидың үні сақталған. Ол Жарылғапбердіні еске түсіреді. Ереймендік Шама Нұрұлы есімді жойқын әншіні кім біліп жатыр? Ел ішіндегі әңгімелерде Шаманың шәкірттері көп болған. Соның ең ірісі, ең көрнектісі – Жарылғапберді! Оның: «Шамаң келсе «Шамаға» бас» дейтін сөзі бар. Қарағандыда «Топайкөкті» Қалидан тыңдадым. Қали – Жарылғапбердінің өзі болмаса да, көзі еді. Өзіне-өзі риза болғанда «қапы жоқ... қапы жоқ» деп елпілдеп сөйлейтін Қали шау тартып қалған екен. Менің меселімді қайтармай, «Топайкөкті» жеріне жеткізе алмай, шәт-шәлекейі шығып дал болғаны. Бұл Тәңір әншіге дауыс берді ме, оған өле-өлгенше қылау түсірмесе ғой! «Топайкөк» әнінің мәртебесін көтерген бір әнші осы Қали еді. Қанатын қаға алмаған кәрі қырандай қапылысына іштей тындым да қойдым. Ал Мұқанның үні есімнен кетпейді. Концерттік сапармен Көкшетау елінде әр кез болып жүрдім. Соғыс жылдарында, одан кейін де. Бірақ сол баяғы Мұқандай әншіні кезіктіре алмадым. «Топайкөк» өзінің Көкшесінде Мұқандай жұлдызы биік әншіге зар боп қалған екен. Оның себебі де белгілі – бағзы бір әншілердің дәм-тұзы таусылды. Қазан төңкерісінен басталған алақұйын заман, Голощекин жендеттің ашаршылығы ел ішіндегі бейкүнә әншілерді де сол жылдарда баудай түсірді. Солардың қатарында Үкілі Ыбырайдай ән арысы да кетті. «Топайкөкті» өзіміздің Манекен, Манарбек Ержанов қана ұстап қалды. Манекен бізге осы бір ғана «Топайкөгімен» тәкаппарланып қыр көрсетеді. Онысы өзіне жарасады. Ғарифолла екеуіміз жымып

кана отырамыз. Іштей Мұқан мен Манекенді салыстырам. Пәлі, әншілер бір-біріне ұқсаушы ма еді? Ұқсауға тырысатындары да бар. Бірақ олар – шалағай шәкірттер ғана. Менен ән үйренетіндерге дәйім айтатын сөзім: «Менен әннің сүйегін Ал жаныңнан алып, жан қосатын, қаныңнан алып, қан қосатын өзің. Өз үнің өзгеше болсын. Шертісің де!». Хас әншілер дара туады. Мұқан мен Манекеннің жөні бөлек, әрқайсысы бір-бір бітім, бір-бір тұлға, бір-бір әлем. Мұқанның «Топайкөгі» – қайратты жүректің аһылағаны. Аламантасыр асықтығы. Манарбектің «Топайкөгі» – табиғат төрінде махаббат еркесінің алаңсыз шалқуы. Мен өз басым Мұқанды көргенге дейін «Топайкөкті» ойласам болды – «Біржан сал мен Ақан серінің бірі шығарған шығар» деуші едім. Сол сапар Мұқан дүйім жұрттың алдында «Қозыкенің «Топайкөгі» деп шырқады. Кейін мен мұны Манарбекке айтқанымда «Жолдас Елебеков, сол Көкшетауға біз де барармыз...» деді де, қыңыр сөзін әзілге айналдырды. Маған онша иланбады. «Топайкөкті» ол Әміреден үйренгенді. «Хорлан» – Маралдының, «Қаракесек» – Егіндібұлақ, Қарқаралының, «Ғалия» – Ақмоланың, «Дударай» – Қорғалжынның, «Жиырма бес» – Қызылжардың, «Ардақ» – Баянауылдың әні екендігі адам түгіл Тәңірге аян болса, «Топайкөк» Біржан салды ұлы ұстаз тұтқан Ақан серінің жан серігі – Қозыкенің әні екендігіне еш күмән келтіре алмаймын. Есі бар жұрт: «Топайкөктің» қадірін біліп, аман сақтаған» деп сол Көкше елі мен Баянаула елін сыйласа болады. «Топайкөк» осындай екі қасиетті елді тел емген арда ән».

«Топайкөк» әні жөнінде Ахмет Жұбановтың еңбегінде мардымды ештеңе жоқ. «Ардақтай» арқалы әннің иесі – Жарылғапбердіні «композитор» деп те айтпайды. Яғни, ол жөнінде ол кісі біреулердің болымсыз дерегіне ғана сүйенген. Ақаңөзінің дершағында қазақ жерін емін-еркін аралап, ән зерттей алмады. Оған уақыты жетпеді. Және әр кез жоғарғы жақтың түртпегіне түсуі өрісін тарылтты. Сол себепті, кабинетте қорғалақтап отырып, ән дерегін жинауда ел ішіндегі қария сөзді кісілерге ғана сенді. Олардың арасында «өтірікті шындай, шынды Құдай ұрғандай» ғып, қиыннан қиыстырып, өз елі, өз руына қарай бұра тартып, жаңсақ сөйлейтін желбуаз, суайт, пысықай жандар да бар еді. Ал «ән зерттеуші» деп жүргендеріміздің ішінде әншейін қосақ арасында қарасы көрініп, әркімнің зерттеу мақалаларынан үзіп-жұлқып, сүлесөк бірдене жазатын, өзіндік көзқарасы, дәйегі, тұжырымы жоқ, саяз білімді зерттеушісімақтардың барын да

білеміз. Олар Александр Викторович Затаевич, Ахмет Жұбанов, Борис Григорьевич Ерзакович, тағы басқа да зерттеушілердің кей пікірлерін өз «пікірлері» етіп, не солардың көлеңкесінде «попугайша» күн кешіп, әннен түсінігі аз қауымға «аңқау елге – арамза молда» боп, күлдібадам мақалаларымен кітап та шығарып жатады. Үлкен зерттеушілерден де қателік кетеді (Мысалы, Затаевичтің Құрманғазы мен Абайдың композиторлық жаратылысын түсінбеуі; Затаевичтің қате жазуына сүйеніп, оған Ахмет Жұбановты куәге тартып, Ақан серінің «Әудемжерін» Көкбай ақынның әні дейтін аса қадірлі ғалым Қайым Мұхамедханов ақсақалдың мүлт кетуі; Сәбит Мұқановтың «Сұршақызды» Балуан Шолаққа телуі, тағы басқа да «әттеген-айлар» жетіп артылады. Осы сөздерді жазып отырған менің өзім де қым-қиғаш үлкен зерттеу үстінде абайсызда шалыс басқан жерлерімді өзім түзетумен келемін. – И.Ж.) Оны ғылыми тұрғыдан тиянақты түрде жан-жақты зерделеп, жөндеп отыруға өресі жетпейтін сол дүмше «зерттеушілер» үлкен зерттеушілердің кейбір ағат пікірлерінің ығына жығыла сөйлеп, нақты деректен еш хабары болмай, тіпті, оның анық-қанығына жетуге тер де төкпей, жалпылама, құр долбар, жадағай сөзбен біраз жайды былықтырды да. Ол дәрменсіздік, саяздық қазақ әнінің сорына әлі де жалғасып келеді. Дәл осы «Топайкөк» әні төңірегінде тек жорамалға құрылған тұрлаусыз зерттеусымақтардан гөрі өз еті өзіне жақын, өз зәузаты, өз тарихын өзі білетін атақты архитектор, жазушы, қазақ қоғамының белгілі қайраткері Шота Уәлихановтың бір тоқтамды сөзіне де ден қойған ләзім. Қазақ әндерінің әр кезде шыққан бір жинақтарында өз әулетіндегі ірі әнші Қозыкөненің (Сақыпкерей) әндері бірде Ақан серіге, бірде басқа біреулерге телініп жүргеніне қынжылған Шота өз елінің қария сөзіне, әндеріне жетік Шәйзат Жақыпов есімді ағайымен әңгімелескенін, мына төмендегі «Ай, көке» әнін ол кісінің шабытпен шырқағанын былай деп жазады: «Қозыке балуан денелі, сурет пішінді жігіт болыпты. Арқаның атақтысы Ақанмен серілік құрыпты.

Сырымбет биік адыр қатар кезең,
Жарысып таудан құлап аққан өзен.
Ұқсаған биқасапқа көк шалғыны,
Көкорай қайың мен тал бәрі де әсем.
Ай, ай, көке-ай,
Үридай, қалқам-ай,

Үридай, дәй, дәй-ай.
Мөп-мөлдір сынап құсап бұлақ аққан,
Маңында үш түрлі көл шалқып жатқан.
Топырағы бейне мақпал егінге жай,
Шұрайлы әдемі жер күлім қаққан...

Алдымда жатқан «Қазақ әндерін» (1963 жыл) жалма-жан ақтарып, «Ай, көке» бар ма екен деп қарасам, Ақан сері өлендерінің ішінде тұр. Шәкене айтып едім, «айта берсін» деп маған кілт бұрылып: «Б. Ерзаковичке «Ай, көке», «Көкшетаудың биігі» (Кей қателігімізді мойындасақ, біз де «Көкшетаудың биігі» әнін әр кез шығып жатқан жинақтарға сеніп, оны «Ақан Серінің әні» деп концерттерге қосып келдік. Ол опық енді-енді жөнделе береді. – И.Ж.) «Тер қатқан» әндерін тапсырған мен болатынмын. Сондықтан ән тарихын құрастырушылар біле ме, мен білем бе? Тіпті, ән авторларын атағанымды да пленкаға жазып алған. Неге бұрмалап жүргендерін білмеймін, – деп кейіді Шәйзат ағай, – «Қозыкенікі» деп ойдан шығарып айтып тұрғаным жоқ».

Мен ертеңінде кітапханадан 1959-1963 жылдары жарық көрген «Ақан сері» атты жинақтарды қарап шықтым. Бәрінде де аты аталған өлендер (әлбетте, әндер – И.Ж.) Ерзаковичтен алыныпты. Ал Ерзакович 1955-жылы шыққан «Қазақтың халық әндері» жинағында бұл әндерді Шәйзат Жақыповтан алғандығын айтады (Ерзакович ықтиятты зерттеуші... 1963 жылы ақын Әбділда Тәжібаевтің жалпы редакциясын басқарған әлгі «Ақан сері» жинағы жарық көрді. Шығарушылар алқасында – А. Жұбанов, Е. Ысмайылов, А. Нұрқатов, Ә. Тәжібаев, А. Шәмкеновтер бар. Кітапты құрастырушылар – Хамит Тілеубаев пен Есім Байболов. Бұл екі автор ел арасынан там-тұмдап дерек жинайтын кісілер ғана. «Әубәкір Диваев секілді білімді фольклорист» деп айтуға болмайды да. Егер аталған жинақты шығарушылар алқасында Ерзакович болса, Қозыкенің әндері – Ақан серінің әндері боп кірмес еді. Ол әндерді Ақан серіге қалай болса солай тели салу – Қозыкені ұмытқан, не одан еш хабары жоқ, екі құрастырушы – Тілеубаев пен Байболовтың қателігі екенін ешбір зерттеуші қаперге алмайды. Бұл кітапқа редактор болған Құлланбай Көпішев дүниеде Ақан серімен бірге Сырымбет саласын әнге бөлеген Қозыкедей еркебұлан серінің болғанын, мына жалғаннан жүзін ерте үйірген мұңлық екенін қайдан білсін. Оның алдына дайын кітап келді, ол редактор ретінде ол тарихтың байыбына барған жоқ,

тек корректордың қызметін ғана атқарған. Екі құрастырушының бірі – Хамит Тілеубаевтің осы кітаптағы естелігінің бір тұсында: «... Кезек Аяған баласы Мәлкеге берілді. Мәлке «Топайкөкті» шырқады. Бұл – аса қиын ән, негізі Көкшетау топырағында туғанымен, иесі белгісіз ән. «Осы әннің иесі табылмай-ақ қойды деді Ақан» деп жазылған. Хамит ақсақалдың бұл сөзі – жаңсақ сөз. Тек Сырымбет қана емес, Көкшетау төңірегіндегі небір қария сөзді есті кісілер әлгіндей долбарды теріске шығарады. Қозыкенің сол әндеріне қылау жұқтырмайды. Академик Әлікей Марғұлан Шоқан Уәлихановты зерттеп жүріп, Сырымбетте болып, Хамит ақсақалдан да жасы үлкен білікті кісілерден Қозыке әндерін жазып алғанын айтып отырады. Кейбір үйлерде Марғұланмен бірге түскен талай суретті көрдім де. Марғұлан ерінбей, жалықпай небір зерек көңілді адамдармен жүздескен. Мен де Қозыкенің есімін талай кісіден естідім. Солардың бірі – Бурабай санаториясының ең алғашқы админстраторы Томан Тілекеев ақсақал маған Біржан сал әулетінің көл-көсір әңгімелерін жаздырып жүріп, Қозыкенің де дәл осы әндерін берген еді. Сонда Томекең: «Дәл осы Бурабайда кешегі Уәли хан тұқымдары тұрды. Солардың жұрнағы қазір де бар. Ескі көздері таусылып бітті. Сол жарықтықтар «Қозыкенің әні» деп кейбір әндерді, оның ішінде өзін сұрап отырған «Топайкөкті» де айтатын еді. Осы Көкшедегі Керей, Атығай, Қарауыл елі бірінің әніне бірі таласады. Біржан салдың әнін Ақан серінікі деу, Ақан серінің әнін Үкілі Ыбырайға беру, не болмаса Ақан серінің әнін Біржан салға қарай тарту, әйтпесе, тіпті басқа бір әншілерге таңу, міне, қазақтың осы болымсыз мінезімен бейкүнә Қозыкенің әні де «Ақан серінікі» делініп кеткен сияқты. Ол – Қозыкенің аруағына қиянат.» деп еді.

Әлікей Марғұлан мен Борис Ерзаковичтен басқа Қозыке есімін қағаз бетіне ешкім түсірген жоқ. «Ақан сері» жинағында бұл екі ғалымның Қозыке жөніндегі дерегі ескерілмей, «зерттеуші» деп айтуға болмайтын екі құрастырушының қателігінен Қозыке әншінің есімі күні бүгінге дейін Ақан серілердің тасасында қалып, бағы байланумен келеді. Бұл сөзімізді нақтылай түсу үшін Шота Уәлихановтың пікірін тағы да толығырақ тәптіштеуге тура келеді:

«Шәйзат ағайдың пікірін Шоқан Уәлихановтың шығармалар жинағындағы (1-том.) академик Әлікей Марғұланның мына сөздері де растайды: «Шоқан інілерінің ең дарындысы жастай өлген Сақыпкерей (Қозыке) болған. Ол көрнекті ақын және

композитор бола тұрып, өнерді қадірлей білген Шоқанды ауылына келіп жатқан уағында өзінің әндерімен мол қуанышқа бөлеп отырған. Қозыке халық композиторы Ақан серімен достық қарым-қатынаста болып, онымен бірге романтикалық бағыттағы бірнеше ән шығарған. Оның шығарған әндерінің кең тарағандары: «Ай, көке», «Топайкөк», «Сырымбет», «Көкенің аманаты»... Қозыкенің бұдан басқа «Кер құнажын» деген де әні бар екен. Ал Шәкеннің айтуынша Әлікей Марғұланның «Көкенің аманаты» деп отырғаны – «Қозыкенің аманаты» деген ән екен. Бұл әнді Шәкеннің ақылымен Алматыда Рахима деген қарт анадан естіп, жазып алдым. Рахима апай «Топайкөк» тарихын былай баяндайды: «Шоқанның үлкен қарындасы Нүриләни Баянауылдағы Мұсаұлы Садуақасқа ұзатқанда, Көкшетауға күйеу қосшы боп Жарылғапберді әнші еріп барады. Жарылғапберді жоғарыдағы айтылған әндерді Қозыкенің өз аузынан үйреніпті» (Шота Уәлиханов. «Қазақ әдебиеті» газеті, 1964 жыл, 21 тамыз.)

Қозыке – композитор. Оның солай болатын жөні де бар. Ағасы Шоқан екеуі өз отбасында, мысалы, Пушкинге ертегі шерткен нянясы Арина Родионова секілді, Айғаным әжесінің бесік жырынан бастап, оларды сүттей ұйытқан аңыз-әңгіме, таңғажайып ертегілерін тыңдап өскен. Әкесі Шыңғыс – өз кезінің ең білімді, көзі ашық, халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, өнер мәдениетін жетік білетін зерделі кісі екені белгілі. Қобыз бен домбыра тартқан. Бірақ оны туған інісі – әйгілі қобызшы Қанқожа (Шоқанның өз қолымен жазып қалдырған мұралардың ішінде осы Қанқожа қобызбен тартқан – «Тәңір би», «Байсал Уақ – Сары батырдың сыбызғы тартқаны», «Қанғожаның басқаны», «Бағаналы Балақай бақының сарыны», «Суға кетті ер Қотан», «Балбырауын», «Ала байрақ», «Қызыл қайың», «Тарғыл бұқа», «Шығыт жібі бес бармақ», «Қапыда өткен қарбалас», «Тайлақбайдың күйі – «Қыз жылатқандай», «Баутанның қосбаспасы», «Ер Шегедей еткейсің» деп аталатын 14 күйдің аты жетіп отыр) сияқты кәсіп етпеген. «Бақ – менікі, өнер – Қанқожаныкі» деуі содан. Осы Қанқожамен тұстас әкелі-балалы екі қобызшы – Төлек пен Төлепберген Сырымбет саласын аққу әуезді ғажайып күйлерге бөлеген. Шыңғыстың үйінде көне аспаптар – сыбызғы, шыңдауыл, қобыз, домбыраға қоса оның өз замандасы генерал-майор А.К. Гейнс көрген шағын орган да болған. Ол аға сұлтан боп көп жыл қызмет істегенде Көкше даласында зерттеу



жүргізген саяхатшы ғалымдармен, орыстың географиялық қоғамы, басқа да мекемелердің қызметкерімен тығыз байланыс жасап, өз өлкесінің тарихы, этнографиясы, мәдениет, өнер мұралары – ән-күйлер, өлең-жырлар, аңыз-әңгімелер жинап, оны Омбыға жіберіп отырған. Сол кездерде Сібір қазақтарының Шекара комиссиясының бастығы, қазақ фольклорын ықыластана жинаушылардың бірі М. Ладыженсийдің өтініш, тапсырмаларымен осы игі істі тиянақты жүргізген. Иә, Шыңғыс елдегі әнші-күйші, жыршыларды, ұста, зергерлерді, аңшы-саятшылар мен атбегі, құсбегілерді (Шоқанның аңға шыққан кездерін еске алыңыз.) қадір тұтқан. Дала «Гомерлері» – Қаракесек Жанақ пен Байқырғыз Шөжелер толғаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» Шоқандай ақынжанды ұлын бала кезінен тербегенді. Сондай-ақ, азуы алты қарыс Атығай Зілғара, сел-сел жыр сапырған Арыстанбай, Орынбай, сары дала боп сарғая зарлаған Тоғжан соқыр, ешкімге әннен дес бермеген Біржан сал мен Ақан сері, Баянауылдағы қайын жұртының ірі әншілері – Бүркітбайдың Мұстафасы, Жарылғапберді, Жаяу Мұсалар Шыңғыстың үйінде талай-талай бас қосып, думан құрған. Ән-күймен өтетін осы жиындар, халықтың өнер дәстүрін қастерлеу Шыңғыс балаларының бәріне эстетикалық тәрбие-тағлым жағынан игі әсер еткен. Шоқанның ғалымдығы мен бірге жазушылық, суретшілік өнеріне Достоевский, Потанин сияқты достары тәнті болса, інілері – Қозыке композитор, Мақы қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі ретінде есімдері тарихта қалды. Осындай өнегелі ортада романтикалық бай қиялмен өсіп, жетілген Қозыке қамшының сабындай қысқа ғана ғұмырында Әлікей Марғұлан жазғандай бізді «Топайкөк» әнімен таңғалдырады.

1988 жылы маусым айында «Алатау» телепрограммасының тапсыруымен Көкшетауға келіп, «Ақан сері әндері» атты үлкен хабарды түсірдім. Сол күндердің бірінде Сырымбетте Сарыбұлақ ауылында Қабдыәли есімді шежіре кісінің үйінде біраз ақсақалмен әңгіме-дүкен құрдым. Мұндай отырыс бұл ауылда бұрын да талай рет болғанды. Ақан серінің беймәлім сырлары бұл жерде көп айтылатын еді. Сол себепті – Сырымбетке көп үйіріле беретінмін. Осы жолы да көп дәмемен келіп едім. Қарауыл мен Төрелердің қариялары: «Жақсыларымыз кетіп, өңшең нашары қалдық. Кешегі бір күндері Ақан серінің «Сырымбеті», Қозыкенің «Топайкөгі» шырқалып, Шоқанынан айырылған Шыңғысты, қу жалғызын көп көрген Сәлімгерей сорлыны естерін жиғызып, жұбаныш болғаны ол

да бір Тәңірдің иген кезі екен. Бүгінде бәрі жоқ. Ол әндерді айтатын әншілер қайда? Қазіргілердің миына да кірмейді» – деп жабырқады.

Ал «әнге зерделіміз» дейтіндердің өзі бір «Топайкөктің» бірнеше сөз нұсқасы бар екенін біле ме екен, сірә? Семей топырағында Мұхтар Әуезовты ерекше толғандырған «Топайкөктің» мына сөзін қараңыз:

Сен, сен едің, сен едің, сен кеткен соң,
Болар ма сіңілің сендей ержеткен соң.
Ауылына адам түгіл ит те бармас,
Сықақ қой, сылдыр моншақ қыз кеткен соң.

Сары атқа сатып алған гигаим-ай,
Тауыстым ақпан болмай бидайымды-ай.
Сары атқа бидай алмай гигаим алып,
Жаратқан мұнша ақымақ Құдайым-ай!

АЛ БИБАЙ, САЛАЙЫН МЕН ГИГАИМДЫ...

Абай еліне кең тараған «Топайкөк» осы. Дәл осы нұсқа «Абай жолы» романына енген: «...Бұл түс емес! Дәл анық, айқын өңім. Өңім болмаса таңғажайып бір хал Ербол! Басында сол кәмшәт бөркі. Шолпысы, қара мақпал камзолы да баяғыша. Сонау Жаныбек өзеніндегі түн екен. Өмірде, аз көрген сағаттарымда еш уақытта бұндай ұмтыла жақындап, бұндай еркін, ашық келіп көрген жоқ еді. Бір сыпайы ұяндық тарта беруші еді ғой. Мынада соншалық жалын атып кеп, ынтызарлық үнімен: «Аңсадым ғой, зарықтым ғой» деді. Өзің үйреткен «Топайкөгің» бар еді. Соны мен күндіз де, түнде де айтам. Тыңда мені» деп тұрып, әсем үнмен бір ауыз айтты да, «Енді кел, келші жақын. Мен, міне, қасыңдамын, бөгет жоқ, қасыңда жалғыз тұрмын ғой!» деді.

Мен де құшағым жая ұмтылып: «Кел, келші, сәулем!» деп барып оянып кеттім...», «Абай жолы» романындағы небір тебіреністі беттердің ішінде осы бір эпизод шуақты лиризммен аялап, тіпті, салқындаған марғау жүректің өзіне ып-ыстық қан толтырып, лүпілдете соқтырады. Жазушының осы суреттеуіне «Топайкөк» әні жоғарыда келтірілген әлгі сөзімен жайдан-жай махаббат сезімінің тіл байлар тылсым дәнекері ретінде алынып отырған жоқ. Абай бұл



энге жарды сүйген құштарлықпен құлай берілген. Мұхтар Әуезов Абайдың сол іңкәрлігін өз жүрегінің құмарлығындай сезініп, қалай керемет суреттейді. Тап осы жерде мен «Абай» операсының жазылу тарихын радионовелла етіп, эфирден берген кезімізді еске алайын. Ахмет Жұбанов дүниеден қайтқанды. Ол кісіден алған деректерімді жан серігі – композитор Латиф Хамидидің растауымен ыждағаттап жазғамды. Латекеңнің сондағы қуанғаны! Оны өзім басқарған музыка редакциясындағы редакторлар жақсы біледі. Сол күндерде Латекең былай деп еді: «Біз операға пайдаланатын әндерді таңдағанда Мұқаң сөз арасында «Топайкөкке» көп үйіріле берді. Мен көбіне Ахмет Жұбановқа сүйенетін адаммын. Сол кісіге жалтақтаймын. Ахаң бұл энге былқ етпеді. Мұхаң Ахаңның көңіл дітін сезді. Іштей ренжіді. Соның әсері ме, бір жолы «Сіздердің опера жазғандарыңыз қызық екен. Менің либреттомның әр жерінен бір жұлқып, сөйтіп жазады екенсіздер» деді кейіп. Бұған Ахаң Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсын қалай жазғанын айтып түсіндіргенде, айналып кетейін Мұхаң сәбидей аңғал көңілді жан екен, Ахаң екеуімізге бас изей келісіп, тіпті, тәнті болған жандай тырысып жүрген маңдайы жалғанның жарымындай боп жазылып сала бергені. Сөйтті де сасқалақтап отырып: «Топайкөк» бұл операға кірікпейтін көрінеді. Бұл ән – Абай мен Тоғжан екеуінің арасында ғана жүретін ән. Оны мен Абай мен Әйгерімнің де сүйікті әні ете алмаймын. Ал Аха, ал Латеке, бұл «Топайкөк» Көкше елінің әні. Мен қолданған сөз – Семей елінің сөзі. Манарбек Ержанов айтатын сөз – кейінгі біреулердің қосқан сөзі. Әуел бастағы сөзі қалай болды, екен? Сол сөзден қайран ән қалай ажырап қалды екен? Затаевичтің жинағында:

Жігіттер, шек келтірме күдіретке,
Тілеймін «медет бер» деп барша үмбетке.
Бауырында Көкшетаудың бір-екі қыз
Ән салған осылайша «Топайкөкке» –

деген жалғыз шумақ жүр. Осы сөз дәл осы әнді шығарған әншінің сөзі емес. Бұл да бағзы біреудің ілекерлеген қоспасы. Топайкөк деген көсем жүрісті көркем аттың иесі оған деген шаттанған сезімін: «Құлагер, топтан озған жүйрігім-ай!» дейтін Ақан серіше білдіріп: «Топайкөгім!» деп еміренсе керек еді. Ал ол сүйінішті сөзді енді қайдан табасың? Манарбек шырқайтын нұсқа ол да «третий лицоның» сөзі. Амал не, ән жақсы болған соң оның кейінгі

сөздеріне, иә, Семейліктердің қосқан жаңағы өлеңінде «Топайкөк» сөзінің жоқтығына қарап та жатқам жоқ. Ән құдіретті! Манарбектің атасына рахмет! Атақты әнді өлтірмеді!»

Көкше елін көп шиырлап жүріп, анық көзім жеткені – ол жақ тек қана:

Көкшетау, Баянауыл – жер науаны,
Елінен көктей гүлдеп шығады әні.
Бауырында Көкшетаудың көкке шалқып,
Толғанып, шарықтатып салған әні.

Жарылғап ескі әншінің маңғазы еді,
Әнді ерттеп, күйді мінген ардагері.
«Осы әнді Көкшетаудан әкелдім» деп,
Баянға алып келіп жайған еді, –

деп орындайтын Манарбек Ержановтың нұсқасын ғана біледі. Бұл – «Топайкөктің» жолдан қосылған шумақтары. Бір жөнді жері – ән Жарылғапбердіні ардақтап отыр. Өйткені Жарылғапберді «Топайкөкті» Көкшетаудан әкеліп, Баянға бірінші рет жайған әнші. Бұл сөзге зердесі жеткен жан «Топайкөкті» Көкшетау еліне қимайтын қыңыр мінезді «білгіштерден» гөрі жарықтық, ары таза Жарылғапбердінің аруағына бас ұрар еді. Ал басыңды тауға да, тасқа да ұрсаң да «Топайкөктің» әуел бастағы өзінің төл сөзі жоқ... жоқ! Іздесек соны іздейк...

...1994 жылдың 28 қыркүйегі мен 1 қазан күндері Жанаарқада Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдық тойында сол кездегі Ағадыр ауданының Ақшатауы тіккен ақбоз үйде жан-жақтан тоғысқан қонақтардың арасында тамаша әнші, ақын Тұрсынхан Әбдірахманова Мұхаң сүйген «Топайкөкті» қайта-қайта айтқаны...

Кейін Алматыға келген соң профессор Тұрсынбек Кәкішевтің үйінде Тұрсынхан апаймен қонақта болып, «Топайкөк» әніне тағы да қолқа салдық. Тұрсынхан апай сағым ойнаған құла түзде қиырға көз тіккен аңсаулы жандай біраз ойлана толқып, ақ жамалы алмадай албырап, бір сырлы сезім буымен арманға берілген қыздай мөлдіреп: «Топайкөкті» Семейдің Бақанасында Тобықты Қабыш есімді әнші кісіден үйреніп едім» деді де, өзінің кең тынысты балбыраған үнімен керілте бастады...

«Топайкөк» өз сөзі табылғанша бізді санамен сарғайтып өтетін шығар, тегі...



«Топайкөк» әнінің осы хикаясы жұртты ерекше елең еткізді. Менің қолымда ешбір музыка зерттеушісінің қаламына ілікпеген таңғажайып бір хат бар. Сол хатты оқып көрейін: «Құрметті Илья! Сіздің «Егемен Қазақстан» газетіне жазған «Топайкөк» атты мақалаңызды оқып, төмендегі деректерді жолдағым келеді. 8.11. 2008 ж. Мақала әңгіме ретінде жақсы жазылған. Өзіңіз де жазушы, не журналист боларсыз. Сіз әңгімеде «Топайкөк» әні, оны таратушы Жарылғапберді, оның авторы Сақыпкерей (Қозыке) композиторды баса жазыпсыз. Мүмкін, Сіз әдебиеттанушы (литературовед) боларсыз. Ол әннің жеті түрі бар екен. Семей жағынан бір варианты депсіз, Ал бізге келген бір ауызы болсайшы! Жоқ! Келешекте осы әннің сөздері-өлеңін басылымға шығарсаңыз, көптен-көп рақмет дер едім.

Қозыке, әрине, күшті композитор болған, өз заманының. Оның өлеңдерін өзіне беру де үлкен жұмыс. Ал менің айтарым: Сіздің әңгімеңіздің арқауы болған Топайкөк жүйрік менің атам Мұсан Мәтенұлының жылқысы, тұлпары. Ол (үш жүз аттың алдында келген) Қанжығалы руынан шыққан Шауыпкел батырдың асындағы жетпіс бес шақырым бәйгеде бірінші келген жануар. Оны мініп шапқан жиеніміз Құрманұлы Мұсабек, қазір жоқ, көз жұмған. Аттардың шапқан жері п. Белогородовка мен қазіргі Ұзынкөл-Бауман, яғни Қостанайдың Ұзынкөл ауданы мен СҚО п. Белогородовка аралығы болса керек. Осы кісі тірісінде ағамыз Садуақасұлы Қайролла (1913 жылы туған) екеуі кейінгілерге айтатын төмендегі жағдайларды: Шыңғыс тұқымы (Қозыкөктің әкесі) Топайкөкті біздің тұқымнан сұрап үш-төрт рет келіпті. Олар келуін қоймаған соң, атамыз Мұсан (1857-1938 жж.) тұлпарды беріпті. Ол ат Бөрте топайында ақ жүндес екен, содан Топайкөк атанған, бәйге бермес жүйрік. Мұсан атамыз өзіміздің ауылдан бес-алты шақырым жердегі Қарабейітке қойылған. Ол кісі Шыңғыс тұқымымен құдандалы болып, баласы – тұңғышы Садуақасты (1888 жылы туған) Нұрилага үйлендіріпті. Анамыз Нұрила егіз баладан көз жұмған. Жалпы, әкеміз Садуақас төрт әйел алған. Солардан жеті ұл, екі қыз дүниеге келген. Қазір бары мен-Бекболат, одан соң екі інілерім: Бексұлтан, Шайсұлтан Ғ. Мүсірепов атындағы ауданда, СҚО. Әкемізден алпыс бес түтін. Мұсан атамыздан тарағандар екі жүз түтіннен астам. Әкеміз жастайынан аттың құлағында ойнаған атбегі. Ат сыншысы. Дарабоз. Беделді атқа мінер. Қазақстанның ол бармаған түкпірі болмаса керек. Кезінде

«Алғабас» колхозының екі жүз бас жылқысын мың басқа жеткізіп, бүкілодақ көрмесінде болды. 1952 жылы көз жұмды.

Сіз «Топайкөкті» бастадыңыз, енді аяқтауыңыз сұралады.

Топайкөктің алғашқы иегері – Мәтенұлы Мұсан атамыздың ұрпақтары туралы... Менің орта жолдан киіп кеткенім дұрыстыққа жатпас. Біздің он екінші атамыз Қарақызұлы Сәтбек батыр қанішер Ермакты жойған 1885 ж. 7-ші айында. Сәтбек атамыздан жиырма екі ауыл ел тараған. Ол жөнінде қиссаның жеті варианты бар. Ал бір варианты – менің кітабым «Ақиқат пен аңызда» (2003ж.) көрсетілді. Ермактың жеті аты бар. Сол Василий Аленин Тимофеевич. Ертіс бойы Бұрматал дейтін жерде қанішер көз жұмған.

Біз Орта жүз ішінде Уақып. Тарихта – Оңғыт деп аталады. Кейін олар Оғыздарға, Түркмендерге қосылған. Оңғыттар жауынгер болған. Соғыс амалдарын жетік білген.

Құрметті Илья! Сіз мені кешіріңіз, мен сізді білмеуші едім. «Айқын» газеті қолыма кездейсоқ түсе қалды. Сіз жайында мақаланы түгел оқып, сіздің ұлы композитор екеніңізді жаңа білдім. Мен заңгер адаммын, көбіне заң, соған байланысты оқиғаларды оқимын. Алматы Мемлекеттік заң институтын 1953 жылы бітірдім. «Топайкөк» туралы мақалаңыз шықса жақсы болар еді.

Сізден хат күтемін, Бекболат Садуақасұлы Мұсантегі.

Соғыс ардагері, университеттің құрметті профессоры, жетінші Азиада ойындарының алаугері.

31.07. 2011 □.

* * *

Шоқан, Ақан сері, Қозыке, Жарылғапберділердің заманынан бері қилы-қилы аңыз боп шертіліп, әннің «Топайкөк» деп аталуының өзі тұңғыш құпия ретінде ашылмай келе жатқаны, небір ықылым сырларға қанық дейтін ғұлама көкірек жандарды сарсаң ойға салып, әбден ішқұста қылған көп түйін шешіле қоймай, жылжып жылдар өте берді. Шоқан өмірін мөлдірете жазған академик Әлікей Марғұланның өзі қияметтік дос Ақан сері мен Қозыке шырқайтын романтикалық әндердің қатарында осы «Топайкөкті» атап қана тынады. Академик Ахмет Жұбановтың зерттеулерінде «Топайкөк» аталмайды да. Ал бұл ғұламалардан бергі зерттеушілер, музыка мамандары, әрідік жазған кейбір тиіп қашты мақалаларда оның

шығу тарихы бұрмаланумен келді. Жарылғапбердіге телінді. Ән сөзінің қалай өзгеріске ұшырағаны зерделі көңілмен зерттелінбеді. Осы қиямет іске жегілгеніме қаншама жылдар болды, ақыры аяғында «Топайкөктің» хикаясы осылайша түзілді. Сонау Көкшетау қаласынан хат жолдаған Бекболат Садуақасұлының осы бір оқыс дерегі мен үшін ояна кеткен жанартау секілді көрінді. «Топайкөкке» байланысты бір жұмбақ шешілді. Ендігі ұмсындыратын сыр әннің өз сөзі... өз сөзі!

Осы толғаныс үстінде жүргенде үстіміздегі жылдың ақпан айының жиырма екінші жұлдызы күні Астанадан тағы бір хат алдым. Хат иесі белгілі тарихшы-ғалым, бүгінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Мұхтар Құл-Мұхаммед. Менің бүкіл шығармама зер салып, әндерімді, музыкалы новеллаларымды тыңдап, кітаптарымды оқып, өз пікірін жүздескен сәттерде, не болмаса, телефон арқылы таза жүректі, адал ниетті хас суреткердің өрелі ізетімен білдіріп жүретін Мұхтар «Бұлбұл әуезі», «Аққу әні» кітаптарыма жазған жүрекжарды лебізінің бір тұсында: «Топайкөкті» бүгінгі ұрпақ ұмытуға айналды. Сіз әнді ғана емес, оның шынайы авторы Қозыкені де тірілтіпсіз. Бұл туралы Шота Уалиханов ағамыздың аузынан талай естісем де қабылдай қоймаған едім. Сіз сендірдіңіз, тіпті, сенбеге мүмкіндік те қалдырмапсыз», деп жазыпты.

Міне, таусыла қоймайтын зерттеушілік ісімнің ауырлығын сездірмейтін осындай ой демеуі мені жаңа бір құлшынысқа жетелегендей «Топайкөктің» тағы да ашылар құпиясына ынтықтыра түсті.

ТОҒЖАН СОҚЫРДЫҢ «ГӨЙ-ГӨЙІ»

Тоғжан соқырдың аты Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» романында, Сәбит Мұқановтың Үкілі Ыбырай жайында жазған мақаласында аталады. Оның ақын ретінде ірілігі Орынбаймен айтысынан аян. Құлтумамен де сөз қағыстырып бой бермейтіні бар. Әр сөзін әуезбен шығарған Тоғжан соқырдың «Гөй-гөйін» өзінің Көкше елі елуінші жылдардың орта шенінде ұмытыпты.

Тоғжан Көкшетау топырағында туған, руы – Атығай.

Қарауыл Орынбай игі жақсыларды жанай жүріп, оларды жөнді-жөнсіз марапаттап, сый – сияпат алғыш, дәмәткіш мінезі бар жан

болған. Бір жиында осы Орынбай біреулерді көкке көтере мақтап, шапан киіп, басқа ақындардың алдын кес – кестеп сөз бермейді.

Бұған шыдай алмаған Тоғжан:
Тоғжанның он үшінде көзі кетті,
Бір Құдай көзін алып еңіретті.
Кезінде түзу мылтық, құлан атып,
Көрмедім өнер – білім, жігіттікті.

Нағашым Көлдей еді, Жаулыбайым,
Ежелден белгілі еді сенің жайың.
Соқырдың бір шекпенін тартып алып,
Жүрмісің аман-есен, Орынбайым, –

деп табан астында айтыс бастап, Орынбайды біраз сілкіп-сілкіп алады.

Тоғжанның кім екендігі, тағдыры қағаз бетіне түскен мысқалдай ғана осы деректен байқалады.

Тоғжан Жанақ, Шөже, Орынбай, Арыстанбайларға ілесе шығып, эпикалық жанрлар толғаған. Ол Біржан сал Шәрке сал Нұркей ақындармен замандас. Айтулы жәрмеңкелерде Әз Шөжемен қатар зарлап, Алшынбай, Құнанбай, Шыңғыс, Құсбек төрелер мен Зілғара, Жанбота, Азынабайлардың алдында тілін безеп, арнау сөздер төккен. Қаннан да, қарадан да ықпапты, кейде дуылдаған шаршы топ, мәртебелі жиын үстінде уәжден тосыла қалса, өзі сияқты бір өткір жанға сөз кезегін беріп: «Жөнін сен айтып жіберші», – деп қыздырмалап, күшініп отырады екен.

Тағдыр тәлкегімен жағаласа күн кешкен мойымайтын, қажымайтын, өр мінез Тоғжанның үнінен сорғалаған шердің де қиыры болмаған. Оның ұмытылып, бірақ аңызға айналған, лақабы зор жырлары мен айтыстары бір төбе де, жалғыз «Гөй – гөй» әні бір төбе екен. Көкше жерінде әндік бітімі жоқ бір сарындардағы «Тоғжанның «Гөй-гөйі» осылай ма еді, қалай еді?» деп жөнін келтіре алмаған жандардың сол болымсыз ыңылының өзінен-ақ Тоғжанның мұңлы кейпін елестеткендей болатын едім.

Сырымбетке жиі-жиі келетін едім. Осы жерде Сарыбұлақ деген ауыл бар. Осы шағын ғана ауылда Қарауылдың, төрелердің көне көз қарияларынан 1982 жылдың жазында Ақан сері мен Ақтоқты хикаясын көп жаздым. Сол әңгімелердің бірі өзі аңшы, саятшы, орманшы Қабдыәли ақсақалдың үйінде шертілді. «Дәл осы жерде туған Шал ақыннан бастап, Әз Шөже, Әздембай сал

Тоғжан соқырлардың небір терме, толғау, «Гөй-гөйлерін» айтатын әншілерден ешкім ешнәрсе ұстап қалмапты-ау, тегі...» десіп өкіне бас шайқасқан қариялардың сөздері де естен шыққан жоқ.

Арада он жылдай уақыт өтті.

1992 жылдың желтоқсан айының не алтысы, не жетісі... «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, жазушы, марқұм Оралхан Бөкеев ақындар айтысын ұйымдастырды. Айтысты жұрт сағынған, ынтық. Сол үшін оған жапатармағай қызығып барады. Бірақ сол жолы не сөзінің дауасы жоқ, не жанға жайлы әуезі жоқ өңшең бір даракы ақынсымақтардың ішінде сахна төрінде тотыдай таранып, үнінен бал тамған Лена Әбдіхалықова есімді ақын қыз ерекше көрінді. Айтыс біткен соң Ленамен таныстым. Мақсатым – Сыр сүлейлерінің терме, толғауларын жазып алсам деп едім.

Сол Лена біздің үйде екі-үш күн қонақ болды. Ленадан Сыр бойының біраз халық әндері, батыстың, Сыр сүлейлерінің термелері магнитофонға түсті. Бір кезде солардың ішінде Тоғжан соқырдың «Гөй-гөйі» деген әні елең еткізді. Жүрек сыздатар тұңғиық мұң, көкірек жарған зілді зар және Ленаның қобыз үніндей ыңыранған үні!... Аза бойды қаза еткен мына оқыс «Гөй-гөйі» тілімді байлап тастағандай ауыр оймен тұнжыратты. Есімді зорға жидым. Сол аңырған қалпым беймаза қиял Көкшетауға бара жатқандай болды.

Ленаға: – «Тоғжан соқыр ма? Тоғжан соқыр ма?» – деймін. Тік сөйлейтін Лена:

– Тоғжан соқыр, – деп дік еткізеді. Мен аң-таң боп:

– Жоқ, Лена, Тоғжан соқыр емес шығар, – деймін, Лена іркілмей:

– Ол өзі кіші жүз... оның ішінде Алтын деген елдің ақыны.

Біреулер оны Қармақшы жағынікі дейді, – деп уәжге тосылмайды.

– Ал тағы бір айтып шықшы, – деймін. Лена кәдімгі Сыр бойының тамаққа салып діріл қақтыратын әншісі. «Гөй-гөйді» неше рет орындаса да, іштей: «Жоқ, бұл Сыр елінің әні емес» – деген кесімді сөзден айнымадым. Лена да көнбеді.

– Көкшетауда Тоғжан соқыр деген ақын, әнші өткен. Біржан салмен замандас болған..., – деген сөздерді де қайта-қайта айттым. Олай деп қасарысуыма «Гөй-гөй» Арқаның нағыз ойлы, зарлы әні екендігі оның табиғатынан айқын сезіледі. Мен Арқаның әнін тыңдадым. Лена Қызылордаға қайтар сәтте:

– Бұл «Гөй-гөйді» кімнен үйрендің? – дедім. Лена:

– Ұстазым Алмас Алматыдан үйрендім, – деді.

– Ендеше, сен еліңе барған соң, Алмас ағаңнан сұрашы, маған бір хабарын берші! – дедім. Лена сөйтіп кете барды.

Ленадан біраз уақытқа дейін хат ала алмадым. Ал ол жаздырып кеткен «Гөй-гөйді» тыңдаған сайын одан мен қобыз сарынын ұға бердім. Әннің шумақтық құрылысы Арқа әндерінің жаратылысын елестеді. Бұл күдікті ой мені Алмаспен тезірек жүздесуге итермеледі.

Ақыры ойда жоқта сәті түсті. Мен Алмаспен Ақтөбе қаласында пединститутта кездестім. Ол Қызылордадан арнайы шақырылып, өзінің біраз термеші шәкірттерін ерте келіп, пединститутта мемлекеттік емтихан алуға қатысып жүр екен. Таныстық. Студенттермен кездесуді бірге өткіздік. Көкейімде «Гөй-гөй» әні.

Сондай жақсы күндердің бірінде пединститут ректоры, профессор Мұхтар Арынов:

Біздің институтқа қарама-қарсы тұрған бір сәулетті ғимаратты байқаған шығарсыздар. Ол – осындағы теміржол басқармасының мәдениет сарайы. Институттың оқытушылары, студенттері және сіздердің осында екендіктеріңізден хабардар боп қалған қала жұртшылығы сол мәдениет сарайында кездесу өткізулеріңізді қалап, өтініп отыр, – деді.

Біз келістік.

Кездесуді Алмас екеуміз жүргіздік. Сал-серілер мен Сыр сүлейлерінің әні, термелері бірінен соң бірі ағылды. Алмасқа бұл табиғат сирек жаратылған үн берген. Қазақтың әншілік өнерінің өзгеше бір мәнерін күллі шетелге танытып жүрген Алмасқа тең келер термеші жоқ қазір. Ол ерен талант. Сол кездесу үстінде Алмас талай төгілті. Оның асқақтаған бір шағында дүйім жұрттың алдында «Гөй – гөйдің» мән-жайын сұрадым. Алмас іркілген жоқ:

Бұл өзі Тоғжан соқырдың «Гөй – гөйі» ғой. Ол біздің елге қыр елінен жеткен, – деп бастай берді.

Құдай – ау, көзімді алдың көрмесін деп,

Құрбымен қатар ойнап жүрмесін деп.

Аузыма жаландырған тілді бердің,

Ырзығын теріп жесін, өлмесін деп.

Құдай – ау, көзім болса, көрер едім.

Құрбымен қатар ойнап жүрер едім.

Күніне қырық мың діллә тапқанменен,

Көзімнің жарығына берер ме едім.

Шешенді шешен қылар таңдайы екен,



Жігітті батыр қылар мандайы екен.
Өтіп кеткен ерлерден бір хабар жоқ,
Қызығы ол дүниенің қандай екен.
Ашылады деп көзіңіз ол дүниеде,
Тек әншейін біз сорды алдай ма екен,
Молдалар сол дүниені көп мақтайды,
Жақсы болса, өздері бармай ма екен?
Баласы Абылайдың хан Тезегі,
Астында ойнақтайды Сұркөжегі.
Қанша хан, қанша батыр болғанменен,
Өлімнің келеді екен бір кезегі.
Тоғжан соқырдың «Гөй – гөйі»!

Әннің «Гөй – гөй» атануы әр шумақтың соңы «Гөй – гөйлетіп» уһілетеді, күрсіндіріп бітеді. Лена жаздырған шумақтарға Алмас Алматов соңғы шумақты қосты. Осы соңғы шумақ Тоғжан соқырда «Гөй – гөйімен» айтылатын басқа да өлеңдерінің болғанын байқатады. Ондай мысалдар көп. Атақты Біржан сал бір «Теміртас» әнімен өмір философиясын шертетін қаншама өлеңдер туғызды. Мәди де бірде «Қарқаралы», бірде «Үшқара» әнімен әр кез көрген қорлығын, қасіретін, арманын айтты. Естай да солай, бір ғана «Бір мысқалмен» Қорланға арнаған қаншама бөлек-бөлек жыр шығарды. Тоғжан соқыр өзінің «Гөй-гөй» сарынымен ғарыптығын, махаббатын, өмірін жыр қылған.

Алмас маған:

– Арқа елін біздің Сыр жағы қыр елі дейді. Мен Тоғжан соқырдың «Гөй – гөйі» қазір жасы тоқсанды қусырып отырған Балқашбай дейтін жыраудан үйрендім. «Гөй-гөй» ол кісіге Рүстембек, Жиенбай жыраулардан жетіпті. Бұл екі дүлдүл Арқа елімен көп араласқан, – деді.

Енді сол жалғыз «Гөй-гөйімен-ақ» Тоғжан соқырдың компози-торлық аты өше қоймас.

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----|
| БІРЖАНСАЛ..... | 3 |
| Көкек | 36 |
| Жоныпалды | 40 |
| Қозыкөш | 53 |
| Бірлән | 56 |
| Ләйлім | 59 |
| Ахау, әриайдай | 67 |
| Он саусақ | 72 |
| Теміртас | 74 |
| Телқоңыр | 76 |
| Айбозым | 78 |
| АҚАН СЕРІ | 96 |
| Қоңыр ат | 100 |
| Құлагер | 140 |
| Зілғараның әлібегі! Өлібек батыр! | 174 |
| Ұрқия | 216 |
| Жамал | 219 |
| Жалмұқан – Ақтоқты баяны | 229 |
| Балқадиша | 239 |
| Шырмауық | 258 |
| ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ | 263 |
| Аққулар қонған айдын көл | 263 |
| Шалқыма | 263 |
| Толқын | 279 |
| Жүйрік ат, қыран бүркіт, ұшқыр тазы | 282 |
| Сүйгенім | 297 |
| Алтыбасар | 300 |
| Бәтжан... .. | 301 |
| Қалдырған | 304 |
| «Қалдырғаннан» соңғы «Қалдырған» | 310 |
| Топайкөк | 317 |
| Ал Бибай, салайын мен гигаһымды | 325 |
| Тоғжан соқырдың «гөй-гөйі» | 330 |

Илья Жақанов

Аққу әні

Кітаптың шығуына жауапты Р. Әлімбеков

Редакторы Г. Шадиева

Дизайнері Б. Жапаров

Беттеуші Ә. Байзақова

Корректоры Р. Асанова

Басуға 13.06.2022 қол қойылды. Пішімі 60 x 90/₁₆.
Офсеттік басылым. Қағазы офсеттік. Шартты баспа табағы 21,0.
Таралымы 3000. Тапсырыс №0066.

Дайын файлдан

«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды.
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13.